


БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

---

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ  
СӨЗДІК





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

37(03)

Б94



БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

---

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ  
СӨЗДІК

АСТАНА

2009

УДК 030  
ББК 81.2-4  
Б 11

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі  
ұсынған*

**Пікір жазғандар:**

**Т.С.Садықов** – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Жоғары мектеп халықаралық ғылым академиясының толық мүшесі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор;

**А.А.Кузнецов** – Ресей мемлекеттік білім академиясының академигі, вице-президенті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

**Б 11 Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік** / Бас редактор Ж.К. Түймебаев. Ред. алқасы: А.Е. Әбілқасымова, И.Б. Бекбоев, Н.Б. Қалабаев, Е.Ә. Оңғарбаев, С.Ж. Пірәлиев, М.В. Рыжаков. – Алматы, 2009. – 400 б.

ISBN 9965-34-953-3

Алфавиттік тақырып принципімен құрастырылған энциклопедиялық сөздікте білім және ғылым теориясы мен практикасында қолданылатын 4000-дай терминдер мен ұғымдар камтылған.

Сөздік білім және ғылым жүйесінің қызметкерлеріне, психологиялық-педагогикалық зерттеулер саласындағы ізденушілерге, сондай-ақ қалың оқырман қауымға арналған.

Б 4602030000–099  
418(05) – 2009



УДК 030  
ББК 81.2-4

ISBN 9965-34-953-3

© Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы, 2009

## Бас редактор:



**Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы**, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, І-сыныпты Төтенше және өкілетті елшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор. «Құрмет» орденімен (2003), мемлекеттік медальдармен марапатталған.

120-дан астам еңбектің, оның ішінде: «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» (1985), «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы» (1986), «Қазақ тіліндегі етістіктің индикативтік формалары» (1991), «Қазақ тілі» (1991), «Н.Ә.Назарбаев – Қазақстан Республикасының Президенті» (1995), «Түркі лингвистикалық терминдердің сөздігі» (1996), «Қазақ тілі: грамматикалық анықтамалық» (1996), «Қазақстан-Түркия: достық пен ынтымақтастыққа 5 жыл» (1996), «Президенттің бір жылы» (2001, 2002, 2003, 2004, 2005), «Қазақстан Республикасының мемлекеттік хаттамасы» (2004), «Қазақстан Республикасының мемлекеттік хаттамасы бойынша құрал» (2004), «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» (2005) авторы.

## Редакциялық алқа:

**Әбілқасымова Алма Есімбекқызы**, ҚР Білім және ғылым министрлігі «Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей мемлекеттік білім академиясының академигі, Жоғары мектеп халықаралық ғылым академиясының толық мүшесі. «Құрмет» орденімен, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамыту еңбегі үшін», «Астана» және «Астанаға 10 жыл» медальдарымен, ҚР БҒМ құрмет грамотасымен, әлемдік білім саласындағы 2000 интеллектуалдардың санатына қосу туралы (Кембридж), Халықаралық Американ өмірбаяндық Институтының білім саласында көрнекті жетістіктері үшін (Нью-Йорк) дипломдарымен марапатталған. Білім саласы мен педагогика ғылымында көрнекті жетістіктері үшін мемлекеттік ғылыми стипендия берілген. ҚР білім беру ісінің үздігі. 400-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы.



**Бекбоев Исак Бекбойұлы** – Қырғыз білім академиясы Білім және ғылым институтының директоры, Қырғызстанның халық батыры, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, ғылым және техника саласындағы Қырғыз Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қырғызстанның халық мұғалімі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, халықаралық педагогикалық академияның толық мүшесі, 400-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы.

**Қалабаев Найман Бөбейұлы**, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылым саласының белгілі педагог және ұйымдастырушысы. Оның басшылығымен докторлық және кандидаттық диссертациялар ойдағыдай қорғалды, 50-ден астам ғылыми және әдістемелік еңбектері, сондай-ақ ЖОО





студенттеріне арналған оқулық пен екі монографиясы жарық көрген. «Құрмет» орденімен, Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің, ҚР Білім және ғылым министрлігінің құрмет грамотасымен марапатталған.



**Онғарбаев Еркін Әнуарұлы**, ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің төрағасы, заң ғылымдарының докторы, профессор. ҚР ҰҒА-ның құрметті мүшесі. «Құрмет» орденімен, мерейтойлық «Қазақстан тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Астана» медальдарымен, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері», «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Б.Алтынсарин» білім беру және тәрбие ісін ұйымдастыру мен жетілдірудегі елеулі табыстары үшін» төсбелгілерімен марапатталған.

200-ден астам ғылыми монографиялық және ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы.

**Пірәлиев Серік Жайлауұлы**, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, Халықаралық инженерлік академиясы мен Қазақстан Республикасы инженерлік академиясының корреспондент мүшесі. «Құрмет» орденімен, Нобель сыйлығының лауреаты П.Л.Капица атындағы күміс медальмен, Ғылыми ашулар мен өнертабыс Халықаралық академиясының дипломымен марапатталған.

ҚР білім беру ісінің үздігі.



**Рыжаков Михаил Викторович** – Ресей мемлекеттік білім академиясы (РМБА) Оқытудың мазмұны мен әдістері институтының директоры, РМБА жалпы орта білім бөлімшесінің академик-хатшысы, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Федерациясының білім және ғылымына еңбек сіңірген қызметкері. Қазақстан Республикасы білімінің құрметті қызметкері. 300-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы.

## АЛҒЫ СӨЗ

«Білім және ғылым» энциклопедиялық сөздігі (әрі қарай – Сөздік) білім беру мен ғылыми-педагогикалық қызмет аясындағы қазіргі заманғы ақпаратты оқырмандардың көпшілік қауымына ұсынуға бағытталған анықтамалық басылым болып табылады.

Сөздікте әдіснамалық, дидактикалық, психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік білімдердің, сонымен қатар философия, логика және т.б. шектес әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың жүйесі қамтылған.

Сөздікте қазіргі заманғы технологиялар, әдістер, оқыту мен тәрбиелеудегі тәжірибелер туралы анықтамалық мәліметтер маңызды орын алады.

Редакциялық алқаның осы басылымды дайындауда көздеген негізгі мақсаты – біртұтас педагогикалық тезаурусты қалыптастыру, ғылыми-зерттеушілік, әдістемелік және инновациялық қызметті тиімді ұйымдастыру мен өткізуде, білім алушылардың, педагог-зерттеушілердің, әдіскерлер, сондай-ақ білім беру ұйымдарының практикалық қызметкерлері мен басшыларының әдіснамалық және теориялық деңгейін көтеруде пәрменді де нақты көмек көрсету болып табылады.

Сөздікте ғылыми-педагогикалық теория мен тәжірибеден алынған психологиялық-педагогикалық білімдерді жалпылау, талдау мен жүйелеу негізінде кейінгі жылдары болған өзгерістерді толық және барабар бейнелеуге, сондай-ақ алдағы ізашар-

лардың инновациялық тәжірибесі мен зерттеулерін барынша ескеруге талпыныс жасалған. Бұл психологиялық-педагогикалық ғылым мен практикада кең таралған кейбір ауыспа сөздерден, қалыптасқан ұғымдар мен анықтамалардан байқалады. Басқаша жағдайларда балама тұрғыдан келу ұсынылады.

Білім беру мен ғылыми-педагогикалық қызметтің негізгі ұғымдық-терминологиялық жүйесі көбінесе жалпы қабылданған дефинициялар (қайсыбір ұғымның қысқаша тұжырымдалған анықтамалары) негізінде берілген 4000-дай терминдер мен ұғымдардан тұрады. Кейбір жағдайларда бір мағыналы түсіндірілуі қалыптаспаған, бірақ педагогикалық зерттеулер мен білім беру тәжірибесінде кең қолданылатын ұғымдардың анықтамалары келтірілген.

Сөздіктегі терминдік атаулар мақалалардың бас тақырыбы ретінде әліпбилік тәртіпте орналастырылып, кара әріппен берілген. Термин сөздер, олардың мағыналарын толық ашу мақсатында, ұғынықты түрде түсіндіріліп, ал көп мәнді сөздердің әр түрлі мағыналары жақшаға алынған цифрлармен бөлініп берілген. Әрбір термин сөз туралы ақпаратты толық түсіндіру үшін мәтінде курсивпен ерекшелеу жолымен басқа сөздерге сілтеме жасау арқылы қол жеткізілген. Мүмкіндікке қарай, бір құбылысты түрлі жағынан сипаттайтын терминдер өзара байланыстырылған. Мақалалардың бір-бірімен өзара байланысы



сілтемелер көмегі арқылы белгіленген (негізгі мәтіндегі сәйкес сөздер мақаласынын атауы курсивпен берілген).

Авторлар педагогикалық құбылыстарға түпкі баға беруді көздемейді.

Сөздікке білім беруде біліктілік тұрғысынан келу, инновациялық педагогика, педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі және т.б. мәліметтер арнайы енгізілді. Білім беру ұйымдарын лицензиялау мен аттестаттау сұрақтарына қатысты нормативтік құқықтық база кентүрде берілген. Сөздіктің мәтіндік материалы осындай дәстүрлі басылымға арналған үлгіде құрастырылды.

Сөздік соңында оқырманға сөздік материалдары бойынша жақсы бағыт беруге көмектесетін алфавиттік-тақырыптық көрсеткіш берілген.

Сонымен бірге Сөздіктің басқа энциклопедиялық басылымдардан келесідей арнайы ерекшеліктері бар:

- құрылымдық бірлік — мақалалар оқырманның назарын ұғымдар арасындағы тектік-түрлік қарым-қатынасқа аударуға көмектесетін алфавиттік-тақырыптық принципке сай құрастырылған;

- тараулар ішіндегі сөздік мақалалар алфавиттік ретпен орналастырылған. Сөздік мақалаларын тиімді пайдалану үшін олардың кейбіреулері тақырыптық жоспарда баяндалады, мысалы, «Эксперимент» мақаласы эксперименттік қызметпен және т.б. байланысты барлық ұғымдарды қамтиды;

- әліпбилік пәндік көрсеткіштің орнына сөздік мақалада кездесетін барлық ұғымдардың беттік орналасуы көрсетілген алфавиттік-тақырыптық көрсеткіш ұсынылады;

- Энциклопедиялық сөздіктің ұқсас үлгідегі басқа басылымдардан өзгешелігі, онда терминологиялық мақала-анықтамалардың саны көп қамтылған;

- Сөздікте пайдаланылған әдебиеттердің қысқаша библиографиялық тізімі келтірілген.

Сөздікке анықтамалық басылымдарда қабылданған қысқартулар енгізілген. Сөздік жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелері қызықтыратын педагогтерге, ғылыми қызметкерлер мен мамандарға арналған.

*Редакция алқасы*

# А

**АБАК** – алғашқы санауыш құрылғы. Есептеулерді жеңілдетуге ғана емес, көбінесе аралық нәтижелерді есте сақтау үшін қолданылған.

Бірнеше түрлері белгілі: грекиялық (египеттік): жылжитын ұсақ тастар немесе сүйектер өткізілген бағандарға бөлінген тақтайша; қытайлық суанпан және жапондық соробан: шыбықтарға тізілген шариктер.

**АБСТРАКТИЛІ** – тұтастың бір жағы, бөлігі, біржақты, дамуы шектелген.

**АБСТРАКТИЛІКТЕН (ДЕРЕКСІЗДІКТЕН) НАҚТЫЛЫҚҚА КӨШУ** – нысанды ұғымдарда жүйелі бейнелеудің, ғылыми білімді өрістетудің жалпыға ортақ формасы, тұтас нысанды жасаудағы теориялық жаңғыртудың әдісі.

**АБСТРАКЦИЯ** – 1) таным барысында қаралып отырған құбылыстың негізгі мазмұнын ашатын қасиеттерін анықтау мақсатында, мәнсіз жақтарын ажырату нәтижесінде қалыптасқан ұғым; 2) нысанның (объектінің) ішкі ұйымы мен нақты жүзеге асырылуын ескермей сыртқы қасиетін көрсету; 3) нысанның кейбір қасиеттерін бөлу мен жинақтау нәтижесінде алынатын модель (үлгі). Қазіргі заманғы психологияда мазмұндық жинақтау теориясы (В.В.Давыдов, Д.Б. Эльконин және т.б.)

өзірленіп және оның негізінде оқу пәндерін құрастыру моделі. Сезімдік нысандарды қолданумен абстракцияны меңгеру оны игеруді формалды емес, абстракттілі ойлаудың жасына қарай мүмкіндіктері туралы дәстүрлі көзқарасты өзгертеді. Абстракцияларды қалыптастыру процесі анализ, синтез, жинақтау, нақтылау және т.б. ойлау операцияларымен бірлікте жүзеге асады.

**АБСТРАКЦИЯЛАНДЫ** – заттар мен олардың өзара қатынастарының бірнеше қасиеттерін ойша дерексіздендіріп, олардың мәнді қасиеттерін көрсету үшін абстракциялану.

**АБСТРАКЦИЯЛАНДЫРУ** – заттар мен олардың арасындағы қатынастардың белгілерінің бірнеше қасиеттерін ойша ажыратып және қандай да бір елеулі қасиеттері мен қатынастарын белгілеп, дерексіз ұғымдар – абстракциялар құрастыру.

**АБСТРАКЦИЯЛАУ (АБСТРАКЦИЯЛАУШЫЛЫҚ)** – қарастыратын заттардың қасиеттері мен қатынастарынан дерексіздену процесі.

**ОҚЫТУ ПРОЦЕСİNДЕГІ АБСТРАКЦИЯЛАУ** – оқып үйренетін заттар мен құбылыстарды қосымша, мәні аз белгісінен ойша ажырату.



Басқа да ойлау процестерімен үйлесімде танып білуді, зандылықтарды ашудың жолдарын көрсетеді; белгілі жастағы білім алушының абстракциялық ойлауы дамуының деңгейіне сәйкес абстрактілеудің сипаты мен дәрежесі белгіленеді.

**АВАНГАРД** — ұжымдық оқыту тәсілі педагогикалық технологияны іске асыру жағдайында оқу мен өзінің дамуында басқаларды басып озған оқу процесінің қатысушылары.

**АВТОДИДАКТ** — өздігінен үйренуші.

**АВТОДИДАКТИКА** — өз бетінше білім алу процесінде білім алушылар пайдаланатын оқытудың меңгерілген әдістері мен тәсілдерінің жүйесі немесе жинағы.

**АВТОМАТИЗМ** — 1) психологияда — жаттығулар нәтижесінде қалыптасатын және сана (дағдылар, әдеттер) бақылауының толық қатысуынсыз жүзеге асатын әрекет; 2) физиологияда — хайуанаттардың кейбір ағзаларының (мысалы, жүрек) стимулдардың әсерінен өздерінде пайда болатын белсенділігінің арту қабілеттілігі.

**АВТОМАТТАНДЫРУ** — 1) адам еңбегінің тиімділігін автоматтық құрылғылар мен есептеу техникаларын, ғылыми әдістерді қолдану арқылы арттыруға бағытталған шаралар жүйесі; 2) жаттығулар жолымен әр түрлі дағдыларды қалыптастыру процесінде әрекет құрылымын өзгерту.

**ӘРЕКЕТТІ АВТОМАТТАНДЫРУ** — жекелеген амалдарды саналы реттеудің қажеттігі болмайтын қимылдарды тудыру процесі. Кез келген әрекеттің (қарапайым және күрделі) өту шарты деп, оны анализаторлардан түскен сигналдар (бірінші және екінші сигналдық жүйелерді қосып және өшіріп) көмегімен реттеуді жүзеге асыруды айтады. Әрекетті автоматтандыру оны реттеу (сенсорлық) бөлімін өзгерту арқылы және күрделі әрекеттің жеке бөлімдерін сырттай реттеуді болдырмау; сананы «босату» мен әрекетті жеңілдетуге мүмкіндік береді. Физиологиялық негізіне жат-

тығулар жолымен динамикалық стереотиптерді қалыптастыру жатады.

**Шарттары:** а) әрекетті орындауды жоғары сатыға көшіретін талаптарды қою; ә) үлгіні көрсету; б) әрекетті орындау дұрыстығын (немесе нәтижелерін) мұғалімнің бағалауы; в) қайталау.

Әрекетті автоматтандыру баланың психикалық дамуының, оның қабілеттіліктерін қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады.

**АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ** — 1) ақпараттарды жинауға, сақтауға, іздеуге және ақпараттарды пайдаланушының сұрауына қарай беруге арналған бағдарламалық және техникалық құралдар мен ақпараттық жиымдардың кешені; 2) оқыту мақсатында автоматты ақпараттық технологияларды қолданатын, педагогикалық қызметті және оқу-тәрбиелік жұмыста басқару процестерін ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз ететін ұйымдастырушы-техникалық жүйе.

**Дескрипторлық сөздік (бірыңғайланған лексика сөздігі)** — табиғи тілдің кейбір сөздері мен сөз тіркестерінің көмегі арқылы ғылымның пәндік саласын суреттеуге арналған автоматты ақпараттық жүйені лингвистикалық қамсыздандырудың құрылымдық бөлігі.

**АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ-ІЗДЕНУШІЛІК ЖҮЙЕЛЕРІ** — кітапханалық каталогтар мен қор деректеріне енуді, сонымен қатар белгілі бір ақпаратты жинақтауды, өңдеуді және сақтауды қамтамасыз ететін автоматтық ақпараттық жүйе.

**АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ** — есептеу техникаларының көмегі арқылы өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдар нысандарын басқарудың ұйымдастырушылық, экономика-математикалық және технологиялық жүйесі.

**АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУ ЖҮЙЕСІ** — есептеу тапсырмаларының ауқымды шеңберіне арнал-

ған бағдарламалық және техникалық құралдарының кешені.

**АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ** — автоматтық диалогтық оқытуға, оқыту жүйесін дараландыруға, сонымен бірге педагог еңбегінің тиімділігін арттыруға арналған оқу-әдістемелік, лингвистикалық, бағдарламалық, ұйымдастырушылық және техникалық құралдардың кешені.

**Функциялары:** 1) білім алушылардың білімдерінің, іскерліктерінің, олардың жеке ерекшеліктері деңгейлерін анықтау; 2) оқу материалдарын дайындау: зерттеу мәселесі бойынша түсіндірме мәтіндер мен безендірулер, оқу және бақылау тапсырмалары; 3) оқу материалын ұсыну оның күрделілік деңгейі, ақпаратты ұсыну қарқыны бойынша бейімделуі; 4) білім алушылардың танымдық әрекеттеріне басшылық; 5) олардың жұмысқа қабілеттілік көрсеткіштерін анықтау; 6) меңгеру сапасын қорытынды бақылау; 7) әрбір білім алушы мен жалпы топ бойынша материалды меңгеру процесінің көрсеткіштерін тіркеу мен статистикалық талдау (жеке тапсырмаларды орындаудың сипаты мен уақыты, жұмыстың жалпы уақыты, кателер саны және т. б.).

**ЗЕРТХАНАЛЫҚ ПРАКТИКУМНЫҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕСІ** — зертханалық жұмыстар мен эксперименттік зерттеулерді физикалық нысандар немесе математикалық модельдерде өткізуді қамтамасыз ететін, ақпараттандырудың техникалық және бағдарламалық құралдар кешені.

«**АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН СЫНЫП**» — автоматтық оқыту жүйесімен жабдықталған сынып бөлмесі.

**АВТОР** — шығармашылық еңбегімен шығарманы, ғылыми зерттеуді, өнертабысты және т.б. жасайтын физикалық тұлға.

**Авторландыру** — қандай да бір басылымды немесе өзінің шығармасы аудармасының таралуына келісімін беру; мәтіннің сапасын ресми түрде куәландыру.

**Авторлық аударма** — автор мақұлдаған аударма.

**Ұжымдық автор** — өзінің ресми материалдарын жариялайтын, қызметтестерінің еңбек жинақтарын және басқа басылымдарды шығаратын, өзінің атауы бар, осы ұйымды қызмет ауқымы мен әрекет етуіне байланыссыз өзара теңестіретін тұрақты немесе уақытша түрдегі ұйым.

**Авторлық ұжым** — бірлескен авторлар тобына енетін адамдар.

**Авторлық бет** — авторлар, аудармашылар, редакторлар және т. б. еңбектерін есептеуге негіз болатын, 40 мың басылым белгілері бар (тыныс белгілері мен сөздер арасындағы ақ жерлерді қоса), мысалы, екі интервал арқылы терілген (1,5 интервал арқылы — 18 бетке; 1 интервал арқылы — 16 бетке) баспа мәтінінің 22 бетіне сәйкес жазу құжаты көлемінің бірлігі.

**Авторлық құқық** — әдебиет, ғылым және өнер шығармаларын жасау мен қолдануға байланысты құқық пен міндеттерді реттейтін азаматтық құқықтың бөлігі.

**Аудармашылардың, жинақ құрастырушылардың авторлық құқы** — аударма, қайта жасау, өңдеу мен басқа да өзгертулерді жасаған, сонымен қатар шығармашылық еңбектің (құрастырушылық) нәтижесі саналатын материалдарды іріктеу мен орналастырушы авторлардың құқы.

**Атрибуция** — шығарманың авторлығын немесе оны жасаған уақыт пен орнын анықтау.

**Бірлестіктегі автор** — біреумен бірігіп, шығарманың, ғылыми зерттеудің және т.б. авторы саналатын тұлға.

**Қаламақы** — ғылымның, әдебиеттің немесе өнер шығармаларын пайдалану үшін (басылымға жіберуге, көпшілік алдында орындауға және т.б.) авторға төленетін сыйақы.

**АВТОРЕФЕРАТ** — автордың ғылыми дәреже алу үшін жүргізген зерттеу жұмыстарының рефератынан құрастырылған, кітапша түрінде шыққан ғылыми басылым.



**АГРАФИЯ** – жазуға қабілеттіліктің бұзылуы немесе толық жойылуы; кейбір бас миы ауруларында байқалады.

Жазуға қабілеттіліктің толық жойылуымен, кейде сөздерді дөрекі бұзу, буындар мен әріптерді тастап кету, сөздерге әріптер мен буындарды жалғай алмау және т.б. түрінде көрініс береді. Балаларда – өдетте алалия немесе афазияның белгі беруі, яғни мидың органикалық зақымдануына байланысты, тілдің жалпы дами алмауының салдары. Логопедиялық сабақтар нәтижесінде оңалады. **АДАМ ДАМУЫНЫҢ МӘДЕНИ-ТАРИХИ ТЕОРИЯСЫ** – (20–30-жж. Л.С. Выготский мен оның шәкірттері А.Н. Леонтьев және А.Р. Лурияның қатысуымен дайындалған адамның психикалық даму концепциясы) – адамның психикалық дамуының әлеуметтік бастауы табиғи-биологиялық бастаудан үстем екендігін дәлелдейтін теория.

Выготскийдің ұйғаруынша, адамның онтогенетикалық дамуының төмендеуі (детерминация) келесі кезеңдерден тұрады: ұжымдық іс-әрекет және қарым-қатынас – мәдениет (білім) – мәдениетті иелену (оқыту және тәрбиелеу) – өздік қызмет – адамның психикалық дамуы.

Бұл дерексіз құрылым әр түрлі кезеңдерде және түрлі мәдениетте индивид психикасының дамуына тарихи өзгешелік беретін нақты мазмұнға ие болады.

**АДАМТАНУ** – адам туралы ғылыми білімдердің жүйесі.

**АЙҚЫНДАУ** – затты танып анықтаудың абстрактіліден (біржақты) нақтыға (мазмұны жағынан бай) ауыспалы танымдық қызметтің қажет сәті.

**АЙНЫМАЛЫ** – түрлі мәнге ие бола алатын шама:

- **тәуелді** – фактор, өзгеруі тәуелсіз айнымалымен айқындалады;
- **тәуелсіз** – айнымалы, зерттеушінің басқаруы мен бақылауы;
- **басқармалы** – айнымалы, бағыты мен қарқындылығы зерттеушінің алдын ала әзір-

леген бағдарламасына сәйкес айқындалады;

- **басқармалы бақылаудағы** – айнымалы, сапалық немесе сандық өзгеруі, сондай-ақ оның ықпал ету бағыты зерттеушінің тапсырған шеңберінде жүзеге асырылады;
- **эксперименттік** – эксперименттік фактор ретінде тәуелсіз айнымалы.

**АКАДЕМИЗМ** – практикадан, өмір талаптарынан қол үзген, ғылыми және оқу қызметіндегі таза теориялық бағыттылық.

**АКАДЕМИК** – академияның жалпы жиналысында сайланған, ғылым академиясының толық мүшесі.

**АКАДЕМИЯ** – 1) қ. *Жоғары оқу орны*; 2) ғылыми, оқу және көркемөнер сипатындағы әр түрлі мекемелер мен қоғамдардың аты; 3) Афин жанындағы, Платон (б.э.д. IV ғ.) негіздеген, аңыздық батыр Академ атымен аталған философиялық мектеп.

**ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ** – ғылымның барлық саласы ғалымдарын, сондай-ақ ғылым қайраткерлерін біріктіретін ғылыми мекеме.

Қазіргі уақытта дәстүрлі емес салалық ғылым академияларының жүйесі жасалып, қызмет етеді – жаратылыстану ғылымдары академиясы, халықаралық педагогикалық академия, инженерлік ғылымдар академиясы және т.б.

**АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС** – белгіленген жұмыс істеу жылдары өткеннен кейін, оқу мақсаттары үшін берілетін еңбек ақысының толық немесе ішінара сақталуымен ұзақ мерзімге жұмыстан босату.

**АКАДЕМИЯЛЫҚ ЕРКІНДІКТЕР** – мемлекет жағынан шек қоюсыз, ЖОО оқытушыларының тек қана адамгершілік құндылықтарды тірек етіп, оқу және ғылыми жұмысты жүргізуі, сонымен қатар студенттердің өз қалауымен өзін-өзі басқару мен сабақтарын өздері ұйымдастыру құқықтары. **АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖЫЛ (ОҚУ ЖЫЛЫ)** – оқу жылында білім беру ұйымындағы оқу сабақтарының басталуы мен аяқталуы арасындағы уақыт.

**АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТ** – білім алушы/оқытушының оқу жұмысы көлемін өлшейтін бірыңғайланған бірлік.

1 кредит – академиялық кезеңдегі (семестр) білім алушының апта ішіндегі 1 академиялық аудиториялық жұмыс сағатына тең. Әрбір дәрістік, практикалық (семинарлық) және студиялық академиялық сағаты міндетті түрде студенттің бакалавриаттағы (СӨЖ) 2 сағаттық (100 минут) өзіндік жұмысымен бірге жүргізіледі.

Оқу процесінде «кредит» деген ұғым деп келесіні түсінеді:

1) оны меңгеруге аптасына бөлінген сағат санын, онда тек аудиториялық сабақтар емес, студент аудиториядан тыс өзіндік жұмысқа жұмсауы қажет уақыт та көрсетілетін аудиториялық әрбір пәнді меңгеру бойынша өзінің көп еңбек сіңіру индексі болады; бұл сан пәнді үйренуден кейін білім алушылар алатын сынақ бірліктерінің (кредиттердің) санына тең;

2) оқу орны бакалавриат немесе магистрдің толық бағдарламасын меңгеру үшін жинақтауы қажет алдын ала кредиттер санын анықтайтындықтан, кредиттер саны жалпы жылдық жүктемедегі нақты пәннің үлесін де бейнелейді;

• **жеке оқу жоспары** – жұмыстың оқу жоспары негізінде әрбір оқу жылына студенттің дербес жасалатын құжаты, ол студенттің оқитын оқу пәндері тізбесін және кредиттердің немесе академиялық сағаттар санын қамтиды; жеке оқу жоспары әрбір студенттің білім траекториясын айқындайды;

• **іріктеу бойынша компонент** – жоғары оқу орындары ұсынатын кез келген академиялық кезеңде студенттердің өз еркімен таңдалатын және үйренетін оқу пәндерінің, сондай-ақ сәйкес кредиттердің минималды көлемінің немесе академиялық сағаттардың тізімі;

• **кредиттік жүйесі (технологиясы)** – білім алушының және оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестен-

дірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту;

• **кредиттік көрсеткіш (СНУ)** – орта балдың пәндік кредиттер санына көбейтіндісіне тең пән бойынша академиялық жетістіктерінің деңгейі;

• **кумулятивтік орташа балл (GPA)** – таңдап алған бағдарлама бойынша барлық оқу кезеңінде магистранттың кол жеткізген білім, ғылым деңгейі;

• **міндетті компонент** – мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар белгілеген, сонымен қатар студенттер оқу бағдарламасы бойынша міндетті түрде үйренетін оқу пәндерінің және сәйкес кредиттердің минималды көлемінің тізімі;

• **тіркеу бөлімі** – білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімін бақылаудың барлық түрлерін, оның академиялық рейтингісіне есеп жасауды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін қызмет;

• **постреквизиттер** – келешекте пәндерді игеру үшін білім, іскерліктер мен дағдыларды қажет ететін пәндер тізбесі;

• **пререквизиттер** – оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер тізбесі;

• **жұмыс оқу жоспары** – типтік оқу жоспары негізінде нақты кәсіптік қызметтің жағдайын, оқу процесінің кезеңдерін есепке алатын толықтырулар мен түзетулерді қоса жоғары оқу орны жасайтын және бекітетін құжат; ол міндетті компонент бойынша да, білім алушылар меңгеруі үшін қажет кредиттерді көрсетумен таңдауы бойынша компоненттердің білім алушылар меңгеруі үшін қажет жалпы білім беретін циклдерге топталған (ЖБП), базалық (БП) және кәсіптік (КП) пәндердің де оқу пәндерінің толық тізімінен тұрады;

• **силлабус** – оқылатын пәннің сипаттамасы, мақсаттары мен міндеттері, оның қысқаша мазмұны, әрбір сабақтың тақырыбы

мен ұзақтығы, өздік жұмыс тапсырмалары, консультация уақыты, оқытушының талаптары, бағалау өлшемдері мен ережелері, аралық бақылау кестесі мен әдебиеттер тізімінен тұратын оқу бағдарламасы;

• **типтік оқу жоспары** – мамандық бойынша білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының құрамдас бөлігі және білім алушылар менгеру үшін қажет минималды кредиттерді көрсетумен ЖБП, БП, КП топтамасына біріктірілген оқу пәндері тізімі түрінде міндетті компоненттерді белгілейтін негізгі құжат;

• **тьютор** – студенттің нақты пәнді игеруге оқу сабақтарын жүргізетін және академиялық консультант рөлін атқаратын оқытушы.

Кредиттік технологияның әмбебаптылығы – белгілі бір пән блогы бойынша әрбір білім алушының, негізгі пәнді толықтыратын және тереңдететін элективтік курстар (таңдауы бойынша курстар) арқылы жеке білім алу траекториясын белгілеуі. Оқуда жетістіктерге жеткен жағдайда кредиттерді жедел тапсыру, жедел келесі курсқа өту немесе элективті курстарды оқу мүмкіндігі беріледі.

Кредиттік оқу жүйесін қолдану көрсеткендей оқытушының да, студенттің де жұмыстары айтарлықтай өзгерістерді бастан өткізеді. Студенттер бүкіл оқу жылының барысында оқу бағдарламаларын менгеруде жүйелі түрде күнделікті жұмыс істеу керек. Сонымен қатар бұл:

– жеке оқу траекториясын таңдауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде білім алушының әртүрлілігін қамтамасыз етеді;

– оқу кестесімен сәйкестендіріп түрлі бағыттағы және мамандықтағы сабақтарға қатысуға, қосымша пәндерді зерттеуге, ұқсас мамандықтарды менгеруге және қосымша біліктілік алуға мүмкіндік береді;

– басқа ЖОО оқу курстарына және академиялық өміріне қатысуға, егер білім бағдарламаларын оқыту нәтижелерін академиялық мойындауды қабылдау келісімі бар

болса, тек қазақстандық ЖОО ғана емес, шетелдік университеттерде де болады;

– жаңа білім алу мақсатында және оны аналитикалық талдау оқытудың бүкіл кезеңінде студентті үнемі жұмыс істеуге ынталандырады.

Оқытудың кредиттік жүйесі оқытушының қызметіне өте жоғары талаптар қояды. Атап айтқанда, оқытушыға үнемі оқу-әдістемелік базаны жетілдіруді талап етеді, нақты пәндер бойынша білімнің талаптарын дәлірек айқындауды белгілейді, студенттердің өзіндік жұмысының көлемін ұлғайта отырып, әдістемелік және техникалық қамтамасыз ету деңгейін көтеруді, білім бағдарламасындағы әрбір пәннің менгерілуін үнемі бақылауды жүзеге асыруды, студенттердің белсенді жұмыс істеуі арқылы материалды баяндаудың құнарландырылған тәсіліне өту нәтижесінде оқытудың әдістемесін, оқытудың ұйымдастыру және өткізу тәсілдерін өзгерту, оқыту қызметінің интерактивті әдістерін көбірек қолдануды талап етеді. Оқытушыға (студенттердің өзіндік жұмыстары үшін ақпараттық) оқу материалының мазмұнын және дереккөздерді үнемі жанарту жұмыстарын жүргізуді міндеттейді. Осының барлығы кредиттік оқыту жүйесінде оқытушының қызметінде оның дәрісханалық жүктемесінен әдістемелік, ғылыми және аппараттық қамтамасыз етуге аса назар аудару қажеттілігін көрсетеді.

Басқаша айтқанда, оқытудың кредиттік жүйесі оқытушыларды үнемі өзін-өзі жетілдіруге және өзінің білімін толықтыруға итермелейді.

**АКАДЕМИЯЛЫҚ САҒАТ** – білім беру ұйымдарында оқу сабақтарына арналған жасанды белгіленген уақыт:

• жалпыға білім беретін мектепте – 35-тен 45 минутқа дейін;

• ЖОО дәрістік, практикалық (семинарлық) сабақтың I қатынастық сағатына (50 минут) немесе студиялық сабақтың I,5 қатынастық сағатына (75 минут), немесе зерт-

ханалық сабақтың және дене тәрбиесі сабағының 2 қатынастық сағатына (100 минут), сондай-ақ оқу практикаларының барлық түрлерінің 1 қатынастық сағатына, педагогикалық практикалардың барлық түрлерінің 2 қатынастық сағатына (100 минут), өндірістік практиканың барлық түрлерінің 5 қатынастық сағатына (250 минут) тең.

Аудиториялық сабақтардың барлық түрлеріне арналған оқытудың сызықтық жүйесінде академиялық сағат уақыты 40 минуттан кем емес болып белгіленеді.

**АКАЛЬКУЛИЯ** – бас ми сүйегінің түрлі жерлерінің зақымдануы себепті есептеу мен есептік операциялардың бұзылуы.

Арифметиканы оқығанда баланың қиналуының себептерінің бірі болуы мүмкін.

Акалькулиямен ауыратын балалармен арнайы әдістеме бойынша жеке сабақтар жүргізіледі.

**АКМЕОГРАММА** – кәсіби маманның еңбегін жан-жақты (кәсіби қызметте, күнделікті қарым-қатынаста, тұлғалық дамуы мен еңбек нәтижелерінің жиынтығында) сипаттап, осыдан маманның жеке-психологиялық және психофизиологиялық ерекшелігіне қойылатын талаптарды білу.

Адам бір мезгілде индивид, еңбек субъектісі, тұлға, жеке-даралық сияқты сипатта көрінгенде, оны шығармашылық потенциалды анықтауға, нәтижелі дамуға және қимылдауға құбылыстық тұтастыққа бағыттайды.

**АКСИОМАТИКАЛЫҚ ӘДІС** – ғылыми теорияларды құрудың дедуктивтік әдістерінің бірі, онда:

- 1) белгілі бір теорияның (аксиомалардың) дәлелдеусіз қабылданған ережелерінің көпшілігі таңдалады;
- 2) оларға кіретін ұғымдар осы теорияның шеңберінде анық айқындалмайды;
- 3) теорияларға жаңа терминдер (ұғымдар) енгізуге мүмкіндіктер беретін және кейбір сөйлемдерді басқалардан қисынды (логи-

калық) шығаратын осы теорияны анықтау тәртібі мен енгізу тәртібі белгіленеді;

4) осы теорияның (теореманын) басқа қалған сөйлемдері (3) негізінде (1) шығарылады. Жасау тәртібіне қойылатын негізгі талаптар:

- аксиомалар жүйесінде кейін теорияларда қолданылатын негізгі терминдерді айқын анықтау (терминдер бір мағыналы, дәл, нақты, барлығына белгіліні белгілейтін және тілі қарапайым болу керек);
- бастапқы пайымдаулар бойынша аксиомаларды дұрыс құрастыру (терминдер жинағы логикалы өзара қатынаста біріктірілуі керек);
- аксиомалар жүйесінен кейінгі салдарларды дұрыс шығару.

Мысалы, В.М. Монаховтың оқыту технологиясы педагогикада қолданылатын белгілі теориялық конструкцияларға құрылып, аксиоматикалық атты иеленеді.

**АКСИОМАТИКАЛЫҚ ТЕОРИЯНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚАЙШЫЛЫҚСЫЗДЫҒЫ** – ең аз дегенде бір үлгісі бар теория, яғни осы теорияны қанағаттандыратын нысанның кейбір саласы.

**АКСИОМАТИКАЛЫҚ ТЕОРИЯНЫҢ СИНТАКСИСТІК ҚАЙШЫЛЫҚСЫЗДЫҒЫ** – кейбір ұсыныстар мен оның теріске шығаруы бір мезгілде қорытынды болып табылмайтын теория.

**АКСИОМАТИКАЛЫҚ ТЕОРИЯНЫҢ ТОЛЫҚТЫҒЫ** – аксиоматикалық теорияға қойылатын логикалы-әдіснамалық талаптар және осы аксиоматикалық, формалды жүйеде сол теорияның барлық шындығы дәлелденгендігімен (яғни аксиомадан шығарылуы) тұжырымдалады.

**АКСИОМАТИЯЛЫҚ ТЕОРИЯЛАРДЫҢ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚСЫЗДЫҒЫ** – аксиоматиялық құрылған (жалпы алғанда жанама) теорияларға ұсынылған қарама-қайшылықтың логикалық-әдіснамалық талабы.

**АКТ** – оқу орнын бітіруге, марапаттауға байланысты және т.б. оқу орындарындағы салтанатты жиналыс.



**АҚИҚАТ (ШЫНДЫҚ)** — 1) (педагогикада) педагогика тәжірибесімен расталған және тәжірибеде сыналған ғылыми зерттеулер нәтижесі педагогикалық ақиқатты объективті көрсететін педагогикалық жағдай; 2) адам танымында объективті мазмұнымен танысатын заттар және болмыс құбылыстарының дұрыс барабар көрсетілуі:

- **абсолютті** — болмыс туралы толық, жеткілікті білім, сонымен қатар сол білім элементі болашақта жоққа шығарыла алмайды;
- **мәңгі** — тану барысында шындықтың бұлтартпайтын дәлелдігін білдіретін ұғым;
- **объективті** — санада материалды дүниенің ескертілген бейнесінің адам және адамзат білімінің мазмұнына тәуелсіз бейнеленуі;

• **салыстырмалы** — оқылатын пәндер саласы туралы толық емес білім және онда бар элементтер танудың даму барысында өзгереді, анықталады, терендетіледі, жанамен ауыстырылады.

**АҚПАРАТ** — 1) нақты мәліметтер және олардың өзара тәуелділігі туралы білім жиынтығын сақтау, өңдеу және тапсыру нысаны болып табылатын бір нәрсе туралы хабар, мағлұмат; адамдар ауызша (сөз, сөйлеу түрінде), жазбаша (мәтін, кесте, сурет, сызба, шартты белгілер, белгілер) немесе басқа тәсілмен (мысалы, дыбыс немесе сәуле сигналдары, электр немесе жүйке импульстері) берілетін мағлұмат, мәліметтер жиынтығы;

2) басқару қызметінің пәні және өнімі; 3) әр түрлі нысандарда және процестерде әралуандықтың бейнелеуі, немесе мағлұматтың қабылдаушыға қатынасты біркелкіліктің бұзылуы;

**Ақпарат сенімділігі** — зерттеуші сезіктенбейтін, сенімді болатын жоспарланған ақпарат.

Ең алдымен мағлұмат жинауға арналған құрал сенімділігімен жүзеге асады. Сенімділік әр кезде минимум үш сипатымен

қамтамасыз етіледі: анықтылығы (негіз), тұрақтылығы және дәлділігі.

**Қасиеттері (мінездеме):**

- **ақпарат анықтылығы** — ең алдымен зерттеуші қолданатын құрал мінездемесімен сипатталады және бұл құралдың қабілеттілігі зерттелетін нысанның зерттеушіні қызықтыратын қасиеттерін ғана өлшеуімен ерекшеленеді;
- **дәлділігі** — қызықтыратын қасиеттерді өлшеуде зерттеуші қолданатын әдістердің сезгіштігімен анықталады;
- **тұрақтылығы** — әр жағдайда алынған ақпарат сапасы бір мағыналы, бірдей болу керек.

XX ғасырдың ортасында белгілі болғандай адамдар, адам мен автомат, автомат пен автомат, жануар мен өсімдіктер әлемі арасында сигнал арқылы мәліметтер айырбасы болатынын білдіретін жалпы ғылыми ұғым.

Адам еңбек қызметі мен тұрмыста пайдаланатын қорлардың бірі болып табылады. Өндіріс өнімі ретінде келесі ерекшеліктерге ие болады: тұтытуда азаймайды, үлкен арақашықтықта тасуы жеңіл және жылдам, оны бір мезгілде бірнеше тұтынушы қолдануы мүмкін, шектелмеген көлемде өндіріледі, себебі тұтынушының ақпарат мұқтажы шексіз.

**Ақпарат** бола алады:

- **вербалды** — ауызша, сөз түрінде берілетін ақпарат (деректіден айырмашылығы, қандай да бір сақтау құралында сақталады);
- **басқаруда** — толық басқару жүйесін және оның жеке компоненттерінің жағдайын білдіретін мағлұмат жиынтығы;
- **ғылыми** — ақпарат алу кезіндегі ғылыми танымның нәтижесі; ғылыми-зерттеу барысында алынған қоршаған әлемнің табиғи және әлеуметтік құбылыстары туралы энтропиялық жағдайдағы күйі;
- **ғылыми-педагогикалық** — техникалық құралдар және арнаулы басылым арқылы таратылатын және педагогикалық ғылым, білім беру жүйесі, оқу-тәрбие процесін

ұйымдастыру және басқаруда пайдаланатын нысандар мен құбылыстар туралы мағлұматтар жүйесі;

- **ғылыми-техникалық** — есептеуіш техникада қолданылатын мәліметтер және олардың арасындағы тәуелділік туралы нақты білім жиынтығы;

- **шолу** — ғылыми құжаттар шолуында болатын екінші ретті ақпарат;

- **релеванттық** — ғылыми тапсырманы түптілғасымен сипаттайтын ақпарат;

- **рефераттық** — алғашқы ғылыми құжаттарда болатын екінші ретті ақпарат;

- **сигналды** — алдын ала хабарлау функциясын орындаушы, әр түрлі дәрежеде ықшамдалған екінші ретті ақпарат;

- **анықтамалық** — білімнің бір саласының жүйеге келтірілген қысқаша мәліметтерінің қандай да бір екінші ретті ақпараты;

- **статистикалық** — қоғам, экономика және өмірдің басқа саласындағы жағдайы мен дамуы туралы статистикалық ғылым әдістеріне сәйкес жиналған және өңделген мәліметтер жиынтығы;

- **оқу** — мазмұны әдістемелік немесе нұсқаулық сипатта болуы мүмкін; оны алушылардың интеллектуалды мүмкіншіліктері мен жас ерекшеліктерін ескеруімен жүйеге келтірілген табиғат және қоғам туралы жинақталған білім, ғылыми дәлелденген тәжірибені беру және түсіндіру қызметін атқаратын, ғылыми-техникалық немесе тәрбиелік сипаттағы мағлұмат;

- **эмпирикалық** — фактілер, құбылыстар логикалық-теориялық қорытындылаусыз практикалық тәжірибемен шектелген және сезіну арқылы қабылдау нәтижесі болып табылатын мағлұмат; пайдакүнемдік және ғылыми есептерді шешуде қолданылады (дәлел немесе мәлімет түрінде).

**АҚПАРАТТЫ ӨНІМДЕНДІРУ** — оның қасиетін немесе пайдаланудың белгілі бір аясына жататынын сипаттайтын, белгілі мәнді қасиеттерімен ерекшеленетін ақпараттық өнімді жасау бойынша қызмет.

**АҚПАРАТТЫ ТОПТАУ** — ұқсас және әр түрлі белгілері бойынша мәліметтерді жіктеу немесе тәртіпке келтіру, ғылыми сипаттамалық әдіс.

**АҚПАРАТТЫҚ АЙНАЛЫМ** — «педагогикалық ғылым — педагогикалық мәліметтер банкі — педагогикалық тәжірибе» жүйесінде педагогикалық ақпараттың циклді процеспен айналымы.

**АҚПАРАТТЫҚ БАНК** — формализацияланған ақпарат сақтау қоры.

**АҚПАРАТТЫҚ ЖАРЫЛЫС** — адамның еңбек қызметінде қабылдауы, сақтауы, пайдалануы қажет ақпарат көлемінің күрт артуы.

**АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІК** (В.Н.Костюк енгізген ұғым) — ақпарат құру, орнын алмастыру және пайдалануға болатын кеңістік.

Оның құрылымын ақпарат құру және пайдалану тәсілдері, ақпараттық ағын бағыты мен жылдамдығы белгілейді. Ғылым, білім, БАҚ кіретін қоғамның ақпараттық инфрақұрылымын осы кеңістік құрылымы көрсетеді.

**АҚПАРАТТЫҚ КӨЗ, КОМПОНЕНТ** — индексация, топтастыру, түйінді сөздер мен өріс маңызына қарай іздеу, гиперсілтемелерді ескеретін рұқсат жүйесі бар аппараттық нысандардың (энциклопедия, анықтамалық, коллекция, галерея және т.б.) ұйымдастырылған жиынтығы.

Ақпараттық нысандарды тікелей немесе олардың алгоритм түрінде туындауын сипаттауы мүмкін.

**АҚПАРАТТЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ** — мекемеде және одан тыс жердегі кешенді ақпараттың барлық түрін қолдану барысында білім беру ұйымдары жұмысын ұйымдық басқару.

**АҚПАРАТТЫҚ НЫСАН** — әр түрлі нысан түрлерін: карапайым — дыбыс, мәтін, сан және кешенді құрылымдалған — элемент, мәліметтер базасы, кесте, гипермәтін, гипермедианы сипаттайтын жалпыланған ұғым.

**АҚПАРАТТЫҚ (ПОСТИНДУСТРИАЛДЫ) ӨРКЕНИЕТ (АҚПАРАТТЫ ҚОҒАМ)** — ақпарат, білім, басқару қызметі өндіріске негізделген қоғам. Өлемнің бір-неше өркениетті елдерінде болған компьютерлік төңкеріс адамның рухани өмірінің, қоғам идеологиясымен, білім беру мазмұнын анықтау мен жалпы ақпараттық және білім беру технологияларын жасауға көзқарасының өзгеруіне әкеледі.

**АҚПАРАТТЫҚ ПРОЦЕСТЕР** — өндіру, беру, қабылдау, сақтау, іздеу, өңдеу, өзгерту және пайдалану процестері кіретін ақпаратпен қатынас түрі.

Қоғамда алуан түрлі **қызмет** атқарады:

Тұлға қалыптасу кезінде мәдени салт-дәстүрлерді ұрпақтан ұрпаққа тапсыру (тұлғааралық және тікелей қатынас қалыптасу кезінде болады).

Қоғамдық нормативтерге сәйкес білім және дағды тарату. Бұл қызметті білім беру органдары орындайды. Әр түрлі әлеуметтік деңгейдегі ағымдағы ақпаратты беру (адамдардың тікелей қатынастары, ақпарат берушілердің әр түрлі аудиториямен кездесуі, бұқаралық коммуникация арналарын қолдану арқылы жүзеге асады).

Айтарлықтай дәрежедегі көркем шығармашылыққа тікелей қатынасы бар ерекше хабарларды тарату арқылы адамдардың сезімін, көңіл күйін басқару.

**АҚПАРАТТЫҚ СҰРАНЫС КАРТАСЫ** — қажет құжатты алу мақсатында қолданушы жауап беруі тиіс сұрақтар тізімі.

**АҚПАРАТТЫҚ ІЗДЕНІС** — сұраныста көрсетілген тақырыпқа арналған немесе тұтынуға қажетті деректер мен мәліметтердің барлығын қандай да бір құжаттар жиынынан (мәтіндерден) іздеу процесі.

**АҚПАРАТТЫҢ ҚҰЖАТТЫҚ КӨЗДЕРІН АНАЛИТИКАЛЫҚ-СИНТЕЗДІК ҚАЙТА ӨНДЕУ** — жеке құжатты немесе құжаттар тобын қайта өңдеу процесі, соның нәтижесінде алынған құжат ғылыми-ақпараттық қызметтің міндеттеріне мүмкіндігінше жауап береді.

**АҚПАРАТТЫҢ СЕНІМДІЛІГІ** — берілген мәліметтердің ақиқаттығы, нақты оқиғаларға сәйкестігі.

**АҚЫЛ** (ақыл күші) — адамның танымдық мүмкіндіктерінің жалпыланған сипаттамалары (сезім мен еркінен басқа); анағұрлым тар мағынасында — ойлау амалдарын білу, орындау, жинақтауға қатысты жеке қабілеттерінің жиыны.

Қасиеттері: жылдамдық, анықтық, сыншылық, терендік, кендік, орамдылық, шығармашылық.

**АҚЫЛ-ОЙ (ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ) ДАМУЫ** — жас және жеке психикалық ерекшеліктеріне, өмір сүріп отырған тарихи-қоғамдық жағдайына сәйкесті өмірлік тәжірибені меңгеру нәтижесінде болатын, адамның ақыл-ой әрекетіндегі сандық және сапалық өзгерістердің күрделі динамикалық жүйесі.

Ақыл-ой дамуының *деңгейі* — ойлау процесінде еркін пайдалану арқылы жаңа білім мен біліктіліктің белгілі бір көлемінің меңгерілуін қамтамасыз ететін білімнің, біліктің және оларды меңгеру барысында қалыптасқан ақыл-ой әрекеттерінің жиыны. Даму деңгейі туралы мәлімет ұзақ уақыттық психология-педагогикалық бақылау немесе арнайы әдістемелер көмегімен диагностикалық сынақтар арқылы алынуы мүмкін.

Ақыл-ой дамуының деңгейін талдау кезінде ойлау түрлері мен мазмұнының өзара шарттастық пен байланыстың үзіліссіздігі қағидасын негізге алу қажет (Л.С. Выготский). Бұл байланыстың бұзылуы ойлаудың тиімділігін төмендетеді. Егер адам ойының мазмұны оның өмірі мен қызмет еткен әлеуметтік және мәдени ортасының елеулі жақтарын бейнелейтін болса, онда осы мазмұнның меңгерілуі ондағы қалыптасқан ақыл-ой дамуының деңгейін көрсетеді және оның ойлау әрекеті жаңа мазмұнды меңгеруге жеткіліксіз болуы мүмкін. Бірақ даму деңгейінің ерекшелігі тек қана онтогонездік факторлармен анықталмайды, ол

адамның табиғи психофизиологиялық ерекшеліктеріне де байланысты болады. Ол байланыс ойлаудың қызметінен көрінеді және атап айтқанда, жеке адамның өз тәжірибесі сынынан өткізген кейбір әрекет түрлерін басқалардан жоғары қою мотивациясының қалыптасуынан байқауға болады. Ақыл-ой дамуының деңгейінен, бұл деңгейге жету үшін адамға қанша уақыт және күш-қайрат керек болғандығын дәлме-дәл анықтауға болмайды.

**АҚЫЛ-ОЙ ДАРЫНДЫЛЫҒЫ** (В. Штерн зерттеген ұғым) – адамның өз ойын сана-лы түрде жаңа талаптарға бағыттай алуға жалпы қабілеті, оны жаңа міндеттерді шешуге және өмірдің жаңа жағдайларына бейімдей алуы.

Жаңаға бағыттылығы оны *есте сақтаудан* ерекшелендіреді; бейімдеу белгісі – *данышпандықтан* (оның мәні еркін шығармашылықта), жалпылық белгісі – *дарыннан* (адамда белгілі бір іс-әрекеттің түріне қатысты байқалады) ерекшелендіреді.

**АҚЫЛ-ОЙ ӨНІМДІЛІГІ** – белгілі бір міндеттерді, мәселелерді, т.б. шешуге бағытталған адамның ойлау әрекеті күшінің тиімділігі.

Тұлғаның ой әрекетінің жеке қарқынына және қабілетіне көп байланысты. Әрбір адамда ой әрекеті қарқынының дербес мүмкіндік шегі болады. Осы дербес мүмкіндік шегінің айтарлықтай төмендетілген немесе жоғарылатылған жағдайларында, яғни тапсырманы орындауға бөлінген уақыттың артылып немесе жетпей қалған жағдайларында, ақыл-ой өнімділігі төмендейді. Сондықтан оқу процесінде, оқушыларға оқу тапсырмаларын орындауға бөлінетін уақытты белгілеуде тиімділігін ойластыру керек. Тапсырманы орындауға бөлінетін уақытты шектеу қажет, бірақ тым қысқа уақыт аралығын белгілеуге де болмайды. Ақыл-ой өнімділігін анықтаудағы орынсыздықтар, қолдан жасалынған қиындықтар туғызып, оның төмендеуіне әкеліп соқтырады.

**АҚЫЛҒА САЛУ** – ғылыми бақылау мен эксперименттің анықтаған деректеріне сүйенбей, дерексіз логикалық құрылымдар негізінде ақиқатқа көз жеткізудің теориялық тәсілі.

**АЛГОРИТМ** – берілген тәжірибелік максаттарды шешуге арналған әрекеттердің, ережелердің жиынтығы; алгоритм негізінде педагог пен оқушыларға арналған әр түрлі жадынамалар, зерттелетін құбылыстар мен фактілердің талдау схемалары жасалады.

Қарқынды даму оқу материалын алғашқы меңгеру барысында оқытудың ұжымдық түрінде қолданғанда жүзеге асады.

Психологияда басқару процестерін және әр түрлі әрекеттерде, түрлі міндеттерді шешуде, нұсқамаларды орындау рәсімдерінде қолданылады.

**ҚАЙТА ТӘРБИЕЛЕУ АЛГОРИТМІ** – теріс мінез-құлық стереотипін өзгертуге бағытталған тәрбиеші әрекетінің бірізділігі мыналарды қарастырады:

- а) баланың дамуы мен мінез-құлқындағы ауытқулар себебін белгілеу;
- ә) оның тәрбиесіндегі мәселелерді тұжырымдау, қалыптасқан мінез-құлық стереотипін өзгертуге әсер ететін факторлар, жолдар мен құралдарды анықтау;
- б) оқуда және бос уақытта баланың санасы мен әрекетін белсенді ету;
- в) тәрбиенің белгілі бір дәл ойластырылған әдістері мен тәсілдері жүйесін қолдану;
- г) қайта тәрбиелеудің ағымдық және кешіктірілген нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру;
- д) тәрбиешінің әрекетін түзету.

**ОҚЫТУДЫ (ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН) АЛГОРИТМДЕУ** – білім алушылар (немесе оқыту машиналары) үшін алгоритмдерді жасау мен жүзеге асыру; алгоритмдерді оқыту мазмұны мен оқыту процесінде айқындау немесе жасау және оқыту немесе оқытушылық әрекетте қандай да бір формадағы ең қарапайым бағдарлама ретінде ұсыну (Л.М. Фридман, И.Ю. Кулагина).



Психологиялық жоспарда білім алушыларға оқып үйренетін білімдерінің мазмұндық және операциялық жағын анық ажыратуға, көптеген есептерді шешудің ортақ әдісін меңгеруге, сондай-ақ ақыл-ойлы әрекеттердің процесінен олардың бағдарлық негізін анық айыруға жәрдемдеседі, соның арқасында оқытудың тиімділігі анағұрлым көтеріледі. Білім алушыларға арналған алгоритмдер екі класқа бөлінеді: оқып үйренетін пәнмен байланысты және осы пәнге арналған арнайы міндеттерді шешуге көмектесетін алгоритмдер; пәндік материалды, сондай-ақ көзделген алгоритмдерді меңгеруге қажет әрекеттерді белгілейтін оқу (менгеру) алгоритмдері.

Оқыту алгоритмдерін жасау мен қолдану қомақты нәтижелерге әлі жеткізген жоқ. Оқытушыға арналған алгоритм оған әр түрлі педагогикалық міндеттерді шешуге көмектесіп, білім алушыларға белгілі бір білімдер мен іскерліктерді меңгеруді қамтамасыз етеді.

**АЛЕКСИЯ** – бас миының ошақтық зақымдануына байланысты оқу қабілеттігін жоғалту; жазу қабілеттігін жоғалтумен (аграфия) және сөйлеудің бұзылуымен (афазия) жиі ұласады.

**АЛФАВИТ** – 1) әліпби (1 мағ.); 2) әліппеде қабылданған сөздер тәртібі.

**АЛЬМА-МАТЕР** – университеттің студенттік аты.

**АЛЫНҒАН ДЕРЕКТЕРДІ САНДЫҚ ӨНДЕУ** – эмпиристік зерттеу деректерін зерттеудің математикалық әдістері көмегімен өңдеу.

**АНАЛИЗ БЕН СИНТЕЗ (ОҚЫТУДАҒЫ)** – оқып үйренетін пәндер мен құбылыстарды сәйкесінше жеке белгілері бойынша (анализ) және керісінше, жан-жақты жалпы (синтез) қарастыратын педагогтің логикалық әдістерді қолдануы.

Аналитикалық-синтездік қызметтің келесі негізгі түрлеріне жатқызылуы мүмкін: а) тұтасты ойша бөліктерге бөлу (қарапайым талдау) және кері процесс – тұтасты оның

бөліктерінен құрастыру (қарапайым синтез); ә) танымдық міндетке сай (абстракциялық талдау) және абстракциядан нақтылыққа жалпы белгілерді жалпылау жолымен өту (жалпылау жинақтау), нақтыдан кейбір жалпы белгілерді айыру жолымен нақтыдан абстрактіге өту; б) анализді қолдану арқылы салдарлардан олардың себептеріне ойша өту жүзеге асырылады, синтездің көмегімен себептер мен салдарлардың байланысы белгіленеді; в) ізделіп отырған шамадан деректерге қарай жүру анализді білдіреді, ал керісінше жүру – берілген жағдайдан ізделіп отырған шамаға – синтезді білдіреді.

**АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА (ЖАЗБА)** – еліміздегі және шет елдегі білім беру ісі дамуының жекелеген аспектілері бойынша жағдайы мен тенденцияларын сыни бағалайтын жүйеленген, жалпыланған мәліметтері бар құжат.

**АНТИПЕДАГОГИКА** – қазіргі заманғы өркениеттің қашып құтыла алмайтын ауруы, ұрпақтардың басы бірікпеушілігі туралы мәдени-антропологиялық көзқарастардан шығатын, тұлғаны қалыптастырудың мақсатты процесі ретінде тәрбиеден бас тартуды негіздейтін, ХХ ғасырдың 2-жартысындағы Батыс Еуропа мен АҚШ педагогикасындағы ағым.

«Әкелер» мен «балалар» арасында тұңғық пайда болғандықтан, шұғыл әлеуметтік-мәдени өзгерістердің салдарынан ересектер балаларға жас ұрпақ үшін өмірде шынайы тірек болатын мәдениеттің сол типін бере алмайды.

Бұл тараптың өкілдері тәрбиелеу институты өзін-өзі ақтамайды, сондықтан одан бас тарту керек деп қорытынды жасайды. Олардың мақұлдауынша, тәрбие тұлғаның санасімі үшін патогендік процестер туғызады, оның күшіне сай келмейтін өркениет талаптары салдарынан жас ұрпақтың психологиялық саулығын бұзады.

**АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ-ГУМАНИСТІК ПРИНЦИП** – оқу-тәрбиелік процесі бала

ағзасы дамуы мен тұлға қалыптасуы заңдарына сәйкес ұйымдастыру.

**АНЫҚТАМА (ДЕФИНИЦИЯ)** — логикалық тәсіл, 1) зерделенетін нысанды басқа нысандардан ажыратуға; 2) тілде (табиғи немесе ғылыми) тіркелінген жаңадан енгізілген белгілік көрінулердің мағынасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**Бөліп көрсетіледі:**

- **аналитикалық** — қандай да бір тілде, олардың анықталған, енгізілген анықтамаға қатысынсыз қалыптасқан, айқын құрылымдалған терминдер мағынасын білдіретін анықтама;

- **генетикалық** — белгілі бір заттың егжей-тегжейін ашу, оның шығу, пайда болу, алыну, құрылу тәсілдерін сипаттау арқылы жүзеге асырылатын анықтама;

- **классикалық (текстік-түрлік айырмашылығы арқылы)** — анықталатын ұғым заты аса кең ұғым көлеміне енгізіледі және бұл кезде ажыратылатын белгілері көмегімен (түрлік айырмашылығы) осы аса кең ұғымның заттары арасынан бөлектеніп көрінетін анықтама;

- **толық емес** — анықталатын (**Dfd**) мен анықтаушының (**Dfn**) мөлшерлестік талаптары орындалмаған, нақтылап алғанда соңғысы біріншіден кең (**Dfd < Dfn**) айқын анықтама;

- **көмескі (айқын емес)** — 1) аксиомалармен қанағаттанатын (соңғысы өзін ұсыныс етіп көрсететін) нысандар жүйесі анықталатын аксиоматикалық құрылған теориялардағы аксиоматикалық анықтама; сонысымен аксиомада кездесетін терминдер үшін мағына жүйесі де анықталады; 2) анықталатын терминнен тұратын (және оған сәйкес келетін нысан) контекст негізінде контексті (кейде алдын ала берілген алгоритммен) жоюға және **Dfd = Dfn** құрылымдағы айқын формада анықталатын нысанның анықталушы терминін құрылымдауға болады;

- **атаулы** — қандай да бір зат, оның маңызды белгілері, ұғым мазмұны, оның басқа да

аралас заттардан айырмашылығы белгіленетін анықтама;

- **операциялы** — физикалық шамаларды (ұзындығы, массасы, күші, т.б.) олардың экспериментті-өлшеуші операцияларының ерекшелік жиынтығын сипаттау арқылы анықтау;

- **остенсиеті** — сөз және сөз тіркестерінің мағынасын, сол сөздер мен сөз тіркестері білдіретін заттармен, әрекетпен және жағдаяттармен оқушыларды тікелей таныстыру, көрсету жолымен анықтау;

- **семантикалық** — терминді белгілейтін заты (шынайы немесе абстрактілі) сипаттау көмегімен анықталатын қалыпты анықтама;

- **синтетикалық** — 1) әр түрлі контексте анықталатынның (**Dfd**) және анықтаушының (**Dfn**) өзара ауысатын ережесі ретінде түсіндірілетін айқын (**Dfd=Dfn**) құрылымы бар анықтама; 2) **Dfd** оны қолдану ережесі арқылы, оның функциясын кейбір жағдаяттарда сипаттау арқылы ерекшеленетін анықтама; 3) сол нысандармен қанағаттандырылатын таза белгілік, формалды құралдар көмегімен нысандар жүйесін анықтау;

- **абстракция арқылы** — көмегімен кейбір қасиеті бөлектеніп көрінетін және оларға тиісті заттар жиыны, класы зерделенетін заттар арасында кейбір тең түрдегі қатынас саласын орнату арқылы құрылатын анықтама;

- **айқын** — **Dfd=Dfn** (анықталушы анықтаушыға белгілі қатынаста тең) құрылымы бар анықтама;

- **айқын абсолютті** — бірде-бір өзіндік мағынасы бар лексикалық **Dfd** бөлік бір мезгілде **Dfn**-ға кірмейтін анықтама;

- **айқын абсолютті емес** — өзіндік мағынасы бар қандай да бір лексикалық **Dfd** бөліктің **Dfn** құрамына кіретін анықтама.

**АҢДАТПА** — кітаптың, мақаланың, қолжазбаның мазмұнын, бағытын, неге арналғанын, т.б. ерекшеліктерін ашатын қысқаша сипаттамасы.

**Ажыратылады:**

- **аналитикалық** — құжаттың белгілі бір бөлімінің немесе аспектісінің мазмұны,

неге арналғаны, формасы, т.б. өзгешеліктері тұрғысынан қысқаша сипаттамасы;

• **топтық** — екі немесе одан да көп құжаттардың талданған жиынтық сипаттамасы.

**АПЕЛЛЯЦИЯ** — 1) жоғарғы инстанцияға қандай да бір шешімге, қаулыға қарсы шағымдану; білім беру жүйесінің тәжірибесінде орын алған бірыңғай ұлттық және кешенді тестілеуді тапсырғанда тест тапсыру нәтижелерін бақылау мен дұрыстау үшін апелляциялық комиссияға жүгіну; 2) ақыл-кеңес, колдау алу үшін өтінішпен бару.

**АПЕРЦИПАЦИЯ** — бар білім жүйесіне сананың жана мазмұнын кірістіру.

**АПРОБАЦИЯ (БАЙКАУДАН ӨТКІЗУ)** — зерттеу барысында қандай да бір болжамды анықтау мақсатымен сынақтан өткізу; тәжірибелік бақылау.

**АРНАЙЫ (ТҮЗЕТУ) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ** — психофизикалық дамуында алуан түрлі ауытқулары бар балалар мен жасөспірімдерді және ересектерді тәрбиелеу мен оқытуға арналған мекеме.

**АРТЕФАКТ** — қалыпты жағдайда зерттелетін нысанға тән емес және әдетте, оны зерттеу барысында шығатын процесс немесе жасалым.

Тәжірибе өткізу әдістемесі ақаулары салдарынан шығатын сынақтағы әсер. Ал психологиялық сынақтарда артефактілер болып, сыналудың сол немесе басқа көрсеткіштерге иландыру сәттері; электрофизиологияда бөгеу токтары, т.б.

Мәдени-тарихи психологияда — қарекеттің жасанды құралдары: сайман, белгі, сөз, символ, т.б.

**АСПЕКТ** — қандай да бір ұғым, құбылыс, қарастырылатын тәсіл, көзқарас, тараптар; зерттеу нысаны (пәні) қарастырылатын көзқарас түрі.

**АССИСТЕНТ, ОҚЫТУШЫ** — жоғары оқу орындарындағы кіші оқытушылық қызмет, сондай-ақ студенттерге зертханалық және практикалық сабақтарды

өткізетін және кафедраның ғылыми-зерттеушілік, сонымен қатар әдістемелік жұмысына қатысатын осы лауазымды атқарушы адам.

**АТА-АНАНЫҢ БЕДЕЛІ** — әке мен шешенің жеке қасиеттері мен өмірлік тәжірибесінің аса маңыздылығы, ата-анаға құрмет пен махаббатқа, өмірлік тәжірибесіне, сөздері мен әрекеттеріне сенуге негізделген, олардың балаларға әсері: ата-ананың нұсқаулары мен кеңестерін қорқынышсыз немесе материалдық қызығушылықсыз, олардың әділеттілік пен пайдалылығын мойындап, тыңдау мен орындау.

Баланы шексіз қадірлеу, оның барлық тілегі мен еркеліктерін қанағаттандыруға негізделген немесе, керісінше, оларға суық қарайтын, балалардың жеке тұлғасын төмендету арқылы болатын жалған беделден шынайы бедел ажыратылады.

**АТАУЛЫ СТИПЕНДИЯ** — жеке тұлға немесе заңды тұлғалар қолдауымен, тиісті білім беру бағдарламасын табысты меңгерген, ғылыми-зерттеу жұмысымен шұғылданған, оқу мекемесінің қоғамдық, мәдениет және спорттық өміріне белсенді қатысатын қабілетті оқушыларды мадақтау мақсатында ұйымдастырылған стипендия.

**АТТЕСТАТ** — 1) орта оқу орнын бітіргені туралы құжат; 2) ғылыми немесе арнайы атакты беру туралы куәлік.

**АТТЕСТАТТАУ** — 1) қызметкердің немесе оқушының (студенттің) біліктілігін, білім деңгейін анықтау; 2) қандай да бір адамның қабілеттілігі, білімі, іскерлік, т.б. қасиеттері туралы пікір; мінездеме.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ АТТЕСТАТТАУ (МҰҒАЛІМДЕРДІ АТТЕСТАТТАУ)** — олардың қызметтік міндеттеріне сәйкес алдын ала жасалған критерийлер талаптары бойынша педагогикалық қызметкердің біліктілік деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім.

**Мақсаты** — педагогикалық еңбектің біліктілігі мен кәсібилігін, сапасын көтеруге,

шығармашылық бастаманы дамытуға, сондай-ақ нарықтық экономикалық қатынас жағдайында саралап енбекақы төлеу жолымен педагогтардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету.

**Міндеті** — педагогқа, оның кәсіби деңгейіне сәйкес біліктілік категориясын беру.

**Принциптері:** еріктілік, ашық айту, педагогикалық қызметкерлерге объективті, сыпайы, құнтты және тілектестік қатынастарды қамтамасыз ететін сараптамалық бағалардың жүйелілігі мен тұтастығы.

**МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫН АТТЕСТАТТАУ** — олардың кәсіби біліктілік, ғылыми-әдістемелік, құқықтық, қаржылық тәртіп пен білім беру ұйымдарын тиімді басқару қабілеттілігі деңгейін анықтау бойынша мерзімдік жүзеге асатын рәсім.

**Мақсаты** — басшының атқарып отырған лауазымына сәйкестігін объективті бағалау, оның жауапкершілігі мен орындаушылық тәртібін көтеру.

**Негізгі міндеттері:**

- 1) республиканың білім беру жүйесінде жоғары білікті басшы кадрлардың құрамын қалыптастыру;
- 2) басшылардың атқарып отырған лауазымына сәйкестігін белгілеу;
- 3) білім беру ұйымдары қызметінің тиімділігін көтеру;
- 4) басшылардың әлеуметтік мүмкіндіктерін қолдану перспективасын анықтау;
- 5) басшылардың кәсіби біліктілік деңгейін мақсатты көтеруді ынталандыру;
- 6) басшылардың біліктілігін көтеру, кәсіби дайындығы немесе қайта даярлау қажеттілігін анықтау;
- 7) кадрлардың ұтымды орын алмастыруын қамтамасыз етіп, кадрлар резервін қалыптастыру.

Аттестаттаудың негізгі **принциптері:** аттестатталушыларға объективтік қатынасты қамтамасыз ететін міндеттілік, шын көңілден және әріптестік болып табылады.

Аттестаттауға білім беру ұйымдарының

барлық типтері мен түрлерінің басшылары жатады (әрі қарай — басшылар).

Басшылар аттестаттауды басшы қызметте үзіліссіз жұмыс істеген әрбір үш жыл өткен соң, бірақ осы қызметке орналасқан күннен бастап алты айдан ерте емес уақытта өтеді. Аттестаттауға мынадай сабақтас рәсімдер кіреді:

- 1) аттестаттау өткізуге дайындық;
- 2) аттестаттау өткізетін комиссия басшымен әңгімелесу;
- 3) аттестаттау комиссиясы шығаратын шешімдер.

Басшыны аттестаттаудың негізгі талаптарына білім беру ұйымдары басшыларына қойылатын біліктілік талаптарға аттестатталушының сәйкестігі мен аттестаттау алдындағы жыл мерзімінде тәртіптік сәгістерінің болмауы жатады.

Аттестаттауды келесі органдар ұйымдастырып өткізеді (әрі қарай — аттестаттаушы орган):

— ведомстволық білім беру ұйымдарының басшыларын — білім саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

— бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік білім беру, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер спорттық мектебі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының басшыларын — білім беру басқармасының облыстық органы;

— республикалық маңызы бар қала және астаналық қалалық білім беру басқармасы — бастауыш орта, негізгі орта немесе орта жалпы, бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік білім беру, арнайы және мамандандырылған білім бағдарламаларын, сондай-ақ мектепалды және мектептен тыс ұйымдардың білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының басшыларын;

— аудандық (облыстық маңызы бар қала) білім беру басқармасы — бастауыш жалпы,



негізгі жалпы немесе орта жалпы білім, арнайы және мамандандырылған білімнен басқа, сондай-ақ мектепалды мен мектептен тыс ұйымдардың білім бағдарламаларын жүзеге асыратын білім ұйымдары басшыларын.

Берілген материалдарды зерттеу мен басшымен өңгімелесу нәтижесі бойынша комиссия келесі шешімдердің бірін қабылдайды:


- 1) «қызмет орнына лайықты»;
- 2) «қызмет орнына лайықсыз»;
- 3) «қайта аттестаттауға ұсынылады».

**АТТЕСТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС** — талаптар мен нормаларға сәйкес орындалып, оңды баға алғанда белгілі бір ұсынымдарды жасауға немесе сипаттама беруге мүмкіндік береді — ЖОО-ның бітірерде дипломдық жұмыстың орындалуын мойындау немесе магистратура (аспирантура, докторантура) бағдарламасын орындауды мойындау және магистрлік (кандидаттық, докторлық) диссертацияларды қорғауға ұсыныс алу үшін ресми түрде мойындалған жұмыс.

**АУДИТОР** — тыңдаушы; өзінің достарының сабақтарын тыңдау үшін педагог тағайындаған оқушы.

**АУЫТҚУ** — әрбір өлшеу мен орташа арифметикалық шамасы арасындағы айырмашылық ( $x - \bar{x}$ ).

**АУЫТҚУ (ТЕРІС ТАҢДАУ)** — әлдебір индивидтің басқа бір индивидпен ынтымақтастықтан жалтару тілегін білдіруі.



**ӘДІЛДІК** (объективтілік) — 1) жалпы ғылыми принциптердің бірі; 2) өлшеу бағабарлығын бағалау критерийлері, құрамында:

• **өлшем** — барынша ерекшеленуді зерттеуші тарапынан шектеуді немесе өлшем нәтижесіне ықпал етуді бақылауды талап ететін өлшем сапасының критерийлері;

• **өлшем нәтижесін интерпретациялау** — бірнеше тұлғалардың қандай да бір өзара байланысты орнатуы;

• **өлшем жүргізу** — барлық сыналушылар бірдей жағдайларда сынаққа тартылуын көздейтін талаптар.

**ӘДІС** — 1) нақты дүниені тану мен практикалық түрлендірудің тәсілдері мен амалдарының жиынтығы; 2) таным мен практикада белгілі бір нәтижеге жету тәсілі; қандай да бір әдісті қолдану танымдық немесе практикалық іс-әрекет мақсатымен, зерттеу немесе әрекет нысанымен және іс-әрекет жүзеге асатын шарттармен негізделеді. **БІЛІКТІ ТӨРЕШІЛЕР ӘДІСІ** — құбылысты «төреші-бақылаушылардың» бағасы арқылы зерттеуден тұратын жанама бақылау әдісі.

**ТӘУЕЛСІЗ МІНЕЗДЕМЕЛЕРДІ ЖАЛПЫЛАУ ӘДІСІ** — сыннан өтуші туралы түскен (педагогтан, ата-аналардан, қатарластарынан және т.б.) түрлі дереккөздердің орта мәнін анықтау.

**ОҚЫТУ ӘДІСІ** — оқытудың қандай да бір түрін (XVII—XVIII ғғ-ға дейін жеке-жұптық, XVII—XVIII ғғ-дан қазіргі уақытқа дейін топтық-жұптық-жеке, XX ғ. бастап ұжымдық-топтық-жұптық-жеке) қолдануға негізделген оқу-тәрбие процесі; жалпы тәсіл (нақты тарихи жағдайларда оқытудың негізгі мақсаттарына жетудің жалпы жолы).

**ҚАРАМА-ҚАРСЫ БАҒЫТТАР ӘДІСІ** — белгінің қарама-қарсы мөндері шеткі нүктелері болатын шкала шарттарын (жағдайын) бағалауды қолдануды көздейтін тәсіл. **ІРІКТЕУДІҢ ЖҰПТАУ ӘДІСІ (ЖҰПТАП ІРІКТЕУ ӘДІСІ)** — белгілердің біреуінің болуы немесе болмауымен ерекшеленетін бақылаудың бірліктерінің жиыны ретінде қарастырылатын эксперимент нысаны.

**ТЕҢ ИНТЕРВАЛДАР ӘДІСІ** – сарапшылардың зерттелетін сипаттамалар туралы пікірлер тізімін, белгілерін артықшылық сатылары бойынша белгілі бір тәртіппен реттелген тұрақты категориялар санына (әдетте 7, 9 немесе 11-ге тең) қарай орналас-тыра отырып, бағалауы.

**РЕЙТИНГ ӘДІСІ** – қандай да бір тұлғаның іс-әрекетіне немесе болған оқиғаға баға беру.

Соңғы жылдары оқу-тәрбие процесінде бақылау және бағалау әдісі ретінде қолданылып жүр.

**«СЕМАНТИКАЛЫҚ» ДИФФЕРЕНЦИАЛ ӘДІСІ** – ұғымдар мен сөздердің мағынасын өлшеу тәсілі және ең алдымен, берілген ұғымның мағынасын эмоционалдық жағынан саралау.

**ҚОСЫНДЫ БАҒАЛАР ӘДІСІ** – адамдар тобына қойылған сұрақтармен келісіміне қатысты бесбалдық жүйемен бағаланатын сұрақтар қойылып, бір адамның барлық сұрақтарға байланысты балдарының қосындысына қарай адамдарды тізбелеу арқылы өлшеу әдісі.

**ІШІНАРА БӨЛУ ӘДІСІ** – экспериментшіні қызықтыратын белгілер бойынша зерттелетін нысанның моделі бола алатын ішкі жиынды құру.

**ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ** – жалпы және арнайы зерттеу әдістердің жиынтығы; әдістерді таңдау мен оларды жүйелеуді сипаттайды.

**ӘДІСНАМА** – 1) қандай да бір ғылымда қолданылатын интеллектуалдық құралдардың, әдістер мен тәсілдердің жиынтығы; 2) теориялық (танымдық) және тәжірибелік- өзгертушілік әрекетті ұйымдастыру мен құру тәсілдері принциптерінің жүйесі. Әдіснаманың жалпы танымдық іс-әрекет процесін зерттейтін таным теориясынан ерекшелігі – ол шынайы және практикалық тұрғыдан тиімді білімге жету әдістері мен жолдарына баса назар аударады.

Егер теория таным процесінің нәтижесі болса, әдіснама осы білімге қол жеткізу мен оны құру тәсілі болып табылады.

Әдіснама төрт деңгейге бөлінеді (В.В. Краевский, В.А. Слостенин): *философиялық, жалпығылымилық, нақты-ғылымилық және технологиялық*. Әдіснаманың барлық деңгейі, өз арасында нақты байланысы бар, күрделі жүйені құрайды.

**Әдіснаманың философиялық деңгейі**, оның мазмұны танымның жалпы принциптері мен ғылымның категориялық құрылымынан тұрады. Философиялық білім жүйесі әдіснамалық міндетті атқарады. Бұл жағдайда философиялық деңгей кез келген әдіснамалық білімнің мазмұндық негізі ретінде қарастырылады.

**Әдіснаманың жалпығылымилық деңгейі** барлық немесе көптеген ғылыми пәндерде (салаларда) қолданылатын теориялық тұжырымдама болып табылады.

**Әдіснаманың нақты-ғылымилық деңгейі** – кез келген арнайы ғылыми пәнде (салада) қолданылатын зерттеу әдістері, принциптері және шараларының жиынтығы. Педагогиканың әдіснамасы дегеніміз педагогикалық шынайылықты көрсететін педагогикалық теорияның негіздері мен құрылымдары, білім алудың жолдары және көзқарастарының принциптері туралы білім жүйесі, сонымен қатар осындай білім алудың және зерттеу жұмыстарының бағдарламасын, логикасын, әдістерін, сапасын бағалауды негіздеу әрекеті жүйесі.

**Әдіснаманың технологиялық деңгейі** (зерттеу әдіснамасы) зерттеудің әдістемесі мен техникасынан тұрады, яғни кейін ғылыми білім қорына енгізілетін эмпирикалық материалды алуды және оның бастапқы өңдеуді қамтамасыз ететін шаралар жиынтығы. **ҒЫЛЫМНЫҢ ӘДІСНАМАСЫ** – ғылыми білімнің құрылымын, ғылыми танымның құралдары мен әдістерін, білімді дамыту мен негіздеу тәсілдерін зерттейтін ғылымтану бөлімі; әдіснамалық проблемалардың жүйеленген шешімі белгілі бір гносеологиялық принциптер негізінде құрылатын *әдіснамалық тұжырымдамада* беріледі.

**ҒЫЛЫМИ ТАНЫМНЫҢ ӘДІСНАМА-СЫ** – ғылыми-зерттеу әрекетінің принциптері, түрлері және тәсілдері туралы ілім. **ӘДІСНАМАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ** – студенттердің оқу процесіндегі белсенді өзіндік іс-әрекет етуі үшін қажет құрал және шарт; алдағы кәсіби қызметі үшін қажет осы әрекеттің мақсаты мен нәтижесі.

Студенттердің оқу және зерттеу процесіндегі саналы оқу әрекетінің шешуші әдістемесі ретінде қарастырылады. Оны игерген студент:

- өз іс-әрекетінің әдіс-тәсілдерін біледі;
- мақсаттарға, шарттарға және пәнге барабар әдісті таңдауды, модификациялауды, құрылымдауды және құрастыруды біледі;
- оны өзінің зерттеу ісіндегі белгілі мақсаттарға пайдалануға даярлығы.

Әдіснамалық білім беру процесін **ұйымдастыруға қойылатын талаптар**:

1. Әдіснамалық білім беру элементтерін меңгеруді оларды практикада қолдануымен біріктіру қажет.
2. Әдіснамалық білім беру процестерін студенттердің ғылымды жұмыс құралы ретінде меңгеруімен, дамуымен және қолдануымен тығыз байланыстыру қажет.
3. Студенттерге оқу процесіндегі жүйелі әдіснамалық білім беру үшін ғылыми қызметтің негізгі түрлеріне және кәсіби іс-әрекетін одан әрі жетілдіруге бағытталған үнемі артып отыратын талаптар жүйесін дайындау қажет.

Әдіснамалық білім беру проблемаларын шешу үшін:

- студенттердің тарихи-диалектикалық әдістерді меңгеруге қызығушылығын ояту;
  - студенттерді әр ғылымға тән жалпы және ерекше әдістерді меңгеруді және өзіндік ғылыми қызметінде оларды сабақтастыра қолдануды үйрету;
  - әдіснамалық білім беруді жалпы тәрбие және білім беру процесінен бөлмей, шығармашыл тұлғаны қалыптастырудың кең процесіне қосып қарастыру **қажет**.
- Студенттердің белсенділігі мен дербес-

тігін, сол сияқты ғылымға белсенді шығармашылық қатынасын қалыптастыруға қажет **басты жағдайлар**:

- студенттердің ғылыми-әдіснамалық білімі;
- оқытушы мен студенттің оқу мен ғылымда сыйластық пен сенімнің жоғары деңгейімен ерекшеленетін бірлескен қызмет стилін қалыптастыру;
- студенттердің өзіндік оқуы мен ғылыми әрекетіне деген оң ынтасын (мотивациясын) қалыптастыру.

**ӘДІСНАМАЛЫҚ РЕФЛЕКСИЯ** – ғалымның өз ғылыми қызметі туралы ойлауы, зерттеудің мақсатын, тәсілін, логикасын, барысы мен нәтижесін зерделеуі, олардың бір-бірімен сәйкестігін, сол сияқты болжам мен қорғалатын жағдайлар арасындағы, тұжырымдалған жаңашылдық пен педагогикалық ғылым мен практиканың әрі қарай дамуы үшін маңызды нәтижелер арасындағы сәйкестіктер дәрежесін түсінуі.

**ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІК** – өз пәндерін оқытуда өзекті және ағымдағы міндеттерді шешу үшін пән мұғалімдерінің бірлескен кәсіби тобы.

**ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ** – ғылыми және оқыту-әдістемелік жұмыстарға жетекшілік ететін, білім беру ұйымының облыстық (қалалық) білім басқармаларының құрылымдық бөлімі.

**ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАТЕЛЕР** – оқыту процесінде мұғалімнің қабылдау, есте сақтау, ойлау заңдылықтарын бұзуынан туындайтын оқытудағы қателер.

Бұл оқумен (білімді игерумен) тығыз байланысты: көп жағдайда оқудағы (білімді игерудегі) қателер – оқытуда жіберілген қателердің нәтижесі.

**ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛ** – әдісті жүзеге асыратын тәсіл.

**ӘЛЕМНІҢ ҒЫЛЫМИ КАРТИНАСЫ** – тарихи негізделген сипаты бар және бастапқы дүниетанымдық көзқарас шегінде қоғамда қалыптасқан әлемнің біртұтас бейнесі.

**ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ АГЕНТТЕРІ** – мәдени нормаларға оқыту мен әлеуметтік рөлдерді менгеруге жауапты адамдар мен мекемелер.

Бөлінеді:

– **алғашқы әлеуметтендіру агенттері (құрамы)**: отбасы, жанұяға келуші достары, құрдастары, мұғалімдері, бала бағушылары, жаттықтырушылары, дәрігерлері, жастар топтарының басшылары;

– **екінші әлеуметтендіру агенттері**: мектеп, университет, кәсіпорындар әкімшілігі; әскер, полиция, діни институттар, мемлекет, БАК.

Алғашқы әлеуметтендіру құрамы өмірдің ерте кезеңінде аса маңызды, ол адамның тікелей айналасында жүзеге асырылады. Екінші әлеуметтендіру жанама немесе формалды ортада жүзеге асырылады, ол өмірдің орта кезеңдерінде маңызды.

**ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ** – 1) ұйымның белгілі бір формасы, адамның қоғамдық өмірдегі іс-әрекеті мен мінезін реттеу, тәртіптеу; қоғамның әлеуметтік құрылым элементі; 2) белгілі бір әлеуметтік қажеттілікті қанағаттандыруға арналған әлеуметтік рөлдер мен мәртебелердің жиынтығы.

**ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕШЕН** – адам құқығын әлеуметтік қорғау мен іске асыру, оның жан-жақты жемісті дамуы мен өзін-өзі іске асыруына арналып бағытталған тәрбиелік-білім беру мекемесінің, әлеуметтік-педагогикалық қауымдастықтың, аймақтық топтар мен бірлестіктердің тармақталған желісі.

Балалардың алуан түрлі мәселелерімен (дарынды, физикалық әлсіз, ақыл-ойы және физикалық ауытқуларымен, мүгедек балалар, камқорлықты, асырап алуды қажет ететін жетімдер) әлеуметтік тәрбие процесінің тұтастығын қамтамасыз етеді, микросоциумде қолайлы әлеуметтік-білім беру ортасын жасауға көмектеседі, құқықтық және экономикалық қорғауды және әлеуметтік алдын алуды іске асырады.

**ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** – баланы (жасөспірімді) әлеуметтік қорғауға және оған өзін, өзінің психологиялық жай-күйін ұйымдастыруға, отбасында, мектепте, қоғамда қалыпты катынас орнатуға көмек көрсетуге арналып бағытталған, оны оқытуды ұйымдастыруға, қалпына келтіру мен бейімдеуге арналған педагогикалық қызмет.

**ӘЛЕУМЕТТІК ТАПСЫРЫС** – ресми (мемлекеттік) саясаттың идеологиялық бағыттылығын есепке ала отырып, қандай да бір интеллектуалдық жұмысты орындау (жиірек шынайы қажеттілікке қарсы).

**ӘЛЕУМЕТТІК-ТАРИХИ КӨЗҚАРАС** – қоғамдық-тарихи даму заңдылығы тұрғысынан қоғамдық құбылыстар мен процестерді зерделеуді талап ететін әдіснамадағы бағыт.

**ӘЛІППЕ** – 1) белгіленген тәртіппен орналастырылған, берілген жазуда қабылданған әріптер жинағы, әліпби; 2) әліппе – сауат ашуға арналған алғашқы құрал; 3) қандай да бір ғылым, практикалық әрекет саласының негізгі, элементарлық бастауы.

**ӘЛІППЕ** – алғашқы сауат ашу үшін оқытуға арналған және балаларды тәрбиелеу, олардың тілін, логикалық ойлауын дамыту мақсаттарына қызмет ететін оқу құралы.

Балаға дәстүрлі түрде елдің, халықтың өмірі, оның мәдениеті туралы мәліметтердің дереккөзі болып табылады.

Алғашқы рет қазақ әліпбиін орыс графикасы негізінде жасауға талаптанған Ы. Алтынсарин болды. Ол қазақ балаларын оқыту үшін бірнеше оқулықтар дайындады: «Қырғыз хрестоматиясы» және «Қырғыздарды орыс тіліне үйретуге бастапқы басшылық» (1879 ж.).

Ресейде алғашқы әліппе-грамматиканы 1574 жылы Львовта тұңғыш баспагер Иван Федоров басып шығарды.

**ӘНГІМЕ** – 1. тұлғаның жеке ерекшеліктерін анықтау мақсатымен (мотивациялық және эмоционалдық аясын, білімін, сенімін, қызығушылығын, артықшылығын,



ұстанымын, ортаға, ұжымға қатынасын, т.б.) ұйымдастырылатын психологиялық-педагогикалық зерттеу әдісі.

Зерттелушінің өзімен, сондай-ақ оның айналасындағы адамдармен өткізілуі мүмкін. Психологиялық эксперимент жағдайында сынақ жүргізудің негізгі әдісі – психофизикалық эксперименттегі қатаң инструкциядан психотерапиядағы еркін қарым-қатынасқа дейін.

Табысты қолдану үшін:

1) әңгімелесу кезінде қойылатын немқұрайды сұрақтардың тізімі емес, оны өткізу нәтижесінде не анықтау керектігін жалпы схемамен көрсетудің ойласқан жоспарының болуы; 2) зерттеушінің оны қызықтыратын мәліметтерді тек тікелей бақылау жолымен емес, жанама түрде де алу іскерлігі; 3) зерттеушінің өзін қызықтыратын фактілерді айқындау іскерлігі; 4) зерттеушінің сыналушымен әңгімеге дейін қалыптасқан, жақын жеке қатынасының болуы. Барысы мен мазмұны хаттамаланады. Негізгі әдіс ретінде қолданылуы сыналушымен қатынас орнату іскерлігімен, оған барынша еркін сөйлеуге мүмкіндік беріп, бір мезгілде әңгімелесу мазмұнынан жеке қатынасты абстракциялауға психологтің сәйкес біліктілігі. Зерттеудің әр түрлі кезеңдерінде мына мақсатта қолданылады:

- алғашқы бағыт беру үшін,
- басқа әдістермен, әсіресе бақылау әдісімен алынған қорытындыларды нақтылау үшін.

Арнайы түрлері: 1) «сынаққа кіріспе» – ынтымақтастыққа тарту; 2) «тәжірибелік әңгімелесу» – барысында жұмыстық болжамдар бақыланады; 3) сұхбат.

2. Мұғалімнің мұқият ойластырған сұрақтар жүйесін қою жолымен оқушыларды жаңа материалды түсінуге әкелетін немесе енді оқып үйренгенді меңгергенін бақылайтын оқытудағы әдіс.

Нақты міндеттерге, оқу материалының мазмұнына, оқушылардың шығармашылық, оқу әрекетінің деңгейіне, дидактикалық

процестегі әңгімелесудің орнына байланысты әңгімелесу келесі түрлерге бөлінеді:

• **катехизикалық (көшірме)**, оқып үйренген материалды қайталау жолымен бекітуге, бақылауға бағытталған;

• **эвристикалық (ізденушілік)**, барысында мұғалім оқушыларда бар білімдер мен практикалық тәжірибеге сүйеніп, оларды жаңа білімдерді түсіну мен меңгеруге, ережелер мен қорытындыларды тұжырымдауға әкеледі;

• **хабарлаушы**, жаңа білімдерді хабарлау үшін қолданылады;

• **сократтық**, әрбір жасалған қорытындыға күдіктену арқылы шындықты іздеу;

• **бекітушілік** жаңа материалды оқып үйренгеннен кейін қолданылады;

• **жеке**, сұрақтар бір оқушыға арналған;

• **жаппай**, сұрақтар жалпы сынып оқушыларына арналады.

**Әңгіменің келесі түрі** – көбінесе жоғары сынып оқушыларымен мәселені талқылаудың барысында *әңгімелесу*. Әдістің артықшылығы: оқушыларды ширатып, жады мен сөйлеуін дамытады; оқушылардың білімін жария етеді, елеулі тәрбиелік мүмкіндіктері бар.

**Әңгімелесушілердің түрлері** – ауызша қарым-қатынас процесінде педагогке тәрбиеленушілермен өзара әрекетте тактика таңдауда ескеруге пайдалы адамның әр түрлі жеке сипаттарының көрінуі.

*Басым ойлы* әңгімелесушімен (қайсар, қатты, жауығушылықтан бөтен емес, шешім қабылдап, жауапкершілікті өзіне ала алатын) әңгімені текке үзіп жібермеуге тырысып, жауығушылыққа арандатпай, сабырлы болу тиімді, бірақ өзіннің көзқарасынды оған батыл, шешімді түрде айту керек; *басым ойы жоқ әңгімелесушіні* (сыпайы, жұмсақ, тез абыржып қалатын) жиі жігерлендіріп, қызығушылықпен тындап, дұрыс қорытындыларын қолдау пайдалы. Қарым-қатынаста *ұтқыр* тәрбиеленушіні (еті тірі, тақырыптан тақырыпқа жеңіл ауысатын) әңгіме тақырыбына оралып, сыпайы ауыз-

дықтап отыру ләзім. *Ригидтіні* (тақырып ауысуына ілесе алмайтын шабанды) асықтырмай, оған ақырына дейін сөйлеуге мүмкіндік берілуі тиіс. *Экстраверт* (төтенше) көпшіл, белсенді, көбінесе әңгімелесушіге бағытталған. Онымен, әдетте, қарым-қатынас жасау жеңіл. *Интраверт* әңгімеге онша құлқы жоқ, егер алдыңғысы аяқталмаса, тақырыптан тақырыпқа киын ауысады. Оны шыдамды, ойлы түрде тыңдау қажет.

# Б

**БАҒА** — 1) адам іс-әрекетінің, мінезінің әлеуметтік құбылыстарға қатынасы, моральдің белгілі нормалары мен принциптеріне (мақұлдау мен кінәлау, келісім мен сынау және т.б.) сәйкестігін, олардың маңыздылығын анықтау.

Адамның әлеуметтік ұстанымымен, дүниеге деген көзқарасымен, мәдени деңгейімен, интеллектуалдық және адамгершілік дамуымен, сондай-ақ тұлғаның мотивтерін, мақсаттарын, әрекет құралдарын, оның жағдайын, мінез жүйесіндегі орнын есепке алумен анықталады;

2) оқушының білім, білік пен дағды дәрежесін, деңгейін, сапасын белгілеу.

**БАҒАЛАУ** — оқушының білім жетістігінің деңгейіне баға берумен аяқталатын кез келген формалданған немесе эксперттік процесс.

**БАҒАЛАУ БАЛЫ (БАҒА)** — білім алушылардың білімін, іскерліктері мен дағдыларын мектептік (ЖОО-да) бағалаудың шартты сандық көрінісі.

Сандық немесе сөздік формада болуы мүмкін. Отандық білім беру жүйесінде келесі критерийлер бойынша бесбалдық жүйе қабылданған:

**5 (өте жақсы)** — толық, жан-жақты жауап немесе сипатталатын құбылыс пен оның практикалық мағынасын толық және терең түсінетінін көрсетіп, сауатты әдеби тілмен баяндалған білімдері болғанда;

**4 (жақсы)** — осындай жауапта, бірақ кейбір дәл емес немесе жеңіл қателер болғанда;

**3 (қанағаттанарлық)** — оқу материалы негізінен меңгерілген, бірақ елеулі қателіктер жіберілген, әйтсе де білім алушылардың білім деңгейі одан арғыны меңгеруге қабілетті жағдайда;

**2 (нашар)** — тексерілетін білімнің елеулі бөлігін меңгермегенде;

**1 (өте нашар)** — берілген оқу материалын толығымен білмегенде.

Сандық балл мұғалім пікірімен бекітіліп, нәтижесінде білім сипаттамасының толықтығы мен дәлдігіне қол жеткізіледі.

Қазіргі уақытта бағалар жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілуде, себебі бесбалдық жүйе шын мәнінде төртбалдыққа айналды.

**БАҒДАРЛАМА** — 1) қызметтің мазмұны мен жоспары; 2) саяси партияның, ұйымның, жеке қайраткердің қызметінің негізгі қағидалары мен мақсаттарын баяндау; 3) оқу пәнінің мазмұнын қысқаша баяндау.

**ҒЫЛЫМИ - ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ** — зерттеудің жалпы мақсаттары, бағыттары мен күтілетін нәтижелері анықталатын мәтіндік құжат (қ. *Эксперимент*).

**БАҒДАРЛЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР** — бағдарлы оқытудың әрбір нақты бағытын анықтайтын деңгейі жоғары пәндер.

**БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ** — 1) оқушылардың қызығушылықтарын, бейімділігі мен қабілеттерін толық есепке алып, олардың оқуды жалғастыруға қатысты кәсіби мүдделері мен мақсаттарына сәйкес жоғары сыныптарда білім беру құрылымын, мазмұнын және ұйымдастыруын өзгерту арқылы оқытудың саралау және даралау құралы; 2) оқытуды даралауға және әлеуметтеуге арналып

бағытталған, соның ішінде еңбек нарқының қазіргі тұтынушылығын есепке ала отырып, жоғары сыныптардағы арнайы мамандандырылған дайындық жүйесі.

**БАЗАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ** — педагогикалық оқу орнына, білім беру ғылыми-зерттеу институтына немесе студенттердің педагогикалық практикасын өткізуге арналған, біліктілікті арттыру немесе тәрбие мен оқыту мәселелері бойынша ғылыми-зерттеушілік, тәжірибелік жұмыстарын ұйымдастыратын білім беру ұйымдарының барлық деңгейлері.

**БАЗАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ (БАЗАЛЫҚ БІЛІМ)** — балалық-жасөспірімдік білім беруде жеткен кәсіби және әлеуметтік біліктілік деңгейі, оны ересектерге білім беру жүйесіндегі білімді көтеру үшін бастапқы базасы ретінде қабылдайды.

Термин үш мағынада қолданылады: 1) кемел жаста білім алуды жалғастыруда бастапқы саты ретінде қарастырылатын, ақылы еңбек аясына кіруге дейін алынған білім; 2) қоғамда толыққанды өмір сүру үшін ең қажет білім мен іскерліктерді меңгеруге бағытталған білім; 3) тұлғаның жан-жақты дамуы мен құндылық-этикалық бағыттылығын, оның әрі қарай білім алуының жалпы мәдени негізін, азаматтық және кәсіптік қалыптасуын қарастыратын жалпы білімдік дайындығының қоғамдық қажетті деңгейі.

**БАЗАЛЫҚ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ КУРСТАРЫ** — оқытудың барлық бағытында оқушылардың оқып үйренуіне арналған міндетті курстар.

**БАЗАЛЫҚ ЖАЛПЫМӘДЕНИ САУАТТЫЛЫҚ** — адам, табиғат пен қоғам туралы іргелі ғылымдар негіздерін, сондай-ақ көркем мәдениет негіздері мен оның тілінің элементтерін меңгеру.

**БАЗАЛЫҚ (ҚАМҚОРЛЫҚ) КӘСІПОРЫН** — КСРО-дағы жалпы білім беру мен кәсіптік оқу орындарына оқушылардың еңбек дайындығын практикалық жолмен ұйымдастыратын және оған сәйкес жағдай жасайтын ұйым.

Өздерінің құрылымдық бөлімдері сияқты өздерінің территорияларында шеберханаларын, оқу цехтарын, учаскелерін қалыптастырды, оқу орындарында, оқу-өндірістік комбинаттарында, осындай құрылымдарға шаруашылық-техникалық қызмет көрсетіп, ғимараттарды жөндеу, далалық костар, еңбек және демалыс лагерьлерін салуды, т.б. жүзеге асырады.

**БАЗАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР** (ұғымды Г.Б.Корнетов енгізді) — әрбір ұрпақта теориялық (ойлау) және практикалық тәрбиелік-білімдік қызметті, мазмұндық толықтырылуы өркениеттің нақты-тарихи жағдайымен байланысты анықталған, берілген әлеуметтік-мәдени детерминанттармен қамтамасыз ететін ең жалпы стеретиптердің жүйесі.

**БАЗАЛЫҚ ТҮСІНІК** — қандай да бір ұйым мүшелері үшін санадан тыс өзінен-өзі болатын, бақыланбайтын және талқыландырылмайтын сенімдер, ойлар, сезімдер, мінез-құлық түрлері, т.б. (қ. *Корпоративтік мәдениет*).

**БАЙЛАНЫС ОРНАТУДАҒЫ ҚАТЕЛЕР** — қандай да бір байланыс көзделмеген (жалқаулығына немесе ақымақтықпен нашар үлгеру арасындағы байланыс және т.б.) белгілер арасында байланыс орнату.

**БАКАЛАВР** — 1) жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын (*бакалавриат*) меңгерген және қорытынды аттестаттаудан өткен жеке адамға берілетін академиялық дәреже.

Бакалавр дәрежесі оған біліктілік талаптары бойынша жоғары кәсіптік білім қарастырылған лауазымға жұмысқа орналасуға құқық береді;

2) Францияда және басқа бірнеше елдерде — орта мектеп курстарына емтихан тапсырған адам.

**БАКАЛАВРИАТ** — төрт жылдық білім бағдарламаларын меңгерген және қорытынды аттестаттаудан өткен соң бакалавр дәрежесі берілетін жоғары кәсіптік білім беру жүйесі.

**БАҚЫЛАУ** – қадағалау, тексеру және көзделген мақсаттан ауытқуды, оның себептерін анықтау мақсатындағы байқау.

Білім беруде – қабылданған шешімдердің істің қазіргі жағдайына сәйкестік деңгейін белгілейтін басқару қызметі; белгілі бір басқару шешімін қабылдау үшін оқу-тәрбие ісінің барысы мен нәтижелері жөнінде ақпаратты алу және өңдеу процесі; оған байқау, зерттеу, талдау және орындаушылардың іс-әрекетінің тиімділігін бағалау жатады.

**БАҚЫЛАУ (БАЙҚАУ)** – зерттеушінің процестерді немесе құбылыстарды немесе олардың жекелеген құрамдас бөліктерін тура және тікелей тіркеу жолымен жүргізлетін мақсатты және жоспарлы ақпарат жинау процесі; мәнісі педагогикалық құбылыстар мен процестерді алдын ала, мақсатты, жоспарлы, жүйелі қабылдау, олардың көріністерінің тегі мен түрін, ол құбылыстар мен процестер туралы, сондай-ақ педагогикалық процесс субъектілері, олардың ой-толғамдары, іс-әрекеттері мен қылықтары туралы нақты көріністер мен арнайы ақпаратты тіркеуден тұратын зерттеу әдісі. Ғылыми бақылау кәдімгі бақылаудан елеулі түрде ерекшеленеді. Басты ерекшеліктері мыналар:

- 1) міндеттер айқындалады, нысандар белгіленіп алынады, бақылау жоспары мен әдістемесі әзірленеді;
- 2) нәтижелер міндетті түрде тіркеледі;
- 3) алынған деректер өңделеді.

#### **Түрлері:**

- **анекдоттық** – маңызды оқиғаларды тіркеу, онда да мәселе көтеру мағынасында ғана;
- **құрылымсыз** – құрылымдылық бақылаумен салыстырғанда, зерттеуші тек жалпы принциптік жоспарды пайдаланатын байқау;
- **ендірілген (ішкі)** – оқу-тәрбие процесіне белсенді түрде қатысатын адам жүргізетін бақылау (*бірігіп қатысу әдісі* – ендірілген бақылаудың түрленімі, бұл орайда зерттеу-

ші бақылау жүргізілетін ұжымның мүшесі бола отырып, бақылаушы-қатысушы рөлінде өзінің нақты міндетін жасырмай әрекет етеді);

- **іріктелген** – жеке нысандарды бақылау;
- **дискретті (үзік)** – басы мен соңының шекарасы жойылған, басты мәселе уақыт бюджетін жұмсау процесін бақылау (хронометраж);
- **маңызды оқиғалар** – тәртіпті белгілеу үшін қолданылған дискреттік бақылау түрлері, жеке сыналушы мен топтардың олар үшін маңызды жағдайларға реакциясы;
- **жанана (жанана түрдегі)** – өзге тұлғалардың көмегімен жүзеге асырылатын бақылау. Зерттеуші қолайлы жағдайда педагогикалық процесті қадағалау үшін әріптестер, студенттер, ата-аналар, өзге жағдайда оқушылар қатыстырылған топтар құра алады. Істің жетістігі топ қатысушыларын даярлауға, оларға нұсқаулық берілуіне байланысты. Олардың әрқайсысы тынғылықты ұсынымдар алып, зерттеушінің жалпы және жеке тапсырмаларын, оның ой жүйесін, сондай-ақ қабылданған фактілерді белгілеу тәсілін білуі қажет;
- **қысқа мерзімді** – қысқа уақытты бақылау;
- **зертханалық** – эксперимент жолымен жүзеге асырылатын бақылау;
- **монографиялық** – өзара байланысқан құбылыстардың көп мөлшерін қамтитын бақылау;
- **аңғырт (аңғал)** – үстірт әсерге, кездейсоқ және қысқа уақытты құбылыстарды қайта бағалауға негізделген бақылау;
- **ғылыми** – өзіне теориялық база мен белгіленген әдістемелік ережелерді енгізетін бақылау;
- **үздіксіз** – нақты педагогикалық процесті басынан аяғына дейін үздіксіз жүйелеп тексеру, мұндай жағдайда тоқтамаған нақты педагогикалық процесс ұзақтығы оны жүйелеп тексеру уақыты ұзақтығына сәйкес келеді;
- **стандартталмаған** – бейімдеу үшін қадағаланатын құбылыстарды тіркеу, бақылау

жағдайына ену мен жаңылысу және жалған жайттардың хаттамаға мұқият енгізілу әрекетін болдырмау тәсілі;

• **ашық** — педагогикалық процеске, бөгде бақылаушылардың қатысу фактісін саналы сезінуі жағдайында болдырмайтын бақылау; педагогикалық жағдай бөгде адамдар қатысқан кезде өзгереді, бақылаушы болмаған кезеңде күнделікті жағдайға карағанда біршама өзгешеленеді;

• **ізденіс** — тар шеңбердегі өзгеше бақылау түрі, диагностикалық зерделеу барысындағы зерттеу тақырыбын түзету фактілерін анықтау үшін алдын ала педагогикалық барлау мақсатында жүргізіледі;

• **далалық** — бақыланушының табиғи жағдайында жүргізілетін бақылау;

• **тура (тікелей)** — зерттеушінің өзі жүзеге асыратын бақылау; зерттеуші өзінің табиғи байланысына «енген» жағдайындағы процестің толық оралымы ретінде қабылданатын бақылау. Тікелей бақылау бастапқы дереккөзден ақпарат береді, сондықтан ол мәліметтер ұғыну үшін анағұрлым шынайы;

• **өткенді шолушы (уақыты өткен)** — оқиға болғаннан кейін деректерді тіркеу (ОТК көмегімен құжаттар мен хаттардың мазмұнын еске түсіру бойынша ашу);

• **өздік бақылау (интроспекция)** — байқаушы субъектінің өзінің психологиялық жағдайы, іс-қимылы, әрекеті нысан болып табылатын бақылау;

• **жүйелі** — ұзақ уақыт мерзімінде бір тұлғаларды бақылау;

• **жасырын** — өзінің бақылауға алынғанына мән бермеген, педагогикалық процеске қатысушылардың қызметін бақылау; бақылауға алынғанын елемейтін нысандардың қызметін бақылау ара-тұра қосымша мәлімет береді. Жағдайдың нақты суреттемесі бақылаушыға педагог пен оқушы жұмысының шынайы жүйесін ашып береді;

• **біртұтас** — барлық нысандарды қатар бақылау;

• **стандартталған** — бақылауға алынған нысанның іс-қимыл сызбасын бүге-шігесіне дейін әзірлеу;

• **статистикалық** — алдын ала әзірленген бағдарлама бойынша көпшіліктің қоғамдық әрекеттері туралы ақпараттарды жүйелі жинау;

• **сырткөздік (сыртқы)** — педагогикалық процеске тікелей қатыспаған тұлғалар жүзеге асыратын бақылау;

• **құрылымдық** — жаппай жиналған мәліметтерді статистикалық (мөлшерлі) қайта өңдеуге болатын бақылау;

• **ағымдағы** — оқиға барысы бойынша деректерді тіркеу;

• **тар көлемде** — нақты педагогикалық деректерді онашалап қарастыру.

Бақылау принциптері:

• **тұрақтылық** — кездейсоқ және қысқа мерзімді құбылыстардың терең бақылауы мен маңыздылығының шектелуін талап ететін ереже;

• **тексеру** — бақылау барысында тұлғалардың белгіленген топтарына және өзге де топтарда бақылау негізінде жасалатын қорытындылардың тексерілуін талап ететін ереже;

• **мақсатқа бағыттылық** — бақылаудың тек белгіленген мақсатқа қызмет етуін талап ететін ереже.

**БАҚЫЛАУ ПАРАҒЫ** — күткен нәтижелерді қандай да бір қасиеттер мен сапалардың байқалу жиілігін жазбаша тіркеу және т.б.

**БАЛАЛАР АУЫЛЫ (SOS-киндердорфы)** — ата-аналарының қамқорынсыз қалған жетім балаларды отбасы жағдайына жақын жағдайда тәрбиелеу жүйесі. Алғашқы ауылдарды 1949 жылы австриялық педагог Герман Гмайнер ұйымдастырды, дүние жүзіндегі 120 елде жұмыс жасайды.

**БАЛАЛАР (ЖАСТАР) ҚОЗҒАЛЫСЫ** — қоғамда балалар мен жасөспірімдердің (жастардың) статусын өзгертуге бағытталған, оларды қоғамдық өмірге және шама-сына қарай қызметке кірістіру, әлеуметтік

шығармашылығын және азаматтық сана-сезімін дамыту, көмелетке толмаған балалардың құқықтары мен мүддесін қорғауға арналған әр түрлі балалар (жастар) бірлестігінің біріккен қызметі.

**БАЛАЛАР (ЖАСТАР) ҰЙЫМЫ** – ерекше қоғамдық бірлестік түрі, келесі белгілермен ерекшеленеді: құнды ойдың (мақсаттың) болуы, оны жүзеге асыруға балалар мен ересектердің бірлесіп бағытталған қызметі; ұйымға өз еркімен кіру және одан ерікті шығуы; бекітілген мүшелік; ұйымдық дербестік, өзін-өзі басқару, біріккен әлеуметтік шығармашылық; ұйымның әрбір мүшесінің орнын анықтайтын айқын көрсетілген құрылым; бәріне бірдей бекітілген нормалар, ережелер, сонымен қатар бірге қызмет етудегі кепілдік құқықтар (қызмет атқарудағы түрлерін таңдау құқығы мен тәсілдері); оның құрамында көмелетке толмаған азаматтардың басым болуы; жарлық, бағдарлама, ережелердің болуы.

**БАЛАЛАР ҮЙІ** – жетім балаларға, ата-анасы қайтыс болған, ауырған, ата-ана құқықтарынан айрылған және басқа себептермен ата-ананың қамқорынсыз қалған балаларға арналған мемлекеттік немесе жеке тәрбие мекемелері.

**БАЛАЛАРДЫҢ (ЖАСТАР) ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРІ** – қоғамдық құрылым, өз алдына немесе балалардың әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін көмелетке толмаған азаматтар өз еркімен ересектермен бірге қызмет етуге бірігеді. Осындай бірлестіктер деп, балалар, жасөспірімдер және жастар топтары, командалары, клубтары, одақтары, қоғамдары, балғын азаматтардың басқа бірлестіктері, сондай-ақ осы бірлестіктердің ассоциациялары танылады.

**БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЙІ** – әр түрлі қызмет саласындағы: конструкторлық, бейнелеу, хореографиялық, ән салу және т.с.с. балалардың шығармашылық қабілеттіліктерін дамытуға арнал-

ған мектепалды және мектеп жасындағы балалар үшін қосымша білім ұйымы.

**БАЛАЛЫҚ ШАҚ** – адамның даму кезеңі, естиярлықтың алды; организмнің қарқынды өсуімен және жоғары психикалық функциялардың қалыптасуымен сипатталады.

Халықаралық нормаларға сәйкес, БҰҰ балалар құқығы туралы Конвенцияда бекітілген, балалық шақ туғаннан шамамен кіші жастық кезеңді (18-ге дейін) қамтиды. Педагогикада қабылданған, жасына қарай кезеңдерге бөлуде 11 жасқа дейінгі кезең балалық шақ деп есептеледі, оған: нәрестелік шақ – 1 жасқа дейін; ерте балалық шақ – 3 жасқа дейін; мектепалды жастағы – 7 жасқа дейін; кіші мектеп жастағы – 10–11 жасқа дейінгі балалар жатады.

**БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫ** – тұлғалық және интеллектуалдық дайындық, сондай-ақ көру-қозғалғыштықтың үйлесімді дамуының жеткілікті деңгейі құрамына кіретін кешенді ұғым:

- **тұлғалық** – оқу әрекетіне ынтаның (мектепке тек қана бару тілегі емес, оқу, оқумен байланысты белгілі бір міндеттерді орындауға ықыласы болуы керек), сыртқы дүниеге танымдық қатынасы, коммуникативтік құралдары мен дағдыларының қалыптасуы, қарым-қатынасқа ынтасы болуы қажет; ес, санасының қызбалық және қайраттылық дамуының жеткілікті деңгейі;
- **интеллектуалдық** – кемелденген танымдық процестердің (қабылдау, ес, ойлау, қиялдау, сөйлеу) бастапқы жүйелі оқытудың жеткілікті деңгейіне қол жеткізу, баланың балабақшаның стандартты бағдарламасының көлемінде білім, икемділіктер мен дағдыларға ие болуы.

Диагностикалау үшін тұлғаның танымдық және коммуникативтік өрісінің, жеке ерекшеліктері мен қасиеттерінің дамуын зерттеуге бағытталған, мысалы, «Мотивациялық дайындық» тесті (Л.А.Венгер), Бендер тесті, т.б. әр түрлі әдістемелер кешені қолданылады.

**БАЛДЫҚ БАҒАЛАУ МАЗМҰНЫ** – оқытудың бесбалдық дәрежесінің біріне бағалаудың шартты сәйкестігі.

**БАРЬЕР** – бірдене арналған кедергі, тосқауыл.

**Түрлері:**

• **инновациялық** (к. *Инновациялық педагогика*);

• **ақпараттық** – ақпараттардың таралу жолындағы барлық әр түрлі кедергілердің жиынтығы (тілдік тосқауыл, қажетті құжаттарды алудағы қиындықтар, т.б.);

• **коммуникативтік** – тікелей қарым-қатынас жағдайында шығатын қиыншылық;

• **шығармашылық жолында** – шығармашылық процесінде туындайтын кедергілер мен қиыншылықтар. Олар тарихи, гносеологиялық, психологиялық және әлеуметтік сипатта болады:

– **тарихи** – ғылыми-техникалық білімдердің тарихи бірізділігі және сабақтастығы ескерілген. Ал радио мен теледидардың ойлап табылуы электромагниттік толқындарды ашқаннан кейін мүмкін болды;

– **гносеологиялық** – әр қоғамда оның дамуының әр түрлі кезеңдеріне белгілі бір теориялардың, жаратылыстануға көзқарастардың таным әдістерінің, т.б. үстемдігінен шыққан кедергілер. Олар (парадигмалар) өнертапқыштардың іс-әрекетін тежеп, белгілі бір «шенберде» ұстайды. Мысалы, кезінде көп ғалымдар арасында қалыптасқан пойыз тек оның донғалағы мен рельстері болғанда ғана жүреді деген пікір темір жол көлігі дамуын 8–10 жылға тежеді;

– **психологиялық** – тұлғаның қандай да бір әрекеттерді орындауға кедергі келтіретін, оған барабар емес немқұрайдылығында көрінетін психологиялық жағдайлар. Пайда болудың себептері: жағдайдың жанылығы мен қауіптілігі, күтпеген немесе жағымсыз ақпарат, ойлаудың икемділігі мен жылдамдығының болмауы, әлсіз жігер, жалқаулық, өзіне сенбеушілік, жұмыста талаптың болмауы;

• **қарым-қатынас жасау** – өзара түсінушілік пен әлеуметтік өзара әрекеттестікке кедергі келтіретін жанжалдар немесе оларға себеп болатын әлеуметтік-психологиялық сипаттағы тұлғалық факторлар; психологиялық тренинг пен тұлғааралық қарым-қатынасқа оқытудың басқа формалары арқылы жойылады;

• **мағыналық** – бір құбылыс әр түрлі тұлғалық мағына берумен байланысты туатын, адамдар арасындағы өзара түсініспеушілік. Бала (жасөспірім) үлкендердің талаптарын түсіне тұра, егер осы талаптар оның көзқарасын, құндылықтарын, оның тұлғалық мағыналар жүйесін елемесе, оларды қабылдамайды, үлкендер мен балалар арасындағы қарым-қатынаста өте анық байқалады. Осындай жағдайларда қандай да бір педагогикалық шаралар оған әсер етпейді. Келесі себептерден пайда болады: тәрбиеленуші мен тәрбиелеушінің құндылықтарының ұқсаспауынан; оқушылардың педагогтің талап қою формасы мен екпінін қабылдамауынан; мұғалім тұлғасы ұнамауынан;

• **әлеуметтік-психологиялық** – ұжым мүшелерінің психологиялық сыйыспаушылығы, ондағы шығармашылық емес ахуал. Қабылдаудың, ойлаудың, сезімге бой алдырушылықтың бірдей еместігі, кейбір мінез қасиеттерінің сәйкес келмеуі қызметкерлер арасындағы жанжалға, олардың арасындағы түсініспеушілікке немесе тіпті бірге әрекет етуге болмайтын жағдайға алып келуі мүмкін;

**тілдік** – өзге тілді меңгеру кемшілігіне байланысты туған объективтік күрделілік.

**БАС ЖИЫНТЫҚ** – зерттеушіні қызықтыратын біртекті құбылыстар, оқиғалар немесе олардың көрсеткіштерінің жиыны; берілген нақты шарттар кешенінде өткізілуін ойлау мүмкін болатын барлық бақылаулардың жиынтығы.

Бас жиынтықтың абстрактілі ұғымын статистикалық зерттелуге тиісті нақтылы жиынтықтармен шатастыруға болмайды.



**БАСҚАРУ ПРИНЦИПТЕРІ** — басшы әрекетінің педагогикалық және мектеп ұжымдарымен өзара қарым-қатынасының ережесі.

**БАСҚАРУ ФУНКЦИЯЛАРЫ** — 1) басқару қызметінің белгілі бір мазмұнын көрсететін әрекеттердің аяқталған циклі; 2) басқару субъектісімен және ақпаратпен басқару циклі сатыларына сәйкес әрекеттердің ерекше түрлері.

**БАСТАМА** — іс-әрекеттің жана түрлеріне ішкі ұмтылыс, қандай болмасын әрекетте басқарушы рөл атқару.

Адамның немесе топтың қоғамдық белсенділігі мен әлеуметтік шығармашылығының ерекшелігін көрсетеді және әрекет еріктілігімен (қоғам игілігіне, жеке бастың мүддесіне), еңбекке және қалыптасқан тәртіпке шығармашылықпен қараумен (әдет-ғұрып, мінез, дәстүр) ерекшеленеді.

**Түрлері** ( педагогикадағы ):

- **әдістемелік** — бір оқу пәні шеңберінде әдістер мазмұны мен оқытуды ұйымдастыруын өзгерту арқылы ұстаз оқушылардың білімін, машығы мен дағдысын белгіленген деңгейге көтеруі;

- **әлеуметтік-педагогикалық (қоғамдық-білім беру)** — білімнің қоғамдық қызметінің өзгеруіне байланысты аймақтың, шағын ауданның бірнеше әлеуметтік-педагогикалық құрылымын қамтитын жана мақсат, жана мазмұн, ұйымдық құрылым және басқару жүйесі мен педагогикалық технологияларды қамтитын білім берудің жана тәжірибесін жасақтауға бағытталған бастама;

- **технологиялық (жалпыпедагогикалық)** — жақсы нәтижелер алуға мүмкіндік беретін білім беру мен тәрбиенің жана технологияларын құруға бағытталған қызмет (мектеп деңгейінде, ауданда және т.б.).

**БАСШЫЛЫҚ СТИЛІ** — көшбасшы (басшы, педагог) үшін әдеттегі кол астындағыларға (бағыныстылар, тәрбиеленушілер) ықпал етудің жүйесі.

**Стиль түрлері:**

- **өктемшілдік** — нұсқаушылық;

- **либеральдық** — бетімен жіберушілік;

- **демократиялық** — алқалық.

**БАСШЫНЫҢ КӘСІБИ ҚАЖЕТТІ ТҮЛҒАЛЫҚ САПАСЫ** — еңбек ұжымын басқару бойынша оның жұмыс жетістігін қамтамасыз ету барысында көрінетін адамның даралық-тұлғалық және әлеуметтік-психологиялық ерекшелігі.

Әр түрлі деңгейдегі басшылар үшін, оның қызметтегі жетістігін қамтамасыз ететін жалпы сапалар қатарына жоғары кәсіби біліктілігімен қатар саяси жетілгендігі, жағдайды саралап көре білуі, мемлекеттік мүддені көре білуі, ұйымдастыру білігі мен дағдысы, жеке ұқыптылығы, өзара сын мен жоғары өзіндік бақылау және шыдамдылықпен үйлесетін өзіне деген сенімділігі, басқаларға және өзіне жоғары талап қою барысында адамдарға белсенді-он қатынасы да жатады. Сапа құрылымында оның ұжымды біртұтас ретінде және оның жайкүйі мен топтық процестерге әсерін көре білуі маңызды рөлге ие болады.

**БАСЫЛЫМ** — 1) баспадан шығарылған туынды; 2) жариялау, халыққа тарату.

**Басылым аппараты** — негізгі мәтінді толықтырып, оны түсіндіруді, пайдалануды жеңілдететін анықтамалық, ғылыми немесе түсініктемелік сипатындағы мәлімет.


**Шығу деректері** — титул парағының екінші бетіндегі немесе соңғы беттегі басылым туралы ақпарат жиынтығы (авторлары, көлемі, таралымы, шығу туралы негізгі даталар, форматы, баспа аннотациясы және т.б.).

**Типтері мен түрлері:**

1. **Ғылыми** — теориялық, эксперименттік зерттеулердің сипатын немесе нәтижесін, сонымен бірге ғылыми өңделіп баспаға даярлаған тарихи құжаттарды баяндау.

**Бөлінеді:**

- **академиялық** — 1) классикалық туындының ғылыми салыстыра тексерілген мәтіні және оның әр түрлері, үлкен анықтамалық аппараты және түсініктемелер берілген ең толық ғылыми басылым, мысалы, педагогика және психология классиктерінің таң-



даулы туындылары немесе **педагогикалық антология** — әр түрлі авторлардың таңдаулы педагогикалық шығармаларының жинағы (немесе олардың үзінділері); 2) Ұлттық Ғылым академиясы немесе салалық академиялар жариялаған басылым;

— **ғылыми-көпшілік (ғылыми-танымдық әдебиет)** — ғылым, мәдениет, қолданбалы қызмет салаларындағы теориялық және/немесе эксперименттік зерттеулер туралы, маман емес оқырманға түсінікті түрде баяндалған басылым;

Жасөспірім ұрпақ үшін ғылыми-көпшілік әдебиет — әлемнің әртүрділігін танудағы дереккөзі, өз бетімен алғашқы ғылыми жаналық ашу қуанышына бөленуі және көсіпшілік өмірде өз орнын табу мүмкіншілігі.

Ғылыми-көпшілік әдебиет алғашқы кезде оқырман біліміндегі кемістікті толықтырды, бірақ білім цензінің жоғарылауы және ғылыми-техникалық прогрестің ілгерілеу шапшаңдығына байланысты дүниенің қазіргі ғылыми бейнесі туралы маңызды дереккөзге айналды.

Қазіргі маман әр 3–4 жыл сайын өз білімін толықтыруға міндетті. Ол пәнді тереңдетіп оқып білуіне кіріспес бұрын, тандалған мәселе туралы жалпы түсінік алу және жаңа материалды меңгеруін жеңілдету мақсатында ғылыми-көпшілік әдебиетке назар аударады.

#### Ғылыми басылым түрлері:

• **диссертация авторефераты** — қ. *Диссертация авторефераты*;

• **диссертация** — қ. *Диссертациялық жұмыс, диссертация*;

• **монобасылым** — тек қана бір аяқталған туындыны қамтитын мерзімді емес басылым;

• **монография** — толық, жүйелі баяндалған ғылымның негізгі мәліметтері, бір мәселені зерттеу немесе автордың ғылыми жұмысының тақырыбы баяндалған кітап немесе кітапша түріндегі ғылыми басылым; ғылым немесе оның белгіленген салаларының

даму болашағы туралы өзекті және іргелі ғылым мәселесін қорытындылау, жаңа болжамдар ұсыну мен оларды шешу тәсілдерін талдау, толық және жүйелі зерттеу нәтижелеріне, соның ішінде автордың да зерттеулеріне сүйенген ғылыми еңбек;

— **ұжымдық монография** — пікірлес-авторлар ұжымымен жазылған жалпы концептуалды бағыттағы басылым (кітап, құрал);

• **компендиум** — қандай бір ғылымның, зерттеулердің және т.с.с. негізгі ойларын қысқаша, жинақтап беру;

• **ғылыми баяндама** — 1) ғылыми конференция, симпозиумда зерттеу нәтижелері туралы ғылыми хабарлау (сөз сөйлеу); 2) диссертациялық зерттеу материалдарын көпшілік алдына қорғауға ұсыну түрлерінің бірі (ғылыми еңбектердің жиынтығы бойынша);

• **ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп** — жоспарлы ғылыми тақырып нәтижелері ресімделетін ресми құжат (тақырып аты, орындаушылардың тізімі, реферат, кіріспе, негізгі бөлім, нәтиже, әдебиет тізімі, қосымша); қ. *Қосымша*;

• **тезистер** — қ. *Тезистер*;

• **симпозиум, конференция материалдары** — ғылыми конференция қорытындылары кіретін мерзімді емес ғылыми жинақ (бағдарлама, баяндамалар, ұсыныстар, шешімдер);

• **ғылыми еңбектер жинағы** — ғалымдардың, зерттеушілердің, мамандардың және т.б. еңбектері (мақалалар) жинақталған ғылыми-педагогикалық басылым түрі.

Түрлері:

— **ғылыми** — жалпы тақырыпқа біріктірілген мақалалар топтамаларынан құрылған, мерзімді басып шығарылатын ғылыми ақпарат дереккөзі;

— **рефераттық** — педагогикалық ғылым және білім дамуының негізгі бағыттарын көрсететін жарияланбаған құжаттар мен ведомстволық таратудағы материалдардың негізгі мазмұнымен таныстыратын басылым.

**2. Анықтамалық** — ғылым, техника және өндірістің белгілі салаларында ұғым-категориялық аппаратты меңгеруге және логикалық ойлауды қалыптастыруға бағытталған басылым.

Ретімен орналасқан, жылдам табуға ыңғайлы, жаппай оқуға арналмаған ғылыми немесе қолданбалы сипаттағы қысқаша мәліметтері бар анықтамалық басылым: сөздік (тілдік, түсіндірме, энциклопедиялық, өмірбаяндық, библиографиялық, терминологиялық), анықтама, анықтамалық құрал, энциклопедия, жолсілтемесі:

- **көрсеткіш** — кітаптағы анықтамалық тізім: — авторлық (атаулы) — алфавит ретімен орналасқан, библиографиялық құралда көрсетілген авторлар мен құжаттарды құрастырушылардың қосалқы көрсеткіші; — алфавитті-пәндік — қандай болмасын бір ғылым саласы немесе практикалық қызметтің пәнін белгілейтін, алфавит бойынша реттелген көптеген сөздер, сөз тіркестері мен табиғи тіл сөз орамының сілтемесі;
- **энциклопедия, энциклопедиялық сөздік** — оқу, өздігінен білім алу және тәрбиелеуге арналған басылым түрі. Оқырмандарды қоршаған дүние, ғылым және техника негіздерімен, тарих және мәдениетпен таныстырады.

Негізгі талаптары: материалдың түсініктілігі, баяндаудың қарапайым және анықтығы, көрнектілігі, әдемі сыртқы безендірілуі.

Энциклопедиялар алфавитті, жүйелі, әмбебап, салалық және тақырыптық болып бөлінеді.

**3. Оқу (оқу-әдістемелік)** — қ. *Оқу басылымы*:

- **әдістемелік өңдеу** — мұғалімге көмекші құрал ретінде нақты материалдар қамтылған әдістемелік басылым;

- **әдістемелік ұсыныстар** — әдістемелік басылым, теориялық негізделген және практикада сыналған ғылыми жетістіктерді педагогикалық тәжірибеге енгізу тәсілдері туралы ғылыми хабарлау формасы;

- **әдістемелік басылым** — ғылыми-практикалық қызмет қорытындысы баяндалған, оқу-әдістемелік (қолданбалыны) сипаттағы ақпарат көзі.

**4. Қосалқы** — оқулықтар мен оқу құралдарды толықтыратын басылым:

- **есептер жинағы** — мұғалімге, өздік және бақылау жұмыстарын сұраптауда (таңдау, іріктеу) оқушылардың жеке-дара мүмкіншіліктерін ескере отырып ретке келтірілген есептер жиынтығын қамтитын білім беру ақпараттық-анықтамалық түрі. Жүргізілген сұрыптаулар оқушыларға арналған тапсырмалар ретінде дәстүрлі «қағаз» және электронды түрде ұсынылады;

- **есептер мен жаттығулар жинағы** — өткен оқу материалын әрекеттік деңгейде меңгеру мүмкіншілігін туғызатын практикалық есептер мен жаттығулары бар басылым;

- **сұрақтар тізімі** — оқушылардың, белгілі бір оқу пәнінен білім деңгейін, біліктілігі мен дағдыларын анықтауға арналған сұрақтар қарастырылған қосымша дидактикалық құрал;

- **жазу дәптері** — жалпы білім беретін мектептерде әріп, әріптер тіркесі, сөйлем жазуға үйрететін үлгілер енгізілген оқу құралы;

- **жұмыс дәптері** — оқушының өз бетімен істеген жұмысы арқылы оқу пәнін игеруге жағдай жасайтын ерекше дидактикалық аппарат, оқу құралы;

- **практикум** — мазмұны оқу курсының негізгі аспектілерін қамтитын теориялық және практикалық (тәжірибе) сұрақтарды қайталап бекіту үшін осы салада қолданылатын білім мен ептілікті бекіту практикалық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқу басылымы. Оған тек қана сұрақтар мен тапсырмалар, оларды орындауға арналған қосымша әдістемелік нұсқаулар немесе күрделі сұрақтарды түсіндіретін материалдар кіреді. Ол сонымен қатар пәнді өз бетімен оқып білу және өз бетімен материалды меңгеруін бақылауға арналған;

• **оқу кітабы** — оқу дағдысын қалыптастыру, оқушылардың тілін дамыту, адамгершілік пен эстетикалық тәрбиелеу, дүниеге көзқарасын қалыптастыру, кәсіби бейімделуі көзделіп, арнайы таңдалған көркем әдебиет туындыларымен таныстыруға арналған кітап. Негізінде, тілдер мен әдебиетті оқып үйренушілер үшін көмекші құрал ретінде шығарылады.

• **аналекттар** — бір немесе бірнеше автор туындылары үзінділерінің жинағы.

• **хрестоматия** — құрамында құжаттар, әдеби туындылар және олардан үзінділер, сонымен бірге оқу пәніндегі сұрақтармен байланысын түсіндіретін мәтіні, әдістемелік нұсқаулары бар оқулық мазмұнын көрнектейтін мәтіндер жинағы;

**5. Білім беретін электронды басылым (ОЭИ)** — қ. *Электронды басылым.*

**6. Мерзімді және мерзімді емес басылымдар:**

• **альманах** — «тақырыптық, жанрлы» немесе қандай болмасын басқа белгілері бойынша жинақталған түрлі авторлардың әдеби туындыларының мерзімді емес немесе жалғасы бар жинағы;

• **кітапша** — шағын көлемде кітап форматындағы басылым (халықаралық тәжірибеде 5-тен 84-ке дейінгі бет);

• **буқлет** — көлемі бір беттен аспайтын, «шымылдық» немесе «гармошкаға» ұқсас болып қиыстырылған басылым;

• **буллетень** — оқыту теориясы және тәжірибесі, тәрбие мен білім жағдайын қысқаша мәлімдейтін мерзімді ақпараттық басылым түрі;

• **газет** — ресми материалдар, шапшаң ақпарат және өзекті қоғамдық-саяси, ғылыми, өндіріс және басқа сұрақтарға байланысты мақалалар, сонымен қатар әдеби туындылар, иллюстрациялар, фотосуреттер және жарнамалары бар мерзімді мәтіндік басылым; Педагогикалық газеттер арасында атап айтсақ, республикалық газеттер — «Қазақстан мұғалімі», «Ғылым және Қазақстан жоғары мектебі», ресейлік — «Учи-

тельская газета», «Первое сентября», «Педагогический вестник» және бірқатар пәндік газеттер;

• **журнал** — әр түрлі қоғамдық-саяси, ғылыми, өндіріс және басқа сұрақтар бойынша мақалалар және /немесе рефераттар, сонымен қатар әдеби туындылар, иллюстрациялары бар кітапша тәрізді түптелген мерзімді мәтіндік басылым; осы түрде ресми бекітілген басылымдар: *республикалық* «Білім — Образование», «Жоғары мектеп хабаршысы — Вестник высшей школы Казахстана», «Изденіс — Поиск», «Творческая педагогика», «Парасат» және т.б.; *ресейлік* — «Вестник высшей школы — Alma mater», «Высшее образование в России», «Педагогика», «Мир образования», «Вопросы психологии», «Вопросы философии» және т.б.; *халықаралық* — «Перспективы: вопросы образования», «Курьер ЮНЕСКО»;

• **кітап** — бір томнан немесе томдардың алдын ала шек қойылған сандарынан, мәтін және /немесе иллюстрациялары бар құжаттың қандай болмасын басқа түріне жатпайтын, 48 беттен асатын мерзімді емес мәтіндік басылым;

• **кітап шежіресі** — кітаптар және кітапшалар, диссертациялар авторефераты туралы ақпараты бар мемлекеттік библиографиялық көрсеткіш (Ресей Федерациясында басып шығарылады).

**Бейімделген басылым** — жарияланған материалдар мәтіні оқырманның мүмкіншіліктеріне, жасына, мамандығына, дайындық деңгейіне лайықтау мақсатында жеңілдетіп немесе қысқартылған басылым;

**Қайта басылым** — бұрынғы баспадан шығарылған басылымды қайта шығару.

Толықтырылған (алдыңғы басылыммен салыстырғанда қосымша материалдар енгізген), түзетілген (алдыңғы шығарылған басылым мәтінінде анықталған қателерді түзеткен және нақтыланған өзгерістер), қайта өңделген (мағыналы және /немесе композициялық сипатта елеулі өзгер-

тулерге тап болу), қайта каралған (көзқарастардың өзгеруіне байланысты жана немесе жеке өзгертулермен ескірген материалдарды алмастыру), кеңейтілген (алдыңғы басылым тақырыптық шекара шектерінен шығатын қосымша мәтін), *стереотиптік*. Алдында аталған бірнеше түрлердің комбинациясын білдіреді: түзетілген және толықтырылған, қайта өңделіп толықтырылған және с.с.

Қайта шығарылған басылымның реттік нөмірі ГОСТ 7.4-95 туралы мәлімет титул парағында осы басылымның алдыңғы басылымнан айырмашылығы туралы мәлімдеулермен бірге орналасуын талап етеді. Реттік нөмірді араб цифрымен, септік жалғаулардың өсуімен көрсету керек, (мысалы, 8-ші басылым, толықтырылған). Қайталанған монобасылымның авторлық ұжымда өзгерістері туралы, сонымен қатар кез келген қайта басылым атын өзгерту туралы мәліметтер титул бетінде орналастырылуын талап етеді, бұл жерде алдыңғы басылымда авторлық ұжым қандай болды, қалай аталғаны көрсетіледі.

**БАУЫРЛАС МЕКТЕПТЕР** – XVI–XVII ғғ. Украина, Белоруссия, Чех, т.б. елдерде православие сеніміндегілердің бауырластықтағы ұлттық-діни бірлестіктерде болған оқу орындары.

Олардың қаракеті осы елдердің мәдени өмірін көтеруге, ұлттық сана-сезімін сақтауға мүмкіндік туғызды.

**БАЯНДАМА (ғылыми)** – зерттеушінің ғылыми ізденістерінің, жобаларының, эксперименттерінің нәтижелерін көпшілік алдында жария етуі.

**БАЯНДАМА БОЙЫНША ЖАРЫССӨЗ** – баяндамада ғылыми проблема бойынша және оны шешу тәсілдері туралы көпшілік алдында талқылау, дау мен пікірсайыс.

**БАЯНДАУ** – өз сөзімен қайталап айту, өз бетімен орындаған оқу жұмысының түрі; айтылған пікірдің мазмұнын еске түсіру, деректер негізде мәтінді құру (бастапқы). Мектеп оқушысы үшін меңгеру, еске сак-

тау, ойлау, сауаттылық және олардың тілін дамыту, ал мұғалім үшін – бақылау құралының бірі. Негізгі сипаттамалары – бастапқы мәтіннің ерекшеліктерімен, оны қабылдау тәсілімен, мәтінді қайта айтудағы алдына қойылатын максаттармен байланысты.

Жазбаша және ауызша (қайта айту); егжей-тегжейлі және қысқаша, толық, таңдаулы және қосымша тапсырмалары бар; оқығанның, естіп-көріп түсінгенін баяндау (мазмұндау) түрлерін ажыратады. Баяндаудың түрлері мәтінді қабылдауда оқушының әр түрлі қабілеттерін дамыту қажеттілігін ескереді.

**БӘСЕҢ (ТӨМЕН) БІЛІМДІЛІК** – адамның оқу процесінде білім, білік пен дағды меңгеру жылдамдығы мен сапа көрсеткішінің төмендеуі. Меңгерілген білімнің бытыраңқылығы мен тұрақсыздығынан, танымдық іс-әрекеттің тиімді қабілеттерін өз бетінше меңгере алмауынан және оларды түзетуге арнап күш салуға бағытталған әлсіз икемділігінен көрінеді.

**БЕЙІМДЕЛУ** – 1) *кәсіптік қызметте* – негізгі кәсіптік қызмет жағдайларының өзгеруіне байланысты адамдардың бейімделу процесі; 2) *психологияда* – қоршаған ортаның жаңа талаптарына сәйкес, тұлғаның динамикалық стереотипінің өзгеруін көрсететін психикалық құбылыс; 3) *физиологияда* – әрекет етуші тітіркендіргіштердің күшінің өзгеруіне олардың бейімделу нәтижесінде, анализаторлардың сезгіштігінің өзгеруі.

**БЕЛГІНІҢ САПАЛЫ БІРТЕКТІЛІГІ** – қандай да бір белгіге қатысты нысандардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.

**БИБЛИОГРАФИЯ** – 1) баспа өнімдерін саяси, ғылыми, білім беру, тәрбиелік, т.б. максаттарда кеңінен қолдану тұрғысынан зерттейтін ғылым; 2) тақырып бойынша толық (кейде таңдамалы) әдебиеттер тізімі, сондай-ақ библиографиялық көрсеткіштер, шолулар.

Психологиялық-педагогикалық библиография психологиялық және педагогикалық жарияланымдардың сипаттарын, жіктелуін, түсініктеме мен мазмұндау жолымен олардың мазмұнын іздеу мен ашу әдістемесін зерттейді.

**БИЗНЕС-БІЛІМ** — сауда аясында немесе өнеркәсіп өндірісінде адамды жауапты қызметке дайындау мақсатымен берілетін білім.

**БИЗНЕС-ҒЫЛЫМ** — іргелі зерттеулерге зиянын тигізетін, тез пайда табуды мақсат ететін, қолданбалы қысқа мерзімді конъюнктуралық зерттеулер жүргізуге бағытталған ғылым.

**БИЗНЕС-МЕКТЕП** (әдетте, шет елдің тәжірибесінде) — өндірістік әрекеттің барлық аяларында іскерлік әкімшілік саласында, басқару мен ұйымдастыруда оқу бағдарламаларын ұсынатын арнайы кәсіптік оқу орындары.

Оқу бағдарламалары бір жарым не екі жылдық оқыту мен тағылымдамаларға есептелген, студенттердің өндірісті ұйымдастыру аясында біршама тәжірибесі және базалық жоғары білімі болуын қажетсінеді, себебі бизнес-мектептердің оқу бағдарламалары негізінен басқарудың тәжірибелік аясын қамтып, теориялық білім бермейді. Барлық бағдарламалар жұмыс орнындағы тәжірибелік тағылымдамалар мен оқытуға баса назар аударады. Сондай-ақ бағдарламалардың халықаралық сипаты да маңызды.

Курсты аяқтағанда іскерлік басқару магистрі дипломы беріледі (ІБМ).

**БИЛИНГВИЗМ (ҚОСТІЛДІЛІК)** — екі әр түрлі тілдерді немесе бір тілдің диалектикаларын қарым-қатынас жасауға жеткілікті дәрежеде меңгеру.

Бірнеше тілді меңгерген жағдайда, көптілділік туралы айтады: «Қостілділік» ұғымының 2 аспектісі бар — психологиялық (әрбір жеке адамды сипаттайды) және әлеуметтік (көпшілік немесе топтық қостілділікті айтады). Көптеген халықтар — екі немесе тіпті үш тілді.

Қостілділік тар мағынасында — екі тілді бірдей жетік меңгеру, кең мағынасында екінші тілді салыстырмалы меңгеру, оны белгілі бір қарым-қатынас аясында қолдану іскерлігі. Білім беру мәселелерін талдағанда екінші жағы тиімді саналады.

Қостілділіктің таралу дәрежесі тек әр алуан халықтар арасында ғана емес, сонымен бірге басқа аймақта тұратын бір халықтың өзінде де әр түрлі болып келеді. Қажеттілігі әр алуан тілдер әр түрлі әлеуметтік міндеттер орындай алу мүмкіндігінен туған. ХХ ғ. 60—80-жылдары ұлттық-орыс қостілділігі зорлықпен енгізілгенде, мектептерді қайта құру, оларда оқытуды ана тілінен орыс тіліне ауыстыру мәдени және тілдік ассимиляцияға объективті түрде әкелді. Қостілділіктің әр алуан түрлерінің кең таралуы да, ұлтаралық қатынастағы сан түрлі тілдер де назардан тыс қалды. Орыс-ұлттық қостілділік мәселесі практикалық түрде қойылған жоқ. Халық мұндай жағдайды орыстандырудың ұлы державалық жана нұсқасы ретінде қабылдады. 80 ж. 2-жартысынан бастап ұлттар мен ұлттар топтарының өздерінің тілдік қажеттіліктерін жүзеге асыруда кең құқықтарын қамтамасыз етуге шаралар қабылданды.

Ерте қостілділік (яғни ана тілін меңгергеннен кейін тез арада, екінші тілді ерте балалық шақта меңгеру) аралас отбасылар үшін типтік жағдай. Баланың психикалық дамуына ол ешқандай теріс әсер етпейді.

Қазіргі кезде жаһандану процестерін ескеріп, республикада үштілділікке өту және мектепте оқытудың бастапқы сатысында шет ел (ағылшын) тілін оқыту жүзеге асты.

**БИФУРКАЦИЯ** — орта мектептің жоғары сыныптарын екі бағытқа бөлу (мыс: гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық, т.б.). (қ. *Полифуркация, Фуркация*).

**БОЙСКАУТИЗМ** — балалар ұйымдары қоғамдық формасының бірі, оның негізін қалаушы Баден-Пауэлланың анықтауы

бойынша «мектепке қажетті қосымша болып табылатын, яғни азаматтыққа ойын арқылы тәрбиелеу жүйесін» білдіреді.

Азаматтықты бойскауттік тұрғыда түсіну бойскауттерге белгілейтін «үлкендер мен бастықтарға бағыну, король мен Отанға адалдық» заңында бейнеленген. Оқиғалы және романтикалық әуендерді ұзақ ойындарда (аңшылар, барлаушылар, ізшілер) кеңінен қолданып, балалардың әскери ұйымымен ұштастырылады. 10 жасқа дейінгі балалар «үйірлі қасқырлар» мен «балапандарға», 11 жастан 18 жасқа дейін – бойскауттер (ұлдар) мен герлскауттерге (қыздар) бірігеді. XX ғ. басында Англияда пайда болып, әлемнің көптеген елдеріне, оның ішінде Қазақстанға да таралды.

**«БОЛАШАҚ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТИПЕНДИЯСЫ** – Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік оқу орындарында күндізгі оқыту формасы бойынша оқуы және мемлекеттік ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындары ғылыми қызметкерлерінің әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында, ғылыми орталықтары мен зертханаларында сынақ ісінен өтуі үшін тағайындайтын стипендиясы.

**БОЛЖАМ** – кейбір құбылысты немесе құбылыстар топтарын алдын ала, шартты түсіндіру мақсатында ұсынылатын ереже.

**Типологиясы:**

- **балама (бәсекелес)** – нөлдікке қарама-қайшы гипотеза;
- **жіктеуіш** – нысандардың мәнді қасиеттері туралы болжамдар;
- **ғылыми** – проблемаларды шешудің мүмкін жолдары, қойған мақсатқа жету әдістері, әлеуметтік процестің күтілген нәтижесіне жету құралдары туралы ғылыми жорамал;
- **нөлдік (негізгі)** – статистикалық болжаулар мен статистикалық тәуелділікті тексеруге байланысты қолданылатын ұғым;
- **түсіндірмелі** – эксперименттік тексеруді қажет ететін зерттелетін құбылыстар мен

процестердің себеп-салдарлық байланыстылығы туралы болжаулар;

- **сипаттамалық** – мазмұндық (пәндік), ғылыми негізделген, топталған, құрылымдық және функционалдық болжаулар;

- **негізді (бастапқы)** – жалпы ұғымдар арқылы тұжырымдалатын нысан мен зерттеу проблемасын жүйелі талдау;

- **жұмыстық** – ғылыми негізделген, бірақ алдын ала зерттеуге ұйымдасқан, мақсатты сипат беру үшін және әрі қарай зерттеу құралы рөлін атқаратын уақытша ұсынылатын болжау;

- **салдарлық (туынды)** – эмпирикалық тексеруге көнетін, операциялық ұғымдарда тұжырымдалған, бастапқы болжаудың мәнді жақтарының бірін енгізу;

- **статистикалық** – белгісіз таратулар түрі туралы, я белгілі таратулардың параметрлері туралы болжау;

- **құрылымдық** – зерттелетін нысанның жекелеген элементтері арасындағы байланыстарының сипаты туралы болжамдар;

- **функционалды** – нысанның өзара әрекет процесінде олардың жекелеген элементтері арасындағы байланыстарының тығыздық дәрежесі туралы болжамдар.

**БОЛЖАУ-ДЕДУКТИВТІК ӘДІС** – қандай да бір пайымдауларды болжамдар ретінде ұсыну және ол пайымдаулардың ішінен өзімізде бар білімді пайдаланып салдарларды бөліп алып, оны деректермен салыстырудан тұратын әдіснамалық тәсілдердің жүйесі.

**БОЛОНЬЯ ПРОЦЕСІ** – 1988 жылы Болоньяда қабылданған, 1998 жылы 25 мамыр Сорбон декларациясына және еуропалық білім министрлерінің бірлескен өтініші (Болонья к. 1999 жыл, 19 маусым), «Magna Charta Universitatum» университеттік хартиясына сәйкес Еуропада жоғары білім жүйесін қайта құру мақсатымен еуропалық жоғары білім аймағын құру, оған кіретіндер:

1. Еуропалық азаматтарды жұмысқа орналастыру мен еуропалық жоғары білім



жүйесінің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін, оның ішінде дипломға Қосымшалар енгізу арқылы да, жеңіл түсінілетін және салыстырмалы дәрежелер жүйесін қабылдау.

2. Жүйені екі негізгі циклге орай – дәрежеге дейін және дәрежеден кейін қабылдау. Екінші циклге өту үшін, үш жылдан кем емес мерзімдегі бірінші оқыту циклін табысты аяқтау керек. Бірінші циклден кейін берілетін дәреже, тиісті біліктілік деңгейі бар маман ретінде еуропалық еңбек нарығында сұранысқа ие болуы ләзім. Екінші цикл көптеген еуропалық елдерде қабылданған магистр немесе доктор дәрежесін алуы көздейді.

3. Кең көлемдегі студенттік ұтқырлықты қолдаудың тиісті құралы ретінде, ECTS типі бойынша көп еңбек сіңіруді керек ететін сынақ бірліктерін қайта есептеудің еуропалық жүйесі – кредиттер жүйесін енгізу. Кредиттерді, сондай-ақ жоғары білім емес білім шеңберінде, егер оларды қабылдаушы университеттер тарапынан мойындаса, өмір бойы оқуды қоса алуға болады.

4. Ұтқырлықты шындау үшін оны жүзеге асыруда кездесетін кедергілерді жою жолымен келесілерге назар аударып шешу керек: оқушыларға білім алу мен тәжірибелік дайындыққа, сондай-ақ ілеспелі қызметтерге қол жетімділігі қамтамасыз етілуі қажет; оқытушыларға, зерттеушілер мен басқару қызметкерлеріне зерттеу жүргізуге, еуропалық аймақта олардың салтына, белгіленген заңдарына зиян тигізбей оқыту мен тағылымдама (сынақ ісінен) өткізуге жұмсалған уақыт кезендерін мойындау мен есептеу қамтамасыз етілуі тиіс.

5. Білім сапасын қамтамасыз етуде, салыстырмалы критерийлер мен әдіснама құрастыру мақсатында еуропалық ынтымақтасуға жәрдемдесу.

6. Жоғары білімде қажетті еуропалық қалыптасқан көзқарастарға, әсіресе салыстырмалы түрде оқу жоспарларының дамуы, институтаралық ынтымақтастықта, ұтқырлық

схемаларында, бірлескен оқыту бағдарламаларында, ғылыми зерттеулерді практикалық дайындау мен жүргізуде жәрдемдесу.

Болонья декларациясына қол қойған (Прага, 2001 ж. 18–19 мамыр) мемлекеттердің Білім министрлерінің Прага конференциясында негізгі күн тәртібінің «Болонья процесінің әрі қарай дамуы» сұрақтарын талқылауда ұлттық білім жүйелерін біртұтас еуропалық білім кеңістігіне біріктіру шеңберінде тағы 3 жана бағыттар таңдалды.

7. Өмір бойы оқыту.

Өмір бойы оқыту жоғары білімнің жалпы еуропалық кеңістігін жасаудың маңызды элементі болып табылады. Еуропада білім мен экономика қоғамы болып құрылған «Өмір бойы оқыту» стратегиясы еуропалық білім жүйесіне бәсекеге қабілеттілікті, жаңа технологияларды қолдану, әлеуметтік теңсіздікті жою, тең мүмкіндіктер беру мен өмірдің жоғары деңгейін қолдау үшін қажет.

8. Жоғары білім мекемелері мен студенттер.

Университеттер, жоғары білім мекемелері мен студенттерді тең құқықты, құзыретті және сындарлы серіктестер ретінде қарастырып, қуаттау және қолдау қажет. Студенттер жоғарыда келтірілген Болонья декларациясының қорытынды міндеттеріне сәйкес, университеттер мен жоғары білім мекемелерінде білім беруді ұйымдастыру мен мазмұнына тікелей қатысып, ықпал етуі қажет.

9. Жоғары білімнің еуропалық кеңістігінің тартымдылығын қамтамасыз ету.

Еуропа мен әлемнің басқа елдерінің студенттері үшін жоғары білімнің еуропалық кеңістігі тартымдылығының маңызы, еуропалық білім дәрежелерінің әлемдегілермен салыстырмалылығы жалпыға белгілі біліктілік шеңберімен, білім сапасын қамтамасыз етумен, аккредитация/сертификация тетіктері мен біртұтас ақпараттық кеңістігімен анықталуы тиіс.

Жоғары білім аясында Қазақстанның Болонья процесіне қосылуы негізгі міндет болып отыр.

Ұлттық білім бағдарламаларын халықаралық мойындау мақсатында, студенттер мен оқытушылық құрамның ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін, оқытудың кредиттік технологиясы енгізіліп, отандық дипломдарды мойындауды қамтамасыз етіп, еуропалық білім кеңістігіне кіруге мүмкіндік беретін кадрларды дайындаудың үш деңгейлі моделіне өту іске асты: бакалавр – магистр – доктор Ph.D.

**БӨЛУ (ТОПТАУ)** (логикада) – логикалық амал, ол арқылы бөлінетін ұғымының мөлшері, кейбір белгілерге байланысты кластарға (жиындарға) бөлінеді. Бөлу операциясы арқылы ұғымдардың мөлшері, бөлінетін ұғымға сәйкес жиындар қандай ішкі жиындардан тұратыны анықталады.

Бөлінеді:

**дихотомиялық** – бөлу, бөлінетін ұғым мөлшері екі қарама-қарсы ұғымдарға бөлінеді, оның біреуі нақты бір белгіні дәлелдейді, ал екіншісі – бұл белгіні теріске шығарады;

**ұғымдық (логикалық)** – бөлінетін ұғым мөлшерін белгілі кластарға (жиындарға) кейбір белгілері бойынша топтастыратын логикалық амал;

**қарапайым** (түр қалыптастыратын белгі бойынша) – ұғым мөлшерін белгілі бір негіз бойынша теңдес байланыс түрлеріне бөлетін амал.

**БӨЛУ МҮШЕЛЕРІ** – тек бөлінетін заттардың түрлері.

**БӨЛУ НЕГІЗДЕРІ** – ұғымның түрлерге бөліну белгілері.

**БӨЛІМ** – қандай да бір мәтіннің, кітаптың бөлігі.

**БӨЛІНГІШ** – шамасы бөліске ұшырайтын ұғым.

**БРЕЙН-ДРЕЙН** – «ақылдылардың кетуі», мамандар мен ғалымдардың бір елден басқа елдерге жаппай кетуі.

**БІЛІКТІЛІК** – 1. Еңбек субъектісінің кәсіптік даярлығы мен тапсырмаларды, міндет-

терді күнделікті іс-әрекетте орындау қабілеті, ол білім ұтқырлығы, әдістің икемділігі және ойлаудың сыншылдығынан тұрады.

**Әдіснамалық біліктілік** – әдіснамалық мәдениет көрініс табатын ғылыми ізденіске даярлық пен қабілеттілік, педагогикалық зерттеулерді жүргізу, нәтижелерді өңдеу мен қорытынды жасау, ғылыми ізденіс барысы мен нәтижелері қарастырылған ғылыми мәтінді рәсімдеу, өз нәтижелерін нақты, айқын көрсетіп, қорғай алу.

Бұл білімді және *зерттеушілік іскерлігін* ұйымдастырудың ерекше түрі, сол сияқты ғылыми зерттеулерді өткізуде қажет тұлғалық сапалардың жиынтығы.

**Коммуникативті біліктілік** – қарым-қатынас жасаудың түрлі жағдайларында жеке адамның білімі мен сезімдік тәжірибесіне негізделген бағдар жасай білу; түрлі психологиялық жағдайлардың өзгерістері, тұлғаралық қатынастар мен әлеуметтік орта жағдайында өзін қоршаған жандармен, өзін және өзгелерді түсіне білу арқылы, тиімді қарым-қатынас жасай білу қабілеті.

**Жалпымәдени біліктілік** – өз бетінше білім алу үшін және осы орайда туындайтын танымдық және өзіндік көзқарас мәселелерін анықтауды өзінің шешуге жеткілікті білімділік деңгейі.

**Кәсіптік біліктілік** – 1) кәсіптік іс жүргізу аясы, еңбек субъектісінің (маманның немесе ұжымның) кәсіптік даярлығы және күнделікті іс-әрекеттегі тапсырмалар мен міндеттерді орындау қабілеттілігі; 2) кәсіптік іс-әрекетті нәтижелі орындауға мүмкіндік беретін, үнемі кеңейіп отыратын білім жүйесі, шешілетін мәселелер және сұрақтар аясы.

**Сапалық сипаттамалары:**

1) гностикалық немесе когнитивті, қажетті кәсіптік білімнің бар екендігін көрсетеді (олардың көлемі мен деңгейі біліктіліктің басты сипаттамасы болып табылады);

2) реттеуші, осыған дейін алған кәсіптік білімдерін кәсіптік міндеттерді шешуде қолдануға мүмкіндік береді (ол тиімді бол-

жау мен шешімдер қабылдау біліктілігінде көрініс табатын жобалау және құрылым-даудан тұрады);

3) рефлексі – мәртебелі, беделділігін мойындау есебінен белгілі бір калыпта әрекет ету құқығын береді;

4) нормативті сипаттама; өкілеттік аясын, кәсіптік іс жүргізу саласын көрсетеді;

5) қатынастық сипаттама (білімді толықтыру немесе тәжірибелік іс-шара қарым-қатынас процесінде немесе өзара әрекетте іске асады).

**Педагогикалық біліктілік** – білім беру жүйесі мен педагогтік шеберлікті біріктіретін көп факторлы құбылыс, оның бағытының құндылығы, мәдениетінің кіріктірілген көрсеткіші (сөз, қарым-қатынас жасау стилі, өзіне және өз іс-әрекетіне, білімнің шектес салаларына қатынасы); мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінің калыптасу деңгейін, педагогикалық қарым-қатынасты және мұғалім тұлғасының белгілі құндылықтарды, идеалдар мен педагогикалық сананы тасымалдаушы екенін көрсететін білім, білік және дағдының қажет жиынтығын меңгеруі; педагогтің білім беру процесінде қалыптасатын және кәсіптік іс-әрекеті кезінде дамитын кіріктірілген сапасы, ол кәсіптік маңызды қасиеттердің жиынтығын көрсетеді және педагогикалық іс-әрекеттің өзіндік және табысты жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Негізгі біліктіліктер өздеріне тән келесі **белгілерге** ие:

- негізгі біліктіліктер – көпсалалы. Біліктіліктерді, егер олардың көмегі арқылы күнделікті, кәсіптік немесе әлеуметтік өмірде түрлі мәселелерді шешуге әсер етсе, негізгі деуге болады. Оларды алға қойған мақсаттарға жету және түрлі жағдайдағы күрделі мәселелерді шешу үшін меңгеру керек;

- негізгі біліктіліктер пәнүстілік және пән-аралық, олар түрлі жағдайларда, тек қана мектепте ғана емес, сонымен қатар жұмыста, отбасында, саяси ортада және т.б. қолданылады;

- негізгі біліктіліктер елеулі интеллектуалды талап етеді: абстрактілі ойлауды, өзіндік рефлексия, өзіндік көзқарасын айқындау, өзіндік баға, сыни тұрғыдан ойлау және т.б.;

- негізгі біліктіліктер көпөлшемді, яғни олар түрлі ақыл-ой процестері мен интеллектуалды біліктіліктен (талдау, сыни, коммуникативті және т.б.), «ноу-хау», сол сияқты дұрыс мағынадан тұрады.

Барлық біліктіліктер іс-әрекеттің әр түрін: дербес және рефлексивті әрекет етуді; түрлі құралдарды интерактивті қолдануды; әлеуметтік-гетерогенді топтарға кіру және оларда әрекет етуді талап етуі заңды.

2. Беделді тұлғаның уәкілеттік шеңберінде белгілі актілерді жасау немесе нақты жағдайда әрекет етудің заңды түрде қабылданған қабілеті.

**БІЛКІТІЛІК (МАМАНДЫҚ)** – тұлғаның білімділік деңгейі, алған кәсіптік бағыты немесе мамандығы бойынша әрекет етуге, болмаса білімі туралы құжаттың көрсетілген білімін жалғастыруға даярлығы.

**БІЛКІТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕХАНИЗМІ** – адам дамуының бұдан да жоғары деңгейіне жүйелі жылжу процесін келесі сатылар бойынша жүзеге асыру:

- **қарапайым және функционалды сауаттылыққа** қол жеткізу, тұлғаның алдағы уақытта көлемді және терен білім алуына қажет дүниетанымдық және тәлімдік қасиетінің, алғашқы білімінің жеткілікті, минималды деңгейде қалыптасатын кезі;

- **жалпы білім алуға** қол жеткізу, бұл сатыда адам нақты қоршаған орта туралы қажетті және жеткілікті білімді және нақты дүние нысандарын тануға және түрлендіруге бағытталған іс-әрекеттің жалпы тәсілдерін игереді;

- **жалпы біліктіліктерді** дамыту, ол жалпы білім негізінде жеке тұлға мен қоғам үшін адамның еңбек қызметінің нақты түрінде өзін толық көрсетуіне мүмкіндік беретін, қоғамдық қажетті бөліктерге бөлу және қандай да бір кәсіп пен сала қызметкерінің

тиімді және бәсекеге қабілеттілігін ынталандырудың нарықтық механизмдеріне сәйкес келетін маңызды қасиеттерді қалыптастырумен байланысты.

• **мәдениетті меңгеру**, адам тек ата-бабалары мұраға қалдырған материалдық және рухани құндылықтарды ғана сезініп қоймай, сонымен бірге қоғам дамуындағы өзінің қатысы барлығын барабар бағалауға қабілетті, сонымен қатар жеке социумның және тұтас алғанда өркениеттің үздіксіз, мәдениеттендіруші процесі ретінде үлесін қосу;

• **тұлғаның жеке менталитетін қалыптастыру** — жеке тұлғаға өзінің ментальдық құндылықтарын үздіксіз байытуға дайындығымен, **адамның рухани кеңістігінде** өзін-өзі жан-жақты көрсете алуымен үйлесімдегі бірегей қайталанбас қасиетті беретін орнықты, терең көзқарасты, дүниетанымды және тәлімді қалыптастыру.

**БІЛІМ БЕРУ** — 1) адамның (оқушының) өзінің, қоғамның, мемлекетінің мүддесі үшін мемлекеттің белгілеген білім деңгейі талаптарын меңгергендігін белгілейтін, белгілі бір білім жүйесін меңгеру процесі мен нәтижесі; 2) қоғамдағы, адам дамуына қажетті ғылыми, әдістемелік, білім беру мекемелерінің органдары мен талаптарының арнайы ұйымдастырылған жүйесі; 3) адамның өмірі бойында қалыптасқан білім жүйесі мен көзқарасының өзгеру, даму, жетілдіру процесі, өмір жағдайларының өзгеруіне ғылыми прогресс үдеуіне байланысты жаңа білімді, іскерлік пен дағдыны үздіксіз, шексіз меңгерудің абсолютті формасы; 4) адамның өзгермелі әлеуметтік мәдени ортада өзін-өзі анықтауын, өзіндік дамуын және өзін-өзі іске асыруын қамтамасыз ететін әр алуан тұлғаға бағытталған іс-әрекет; тұлғаның өзінің тап осындай болып қалыптасуы, дамуы, өсуі; 5) адамның қоғамда ойлау, әрекет ету бейнесін қалыптастыру; адамды әрбір нақты тарихи кезеңде белгілі бір деңгейге дейін ашылатын оның сапасына, өлшеміне, мәніне сәйкес

қалыптастыру (Н.П. Пищулин); 6) максаты қоғам мүшелерін жоғары деңгейлі адамгершілікке, интеллектуалдылыққа, мәдени және физикалық дамуы мен кәсіби біліктілікке жету болып табылатын тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз жүйесі, процесі және нәтижесі;

• **бейімдеуші** — қызметкердің кәсіби және өзге де қабілеттерін қолдау мақсатында оның кәсіби іс-әрекетіне және сапасына өзгермелі талаптарды есепке ала отырып, оқу әрекетін мерзімді жанарту;

• **базалық** — білімді одан ары үстемелеу мен байытуға негіз болатын құраушы білім мен біліктің жиынтығы.

Термин екі мағынада қолданылады: 1) қоғамда толыққанды өмір сүру үшін қажетті білім мен білікті меңгеруге бағытталған минималды білім; 2) ақылы еңбек саласына енгенге дейінгі алынған, кемелденген шағында жалғастырудың басы ретінде қарастырылатын білім; 3) тұлғаның жан-жақты дамуы мен құндылық-этикалық бағытын оның одан арғы білім алуын, азаматтық және кәсіби қалыптасуының жалпымәдени негізін қамтамасыз ететін жалпы білім беру дайындығының қоғамдық қажетті деңгейі;

• **ғаламдық** — оқушыларда дүние туралы түсінікті холистикалық (дүниені бірыңғай тұтастық ретінде қабылдау) және гуманистік көзқарастар негізінде қалыптастыру. Тұжырымдама оқушыларда Жер ғаламшардың барлық тұрғындары үшін ортақ үй, барлық адам — бір отбасы және әрбір адамды дүниені құруға белсенді қатысуға қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталған. Негізгі ұғымдары: коммуникативтік, байланыс, түсіну, эмпатия, симпатия, тілек-тестік, ынтымақтастық,

• **қосымша** — (қ. *Қосымша білім беру*);

• **инновациялық** — жеке адамның да, сондай-ақ тұтастай қоғамның жаңа іс-әрекет түрлеріне ынталандыратындай және жобалайтындай оқу және білім беру әрекетінің процесі мен нәтижесі;

- **классикалық** — басты пән ретінде ежелгі тілдер мен математиканы жүйелі оқытуды қарастыратын жалпы орта білім түрі;
- **көпшілікке арналған** — жалпы орта білім саласында азаматтардың барлығы үшін мемлекеттік стандартқа сәйкес жалпы білім дайындығын алу;
- **мультимәдениетті** — білім берудегі идея, процесс және инновациялық қозғалыс. Түрлі нәсілді, этникалық және әлеуметтік топтағы оқушыларды қоса отырып, мектеп ортасын қоғамда және оқу сыныбының ұлттық құрылымында бар әр алуан мәдениет пен топ өкілдерінің қажеттілігін, мүдделерін қамтамасыз етіп жүйелі өзгерту жолымен барлығына білім алудың тең мүмкіндігін беруге ұмтылу;
- **үздіксіз (перманентті)** — адам өмірінің барлық кезеңінде оқу орнындағы және өз бетінше білім алуын ұйымдастыру жолымен мақсатты білім, білік пен дағды алуы. Мақсаты — мәдениеттің қоғамдық және жеке бастың қажетті деңгейін, жалпы білімдік және кәсіби дайындықты қолдау. Жалпылық, демократизм, қолжетерлік, үздіксіздік, интегративтік, сабақтастық, өз бетінше білім алу, икемділік және шұғылдылық принциптерінде ұйымдастырылады;
- **политехникалық** — оқушыларды қазіргі заманғы өндірісті ұйымдастырудың негізгі принциптерімен, қалдықсыз және экологиялық таза технологиямен таныстыруға, компьютерлік техникамен және қазіргі заманғы механикаландырылған және автоматтандырылған еңбектің қарапайым құралдарымен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға бағытталған білім беру;
- **кәсіби** — 1) жоғары білікті мамандарды арнайы дайындау жүйесі; 2) бастауыш, орта, жоғары және жоғарыдан кейінгі кәсіби білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиелеу процесі және нәтижесі;
- **дәстүрлі** — жеке-топтық оқыту тәсілдері жағдайында алынатын және келесі параметрлерге сәйкес келетін білім:

### Параметрлері

#### Мазмұны

##### Міндеті (миссиясы)

Білім беру және бүгінгі күнгі мәдениетті, әлеуметтік тәжірибені, әлеуметтік жүйені қолдау.

##### Түрі

Мемлекеттік-бағдарланған.

##### Сипаты

Репродуктивтік (оқытуды кәсіби іс-әрекетке дайындау, жаңа әлеуметтік мәдени тәжірибені менгеру мақсатында ұйымдастыру).

##### Оқыту мазмұны

Классикалық, пәндік, технократтық.

##### Мүғалім рөлі

Білімді хабарлаушы; оқылатын материалды менгерту түрінде құрылған оқу процесін ұйымдастырушы;

• **зиялы (элитарлы)** — ерекше дарынды азаматтар үшін арнайы білім беру ұйымдарында іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша алынатын білім.

**БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫ** — оқушыларға кәсіби білім ақысын төлеу үшін мемлекеттен қайтарусыз берілетін мақсатты ақша сомасы.

**БІЛІМ БЕРУ ДАҒДАРЫСЫ** — бір жағынан, білім беру жүйесінің нәтижелері ғылыми-техникалық және әлеуметтік өрлеу қажеттіліктеріне сәйкес болмауынан көрінетін білім беру жүйесін дамытуға шынайы, өткір мұқтаждық, ал екінші жағынан — қолдағы бар әлеуметтік қатынастар білім беру жүйесінің ықтимал ішкі мүмкіндіктерін тежейтін және дамытпай тастайтын жағдай.

#### Дағдарыстың себептері:

1) халық бұқарасының білім алуға деген ұмтылысы кенеттен артты; 2) қаржы мұқтаждығы; 3) білім беру жүйесінің енжарлығы, кертартпалығы; 4) үдемелі өзгеріске қарсылық жасайтын қоғамның енжарлығы (Ф.Г. Кумбс);

Планета халқының өмір сүруі мен оқытудың технократиялық үлгісінің бүгінгі кем-

шіліктерінен әлемдік социумның құрама бөліктерінің қойнауына жарықшақ пен алшақтық түсті. Бұл:

- 1) Білім мен Мәдениет арасындағы тереңдей түскен алшақтық;
- 2) Білім мен Ғылымның арасындағы, тұтас алғанда, оның социомәдени құрамаларын бірге алғандағы алшақтық;
- 3) оқыту және маман даярлау сапасының күрт төмендеуі;
- 4) жастар арасында өнегенің төмендеуі;
- 5) әлемде жоғары білімге деген сұраныс арта тұра, сауатсыздар санының өсуі.

Қорытындылар:

1. 50-ж. соңында әлемде «**білім алуға сұраныс дүмпуі**» деп аталатын тұрақты құбылыс пайда болды. Ол бірқатар факторлардың өзара әсерлесуінің нәтижесінде пайда болды; олардың ішіндегі ең бастылары — планета халқының жедел өсімі, дамушы елдердегі урбанизацияның артуы, ішкі және сыртқы миграцияның өсуі, жана білім мен технологияның даму және таралу қарқынының үдеуі, сонан кейін экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени саладағы түбегейлі өзгерістер. Барлығын бірге алып қарастырғанда құндылықтар мен басымдықтар жүйесінің дербес және ұлттық деңгейлердегі өзгерістеріне себепші болды.

2. Дамыған елдер экономикасындағы құрылымдық алға басушылық білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер тудырды: жоғары білім беру капиталды орналастырудың тиімді саласы болып танылды және мемлекеттер мен корпорациялардың инвестициялық саясатындағы басым салаға жатқызылды.

3. Білім берудің дәстүрлі баламасыз тәжірибесі «сұраныс дүмпуі» жағдайында өз мүмкіндіктерін толық тауысты: әлемдік білім беру жүйесінде 70-жылдары басталып, бүгінгі күнге дейін тоқтамаған және тереңдей түскен дағдарыс айқын көрініс тауып отыр. Оның басты белгісі — білімге деген сұраныстың ерекше артуы мен оларды

жүзеге асыру мүмкіндіктерінен алыстау.

4. Білім беру жүйесіндегі сәтсіздіктің басты себебі — қаржы қиындықтары. 50–60-жылдардағы «алтын шақ» келмеске кетті, сол жылдары әлемдегі тұңғыш Жердің жасанды серігі туралы (батыстың көптеген аналитиктері баса назар аударғандай, нақ **кеңестік**) әсердің ықпалымен Батыстың көптеген елдерінде *білім беруге бюджеттен бөлінген қаржы ұлттық экономиканың даму қарқынынан асып түсті*.

Білім беру саласының келешегі қаншалықты «күңгірт» деген сауалға берілген жауап тегін емес, ол тек қана елдің экономикалық жағдайы және мемлекеттен білім беруге бөлінген тиесілі қаржы деңгейіне ғана емес, көп жағдайда белгілі бір елдің халқы мен үкіметінің білім беруге бөлген ерекше жағдайына байланысты (Қ.Е. Көшербаев, А.К. Ахметов, А.Е. Әбілқасымова, Х.М. Рахымбек).

#### Дағдарыстың белгілері

*Дидактикалық:*

1. Бастауыш мектептен жоғары мектепке дейінгі білім сапасының төмендеуі;
2. Оқу жоспарлары мен бағдарламаларында үй тапсырмаларының шамадан тыс артық берілуі, нәтижесінде оқуға қызығушылықтың жоғалуы.
3. Оқудан шығару мен екі жыл бір сыныпта қалдырудың артуы, көп жағдайда, жасырын, бүркеме түрде ғана; олар болмаған жағдайда — формалдылық пен пайызбен әуестенушілік (процентомания).
4. Соңғы нәтижесі төмен бола тұра практикалық қызметкерлерге салыстырмалы түрде шамадан көп жұмыс жүктеу.

Социомәдени:

5. Жасөспірімдер мен жастар арасындағы тәртіптің төменгі деңгейі және қылмыстың артуы.
6. Функционалды сауатсыздық, жоғары білімді адамдардың мәдени құлдырауы, өзіндік білім алуға жаппай қабілетсіздік.
7. Әлем тілдері мен ұлтаралық қатынас тілдерін жаппай білмеушілік.

*Салауаттанушылық:*

8. Балалар арасында созылмалы аурулардың артуы, дидактогенизм.

Басқарушылық:

9. Табысқа жеткізбейтін көптеген реформалар жүргізу.

10. Білім беру мекемелерінің, басқару аппаратының білім беру жүйесі мен мектептегі жағдайларды өзгертудегі шарасыздығы.

11. Педагогикалық баспасөздегі кертартпалық, білім берудегі өзекті мәселелерді нақты шешуден кашқақтау, «инновациялармен» әуестену және педагогика ғылымы өкілдерінің болжам жасау қызметіне қабілетсіздігі, білім беру тәжірибесінің қажеттілігінен «өмір бойы» артта қалу.

**БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІ (ЦЕНЗІ, ШЕК)** – жетістігі тиісті құжатпен расталатын білімнің белгілі бір деңгейі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес: бастауыш, негізгі және орта жалпы білім, бастауыш кәсіби білім, орта кәсіби білім, жоғары кәсіби білім, жоғарыдан кейінгі кәсіби білім беру цензі белгіленген.

**БІЛІМ БЕРУ ДОКТРИНАСЫ** – мемлекеттік саясатта білім басымдылығын, стратегиясын және оның дамуының басты бағыттарын (Ресей Федерациясында) анықтайтын, соны негізге алатын мемлекеттік құжат.

Білім жүйелері дамуының күтілетін нәтижелері, білім саласындағы мемлекеттік саясат арқылы доктрина оқу және тәрбиелеудің мақсаттарын, олардың жетістікке жету жолдарын анықтайды.

Доктринаның негізгі мақсаты – өтпелі экономиканы позитивті тұрақтандыру жағдайында білімнің әлеуметтік-экономикалық рөлінің, сонымен қатар негізгі принциптердің, бағыттардың орнығуын және білімді дамыту кезеңдерінің бәсекеге қабілетті озық адамдық қорлардың құрылуын қамтамасыз етудің прогресшіл тенден-

цияларымен сәйкес қоғамдық дамуын қалыптастыру.

Доктрина негізінде білім ұйымдарының ұтымды ғылыми білім беру-инновациялық инфрақұрылымын құруы, трансформациялық әлеуметтік құрылымы өндірістік, ғылыми және білім беру сфераларының өзара қатынас деңгейінің қалыптасуын анықтайды және білім беру процесінің компоненттік құрамының тұтастығын қамтамасыз етеді және дүниежүзілік ғылыми-техникалық, ұйымдық-технологиялық жетістіктердің ұйымдастырылған құрылымдық параметрлердің бәсекеге қабілетті интеграция арқылы іс-әрекет жасайды.

**БІЛІМ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ НОСТРИФИКАЦИЯСЫ** – өзге мемлекеттерде, Қазақстан Республикасында құрылған халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың бөлімшелері) білім алған азаматтарға берілетін құжаттардың баламалылығын айқындау мақсатында өткізілетін рәсімдеу.

Білім беру жөніндегі құжаттарды нострификациялау, Қазақстан Республикасының білім беру жөніндегі құжаттарының иелеріне берілген құқық сол академиялық немесе кәсіби құқығы көрсетілген құжат иелеріне де берілуін білдіреді.

**Нострификация тәртібі.**

Арыз беруші, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетіне (бұдан әрі Комитет) білім беру жөніндегі құжатын нострификациялау туралы өтініш білдіреді.

Білім беру жөніндегі құжаттарды нострификациялау өтінішіне мына құжаттар тіркеледі:

- 1) білім беру жөніндегі құжаттың түпнұсқасы;
- 2) өткен оқу курстары мен олардың көлемін, алған қорытынды бағасын, тәжірибе тізбесін, курстық және оқу процесін құратын, т.б. шығарылған мамандыққа арналған



жұмыстарын көрсете отырып, білім беру жөніндегі құжатқа (түпнұсқа) қосымша;  
3) нотариалды расталған (немесе дипломатиялық қызмет органдарымен) білім беру жөніндегі құжаттың аудармасы және оған мемлекеттік немесе ресми тілдегі қосымшасы;

4) білім беру жөніндегі құжат иесі жеке куәлігінің нотариалды расталған көшірмесі;  
5) оқу мекемесінің мөрімен расталған (қажет болған жағдайда мемлекеттік және/немесе ресми тілдегі аудармасы нотариалды расталған) орта жалпы білім туралы құжаттарды қоспағанда, білім беру жөніндегі берілген құжаттың оқу мекемесін аккредитациялау жөніндегі лицензияның және/немесе куәлік көшірмесі.

1 және 2-ші тармақшаларда көрсетілген білім ұйымдары берген құжаттар :

Гаага конвенциясына қатысушы мемлекеттер апостилировалды болуы қажет;

Гаага конвенциясына қол қоймаған мемлекеттер Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі бекіткен тәртіпте консулдық заңдастырылуы қажет;

Қазақстандық және/немесе шет елдік ресми ұйымдардың сәйкес оқу орнынан қажеттілігіне қарай өтініш берушіден қосымша құжаттар (өткен курстардың жазылған детальдары, алдағы білім туралы куәлік және т.б.) сұратылып алынуы мүмкін;

Өтініш берушінің білім деңгейін, кәсіби қызметі мен практикалық тәжірибесін растайтын қосымша құжаттарын беруі заңды. Берілген ақпараттың дұрыстығына ақпарат беретін тұлға немесе өтініш беруші жауап береді.

Нострификация рәсімінде пайдаланылатын материалдар мен құжаттар мемлекеттік тілге және/немесе ресми тілге расталған аудармасымен беріледі.

Аударманы Қазақстан Республикасы аумағындағы нотариус, құжат берілген елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органы растайды. Жекелеген жағдайда (мысалы, үлгінің баламалығы

анықталған жағдайда) қай елдің аумағында құжат берілсе, сол елдің Қазақстандағы дипломатиялық қызмет органы орындаған аударма беріледі. 3- қосымшаға сәйкес білім туралы белгіленген құжаттарды нострификациялау туралы өтініш арнайы тіркеу журналында тіркеледі. Көрсетілген журналдың парақтары белгіленген тәртіпте нөмірленген және бауланған болуы керек. Өтініш беруші берген құжатты қарау мерзімі, анықтайтын ақпараттарды қосқандағы барлық қажетті материалдар түскен күннен бастап төрт аптадан аспауы тиіс. Білім беру жөніндегі құжаттардың баламалығын тағайындау рәсіміне сараптама қорытындысы негізінде ресімделген шешімі кіреді. Ұлттық аккредитациялық орталық білім деңгейлері бойынша сараптамалық комиссия тұжырымдарының, сондай-ақ білім туралы құжат берілген елдегі және Қазақстандағы білім беру құрылымына қойылатын жалпы талаптарды салыстыру, Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық міндеттемелерді ескеру, баламалы критерийлеріне сәйкестік негізінде шет елде алынған білім мазмұнының Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының түлектеріне қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы немесе сәйкессіздік себептері мен оны жоюдың мүмкін тәсілдері туралы сараптамалық қорытынды даярлайды.

Сараптамалық қорытынды төмендегі критерийлерді міндетті түрде қарау негізінде қабылданады:

- 1) оқу мерзімі;
- 2) оқу жоспарларының мазмұны (оқыған пәндер тізбесі);
- 3) оқыған пәндер көлемі (сағатпен);
- 4) емтихандар мен сынақтардың жүйесі;
- 5) оқушылардың оқу мерзіміндегі бағасы (жетістіктері);
- 6) тәжірибенің болғандығы мен ұзақтығы;
- 7) мемлекеттік қорытынды аттестаттау деңгейімен болғандығы;
- 8) бітіретін квалификациялық жұмыстардың тақырыбы мен жұмыстардың болуы;

9) оқыту формасы;

10) қосымша білімнің болуы.

Оқытылған пәндер тізбесіндегі айырмашылық 30%-дан асатын кезінде оқу бағдарламасының мазмұны қаралады. Алынған білім мен тәжірибе оқу жоспарында және оқыту әдісінде болуы мүмкін айырмашылықты ескере отырып, қорытынды дайындық позицияларымен бағаланады.

Объективті сараптамалық қорытынды жасау үшін жұмыс органы әңгімелесу ұйымдастырады және әңгімелесу қорытындысы бойынша айырмашылықты зерделеу және жою үшін өтініш берушіні білім беру мекемесіне жібереді немесе мына жағдайда тест өткізеді:

1) бақылаулардың түрінде (сынақ, емтихан), тәжірибе ұзақтығында, сонымен бірге оқытылған пәндердің сағат көлемінде 20% және одан көбірек айырмашылық болса;

2) егер пәндер тізбесінде 30%-дан жоғары айырмашылық болып оқу бағдарламасының мазмұнын қарау мүмкін болмағанда;

3) егер құжатта Қазақстан Республикасының білім деңгейлері бойынша даярлау және мамандық бағыттарының классификаторларында жоқ мамандық берілсе. Мұндай жағдайда білім мазмұны сәйкестігін белгілеу, барабар мамандық бойынша жүргізіледі. Ұлттық аккредитациялау орталығы мәселелерді онтайлы шешу туралы мына негізде ұсыныс енгізеді:

1) білім беру жөніндегі құжаттарды мойындау туралы оң қорытынды;

2) білім мазмұнының сәйкестігі туралы оң сараптамалық қорытынды;

3) Қазақстанда және білім туралы құжат берілген елде білім беру құрылымына қойылатын жалпы талаптар сәйкестігі;

4) Қазақстан Республикасы қол қойған және қабылдаған нострификациялау мен міндеттер туралы халықаралық келісімдер;

5) үлгі (прецедент).

Алдыңғы тарауларда көрсетілген негіздердің бірі бойынша теріс пікірдегі қорытын-

ды, нострификация туралы куәлік беруден бас тарту себебі болуы мүмкін.

Сондай-ақ білім беру жөніндегі құжаттарды нострификациялау туралы куәлік беруден бас тарту туралы ұсыныс қабылданады, егер:

1) шет мемлекетте кәсіби білім туралы құжатты алу үшін жалпы нормативтік оқыту кезені (жалпы орта білімді аяқтағаннан кейін) Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартында көзделгендегіден кемінде бір жылдан аз болса;

2) білім туралы құжат берілген елде олардың иелеріне Қазақстандағыдан аз академиялық және/немесе кәсіби құқықтар берілсе (мысалы, білім туралы құжаттың иелерінің жоғары оқу орындарына, магистратураға түсуге құқығы жоқ, кәсіби қызметке құқығы жоқ);

3) даярлық бағыты бастапқы, орта және жоғары кәсіби білім бағыттары мен мамандықтарының қазақстандық тізбесіне сәйкестендірілмесе.

Ұлттық аккредитациялық орталық, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау жөніндегі комитетіне (бұдан әрі Комитет) білім беру жөніндегі құжаттарды нострификациялау туралы ұсыныс жасайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау жөніндегі комитеті нострификациялау туралы ұсыныс негізінде шешім шығарып, бұйрықпен ресімдейді.

Білім беру жөніндегі құжатты нострификациялау туралы шешім негізінде, Ұлттық аккредитациялау орталығы белгіленген түрдегі тиісті куәлік береді.

Білім беру жөніндегі құжатты нострификациялау туралы куәлікке Комитет төрағасы қол қойып, елтаңбасы бар мөрмен расталады.

Куәлік өтініш иесінің өзіне немесе оның сенім артуымен өзге тұлғаға беріледі.

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ** — меншік түріне, типтері мен түрлеріне карамай өзара іс-әрекет етуші 1) білім беру ұйымдарының; 2) білім берудің түрлі деңгейі үшін сабақтас білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік жалпыміндетті білім стандарттарының; 3) білім беру бағдарламаларын және білім беру жүйесін дамытуды іске асыруды қамтамасыз етуші білім беруді басқару ұйымдары мен оларға ведомстволық бағынысты ұйымдардың жиынтығы.

Сипаты ел дамуының әлеуметтік-экономикалық деңгейімен, саяси құрылымымен, мәдени-тарихи және ұлттық ерекшеліктерімен айқындалады.

Қазақстан Республикасының білім жүйесі:

1) білім деңгейінің сабақтастығын қамтамасыз етуші мемлекеттік жалпыміндетті білім стандарттары мен білім берудің оқу бағдарламалары;

2) меншік түріне, типтері мен түрлеріне байланыссыз білімдік бағдарламаларды жүзеге асырушы білім беру ұйымдары;

3) білім беруді басқару ұйымдары мен тиісті инфрақұрылымдары, соның ішінде білім сапасы мониторингін жүзеге асыратын, ғылыми және оқу-әдістемелік қамсыздандыратын өзара іс-әрекет етуші ұйымдардың жиынтығын білдіреді.

**Білім беру жүйесінің міндеттері:**

1) ұлттық және жалпыазаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту және кәсіби орнықтыру мақсатына бағытталған сапалы білім алуға қажетті жағдай жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіншілігін дамыту, адамгершіліктің берік негізі мен салауатты өмір салтын қалыптастыру, даралығын дамыту үшін жағдай жасау жолымен интеллектіні байыту;

3) азаматтықты және отансүйгіштікті, өз Отаны — Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілігін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халықтық дәстүрлерді сый-

лауға, конституцияға және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне деген саналы қатынасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне араласу; қазақтың және республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін оқып үйрену; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;

6) педагогика қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының дербестілігі автономдығын кеңейту, білім беруді басқаруды демократизациялау;

8) қоғам мен экономика қажеттілігіне жауап беретін білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру;

9) оқытудың, соның ішінде кәсіби білімнің қоғам мен еңбек нарығының өзгеретін қажеттілігіне тез бейімделуге септігін тигізетін кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық жаңа технологиясын ендіру және пайдалану;

10) жалпы оқытумен, жұмыс орны және еңбек нарығының қажеттілігін қамтамасыз ететін және әрқайсысына өзінің білімге негізделген жеке потенциалын қоғамда ең жоғары деңгейде пайдалануға көмектесетін өмірі бойында оқыту жүйесін дамыту;

11) білімді, ғылымды және өндірісті интеграциялау;

12) оқушылардың кәсіби бағдар алуын қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушімен және басқа да әлеуметтік серіктестермен белсенді өзара іс-әрекет ету жолымен техникалық және кәсіби білім берудің озбалы дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ СЫРТҚЫ ОРТАСЫ** — қайсыбір аймақтың білім

жүйесінің ішкі сипаттамасына әсер ететін табиғи-климаттық, демографиялық, экологиялық, әлеуметтік-экономикалық, саяси факторлардың әр түрлі жиынтығы.

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕПЕ-ТЕНДІГІ** — қоғам алдында тұрған міндеттердің сипаты мен мазмұнына білім беру жүйесінің сапалық-сандық параметрлерінің сәйкестік деңгейі.

**БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІ** — 1) ТМД елдерінде білім беруді орталықсыздандыру мен орталықтан сыртқа тебуші күштерді жеңу барысында білім беру саясатында сабақтастық пен бірлікті сақтауды білдіретін шартты ұғым; бұл ұғым білім берудің ұлттық жүйесін әлемдік жүйемен кіріктіруді көздейді; 2) білім беруді орталықсыздандыру кезінде білім берудің барлық ағымында жалпы мемлекеттік бірлік сақталатын кеністік.

Бұл жекелеген білім беру ұйымдарының өзара байланысы мен сабақтастығын және мемлекеттің әрбір азаматтың тұрған орнына қарамастан толыққанды білім алу құқын сақтайды.

**БІЛІМ БЕРУ КОНСОРЦИУМЫ (ББК)** (ұғымды А.М. Достияров әзірлеген) — екі немесе бірнеше жоғары оқу орындарының заңды тұлға құрмай қызмет істейтін уақытша оқу бөлімшелері.

ББК білім беру іс-әрекеті саласында бірлескен келісім негізінде құрылады және жоғары оқу орындарының бірлескен іс-әрекеті туралы келісімшарт түрінің бірі. Мұнда заңды тұлға өз қорлары мен қаражатын біріктіреді, өздерінің білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету үшін күштерін үйлестіреді және Қазақстан Республикасының ББК аймағында тұратын азаматтарының білім алуы үшін әлеуметтік-экономикалық жағдай жасайды.

ББК тараптарына консорциумның, егер консорциумдық келісімде өзгелері айтылмаған болса, білім беру іс-әрекетімен байланысты міндеттері бойынша ниеттестік жауапкершілік артылады.

ББК әдеттегідей, мамандықтар немесе Қазақстан Республикасының, сондай-ақ басқа мемлекеттер жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламасы бойынша оқығысы келетін студенттер үшін жағдай жасау мақсатында ірі аймақтық жоғары оқу орындарында ұйымдастырылады. Бұл кезде ББК мамандықтарын лицензиялау қажеттілігі болмайды.

**БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІПТІК САНАТТАРЫ** — қызметкерге кәсіптік міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін нормативтік критерийлерге сәйкес келетін педагогикалық және басқару жұмысындағы біліктілік, кәсібилік және нәтижелілік деңгейі.

**БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ** — мақсатты, педагогикалық негізделген, білім субъектілерінің бірізді іс-әрекет процесі барысында тұлғаны оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешіледі.

**БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ** — тұрғындарға оның білімдегі қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында көрсетілетін қызмет (әдетте, ақылы).

**БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАРКЕТИНГІ** — білім беру қызметін ұйымдар мен жеке тұлғаларға ұсынудағы баға белгілеуді анықтау, жоспарлау, ілгері жылжыту процесі.

Оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін жананы жасақтау және қолданыстағыны жетілдіру мақсатында білім беру қызметіндегі нарыққа мониторинг және талдау жасайды.

**БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ** — ғылыми білім, білік пен дағдылар, шығармашылық тәжірибе мен қатынас жүйесі, мұны меңгеру тәрбиеленушіде ақыл-ойы мен дене қабілетін, жан-жақты дамуын, оларда дүниетаным, мораль, мінез, қоғамдық өмір мен еңбекке дайындықты қамтамасыз етеді.

**Материалдық және формалды білім беру** — жалпы білім беру мазмұнын анықтау принциптерін айқындайтын тұжырымдамалар.

Терминдер XVIII ғ. екінші жартысында пайда болды және XIX ғ. кең таралды. Материалдық білім беруді жақтаушылар мектеп оқушыларына берілетін білім көлемі тек қана теориялық емес, практикалық, қолданбалы маңызы болуы тиіс деп санады. Формалды білім беруді жақтаушылардың тұжырымдамасы бойынша басты назар оқушылардың қабілетін, олардың ойлауын, еесте сақтауын, ерік күшін дамытуға бағытталуы тиіс. Бұл тұжырымдамалардың бір-біріне қарсы тұруы классикалық және шынайы білім беруді жақтаушылар күресінде көрінді.

**Элементтері (компоненттері):**

- **табиғат, қоғам, техника, ойлау және әрекет тәсілдері туралы білім.** Бұл білімді меңгеру оқушылардың санасында дүниенің дұрыс бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді, оны танымдық және практикалық іс-әрекетке дұрыс әдіснамалық жол табумен қаруландырады;

- **іс-әрекеттің бұрыннан белгілі тәсілдерін жүзеге асыру тәжірибесі,** осы тәжірибені меңгерген тұлғаның білімі, білігі мен дағдысында іске асырылады. Осы тәжірибе мазмұны құрамындағы жалпы интеллектуалдық және практикалық дағды мен біліктер жүйесі нақты іс-әрекеттер жиынының негізі болады және өскелең ұрпақта халықтың әлеуметтік мәдениетін сақтау қабілетін қамтамасыз етеді;

- қоғам алдында пайда болатын жаңа проблемаларды шешу жөніндегі **шығармашылық, іздену іс-әрекет тәжірибесі.** Ол бұрын меңгерілген білім мен білікті жаңа жағдаятта өз бетінше іске асыруды, іс-әрекеттің ендігі белгілі тәсілдері негізінде жаңа тәсілдерді қалыптастыруды талап етеді. Әлеуметтік тәжірибенің осы түрі жас ұрпақтың қоғамдық мәдениетті одан әрі дамытуға қабілетін арттырады;

- адамның іс-әрекет нысандарына немесе құралдарына, оның қоршаған ортаға, басқа адамдарға деген қарым-қатынасынан көрінетін, оның құндылық жүйесіне қосыл-

ған жеке басы үшін анықталған нысанды эмоционалды қабылдаудан көрінетін **құндылық қарым-қатынас тәжірибесі.** Білім беру мазмұнының осы элементі, оларды ескергенімен, білімнен, біліктен тұрмайды. Дүниеге, өз-өзіне және басқаларға деген қатынас нормалары дүниеге деген көзқарас идеясын ғана емес, олардың шындығына, оларға деген он қатынасқа көз жеткізуді де көздейді. Бұл қатынас адам мінезінде, практикалық және интеллектуалдық іс-әрекет сипатында көрінеді, бұл білім, сенім мен практикалық іс-әрекет жиынтығы.

Әлеуметтік тәжірибенің аталған элементтерін меңгеру оны жеке тәжірибеге айналдыруға арналады, оқушылардың қызметін ерекше түрде ұйымдастыру негізінде әлеуметтікті тұлғалыққа «көшіреді». Барлық элементтер өзара байланысқан және өзара шарттасқан. Білік білімсіз мүмкін емес. Шығармашылық жұмыс белгілі бір білім мен біліктің мазмұнды материалында жүзеге асырылады. Тәрбиенің қандай да бір қатынасы анықталатын нысаны туралы білімнің болуын көздейді. Мінезқұлық дағдылары мен білігін меңгеруді қарастырады. Әлеуметтік тәжірибенің осы элементтерін меңгеру адамға қоғамда табысты қызмет етуді, жақсы орындаушы болуды ғана емес, өз бетінше әрекет етуге, жүйеге тек «кіру» емес, сонымен бірге оны өзгертуге мүмкіндік береді.

**Қалыптастыру көздері** — мәдениеттің барлық көптүрлілігі, оның ішінде ғылым, материалдық және рухани құндылық өндіру, қоғамдық қатынастар тәжірибесі, рухани құндылықтар, қоғамдық сана формасы, адам қызметінің түрлері (практикалық-қайта құру, танымдық, коммуникативтік, бағалы-бағдарлы, көркемдік іс-әрекет);

**Іріктеуге қойылатын талаптар:**

- нақты-тарихи және психологиялық талаптарды есепке алу;

- білім беру ұйымдарын бітірушілерінің өмірге белсенді араласуын және тұлғаның алуан түрлі психологиялық қасиеттері мен

сапасын дамыту міндеттерін шешу үшін құндылық пен қажеттілік;

– оқушының даралық-тұлғалық дамуын, олардың қабілеттерін, дарындылығы мен қызығушылығын есепке алу.

#### **Қалыптастыру факторлары:**

– қоғамның білімді адамдарға қажеттілігі;

– қоғамның белгілі бір тарихи даму кезеңіндегі білім беру ұйымдарының алдына қоятын мақсаттары;

– оқыту процесінің шынайы мүмкіндіктері;

– оқушылардың тиімді мүмкіндіктері;

– тұлғаның білім алуға қажеттілігі.

#### **Құрастыру принциптері:**

• білім мазмұнының барлық элементтері оны құрастырудың барлық деңгейінде қазіргі заманғы ғылым мен өндіріс деңгейіне және дамушы ізгілікті демократиялы қоғамның негізгі талаптарына сәйкес келуі;

• оқу материалының мазмұнын құрылымдау мен құрастыру кезінде оқытудың мазмұндық және процессуалдық жақтарын есепке алу принципі. Бұл принципті іске асыру адамзат іс-әрекетінің барлық түрін оқу жоспарындағы оқу пәндерінің барлығында өзара байланыста көрсетуді көздейді;

• оқушы тұлғасының дамуы мен қалыптасуын есепке ала отырып, білім мазмұны компоненттерінің теңсалмақтығын, пропорционалдығы мен үйлесімділігін көздейтін білім мазмұнының құрылымдық бірлігі принципі.

Принциптер білім мазмұны құрамына нені қосу, нені қоспау керектігінің басты бағыты болып табылады.

#### **Іріктеу критерийлерінің жалпыдидактикалық жүйесі:**

– білім беру мазмұнында оқушыға қолжетімді, жалпыбілімдік көзқарас тұрғысынан маңызды саналатын ғылыми әдістер мен мектепте оқытылатын білім салаларының типтік аспектілі проблемаларының анықтап көрсетілуі, демократиялық қоғамның шығармашыл, өзіндік ойлы азаматын қалыптастыру міндетінің тұтастай бейнеленуі;

– мектепте оқылатын жеке оқу пәні мен оқу пәндері жүйесі құрамындағы білім беру мазмұнының жоғары ғылыми және практикалық маңыздылығы;

– білім беру материалының мазмұн күрделілігі нақты жастағы оқушының шынайы оқу мүмкіншілігіне сәйкестігі;

– мазмұн көлемінің осы пәнді оқытуға бөлінген уақытқа сәйкестігі;

– білім мазмұнын құруда халықаралық тәжірибені есепке алу;

– мазмұнның қазіргі заманғы білім беру ұйымдарының қолдағы бар оқу-әдістемелік және материалдық базасына сәйкестігі.

Білім беру мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары (МЖБС) негізінде әзірленетін жалпы білім беретін оқу бағдарламаларымен айқындалады.

1. Мазмұнына және олардың бағытына қатысты жалпы білім беретін оқу бағдарламалары:

1) жалпы білім беретін (типтік, жұмысшы);

2) кәсіби (типтік, жұмысшы);

3) қосымша болып бөлінеді.

Жалпы білім беретін және кәсіби білімнің типтік оқу бағдарламалары мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары талаптарына сәйкес әзірленеді.

Жалпы білім беретін және кәсіби білімнің жұмыстық оқу бағдарламалары тиісті типтік оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді.

2. Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру міндетін шешуге, тұлғаның қоғам өміріне бейімделуіне, кәсіп пен мамандықты саналы таңдау мен игеру мақсатына бағытталады.

Мазмұнына қатысты жалпы білім беретін оқу бағдарламалары:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;

2) бастауыш білім;

3) негізгі орта білім;

4) жалпы орта білім оқу бағдарламалары болып бөлінеді.

Дарынды балалардың ықтимал мүмкіншілігін толық дамыту үшін оқу бағдарла-

масының жекелеген пәндерін тереңдетіп оқытуды көздейтін, арнайы оқу бағдарламасы әзірленеді.

Психология-дәрігерлі-педагогикалық кенес ұсыныстарын есепке алумен айқындатын тұлғалардың жекелеген санаттары үшін оқушылар мен тәрбиеленушілердің даму ерекшелігі мен ықтимал мүмкіншілігін есепке алатын арнайы білім беретін оқу бағдарламалары әзірленеді.

3. Кәсіби білім беру оқу бағдарламалары экономика салаларында кәсіби қызмет бағыттары бойынша техникалық, қызмет көрсету және басқару еңбегі мамандарын дайындауға, тұлғаның кәсіби және жалпы-білімдік деңгейін жүйелі арттыруға арналып жасалады.

Мазмұнына қатысты кәсіби білім оқу бағдарламалары:

- 1) техникалық және кәсіби білім;
- 2) ортадан кейінгі білім;
- 3) жоғары білім;
- 4) жоғарыдан кейінгі білім оқу бағдарламалары болып бөлінеді.

4. Қосымша білім беру оқу бағдарламалары тұлғаның жеке өзін-өзі анықтауын дамыту, оқушылардың шығармашылығы, олардың қабілетін іске асыру, қоғам өміріне бейімделу, азаматтық сана, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытты мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдай жасауды қарастырады (қ. *Қосымша білім беру*).

5. Оқытудың жаңа технологиясын сынау, білімнің жаңа мазмұнын ендіру мақсатында эксперимент режимінде жұмыс жасайтын білім беру ұйымдарында (эксперименттік алаңдарда) іске асырылатын эксперименттік білім беру бағдарламалары әзірленеді.

6. Кіріктірілген білім беру оқу бағдарламаларын білім беру саласындағы өкілетті ұйыммен келісе отырып білім беру ұйымдары әзірлейді. Кіріктірілген білім беру оқу бағдарламалары пәнаралық және деңгейаралық, ЖОО-аралық және халықаралық болуы мүмкін.

**БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙҒА СӘЙКЕС ӨЗГЕРТУ (МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ)** — білім беру мазмұнын қазіргі талаптарға сәйкес өзгерту, оқыту процесінде жана, кіріктірілген және жалпыланған курстар мен пәндерді енгізу.

**БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫ** — білім беру мекемелеріне бекітілген немесе меншік құқығы бойынша оған тиесілі ғимараттар, құрылыстар, құрал-жабдықтардың, тұтыну, әлеуметтік, мәдени және тағайындалуы басқа мүліктердің жиынтығы.

**БІЛІМ БЕРУ МОДЕЛІ** — құрылымына білім берудің жалпы мақсаттары мен білім мазмұнын, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жобалауды, оқушылар іс-әрекетін басқарудың жеке мақсаттарын, оқушыларды топтау үлгісін, бақылау әдісі мен есеп беру, оқыту процесін бағалау тәсілдерін біріктіретін білім беру жүйесі (қ. *Білім беру моделі*).

**БІЛІМ БЕРУ НЕСИЕСІ** — оқушыға кәсіби білім ақысын оқуды аяқтағаннан кейін белгілі бір мерзімде төлеу үшін мемлекеттен берілетін мақсатты несие.

**БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ БЕЙІМДЕЛГІШТІГІ** — ұсынылатын білім беру қызметтері мен әлеуметтік сұраныс арасындағы сәйкестікті белгілеуге, педагогикалық кадрлар, басқару мен қызмет етуші персоналдың жемісті жұмысы үшін жағдайлар жасауға және оны қорғауға мектеп ортасының қабілеттігі.

Негізгі **сипаттамалары**:

- барлық білім беру ұйымдарындағы ақпараттық және әлеуметтік ортаның ашық және достық сипаты;
  - білім беру бағдарламаларының әртүрлілігі мен сәйкес әдістемелік қамсыздандыру;
  - рухани-адамгершілік, интеллектуалдық және дене дамуының, азаматтық пен кәсіптік қалыптасуының толық бағалығы.
- Негізгі қызметтері**:
- себепті-ынталандырушы;



- өзін-өзі анықтау еркіндігі;
- пропедевтикалық-сауықтырушылық;
- түзету-теңгерушілік.

**БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІ** — мемлекеттік білім стандартына сәйкес тұлғаны оқыту, тәрбиелеу мен дамыту міндеттерін шешуге бағытталған оқу-тәрбие және өз бетінше білім алу процестерінің жиынтығы (қ. *Оқыту процесі, оқу процесі, оқу-тәрбие процесі*).

**БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ НӘТИЖЕСІ** — оқушылар мен тәрбиеленушілердің біліміндегі, қабілеттеріндегі, қарым-қатынастарындағы, құндылық бағыттарындағы, физикалық жай-күйлеріндегі өзгерістер.

Мемлекеттік аккредитация алған білім беру ұйымдарындағы нәтижелер мемлекеттік стандартқа сәйкес болуы тиіс.

**БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ** — білім беру іс-әрекетінің мазмұнына негізделіп алынған және оқушы құрамының психологиялық және жастық ерекшелігіне бейімделген пәндік салалардың ішкі жиыны; жалпы білім беретін мектептің оқу жоспарына қосылған оқу пәндері мен интегративтік курстар жиынтығы.

**БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ӨКІЛЕТТІ ОРҒАН** — Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы салааралық үйлестіру және басшылықты іске асырушы орталық атқарушы органы.

**БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ** — 1) қойылған талаптарға — тұлғаның азаматтық кәсіптік құзырлығының қалыптасуы мен даму дәрежесінің ішкі және сыртқы тұтынушылардың сұранысы мен күткеніне сәйкес келу деңгейімен сипатталатын білім беру процесінің жайы мен нәтижелілігі; 2) білім алушылардың белгілі бір кезеңде қол жеткізген білім және біліктілік, ақыл-ой, адамгершілік және дене тәрбиесі дамуының жоспарланған мақсатқа сәйкестік дәрежесі; 3) білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметінен күтетін білім беру процесіне қатысушылардың қанағаттанушылық деңгейі.

Ен алдымен оның МЖБС-ға сәйкестігімен өлшенеді. Білімнің қоғамдық санадағы және мемлекеттік басымдықтардағы беделінің деңгейіне және білім беру ұйымдарының қаржылануы мен материалдық-техникалық жабдықталуына, оларды басқарудағы заманауи технологияларына байланысты.

**БІЛІМ БЕРУ СТРАТЕГИЯСЫ** — білім беру саясатының негізіне құрылған тұжырымдама.

Білім берудің жүйесін тұтас әлеуметтік институт ретінде негізгі бағытын және даму принциптерін сипаттайды. Қоғамдағы басым әлеуметтік құндылықтардан, білімнің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаты және оларға жетудегі рөлі туралы түсінігін ала отырып қалыптасады.

**БІЛІМ БЕРУ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ** — оқу процесінің мазмұнына, ұйымдастырылуына қатысты көзқарастар жиынтығы және түрлі оқу орындарындағы базалық оқу пәндерін оқыту ұзақтығы, білім беру бағдарламаларының мақсатын, міндетін, ұйымдастырылуын түсінудің белгілі бір тәсілі. Республикада білім берудің гуманитарлық, этномәдени және т.б. тұжырымдамалары бекітілген және қолданыста.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ** — бір немесе бірнеше білім беру бағдарламасын іске асыратын және (немесе) оқушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ететін заңды тұлға.

**Мемлекеттік мәртебе** — білім беру ұйымының аккредитациялау кезінде белгіленген, іске асырылатын білім беру бағдарламасының деңгейі мен бағытына сәйкес анықталатын типі мен түрі.

**Түні** — жалпы ерекшелігі бар білім беру ұйымының тобы. Іске асырылатын негізгі және (немесе) қосымша білім беру бағдарламасымен анықталады.

**Түрі** — іске асырылатын жалпы білім беретін кәсіби бағдарламаларының саны мен бағыты негізінде білім беру ұйымдарының бөлімшелері (лицей, гимназия, академия, институт, университет және т.б.).

**Білім берудің мемлекеттік кәсіпорны** – Үкіметпен немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісімен, немесе жергілікті атқару ұйымдарының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылатын білім беру ұйымы.

Мемлекеттік кәсіпорындарға республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдары жатады (шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын, республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын (жоғары оқу орны) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын (мектепке дейінгі мекемелер, мектептер, лицейлер, колледждер).

**Мемлекеттік білім беру мекемелері (мемлекеттік білім мекемелері)** – Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес құрылатын білім беру мекемелері.

**Мемлекеттік емес білім беру ұйымдары** – қандай да бір мемлекеттік ұйымдармен қаржылана ма, жоқ па, оған қарамастан, қарамағында болмайтын оқу орындары.

Мемлекеттік ұйымдардан қаржылық қолдау алуы да, алмауы да мүмкін.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН АККРЕДИТТЕУ** – 1) типі бойынша (жоғары оқу орны) және түрі бойынша (институт, академия, университет) жоғары кәсіптік және жоғарыдан кейінгі кәсіптік білім бағдарламаларын бітірушілерге білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттар беруге құқы бар, білім бағдарламаларының тізімін бекітіп, орындайтын ұйымның мәртебесін мемлекеттің мойындауы (кезекті мерзімге растау).

Мемлекеттік аттестациялаудың негізінде, жоғары оқу орындарының өтініштері бойынша жүзеге асырылады;

2) мемлекеттік, мемлекеттік емес, сондай-ақ жеке орган тұтас ЖОО немесе оның жеке бағдарламасының сапасын белгілі бір алдын ала бекітілген критерийлер мен стандарттарға сәйкестігін формалды мойындау үшін бағалайтын процесс.

Осы процестің нәтижесі, әдетте, мәртебе беру (шешім «иә/жок»), мойындау, кейде белгілі бір уақыт аралығында жарамды қызметке лицензия беру болып табылады. Процессе өзін-өзі бағалау және сыртқы бағалаудың енуі мүмкін. Аккредиттеу процесі әдетте арнайы қызметтің 3 сатысын қамтиды: (1) ЖОО немесе жеке бағдарламаның жалпы қызметіне ықпал ететін оқытушылар, әкімшіліктегілер мен қызметкерлер ұйымдастырған *өзін-өзі бағалау процесі*. Өзін-өзі бағалаудың нәтижелері аккредиттеу органының стандарттары мен критерийлері негізге алынатын есеп беруде баяндалады; (2) аккредиттеу ұйымы таңдаған сарапшылар тобы орындайтын *ЖОО-на бару*. Олар ЖОО-да болғанда оқытушылармен, басшылармен сұхбат жүргізеді. Осы жұмыстың нәтижесіне комиссияның қорытындылары мен ұсыныстарын енгізетін есеп беру жатады; (3) сапаның белгіленген критерийлері және аккредиттеу бойынша соңғы шешім негізінде, ЖОО мен тиісті сатыларға мәлімденетін *комиссияның* барлық фактілерді *бағалауы*;

3) диплом немесе дәреже беруге құқығы жоқ ЖОО осы құқықты құзыретті органнан алатын құрал. Осындай орган болып мемлекет, осы немесе шет елдің үкіметтік агенттігі немесе ЖОО есептеледі.

Түрлері:

- *институционалдық* – жалпы ЖОО, оның барлық оқу бағдарламалары және оқытудың ресурстары мен әдістерін қоса аккредиттеу;

- *аймақтық (АҚШ)* – белгілі бір географиялық белдеуде аккредиттеу рәсімін орындайтын, ассоциация немесе аккредиттеу бойынша комиссия мойындаған ЖОО-на беретін аккредиттеу. АҚШ-та әдетте үш немесе одан да көп штаттарда білім беру ұйымдарын аккредиттеуді орындайтын алты аймақтық аккредиттеу комиссиясы жұмыс істейді;

- *мамандандырылған* – курстардың мазмұнына және оқу бағдарламаларына ерекше стандарттар қолданатын «маманданды-

рылған» аккредиттеу органдары немесе аккредиттеу бойынша агенттіктердің жекелеген құрылымдық бірліктерді немесе бағдарламаларды (мысалы, кәсіптік оқытуда) аккредиттеу.

Аккредиттеу бойынша шешімдер шектелген уақыт мерзіміне қабылданады.

Аккредиттеу бойынша лицензияның жарамды мерзімін, осы мерзім өткеннен кейін оны жанартуға шешім қабылдауға құқы бар аккредиттеуші агенттік бекітеді;

• **аккредиттеуші орган** — бағаның стандарттары мен критерийлерін жасайтын және алқалық, оның ішінде берілген критерийлер сақталуын куәландыру үшін бағаланатын ЖОО сарапшыларының қатысуымен бағалауды жүргізетін ұлттық немесе аймақтық деңгейдегі үкіметтік, үкіметтік емес немесе жеке білім ұйымы. Ол ресми статус, ал кейде жекелеген ЖОО немесе бағдарламаларға бұл құрылымдық бірліктер бағалау рәсімін табыспен өткенде лицензия беруге өкілетті. Аккредиттеуші органдарының әр түрлі типтері бар: жалпы аккредиттеуді, аймақтық аккредиттеуді, кәсіптік аккредиттеуді, ұлттық аккредиттеуді, қашықтан оқыту аккредиттеуін, т.б. орындайтын агенттіктер, кеңестер, комиссиялар, т.б.;

• **аккредиттеушілік мәртебе** — олар аймақтық, ұлттық немесе мамандандырылған деңгейде аккредиттік агенттік бекіткен тиісті стандарттар немесе талаптарды қанағаттандырады деген ЖОО немесе жеке бағдарламаға берілген формалдық мойындау;

• **аккредиттеу портфолио**сы — белгілі бір мәселеде жеткен табыстар туралы куәландыратын, әсіресе, білім беру стандарттарына қатынасы бойынша мәліметтер жиынтығы. Бұл қызмет өкілетті ұйыммен, немесе сыртқы сарапшылармен орындалады;

• **баға** — 1) тұтас жоғары оқу орнының (институционалды баға) немесе жекелеген бағдарламалардың (бағдарламаны бағалау) оқыту мақсаттарының тиімділігі мен сәйкестігіне пікір білдіру үшін ақпаратты

жүйелі жинау мен қолдану процесі. Ол жоғары оқу орнының негізгі қызметін (білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштері) және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін бақылауды қамтиды. Баға аккредиттеу бойынша формалды шешім анықтық формасын қабылдау үшін қажет, бірақ ол аккредиттеу туралы оң шешімге келуге міндетті емес; 2) студенттерді оқыту мен дамытуын жетілдіру, сондай-ақ оқытудың тиімділігін көтеру мақсатында алдын ала жасалған схема бойынша студенттің соңғы білімін бақылау процесі;

• **аудит** — олардың (оқу жоспарларына, қызметкерлерге, инфрақұрылымға, т.б. қатынасы бойынша) қойған мақсаттары мен міндеттерінің орындалуын анықтауға/бағалауға негізделген мекеме немесе бағдарламаны бақылау процесі. Ұлыбританияда аудит ЖОО-ның өзі орындайтын институционалды процесс болса, 2002 ж. бастап осы процесс «институционалды бақылау» деп аталады;

• **институционалды аудит/институционалды бақылау** — алқалық бақылау жолымен орындалатын, оның барысында осы ұйымдағы сапаға жету мен камсыздандыру рәсімдері мен механизмдері қарастырылатын фактілерді тексеруге негізделген процесс;

• **аудиторлық есеп, баға туралы есеп, тексеру туралы есеп** — бұл құжат сарапшылар тобы ЖОО-да болып және оның көрсететін қызметіне баға бергеннен кейін дайындалған, әдетте, институционалдық сапаға, академиялық стандарттарға, білім беру инфрақұрылымы мен персоналдың жұмысына негізделген.

Есеп ЖОО сапаны қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды қалай ұйымдастырып өткізеді және осы іс-шаралардың бағдарлама сапасына ықпалын сипаттайды. Бақыланатын ЖОО алғашқыда аудиторлық есеппен өзінің ескертпелері мен түсіндірмелерін білдіру үшін қолжазба нұсқасында, кейін ресми дайын түрінде танысуына бо-

лады. Есепке аудиторлардың қорытындылары мен ұсыныстары, жүргізілетін аудит әдістемесінің сипаттамасы енгізіледі; әр түрлі қосымшаларда тексеру барысында сарапшылар қойған сұрақтар енгізіледі. Еуропада бұл құжатты жиі «баға туралы есеп» немесе «тексеру туралы есеп» деп атайды.

Бұл есеп аккредиттеу агенттіктің жұмысы туралы да, сапаны қамтамасыз ету бойынша іс-шаралардың және осы шаралардың, оның қол астындағы ЖОО бағдарламаларының сапасын көтеруге әсері сипатталуымен құрастырылуы мүмкін;

• **ішкі аудит** – жоғары оқу орындарында ішкі аудитті өткізудің үш моделі бар: (1) өздерінің қызметкерлерінің күшімен, (2) аудиторлық консорциум арқылы (білім беру аясында да немесе басқа салалардағы бірнеше клиенттерге қызмет көрсете алатын) және (3) ішкі аудитте маманданған бухгалтерлік фирмалармен;

• **бенчмарк** – оның көмегімен бір нәрсенің сапасын немесе қандай да бір әрекеттің нәтижесін өлшеуге немесе бағалауға болатын бастапқы негізі санақ нүктесі немесе критерий, стандартты белгі. «Бенчмарк» термині қандай да бір әрекетті аса үздік орындағанының өлшемін білдіретін эталон. Осы стандарттық белгінің, эталонның болуы бенчмаркинг өткізудің қажетті шарты болып табылады;

• **бенчмаркинг** – әр түрлі бағдарламалардың қызметіне, әдетте, үлгіні белгілеу, проблемаларды жорамалдау мен басым жағын анықтау мақсатында салыстыру жасауға мүмкіндік беретін өте маңызды жедел мәліметтерді жинау мен таратудың стандартты әдісі.

Бенчмаркинг көмегімен ұйымның (немесе бағдарламаның) сыртқы бағасы беріледі. Бенчмаркинг былай да анықталады, мысалы:

– диагностика құралы (бағаны анықтаудың құралы);

– ұйымға (немесе бағдарламаға) басқа да әр түрлі әрекеттің аялары бойынша өзінің

қызметін жақсарту әдісін табу мақсатымен салыстыру жүргізуге мүмкіндік беретін өзін-өзі жетілдіруге арналған құрал (сапа менеджментінің құралы);

– сабақ алу, аса үздік нәтижелерге жетуге көмектесу мақсатымен қызметтерді немесе процестерді ашық бірлескен бағалау;

– мекеме қызметін жақсарту бағытындағы оқытудың әдісі;

– ұқсас ұйымдардың жұмыстары салыстырылатын және өлшенетін, олардың ішкі әрекеттеріне сыртқы баға берілетін үздіксіз процесс.

Бенчмаркинг арнайы қадамдар мен құрылымдық рәсімдерді қарастырады. Салыстырылуына немесе ақпараттың қандай түрі жиналатынына байланысты бенчмаркингтің әр түрлі типтері де бар: стратегиялық бенчмаркинг (стратегияда бәсекелестер не қолданатынына негізделген); операциялық бенчмаркинг (өнім қалай шығарылатынына, басқа ұйымдар өзінің қызметін қалай жақсы жүргізетінін және олар осыған қалай жететініне негізделген, немесе статистикалық бенчмаркинг осы мәліметтер мен қызметтің көрсеткіштерін салыстыруға негізделген. Бұдан басқа бенчмаркинг сандық өлшеуге (шығындар, жұмыс жүктемесіне, қандай да бір бағдарламаның өнімділігіне) бағытталған тік немесе нәтижелерге шығындарды бір процесте қарастыратын көлденең болуы мүмкін. Бенчмаркинг бағдарламаларының кейбір мысалдары:

1. 1990 жылдардың басында АҚШ бенчмаркингті жоғары білім саласына NACUBO (1991–92 жылдардың басында колледждер мен университеттердегі бизнес-білімнің ұлттық қауымдастығы бенчмаркингке статистикалық және қаржылық ынғайды бейнелеген бенчмаркингтің жобасы) қолдана бастаған бірінші ел болды.

2. Бірлескен Корольдікте бенчмаркинг Диаринг комитетінің есебінен кейін, 1997 жылы ғана жоғары білімде сапаны қамсыздандыру құралы ретінде пайда болды.

3. Еуропада бенчмаркинг жоғары білімде жиі қолданбайды, бірақ 1995 жылы Копенгагендегі Бизнес мектебінде, 1996 жылы техникалық университеттерден тұратын Неміс бенчмаркинг клубында бастамалар қолға алынды;

• **ішкі бенчмаркинг** — жоғары оқу орындарының әр түрлі құрылымдарында түрлі бағдарламалардың қызметіне жүргізілетін бенчмаркинг (салыстыру). Ішкі бенчмаркинг, әдетте, күрделі бағдарламалармен жұмыс істейтін әр түрлі бөлімдері (бірліктері) бар, ірі орталықсыздандырылған оқу орындарында жүргізіледі;

• **сыртқы (бәсекелестік) бенчмаркинг** — өзара бәсекелес деп есептелетін оқу орындары беретін ақпаратқа негізделген өлшемнің арнайы бірліктері көмегімен негізгі салалардағы қызметке жүргізетін бенчмаркинг (салыстыру):

— **функционалды бенчмаркинг** — ұқсас оқу орындарының практикалық қызметін, оның ішінде белгілі бір салаға жататын ұқсас, бірақ бәсекелес емес процестерді салыстыратын бенчмаркинг;

— **трансинституционалды бенчмаркинг** — көп оқу орындарын қамтып, олардың дереккөздеріне байланыссыз жаңа инновациялық практиканы іздеуді қарастыратын бенчмаркинг;

— **жанама бенчмаркинг** — жарияланған статистикалық мәліметтерді салыстырмалы талдау үшін қолданылатын білім мекемесінің қызметінің көрсеткіштерін қарастыратын квази-бенчмаркинг. Бенчмаркингтің бұл түрі осы мекемелердің ерікті және белсенді қатысуына байланысты емес (бенчмаркингтің басқа түрлерінде қажетті шарт болып табылатын) және орталық қаржылық органдардың, нарықтық талаптар мен т.б. ықпалымен өткізіледі. Қазіргі кезде Еуропада болып жатқан бенчмаркингтің көптеген процестері нақ осы сипатта;

— **белгілі бір параметрлер бойынша бенчмаркинг** — оқу орындарын белгілі бір параметрлері бойынша (практикалық әрекеті

немесе қызметі, шығарылған немесе кеткен студенттердің саны, коммуникацияның қол жетімділігі, т.б.) салыстырады. Ол бір оқу орнында қол жеткен деңгейді басқаларындағы ұқсас процестермен салыстырады;

— **процестерге негізделген бенчмаркинг** — сандық көрсеткіштердің (статистикалық бенчмаркинг) жай салыстыру шеңберінен шығатын және белгілі бір нәтижелерге әкелетін процестерді қарастырады. Ол университеттің дәстүрлі функциялары шекарасынан шығатын міндеттерден, қадамдардан тұратын қызметті талдайды. Сонымен қатар мәліметтерді ғана емес, сол арқылы нәтижелерге қол жеткізетін процестерді де салыстырады;

• **ең жақсы практика** — нәтижесінде ЖОО-ның тұтас қызметін немесе жеке бағдарламаны жақсартуға әкелетін жетілдірілген әдістер немесе инновациялық процестер, сенімді практика. Ең жақсы практиканы қолданғанда ЖОО қызметін немесе жеке бағдарламаның әрекетін жақсартуға кепілдік беріп, үлгі немесе эталонды көрсету міндетті емес. ЖОО мен бағдарламалардың айтарлықтай сандық және сапалық айырмашылықтары болғандықтан, ол белгілі бір жағдайға ең жақсы жолмен тендестіруді көздейді;

• **сертификациялау** — сол арқылы агенттік немесе қауымдастық сапаның белгіленген стандартына қол жеткізгенін мойындайтын және әдетте, осы мойындауды алатын оқытушыға немесе студентке белгілі бір жеңілдіктерге кепілдік беретін процесс;

• **практиканың кодексі (ережелер жинағы)** — міндетті жазылған бұйрықтары жоқ, бірақ академиялық сапаның менеджментіне және жоғары білімдегі стандарттарға минималды талаптары бар құжат;

• **кредиттер** — курсты (пәнді) үйрену үшін қажет уақытты белгілейтін жалпы қабылданған студенттің жүктемесінің өлшем бірлігі. Қандай да бір жоғары оқу орнында студент алған кредит басқа біреумен мойындалуы мүмкін;

• **критерийлер** – белгілі бір мақсаттар немесе стандарттарға қол жеткенін анықтауға көмектесетін өлшеуіш, үлгі-нұскалық белгі, бенчмарк. Қанағаттандырылуға тиіс (стандартқа сай болу үшін) және сонымен сандық немесе сапалық бағаның негізін камсыздандыратын сипаттамаларды, талаптар мен жағдайларды белгілі бір дәлдікпен сипаттайтын критерийлер;

• **куәландыру, мәліметтерді баяндау мәдениеттілігі** – бұл термин ЖОО өзінің қызметін өкімшілік пен оқытушылар бөлісетін анық этикалық құндылықтарға, принциптер мен ережелерге негізделген өзін-өзі бағалауға жатады. МКБК (Мектептер мен колледждердің батыстық қауымдастығы) жана стандарттарында ЖОО талап етілетін куәландыру мен мәліметтерді баяндау мәдениеті осы оқу орнының міндетіне оқыту бағдарламаларының сәйкестігі туралы мәліметтерді беруді көздейді;

• **деңгейлік дескрипторлар** – оқыту процесінде белгілі бір деңгейге жету үшін қажет білімді сипаттау. Осы сипаттама арқылы қандай да белгілі бір деңгейде игеруді көздейтін білімнің мазмұнын келтіреді. Олар оқыту процесін, нәтижелерін бақылауға және бағалаудың критерийлерін жауға арналған;

• **біліктілік дескрипторлары** – оқытудың нәтижелерін сипаттау, әдетте, олар әр түрлі деңгейлерде қалай өзгеретінін көрсететін белгілі бір деңгейдегі біліктілік сипаттамалары (әдетте, дәреже немесе диплом алғанда.)

Біліктілік дескрипторының бірінші бөлімі алдымен, академиялық оқу бағдарламаларын жасаушылар үшін қызық болады. Бұл білімнің белгілі жиынтығын, яғни студенттердің біліктілікті аларда меңгеруге тиіс оқу жетістіктерінің нәтижелерін баяндау. Екінші бөлім алдымен жұмыс берушілер үшін қызықты – бұл курсты бітіргенде студент меңгеруге міндетті типтік білім мен дағдыларды баяндау. Бар біліктілік дескрипторлары кезеңмен қайта қаралып, бас-

қа дереккөздер пайда болғанда, айталық, бенчмаркинг, әр деңгейде қосымша біліктілік дескрипторлары жасалады. Біртұтас еуропалық жоғары білім аймағын жасаумен байланысты «Біркелкі сапа үшін» бастамашыл топ Еуропаның жоғары білімі үшін бірыңғай болатын ұлттық, аймақтық және институционалды қажеттіліктерге байланысты әр түрлі мақсаттарда қолданылатын бакалавр мен магистр (*Ba Ma* дескрипторлары) дәрежелері үшін дескрипторларды жасау туралы сұрақты қарауды ұсынды;

• **тиімділік (оқытудағы)** – ЖОО белгілі бір талаптарға жетуді көздейтін оқыту немесе дәреженің белгілі бір мақсаттарына жетудің сапасын өлшеу үшін қызмет жасайтын Батыстық ассоциациясының мектептері мен колледждерін арнайы талдау немесе зерттеудің нәтижесі (мысалы, оқытудың тиімділігін зерттеу немесе институционалды тиімділік туралы есеп). Тиімділіктің өнімділіктен айырмашылығы – ол жұмсалған ресурстардың көлемімен немесе соңында алынған өнімнің көлемімен өлшенбейді.

Бағдарламаның немесе ЖОО тұтас табысының негізгі өлшемі ретінде институционалды тиімділікті студенттердің академиялық жетістіктеріне қатынасы бойынша анағұрлым толық бейнелейтін анық индикаторлар, ақпараттар әр түрлі рәсімдердің көмегімен жиналуы керек (инспекция, зерттеу, ЖОО комиссияның болуы, т.б.);

• **өнімділік (оқытудағы)** – ресурстарды, уақыт және құралдарды тиімді пайдаланып жұмысты жақсы орындау немесе нәтижеге қол жеткізу қабілеттілігі (минимум ресурстарды қолданып). Білім берудегі өнімділік физикалық (техникалық) немесе қаржылай (экономикалық) түрде болуы мүмкін.

Оқытудың өнімділігіне білім беру қызметінің белгілі бір саны мен стандарттарын азшығын жұмсап өткізгенде жетуге болады;

• **баға** – ЖОО немесе бағдарламаның сапасы туралы пікір айту мен/немесе ұсыныстарға бастайтын жүйелі және сындық талдаудың жинақталған процесі. Бағаның рө-

сімі ішкі немесе сыртқы сипатта болады. Ұлыбританияда баға – зерттеу деп аталады; • **сыртқы баға** – процесс, оның барысында мамандандырылған агенттік белгілі бір қорытындыға келу үшін ЖОО (немесе оның жеке құрылымдық бөлімшесі) қызметі туралы мәліметтерді, ақпараттарды жинайды. Сыртқы баға сыртқы сарапшылар, оның ішіне басқа ЖОО-нан әріптестер, инспекторлар кіретін командамен орындалады. Ол келесі үш операциядан тұрады:

1. Өзін-өзі бағалау есебін талдау.
2. ЖОО-да болу.
3. Бағаның нәтижелері туралы есеп дайындау;

• **индикаторлар** – ЖОО немесе бір бағдарламаның стандартқа сәйкес екеніне қорытынды жасауға мүмкіндік беретін арнайы эмпирикалық жолмен өлшенетін операциялық айнымалы. Индикаторлар қандай да бір қызметте ағымдарды анықтап, жетілдіруді қажет ететін салаларды анықтайды және/немесе оларды табысқа әкелетін мақсаттар мен шараларды салыстыруға мүмкіндік береді. Олар, сондай-ақ сапаның теориялық аспектілерін басқаша түсіндіруге қолданылады – бұл процесс операциялизациялау деп аталады. «Индикатор» терминін «өлшем» ұғымынан, яғни орындау деңгейін анықтау үшін қолданылатын мәліметтерден және «стандарт» ұғымынан, яғни белгілі бір сандық түрдегі орындалу деңгейінен ажырату қажет. Индикаторлардың типтері өз кезегінде былай жіктеледі:

1. Экономикалық индикаторлар (бюджетпен байланысқан).
2. Өнімділік индикаторлары (ресурстық салымдар мен соңғы нәтижелер арасындағы өнімділік немесе арақатынас).
3. Тиімділік индикаторлары (мақсаттар мен міндеттерге жету дәрежесі).

Үшінші, логикалық сабақтастықта жүретін, айырмашылық мыналар арасында болады.

I. ЖОО-ның (немесе бағдарламаның) арнайы ортасына – әлеуметтік, экономика-

лық, саяси, географиялық, т.б. қарайтын контекстік индикаторлар.

II. ЖОО қолданылатын материалдық-техникалық, адамдық және қаржылық ресурстарға қатысты салынған ресурстар индикаторлары.

III. ЖОО ресурстарын қолданатын, салынған қаржылар, ұйымның тұтас қызметінің тұтас менеджментіне қатысты процесс индикаторлары.

IV. Нәтижелер индикаторлары. Индикаторлардың соңғы тобы CIPO (яғни Context, Inputs, Process, Outputs – контекст, салынған ресурстар, процесс, соңғы нәтиже) моделі ретінде белгілі.

Орындау индикаторлары – бұл жоғары оқу орны немесе бағдарлама өзінің мақсаттары мен міндеттерін сапа тұрғысынан қандай дәрежеде орындайтынын өлшеуге мүмкіндік беретін бірнеше статистикалық параметрлердің қатары. Олар соңғы нәтиженің (тікелей нәтиженің) немесе салдарлардың (уақыт бойынша алшақталған нәтижелердің) сапалық және сандық шамасын береді. Сол сияқты ұйымдарға өзінің қызметіне бенчмаркинг өткізуге немесе оны басқа ЖОО қызметімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Орындау индикаторлары салынған ресурстар, процестер және түпкі нәтижелердің көрсеткіштерімен қоса тиімді жұмыс істейді.

ЖОО әр түрлі қызметтің түрлеріне тартылғандықтан және әр түрлі міндеттерді шешуге көзделгендіктен, оның қызметінің барлық аясын қамтитын бірнеше орындау индикаторларын таңдау мен қолдану өте маңызды. ЖОО-ның қызмет аяларына ықпал жасайтын осындай индикаторлардың мысалдары: бір орынға абитуриенттердің өтініштерінің саны; түсу үшін қажет балдар саны; оқытушылардың жүктемесі; жұмысқа орналастырылған бітірушілердің проценті; ғылыми зерттеулерге гранттар мен келісімшарттардың жалпы саны; жарияланымдар саны; бір оқытушыға келетін

студенттер саны; ЖОО кірістері мен оның шығындары; ЖОО материалдық-техникалық базасы; кафедралардың техникалық қамтамасыз етілуі, т.б. Орындау индикаторлары бенчмаркинг үшін де қолданылады;

• **жай индикаторлар** – бұл индикаторлардың процестің анағұрлым объективті сипаттамасын беретін, абсолюттік цифрлар формасында берілген жалпылама типі. Жай индикаторлар небір ой-пікір мен/немесе сілтемелерді болдырмайтындықтан, орындау индикаторларына қарағанда салыстырмалы;

• **лицензия/лицензиялау** – бұл процесс көмегімен үкіметтік агенттік ресми рұқсат береді: (1) белгілі бір қызметтің түрімен айналысуға және/немесе қандай да бір атауды қолдануға алдын ала анықталған біліктілік талаптарына сай тұлғаларға; (2) бағдарламаларға, олар қашан аккредиттеуден өткенше сәйкес оқу жоспарларын бағалау негізі болып қызмет етуге; (3) ұйымдарға арнайы қызметті орындау үшін.

Лицензия (сол жағдайда, егер оны жекелеген адамдар алатын болса) әдетте емтихан нәтижесінде немесе аккредиттелген оқу орнын бітіру нәтижесінде беріледі. Кейбір елдерде қосымша практикалық әрекет кезеңі де қажет болады. Бұл жағдайда мемлекеттік лицензиялауды институционалды немесе арнайы аккредиттеумен араластыруға болмайды;

• **соңғы нәтижелер** – индикаторлардың кең спекторы көрсететін (оқушылардың білімі, когнитивтік іскерліктері мен дағдылары) бағдарламалардың жорамалданған немесе жеткен нәтижелері немесе институционалды мақсаттар мен міндеттерге жету. Бұл жоспарланған және белгіленген бағдарламаға сәйкес оқушылардың білімінің көтерілгенін көрсететін оқыту бағдарламаларының тікелей нәтижелері. Әдетте, түпкі нәтиже туралы әрбір ереже күтілетін нәтижелердің барлық жиынтығына емес, бағдарлама аяларының тек бір ғана қырына ықпал

етеді. Сондықтан әрбір ереже оқытушыларға да, осы бағдарламамен білім алатын студенттерге де түсінікті болу үшін анық тұжырымдалып, нақтылануы керек;

• **соңғы нәтижелерді бағалау** – институционалды тиімділігін көрсету үшін, ЖОО қол жеткізген нәтижелерді талдау, бағалау мен жетілдірудің процесі. Баға оқытушылардың қызметін, институционалды практика және/немесе жекелеген кафедралардың, ЖОО бөлімшесін немесе бағдарламасының (мысалы, ЖОО бюджетін, мамандық бойынша оқу жоспарын, т.б. тексеру) қызметінің тиімділігін қарастыруы мүмкін.

Бұл қаржы механизмін ішкі бағалау мен талдау, жетілдіру және студенттердің қажеттіліктерін түсіну үшін қолданылатын формалды рәсім;

• **студентті оқытудың соңғы нәтижелері** – оқыту процесін бітіргеннен кейін оқушы нені білу, түсіну және/немесе көрсетуге қабілетті болу, сондай-ақ жеке тарауды, пәнді немесе оқу бағдарламасын табысты аяқтау нәтижесінде қандай арнайы интеллектуалдық және практикалық дағдыларды алу мен көрсету керектігі туралы ережелер. Оқытудың түпкі нәтижесі бағалаудың критерийлерімен қатар кредит алу үшін минималды талаптарды анықтайды, ал сол уақытта бағалау жүйесі оқушының білімі минималды талаптардан жоғары немесе оларға жетпей қалғанын анықтауға негізделген. Оқытудың түпкі нәтижелері оқытудың мақсатына тең емес, өйткені оқытушылардың жорамалымен емес, алдымен оқушылардың табыстарымен байланысты;

• **оқытудың соңғы нәтижелерін бағалау** – бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері қалай орындалып жатқанын анықтау үшін, оқыту мен үйретудің нәтижелерінің сандық та, сапалық та көрсеткіштерін жинау, талдау мен қолдану акті, кейін осыны кері байланыс ретінде қолданып, оқытудың сапасын жетілдіруге қолдануға болады;

• **оқытудың есептік түрдегі соңғы нәтижелері** – сандық түрде анықталатын нәтиже-



лер, мысалы, жұмысқа орналасқан бітірушілердің саны, ЖОО бітірген оқушылар саны;

• **алқалық баға/сыртқы баға** – ЖОО академиялық бағдарламаларының, оның оқытушылар құрамы мен/немесе оның құрылымының сапасы мен тиімділігін сыртқы сарапшылар (әріптестер) анықтайтын бағалау рәсімі. Қатан айтқанда әріптестер – бұл ұқсас пәндерді оқытатын басқа академиялық ЖОО өкілдері, бірақ практикада сыртқы сарапшылардың түрлі типтері бар. Дегенмен, олар барлығы қарастырылатын сұрақтарда және тұтас жоғары білім жүйесінде жеткілікті білімі бар мамандар деп есептеледі. Сыртқы баға, әдетте, тексеретін ЖОО беретін өзін-өзі бағалаудың материалдарынан шығады және ЖОО қызметін бағалау үшін индикаторлар мен/немесе бағалау үшін пікір білдіру әдісінің негізі ретінде қызмет етеді;

• **мамандық** – оқыту бағдарламасын табысты аяқтауды куәландыратын, құзыретті, тіркелген уәкілетті орган беретін, оқу орнын бітіру туралы кез келген куәлік (дәреже, диплом немесе жоғарыда айтылған сертификаттар). «Мамандық» ұғымы әр түрлі деңгейдегі және әр түрлі елдердегі (мысалы, бакалавр, магистр, доктор, т.б.) академиялық дәрежелердің кең түрде алуан түрлілігін енгізеді. Мамандық нені мақсат ететіні тұрғысынан мәнді: біліктілікті, білім көлемін, іскерліктер мен дағдылар шеңберін. Кейде бұл термин практикалық қызметтің лицензиясына тең болады;

• **мамандық шектері** – оқу жүктемесін, деңгейді, сапаны, түпкі нәтижелер мен оқытудың бағдарын анықтайтын жан-жақты талаптар. Оларды арнайы дескрипторды қолдану нәтижесінде мамандықтың кеңдігін де (оқытудың түпкі нәтижесіне байланысты біліктіліктер), тереңдігін де (деңгей) толық ашу үшін құрастырады. Мамандық шектері көлденеңінен – жоғары білім беру жүйесінде барлық мамандықтарды, ал тікесінен – барлық деңгейлерді қамту үшін

құрылымдалған. Бұл көмектесу мақсатында жасалған: (I) оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасауға; (II) студенттер мен бітірушілердің ұтқырлығына; (III) оқытудың мерзімін мойындауға.

Белгілі бір жоғары білім жүйелері мамандық талаптарына сәйкес жұмыс істеген кезде, басқалары біртұтас шектік жүйені иеленбей, мамандықтың көптеген түрін жасайды.

Пайда бола бастаған Біртұтас еуропалық жоғары білім аймағы, көпшілік пікірінше, бүкілеуропалық мамандық шектері жүйесін жасауды керек етеді;

• **сапа (академиялық)** – білім моделінің контекстік мазмұнын, жоғары оқу орындарының мақсаттарын, міндеттері мен миссиясын, сондай-ақ әрбір жеке жүйенің, ЖОО, бағдарламаның немесе пәннің арнайы стандарттарын қамтитын динамикалық, көпшамалы, көпдеңгейлі тұжырымдама. Сонымен, сапа мынаған байланысты әр түрлі мағына қабылдауы мүмкін: (I) жоғары білім берудегі оқыту процесінің барлық құраушыларының әр түрлі қызығушылықтарын ұғыну (студент – университет – еңбек рыногы – қоғам – үкімет қоятын сапа талаптары); (II) оның аяларына: қолдағы ресурстарына, процестеріне, түпкі нәтижелеріне, мақсаттарына, миссияларына, т.б.; (III) баға беруге құқылы академиялық ортаның сипаттамаларына; (IV) жоғары білім дамуының тарихи кезеңіне. Академиялық сапаның көптеген тұжырымды анықтамалары қолданылады:

– сапа кемелденген тәсіл ретінде анықталады: дәстүрлі элитарлық академиялық тәсіл, соған сәйкес тек жетілдірілген стандарттар (әдетте, оқу бағдарламасының күрделілігінің жоғары дәрежесін білдіретін, студенттерді тестілеудегі аса күрделі сұрақтар, т.б.) нағыз академиялық сапа сияқты ұғынылады;

– сапа мақсатқа жету үшін жарамдылық ретінде: аккредиттеуші агенттік немесе сапаны қамтамасыз ететін басқа орган анық-

тайтын жалпыға ортақ стандарттарды қанағаттандыру немесе сәйкестендіру қажеттілігіне екіпін жасайтын тұжырымдама. Бұл жағдайда негізгі бағыт алдын ала ұйғарылған міндеттер, мақсаттар мен миссияларды орындауға жеткізетін, ЖОО бағдарламалары мен процестері қарқынды тиімділігіне аударылады. Осы ұғымда сапа кейде ресурстарды тиімді қолдану (I) сапасына; (II) құндылықтарды жинақтау ретінде, онда нәтижелер әр түрлі білім беру процестері нәтижесінде алынған өзгерістер тұрғысында бағаланады. Соңғысының бір нұсқасы ең алдымен студентке қатысты сапа өзгерісі ретінде көрініс береді. Бұл көзқарас сапаны өзгермелі процесс ретінде қарастырып, оқу орны жақсы болған сайын ол толықтай мақсатқа жетеді – студентті «қазіргі заманғы қоғамда – білім қоғамында өмір сүріп, жұмыс істеуге» мүмкіндік беретін арнайы дағдылар және біліммен қамтамасыз етеді; – сапа мақсатқа сәйкестік ретінде: белгілі бір мақсаттар мен ЖОО миссиясына немесе сыртқы мақсаттар мен үміттерге процестер қаншалықты сәйкестігі есептелмеген бағдарламаға негізделеді.

Осы тәсіл ішінен токсаныншы жылдарда жасалған бірнеше балама тәсілдерді бөліп атауға болады: (I) белгілі бір нормалар мен критерийлері сапа табалдырығы ретінде алынады, ал сапалы болу үшін кез келген бағдарлама немесе ЖОО бұған қол жеткізуі қажет. Көптеген еуропалық жоғары білімнің жүйелерінде мына қасиеттерді сипаттайтын өзінің нұсқасы бар: (I) аккредиттеумен тығыз байланысты сапа базалық/минималды стандарт ретінде; (II) сапа клиентті қанағаттандырушы ретінде (сапа бұл ретте тұтынушылар (студенттер, олардың отбасылары, тұтас қоғам) мен басқа да оқыту процесінің қатысушыларының сыртқы үміттерінің маңыздылығына шоғырланған жоғары білімде нарықтық күштердің артуымен тығыз байланыста деп есептеледі); – сапа жетілдіру ретінде: тұрақты жетілу жолдарын үздіксіз іздеуге негізделіп, ин-

ституционалды еркіндік пен автономиялықты жоғары оқу орнының өте жақсы қолдануының жауапкершілігін белгілейді. Сапаға жету сапаның не екенін өздері анықтайтын академиялық ортаның негізгі мақсаты болып қалады.

Әрбір тәсілдің арнайы уақыт кезеңі мен ұлттық контексті есепке алғанда, ескеретін артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Қоғам дамуына қарай ішкі және сыртқы міндеттерді шешуге бағытталған салыстырмалық пен абсолюттік, сапа ұғымының базалық/минималдық және анағұрлым ілгері және күрделі арақатынасында тұрақты өзгерістер енеді.

Бірақ та кез келген жоғарыда көрсетілген сапаны анықтау тәсіліне ортақ – келесі элементтердің интеграциялануы: (I) минималды стандарттар мен бенчмаркингтің орындалуының кепілділігі; (II) мақсаттар қою мен ауыспалы ресурстар мәліметтері мен контекстің көмегімен оларға жету қабілеттілігі; (III) тікелей және жанама тұтынушылардың сұраныстары мен үміттерін қанағаттандыру қабілеттілігі; (IV) жетілуге ұмтылу талабы (Ван Дамм, 2003);

• **сапаны бағалау** – жоғары оқу орнының немесе бағдарламаның сапасын сыртқы бағалаудың (зерттеу, өлшеу, пікір айту) толық процесі. Ол жоғары оқу орнындағы оқу процесіне, практика, бағдарламаларды және қызметтерді ұйымдастыру сапасына баға беру үшін, сыртқы орган орындайтын сол әдістер, механизмдер мен әрекеттерден тұрады.

Сапаны бағалаудың тұжырымдамасын анықтағанда бірінші орынға келесі аспектілер шығады: (I) контекст (ұлттық, институционалды); (II) әдістер (өзін-өзі бағалау, сыртқы сарапшылардың бағасы, комиссияның ЖОО-да жұмыс істеуі); (III) деңгейлер (жүйе, ЖОО, бөлім/кафедра); (IV) механизмдер (марапаттаулар, саясат, құрылымдар, мәдениет); (V) сапаны бағалауға байланысты құндылықтар жүйесі (акаде-

миялық құндылықтар, дәстүрлі құндылықтар, кәсіптік аяға негізделген басшылық, педагогикалық; ЖОО бітірушілермен байланысты құндылықтар);

• **сапаны қамтамасыз ету** – жоғары білім беру жүйесін, жекелеген ЖОО-ның, бағдарламалардың сапасын бағалаудың үздіксіз тұрақты процесіне (экономикалық бағаға, мониторингке, тиісті деңгейде ұстау мен жетілдіруге) жататын, тегіс қамтитын термин. Сапаны қамтамасыз етудің реттеушілік тетігі ретінде есеп беруде де, ұйғарылған және тұрақты процесс пен жақсы белгіленген критерийлер арқылы ақпаратпен қамсыздандырып, (бірақ қатарламай) жетілдіруде де шоғырланады. Көптеген жүйелер сапаны ішкі қамтамасыз ету (яғни жоғары білімнің мониторингісі мен сапасын арттыру мақсатындағы ЖОО- ішілік процесс) және сапаны сыртқы қамтамасыз ету (яғни ЖОО мен бағдарламалардың сапасын қамтамасыз ету институтаралық схемалары) деп айырып атайды.

Сапаны қамтамасыз ету бойынша әрекет ендігі қалыптасқан сапа мәдениетімен қолданатын, қажетті институционалдық тетіктердің өмір сүруіне байланысты. Сапаны басқару, сапаға бақылау және сапаны бағалау құралдары арқылы сапа қамсыздандырылады.

Сапаны қамтамасыз етудің аккредиттеуден айырмашылығы біріншісі соңғысына алғышарт болады. Практикада олардың арасындағы байланыс әр елдерде әр түрлі түсіндіріледі. Бұл екі ұғым да әр түрлі салдарларды, жұмыс жүргізу мен білім беру қызметін ұсыну қабілеттілігін, ресми мойындалған дәрежелерді тапсыру мен мемлекеттен қаржылық көмек алуға құқық қабілеттілігін ұйғарады. Сапаны қамтамасыз ету жоғары білімдегі сапаны басқарудың құрамдас бөлігі ретінде жиі қарастырылып, кейде бұл терминдер синонимдер сияқты қолданылады;

• **сапаны бақылау** – бұл термин ЖОО немесе бағдарламаның сапасын ішкі баға-

лауға біріктірілген сапаны бағалау процесіне жатады. Ол сапаға қойылатын талаптарды орындау үшін жасалып, қолданылатын белгілі бір операциялық әдістер мен әрекеттердің жиынтығына байланысты. Ол іс-шаралар жиынтығы бойынша жоғары білім өнімдерінің, қызметтерінің немесе процестерінің және сапаның белгіленген табалдырық деңгейіне жетуге «сапаны қамтамасыз етуге» бағытталған «сапаны басқару» ұғымының синонимі ретінде жиі қолданылады. Сапаға бақылау – процестің мониторингісі және одан қанағаттандырмайтын салдарларды тудыратын себептерді алып тастауды ұйғарады.

Кейде тіпті сапаны минималды бақылау (әдетте, сертификациялау формасында) ЖОО сапаға ұйғарымды минималды талаптарды жүзеге асыруды белгілеп, сәйкес мониторингті орындайтын фильтр ретінде қызмет атқарады;

• **сапаны басқару** – жоғары білімнің сапасын қамтамасыз ету мен оны тұтас жақсарту үшін, жүйеде немесе институционалдық деңгейде тұрақты қолға алынатын шаралар жиынтығы. Бұл термин сапаны жоспарлау, сапаны бақылау, сапаны қамтамасыз ету мен оны көтеру тетіктері арқылы орындауға бағытталған барлық шараларды қамтиды;

• **сапаның тотальді (жаппайлық) менеджменті (СЖМ)** – басты көңіл аударатын мәселелер: тұрақты жетілу, клиенттің қажеттіліктерін қанағаттандыруға, стратегиялық менеджментке, қызметкерлердің қызу қолдауына ие болатын іскер басқаруға максатталған факторларға қойылатын сапаны басқаруға толық, жан-жақты келу. Сапаны басқаруда осындай тәсіл мынадай бағаны көздейді: (I) белгіленген мақсаттар мен стандарттарды (өз күштерімен белгіленген немесе ұйымды қаржыландыратын сыртқы органдардың көмегімен); (II) тұтынушылардың сұраныстарын қанағаттандыру бойынша шараларды; (III) сарапшылар мен кәсіби пікірлерді; (IV)

бәсекелестерді. СЖМ тұжырымдама мен бенчмаркингтің әдіснамасымен тығыз байланысты деп саналады. Бұл тәсіл экономикалық секторда жиі, ал академиялық өлемде аз қолданылады;

• **сапа аудиті** – (I) оқу бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету рәсімдерінің немесе (II) жұмыстың сапасын қамтамасыз ету рәсімдерінің тұтас барлық жүйесінің тең және сәйкес түрде орындалатынын сыртқы орган куәландыратын процесс. Сапа аудиті сапаның өзін емес, жүйе жақсы сапаға қалай жететінін қарастырады. Сапа аудитін аудит жүргізілетін салаға тікелей қатысы жоқ адамдар (яғни аудиторлар) өткізеді. Аудиттің нәтижелері аудиторлық есеп түрінде ресімделеді;

• **сапа мәдениеті** әрбір ұйымның мәдениетінде және басқару жүйелерінде кездесетін, барлығы санасатын және сапаның кіріктірілген модельдерінде жалпы қабылданған тұтас жиынтығына жатады. Оны жалпының ұғынуы мен жоғары білімдегі сапаның мәдениеті мен тиімді басқарумен қоса (сапаны қамтамасыз ету рәсімімен қоса) сапаға ұмтылу сапа мәдениетінің ингредиенттері болып табылады. Сапа элементтері уақытпен бірге өзгеріп, дамитындықтан, сапаның кіріктірілген жүйесін қолдайтын ұйымдағы барлық қатынастар да жоғары білімдегі сапаның жана парадигмасына ықпал ету үшін өзгереді;

• **сапаны жоспарлау** жоғары білімдегі сапаға қатынасы бойынша және сапа жүйесінің тетігін қолданудың мақсаттары мен жағдайын белгілейтін әрекеттердің жиынтығынан тұрады. Сапаны жоспарлау өнімді жоспарлауды (теңестіруді, жүйелеу мен сапаның барлық аяларының маңыздылығының дәрежесін анықтайды, сондай-ақ сапаны жасау үшін мақсаттарды қою мен жағдайларды белгілеуді), басқару және операциялық жоспарлауды (оны ұйымдастыру мен бағдарламалауды қоса), сапа жоспарларын жасау мен сапаны жетілдіру бойынша шараларды қарастыруды енгізеді;

• **тізбектеу (рейтинг кестелері)** – ұйымның жетістіктері деңгейін салыстырмалы белгілеудің қалыптасқан практикасы. Осылай барлық қызығушы адамдар, тұтынушылар, саясаткерлер бірнеше ұқсас провайдерлердің қызмет сапасының айырмашылығы туралы ақпарат алады. Олар, әсіресе, әдіснамалық аспектілер тұрғысынан кейбір қарама-қайшылыққа қарамастан жеткілікті танымал және қоғамдық ақпараттың пайдалы құралы ретінде қарастырылып, сонымен бірге сапаны жақсартуға қосымша стимул береді. Рейтинг кестелері, әдетте, танымал газеттер мен журналдарда, арнайы басылымдарда жарияланып, Интернетте орналастырылады.

Мұндай процесс өмірде бар дереккөздерден мәліметтерді жинаудан, ұйымдарда болудан, материалдар мен институционалды зерттеулерді оқып үйренуден басталады. Барлық алынған ақпараттан мәліметтерді жинаудан кейін айнымалы шамалардың типтері мен сандары таңдалады. Ақырында, есептеулер орындалып, ЖОО-на «рейтинг тәртібінде» іріктелетін салыстырулар жасалады. Рейтинг кестелері («бағаланатын ЖОО жинаған балдар саны») индикаторлар санына немесе индикаторлардың өзіне байланысты әр түрлі болады. Рейтинг индикаторлары немесе критерийлері ішінде ғылыми, педагогикалық, әкімшілік және әлеуметтік-экономикалық аспектілерді есепке алатындары анағұрлым танымал болып келеді: студенттер мен оқытушылар арақатынасын; үздік бағалардың санын (бірінші курс студенттері ішінде); ғылыми зерттеулерді (жекелеген кафедралар бойынша); кітапхана мен компьютерлік жабдықтауға кеткен шығындар; университеттен шығарылған және кеткен студенттер саны; көрсетілетін қызметтер деңгейі; оқыту жағдайы; жұмысқа орналастыру келешегі, т.б.;

• **мойындау** – (I) жеке академиялық немесе кәсіптік біліктілікті, (II) жоғары оқу орнының бағдарламаларын немесе (III) сол

арқылы белгілі бір стандарттардың барлығын қуәландыратын құзыретті өкілетті орган жағынан сапаны қамтамасыз ету бойынша агенттіктерді формалды мойындау. Мойындау, әдетте, институтаралық және/немесе халықаралық сипатта болады. Жекелеген адамның біліктілігін (яғни дәрежелер, дипломдар, оқыту кезеңін) мойындауға байланысты, оған әрі қарай білім алуға немесе жұмысқа орналастыруға септесу мақсатымен беріледі. Бұл жерде, ең арғысы, мойындаудың екі түрін айыруға болады: біріншісі — академиялық, екіншісі — кәсіптік мақсаттар үшін. Бағдарламаны мойындау, әдетте, бір ЖОО-ның арнайы оқыту бағдарламаларын басқасының (ЖОО) мойындауы. Ол алқалық мойындау рәсімінде тұжырымдалып және студент бір ЖОО-дан екінші ЖОО-ға ауысқанда осы бағдарлама бойынша жалғастыруға мүмкіндік беріп, қандай да бір пәнді қайталап оқудан босатуды білдіреді.

Ал институционалды мойындауға қатысты ол сол арқылы өзінің сенімділігі, тиімділігі мен құзыретті органдар (әдетте, шет елдік) белгілейтін стандарттарға сәйкестігі туралы куәлік алатын сапаны қамтамасыз ету бойынша агенттіктерге немесе аккредиттеулік органдарға қарайды.

#### Түрлері:

- **академиялық мойындау** — басқа ЖОО ауысқанда студенттерге оқуын жалғастыруға мүмкіндік беру үшін бір ЖОО курстарын, біліктіліктерін немесе дипломдарын басқа ЖОО-ның қолдауы. Бірыңғай Еуропалық жоғары білім аймағында мойындаудың үш деңгейі бар; әрқайсысына өз әдіс-тәсілдері сәйкес келеді (Лиссабон конвенциясы мен Болон декларациясында қарастырылғандай): (I) ЖОО түсу немесе оқуын жалғастыруға мүмкіндік беретін ЖОО-ға дейінгі және кәсіптік оқуды қоса біліктіліктерді мойындау; (II) студенттердің бейімделгіштігіне қарай оқытудың қысқа мерзімді кезеңдерін мойындау.

Бұл жерде негізгі құрал ECTS (кредиттерді аударудың еуропалық жүйесі) болып табылады; (III) жоғары білімді бітіру туралы дәрежелер немесе басқа куәліктерді мойындау (негізгі құрал — дипломға қосымша);

- **өзара мойындау** — олардың дипломдары мен бағдарламаларының сәйкестігі туралы екі немесе одан да көп институционалды органдардың келісімі, сонымен қатар екі немесе одан да көп агенттіктердің осы агенттіктердің қолданатын әдіснамасын, әрекеттерін мойындау туралы ұқсас келісімі;

- **кәсіптік мойындау** — мамандықты иеленушінің практикалық әрекетке құқығын және кәсіптік мәртебесін бекіту;

- **өзін-өзі бағалау**;

- **сыртқы сарапшылардан құралған комиссияның ЖОО-на баруы** — аккредитация процесінің жалпы қабылданған бөлігі болып табылатын сыртқы бағалаудың компоненті. Бірақ та ол оқу орнының өз бастамасы болуы мүмкін. Сыртқы сарапшылар ЖОО-ның өзін-өзі бағалау материалдарын тексеру, профессорлық-оқытушылық құраммен, студенттермен, қызметкерлермен сұхбат жүргізу және көрсетілетін қызметтердің сапасын және тиімділігін бағалау, сондай-ақ оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар беру үшін ЖОО-да болады;

- **стандарттар** — талаптардың көзделетін деңгейін және сапа бағалау жағдайын, немесе оларды аккредитациялау немесе сертификаттау үшін ЖОО мен бағдарламалардың неге қол жеткізу керек екенін қамтитын ережелер.

Стандарттар сандық түрде көрінуі (бұл жағдайда бенчмаркингтің нәтижелері қолданылады) немесе олар тек арнайы мақсаттарды көрсетіп, сапалық сипат алуы мүмкін (мысалы, оқыту процесінің тиімділігі, тұрақтылық, т.б.). Стандарттардың сандық түріне ЖОО немесе бағдарлама аккредиттенуі үшін тиісті табалдырық деңгейді енгізеді. Көбінесе табалдырық деңгей немесе «базалық стандарттар» минималды жа-

рамды сапа деңгейінде анықталады. Стандарттар басқа жағдайларда сапаның аса жоғары деңгейіне байланысты қарастырылып, оларды «басымдық стандарттары» деп атайды.

Осындай стандарттар бенчмаркинг көмегімен немесе алқалық (коллегиалдық) жолмен белгіленеді. Стандарттар әр түрлі жағдайға: (I) ресурстарға, (II) соңғы нәтижелерге, (III) процестерге байланысты. Стандарттар жалпы (дәреже алу үшін, мысалы, бакалавр немесе магистр) немесе арнайы жекелеген пәндер үшін жасалуы мүмкін (мысалы, Ұлыбританиядағы пәндер бенчмаркингі туралы ереже).

Стандарттар олардың жасалу әдістері бойынша да жіктеледі (критерийлерге, минималды құзыреттілікке немесе мақсатты қою әдістеріне бағытталған). Табалдырық деңгей белгілі бір стандарттың сақталуы туралы дұрыс шешім шығару үшін, ол дәл және анық тұжырымдалып, әрі қарай анағұрлым операциялық индикаторларға бөлінетін арнайы критерийлермен салыстырылады. Сонымен, стандарттардың арнайы мәдениеті бар. Жоғары білім аясында диверсификацияның артуы контекстінде академиялық сапаның стандарттар мен индикаторлар тіліне ауысуы өте күрделі болып барады.

Қазіргі кезде стандарттарды анықтау мен бағалауға динамикалық көзқарас пайда болды (нағыз және ықтимал жетістіктерге негізделген компоненттердің тіркесімі). Бұл жағдайда үш проблеманы шешу керек: (I) стандарттарға қатысты әр түрлі жағдайлардың санын кеміту (ресурстар – нәтижелер – процестер); (II) арнайы критерийлерді қолданып, стандарттарды орындау туралы пікір білдіру мәдениетін анағұрлым сабақтастырып, оларды сәйкес орындау индикаторларымен салыстыру; (III) инновациялық академиялық дамуға жол беру үшін, стандарттарды тұжырымдаудың жеткілікті икемділігін қамтамасыз ету. «Стандарттар» терминін жиі «критерий» сөзінің

синонимі ретінде қолданады, бірақ АҚШ-та да, Еуропада да стандарттар критерийлерден анағұрлым ерекшеленеді:

– **мазмұн стандарттары** – белгілі бір саладағы негізгі біліктіліктер, білім, іскерліктер мен дағдылар деңгейі, яғни студент міндетті түрде нені білуі, істей білуі керектігін анықтайды. Мазмұн стандарттары оқу жоспарына енгізіледі және міндетті ресурстарға жатады;

– **білім беру стандарттары** – білім беру процесінің әр түрлі кезеңдерін қамтитын және осы кезеңдердің арасын байланыстыратын талаптар мен жағдайлар деңгейі. Оқыту ресурстарына, бағдарламалары мен нәтижелеріне және тұтас студенттің оқу жоспарын орындауға қатынасы бойынша білім беру стандарттарының әр түрлі типтері бар (мазмұн стандарттары, үлгерім стандарттары, оқыту мүмкіндігі стандарттары);

– **үлгерім стандарттары** – үлгіліден сәйкестікке дейін жіктелетін, яғни мазмұн стандарттарына қанағаттанарлыққа жету үшін студент қалай жақсы жұмыс істеу қажеттілігі туралы оқыту бағдарламасын жетістікпен меңгеру деңгейі;

• **студенттердің оқытушыны бағалауы** – оқытушылардың кәсіптік біліктілігі мен оларға қатынасы туралы студенттердің пікірлерін пайдалану процесі. Жан-жақты баға беру үшін студенттерді сұрау мәліметтері мұғалімнің пәнді оқыту және студенттердің күткен деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Студенттердің бағасы дәрісханада оқытушылар мен оқушылар арасында не болып жатқаны туралы ішкі көзқарас сияқты жорамалданады: оларға мұғалім қалай қарайды (пікірталасқа дайын, шығармашылықпен ойлайды, зеріктірмейді, шыдамды, т.б.); мұғалім қабілеттілігіне (түсіндіру, студенттерді мотивациялау, олардың ойлануына көмектесу, достық ыңғайда қателерін түзеу, жеткілікті ақпарат беру), т.б.;

• **студенттерді сұрау (сауалнама жүргізу)** – бағдарламаларға, қызметтерге және академиялық процестің әр түрлі аспектілеріне

студенттердің қанағаттанғандығын білу мақсатында студенттермен сауалнама жүргізу арқылы бағалау әдісі. Студенттерден бірнеше ашық, жабық сұрақтарға жауап берулерін сұрайды немесе телефон бойынша сұрау жүргізеді. Сұрау дәрісханада сауалнама формасында өтіп, анкеталар пошта арқылы таратылады. Сұхбат арқылы жүргізілуі де мүмкін (стандартты, жеке, фокусты топтарда). Осындай сұрауларды жеңіл ұйымдастыруға болады, бұл үлкен ақшалай шығынды керек етпейді және ЖОО-да не болып жатқаны туралы өздерінің пікірін айтатын студенттердің үлкен топтарын камтиды;

• **валидация** – оның көмегімен бағдарлама диплом беруге құқылы (институционалды өзін-өзі бағалау) немесе бақылауды жүргізетін сәйкес органның (сыртқы бақылау арқылы валидация) ЖОО-ның барлық талаптарын қанағаттандырады деген қорытындыға келетін процесс.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ** – өзара іс-әрекеті басқару қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін және басқарылатын нысанға әсеріне сәйкес келетін өзара байланысқан элементтер жиынтығы.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ** – білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатымен жүргізілетін рәсім.

Білім беру ұйымдарын аттестаттау олардың меншік формасына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жоспарлы түрде бес жылда бір рет мемлекеттік білім беруді басқару органдарымен олардың құзыретіне сәйкес өткізіледі.

Білім беру ұйымдарының филиалдарын аттестаттау білім беру ұйымдарының құрамында білім беру ұйымдарына арналған тәртіппен жүргізіледі.

Білім беру ұйымдарын аттестаттаудан өткізу кезінде:

1) білім беру ұйымдарының тиісті деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын орындауы;

2) білім беру ұйымдарының білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын сақтауы;

3) білім беру ұйымдары өздерінің қызметтерінде білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауы анықталады.

Аттестаттау кезіндегі зерделеу нысандары:

1) берілетін білім беру қызметінің сапалық деңгейі;

2) оқу-әдістемелік, тәрбие процестері;

3) оқыту және тәрбиелеудің әдістері мен технологиялары;

4) кадрлардың біліктілігіне қойылатын талаптар;

5) ақпараттандыру деңгейі;

6) оқытудың инновациялық технологиялары (кредиттік оқыту жүйесі, қашықтықтан оқыту технологиялары);

7) білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар (кадр құрамы, қаржы-экономикалық тұрақтылық, материалдық-техникалық және әлеуметтік база, оқытудың техникалық құралдары, ақпараттық-кітапханалық база, ғылыми-зерттеу және өндірістік базасы, педагогикалық және жоғары ғылыми білікті кадрлар даярлауға арналған базалар, өндірістік практикадан өтуге арналған базалар);

8) негізгі жұмыс бағыттары (әкімшілік-ұйымдастыру жұмысы, әдістемелік жұмыс, оқу-әдістемелік жұмыс, білім беру сапасын басқару жөніндегі қызмет, ғылыми-әдістемелік жұмыс, ғылыми-зерттеу жұмысы, тәрбие жұмысы, жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау және ғылыми-педагогикалық кадрларды қайта даярлау, халықаралық ынтымақтастық, бітірушілерді жұмысқа орналастыру жөніндегі қызмет, кәсіптік бағдарлау жұмысы);

9) білім беру сапасын басқару жүйесі.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНА ҚАБЫЛДАУ КВОТАСЫ** – орта кәсіптік және

жоғары кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарына I,II топтағы мүгедектерді, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, ауыл (село) жастарын және Қазақстан Республикасының азаматтары болып саналмайтын қазақ балаларын, сол сияқты жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды қабылдау үшін бөлінген білім гранты мен кредиттері көлемінің шекті саны.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ЛИЦЕНЗИЯЛАУ** – білім беру басқармасы мемлекеттік органы немесе білім беру ұйымы орналасқан жергілікті білім басқармасының білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия беруі.

Мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың білім беру қызметі, бастауыш орта, негізгі орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі, жоғары кәсіптік және жоғарыдан кейінгі кәсіптік білім беретін білім ұйымдары лицензиялаудан өтуі тиіс. Білім беру ұйымы лицензия (рұқсат) берілген күннен бастап білім беру қызметін жүргізу құқығына ие болады және қайта қайтарылып немесе белгіленген заң жүзінде жарамсыз деп танылған күннен бастап тоқтатылады.

**Білім беру қызметін жүргізу құқығын беретін лицензия** – білім беру басқармасы мемлекеттік органы (лицензиар) білім беру қызметін жүргізуге берген рұқсаты.

Лицензия берілетін білім беру ұйымдары:

- 1) бастауыш орта, негізгі орта немесе жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беретін, сол сияқты мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдарға – облыстық, Астана және Алматы қалалары білім беру басқармалары (департаменттері);
- 2) жоғары кәсіптік және жоғарыдан кейінгі кәсіптік білім беретін білім ұйымдарына – Білім және ғылым министрлігі.

Қысқа мерзімді курс, сынақ ісі түріндегі және қорытынды мемлекеттік аттестаттау мен мемлекеттік білім беру және (неме-

се) кәсіптік үлгідегі құжат беру көзделмеген білім беру қызметі лицензиялауға жатпайды.

Білім беру ұйымдары білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия алу үшін келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен бекітілген үлгідегі өтініш;
- 2) лицензиядан өтетін білім ұйымдарының кәсіптік талаптарға сәйкестігін дәлелдейтін құжаттар;
- 3) жекелеген кәсіпкерлік қызмет жүргізу құқығы үшін алым енгізгенін дәлелдейтін құжат;
- 4) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
- 5) жұмыстық оқу жоспарлары;
- 6) штатта оқытушылар барын дәлелдейтін құжат;
- 7) жеке оқу-материалдық базасы барын дәлелдейтін құжат.

Лицензиялар өтініш берген күннен бастап екі айдан кешіктірмей беріледі.

Лицензия берілмеген жағдайда өтініш иесіне лицензия беру үшін бекітілген мерзім аралығында себебі көрсетілген жазбаша жауап қайтарылады.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ПА(Р)ТИСИПАТИВТІ БАСҚАРУ** – педагогикалық ұжымның білім беру ұйымын басқару шешімдерін жасау, қабылдау мен орындау процесіне қатыстыруға негізделген басқару.

Па(р)тисипативті басқаруға тән:

- мектепішілік басқарудың алуан түрлі ұйымдарына мұғалімдерді, ата-аналарды, оқушыларды, демеушілерді және басқаларды тарту;
- басшылардың сайланбалылығы; басқарудың алқалық ұйымдарының болуы;
- дауыс беру рәсімдерін кең пайдалану; азшылықтың өз еркін ерікті түрде білдіруге жағдай жасау арқылы олардың көпшілікке бағынуы;
- шешім қабылдаудағы жариялылық пен ашықтық; барлық мүдделі адамдардың бас-



қару құжаттарына және ақпараттарға, т.б. қол жеткізе алуы.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ӘДІСКЕРІ** — педагог қызметкер, оның қызметтік міндеттері білім беру процесінің және әдістемелік жұмыстың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстарды дайындау, әдістемелік материалдарды жүйелеу және ақпараттық материалды құрастыру, нақты бір мамандықтар бойынша мамандарды даярлауды және оқу жоспарын әзірлеуді болжау мен жоспарлау әдістерін дайындаудан тұратын педагог қызметкер.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ӘКІМ-ШІЛІГІ** — оқу орнын тікелей басқару міндеттерін атқаратын немесе басқаруды техникалық қамтамасыз ететін жұмыстарды орындайтын басқарушы құрам.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ** — лицензия мен жарғыға сәйкес білім беру ұйымын тікелей басқару міндетін атқаратын педагог қызметкер.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ (ОҚУ ОРНЫНЫҢ) ЖАРҒЫСЫ** — білім беру ұйымының қызметі мен тіршілік әрекетін анықтайтын құжат.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ** — білім беру ұйымының, оның тұрған жерінен тыс орналасқан және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы белгіленген шегінде білім беру бағдарламаларын іске асыратын құрылымдық бөлімше.

**БІЛІМ БЕРУДЕГІ АВТОРИТАРЛЫҚ** — оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасындағы оқытушының өзінің еркі мен көзқарасын, оқылатын пәнінің мазмұнын, құндылықтар мен мінез-құлық талаптарын сенімі ретінде сөзсіз қабылдауын талап етіп қатаң таңумен сипатталатын стиль.

**ПЕДАГОГИКАДАҒЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ АВТОРИТАРЛЫҚ СТИЛІ** — білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен қабілеттіктерін елемеушілікке, тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста гуманистік әдістерді ескермейтін әкімшілдік қатынасқа негізделген тәрбиелеу жүйесі.

**БІЛІМ БЕРУДЕГІ (МЕКТЕПТЕГІ) РЕ-ФОРМА** — мектептің немесе білім беру жүйесі қызметінің жекелеген жақтарын қамтитын қайта құру.

**БІЛІМ БЕРУДЕГІ СТРАТИФИКАЦИЯ** — білім беру саласын адамның білім алу қажеттілігіне, мүмкіндігіне және қабілеттеріне сәйкес жіктерге (оқу орнының түрлі типтері) бөлу.

**БІЛІМ БЕРУДІ АЙМАҚТАНДЫРУ** — мемлекет және оның субъектілерінің білім беру саласындағы өкілеттілігі мен құзыреттілігін нақты бөлу, білім берудің құқықтық, ұйымдастырушы-басқарушылық базисін құру.

Бұл ұлттық және аймақтық білім беру мүдделерін, аймақтардың аймақаралық өзара іс-әрекеттерінің дамуын, білім беру еңбегін бөлуді, аймақтардың білім беру мүмкіншіліктеріндегі күрт айырмашылықтар мен сәйкессіздіктерді, аймақтардың географиялық теңсіздіктерін теңестіруге (жою) келісу.

Бұл мемлекеттік субъектілер мен аймақтық білім беру қауымдастығымен өз беттерінше аймақтық саясат қалыптастыру; бұл біркелкі білім беру жүйесінен тұтастыққа, бірақ алуан түрлі аймақтық білім беру жүйесінің көпқырлы кешеніне айналдыру.

Бұл білім беруді ведомстволық (салалық) құрылымнан және білім беруді дамыту, білім берудің салалық ұйымдарын тұтас аймақтық білім беру жүйесіне айналдыру. Бұл білім беруді аймақтардың әлеуметтік-мәдени дамуының жергілікті факторына айналдыру және аймақты білімді жетілдірудің күшті факторына айналдыру.

Бұл білім беру қоғамына ауысу, мемлекетті және ұлттық қауіпсіздікті дамытудың күшті факторына айналдыру.

**БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ** — оқушылардың интеллектуалды қабілетін күшейту және танымдық қызметін қайта құруына жағдай жасау мақсатында, микропроцессорлы техника және ақпарат тарату құралы базасында ақпараттарды жи-

нау, өңдеу, беру және ақпаратты сақтау әдістері мен құралдарын педагогикалық тәжірибеге жаппай енгізу; білім беру процесін оқыту мен тәрбиелеудің психология-педагогикалық мақсатын іске асыруға бағытталған заманауи ақпараттық технологиялармен жасақтау мен тиімді пайдаланудың әдіснамасы мен тәжірибесімен білім беру саласын қамтамасыз ету.

Бұл процестің бастамашылдығы:

1) коммуникативті торап, ақпарат- әдістемелік материалдар, ғылыми-педагогикалық ақпарат мәліметтерінің автоматтандырылған банкін пайдалану негізінде білім беру жүйесін басқару механизмін жетілдіру;

2) қоғамның қазіргі ақпараттану жағдайында оқушының жеке тұлға болып даму мақсатына лайық оқыту мен тәрбиені ұйымдастыру түрі мен әдістері, әдіснамасы мен стратегиясын сұрыптау мазмұнын толық жетілдіру;

3) оқушылардың ақпаратты өңдеуге байланысты өздік жұмысының әр түрлері, тәжірибелік-ізденушілік қызметі, ақпарат-оқу қызметін атқару, өздігінен білім алу дағдысын қалыптастыру, оқушының интеллектуалды әлеуетін дамытуға бағытталған оқыту әдістеме жүйесін құру;

4) оқушылардың білім деңгейін компьютерлі тестілейтін диагностикалық бақылау мен бағалау әдістемелерін құру және қолдану.

Тар мағынада білім беруді ақпараттандыру — микропроцессорлы техникаға негізделген ақпараттық құралды, сонымен бірге осы құралдарға негізделген ақпараттық өнім және педагогикалық технологияларды білім беру жүйесіне енгізу (қ. *Компьютерлі оқыту*).

Қоғамда білім көлемінің өсу қарқыны мен жеке адамның оларды меңгерудегі шектелген мүмкіншіліктері арасындағы қайшылықтар ерекше әлеуметтік-педагогикалық проблемалар арасында басты орынға ие болады. Бұл қайшылықтарды шешу әрекеттері абсолютті білім беру идеясынан (жан-

жақты дамыған тұлға) бас тартуға әкеледі және оны адам өзін-өзі іске асыру қабілеттерінің өздігімен жүзеге асырылуын максималды дамыту — әлеуметтік-айқындаушы (детерминизация) білім беру идеясымен алмастырады. Бұл кезде адамның өзіне қажетті білім бағыттарын таңдау құқығы, оқытуда неғұрлым ерте саралануды қамтамасыз ету және үздіксіз білім беру жүйесі құрылады.

Үздіксіз білім беру идеясы тек өз бетімен білім алуға қажетті жағдай жасау арқылы жүзеге асырылады: әр түрлі ақпарат көздеріне қол жеткізуді ұйымдық және құқықтық негізін құру, адамның ақпаратты іздеу, өңдеу, қабылдау, түсіну және қолдану қабілеттіліктерін қалыптастыру және дамыту. Ақпараттық технологияларды игермеген адам, динамикалы даму үстіндегі социумда бейімдеуші механизмдердің бірінен айырылады.

**Негізгі бағыттары:** жаңа ақпараттық технологияларды (ЖАТ) жаппай игеру, оларды педагогикалық жүйеге енгізу бойынша зерттеу жүргізу және т.б. Ақпараттандырудың әр түрлі компоненттеріне орта білім беру мекемелері құрылымының түрлі сатысында бірдей көзқарас жоқтығы анықталған.

Компьютерлендіруді ең көп қажет ететін оқу-тәрбие процесін қолдау құрылымдары: білім беру мекемелерін басқару жүйесі, ақпараттық-педагогикалық қызмет (кітапханалар, медиатекалар), медицина қызметі. Мұғалім ЭЕМ қолдану бағыттарынан негізінен үшеуін қабылдайды: компьютер — сабаққа дайындалуға арналған ақпараттық құрал ретінде (іздеу, сұрыптау, құру, ақпаратты көбейту); оқушылардың ептілігі мен дағдысы, білімді түзету, тренинг, диагностика құралы; педагогикалық құжаттармен жұмыс істеуін жеңілдететін құрал. Оқыту функцияларын мұғалім өзіне қалдырады.

**Білім беруді ақпараттандыру құралдары** — оқыту мен тәрбие жұмысында психология-

педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған және білім беру саласында ақпаратпен жұмыс істеуді қамтамасыз ететін телекоммуникация жүйесі және компьютерлер базасында істейтін программалық-аппараттық құрал.

**Дербес компьютер (ПК, ЭВМ)**— есептеуіш және ақпараттық тапсырмаларды шешу барысында ақпаратты автоматты өңдеуге арналған техникалық құралдар кешені.

**Мультимедиа (мультимедиа құралы)** — әртүрлі цифрлық түрдегі ақпараттарды: мәтін, суреттер, схемалар, кестелер, диаграммалар, фотографиялар, бейне-және аудио-үзінділерді және т.б. құру, сақтау, өңдеу және еске түсіруге арналған компьютерлік құрал.

**Ақпараттандыру құралдарының қорғалуы** — ақпарат және мәліметтерді, сенім көрсетілмеген субъектілер немесе жүйелер оқи немесе өзгерте алмауына, ал сенім көрсетілген субъектілер немесе жүйелер оларды пайдалануға рұқсат алуына арналған құралдың қорғаныс қабілеттілігі.

**Виртуалды ақиқат** — адам және ақпараттық жүйелер арасындағы әрекеттестік жүйесі, онда болмыстың көрінетін бейнесі ақиқатқа (псевдореальность) жақын қабылданады.

**Оқытуды ақпараттандыру** — 1) есептеуіш техника және оған байланысты ақпараттық технологияларды қолдану барысында оқушының танымдық қызметін басқару және ұстаз бен оқушыға, білім мазмұнын толықтыратын, қажетті мәтіндік және көрнекі ақпаратты ұсыну;

2) білім беру саласын оқыту мен тәрбие жұмысында психология-педагогикалық мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған қазіргі ақпараттық технологияларды жасақтау мен пайдалануды теорияда және тәжірибесімен қамтамасыз ету процесі.

**Білім беру бірыңғай ақпараттық кеңістігі** — Қазақстан Республикасында білім жүйесін басқару органдарының білім беруді тиімді басқаруын қамтамасыз ететін, дер

кезінде толық, шынайы, салыстыруға болатын ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында құрылған және жұмыс істейтін компьютерлік техниканы қолдануға негізделген программалы-телекоммуникациялық орта.

Білім саласында уәкілдік ететін органдар, жергілікті атқару органдары, білім беру ұйымдары өз қызметін атқару барысында алынған білім беру мониторингі мәліметтері және соның ішінде басқа да ведомстволық статистикалық бақылау мәліметтері кіреді.

Білім беру процесінің барысы мен нәтижесі, сонымен қатар оқудан тыс шаралар туралы барлық қатысушыларға мәлімет беру, оқу процесі және оқу мекемесін басқаруда ақпараттық қолдау көрсету, ұстаздарды, ата-аналарды, оқу мекемелерінің әкімшілігін және жұртшылықты ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталған.

**Компьютерлік желі** — ақпарат алмасуға және ақпараттық қорды бірлесе пайдалануды қамтамасыз ететін компьютерлердің өзара біріккен тобы.

**Жергілікті компьютерлік желі** — бір жерде немесе бір кәсіпорын шеңберінде орналасқан компьютерлерді біріктіретін, пайдаланушылардың шектелген тобына арналған компьютер желісі.

**Желілік құралдар** — білім беретін электронды басылым және қорларды құруда телекоммуникациялық технологияларды қолдану мүмкіншіліктерін қамтамасыз ететін, білім беру қызметінде телекоммуникациялық компоненттерді қолдауға арналған ақпараттандыру құралы.

**Байланыс желісі** — белгілі бір желінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін орталықтар және байланыс тораптары, мамандандырылған арнақұрушы аппаратура, сымды-, радио-, оптикалық және басқа байланыс арналарының жиынтығы.

**Коммуникация арнасы** — ақпараттың дереккөздері мен оны өзара байланыстыратын ақпараттық жүйенің бір бөлігі.

**Интернет** — адрестеудің бірыңғай жүйесін қолдайтын ірі және шағын компьютерлік желілердің дүниежүзілік бірлестігі.

**Инtranет** — ақпарат жіберуге Интернеттің хаттамаларын, құралдарын, бағдарламамен қамтамасыз етілуін пайдаланатын жергілікті компьютер желісі;

**Он-лайн ( On-line ) жұмыс тәртібі** — ақпаратты сұрау, іздеу, өңдеу, алу және қарап шығу уақытында компьютерлік желіге тікелей қосылуды білдіретін жұмыс тәртібі;

**Оф-лайн ( Off-line) жұмыс тәртібі** — компьютерлік желіге ақпаратты сұрау немесе сұрау бойынша ақпарат алу кезінде ғана қосуды ойластыратын жұмыс тәртібі. Сауал дайындау және ақпаратты өңдеу желіден ажырату тәртібінде іске асады. **Ақпараттық қызмет** — ақпаратты жинау, талдау, өзгерту, сақтау, іздеу және тарату процесінің жиынтығы.

**Мекенжай** — компьютердегі есте сақтаудың жеке бір бөлімдерін немесе қандай да бір басқа дереккөздерді, немесе ақпараттың жетуі керек орнын тіркейтін, беттестіріп салыстыратын жеке таңба, таңбалар тобы.

**Ақпарат жолдаушы** — мекенжайлық байланыс жүйесіндегі ақпарат көзі болып табылатын автор, адам.

**Мекенжай иесі** — мекенжайлық байланыс жүйесінде ақпарат қабылдауды іске асыратын адам.

**Ақпараттық әрекеттестік** — ақпаратты тарату, мұрағаттау, жинау, өңдеу мүмкіншіліктерін қамтамасыз ету, диалог жүргізудің дамыған құралдарын қолдану (мысалы, «маңызды» сөз қолдану арқылы еркін түрде сұрақ қою мүмкіншілігі, шектеулі символдар жиынтығы түрінде, ақпарат мазмұны нұсқаларын таңдау мүмкіншілігі, онымен жұмыс істеу тәртібі), кері байланысты іске асыру кезіндегі кез келген түрде (символ, графика, анимация және т.б.) ұсынылатын ақпаратты қабылдау-жөнелту процесі.

**Бейнеконференция** — бейнетехнологияны негізгі байланыс технологиясы ретінде пайдаланып әр жерде тұратын адамдар ара-

сындағы сұхбат немесе әдістемелік мәжіліс құру, кездесу. Бұл кезде екі бағытты дыбыс және бір немесе екі бағытты бейнекөрініс пайдаланады.

**АКТ-қүзіреттілігі** — қазіргі әлемдегі коммуникацияға және ақпаратты өңдеуге жалпы қабілеттілік. Ақпараттық және коммуникациялық (қатынас) технология құралдарын нәтижелі пайдалану көзделеді.

**Ақпараттық-педагогикалық модуль** — белгіленген өлшемдегі заттық тасушыда немесе дербес компьютердің бір кадрында орналасатын педагогикалық тәжірибе немесе ғылыми зерттеулердің нәтижелері туралы қысқаша ақпараты бар ақпараттық карточканың бірыңғайланған түрі.

**Ақпараттық-іздеу жүйесі (АІЖ)** — іздеу және сәйкесті ақпараттық-іздеу тілі негізінде ережелеріне сәйкес қажетті мәліметтердің ақпарат көзінің сипатталуы арқылы арнайы базада (индекс) іздеуін және сұрыптауын қамтамасыз ететін жүйе; сақтау, іздеу және қажетті ақпаратты беруге арналған алгоритмдік, сондай-ақ техникалық құралдар тілдерінің жүйесі.

**Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ)** — ақпаратты өңдеудің алгоритмдерін, тәсілдерін, механизмдерін, әр түрлі қондырғыларын сипаттайтын жалпыланған түсінігі. Қазіргі заман АКТ-ның маңызды қондырғылары — программалық жабдықтамамен қамтамасыз етілген және ақпарат орналасқан телекоммуникация құралдары болып табылады.

**Ақпараттық технология** — мәліметтерді электронды өңдеуге негізделген технология; ақпаратты алу, өзгерту, беру, сақтау және қолдану әдістері мен құралдары.

**Телекоммуникациялық технологиялар** — телекоммуникациялық жүйелер жұмысын тиімді ұйымдастыру тәсілдерінің жиынтығы.

**Білім беруді ақпараттандыру проблемалары** — 1) ұстаздардың ЖАТ-ы енгізуге қарсылығы сынып-сабақ жүйесімен сипатталатын топтасып оқыту және дербес

компьютерлер пайдаланатын жекешелеп оқыту түрі арасындағы қайшылықтардан туындайды;

2) «хакерлік» феноменінің пайда болуымен байланысты кейбір адамдар тобының компьютер экранындағы виртуалды ақиқатқа енуі, олармен белсенді бірлесіп әрекет етуі, бірақ ол нақты өмірден қол үзген тұлғааралық қатынастарының қысқаруы;

3) ақпаратты таратудың құқықтық негіздері: оқушылардың ақпарат алу құқығы, оқушылар туралы ақпаратты, пайдалануға рұқсат етілмеген мектеп базасындағы мәліметтерді оған зиян келтіру мақсатында пайдалану және басқа адамдардың автор құқығы, сонымен қатар тегін таратуына тыйым салынған ақпаратты білім беру мақсатында пайдалану және т.б.

**БІЛІМ БЕРУДІ БАСҚАРУ** – 1) (ұйым ретінде) құрамында білім беруді аймақтық (облыстық) басқару, сәйкесті қалалық және аудандық басқару, сонымен бірге білім беру мекемесінің өзін басқару құрылымдары бөлінетін күрделі құрылымдық-ұйымдастыру жүйесі; 2) (процесс ретінде) білім беру жүйесінің, оның бөліктерінің тиімді дамуы мен тұрақты қызмет етуіне бағытталған өзара байланысты шешімдердің жасалуы және оның орындалу процесінің циклді қайталануларының жиынтығы.

Негізгі білім беру және жабдықтау процестерінің қызметін және оның дамуын, сонымен бірге үздіксіз өз бетінше дамуын анықтайтын жоспарлау, ұйымдастыру, басқару және бақылау ісін қамтиды.

Білім беру жүйесі екі тәртіпте жұмыс істеуі мүмкін: қалыпты қызмет ету және даму, соған сәйкес олар түрлерге бөлінеді: бірінші жағдайда мақсат – білім беру жүйесіндегі бар әлеуетті тиімді пайдалану, оның тиімділігін арттыру болса, нысаны оқу-тәрбие процестері мен оны бағдарлама-әдістемелік, материалды-техникалық, нормативтік құқықтық, кәсіби мамандық тұрғыда қамтамасыз ету болып табылады.

Басқарушылық қызметті – жоспарлау, ұйымдастыру, басқару, бақылауды жүзеге асырып, оны қамтамасыз ету үшін басқару жүйелері құрылады. Олардың әрбірінің аясында бір-бірімен өзара байланысты немесе салыстырмалы түрде дербес компоненттері болуы мүмкін: адамдық, материалдық, техникалық, ақпараттық, нормативтік құқықтық және т.б.

Білім беруді басқару оның түрлі сатылық деңгейлерінде ерекшеленеді: жалпы мемлекеттік, облыстық (аймақтық), қалалық, аудандық (жергілікті) және білім беру ұйымдары деңгейінде; басқару органдары да құрылады – мемлекеттік, қоғамдық, аралас.

**Тиімді басқаруды құру жолдары:**

- **ұтымдылық** теориясы бойынша тиімді әрекеттің негізгі шарты – дәл уақыттық тәртіп белгілеу, орындалуына қатаң бақылау орнату және субъективті факторларды мүмкіндігінше азайтуға бағытталған өнімді еңбекті ынталандыру;

- **мінез-құлықтық** теориясы бойынша бірлескен әрекетке қатысушылардың жеке-дара мотивтері, тұлғааралық және топаралық қызығушылықтары, адамдық жағымды қарым-қатынас қалыптастыруға басты назар аударылады;

- **жүйелілік** теориясы білім беруді басқарудың барлық деңгейлеріндегі мәселелер жиынтығын қамтығысы келеді; ұтымдылық және мінез-құлықтық теорияларының шектеулерін жеңіп шығуға тырысады.

**БІЛІМ БЕРУДІ БІРЕГЕЙЛЕУ** – өзіндік педагогикалық тұжырымдамасы бар, басым көпшілігі авторлық бағдарламасымен жұмыс жасайтын оқытушыларының құрамы кен сипаттағы әр түрлі оқу орындарды қалыптастыру.

**БІЛІМ БЕРУДІ ГУМАНИЗАЦИЯЛАУ** – 1) педагог пен оқушы арасындағы, оқушылардың өздерінің арасындағы қатынасты «адамиландыру» процесі, оқу-тәрбие процесінің олардың тұлғасына, рухани, интеллектуалдық және мәдени әлеуетінің дамуына бағыттау; 2) гуманизм идеяларының

оқытудың мазмұнына, формалары мен әдістеріне қолданылуы.

**ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ГУМАНИЗАЦИЯЛАУ** – педагог пен тәрбиеленуші арасындағы қатынасты құру процесін адамдарға құрмет, оларға қамқорлыққа негізделген дүниетаным принципімен жүргізу; педагогикалық ықылас ортасы ретінде баланың қызығушылықтары мен проблемаларын қою; балаларда адам тұлғасын дүниедегі ең жоғары құндылық ретінде қарауды қалыптастыру.

Бұл процесс балалық шақты әлеуметтік қорғау қызметін атқарады.

**БІЛІМ БЕРУДІ ГУМАНИТАРИЗАЦИЯЛАУ** – 1) тәрбиелеудің, білім берудің, ағарту мен мәдениеттің барлық түрлерін тұлғаның адамгершілік бағытын қалыптастыруға жұмылдыру, білім беруді гуманизациялау құралы; 2) әрбір білім алушыда технократтық пен рақымсыздыққа қарсы тұра алатын рухани бай тұлғаны дамыту мақсатында оқытудағы жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық топтамалардың арасындағы үйлесімді тепе-теңдікті орнату.

Білім беру жүйесі интеллект, технократтықтың өртүрлілігіндегі тұтастық ретіндегі ғылыми санасының дамуын басып озған ғылымның даму жолын қайталайтын тәрізді. Мектептегі пәндік білімдер байланысыз болып қалуда, логикалық аспект тарихи-мәдени және әлеуметтік мәдениетке зиянын тигізіп, басымдық көрсетуде. Пәндер арасындағы байланыс мектеп пәндерінің жалпы адамдық мазмұны арқылы емес, пәнаралық ғылыми білімдер негізінде жасалады. Нәтижесінде оқыту формалды, абстрактілі сипат алады.

**Практикалық бағыттары:** әлеуметтік-экономикалық деп аталатын пәндер бойынша оларда әлем философиясы мен жалпы мәдени мұрасын бейнелеу мақсатында оқу бағдарламаларын қайта қарау; әр түрлі философиялық және этикалық тұжырымдамалардың мазмұны оқушыларға түсінікті баяндалатын оқулықтардың жана буынын

дайындау; педагогикалық кадрларды тәрбиелеу принциптерін жасақтау.

**БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ТҰЖЫРЫМ-ДАМАСЫ** – білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың жалпы стратегиясын, негізгі бағыттарын, басымдықтарын, міндеттерін және мемлекеттік тәуелсіздіктің нығаюын, елдің ілгері дамуының түйіні ретінде оларды жүзеге асырудың механизмдерін айқындайтын құжат.

**БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ТҰЖЫРЫМ-ДАМУ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫ** – адам ресурстары сапасын көтеру, тұлғаның сұраныстары және қоғамның білікті кадрларға мұқтажлығын қанағаттандыру үшін, көп деңгейлі білім берудің ұлттық жүйесін жетілдіруге бағытталған ресми мемлекеттік құқықтық актілер.

Белгілі бір кезеңге, әдетте, 5 жылға жасалады.

**БІЛІМ БЕРУДІ ДИФЕРСИФИКАЦИЯЛАУ** – білім беру ұйымдарына берілген, білім беру қызметтері аясын кеңейту.

**БІЛІМ БЕРУДІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ҚОРИ (БАНКИ)** – жаңа білімдер жинақталатын, жүйеленетін, әрбір маманның атына уақтылы жеткізілетін ғылыми-педагогикалық ақпараттар орталығы. Аймақтарда инновациялық процестерді болжамдау мен насихаттауды жүзеге асырады.

**БІЛІМ БЕРУДІ МЕМЛЕКЕТ ИЕЛІ-ГІНЕН АЛУ** – білім берудің рөлі мен маңызына арналған көзқарастардың ауысуы, оны адами өлшемдерге, индивидтің, қоғамның мүддесіне арнап бағыттау, бұл өзгерістер білім берудің мақсат көздеушісі, білім берудегі мағына мен құндылықтар жүйесінің ауысуы, қоғамдық-мемлекеттік бақылау мен басқарудың алуан түрлі формасы мен мүмкіншілігін қоса отырып, қоғамдық бастаманы кеңейту, бұл қоғамның, оның әр түрлі қауымдастығының, жеке тұлғаның, мемлекеттің бірлескен іс-әрекет саласы, мектеппен, білім берумен жана қатынастар құру.

Бұл білім берудегі қоғамдық мүдделерді кенейту, білім беруге арналған қоғамдық сұранысты білімнің мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени дамуындағы маңыздылығын қоғамдық бағалау құралы ретінде үнемі зерделеу қажеттілігі.

**БІЛІМ БЕРУДІ (МЕКТЕПТІ) РЕФОРМАЛАУ** – оқу-тәрбие процесін, оны ұйымдастыру мен мазмұнын қайта құру.

**БІЛІМ БЕРУДІ САРАЛАУ (ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯЛАУ)** – оқытудың әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдық-басқарушылық, дидактикалық аспектілері, яғни әр түрлі білімдік қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған білім беру ұйымдарының статусы, қабылдау шарттары, оқу-тәрбие процесінің мазмұны мен ұйымдастыруы, оқу мерзімі, топтардың толықтырылуы және с.с.,

**Болады:**

- **сыртқы** (арнайы мектептерді ұйымдастыру, тереңдетіп оқытатын немесе түзетуші (коррекциялық) сыныптарды, факультативтерді, таңдау курстарын және т.б. ашу);
- **ішкі**, әдеттегі сынып ішінде әрбір оқушы үшін, оның жеке басының ерекшелігін ескере отырып, сабақтағы іс-әрекеттің ен тиімді сипатын анықтау;
- **элективті** (міндетті оқу пәндеріне қосымша оқу үшін оқушыларға бірнеше пәндерді таңдау құқығын беру).

**Оқытуды саралау (дифференциациялау)** – оқытуды даралау құралы, ол оқыту мазмұнын, түрлерін, әдістерін, қарқындылығын, білім көлемін таңдау арқылы әрбір баланың білімді игеруге қолайлы жағдайлар жасалатындай, оқушыларды жеке топтарға бөлу. Фуркациядан айырмашылығы, жалпы білім беретін дайындықтың базалық деңгейін төмендетпейді.

**Саралап оқыту** – оқытуды саралау процесіне негізделген оқыту.

Саралап оқытудың мақсаттары:

- **психология-педагогикалық көзқарас тұрғысынан** – әр оқушының тума нышандарын анықтауға, қызығушылықтарын, қа-

білеттерін дамытуға қолайлы жағдай жасауға негізделген оқытуды даралау;

- **әлеуметтік тұрғыдан** – әрбір қоғам мүшесінің социуммен өзара қарым-қатынастарын тиімді пайдалану үшін қоғамның шығармашылық, интеллектуалдық, кәсіптік әлеуетінің қалыптасуына мақсатты әрекет ету;

- **дидактикалық тұрғыдан** – оқушыларды саралап оқытудың түбегейлі жана мотивациялық негізге негізделген жана әдістемелік жүйесін құру арқылы мектептің пісіп жетілген проблемаларын шешу.

Саралап оқытудың түрлері:

- **қабілеттіліктері бойынша** (үлгерімді есепке алу негізінде);
- **интеллекті бойынша** (интеллектуалды тестілердің негізінде);
- **қабілетсіздігі бойынша** (үлгермейтін оқушыларды бөлек сыныптарға топтау негізінде (бір деңгейге келтіру, түзету жүргізу) және т.б.

**Оқытуға саралау тұрғысынан қарау** – жалпы дара ерекшеліктері негізінде оқушыларды топтау.

**Тәрбиелеуге саралау тұрғысынан қарау** – балалар қоғамдастығындағы құрылымдық немесе формалды емес топтасуы немесе оқушыларды ұқсас даралық, тұлғалық сапалары бойынша педагогтардың топтауындағы тәрбиеленетін топтардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мәселелерді шешудің бір жолы. Саралау тұрғысынан келу барлық ұжыммен жаппай жүргізілетін тәрбиелік жұмыс пен әрбір оқушымен дара жүргізілетін жұмыс арасында аралық мәнгеріе (Тәрбиелеуге даралау тұрғысынан келуді қараңыз).

Саралау әдісі педагогтің тәрбиелеу қызметін жеңілдетеді, себебі ол тәрбиенің мазмұны мен түрін әрбір бала үшін емес (өте толық сыныптардың жағдайында қиындық тудыратын), оқушылардың белгілі бір «категориялары» үшін анықтауға мүмкіндік береді. Аталған әдісті іске асыру ойындар-

ды, жарыстарды, уақытша шығармашылық ұжымдарды ұйымдастыруға, оқушылардың қасиеттерін ашуға көмектесетін арнайы педагогикалық жағдайларды жасауға мүмкіндік туғызады. Оған қажетті жағдай — тұлғалық өзара арақатынасты зерттеу. Саралау әдісі тұлға мен (жеке баспен) топтың, топ пен ұжымның, балалар мен ересектердің және т.б. арасындағы арақатынасқа ықпал жасауға мүмкіндік береді. Тиімділігі тәрбие ұйымдарының ынтымақтастығының шығармашылық атмосферасына және оны демократиялық басқаруына байланысты.

**БІЛІМ БЕРУДІҢ АНТРОПОЛОГИЯЛАНУЫ** — оқушы тұлғасы дамуының маңызды құралы бола алатын, білім беру мазмұнында азды-көпті толыққанды адам бейнесін жаңғырту (Б.Г. Мещеряков).

**БІЛІМ БЕРУДІҢ ДЕНГЕЙЛЕРІ** — білім берудің түрлі сатылары бағдарламаларының бірізділігі мен үздіксіздігі:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- 2) орта білім;
- 3) жоғары кәсіптік білім;
- 4) жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім.

**БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ** — білім берудің дамуындағы тұрақты айқындалатын бағыттар.

Ұзақ уақыттық тұрақты айқындалған бағыттардың болмауы тенденцияның жоқтығын білдіреді. Бұл жағдай қандай да бір процестің күшейгенін /әлсірегенін айқындайды. Олай болса, тенденция — «даму» ұғымының ажырамас нышаны ретінде өзінің мазмұнына тенденцияның әрекетін әлсіретуші, кейбір қарсы әрекет етуші әсерлердің көрініс тапқан кезінде іске қосылатын шектеулерді де кіргізеді. Қайшы тенденциялардың болуы әрекеттердің қарама-қарсылығын сипаттайды. Қайшы тенденциялардың бірін-бірі жокқа шығарушылық әрекеттері, ақыр соңында, қайсыбір процестің күшею немесе тежелу дәрежесін анықтайды. Дәл осындай, бір-біріне кедергі

келтіретін тенденциялардың жойқын дәрежесі нәтижесінде заң күшінің бағыты анықталады. Қандай да бір тенденция заң күшінің бағытына сәйкес келмеуі мүмкін. Білім беру деңгейіне байланысты тенденциялар да жалпы орта, техникалық, кәсіптік, ортадан кейінгі, жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беруге тән тенденцияларға бөлінеді. Мысалы, жалпы орта білім беруде төмендегідей тенденциялар байқалады:

- құрамындағы жекелік және ұжымдық құраушыларының арасалмағын анағұрлым ұтымды белгілеу тұрғысынан білім берудің мақсаттарын қайта пайымдау. Бұл жағдайда тәрбие мақсатының даралық аспектісін де, әлеуметтік аспектісін де абсолюттендіруді болдырмау қажет. Өйткені бірінші жағдайда өмірге бейімделмеген, қолынан іс келмейтін тұлға қалыптасады, ал екінші жағдайда дара тұлға дамуының қоғамдық дамудан озық болуы қызметі жокқа шығады;
- дүниедегі ғаламдық процестердің пайда болуы мен олардың жастарға әсерін ескере отырып, білім беру мазмұнын қайта қарау және оқытудың ұйымдастырушылық технологиялық негізін жанарту;
- мектеп өмірін демократияландыру, яғни білім беруді басқарудың орталықтанған, төрешілдік жүйесінен өзін-өзі басқару принциптеріне негізделген құрылымға көшу, білім беру құрылымдарының әр алуан түрлілігі, т.с.с.;

• іс-әрекет субъектісі ретінде оқушының жеке басына басымдылық беру принциптеріне сүйенуге негізделген, оқушы мен оқытушының рухани және жан сезімдік бірлігі мен ынтымақтастығын, сонымен бірге оқыту процесінде гуманитарлық циклдің үлесін көбейтуді көздейтін мектеп өмірін ізгілендіру.

Білім беруді жүйе, процесс, нәтиже ретінде түсінуге байланысты білім берудің даму тенденцияларын былай топтастыру (жіктеу) қабылданған:

**1. Институционалды деңгей** құрамына төмендегі сипаттамалар кіреді:



а) *саяси-идеологиялық*:

- ізгілендіру және демократияландыру;
- элитарлы және жалпы.

ә) *уақытты-кеңістіктік*:

- ашықтық және үздіксіздік;
- жаһандық және аймақтық;
- интеграция және интернационалдык.

б) *басқарушылық*:

- орталықсыздандыру және орталықтандыру;
- оңтайландыру және жоспарландыру.

в) *демографиялық*:

- көші-қон (барлық түрлері);
- кенттену.

**2. Процессуалды деңгей** құрамына төмендегі сипаттамалар кіреді:

а) *ақпараттық-мазмұндық*:

- ізгілендіру, гуманитарландыру және демократияландыру;
- идеологиясыздандыру;
- генерализация және интеграция;
- стандарттау;
- кәсіптендіру, іргелендіру және мамандандыру,
- ақпараттандыру, автоматтандыру және компьютерлендіру.

ә) *қатынастық-қызметтік (әрекеттік)*:

- дербестендіру, дараландыру және сараландыру,
- ынтымақтастыру және бірлестіру.

**3. Нәтижелік (тұлғалық) деңгей** келесі интегралды сипаттамалардан тұрады:

- жан-жақтылық және үйлесімділік;
- креативтік;
- кәсібилік және біліктілік;
- жауаптылық және талапшылдық;
- қарым-қатынастылық;
- адамгершілікті және руханилық;
- тиімділік және прагматикалық;
- ұтқырлық және бейімділік.

**БІЛІМ БЕРУДІҢ КӘСІБИ БАҒДАРЛАМАСЫ** – *жалпы* (негізгі және қосымша) және *кәсіби білім* (негізгі және қосымша) бағдарламаларын біріктіріп белгілі бір деңгейдегі және бағыттағы білім мазмұнын айқындайтын құжат.

**БІЛІМ БЕРУДІҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫ** – балаларды мектеп алды тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламасын іске асыратын, білім беру мекемелерінің типі: бөбекханалар, бөбекхана-балабақша (2 айдан 3 жасқа дейін) және мектеп алды: балабақша (3 жастан 6–7 жасқа дейінгі) жастағылар.

**БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕПЕ-ТЕНДІГІ** – алынған немесе алынатын білімнің индивид тұлғасының дамуының объективті қажеттіліктеріне сәйкестік шамасы.

**БІЛІМ БЕРУДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТЫҚ ЖІКТЕЛУІ** –

(Білім берудің Халықаралық конференциясында қабылданды, Женева, 1975 ж.), ЮНЕСКО-ның Бас конференциясында (1997 ж.) бекітілді – жекелеген мемлекеттер бойынша, сол сияқты халықаралық масштабта білім беру туралы статистикалық мәліметтерді жинауға, компиляцияларға және баяндауға ықпал ететін құрал.

Халықаралық компиляцияларды жанарту, қайта қарау мен одан әрі ықпал ету және білім беру бойынша статистикалық мәліметтерді салыстыру мақсатында, әлемнің әр түрлі аудандарында жүріп жатқан білім беру саласындағы өзгерістер мен жаңа ағымдарды ескере отырып құрылған:

- кәсіптік білім беру және мамандарды даярлаудың алуан түрлерінің (формаларының) санын көбейту;
- білім беруді қамтамасыз ететін мекемелерді барынша түрлендіру;
- жаңа технологиялармен байланысты білім берудің қашықтықтан оқыту және басқа да білім беру мүмкіндіктерін кең қолдану. Онда стандарттық тұжырымдама, ережелер және топтамалар бар.

Білім берудің ұлттық жүйесінің құрылымына немесе ол мемлекет экономикалық дамудың қай сатысында тұрғанына қарамастан, білім беру саласын талдау саясатын жеңілдетуге және шешім қабылдауға арналған көпмақсатты жүйе.

Білім берудің түрлі аспектілері бойынша статистикалық мәліметтер үшін қолдануға болады, соның ішінде, білім беруге бөлінген адами және қаржылық ресурстарда, халықтың білімділік деңгейі туралы мәліметтерде.

Білім берудің сатылары және салалары деп тура жіктелген екі айнымалыны қамтиды. Сатылары:

- **бастауыш алды білім беру** (мектепалды білім беру мен тәрбиелеуге сәйкес келеді);
- **бастауыш білім беру** (базалық білім берудің бірінші кезеңі);
- **орта білім берудің бірінші кезеңі** (негізгі орта білім беру);
- **базалық білім берудің екінші кезеңі**;
- (екінші кезең) **орта білім беру** (жалпы орта білім беру);
- **орта білім беруден кейінгі, жоғары емес білім беру** (бастауыш және орта кәсіптік білім беру);
- **жоғары білім берудің бірінші кезеңі** (ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қажет анағұрлым жоғары біліктілік алуға бағыттамайтын (бакалавриат);
- **жоғары білім берудің екінші кезеңі** (ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қажет анағұрлым жоғары біліктілік алуға бағыттайтын (магистратура).

Негізгі салалары (білім берудің 25 саласы белгілі):

**Білім беру** (14 Мұғалімдерді дайындау және педагогикалық ғылымдар);

**Гуманитарлық ғылымдар** (21 Өнер; 22 Гуманитарлық ғылымдар);

**Әлеуметтік ғылымдар, бизнес және құқық** (31 Әлеуметтік және бихевиористік ғылымдар; 32 Журналистика және ақпарат; 34 Бизнес және басқару; 38 Құқық);

**Ғылым** (42 Өмір туралы ғылымдар; 44 Физикалық ғылымдар; 46 Математика және статистика; 48 Компьютер ісі);

**Инженерлік, өңдеуші және құрылыс салалары** (52 Инженерия және инженерлік іс; 54 Өндірістік және өңдеуші салалар; 58 Архитектура және құрылыс);

**Ауыл шаруашылығы** (62 Ауыл, орман және балық шаруашылығы; 64 Ветеринария);

**Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру** (72 Денсаулық сақтау; 74 Әлеуметтік қамсыздандыру);

**Қызмет көрсету** (81 Қызмет көрсету саласы; 84 Транспорт; 85 Қоршаған ортаны қорғау; 86 Қауіпсіздік қызметтері).

**БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АТТЕСТАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ** – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі құзыреттілігі аясында білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру міндетін, сол сияқты оның құзыреттілігіне қарайтын салаларды қадағалау және бақылау қызметін атқарады.

Комитеттің басты міндеттері Қазақстан Республикасындағы білім беру, ғылым, ғылыми-техникалық қызмет, ғылыми және ғылыми-техникалық кадрларды аттестаттау және білім беру, сондай-ақ ғылым саласындағы мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуы туралы заңнамалардың орындалуына мемлекеттік бақылау жасау болып табылады.

Комитет заңнамада бекітілген тәртіп бойынша:

1) Мемлекеттік бағдарлама бойынша жүзеге асырылатын төмендегі қызметтерді:

- ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарын лицензиялау, аттестаттау және аккредиттеуде мекемелердің қызметіне талдау және мониторинг жүргізеді;

- ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарында, меншік нысаны және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, диссертациялық кеңес құру, мамандықтар мен ғылым салаларының тізімін бекіту, солар арқылы кеңестерге диссертацияны қорғауға қабылдау құқығын береді;

- ғылыми дәрежелер және ғылыми атақ беру туралы аттестаттық комиссияның жұмысын қарайды және солар бойынша бірдей талапқа сәйкес, ғылым кандидатта-

ры мен докторларына дипломдарды және мемлекет атынан профессорлар мен кандидаттарға аттестаттарды ресімдеу және табыс етуді жүзеге асырады;

- мемлекеттік бюджет есебінен жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарын, іргелі және колданбалы зерттеулердің бағдарламаларын және аяқталған тақырыптарды, қорғалған диссертацияларды мемлекеттік тіркеуге алуды жүзеге асырады;

- өз құзыреттілігі аясында білім беру қызметімен айналысу құқығына лицензиялар береді;

2) мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ететін қызметтердің түрлері бойынша:

- тиісті құжаттары қоса берілген шет елдік білім беру мекемелерінің білім беру туралы құжаттарын тану және нострификациялау тәртібін белгілейді;

- ғылыми және педагогикалық кадрларды аттестаттаудан өткізеді;

- жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын білім беру мекемелерін аккредиттейді;

- отандық ғылым мен техниканың бәсекелестік деңгейін қолдау мақсатында ғылыми ұйымдарды аттестаттау және мемлекеттік емес ғылыми мекемелерді аккредиттеуден өткізеді;

- бірыңғай ұлттық тестілеуді ұйымдастырады және өткізеді;

- занды тұлғалардың берілген лицензиялардағы талаптарды сақтауын тексереді;

- жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру, сол сияқты республикалық бюджеттен қаржыландырылатын және орта кәсіптік білім беру бағдарламасы мен арнайы білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын білім беру мекемелерін аттестаттайды;

- білім беру және ғылым, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары бойынша Қазақстан Республикасы заңнамалары мен нормативтік құқықтық актілердің

орындалуына мемлекеттік бақылау жүргізеді;

- білім беру ұйымдарында мемлекеттік аралық бақылауды ұйымдастырады және өткізеді;

- білім алушылардың қорытынды мемлекеттік аттестациясын ұйымдастырады және өткізеді.

**БІЛІМ САПАСЫ** — білім түрлерінің (заңдар, теориялар, колданбалы, әдіснамалық, бағалау білімдері) білім мазмұны элементтерімен және меңгеру деңгейлерінің арақатынасы.

Әрбір білім оны қолдану тәсілімен потенциалды түрде байланыскандықтан ол шығармашылық процеске қатысып қандай да бір маңызға ие болғандықтан мұндай арақатынасты белгілеу қажет.

Білім сапасы адамның білімді *меңгеруі* мен түрлі іс-әрекетте *қолданудың* көпжақты талдауы нәтижесінде айқындалады және толықтық, тереңдік, жүйелілік, шапшандық, икемділік, нақтылық, түйіндеу сипатына ие болады.

Сол сияқты ол түйінделу және өрістелу, сағалылық және беріктігімен сипатталады. Білімнің барлық сапасы өзара байланысты және өзінше дербес, себебі бірін-бірі алмастырмайды.

**БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖҮЙЕСІ (БСБҰЖ)** — білім сапасының білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекет сұранысына сәйкестігін анықтау тәсілдерінің, түрлерінің, рәсімдері мен институционалдық құрылымдарының жиынтығы. Мақсаты — отандық білім жүйесімен Қазақстан Республикасы мамандарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін халықаралық білім кеністігі мен еңбек нарығында білім сапасына қол жеткізу.

**Негізгі міндеттері:**

- барлық деңгейдегі білім сапасын институционалды бағалау;

- барлық білім деңгейінде оқушылардың оқу жетістігін сыртқы бағалау;

- мұғалімдер мен оқытушылардың қызметін бағалау; оқыту және үйрету процесін жетілдіру;
- білім беру ұйымдарының білім беру қызметінің сапасын жүйелі және салыстырмалы зерделеу, білім жүйесінің тұрақты дамуын қолдау;
- мемлекет азаматтарының сапалы білім алуға деген конституциялық құқығын қамтамасыз етуге қажетті білім беру жүйесінің жағдайы туралы объективті ақпарат алу;
- айқындыққа қол жеткізу үшін қоғамды ақпараттандыру;
- үздіксіз білім беру жүйесінің сатылары арасында бағалау нәтижелерінің сабақтас-тығын қамтамасыз ету;
- ұлттық мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарын халықаралық стандарттармен салыстыру үшін халықаралық зерттеу аясында, оқушылардың оқу жетістіктеріне салыстырмалы мониторинг жасау.

#### **Нысандары:**

- жеке меншік және ведомстволық бағыныштылық түріне байланыссыз білім беру ұйымдарының қызметі;
- білім ұйымдары жүзеге асыратын (педагогикалық технология) оқыту, жеке тұлғаларды тәрбиелеу және басқару процестері;
- оқушылардың оқу процесінде иеленген оқу жетістіктерінің (білім, ептілік, дағды және құзырлық) нәтижелері.

#### **Принциптері:**

Объективтік, кәсібилік, жариялылық, айқындық, әділеттілік, кезеңдік, сабақтастық, есеп берушілік, дамудың үздіксіздігі.

#### **Рәсімдері:**

Білім беру қызметін лицензиялау, мамандарды даярлау сапасын мемлекеттік аралық бақылау (МАБ), мемлекеттік аттестаттау, мемлекеттік аккредитациялау және оқушыларды мемлекеттік қорытынды аттестаттау. БСБҰЖ аттестаттау, аккредитациялау және сыртқы бағалаумен білім сапасын тікелей мониторингтік зерттеу арқылы рәсімделеді:

- оқушылардың оқу жетістігі мен олардың тұлғалық сапасының даму деңгейі;
- сыныптың, топтардың, пән секцияларының, бөлімшелердің, факультеттің, жеке мамандықтың оқу жетістіктері; ауданның, қаланың, аумақтың білім беру ұйымының және тұтастай білім беру жүйесін;
- білім беру ұйымының қызметі, сондай-ақ білім беру ұйымдары өткізетін, оқушылардың білім жетістігін ішкі бағалау (өзін-өзі бағалау).

Оқушылардың оқу жетістігін сыртқы бағалау тестілеудің стандарттық рәсімдері негізінде жүргізіледі. Барлық деңгейдегі білім сапасын бағалау мен мониторингін енгізу және оны жүзеге асыру, оларды жүйелі түрде жетілдіру және халықаралық тәжірибеге сәйкес келтіру, сондай-ақ аумақтық және мемлекеттік деңгейде білім беру ұйымдарының рейтингін анықтау БСБҰЖ шеңберінде жүзеге асырылады.

**БІЛІМ, ІСКЕРЛІК, ДАҒДЫНЫ МЕНГЕРУ** – білім беру мазмұнының құрамдас бөліктері ретіндегі қоғамда жинақталған білім мен іс-әрекет тәжірибесін, мінез-құлық пен жүріс-тұрыс үлгілерін игеру.

Бірнеше сатыдан өтеді: *қабылдау, түсіну, есте сақтау, іс жүзінде пайдалану* мүмкіндігі (қолдану). Белгілі бір сала бойынша жоғары оқу орнын бітірушінің, жоғары білімді маманның кәсіби қызметіне қажетті нормативтер жүйесін менгеру сапасының түрлі аспектілерін сипаттайтын жеке критерийлер жүйесі:

$k_s$  – менгеру толықтығы (жүйенің жеке бөліктері арасындағы өзара байланыс пен маңыздылықты ескеріп отыратын жүйелілік) немесе жүйелі-әрекеттік ойлаудың қалыптасқандығы;

$k_a$  – менгеру сапасы (тереңдігі); іс-әрекетті сатылап менгерудегі қол жеткен деңгеймен өлшенеді;

$k_b$  – ғылымилық дәрежесі (немесе абстракция дәрежесі);

$k_g$  – бітірушінің менгерген нормативті іс-әрекеттерінің автоматты дағдыға айналу

дережесі немесе проблемалық жағдайлардағы бағдарлау мен шешім қабылдауда қажетті динамикасының қалыптасу дәрежесі.

**БІЛІМ ЭКОНОМИКАСЫ** – білім жүйесін қалыптастыру мен дамыту және кадрларды даярлаудың материалдық алғышарттарын зерделейтін экономикалық теория саласы.

Зерттеу пәніне: а) білім беруге арналған шығыстардың табиғаты – инвестициялар, тұтынымдар; ө) қаржыландыру – көздері, олардың құрылымы, білім беруге бөлінетін ұлттық табыстың тиімді үлесі; б) білім жүйесінің ұлттық табыс өсіміне қосқан үлесі; в) ұйымның қаржылық шаруашылық қызметі – олардың бюджеті, қаржыландыру көзі, шығын құрылымы, білім процесінің материалдық-техникалық базасы, бір адамды оқыту шығындары және т.б.

**БІЛІМДЕГІ ДЕЛДАЛДЫҚ** – білім беру қызметін «өндіруші» мен олардың «тұтынушыларын» ақпаратты тарату мен білім беру қызметтерінің сипаты, оны алу мүмкіндіктері, жолдары туралы ересек тұрғындарға кеңес беру арқылы байланыстыратын делдалдық қызмет.

**БІЛІМДЕР ИНЖЕНЕРИЯСЫ** (Э.Фейгенбаум термині) – білімді ұсыну мақсатында тілдермен шұғылданатын, білімді толықтыру әдістері, олардың қарамақайшы еместігі мен әдептілігін тексеру рәсімдері және әр түрлі мақсаттарды шешуде білімді пайдалану, оны білімді сақтау мен өндеуге арналған практикалық жүйелерді жасаудағы жасанды зерде теориясындағы аймақ.

**БІЛІМДЕРДІ ТЕКСЕРУДІҢ АУЫЗША ФОРМАСЫ** – жауаптың жазбаша белгілеуін қажет етпей, оқып үйренушілердің үлгеріміне бақылау жасау.

**БІЛІМДЕРДІ ТЕКСЕРУДІҢ ЖАЗБАША ФОРМАСЫ** – жазу жұмыстарының көмегімен өткізілетін оқып үйренушілердің үлгеріміне бақылау жасау.

**БІЛІМДІ, БІЛІКТІ ЖӘНЕ ДАҒДЫНЫ ТЕСТІЛІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ** – педагогикалық тестілік бақылауға қатыстырылған педагогикалық, әдістемелік, техникалық, ұйымдастырушылық және кадрлық қорлардың жиынтығы.

**БІЛІМДІ ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ** – оқу-тәрбие процесіне барлық субъектілердің нақты қатысуы үшін барынша қолайлы жағдай жасау, олардың қабілеттерін және дарындылығын ашу, құқықтары мен жауапкершіліктерін кеңейту, олардың білім алу мүмкіндігінің теңдігін қамтамасыз ету.

Білімді демократияландыру табиғаты күрделі және келесі негізгі принциптерде құрылады.

1. Демократиялық мектеп нағыз демократтарды қалыптастыруы тиіс. Білінген авторитаризм көрінісінің кез келген үлгісі тілалғыш «бұрандалар» немесе «бүлікшілердің» қалыптасуына әкеледі. Либерализм жауапсыздыққа әкелуі мүмкін. Осыдан, педагогтің пікірі бойынша, мектепке басты сипатына ынтымақтастық, сыйластық және т.б. қарым-қатынастың келісімшарттық түрі енгізілуі тиіс.

2. Жалпы білім беру мерзімін ұзарту. Өз отандастарының барлығын біліммен қамтамасыз ететін қоғамды демократиялық қоғам деп тануға болады. Бұл жетістікке қол жеткізу құралы, білімді кең дифференциациялау болып табылады; оқушылардың әр түрлі категориясына оларға қолайлы оқыту түрлері мен тездігін таңдау бостандығы беріледі.

3. Демократиялық білім ғылыми объективті болу керек, яғни білім мазмұнына нақты ғылыми мағлұматтар енгізіледі және жалпы адамгершілік құндылықтар мен моральдық принциптерге құрылуы тиіс.

Сонымен қатар мемлекет әр адамға өз идеясын таңдау еркіндігін, шешімдерді дербес қабылдау құқығын және т.б. мүмкіндіктерін жасайды.

**БІЛІМДІЛІК** — меңгерген тәжірибесінің көмегімен қоршаған ортада бағытталуға қабілетті болатын, оған ынғайланатын, оны қорғайтын және байытатын, ол туралы жаңа білім алатын және сол арқылы өзін үздіксіз жетілдіретін дамушы тұлғаның сапасы. Критерийлері адамның логикалық пайымдау көмегімен білім жүйесіндегі жетіспейтін буынды өз бетінше қалпына келтіру қабілеттілігінен көрінетін *білім жүйелілігі* мен *ойлау жүйелілігі*.

**БІЛІМНІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ** — құндылықтың жойылуы, білімнің мағынасының құнсыздануы.

**БІЛІМНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ** — ұлттық табыстың өсіміндегі білімнің рөлін бейнелейтін макроэкономикалық термин.

Білімге бағытталған қаржылық жұмсалымның барлық жиынтығының материалдық өнім саласы қызметкерлерінің білімділік және біліктілік деңгейін көтеру нәтижесінде алынған ұлттық табыс өсіміне қатынасымен түсіндіріледі.

**БІР БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ** — тек бір тандаған бағдарды (дайындық бағытын) іске асырушы білім беру ұйымы.

**БІРІГУ (ШОҒЫРЛАНУ)** — ғылымдардың саралану процестерімен қатар жүретін жақындасуы мен байланысу процесі.

**ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНЕ БІРІГУ** — бірыңғай білім беру кеңістігін құру мақсатында дүниежүзілік білім беру жүйесімен жақындасу процесі (қ. *Болон процесі*). Балалар ұжымында, оның қоғамдық пікірі мен ұжым ішіндегі адамгершілік қатынастар көрініс табатын дамуы кезеңінде пайда болатын топтық бірігу.

**ҒЫЛЫМ МЕН ӨНДІРІСТІҢ БІРІГУІ** — өндіріске ғылым жетістіктерін енгізу процесі, өндіріс процестерін ғылыми қамтамасыз ету.

**ОҚУ МАЗМҰНЫНЫҢ БІРІГУІ (БІЛІМ БЕРУ)** — негізінде жаңа интеграцияланған курстар пайда болатын ғылымның жақындасуы мен әрекеттесу процесі.

**БІРІКТІРІЛГЕН БІЛІМ БЕРУ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ** — білім берудің деңгейлері мен мазмұнының үздіксіздігі мен сабақтастығын ескере отырып жасалған оқу бағдарламасы.

**БІРІКТІРІЛГЕН ПӘНДЕР (КУРСТАР)** — әр түрлі ғылымдардың бірігуі нәтижесінде пайда болған оқу пәндері (мысалы, «Жаратылыстану», «Ақмеология», «Мәдениеттану» және т.б.).

# В

**ВАЛЕОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ** — оқушыларды өз денсаулығын сақтай білуге тәрбиелеу, оларда салауатты өмір салтының ғылыми мәнін түсіну мен соған сәйкес әрекеттерді қалыптастыру.

Адамгершілік, дене және жыныстық тәрбие арқылы жүзеге асатын дені сау адамды қалыптастыру, психологиялық өзін-өзі реттеу тәсілін үйрету, гигиеналық, физиологиялық, экологиялық, медициналық білім беру мен меңгеруге бағытталған тұжырымдамаға негізделеді.

**ВАЛИДНОСТЬ (АНЫҚТЫҚ, ШЫНДЫҚ)** — психодиагностикалық әдістемелер мен тестердің маңызды бір сипаттамасы, тұлғаның зерттеу нысаны ретіндегі қасиетінің көріну дәрежесі мен оны өлшеу әдісі арасындағы сәйкестігін белгілеуді талап ететін, олардың сапасының негізгі бір критерийлері. Дұрыстық ұғымына жақын, бірақ оған тең емес. Тест нақты нені өлшейтінін және оны ол қаншалықты жақсы атқаратынын көрсетеді; Тест неғұрлым анық болған сайын нені өлшеуге арналып жасалғаны туралы қасиет айқын бола бастайды.

Ақыл-ойды өлшеу анықтығы мынаған байланысты:

1. Осы феноменнің қандай да бір тұжырымдамасын беретін, ақыл-ойдың анықтама-сынан.

2. Осы тұжырымдамаға сәйкес жасалатын, тест тапсырмаларының құрамынан.

3. Эмпирикалық тестілік тапсырмалардан, сондықтан тұжырымдамалық анықтық мәселесі маңызды. Тест тапсырмалары берілген ақыл-ойдың авторлық тұжырымдамасына сәйкес келсе, онда тестің тұжырымдамалық анықтығы туралы сенімді айтуға болады. Тестің эмпирикалық критериймен байланысы, осы критерийге қатынасы бойынша оның анықтығын көрсетеді. Тестің анықтығын айқындау әрқашан қосымша сұрақтарды қоюды талап етеді: не үшін? не мақсатпен? қандай критерий бойынша? Ұғым тестіге ғана емес, сапаны бағалау критерийіне де қатысты. Тестің критериймен байланыс коэффициенті жоғары болса, *анықтық* та жоғары. Факторлық талдаудың дамуы теңестіру факторына қарағанда, анықтығы жоғарырақ тестер жасауға мүмкіндік берді. Тек анықтыққа тексерілген тестер ғана кәсіби бағыттылықта, кәсіби іріктеуде, ғылыми зерттеулерде қолданылады.

Бөлінеді:

- *өлшемдер* — талап етілетін сапаның дұрыстық өлшемін анықтайтын критерий;

- *конструкта* — сол арқылы зерттеу нәтижелерін анықтыққа тексеруге болатын теориялық құрылым, түзілім;

- *куррикулярлық* — түсіндіруде оқу қызметіне керекті мәліметтер көмегімен мазмұнды сипаттау, қажетті түпкі мінез бен оның көріну шарттары, мінезді өлшеу көлемі алашақтықты азайтуды талап ететін мазмұн дұрыстығының ерекше жағдайы;

- *эмпирикалық* — болжау анықтығы мен сәйкестік анықтығының жалпы атауы:

— *балжаудың* — ертерек өткізілген зерттеулер барысында алынған мәліметтер мен кештеу байқалған әрекет арасындағы өзара байланысты есептеуге мүмкіндік беретін критерий;

— *сәйкестік* — зерттеу нұсқауларын пайдалану арқылы алынған нәтижелердің басқа әдістермен алынған деректермен сәйкестігін анықтауға көмектесетін әдістемелік критерий.

**ВАРИАЦИЯ (ТЕРБЕЛІС) КОЭФФИЦИЕНТІ (V)** — орта сызықтық немесе орта квадраттық ауытқудың орта арифметикалыққа қатынасы:

$$V_a^1 = \frac{S}{X} \times 100\%; \quad V_a^2 = \frac{d}{x} \times 100\%$$

**ВЕРБАЛДАНУ: ОҚЫТУДАҒЫ ВЕРБАЛИЗМ (ОҚЫТУДАҒЫ АУЫЗША АЙТУ)** — білімді сөзбен хабарлау әдісінің басым болуы, оқытудың кемшілік тұстарының бірі.

Көрнекілік, саналылық пен белсенділік, теория мен практиканы жалғастыру принциптерін орындауды қиындатып, нәтижесінде оқушылардың білім сапасы кем, үстірт болып шығады.

**Вербальді оқыту** — пәндік нақты іс-әрекеттерге көңіл аудармай, сөзбен ықпал ету арқылы (нұсқаулар, түсіндірмелер, мінез үлгілері, т.б.) білім, тәжірибе алу процесі. **ВЕРИФИКАЦИЯ (АНЫҚТАУ)** — жүргізілген зерттеу нәтижесінде алынған дәл, нақты ұғымның, нақты категория көлемінің тәжірибелік бекітілген анықтамасы; теориялық ережелердің шындығын тексеру, тәжірибелік жолмен дұрыстығын дәлелдеу; бақылаулар, өлшеулер арқылы немесе эксперименттік жолмен тұжырымның істің нақты жағдайымен арақатынасын белгілеу.

Ғылыми қорытындылардың анықталушылығы ғылымилықтың маңызды бір қасиеттері (критерийлері) қатарына жатады.

**ВЕРТИКАЛЬДЫ АҚПАРАТТЫҚ БАЙЛАНЫС** — басқару жүйесіндегі сатылық деңгейлердің арасындағы ақпараттың өзгертіліп баратын қозғалысы: жоғарыға жіберілетін ақпарат жалпыланады, төменге жіберілетіндер нақтыланады.

**ВУНДЕРКИНД** — аса жоғары қабілеті бар бала.

# Г

**ГЕНЕТИКАЛЫҚ ӘДІС** – табиғи және әлеуметтік құбылыстарды олардың дамуын талдауға негізделген зерттеу әдісі.

**ГЕРМЕНЕВТИКА** – 1) мәтіндерді түсінудің, түсіндіру мен талдаудың теориясы, техникасы мен тәжірибесі; 2) зерттеудің жолдарын философиялық, әдіснамалық және ғылыми іздеу және жана герменевтикалық герметехникаларды, яғни осыған байланысты проблемаларды кең көлемде талқылау мен түсіндіру техникасын түсіну, жасау мен құрастыру процесстерін ұйымдас-тыру.

Педагогикада оқыту әдістемесін жасау мен тәрбиелік өзара әрекеттің мәнін анағұр-лым терең ұғыну мен түсіндіруді талап ететін ғылыми-зерттеу принциптері де пайдалана бастады.

**ГИМНАЗИЯ** – 1) Оқушыларды саралап оқытуды қамтамасыз ететін, олардың икемділіктері мен қабілеттеріне байланысты, оқу орнының бағытына байланысты бастауыш білім беруден бастап саралап оқытуды қамтамасыз ететін және оқушыларды ЖОО-ға түсуге даярлықты іске асыратын, оқу пәндерін тереңдетіп, бағдарлай меңгертетін, негізгі және қосымша жалпы білім беретін бағдарламаларды іске асыратын орта жалпы білім беретін оқу орны.

Көне Грекияда пайда болған; классикалық және реалды гимназиялар белгілі; бірқатар елдерде олардың орнын лицейлер мен колледждер алмастырады.

**ГИПНОПЕДИЯ** – ұйқыдағы адамды оқыту мен тәрбиелік ықпал ету.

**ГЛОССАРИЙ** – 1) қандай да бір, әсіресе, көне мәтінде кездесетін белгілі емес немесе көнерген сөздерді түсіндіруші сөздік;

2) терминдер немесе сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі.

Педагогикада жеке оқу пәнінің немесе білім берудің барлық стандартының сөздігі ретінде жиі қолданылады.

**ГНОСЕОЛОГИЯ (ЭПИСТЕМОЛОГИЯ** – көбінесе шет ел философиясында) – ғылыми танымның дереккөздерін, формалары мен әдістерін, оның шындық шарттарын, адамның болмысты тану қабілеттіліктерін зерттейтін таным теориясы, философияның тарауы; қазіргі заманғы дидактика әдіснамасының құрамдас бөліктерінің бірі. **ГНОСЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАТЕЛЕР** – білім эволюциясы процесінде болған танымдық сипаттағы қателер. Олар біздің білімнің салыстырмалылығының, оның толық еместігі мен шектеулігіне объективті себебінен болған.

Оқыту процесінде гносеологиялық қателерді қолдану білім алушыларда болмысқа сыни көзқарас, қателерді талдау мен жою икемділігін қалыптастырып, сондай-ақ олардың оқу пәні мен ғылымға қатынасын елеулі өзгертеді: оқушыларға үйренетін пәннің мазмұны шындықтың дайын жиынтығы емес, адамдар мен идеялардың тарихи драмасы, ғылыми мектептер мен бағыттардың күресі, инерциялар мен жанарудың қарсы тұруы ретінде көрінеді.

**ГОМОГЕНДІ «БІРТЕКТІ» СЫНЫП (ТОП)** – жастары мен даму деңгейі бірдей оқушылардан құралған сынып (топ).

**ГРАНТ** – 1) грант беруші мен грант алушы арасындағы келісімшарт жағдайларымен қарастырылған нақты ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін, ақысыз және қайтарусыз берілетін ақша мен басқа мүлік; 2) «ЖОО үздік оқытушысы» байқауында жеңген ЖОО оқытушысына жыл бойы ғылыми зерттеулер жүргізуге шет елге тағылымдаманы қоса ақысыз берілетін ақша.

**ГРАФ** – мәліметтер мен нәтижелерді графикалық бейнелеудің ерекше түрі; кесінді – қабырғаларымен (олардың арасындағы қатынастар мен байланыстардан) байланыс-



қан нүкте – төбесінен (педагогикалық процестің әр түрлі компоненттері параметрлері, факторлары) тұратын фигура:


**жай жол** – қандай да бір төбесі екі рет кездеспейтін жол;

**доға (қабырға)** – графтың төбелерін байланыстыратын сызық (кесінді);

**еселі доғалар** – графтағы белгілі бір төбелерді ғана байланыстыратын сызықтар;

**құйылыс** – бірде-бір доға шықпайтын төбе;


**тұзақ** – бір төбеден басталатын және аяқталатын доға:




бұл жерде  $x_{1,2}$  – төбесі,  $y_{1,2}$  – доғалар (тұзақ).

**Бөлінеді:**

• **асимметриялық** – симметриялыққа қарама-қарсы граф:



• **бастау** – бірде-бір доға кірмейтін, асимметриялық графтың төбесі:




бұл жерде  $x_1$  – бастау.


• **контурсыз (жселілік)** – бір бастаулы бағытталған, циклді емес бір құйылысты граф;

• **қос қуысты** – төбелерін екі қиылыспайтын жиынға, бір жиын төбелері өзара қабырғаларымен қосылмайтындай етіп бөлуге болатын граф;


• **байланыспаған** – төбелер жиынының екі ішкі жиынға бөлінуі әр түрлі ішкі жиындардың төбелерін жалғайтын бірде-бір доға болмайтындай граф:




• **нөл-граф** – доғалары болмайтын бөлек-тенген төбелері бар граф:



• **бағытталған** – әрбір доғасына бағыт берілген граф:




• **жазық** – доғалары (қабырғалары) қиылыспайтын жазықтықта орналасқан граф.




• **толық** – тұзақтар мен еселік доғалары болмайтын, ал төбелерінің әрбір жұбы дәл бір доғамен қосылған (толық графадағы доғалар саны мына формуламен

$$K = \frac{n(n-1)}{2}$$


анықталады, мұндағы  $n$  – графадағы төбелер саны) граф:




• **байланысты** – төбелер жиыны екі ішкі жиынға бөлінуі мүмкін емес граф:




– «ағаш» – циклсіз байланысқан граф:




– **пирада («ағаш құрылымды»)** – элементтердің орталықпен басқа тең мәндес элементтер арқылы байланысы:



• «орман» – әрбір компоненті «ағаш» болып келетін граф:



• *симметриялық* – әрбір төбелер жұбы қарама-қарсы бағытталған доғалар жұбымен жалғасқан граф:



**ГРАФИК** – тік бұрышты координаттар жүйесінің «X» осінде тәуелсіз айнымалының (уақыт, орын, категория, т.б.) мәні, ал «Y» – белгінің мәні немесе тәртібі орналасатын эксперименттік (зерттеушілік) мәліметтердің өзгерісін бейнелеу.

Графиктердің түрлері:

• *аналитикалық* – әр түрлі шамаларды, оқып үйренетін жиынтықтар құрамының сипаттамасын, олардың құрылымын, жекелеген бөліктердің меншікті салмағын, қандай да бір өзге құбылыстарды көрсету, құбылыстар арасындағы өзара байланысты зерттеу, кеңістіктегі қандай да бір құбылыстардың таралу дәрежесін анықтауға арналған өзара салыстыру үшін қолданылатын график;

• *гистограмма* – «Y» осі бойынша қандай да бір топтың аралық (үздікті) мағыналары бөліп шығарылып, нәтижесінде «сатылы» болатын графиктің бір түрі;

• *сызықтық* – процестің динамикасын, динамикалық қатарларды салыстыруды

бейнелейтін статистикалық мәліметтерді графикалық бейнелеудің өзге түрі:

– *таралу полигоны* – «X» осінде белгінің мәні (нұсқалары), ал «Y» осінде жиілігі орналасып, нәтижесінде көпбұрыш (полигон) пайда болатын сызықтық графиктің бір түрі.

**Геометриялық белгілер** – ұғымдар мен ойша қалыптасатын құрылымдар, графикте белгіленетін таңбалар, яғни график алаңындағы нүктелер, екі нүктені қосатын түзу сызықтың кесінділері.

**Алаң** – график пайда болатын геометриялық белгілер орналасатын кеңістік.

**ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ** – оқушылардың тұлғалық кемелдігін қалыптастыруға бағытталған, білім беру мазмұнында жалпы мәдени компоненттердің басым дамуы.

# Ғ

**ҒАЛЫМ** – ғылыми зерттеуді белсенді жүргізуші, осы іс-әрекет саласында едәуір нәтижесі мен жетістіктері бар қандай да бір ғылым саласының маманы.

**ҒАЛЫМ АТАҒЫ** – жоғары оқу орнындағы оқытушы ретіндегі қызметтік дәрежесі мен лауазымын анықтайтын, Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау жөніндегі комитетінің арнайы беретін ғалым біліктілігі (доцент немесе профессор).

**ҒАЛЫМ ДӘРЕЖЕСІ** – ғалым мәртебесіндегі саты (ғылым кандидаты, докторы)

**ҒЫЛЫМ** – адам қызметінің мақсаты мен міндеттері – сыртқы өлем туралы және адамның өзі туралы да білім қалыптастырып, теориялық жүйелейтін саласы; қоғамдық сананың бір түрі; ғылыми ілімнің – физика, химия, биология және т.с.с. жеке салаларын белгілеу үшін қолданылатын ұғым.

**ҒЫЛЫМДАҒЫ ДӘСТҮР** – білім мен зерттеу әдістерінің бірізділігі.

**ҒЫЛЫМДАҒЫ ЖЕТІСТІК** – зерттеу нәтижесінде алынған объективті жаңа педагогикалық білімдерді, оның ғылыми-педагогикалық білім жүйесіндегі орнын анықтау, маңыздылығын ашу және анық, ауқымды тұжырымдау.

**ҒЫЛЫМИ АТАҚ ПЕН ДӨРЕЖЕЛЕР** – жоғары оқу орнындағы маманның оқу-тәрбие процесіндегі орны мен ғылыми біліктілігінің ресми түрде бекітілуі.

Атақ пен дәрежелер беру – ғылыми кадрларды аттестаттау формасы. Ғылыми дәрежені беру тәртібі сәйкес ереже бойынша анықталады. Ғылыми дәрежені беру *Білім және ғылым саласындағы аттестаттау және бақылау комитетімен* құрылатын диссертациялық кеңестерде өтеді.

Ғылыми атақтар – ғылыми қызметкерлерді дайындаудағы, сондай-ақ оқу және ғылыми әдебиеттерді жасақтаудағы ғалымның еңбегін ресми немесе ғылыми-қоғамдық түрде бағалау формасы. Сонымен қатар ғылыми атақтар жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінде жетекші қызметтер қатарын белгілеуде де маңызды орын алады (мысалы, «ғылыми қызметкер»).

Жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерде бас, жетекші, аға ғылыми, ғылыми және кіші ғылыми қызметкерлер атақтары белгіленген.

**ҒЫЛЫМИ АУМАҚ** – қандай да бір белгісі бойынша (педагогикалық мақсаттылық немесе педагогикалық қызметтің нәтижелілігі) зерттеліп жатқан педагогикалық әрекеттің барысы мен нәтижесін көрсететін жүйелі ғылыми білім бөлігі.

**ҒЫЛЫМИ ӘДІСНАМАНЫҢ НЫСАНАСЫ** – білім, олардың генезисі, алу және практикалық пайдалану тәсілі.

**ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМСЫЗ-ДАНДЫРУ** – білім беру жүйесін педа-

гогикалық ғылым мен тәжірибенің қазіргі заманғы талаптарына жауап беретін әдіснамалық, дидактикалық және әдістемелік жасалымдарымен қамтамасыз ету.

**ҒЫЛЫМИ БАҒЫТ** – жалпы тұжырымдаманы (мәселе, идея) өзірлейтін ғылыми ағым, ғалымдар тобы; таңдаған бағыт бойынша педагогикалық ғылымның жолы мен даму тәсілдерін мақсатты іріктеу (мысалы, оқытылған және оқып жатқан тұлғалардың педагогикалық даму аспектісі; педагогикалық психология).

**ҒЫЛЫМИ БАЯНДАМА МЕН ХАБАРЛАМА** – ғылыми ізденістің нәтижелері, зерттеудің әдістері мен логикалары, жаңа педагогикалық нәтижелердің қолданылу жағдайлары мен шекаралары туралы көпшілікке жариялау.

**ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚ** – дамуы арнайы жаңа бағыт алған, ғылымдағы жаңа жетістік.

**ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕҢБЕКТЕР ТІЗІМІ** – авторлық жарияланымдардың (еңбектердің) шығарылуы туралы мәліметтерін, көлемі мен тел авторларын көрсететін тізбеден тұратын ресми құжат.

**ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ НӘТИЖЕСІ** – жаңа білімнен немесе жаңа шешімнен тұратын, кез келген ақпарат тасымалдаушыда тіркелген және қолдануға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық іс-әрекеттің нысандалған нәтижесі.

**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ** – құбылыстарды зерделеу және ғылыми зерттеулерді жүзеге асырудың (теориялық және эмпирикалық, жалпығылыми және нақты ғылымдар) әдістері.

**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ** – педагогикалық ғылым жетістіктері мен ғылыми әдістерді қолдану негізінде педагогикалық шынайылық танымына және қайта құруға бағытталған педагог қызметінің бір

түрі; нәтижесі — жаңа педагогикалық білім мен тәжірибе және педагог-зерттеушінің әдіснамалық мәдениетін дамыту болып табылады.

**ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУДІҢ ПРИНЦИПТЕРІ** — зерттеушілік қызметтің жалпы нормалары.

• **толықтырушылық (сипаттаудың қосымша тәсілі, немесе толықтырушылық әдісі)** — құбылыстың тұтастығын, оны танудың белгілі бір «аралық» сатысында қайта жаңғырту үшін қажетті, ерекше (эксперименттік және т.б.) жағдайларға байланысты бір-бірінен оқшау, бір-бірін шектейтін және жоққа шығаратын бірақ барлығы қосылып қана «қосымша» ұғымдар класын анықтау мен тасымалдауға жарамды барлық ақпаратты пайдаланудың ғылыми-зерттеу әдісі;

• **сәйкестік** — таным процесінің диалектикасын, салыстырмалы шындықтардың абсолюттік, анағұрлым толық шындыққа айналуын көрсететін ғылым дамуының әдіснамалық принциптерінің бірі.

Педагогикада келесі жалпы ғылыми принциптер — объективтілік, ғылымилық, тарихилық, сабақтастық, жалпыадамзаттық құндылықтар басымдылығы, т.б. пайдаланылады.

**ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ІСТЕР ТІЗБЕСІ** — ғылым деңгейі берілетін ғылым саласының тізбесі (мамандық топтар, шифры көрсетілген мамандық).

**ҒЫЛЫМИ МӘТІН** — ғылыми-педагогикалық нәтижелерді сипаттайтын түрге қойылатын талаптарға сай педагогикалық ғылым тілінде және принципінде құрылған мәтін.

**ҒЫЛЫМИ МЕКТЕП** — ғылыми жетекшілері ұсынып қалыптастырған оқушылар тобы мен олардың ғылыми бағытындағы табысты ғылыми зерттеулердің барысы және ғылыми нәтижелері.

**ҒЫЛЫМИ ӨЛШЕМ** — ғылымтану саласы, ғылыми ақпараттардың құрылымдары

мен динамикаларын статистикалық зерттеумен айналысатын ғылыми пән.

**ҒЫЛЫМИ ПӘН** — жоғары оқу орнындағы оқу пәнінің бағдарламалары түріндегі ғылыми білім саласының даму ретінің және логикасының, сонымен бірге даму тәсілдері мен әдістерінің сапалы сипаттамасы.

**ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АҚПАРАТ (ҒПА)** — оқу-тәрбие процесін, білім беру және педагогикалық ғылым жұмысын ұйымдастыру, басқару үшін пайдаланылатын, сондай-ақ арнайы басылымдар және техникалық құралдар көмегімен таратылатын нысандар мен құбылыстар жөніндегі мәліметтердің жүйесі.

**ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАНЫМ** — нәтижесі педагогикалық білім жиынтығы болып табылатын педагогикалық болмыстың мәні мен заңдылығын түсіну.

**ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ** — педагогикалық ғылым мен тәжірибені дамытуға арналған құнды жаңа педагогикалық білімді іздестіру және оны алу.

**ҒЫЛЫМИ САЛА** — педагогикалық шынайылық ұғымы мен түсіндірмесінде белгілі бір рөл атқаратын педагогикалық құбылыстар мен процестердің сапалы біртектес топтары, сондай-ақ оларды тану және қайта құру тәсілдері мен әдістері (мысалы, әлеуметтік педагогика немесе мектепке дейінгі педагогика) туралы ғылыми-педагогикалық білім жүйесі.

**ҒЫЛЫМИ ТАҚЫРЫП** — ғылыми зерттеуді талап ететін ғылыми сипаттағы тапсырма.

Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі жоспарлы-есептік көрсеткіші.

**ҒЫЛЫМИ ТАНЫМ** — өзінің негізгі мақсаттарымен, ең бастысы, жаңа білімді алу және тексеру әдістерімен сипатталатын зерттеу.

**ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯ** — ақиқатты тікелей емес, идеялық дәл бейнелейтін абстрак-

тілі ұғымдар мен пайымдар (пікірлер) жүйесі.

**ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТ** – мемлекет алдында тұрған ғылыми-техникалық даму міндеттерін шешуге арналған кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық және ұйымдастырушылық ресурстардың жиынтығы.

**ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСС (ҒТП)** – ғылымның, техника мен технологияның өзара сапалы жаңа қатынаспен байланысты ерекше даму формасы.

**ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ (ҒТР)** – қазіргі заманғы ғылым мен техника жүйесінде болып жатқан түбегейлі, сапалы өзгерістер, осы жүйені қамтитын барлық компоненттері мен технологиялық қатынастарының барлық түрлері және ең алдымен техниканың өз дамуындағы жаңа кезеңді – жаңа ақпараттық өркеніет бастамасы – автоматтандыру, роботтандыру, ақпараттандыру және компьютерлендіруді сипаттайды.

**ҒЫЛЫМИ ФАКТ** – қорытынды және растау негізінде алынған оқиға немесе құбылыс.

Ғылыми білім негізін құрайтын элемент.

**ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІС** – зерттеу нысаны, оның көптеген ғылыми-педагогикалық мәтіндер мен құжаттардан алынған мәні, белгісі, айқындау қасиеттері мен түрі жөніндегі ғылыми ақпараттарды (заңдылығын белгілейтін мәліметтер, ғылыми фактілер және т.б.) мақсатты бағытта тарту немесе тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысындағы процесс.

**ҒЫЛЫМНЫҢ ҰҒЫМДЫҚ-КАТЕГОРИЯЛДЫ АППАРАТЫ** – педагогикалық ғылым сүйенетін терминдер мен ұғымдар жиынтығы.

**ҒЫЛЫМТАНУ** – ғылымның қызметі мен дамуын, ғылыми білім мен ғылыми қызметтің құрылымы мен даму динамикасын, ғылымның басқа әлеуметтік институттар мен қоғамның материалдық және рухани өмірімен байланысын зерттейтін ілім.

# Д

**ДАҒДЫ** – жаттығу нәтижесінде пайда болатын автоматтандырылған *енділік* немесе *әрекет*.

Оқу процесінде әсіресе пәнаралық маңызы бар, жалпы оқу дағдыларын: жазбаша және ауызша сөйлеуді, есеп шығаруды, есептеуді, өлшеуді және т.б. қалыптастыру қажет.

**ДАНЫШПАНДЫҚ** – адамның шығармашылық әлеуеті көрінісінің өте жоғары дәрежесі, қабілеттіктерді дамытудың *жалпысының* (интеллектуалдық) да, *арнайыларының* да жоғары деңгейі. Сапасы жағынан жаңа бірегей туындыларды жасаумен, шығармашылықтың оған дейін зерттелмеген жолдарын ашумен байланысты.

Тұлғаның данышпандыққа қол жеткендігін шығармашылық әрекетте қоғам өміріндегі, мәдениет дамуындағы дәуірді құрайтын нәтижелерге жеткен жағдайда ғана айтуға болады.

**ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР** – жалпы немесе арнайы дарындылықтары байқалған балалар (музыкаға, сурет салуға, техникаға және т.б.).

Дарындылықты ақыл-ой дамуының қарқыны – баланың өз құрдастарынан тең жағдайларда озу дәрежесі бойынша диагностикалау қабылданған (осыған ақыл-ой дарындылығын тестілеу және интеллект коэффициенті IQ негізделген). Мұндай көрсеткіш мағынасын өсіріп көрсету керек емес, өйткені бірінші дәрежелі мағынаға ақылдың шығармашылық жағы ие болады. Басқадан бұрын балалардың көркемдік дарындылығын (музыка саласында, сурет салуда) байқауға болады. Ғылым саласында дарындылық бөрінен бұрын математикада көрінеді. Ақыл-ойы адам айтарлықтай өте

ерте дамыған немесе қандай да бір іс-әрекетте ерекше айқын, төтенше жетістіктерімен көрінген балаларды *зерек, ұғымтал (вундеркиндытер)* деп атайды.

**ДАРЫНДЫЛЫҚ** – 1) іс-әрекетті табысты орындауды қамтамасыз ететін қабілеттердің сапалы өзіндік үйлесімділігі; 2) адам мүмкіндігінің кеңдігіне қызмет ететін жалпы қабілеттілік немесе қабілеттіліктің жалпы сәттері, денгейі мен оның іс-әрекетінің өзіндігі; 3) оқуға деген ақыл-ой әлеуеті немесе интеллект, танымдық мүмкіндігі мен қабілеттерінің жеке сипаты; 4) бейімдік белгілерінің, табиғи деректерінің жиынтығы, қабілеттің көріну дәрежесі мен өзіндік табиғи алғышарттарының сипаты; 5) таланттылығы; іс-әрекетте үздік жетістіктер үшін ішкі жағдайдың болуы.

Терминнің көп мағыналығы адам қабілеті аясына бірыңғай жол табу проблемасының көп аспектілігін көрсетеді. Қабілеттілік саласының аса жалпы сипаты ретінде кешенді: психофизиологиялық, дифференциалды-психологиялық және әлеуметті-психология-педагогикалық зерделеуді талап етеді.

**ДАЯРЛЫҚ БАҒЫТЫ** – жоғары (орта) кәсіби білім беретін білім ұйымдарында маманды оқыту және тәрбиелеудегі оқу-кәсіби аясының нақты саласы.

**ДӘЙЕКСӨЗ** – дереккөз мәтінін дәл елестету.

**ДӘЛЕЛДЕУ** – қандай да бір пайымдаудың ақиқаттығын онымен байланысты басқа да ақиқат пайымдаулардың көмегімен анықтайтын логикалық амал.

Дәлелдердің **түрлері**:

- **жанама** – дәлелдеу, тезис шындығын антитезистің жалғандығын дәлелдеуге негізделеді;

- **қарсы жору** (жанама апогогикалық) – тезис шындығын антитезистің жалғандығын дәлелдеу жолымен анықтау;

- **тура** – тезис тікелей дәлел келтіру арқылы негізделетін дәлелдеу;

- **бөлектеме-жанама** – жеке-дара пайымдаулардың барлық мүшелерін (барлық предикаттарды), дәлелденетін тезис болатын біреуінен басқасын, жоққа шығару арқылы тезисті негіздеу.

**ДӘЛЕЛДЕУДЕГІ ШЕҢБЕР (ТЕРІС ШЕҢБЕР)** – дәлелденетін жағдайдың (тезистің) шынайылығы дәлелденетін тезистің көмегіне негізделген айғақтар мен дәлелдемелердің логикалық қателігі.

**АНЫҚТАУДАҒЫ ШЕҢБЕР** – анықтама беру барысындағы қандай да бір күрделі сипаттауда (терминді анықтаушы) қандай да бір жалпы ұғым (анықтаушы) енгізіледі, бірақ анықтаушы ұғым немесе оның қандай да бір бөлігі анықталушы ұғым арқылы түсіндірілуі мүмкін логикалық қателік.

**ДӘЛДІК** – 1) екіұштылыққа, көмескілікке, белгісіздікке, міндетті еместілікке, дәлсіздікке қарсы қойылатын, тарихи қалыптасқан немесе алдын ала белгіленген стандартқа, үлгіге, мөлшерге, қағидаға, ережеге, іс-әрекеттің берілген тәсіліне қатаң сәйкестігін білдіретін адамның білімі мен әрекетінің сапасы; 2) ғылыми білімнің ақиқатқа сәйкестілік дәрежесін (өлшемін), әсіресе оның ғылыми теория шеңберінде нысанды бейнелеу процесінің ұйымдастырылуын реттейтін, ғылым әдіснамасы мен логика гносеологиясының іргелі түсініктерінің бірі.

**ДӘРІПТЕУШІЛІК** – зерттеу барысында болмыс нысандарының үлгілері ретінде қызмет етеді (нысандар – түпнұсқалар) және зерттейтін құбылыстың маңызды кезендерін іске асыруда «таза» түрде ұсынатын, ойшыл конструкцияларды білдіретін ерекше (дәріптелген) нысандардың пайда болуын қамтитын ғылыми-зерттеу әдісі.

**ДӘРИС** – 1) көп тыңдаушысы болады деп болжанған, түрлі типтегі оқу орындарындағы оқу процесінің нақты жетекші түрі; 2) белгілі тақырып бойынша оқушылардың оқу әрекетін (негізгі ойды жазу, конспектілеу, баяндалатын материалдың схемалық

үлгісін құрастыру және т.б.) белсенді ету тәсілдерімен үйлестірілген материалды ауызша баяндау әлісі.

Жоғары оқу орнындағы дәріс — дәріскердің (лектордың) аудиториямен шығармашылық қарым-қатынасы, бұл танымдық және көңіл күй қатынасында осы мәтінді студент оқығаннан әлдеқайда әсерлі.

Тыңдаушыларға күшті, қайталанбас әсер ететін қасиет тек дәрісте ғана бар. Сонымен қатар дәрістер білім негіздерін жалпылауда, оқу материалдарына бағдар жасауда ең үнемді тәсіл.

Егер дәрісте оқылған жана оқу материалы ой қызметіне қозғау салса, студент оны жақсы меңгереді.

Дәрісте ең бастысы — тыңдаушының зейініне қозғау салу, олардың ойын лектор ойына ілестіре білу.

**Дәріс курсы** — пән бойынша бір автордың немесе бір пән мәселесі бойынша бірнеше автордың өзара байланысты дәрістері, олар нақты проблемаларды ашады, даулы мәселе көтереді, авторлардың жеке көзқарастарын көрсетеді.

#### **Дидактикалық қызметтері:**

— оқытудың міндеттерін қою және негіздеу;

— жана білімдерді меңгеруге арналған ақпарат;

— интеллектуалдық білік пен дағдыны қалыптастыру,

— теориялық талдау жасау қызығушылығын қалыптастыру;

— оқытылатын пәнді басқа пәндермен кіріктіру.

#### **Жалпы талаптары:**

• оқытудың идеялық бағытталуын қамтамасыз ету;

• ғылымилығы және ақпараттылығы, яғни студенттерге қазіргі ғылыми деңгейде ашылатын белгілі бір ғылыми ақпаратты жеткізу;

• дәлелділігі мен дәйектілігі айқын және сенімді мысалдар, фактілер, дәлелденген құжаттар және ғылыми дәлелдердің болуы;

• баяндау түрінің эмоционалдығы;

• тыңдаушылардың ойын қозғау, оларға ойлану үшін мәселелер қою;

• бірізді баяндалған сұрақтардың нақты құрылымы және оны шешу логикасы;

• әдістемелік өңдеу — басты ой мен мәселені бөліп көрсету, қорытындыларға баса назар аудару, оларды әр түрлі баяндалуларда қайталау;

• түсінікті және анық тілде баяндау, жаңадан енген барлық терминдер мен атауларға түсінік беру;

• мүмкіндігінше аудиовизуалды дидактикалық материалдарды пайдалану.

Дәрістер өз **құрылымы** жағынан баяндалатын материалдардың мазмұны және сипатына байланысты бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін.

Дегенмен кейбір әдістемелік жағдайларды үнемі ұстанудың пайдасы бар — тыңдаушыларды дәріс жоспарымен таныстырып отырады. Жоспарға негізінен дәрістің басты өзекті мәселелерінің атаулары кіргізіледі, кейін олар емтихан билеттерін құрастыруда қолданылуы мүмкін.

Негізгі қызметтеріне байланысты дәрістің **төмендегідей түрлерін** айырып көрсетуге болады:

• **кіріспе** — студенттерді курстың мақсаты және міндетімен, оқу пәндері жүйесіндегі рөлі және орнымен таныстыру, мамандар оқитын курсқа қысқаша шолу. Мұндай дәрісте дәріскер тек оқылатын ғылымның пәні мен әдісін анықтап қана қоймайды, сонымен қатар шешуді қажет ететін ғылыми проблемалар қояды, болжамдар ұсынады, ғылым дамуының келешегін және тәжірибе жасауды айқындайды. Дәл кіріспе дәрісте теориялық материалды қоғамдық тәжірибемен, студенттердің жеке тәжірибесімен және келешек қызмет практикасымен байланыстыру, ғылым тарихындағы кісі аттарын, оның дамуындағы өзіндік кезеңдерді атау, сонымен қатар оның басқа ұқсас ғылымдармен байланысын көрсету маңызды. Кіріспе дәрісте курсты оқытудағы әдістемелік жұмыс туралы әңгімелеу, курсқа

ұсынылған оқулық пен оқу құралдарына сипаттама беру, міндетті оқу әдебиеттерімен іріктеп таныстыру, емтихан талаптары және курсты толықтыратын басқа сабақтар туралы әңгімелеудің маңызы зор. Мұндай кіріспе студенттерге курстың жалпы мазмұны мен құрылымы туралы түсінік алуға көмектеседі, оларды дәрістер және арнайы әдебиеттермен жүйелі жұмыс жасауға бағыттайды, курс бойынша жасалатын жұмыс әдістерімен таныстырады;

- **уәждік;**
- **даярлық;**
- **кіріктірілген** – бөлімнің немесе барлық курстың соңында оқылатын шолу – қайталау дәрісі, ол берілген курстың жанама (екінші ретті) материалы және олардың егжей-тегжейінен (детализация) басқа, ғылыми түсінік негізін қалыптастыратын барлық теориялық жағдайлардың басты мазмұнын көрсетуі тиіс;
- **тағайындаушы;**
- **шолушы** – білімді бұдан да жоғары деңгейде жүйелеу. Оқытудың психологиясы жүйе түрінде нақты құрылған материал есте жақсы сақталатынын және жүйеден тыс ұсынылған сол фактілер жиынтығына қарағанда жаңа жағдаяттарға кең таралуы мүмкін екенін көрсетті. Шолу дәрістерінде емтихан билеттеріне кіргізілген ерекше қиын және күрделі сұрақтарды айырып көрсету мен анық қарастыру тиімді.

**Дәстүрлі емес түрлері:**

- **проблемалы дәріс** теориялық тұжырымдама арқылы көрсетілетін шынайы өмірдің қайшылықтарын үлгілейді. Мұндай дәрістердің мақсаты – студенттердің білімді өздігінен алуы;
- **көзбен шолу дәрісі** өзінің негізгі мазмұнын бейнелі (суреттер, графиктер, сызбалар және т.б.) түрде көрсетеді. Ол – ойды белсендіру әдісі және ақпаратты түрлі белгілеу жүйесінің көмегімен қайта кодтауға үйрету тәсілі;
- **дайындық дәрісі** өз мазмұнын аудиторияның сұранысымен анықтайды. Мұндай

дәріс тыңдаушылардың зейінін белсенді етуге және дәріскердің кәсібилігін пайдалануына мүмкіндік береді;

- алдын ала жоспарланған қателері бар **арандатушы дәріс** талдау, ақпаратта бағдар жасай білу және оны бағалау біліктілігін қалыптастырады;

• **ойын кезеңдері қолданылған дәріс** кезінде білім алушылар проблеманы өздері қалыптастырады және оны өздері шешуге тырысады.

**Дидактикалық элементтері:**

- 1) дәрістік материалды баяндау әдісі;
- 2) студенттердің алдын ала алған білімдерінің жиынтығы;
- 3) дәрістік материалдың мазмұны мен құрылымы;
- 4) студенттердің жанадан алған білімдерін бақылау;
- 5) оқу әдебиеті және ОТҚ.

**Дәріс сапасын бағалау.** Бағалау үшін арнайы бөлінген сұрақтар оқытушыға өз дәрісін одан әрі жетілдіру мақсатында оны бағалауға мүмкіндік береді. Жекелеген жағдайларда ашық сабақ ұйымдастырып, дәріскердің оқу әдістері мен шеберлігін талдау да тиімді.

**Дәрісті оқу әдісі.** Дәрістің нақты құрылымы мен баяндау логикасы, жоспалы құрылуы, оны қатаң түрде орындау, жоспардан ауытқу және т.б.

Тақырыпқа байланысты әдебиеттер дәрістің басында, барысында немесе соңында хабарланады; міндетті және косымша әдебиеттер немесе тек міндетті әдебиеттер тізімі беріледі; ұсынылған әдебиеттер және т.б. дұрыс тандалуын бағалау. Барлық жаңа терминдердің түсініктілігі және түсіндірілуі. Дәлелділігі мен негізділігі. Негізгі ой және қорытындыларды айыру. Бекіту тәсілдерін қолдану – қайталау, түсінгенін, менгергенін тексеруге арналған сұрақтар және т.б.; әр сұрақты қарастырғаннан кейін, әр дәрістің соңында қорытынды жасау және т.б. Көрнекі құралдарды, оқытудың техникалық құралдарын қолдану.



Дәріскердің тірек материалдарын және т.б. қолдануы.

**Студенттердің жұмысына жетекшілік ету.** Жазып отыруды талап ету және оның орындалуын қадағалау. Студенттерді жазу жүргізу әдісіне үйрету, оларға бұл істе көмектесу – екпінді өзгерту, жазып алуға қажет материалды бөлуде баяу екпін, жазуда, график сызудағы үзілістер және т.б.

Дәріс конспектісін – дәріс кезінде, соныңда, семинар немесе практикалық сабақтарда қарап шығады (*дәріс конспектісі* – дәріс курсының жаңа проблемаларын қарастыратын, балама шешімдерді ашатын, сала дамуының өзіндік бағыттарын сипаттайтын негізгі жағдайлар).

Зейінді қолдау тәсілдерін қолдану – риторикалық сұрақтар, өзілдер, ұқсас салаға саяхат, ескертулер. Дәріскерге дәріс барысында, соңында, жазбаша түрде, ауызша және т.б. сұрақ қоюға рұқсат етіледі.

**Лектордың қасиеттері.** Пәнді білуі. Идеялық сенімі. Эмоционалдығы. Дауысы, дикциясы. Сөз анықтығы, дұрыстығы. Сыртқы бейнесі. Аудитория алдында өзін ұстау біліктілігі. Аудиторияны көру және сезу, онымен байланыс орнату біліктілігі.

**Дәрістердің нәтижелері.** Дәрістердің ақпараттық құндылығы. Тәрбиелік әсері. Дидактикалық мақсаттарға жету.

**ДӘРІСХАНА** – дәрістер, баяндамалар оқылатын, семинарлар, т.б. өткізілетін, сондай-ақ дәрістерді, баяндамаларды тыңдаушылар отыратын бөлме.

**ДЕКАН** – жоғары оқу орнындағы факультет жетекшісі.

**ДЕМЕНЦИЯ (АҚЫЛ-ПАРАСАТТЫҢ КЕМДІГІ)** – танымдық қызмет төзімділігінің әлсіреуі, яғни есте сақтау қабілетінің әлсіреуі, сезімнің қарапайымдануы.

**ДЕМОНСТРАЦИЯ** – 1) оқытуда көрнекі құралдарды қолдану әдісі.

2) дәлелдеу түрлері.

**ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ** – 1) адамның дене қабілетін дамыту, денсаулығын күшейтуіне бағытталған қоғамның жалпы мәде-

ниетінің бөлігі, әлеуметтік қызметінің бір саласы; 2) білім ұйымындағы жалпы дамытушы оқу пәндерінің бірі; 3) тұрмыс калпына, денсаулық сақтау жүйесі және дене шынықтыру-спорт қызметіне, дене мен рух үндестік бірлігі туралы, рухани және дене күшін дамыту туралы білімге байланысты адамның өзінің денсаулығы мен физикалық жайына дұрыс қатынасының қалыпта-су деңгейі.

**ДЕРБЕС ОҚУ ТОБЫ** – басқа біреудің тарапынан ешқандай ынталандырусыз, басшылық және қолдаусыз әрекет ететін білім алушылардың тобы.

**ДЕРЕКТЕР** – информатика және компьютерлік техникада ақпараттар жиымының жалпыланған ұғымы; адамның қатысу мүмкіншілігімен автоматтық құралдармен өңдеуге қолайлы түрде берілген ақпарат.

Екілік цифрлі кодта көрсетілген жиымдарды кодтау (шифрді шешу) арқылы мәтінді, сандар жиынын, дыбыс, т.б. түрге аударуға болады.

**ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫ** – 1) ақпараттарды *ақпараттық банкте* сақтау; 2) компьютердің есте сақтау құрылғыларында сақталатын және әр түрлі тапсырмаларды шешуде алғашқы мәліметтер ретінде жүретін деректер жиынтығы.

**ДЕРЕКТЕР ҚОРЫ (БАНКИ)** – деректерді өңдеудің автоматтық жүйелерінде (МӨАЖ), ақпараттарды ұзақ сақтау, сондай-ақ оның жиналуын, жанаруын, түзетілуі мен қолданылуын қамтамасыз ететін бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы.

**ДЕСКРИПТОР** – құжаттарды немесе ақпараттық сауалдарды координаттық индекс-теуге пайдалануға арналған маңызды сөз немесе сөз тіркесі тобының (класс) атынан қызмет ететін синонимдік немесе мағынасы жақын басқа сөз тіркестері.

**ДЕСКРИПЦИЯ** – логикалық (тілдік) үйлесім, жалпы ұғымдар (айтылулар) және оны ауыстыратын өздік немесе жалпы есім арқылы жеке затты суреттеуді білдіреді.

**ДЕФИНИЦИЯ** — заттың немесе құбылыстың маңызды белгілерін көрсететін, қандай да бір ұғымның қысқаша анықтамасы.

**ДЕЦЕНТРАЦИЯ** — тұлғаның танымдық процесінің дамуы, оның адамгершілік көмелденуі мен қарым-қатынас дағдыларының қалыптасу тетігінің бірі.

Басқа адамдардың көзқарастарын қабылдай алу қабілеті негізінде жұмыс істейді. Ж.Пиже теориясының шешуші ұғымы. Эгоцентризмді жеңу тетігінің бірі ретінде баланың түсінігін, көзқарасын, өмір салтының мәнін басқа адамдардың көзқарасына сәйкес өзгерту процесі ретінде анықталады.

**БІЛІМ БЕРУДЕГІ БАСҚАРУДЫ ДЕЦЕНТРАЛИЗАЦИЯЛАУ (ДЕЦЕНТРАЦИЯЛАУ)** — орталық атқару органының білім беру жүйесін басқарудың кейбір қызметтерін аймақтық (облыстық) және жергілікті (қала, аудан) басқару органдарына беруі.

**ДИАГНОЗ (ТҮСІНДІРУ)** — интеллектуалды процедура және сипатталатын қасиеттерді ең терең құрылымдық ұйымдардан шығаратын туынды ретінде қарастыруды көздейтін талдауды тереңдету құралы.

**ДИАГНОСТИКА** — ауытқу мүмкіншілігін күні бұрын айту және оның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, белгілерді анықтауды, зерттеуді қорытындылайтын, жүйелердің жағдайын сипаттайтын зерттеу әдісі.

**ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ПАРАҚ** — оқушының үлгерімі туралы толық мәліметтері мен басқа белгілері бар және анықтауды неғұрлым объективті және салыстырмалы түрде қамтамасыз етуші ақпарат құралы.

**ДИАГРАММА** — графикалық бейнелеу, сандық ақпараттардың салыстыруы әр түрлі фигуралардың аудандары түрінде (жарты шеңбер, тік бұрыш және т.б.) суреттеледі.

**Түрлері:**

- **ленталық** — бірнеше факторлық белгілерге байланысты статистикалық топтастыруды көрсету мүмкіншілігін беретін сызба.

- **секторлық** — бөлек бөлімдердің үлес салмағын салыстыру үшін қолданылатын, қан-

дай да бір нысан құрылымының графикалық бейнелеуі.

- **сырғымалы (жүзбелі)** — кейбір шартты аралық шегі белгілі бөлігіндегі жолақтар оңға немесе солға ауысып тұратын, сондай-ақ өзара байланыса отыра жалпыны құрайтын бағытты сызба.

- **бағаналы** — абсолюттік шамаларды салыстыру үшін қолданылатын, олардың арақатынасын және педагогикалық құбылыстардың құрылымын бейнелеуге арналған сызба.

**ДИАЛЕКТИКА** — 1) құбылыстарды тану теориясы мен әдісі және олардың өздігінен даму процесінің болмысы; 2) табиғат, қоғам және ойлау заңдарының көптеген ортақ ғылымы, қайшылықтардың категорияларына, сан мен сапаның, кездейсоқтықтың, қажеттіліктің, мүмкіншіліктер және ақиқаттығына сүйенетін ғылым.

Диалектика заңдары:

- **қарама-қайшылықтардың күресі мен бірлігі** — барлық заттар мен процестер үшін өзара болжанатын және бір-бірін жоққа шығаратын шектеу мен полюстер тән екенін айғақтайтын әлеуметтік-тарихи болмыс, табиғат құбылыстарының дамуы және өздігінен жылжу нақтылығын дәлелдейтін адам санасымен танылған болмыстың жалпыға бірдей заңы;

- **теріске шығаруды теріске шығару** — дамудың сабақтастығын, спиральдығын білдіретін, жананың ескімен байланысын, дамудың прогресшілдігіне негізделген, оның жоғарғы сатысында ең төменгі сатының кейбір қасиеттерінің қайталануы — диалектиканың ең негізгі заңдарының бірі;

- **сандық өзгерістердің сапалыққа ауысуы** — әр түрлі процестің көзге көрінбейтін, дәрежелі сандық өзгерістерден жинақталып міндетті түрде заттық, түбірлі, сапалы өзгеріске ұшырайтын, ескіден жана сапаға кірмелі ауысатын объективті әлем дамуының жалпыға бірдей заңы.

**ДИАХРОНИЯ** — құбылыстардың, процестердің уақытқа қатысты тарихи дамуы,

сонымен қатар зерттейтін құбылыстарға тарихи көзқарас.

**ДИДАКТИКА** — 1) дәстүрлі педагогикада — оқыту теориясы; 2) қазіргі заман түсінігінде — оқытудың (білім) мазмұнын, оқу процесінің материалды механизмін, оның құрылымын (кұрылысы), жұмыс жасау және өзгерту принциптері мен заңдарын, дамудың тарихи кезеңдерін, төменгіден жоғарғы тарихи кезеңге көшуінің заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Сонымен қатар бірнеше ғылыми білім бағыттары мен салалары да дидактикалық мәселелермен шұғылданады:

- **андрагогика** — оқу процесінің ересек субъектісінің білім мен іскерлікті игеру заңдылықтарын, сонымен қатар оған кәсіби педагогтар жағынан басшылықтың ерекшелігін ашатын дидактиканың саласы. Андрагогика ересектерді оқыту туралы дербес ғылым ретінде 1950—1970 ж. қалыптасты. Андрагогика екі негізгі алғышарттан таралады: 1) оқытудың барысындағы жетекші рөл ересектің өзіне беріледі; 2) оқыту оқытушы мен білім алушының бірлескен іс-әрекеттерінде жүзеге асады.

Ересектерді оқытудың негізгі принциптері:

- оқу жұмыстарының негізгі түрі болып есептелетін, дербес оқудың басымдығы;

- оқу процесінің жоспарлануымен, іске асыруымен және бағалауымен байланысты бірлескен жұмысты ұйымдастыру;

- жекелеп оқыту, яғни нақты білім алу қажеттілігіне бейімделген және оқу мақсаттары мен ескерілетін тәжірибе, дайындықтың деңгейі, психофизиологиялық, әрбірінің когнитивті ерекшеліктерін ескеретін оқудың жеке бағдарламасын жасау;

- оқыту жүйелілігі, мақсаттардың, мазмұндарының, ұйымдық түрлерінің, әдістерінің, оқу құралдарының және нәтижелер бағаларының сәйкестігін сақтау;

- бір жағынан оқушы үшін өмірлік маңызды мақсаттарды көздейтін, олардың әлеуметтік міндеттері мен жеке тұлғалық дамуына

бағытталған, ал екінші жағынан оның кәсіби, тұрмыстық әлеуметтік қызметін және факторларын ескеретін контекстілік; — оқу нәтижелерінің өзектілігі, алған білімін, іскерлігін, дағдыларын, сапаларын тәжірибеде тез арада қолдану;

- оқудың элективтігі, оқудың мақсатын, мазмұнын, түрлерін, әдістерін, көздерін, құралдарын, мезгілін, уақытын, оқу орындарын және нәтижелердің бағалауын таңдаудағы белгілі бір дербестік беру;

- білім беру қажеттіліктерінің дамуы, яғни оқу нәтижелерін бағалауды іске асыру нақты түрдегі оқу материалдарын игеруін анықтау жолымен орындалады және сол минимумды игермей, қойылған мақсатқа жету мүмкін болмайды.

- **дидаскология** (1910 жылдан XX ғасырдың 30-жылына дейін қолданылған. Негізін салған Т.Г. Маркарьян) — педагогтар жайында, мұғалім-оқытушылардың жеке кәсіптік-педагогикалық дайындықтары туралы дидактикалық ғылымның саласы.

Дидаскологиялық жұмыс екі аспектіден (тұрғыдан) қарастырылады:

- 1) кәсіптік сананы диагностикалау және түзеу;
- 2) кәсіптік мінез-құлықты диагностикалау және түзету, яғни дидаскология адамның маңызды функциясын педагогикалық қалыпқа келтіреді.

Дидаскология педагогикалық техниканың қалыптасуы және дамуы мәселелерімен айналысады, яғни педагогикалық өзара әрекеттестік жетістіктерін анықтайтын, сондай-ақ жұмыста онтайлы нәтижелерге жетуге көмектесетін педагогтің өз ойын жүзеге асыруын қамтамасыз ететін іскерлігі мен дағдыларының жиынтығы;

- **оқыту әдістемесі (оқыту), жеке (пәндік)**

- 1) нақты оқу пәндерін оқыту мен меңгерудің заңдылықтары туралы ғылым; жеке-леген оқу пәндері бойынша оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың түрлері, құралдары, әдістері, мазмұны, принциптері туралы, алға қойылған міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін, білімдердің реттелген

жиынтығы; 2) жекелеген білім беру процесеріндегі педагогикалық әрекеттің нақтылы тәсілдерін, әрекеттерін, техникаларын сипаттау;

• **білім берудің социологиясы** — оқу сабақтарының түрлері ретіндегі субъектілері болатын (оқыта отырып, оқи отырып оқу процесін қолдайтын), осындай оқу сабақтары барысында байқалатын, адамдардың қарым-қатынасының белгілі бір жүйесімен, олардың институционалдық және институционалдық емес ұйымдарымен өрістеген білім беру жүйесінің әлеуметтік ортасының проблемаларын қарастыратын білім саласы;

• **білім берудің философиясы** — 1) білім берудің әлеуметтік институт ретіндегі мәнін, оның қоғам өміріндегі маңызын және адам дамуындағы атқаратын қызметін зерттейтін дидактикалық ғылымның құрамдас бөлімі; бірыңғай мәдени-тарихи процесс контекстіндегі білім беру қызметінің мақсаттары мен мазмұнын негіздейтін іргелі идеялардың, дәлелденген ұсыныстардың, теориялық көзқарастардың жалпыланған жүйесі; 2) білім беруді білім берудегі ұлттық-мемлекеттік және дүниежүзілік бастамалардың бірлігі, жекелік пен әлеуметтік үйлесімдігі, біртұтастығы, жан-жақтылық пен іргелілік, кәсіптілік пен адамгершілік, ізгілік пен руханилық принциптері негізінде құратын, оны әлеуметтік-мәдени, рухани тәжірибенің ерекше саласы ретінде аксеологиялық, онтологиялық, гносеологиялық, антропологиялық тұрғыдан қарастыратын жалпы теория.

Оның нәтижелері — интегративті білім, теориялық және конструктивті-проективті сипаттағы проблемаларды шешудің фундаментальді негіздері. Отандық педагогика бұндай деңгейдегі зерттеулер педагогика ғылымдарының методологиясы қатарына жатқызылды.

• **эдукология** білім туралы кең пәнаралық кіріктірілген ғылыми білім кешені деп түсіндіріледі. Ғылымдар кешені сияқты едукология құрамына: білім мәселелері сұрақ-

тарын зерттеу — білім беру философиясын, білім беру тарихын, салыстырмалы педагогиканы; қолданбалы ғылыми пәндер циклдері — антропологияны, психологияны, социологияны, экономиканы, географияны, саясатты, басқаруды; білім беру ғылымының циклдері — білім теориясын, құрылысын, жоспарын, мақсатын, мазмұнын, жүйені пайдаланушыларды және әдістемені, кеңесу мәселелерін, қорларды және қаржыландыруды зерттеу енеді. Эдукология шеңберіне нысаны адам және қоғам болып есептелетін гуманитарлық ғылымды зерттеу кіреді және сол білім туралы ғылымдағы нысаны білімнің қоғамға әсері болып есептелетін зерттеулер енеді.

Жалпы және қолданбалы салыстырмалы едукология (салыстырмалы педагогиканы) негіздерін зерттеудің қажеттігі, мамандардың ойынша, ұлттық проблемаларды талдау мен тыңғылықты жинақталған мәліметтерден бұндай білім беру жүйесі туралы анағұрлым терен және сәйкесті түсініктерге қол жеткізіп білім беруді қайта құруға үлес қосу. **Дидактикалық ғылымның қызметтері:**

— **ғылыми-теориялық**, құрамына дескрипция (талдау), түсіндіру (диагноз) және оқу-тәрбие процесінің, тұтастай білім беру жүйесінің даму заңдары мен мегатенденциясын анықтау (прогноз) кіреді;

— **әлеуметтік**, яғни, әлеуметтік қауымдас-тық және институционалды құрылым — мектеп, ЖОО құрамында қарым-қатынасқа түскен адамның қалыптасу процесіне анағұрлым қолайлы әсер етуші әлеуметтік факторлардың тиімді үйлесімін іздеу;

— **мәдени танымдық**, яғни оқу-тәрбие процесінің әрбір субъектісі бойында педагогтік мәдениет қалыптастыру;

— **аксиологиялық**, яғни кез келген педагогикалық құбылысты бағалаудағы плюрализм; педагогикалық процесс субъектілерінің құндылық бағдарларын қалыптастыру; ескі құндылықтар және дәстүрлі постулаттар мен қасандықтардың сабақтастығы, сақталуы және теріске шығарылуы;

– гуманистік (*антропологиялық*), педагогикалық процестің әрбір субъектісінің бейімделуіне және тұлғалық бекітуіне қызмет ететін, гуманистік құндылықтардың қалыптасуы мен адамгершілікті-білімділік құндылықтары басымдығының бекуіне қолайлы жағдайлардың тууына мүмкіндік жасау, яғни гуманистік бағыттағы білім беру мен тәрбиелеу, адам табиғатын жетілдіру;

– **регулятивтік, нормативті (конструктивті-техникалық)**, яғни педагогикалық болмысты өзгертуге бағытталған оқытушы мен оқушы іс-әрекеті жобасын жасау, құрастыру;

– **сындық**, яғни сол кезеңдегі педагогикалық білімге, адамгершілікті және әлеуметтік-мәдени құндылықтарға сыни көзқараста болу. Осы қызмет жүзеге асқан жағдайда дәстүрлі дидактикалық постулаттардың қасандануын болдырмауға болар еді. Бұл жағдайдағы сынның жағымды қызметі абстрактілі, дәлелсіз қарсылықта емес, конструктивті сында, диалектикалық жөкқа шығаруда.

**ДИДАКТИКАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР** – оқу принциптерін қара.

**ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕР** – оқытуға қабілеттіліктер.

**ДИДАКТОГЕНИЯ** – мұғалімдердің, тәрбиешілердің, ата-аналардың, жаттықтырушылар және т.б. жағынан педагогтік тәктінің бұзылуымен орын алатын, оқушылардың ұнамсыз психикалық көңіл күйі, жағдайы.

Жабырқау көңіл күй, қорқыныш пен күйзеліс жағдайы оқушының қызметі мен оның қоршаған ортасымен қарым-қатынасына теріс әсер етеді.

**ДИПЛОМ** – 1) (магистр, ғылым кандидаты, ғылым докторы) ғылым кандидаты, ғылым докторы ғылыми дәрежесін немесе магистрдің академиялық дәрежесін иеленуі туралы ресми құжат; 2) жоғары оқу орны, колледжді немесе кәсіптік лицейді бітіруі туралы құжат.

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС** – жоғары оқу орны студентінің соңғы оқу жылында орындайтын, ғылыми ізденістің және жобалаудың, ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижесі ретіндегі дербес жазбаша жұмысы.

Мамандығы бойынша өзіндік жұмысқа оның дайындығын тексерудің және бағалаудың түрі болып келеді, ЖОО бітіретін курстың мемлекеттік емтихан комиссиясының алдында қорғалады, сәйкесті мамандық иесі атануы шешіледі.

**ДИСПЕРСИЯ** (бытырау, шашырау) – тестілік балдар ауытқуларының өлшемі.

**СТАТИСТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТІН ДИСПЕРСИЯСЫ** – іріктелген мәндердің орташа мәнінен ауытқудың жеке мәндері квадраттарының орташа мәні.

$$d^2 = \frac{n(n-1)}{2}$$

**ДИССЕРТАНТ (ІЗДЕНУШІ)** – ғылыми зерттеу жұмысын (диссертацияны) ашық қорғауға дайындаған адам.

**ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС** – докторлық (кандидаттық) диссертациялар қорғалатын диссертациялық кеңес – ғылым докторы (кандидаты) ғылыми дәрежесін беру үшін қажетті құжаттарды Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетіне тапсыратын, ғылым докторы (кандидаты) ғылыми дәрежесін беретін алқалы орган.

**ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС, ДИССЕРТАЦИЯ** – ізденушінің (диссертанттың) ашық қорғайтын және ғылыми дәреже алу үшін ұсынатын зерттеуі; ғылыми жұмысының қолжазбасы; автордың ғылыми дәреже алу үшін (ғылым кандидатты немесе докторы) ғылыми немесе ғылыми-білімдік мекемелерде дайындаған және ғалымдар кеңесінде қорғайтын ғылыми біліктілік жұмысы.

**Түрлері:**

Ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация қолжазба түрінде, ғылым саласына сәйкесті нақты мамандық бойынша ізденушінің өз бетімен

дайындаған (сонымен бірге ғылыми кеңесшісі болуы шарт) ғылыми біліктілік жұмысы ретінде келесі талаптардың біріне сәйкес болуы керек:

- ірі ғылыми проблеманы шешетін, ғылыми негізделген жана нәтижелердің болуы;
- қолдану барысында ірі қолданбалы проблеманың шешілуін қамтамасыз ететін ғылыми негізделген жана нәтижелердің болуы;
- қосылып нақты ғылыми бағыттың дамуындағы ірі, қомақты нәтиже болып есептелетін ғылыми негізделген теориялық және (немесе) эксперименттік жана нәтижелердің болуы.

#### **Көлемі:**

Көлемі тиісті шамадан аспау керек:

- кандидаттық диссертация үшін – 150 бет;
  - докторлық диссертация үшін – 300 бет;
- Қоғамдық ғылымдар бойынша диссертацияның көлемі 25%-ға артық болуы мүмкін. Қосымшалар көрсетілген диссертацияның көлеміне қосылмайды.

#### **Құрылымы:**

- титул беті;
- мазмұны;
- нормативті сілтеме;
- анықтамалар;
- белгілер және қысқартулар;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- қолданылған дереккөздер тізімі;
- қосымшалар.

#### **Құрылымдық бөлімдерге қойылатын талаптар:**

##### **Титул беті**

Құжатты өңдеу және іздеу үшін қажет ақпараттың дереккөзі болып табылатын диссертацияның бірінші беті.

Титул бетіне келесі мағлұматтарды орналастырады:

- диссертация орындалған ұйым атауы;
- жан-жақты ондық жіктеу индексі (ОЖИ);
- шек қоятын гриф (қажеттілігінен);

– диссертанттың фамилиясы, аты, әкесінің аты;

– жұмыс атауы;

– шифр және мамандық атауы (ғылыми қызметкерлердің мамандық *Номенклатурасы* бойынша);

– ізделіп отырған ғылыми дәреже;

– ғылыми жетекшінің (кеңесшінің) фамилиясы және аты-жөні;

– орны және күні.

Титул беті диссертация беттерінің жалпы нөмірлеуіне кіреді. Титул бетінде беттік нөмірі қойылмайды.

Диссертацияны дайындау кезінде екі және одан артық бөлімдерден тұратын болса, бірінші бөлімнің титул бетіне сәйкес және осы бөлімге жататын мәліметтері бар, әрбір бөлімнің өз титул беті болуы керек.

Титул бетінде кара сиямен немесе тушьпен ізденушінің өз қолтанбасы қойылуы керек.

#### **Диссертацияның мазмұны**

Диссертацияның мазмұнына кіріспе, барлық бөлімдердің, бөлімшелердің, тармақтардың атаулары мен реттік нөмірлері (егер олардың атаулары болса), қорытынды, қолданылған дереккөздердің тізімі, диссертацияның осы элементтері басталатын беттерінің нөмірлері көрсетілген қосымшаның атаулары кіреді.

Екі және одан артық бөлімдерден тұратын диссертацияны дайындау кезінде әрқайсысының өз мазмұны болуы керек. Бірінші бөлімде диссертацияның бөлімдері нөмірмен көрсетілген барлық мазмұнын, келесіде тек сәйкес бөлімдердің мазмұнын орналастырады. Бірінші бөлімде кейінгі бөлім мазмұнының орнына тек олардың атауларын көрсетуге рұқсат етіледі.

#### **Нормативтік сілтеме**

Құрылымдық бөлімі диссертацияның мәтінде сілтеме жасалған стандарттар тізімінен тұрады.

Сілтеме стандарттар тізбесі «Осы диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер жасалған» деген сөздерден басталады.

Тізбеге стандарттардың белгілері және оның атаулары олардың тіркеу нөмірлері белгілерінің реттік өсу тәртібімен орналас-тырылады.

#### **Анықтамалар**

«Анықтамалар» құрылымдық бөліміне дис-сертацияда пайдаланылатын терминдерді нақтылау және анықтау үшін қажетті анық-тамалар енгізіледі.

Анықтамалар тізбесі «Осы диссертацияда келесі терминдер тиісті анықтамаларымен қолданылады» деген сөздермен басталады.

#### **Белгілеулер және қысқартулар**

«Белгілеулер мен қысқартулар» құрылым-дық элементінде диссертацияда пайдала-нылатын белгілеулер мен қысқартулардың тізбесі енгізіледі.

Белгілеулер мен қысқартулар тізімі олар-дың диссертация мәтінінде келтіру ретімен немесе әліпбилік ретте мағынасын ашып және түсіндіріп беріледі.

Анықтамалар, белгілеулер мен қысқарту-ларды «Анықтамалар, белгілеулер мен қыс-қартулар» деген құрылым бірлігінде көрсет-уге рұқсат етіледі.

#### **Кіріспе**

Кіріспеде ғылыми немесе ғылыми-техно-логиялық проблемалардың (міндеттердің), тақырыпты зерттеу үшін негіз болатын жө-не бастапқы деректер, берілген ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің қажет-тілігін негіздеу (дәлелдеу), зерттеудің жос-парланған ғылыми-техникалық деңгейі ту-ралы мәліметтер, патентті зерттеулер және олардың қорытындылары туралы диссертацияның метрологиялық қамтамасыз етілуі туралы осы заманғы жағдайларына баға берілуі тиіс.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі және жа-нашылдығы көрсетілуі тиіс, берілген жұ-мыстың басқа ғылыми-зерттеу жұмыстары-мен байланысы, сонымен бірге зерттеудің мақсаттары, нысаны мен мәні, міндеттері, олардың ғылыми-зерттеу жұмысының то-лығымен орындалуындағы алатын орны, әдіснамалық негізі көрсетілуі керек, қор-

ғауға ұсынылатын тұжырымдамалары бері-луі керек.

#### **Негізгі бөлім**

Диссертацияның негізгі бөлімінде орын-далған жұмыстың мәнін, әдістемесін және алынған негізгі нәтижелерін көрсететін мәліметтер келтіріледі.

Негізгі бөлімде:

- зерттеу бағыты мен зерттеу міндеттерін шешу әдістерін негіздеуді, олардың салыс-тырмалы бағалануын, ғылыми-зерттеу жұ-мысын жүргізудің жалпы әдістемесін си-паттауды қоса алғанда зерттеу бағытының таңдалуы;
- теориялық зерттеулердің мазмұнын мен си-патын анықтауға, зерттеу әдістерін, есептеу әдістерін, эксперимент жұмысын жүргі-зудің қажеттілігін негіздеуді, зерттелген ны-сандардың жұмыс принциптерін, олардың сипаттамаларын қоса алғандағы теориялық және эксперименттік зерттеулердің барысы;
- қойылған міндеттердің шешілу толықты-ғын бағалауды және жұмыстың әрі қарай бағыты бойынша ұсыныстарды, алынған нәтижелердің дұрыстығын бағалауды және оның осы бағыттағы отандық, шетелдік зерттеулердің нәтижелерімен салыстыру-ды қоса алғандағы зерттеу нәтижелерін ба-ғалау мен жалпылауын.

#### **Қорытынды**

Қорытындыда:

- диссертациялық зерттеулердің нәтижесі бойынша қысқаша қорытындылар;
- қойылған міндеттердің толық шешілге-нінің бағасы;
- нәтижелердің нақты қолданылуы бойын-ша ұсынымдар мен бастапқы деректерді жасақтау;
- ендірудің техника-экономикалық тиім-ділігін бағалау;
- орындалған жұмыстың ғылыми деңгейін берілген саладағы ең үздік жетістіктермен салыстыру бағалауы болуы тиіс;

#### **Пайдаланылған деректер тізімі:**

Диссертацияны жазу кезінде қолданылған дереккөздер туралы мағлұматтар тізімі.

**Қосымшалар**

Орындалған диссертациямен байланысты, қандай да бір себеппен негізгі бөлімге енгізуге болмайтын деректерді қосымша бөлімге енгізеді.

Қосымшаларда:

- аралық математикалық дәлелдеулер, формулалар және есептеулер;
- қосымша цифрлік мәліметтер кестесі;
- сынақтардың (байқаулардың) хаттамалары;
- эксперименттер, өлшеулер, сынақтар жүргізген кезде қолданылатын құралдар мен аспаптардың сипаттамасы;
- нұсқаулар, әдістемелер диссертациялық жұмыстың орындалу барысында зерттеп дайындалған, ЭЕМ шешетін алгоритмдердің, бағдарламалардың сипаттамасы;
- қосымша сипаттағы иллюстрациялар (фотографиялар);
- ғылыми-техникалық кеңесте диссертациялық жұмысты (немесе оның бөлімінің) қарағаны туралы хаттама;
- диссертациялық және т.б. жұмыстардың нәтижелерін қолдану актілері болуы тиіс.

**Рәсімдеу тәртібі****Жалпы талаптары**

Диссертацияның мәтінін баяндау және ресімдеу қазіргі нұсқау талаптарына сәйкес орындалады. Диссертациялық жұмыстың мәтін беттері және диссертацияға енгізілген бейнелеулер мен кестелер А4 форматына сай болу керек.

Диссертация баспа тәсілімен кез келген жазу машинкасында немесе компьютерді және принтерді қолданумен А4 форматтық ақ қағаздың бір жағына бір интервал арқылы орындалуы керек. Шрифт – әдеттегі, кегль 14.

Диссертация мәтінін қағаз шетіндегі өлшемдерін сақтай отырып басып шығару керек: оң жақ – 10 мм, жоғары жақ – 20 мм, сол жақ – 30 мм және төмен жағы – 20 мм. Белгілі бір терминдерді, формулаларды, теоремаларды әр түрлі гарнитуралардағы шрифттарды қолдана отырып компьютерлік

айшықтау мүмкіншіліктерін пайдалануға рұқсат етіледі.

Диссертацияның орындалу тәсіліне тәуелсіз басып шығарылған мәтіннің сапасы және иллюстрациялар безендірулері, кестелердің, ДЭЕМ-нан басып шығару олардың айқын көріну талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

Диссертацияның тұтастай орындалуында сызықтар, өріптер, цифрлар және белгілер айқын біркелкі болуы тиіс.

Диссертацияны дайындау барысында байқалған жаңылыс басылулар, графикалық кателер, т.б. өшіріп тазарту арқылы түзеу немесе ақ бояумен бояу және түзетілген мәтін (графиктер) орнына машинкамен басу тәсілімен немесе қара сиямен, пастамен не қара тушьпен – қолжазба тәсілімен түзетуге рұқсат етіледі.

Мәтін беттерінің зақымдануы, түзетілген жері және бұрынғы мәтіннің толық кетпеген ізі қалуы рұқсат етілмейді.

Түзету енгізгеннен кейін диссертация микрофильмдеу талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

Диссертацияда көрсетілген адамның ата тегі, ұйымдардың, бұйымдардың аттары және басқа атаулар түпнұсқа тілінде келтіріледі.

Меншікті аттарын және ұйымдардың аттарын диссертация тіліне (алғашқы ескертуден бастап) түпнұсқадағы аттарын қосып келтіруге рұқсат етіледі.

**Құрастыру**

Диссертацияның құрылымдық бөліктерінің атаулары «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілеулер және қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған дереккөздердің тізімі» диссертацияның құрылымдық бөліктерінің бас атаулары болып табылады.

Диссертацияның негізгі бөлімін бөліктерге, бөлімшелер мен тармақтарға бөлген жөн. Тармақтар қажет болған жағдайда тармақшаларға бөліне алады. Диссертацияның мәтінін тармақ, тармақшаларға бөлу



кезінде, әрбір тармақ аяқталған ақпараттан тұруы керек.

Бөліктер, бөлімшелердің тақырып аттары болуы керек. Тәртіп бойынша тармақтардың тақырып аттары болмайды. Бөліктер, бөлімшелердің тақырып аттары мазмұнда-рын анық және қысқаша бейнелеп көрсетуі тиіс.

Бөлімдер, бөлімшелердің тақырып аттары абзацтың (азат жол) жол басындағы бос жерден, соңында нүкте қойылмай бас әріптен, асты сызылмай басылуы тиіс. Егер тақырып аттары екі сөйлемнен тұрса, оларды нүктемен бөледі.

### **Беттерді нөмірлеу**

Диссертацияның барлық мәтінде үздіксіз нөмірлеуді сақтай отырып, диссертация парақтары араб цифрларымен нөмірленуі тиіс. Парақ нөмірлері нүкте қойылмай, беттің төменгі бөлімінің ортасына қойылады. Титулды бетті парақтардың жалпы нөмірлеуіне қосады. Титулды бетте нөмір қойылмайды.

Бөлек бетте орналасқан иллюстрациялар және кестелерді диссертация беттерінің жалпы нөмірлеуіне қосады.

A3 форматының бетіндегі иллюстрациялар, кестелер бір бет деп есептеледі.

### **Бөліктердің, бөлімшелердің, тармақтардың, тармақшалардың нөмірленуі**

Диссертация бөлімдерінің реттік нөмірленуі жұмыстың өн бойында араб цифрларымен нүктесіз белгіленіп абзацтық шегініспен жазылуы тиіс. Бөлімшелер әрбір бөлім ішінде нөмірленуі керек. Бөлімшелердің нөмірі нүктемен бөлінген, бөлім және бөлімшелердің нөмірлерінен тұрады. Бөлімшенің соңғы нөмірінде нүкте қойылмайды. Бөлімдер бөлімшелер сияқты бір немесе бірнеше тармақтардан тұруы мүмкін. Егер диссертация бөлімшелері болмаса, онда тармақтарды нөмірлеу әрбір бөлім аралығында және тармақтың нөмірі нүктемен бөлінген бөлім мен тармақтың нөмірлерінен тұруы керек. Тармақ нөмірлерінің соңында нүкте қойылмайды.

### *Мысал*

#### *1 Түрлері және негізгі өлшемдері*

- |     |   |   |
|-----|---|---|
| 1.1 | } | <i>Диссертацияның бірінші бөлімі тармақтарының нөмірленуі</i> |
| 1.2 |   |   |
| 1.3 |   |   |
| 2   |   | <i>Техникалық талаптар</i>                                    |
| 2.1 | } | <i>Диссертацияның екінші бөлімі тармақтарының нөмірленуі</i>  |
| 2.2 |   |   |

Егер диссертация бөлімшелерден тұрса, онда тармақтардың нөмірленуі бөлімше ішінде болуы керек және тармақтың нөмірі нүктемен бөлінген бөлімнің, бөлімшенің және тармақтың нөмірлерінен тұруы тиіс, мысалы:

#### *3 Сынақтардың әдісі*

##### *3.1 Аппараттар, материалдар және реактивтер*

- |       |   |   |
|-------|---|---|
| 3.1.1 | } | <i>Диссертацияның үшінші бөлімінің бірінші бөлімшесі тармақтарының нөмірленуі</i> |
| 3.1.2 |   |   |
| 3.1.3 |   |   |

##### *3.2 Сынаққа дайындық*

- |       |   |  |
|-------|---|--|
| 3.2.1 | } | <i>Диссертацияның үшінші бөлімінің екінші бөлімшесі тармақтарының нөмірленуі</i> |
| 3.2.1 |   |  |
| 3.2.3 |   |  |

Егер бөлім бір бөлімшеден тұрса, онда бөлімше нөмірленбейді. Егер бөлімше бір тармақтан тұрса, онда тармақ нөмірленбейді.

Егер мәтін тек қана тармақтарға бөлінсе, онда олар барлық диссертациялық жұмыс ішінде реттік нөмірлермен нөмірленеді.

Егер тармақтар тармақшаларға бөлінсе, онда әрбір тармақ ішінде нөмірленуі керек, мысалы: 4.2.1.1, 4.2.1.2 және т.б.

Тармақ немесе тармақшалар ішінде тізбені келтіруге болады.

Әр тізбенің алдында сызықша қойылуы тиіс немесе құжат мәтінде тізбеге сілтеме қажет болса, кіші әріпті (е, з, й, о, ч, ь, ы, ь баска) соңынан жақша қойып қолданады.

Одан әрі тізбелеуді нақтылап тексеруде араб цифрларын қолдану қажет, соңынан жақша қойылады, ал жазу абзацтың жол

басындағы бос жерден, мысалда көрсетілгендей жүргізіледі:

Мысал

а) \_\_\_\_\_

ә) \_\_\_\_\_

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

б) \_\_\_\_\_

Егер диссертациялық жұмыс екі немесе одан артық бөлімдерден тұрса, әрбір бөлімнің өз реттік нөмірі болуы керек. Әрбір бөлім нөмірі титул бетінде диссертациялық жұмыс түрін көрсетумен араб цифрларымен қойылуы тиіс, мысалы, «2-бөлім».

Диссертацияның әрбір құрылым бөлімдері жана беттен (парақтан) басталуы тиіс.

Диссертация құрамына кірген диссертация парақтарының және қосымшалардың нөмірленуі толығымен бірізді болуы керек.

### **Иллюстрациялар**

Диссертацияда алғаш рет немесе келесі бетте еске алынатын иллюстрацияларды (сызбалар, карталар, графиктер, схемалар, компьютерлік басылымдар, диаграммалар, фотосуреттер) тікелей мәтіннен кейін орналастыру керек.

Иллюстрациялар компьютерлік орындауда және түрлі түсті болуы мүмкін.

Диссертацияда барлық иллюстрацияларға сілтемелер берілуі тиіс.

Диссертацияда келтірілген сызбалар, карталар, графиктер, схемалар, иллюстрациялар конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйелерінің (КҚБЖ) мемлекеттік стандарттарының талаптарына сәйкес болуы керек.

Сызбалардың, графиктердің, диаграммалардың, схемалардың компьютерлік орындалуына рұқсат етіледі.

Көлемі А4 форматынан кіші фотосуреттер стандартты ақ қағаздың бетіне жапсырылуы тиіс.

Иллюстрациялар қосымшалардың иллюстрацияларын қоспағанда, тізбектеп (үздіксіз) араб цифрларымен нөмірленуі тиісті.

Егер сурет біреу болса, онда ол «1-сурет» деп белгіленеді, «сурет» сөзі және оның атаулары жол ортасына жазылады.

Иллюстрацияларды нөмірлеуді бөлім ішінде жүргізуге рұқсат етіледі. Бұндай жағдайда иллюстрацияның нөмірі нүктемен бөлінген бөлімнің нөмірлерінен және иллюстрацияның реттік нөмірлерінен тұрады. Мысалы, 1.1-сурет.

Қажет болған жағдайда иллюстрациялар атаулары мен түсініктеме мәліметтері (сурет астындағы мәтін) болуы тиіс. «Сурет» сөзі және оның атаулары түсініктеме мәліметтерінен кейін және келесі түрде орналастырылады: 1-сурет. Аспаптардың бөлшегі.

Әрбір қосымшаның иллюстрацияларын араб цифрларымен бөлек нөмірлеумен, цифр алдында қосымша белгілерін қосумен белгілейді. Мысалы, А.3-сурет.

Иллюстрацияларға сілтеме жасағанда «...2-суретке сәйкес», тізбектелген нөмірлеуде және бөлімдер аралығында нөмірлеуде «1.2-суретімен сәйкес» деп жазылуы тиіс.

### **Кестелер**

Кестелерді көрнекілігі және көрсеткіштерді салыстыру ыңғайлылығы үшін қолданады. Кестелердің аты нақты, қысқа әрі оның мазмұнын беру керек. Кестелер аты кестенің үстінде сол жағында, абзацтық шегініссіз бір жолда оның нөмірімен сызықша арқылы орналасуы тиіс.

Кестелердің бөлімдерін тасымалдауда аты тек қана бірінші бөлімінің үстінде жазылады, кестенің шектелетін, төменгі көлденен сызығын жүргізбейді.

Диссертацияда кестені ол туралы алғаш рет айтылатын тікелей мәтіннен кейін немесе келесі бетке орналастыру керек.

Барлық кестелерге диссертацияда сілтемелер беріледі. Сілтемеде оның нөмірі көрсетіліп «кесте» деп жазылуы тиіс.

Кестенің бірнеше жолдарын басқа параққа (бетке) тасымалдауға рұқсат етіледі. Кесте бөлімдерін басқа бетке (параққа) тасымал-

дағанда «Кесте» сөзі және оның нөмірі кестенің бірінші бөлімінің үстіне сол жағында көрсетеді, басқа бөлімдерінің үстіне «Жалғасы» деп жазып, кестелердің нөмірін көрсетеді, мысалы: «1-кестенің жалғасы». Кестелерді басқа параққа (бетке) тасымалдағанда тақырыбы оның тек бірінші бөлімінің үстінде жазылады.

Көп графалы кестені бөлімдерге бөлуге және бір парақ бетінде бөлімнің біреуін басқа бөлімнің астында орналастыруға рұқсат етіледі. Егер кесте жолдары және графалары бет форматынан шығып кетсе, онда бірінші жағдайда кестенің әрбір бөлімінің бас жағы, екінші жағдайда шет бет (боковик) қайталанатын.

Егер кестелер графаларының әр түрлі жолдарында қайталанатын мәтін бір сөзден тұрса, онда оның бірінші жазылуынан кейін тырнақшамен ауыстыруға рұқсат етіледі; егер екі немесе бірнеше сөзден тұрса, онда бірінші қайталауда оны «Сонымен қатар» деген сөзбен, одан әрі – тырнақшамен ауыстырады. Қайталанатын цифрлардың, маркалардың, белгілердің, математикалық және химиялық символдардың орнына тырнақшалар қою рұқсат етілмейді. Егер қандай болмасын кесте жолында цифрлық немесе басқа мәліметтер келтірмесе, онда оған сызық қояды.

Цифрлық материалды, әдеттегідей кестелер түрінде ресімдейді.

Кестелер, қосымша кестелерді қоспағанда үзіліссіз тізбектелген нөмірлеумен, араб цифрларымен нөмірленуі тиіс.

Кестелерді нөмірлеу бөлімдер ішінде рұқсат етіледі. Бұндай жағдайда кестелер нөмірі бөлімдер нөмірлерінен және нүктемен бөлінген кестенің реттік нөмірлерінен тұрады.

Қосымшаларды белгілеу цифрының алдынан қосылған әрбір қосымша кестелерін араб цифрларымен бөлек нөмірлеумен белгілейді.

Егер құжатта бір кесте болса, онда ол «1-кесте» болып белгіленуі керек.

Кестенің графалары мен жолдары оның тақырыбымен бір сөйлемді құраса, онда графалар мен жолдардың тақырыбы бас әріппен жекеше түрде, ал графаның тақырыпшасы кіші әріппен жазылады, немесе егер олар дербес мағынада болса, бас әріппен жазылады. Кестенің тақырыптарының және тақырыпшаларының соңында нүкте қойылмайды.

Кестелерді сол, оң жақтарынан, төменнен әдеттегідей сызықтармен шектейді. Кестеде мәтінге қарағанда шрифт өлшемі кішірек болуы керек.

Шет беттің және графалардың тақырыптары мен тақырыпшаларын қиғаш сызықтармен бөлуге рұқсат етілмейді.

Кесте жолдарын шектеуші көлденең және тік сызықтарын, егер олардың жоқтығы кестені пайдалануды қиындатпаса, жүргізбеуге рұқсат етіледі.

Графалардың тақырыбы әдеттегідей кесте жолдарына параллель жазылады. Қажет болған жағдайда графалардың тақырыптарын перпендикуляр орналастыруға рұқсат етіледі.

Кестенің бас жағы кестенің басқа бөлімінен сызықпен бөлінуі керек.

### **Ескертулер**

«Ескерту» сөзі бас әріппен абзацтан және асты сызылмай басылуы тиіс.

Егер түсініктеме немесе мәтін мазмұнына анықтама мәліметтері, кестелер немесе графикалық материалдар қажет болған жағдайда диссертацияда ескертулер келтіріледі.

Ескертуде талаптар болмауы керек.

Ескертулер мәтіндік, графикалық материалдардан кейін немесе осы ескертулердің қатысы бар кестеде тікелей орналасуы тиіс. Егер ескерту біреу болса, «Ескерту» сөзінен кейін сызықша қойылады және ескерту бас әріппен басылады. Мұндай ескерту нөмірленбейді. Бірнеше ескертулер ретімен араб цифрларымен нүкте қойылмай нөмірленеді. Кестелерге ескертулер, кестенің сонын көрсететін сызық үстіне орналасады.

**Мысал**

Ескерту – Жол асты жазулар басылмайды. Бірнеше ескертулер араб цифрларымен, ретімен нөмірленеді.

**Мысал**

Ескертулер

1. Жол асты жазулар басылмайды.
2. Кұжаттар нотариалды күәландырылады.
3. Ұйым бастығы бекітеді.

**Формулалар және тендеулер**

Формулалар және тендеулер мәтіннен бөлектеліп жана жолға жазылуы тиіс. Әрбір формуладан немесе тендеуден жоғары және төмен бір жолдан кем емес бос жол қалдырылуы керек.

Егер тендеу бір жолға сыймаса, онда ол теңдік белгісінен кейін (=) немесе қосу (+), алу (-), көбейту(x), бөлу (: ) белгісінен кейін тасымалдануы тиіс, сондай-ақ басқа математикалық белгілердің, оның үстіне келесі жол басында белгілер қайталанады, тасымалданады. Белгіде формула тасымалдауы кезінде, көбейтулер операциясын символмен көрсететін «х» белгісін қолданады.

Символдардың және сандық коэффициенттер мағыналарын түсіндірілуі тікелей формула астына, сол формулада берілген жүйемен көрсетілуі тиіс.

Диссертациялық жұмыстағы формулалар реттік нөмірлеумен барлық диссертациялық жұмыс бойында араб цифрларымен дөңгелек жақшада жол бойының шеткі он жағында нөмірленуі тиіс.

**Мысал**

$$A = a : b, \quad (1)$$

$$B = c : e. \quad (2)$$

Бір формуланы (1) деп белгілейді.

Қосымшаларда орналасқан формулалар, қосымша ішінде араб цифрымен бөлек нөмірленуі керек, әрбір цифрларына қосымшаны белгілеген цифр нүкте арқылы жазылады, мысалы, (1. B).

Мәтіндегі формулалардың реттік нөмірлеріне сілтемелер жақшаларда беріледі.

**Мысал** –.....(1) формулада.

Формулалардың нөмірленуі бөлім ішінде рұқсат етіледі. Бұл жағдайда формула нөмірі нүктемен бөлінген, бөлім нөмірлерінен және формуланың реттік нөмірлерінен тұрады. Мысалы: (3.1).

Диссертацияда математикалық тендеулердің жазылу реті формулалардыкіндей болады.

Диссертацияда формулалар мен тендеулерді кара сиямен қолжазба тәсілімен орындалуына рұқсат етіледі.

**Сілтемелер**

Диссертацияда берілген Нұсқауға, стандарттарға, техникалық жағдайлар және талаптардағы басқа құжаттарға, сілтемелерге рұқсат етіледі, олар сәйкес талаптарды толық және бір мағынада анықтайтын және құжаттарды пайдалануда қиындық келтірмейтін болуы керек.

Сілтеу бүтіндей құжатқа немесе оның бөліктеріне және қосымшаларына жасалуы тиіс. Сілтемелер диссертация және авторефератты дайындау Нұсқауларында көрсетілген бөліктер, тармақтар, кестелер және иллюстрациялардан басқа бөлімшелерге, тармақтарға, кестелерге және иллюстрацияларға рұқсат етілмейді.

Сілтемеде егер пайдаланылған дереккөздер тізімінде стандарт толық сипатталған жағдайында олардың бекітілген жылын да көрсетпей-ақ стандарттардың және техникалық шарттардың тек белгілеулерін көрсетеді.

Пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер квадратты жақшаларда келтіруі тиіс.

Бір дереккөзге бірнеше рет сілтеме болғанда, деректің реттік нөмірлерінен басқа квадратты жақшаларда сәйкес беттері қойылады.

**Анықтамалардың, белгілеулердің және қысқартулардың, шартты белгілердің, символдардың, физикалық шамалардың бірлігі және терминдердің тізбесі**

Тізбе бағанамен орналасуы тиіс. Сол жағында ескерту ретінде немесе алфавиттік ретте қысқартулар, шартты белгілер, сим-

волдар, физикалық шамалардың бірлігі мен терминдері, оң жағында олардың толық шифры ашылып көрсетіледі.

#### **Қолданған дереккөздер тізімі**

Деректер туралы мәліметтерді диссертация мәтініндегі дереккөздерге сілтемелердің пайда болуы ретінде орналастырылуы және араб цифрларымен нүкте қоймай нөмірлеп абзацтық шегіністен жазылуы тиіс.

#### **Қосымшалар**

Қосымшалар берілген диссертацияның жалғасы ретінде оның келесі беттерінде немесе жеке құжат түрінде дайындалады.

Диссертация мәтінінде барлық қосымшаларға сілтемелер берілуі керек.

Қосымшалар диссертация мәтінінде жасалған оларға сілтемелер ретімен орналастырылады.

Әрбір қосымша жаңа беттен жоғарыда бет ортасында «Қосымша» сөзін, оның белгілері және дәрежесі көрсетіліп басталуы тиіс.

Мәтіннің орналасуына симметриялы, бас әріптен, бөлек жолға жазылатын, қосымшаның тақырыбы болуы керек.

Қосымшаларды орыс алфавитінің бас әріптерімен, Ё, З, Й, О, Ч, Ы, Ъ әріптерін қоспағанда, А-дан бастап белгілейді. «Қосымша» сөзінен кейін оның реттілігін белгілейтін әріп болуы тиіс.

Қосымшаларды латын алфавитімен, I, O әріптерін қоспағанда, белгілеуге рұқсат етіледі.

Орыс және латын алфавиттерін толық қолданған жағдайда қосымшаларды араб цифрларымен белгілеуге рұқсат етіледі.

Егер құжатта қосымша біреу болса, онда ол «А қосымшасы» деп белгіленеді.

Әрбір қосымша мәтіні, қажет болған жағдайда бөліктерге, бөлімшелерге, тармақтарға, тармақшаларға бөлініп әрбір қосымша ішінде нөмірленеді. Нөмірдің алдында осы қосымша белгісі қойылады.

Қосымшалар диссертацияның қалған бөлімдерімен бірге тізбектеліп нөмірленуі тиіс.

**ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ АВТОРЕФЕРАТЫ** — автордың жүргізген зерттеулерінен құрастырған рефераты бар ғылыми дәреже алу үшін ұсынған брошюра түріндегі ғылыми басылым.

#### **Көлемі:**

— екі баспа паракка дейін — докторлық диссертация үшін;

— бір баспа паракка дейін — кандидаттық диссертация үшін.

Гуманитарлық ғылымдар саласындағы докторлық және кандидаттық диссертациялар бойынша автореферат көлемі сәйкесінше 2,5 және 1,5 баспа паракка дейін көбейтілуі мүмкін.

#### **Құрылымы**

Авторефераттың құрылымдық элементтері:

— титул парағы;

— кіріспе;

— негізгі бөлім;

— қорытынды;

— диссертацияның тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстардың тізімі;

— түйіндеме;

— шығару мәліметтері.

Құрылымдық бөліктерге қойылатын талаптар

#### **Титул парағы**

Титул парағы авторефераттың бірінші беті, ол құжатты өңдеу мен қарау үшін қажет ақпарат көзі қызметін атқарады.

Титул парағында келесі мәліметтерді орналастырады:

— жан-жақта ондық жіктеу (ӘОЖ) индексі;

— шектеуші гриф (ол қажет болғанда);

— диссертанттың фамилиясы, аты, әкесінің аты;

— диссертацияның тақырыбы;

— мамандықтың шифры мен атауы (ғылыми қызметкерлердің мамандықтарының номенклатурасы бойынша);

— ізделіп отырған ғылыми дәреже;

— қала, жыл.

Титул парағын автореферат беттерінің жалпы нөмірленуіне кіргізеді. Титулдық парактағы бетке нөмір қойылмайды.

Титул парағы келесі түрде безендіріледі. Авторефераттың әрбір данасының титул парағына ізденушінің қолы қойылады.

Титул парактың сыртқы бетінде:

- жұмыс орындалған ұйымның атауы;
- ғылыми жетекшінің (кеңесшінің) фамилиясы мен аты-жөні;
- ресми оппоненттердің фамилиясы мен аты-жөні;
- жетекші ұйым;
- кеңес құрылған ұйымның атауы, диссертациялық кеңестің шифры, қорғау өтетін күні, уақыты, мекенжайы;
- диссертациямен танысуға болатын кітапхананың мекенжайы;
- авторефераттың жіберілген күні;
- Ғылыми хатшының қолы қойылады.

### Кіріспе

Кіріспе жұмыстың жалпы сипаттамасын, проблеманың маңыздылығын, мақсатын, ғылыми жаңалығын, қорғауға шығарылған қағиданы, практикалық нәтижелердің саралаудан өткізілуін және жұмыстың практикалық құндылығын көрсетуі керек.

### Негізгі бөлім

Авторефераттың негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мәнін, әдістемесін айқындайтын мәліметтер және негізгі нәтижелері келтіріледі.

Негізгі бөлімде мыналар қамтылуы қажет:

- зерттеу бағыты мен зерттеу міндеттерін шешу әдістерін негіздеуді, олардың салыстырмалы бағалануын, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің жалпы әдістемесін сипаттауды қоса алғанда зерттеу бағытының тандалуы;
- теориялық зерттеулердің мазмұны мен сипатын анықтауға, зерттеу әдістерін, есептеу әдістерін, эксперимент жұмысын жүргізудің қажеттілігін негіздеуді, зерттелген нысандардың жұмыс принциптерін, олардың сипаттамаларын қоса алғандағы теориялық және эксперименттік зерттеулердің барысы;
- қойылған міндеттердің шешілу толықтығын бағалауды және жұмыстың әрі қарай

бағыты бойынша ұсыныстарды, алынған нәтижелердің дұрыстығын бағалауды және оның осы бағыттағы отандық, шетелдік зерттеулердің нәтижелерімен салыстыруды қоса алғандағы зерттеу нәтижелерін бағалау мен жалпылауын.

### Қорытынды

Қорытынды мазмұнында:

- диссертациялық зерттеулердің нәтижелері бойынша қысқаша тұжырымдар;
- қойылған мақсаттарды шешу толықтығының бағасы;
- нәтижелерді нақты қолдану бойынша ұсыныстар мен бастапқы мәліметтер әзірлемесі;
- енгізудің техникалық-экономикалық тиімділігінің бағасы;
- осы саладағы озық табыстармен салыстырып, орындалған жұмыстың ғылыми деңгейін бағалау, т.б. көрсетіледі.

### Түйін

Мына мәселелерді көрсету керек:

- зерттеу немесе әзірлеу нысанын;
  - жұмыстың мақсатын;
  - зерттеу жүргізудің әдісін немесе әдіснамасын;
  - проблеманы зерттеудің нәтижелерін.
- ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ АВТОРЕФЕРАТЫНА АРНАЛҒАН КАРТОЧКАЛАР** – диссертанттың тегі, авторефераттың тақырыбы көрсетілген, диссертацияның авторефератының сипаттамасы ендірілген, *орталықтандырылған каталогтау карточкалары*.

**ДОЦЕНТ** – 1) академиялық атақ, сәйкесті жоғары оқу орындары оқытушыларына береді; 2) ғылыми атақ, Қазақстан Республикасының аттестаттау мемлекеттік мекемелері (Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестаттау бойынша комитеті) жоғары оқу орындарының немесе ғылыми-зерттеу ұйымының өтінішімен (Ғылыми дәрежесі және атағын қараңыз) беріледі.

**ДОЦИМОНОЛОГИЯ** – оқушылардың білімдерін тексеруге және бағалауға қатысты зерттеу әдістері.

# Е

**ЕКІНШІ ДЕРЕККӨЗ (ҚҰЖАТТАР)** – ақпарат туралы ақпарат, алғашқы дереккөздің негізгі тезаурусын түрлендіру жемісі (қысқарту, формалдау) – көмекші тезаурус арқылы хабарлау.

**ЕЛІКТЕУ** – үйрету түрі, мысалға, әрекет үлгісіне, мінез әдебіне, қатынасқа және т.б. саналы немесе санасыз еру.

**ЕМТИХАН** – оқушылардың білімін, ептілігі мен дағдыларын тексеру және санды бағалау мақсаты бар оқыту нысаны.

Қазіргі уақытта оқушыларды тексеру және бағалау мақсатында емтихандардың бірнеше түрі қолданылады.

**Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ)** – орта кәсіби және жоғары кәсіби білім ұйымдарына түсетін емтихандармен біріккен, орта жалпы білім беретін оқу орындарының жоғары сатысында оқитындарды қорытынды мемлекеттік аттестаттау нысанының бір түрі. Үстіміздегі жылы орта кәсіби білім немесе жоғары кәсіби білім беретін, Қазақстан Республикасының білім ұйымдарына түскісі келетін орта жалпы білімінің жоғары сатысында оқитындар үшін жыл сайын жүзеге асырылады.

Ағымдағы жылы жалпы білім пәндері бойынша халықаралық олимпиадаларға қатысқандар ұлттық бірыңғай тест тапсырудан босатылады.

**Кешендік тестілеу** – жоғары оқу орындарына немесе колледждерге түскісі келетін тұлғаларға арналған ақпараттық технологияларды қолдана отырып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілген емтихан түрі.

**Оқушыларды қорытынды аттестаттау** – білім деңгейіне сәйкес, мемлекеттік жалпыға міндетті стандартта қарастырылған

оқу пәнінің көлемі мен игерілген деңгейді анықтау мақсатында өткізілетін рәсім.

**Оқушыларды аралық аттестаттау** – зерделеу аяқталғаннан кейін бір оқу пәнінің барлық көлемі немесе бір бөлімнің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында өткізілетін рәсім.

**Мемлекеттік аралық бақылау** – білім сапасына білім ұйымдарына тәуелсіз жасайтын бақылау түрлерінің бірі.

1) оқушылардың тиісті сатының оқыту бағдарламаларының мазмұнын меңгеруін тексеру мақсатында орта жалпы білім беретін білім ұйымдарында;

2) екінші курсты аяқтағанына байланысты (медициналық – үшінші курсты) әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстану-ғылыми және жоғарғы кәсіби білім мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының жалпы бағытты пәнінің топтамасына енетін жеке пәнді оқушылардың меңгеруін тексеру мақсатында жоғарғы кәсіби білім беретін білім ұйымдарында жүзеге асырылады.

Мемлекеттік аралық бақылаудан өтпеген оқушылар, Қазақстан Республикасының орталық атқару органымен белгіленген тәртіпте, білім саласында мемлекеттік аралық бақылауды қайталап өтуге құқылы.

Студенттер – мемлекеттік білім беру гранттары мен кредиттерін иеленген, екінші рет мемлекеттік аралық бақылауды өтпегендер мемлекеттік білім беру гранттары мен кредиттері бойынша оқуын жалғастыру құқығынан айырылады және ақылы негізде қайталап оқу курсына қалдырылуы мүмкін. Мемлекеттік аралық бақылаудан екінші рет өтпеген ақылы бөлімнің студенттері ақылы негізде қайталап оқу курсына қалдырылуы мүмкін.

**ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР** – термин, шет ел (әсіресе ағылшын тілді) ғылыми әдебиетінде балалардың кең категориясын белгілейтін, олардың дамуы берілген немесе басқа көрсеткіштерден орта статистикалық нормадан ауытқуы.

Ауытқушылығы бар балалардан басқа бұл категорияға дарынды және ұялшақ балаларды, «мінезді» балаларды және т.б. жатқызуға болады.

**ЕСЕПТЕУ БІРЛІГІ** – еске түсіру жиілігі, мәтінде талдау бірлігінің қайталанушылығы.

**ЕСТЕ САҚТАУ** – өткен тәжірибені әрекетте қайта қолдануға немесе сана-сезім аясына келуге мүмкіндік беретін ұйымдастыру мен сақтау процестері.

Естің **түрлері** үш негізгі критерийлерге сәйкес бөлінеді:

1) әрекетте психикалық белсенділік сипатының басымдылығына қарай:

• **қозғалтқыш** – әр түрлі әрекеттер мен олардың жүйелерін есінде ұстау, сақтау және елестету;

• **эмоционалдық** – сезімдерді есте сақтау;

• **бейнелі (көрнекі-бейнелі)** – бейнені, табиғат пен өмірдің картиналарын, сондай-ақ дыбыстарды, иістерді, дәмдерді есінде сақтау; көру, дыбыстық, сезімдік, иіс сезіну, дәмдік болады. Егер көру және дыбыстық ес, әдетте, барлық әдеттегі адамдарда жақсы дамып, жөн табуында жетекші рөл атқарса, иіс пен дәм сезгіштікті – көсіптік түрлерге жатқызу орынды;

• **сөздік-логикалық (мағыналық)** – материалдағы есте сақтауға қажетті мағыналық байланыстар мен қатынастарға сүйеніп есте сақталатын естің түрі; бұл түр оқыту процесінде оқушылардың білімді меңгеруінде негізгі рөл атқарады;

• **механикалық** – ассоциациялық немесе мағыналық байланыстарды анықтамай, тек қайталау функциясынан тұратын естің түрі;

2) әрекет максаттарының сипаты бойынша:

• **ерікті** – естің белгілі бір күш салу арқылы еске сақтау мен елестетуге бағытталған түрі;

• **еріксіз** – еске сақтауға алдын ала максат қойылмай орындалатын және еріксіз өтетін еске сақтау мен елестетуге негізделген естің түрі;

3) материалдарды бекіту мен сақтау ұзақтығы бойынша:

• **қысқа мерзімді (алғашқы)** – сезім мүшелерінен және ұзақ уақыт есте сақталған мәліметтерден келетін ақпараттарды жедел еске алу мен өңдеуді қамтамасыз ететін естің ішкі жүйесі.

• **ұзақ уақыттық (екінші)** – білім, іскерліктер мен дағдыларды ұзақ (сағаттар, жылдар, кейде онжылдықтарға) есте ұстап қалуды қамтамасыз ететін және сақталатын ақпараттың орасан зор көлемімен сипатталатын естің ішкі жүйесі. Мәліметтерді ұзақ уақыттық еске енгізу мен оларды сақтаудың негізгі механизмі ретінде, әдетте, қысқа мерзімді есте сақтау деңгейінде орындалатын қайталау (механикалық емес) есептеледі;

• **жедел** – адам тікелей орындайтын манызды әрекеттерге, амалдарға қызмет етуші мнемикалық процестер; кейбір мәліметтерді, деректерді, амал мен жекелеген әрекетті орындау үшін қажет уақытқа ғана еске сақтау;

• **әсерлік** – сезім органдары арқылы миға түсетін ақпараттың әсерлі өңделген өнімдерін өте қысқа уақыт аралығына (әдетте, бір секундтан аз) ұстап қалуды қамтамасыз ететін естің ішкі жүйесі;

• **аралық** – циклді процесс барысында ақпаратты сақтауды қамтамасыз ететін (есте сақталған ақпаратты қайталау, көшірме жасау) қысқа мерзімді ес.

Естің негізгі **процестері**:

• **есте сақтау** – сезіну мен қабылдау процесінде болмыс заттары мен құбылыстарының әсерінен санада туатын сол образдар мен әсерлерді бекіту. Белгілі бір тәсілдерді қолданумен жүйелі, арнайы ұйымдастырылған есте сақтау жаттау деп аталады;

• **сақтау** – жатталғандарды есте ұстап қалу, яғни іздер мен байланыстарды мида сақтау;

• **ұмыту** – естен шығу, жойылу, яғни байланыстардың өше бастау, тежелу процесі. Соңғы екі процесс бір процестің әр түрлі сипаттамаларын береді: материалды ұмыту болмаған жағдайда, біз оны есте сақтау туралы айтамыз, ал ұмыту – бұл материалды есте нашар сақтау;



• **еске түсіру** — негізінде мидағы іздердің жандануы, онда қозудың тууы жататын санада есте ертеде қабылданған ойлардың көріну процесі, жатталған әрекеттерді орындау;

• **тану** — зат немесе құбылысты қайталап қабылдағанда таныстық сезімінің пайда болуы; еске түсірудің танудан айырмашылығы есте бекітілген бейнелер қандай да бір нысандарды екінші рет қабылдауына тірек затынсыз еске түседі;

• **еске салу** — киналысқа байланысты және белгілі бір жігерлі күштерді керек қылатын анағұрлым белсенді еске түсіру.

**Естің жеке айырмашылықтары** әр түрлі адамдарда есте сақтау мен қайта жаңғырту қалай орындалатынына, есте сақталған мазмұнның ерекшеліктеріне, яғни есте нелер жақсы сақталатынына байланысты. Ес процестерінде жеке айырмашылықтар есте сақтаудың жылдамдығында, дәлдігінде, беріктігінде және қайта айтуға дайындығында көрінеді. Еске сақтаудың жылдамдығын белгілі бір материалдың көлемін еске сақтау үшін, сол немесе өзге адамға қажет қайталаулардың санымен анықтайды. *Беріктік* жатталған материалдың сақталу ұзақтығымен және оны ұмыту жылдамдығымен көрініс береді. Еске алуға *даярлық* адам қажетті сәтте өзіне қажеттіні қаншалықты жеңіл және тез еске түсіруімен түсіндіріледі. Бұл ерекшеліктер белгілі бір шамада жоғары жүйке әрекетінің типтерімен, козу мен тежелу процестерінің күші мен қозғалғышына байланысты.

**Естің бұзылуы** — ақпаратты жаттап алу, есте сақтау, тану мен жаңғырту қабілеттілігінің төмендеуі немесе жоғалуы.

**Түрлері:**

— **амнезия** — есте сақталудың жоқтығы,  
— **гипермнезия** — есте сақтаудың күшеюі,  
— **гипомнезия** — есте сақтаудың әлсіреуі,  
— **парамнезия** — есте сақталудың алдануы.  
Қабылдау процестерінде де таныс нысандарды танымау түрінде білінеді.

**Есті дамыту.** Адам есте сақтауының барлық түрлері, онымен дүниеге бірге келетінінен (генетикалық, қысқа уақытты, тікелей және еріксіз) басқа, оның бүкіл ғұмыры барысында түрленеді және дамиды.

Мнемикалық қабілеттіліктерді дамытудың негізгі ұсыныстары:

1. Жазбаларға жүгінбей әр түрлі ақпараттарды (фактілерді, даталарды, адамның аттарын, телефон нөмірлерін, жаңа сөздерді, атауларды, т.б.) жиі ауызша есте сақтауға ұмтылыңыздар.

2. Бірнеше сезім органдары қатысып, солардың көмегімен қабылданған жаңа ақпаратты бірден жаттап алуға тырысыңыз және оны мезгіл-мезгіл түрлендіріп (біркелкі емес) қайталау арқылы есте сақтаныз.

3. Ақпаратты жаттау, сақтау мен қайта жаңғырту үшін, қабылданатын ақпаратты ойша өңдеудің, оны кескіндеу, графиктеу, символдаудың (белгілік) әр түрлі тәсілдерін (мнемотехникалық құралдарды) ойлап табыңыз және қолданыңыз.

4. Өз тәжірибенізде басқалардың ойлап тапқан мнемотехникалық құралдарын пайдаланыңыз, ол құралдарды өзіңіздің жеке ерекшеліктеріңізге бейімдеп қолданғанда ғана тиімді болатынын есте сақтаныз.

5. Жаңа материалды қабылдау мен есте сақтауда оны ойша пайымдап, бейнелі елестетіп, бұрыннан белгілі фактілермен, пікірлермен, жан күйзелісімен байланыстыруды жиі қолданыңыз.

6. Әрқашан қайта есте сақтайтын материалда бірден-бір қызықты, айрықша, нағыз эмоциялық реакцияны тудыруға қабілетті нәрсені табуға ұмтылыңыз.

Жатталатын ақпаратты өңдеудің логикалық тәсілдері:

*Топтастыру* — оқу материалын қандай да бір негіздері бойынша топтарға бөлу.

*Аналогия (ұқсастық)* — заттардың, құбылыстар немесе ұғымдардың белгілі бір қатынастар бойынша ұқсастығын, түстестігін белгілеу.

*Материалды сериал ұйымдастыру* – әр түрлі тізбектерді анықтау немесе құру, мысалы, кеңістікте тәртіптеу, уақыт бойынша, көлемі бойынша, т.б. бөлу.

*Сызбалар* – қандай да бір нәрсені негізгі белгілері бойынша бейнелеу немесе сипаттау, ақпарат беруді оңайлату.

*Мағыналық арақатынасын белгілеу* – есте сақталатын ақпаратты мағынасы бойынша басқа бұрыннан таныс ақпаратпен арақатынасын белгілеу.

*Жоспар құрастыру* – тірек пункттерін анықтау мен белгілеу.

*Қайталау* – өзін-өзі тексеру арқылы бір ақпаратты әр түрлі әдістермен дүркін-дүркін қайталау.

# Ж

**ЖАЗА** – бала белгіленген талаптарды орындамаған жағдайда, мінез-құлық тәртібін бұзғанда қолданылатын педагогикалық ықпал ету құралы.

**Жаза түрлері:** сөгіс, ескерту, қоғамдық ұялту, уақытша ойыннан немесе сабақтан шығарып жіберу, т.б. Сипаты жасқа байланысты өзгеріп отырады, бірақ барлық жағдайда оның мазмұны мен дәрежесі баланың теріс қылығына сәйкес болу қажет.

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП** – бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ оқушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырушы оқу орны.

**Мектептер:**

- **авторлық** – білім беруді ұйымдастыру әрекеті автор немесе авторлық ұжым өзірлеген, жетекші психология-педагогика-

лық тұжырымдамаға негізделген эксперименттік білім беру ұйымы;

- **альтернативті (баламалы)** – Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-тың «еркін мектептері», олар әдеттегі мектептермен қатар немесе олардың орнына ашылып, оқушылармен жұмыс жасаудың мазмұны немесе формасы, әдістері бойынша баламалы білім беруді қамтамасыз етеді; Батыстың дамыған елдерінде өктемшілікке қарсы педагогикалық қозғалыс шенберінде ХХ ғ. 60-жылдарында пайда болды. Қазіргі Қазақстанда да білім беру жүйесін демократияландыру және социализм кезеңіндегі өктемшілдік мектептен бас тарту бағытында пайда болды;

- **антропоцентристік** – бірінші орында әрбір баланың құқығы мен мүддесі тұратын және оқу-тәрбиелік ықпал етудің барлық жүйесі оның жан-жақты тұлғалық дамуына бағытталған жалпы білім беретін мектептің түрі (М.А. Холодная);

- **жексенбілік** – оқыту жексенбі күндері жүргізілетін жалпы білім беретін, кәсіби немесе діни мектептер. Ресейде сауатсыздар мен сауаты аз жұмысшылар, шаруалар, колөнершілер үшін ХІХ ғ. ортасында ашылған. Қазіргі уақытта балалардың өз еріктері немесе ата-аналарының еркі бойынша қандай да бір діни ілімді меңгеретін діни жексенбілік мектептер қайта өркендеуде;

- **көмекші** – ақыл-ойы кем балаларға арналған арнайы оқу-тәрбие мекемесі. Негізгі түрі – дәрігерлік-педагогикалық-психологиялық комиссияның қорытындысы негізінде басым бөлігінде қауқарсыздық дәрежесіндегі *кемақылдылықтан* азап шегуші балалар қабылданатын мектеп-интернаттар. Қазақстанда мұндай мектептер зайырлы мектеп және діни сипаттағы мектеп ретінде дамуда.

- **демократиялық** – ұжымдық оқыту тәсілдері идеясы мен принциптеріне негізделген, әкімшілік басқаруы жақсы дамыған және тиімді әрекет ететін өзін-өзі басқарумен үйлесімді жұмыс істейтін мектеп. Оқушыларға ұжымдық өмір ережесін сақ-

тау барысында олардың жеке дамуы мен өзіндік жетілуі үшін мүмкіндік жасайды. Өмірлік іс-әрекетінің негізгі принциптері оқушылардың оқу пәндерін меңгерудің жеке қарқынын және меңгеру уақытын, оларды игеру деңгейін, өз бетінше және өзара оқу мүмкіндігін, оқушылар мен мұғалімдердің және мектеп әкімшілігінің және т.б. құқығын міндетті қорғау;

• **балалар-жастар спорт мектебі (БЖСМ)** — Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жүйесінде спорттың бір түрі бойынша құрылған кешенді немесе мамандандырылған мекеме;

• **коммуналар** — 1) РКФСР-да 1918 жылы жана педагогика мен еңбек мектебін ұйымдастыру мәселелерін іс жүзінде тексеру мақсатында құрылған оқу-тәрбие мекемесі. 1-ші және 2-ші сатыдағы мектептерден және оның жанындағы интернаттан тұрды. Мектеп жанында балалар бақшасы да болды. Тәрбиеленушілер оқу сабақтарынан басқа колөнер шеберханаларында, өндірісте және ауыл шаруашылығында жұмыс істеді. Интернаттағы өмір өзіне-өзі қызмет көрсету бастамасына құрылды, тәрбиеленушілердің бастамашылығы мен өзіндік іс-әрекеті марапатталды. 20-жылдардың аяғына дейін халыққа қызмет етті; 2) КСРО-дағы қараусыз балалар мен жасөспірімдер, жетімдер мен жасы жетпеген құқық бұзушылар үшін кенес үкіметінің алғашқы жылдарында құрылған білім-тәрбие мекемесі және ол 30-жылдардың аяғына дейін өмір сүрді. Оқыту өнімді еңбекпен біріктірілді;

• **аз комплектілі** — оқушылар саны аз, біріктірілген сынып-комплектілі және оқу сабағын ұйымдастыру формасы өзгеше жалпы білім беретін мектеп; балалардың саны жеткіліксіз болғандықтан, бір сыныпқа түрлі жастағы саны аз балаларды (әрқайсысында 2—3 баладан) топтап бір мұғалім бір мезгілде бірнеше сынып оқушыларымен түрлі оқу бағдарламалары бойынша сабақ жүргізетін мектеп. *Бастауыш, толық емес орта және орта* болуы мүмкін. Әдеттегідей ауылдық жерлерде ашылады;

• **музыкалық (саз)** — музыкаға дарынды балалар үшін, оларды музыка өнері саласында кәсіби іс-әрекетке дайындау мақсатындағы мектептен тыс мекеме;

• **еңбек** — балаларды жан-жақты тәрбиелеуде оларда белгілі бір еңбек білігі мен дағды кешенін қалыптастырумен, кәсіби бағдар берудің қандай да бір формасымен үйлесетін педагогикадағы бағыт. Мұндай мектеп идеясын алғаш рет ертедегі утопиялық социализм өкілдері (Т. Мор, Т. Кампанелла) айтты. Өз жобаларында идеалды болашақ қоғам ұйымдастыруды оның барлық мүшелерінің өнімді еңбекке қатысуын көздеді. Осыдан келіп балаларды еңбекке дайындау, оларды күші жетерлік еңбек іс-әрекетіне тарту талаптары шықты. Тәрбиелеу мен білім беруде еңбек элементіне Реформация идеологтары, жана уақыттың көптеген педагогтері (Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоции және т.б.) көп маныз берді. У.Д. Дьюи бойынша еңбек мектепте оқу-тәрбие процесінің жүйе жасаушы өзегін құрады. Еңбек мектебінің өкілдері политехникалық білімді, сауатты, іс-әрекет түрін тез өзгертуге қабілетті, өз бетінше шешім қабылдайтын, өздігінен білімін көтеретін қызметкерді дайындау міндеттерін шешуге нақты талпынды. Еңбек мектебінің теоретиктері мен ұйымдастырушыларының бірі ХХ ғ. аяғында Батыста Георг Кершенштейнер (1854—1932) болды. Кенестік мектептер өмір сүруінің бірінші жылынан бастап еңбек және политехникалық болып құрылды;

• **оқулар** — XVIII—XIX ғғ. қалыптасқан педагогикадағы бағыт. Оқу процесін уақыт жағынан егжей-тегжейлі тәртіптеуге, оқытудың ауызша әдістеріне, интеллектілі білім, білік пен дағды қалыптастыруға бағытталған кітаби білімге ынталандыру арқылы дамытуға негізделеді. Өктемшіл педагогика принциптеріне негізделіп, әдістемелік қамтамасыз етудің жоғары деңгейін қалыптастырып, мұғалімдердің жаппай табысты жұмысы үшін жағдай жасайды.

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ ЖАРЫС** –

оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу қызметін ынталандыру түрі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен жыл сайын ғылыми жарыстар өткізіледі. Оның негізгі мақсаттары:

- 1) оқушылардың ғылыми-зерттеу және ғылыми-танымдық қызметін ынталандыру;
- 2) экономика, ғарыш туралы ғылым, басқару саласында оқушылардың ғылыми ізденістерінің ахуалын, негізгі бағыттарын, деңгейі мен даму процесін анықтау;
- 3) талантты, дарынды жас зерттеушілерді іріктеу және оларға қолдау көрсету;
- 4) Қазақстан Республикасының зияткерлік (интеллектуалдық) әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету жарыстың негізгі мақсаты мен талабы болып табылады.

**Ғылыми жарысқа :**

- 1) ғылымның осы саласының бұрын белгісіз фактілерін, оқиғаларын, құбылыстары мен жекелеген жақтарын түсіндіру;
- 2) өндірістік процестердің тиімділігін арттыратын, мектепте орындалатын ғылыми тәжірибелерді жетілдіретін, сонымен қатар практикалық міндеттерді шешудің жана жолдарын енгізуге септігін тигізетін аппараттардың, үлгілер мен аспаптардың жобасын ұсыну;
- 3) әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған экономикалық, заңгерлік негіздемемен қоса, компьютерлік үлгілер мен жобалар ұсынылады;
- 4) көмелетке толмаған оқушылардың демонстративті жұмыстары үшін рұқсат етілмеген аппаратураны пайдаланып жануарларға қиянат жасау эксперименттері жүргізілетін, адамдардың денсаулығы мен жануарларға зиянды заттар (канцорегенді және мутагенді әсерлері бар уытты, радиоактивті, зерттелмеген биологиялық белсенді қосылыстар; адамдар мен жануарлар үшін патогенді немесе шартты түрде патогенді заттар, микроорганизмдер, вирус-

тар, алкоголь, темекі) пайдаланылатын, жобалар жарысқа қатыстырылмайды;

5) ғылыми жарысқа бұрын қаралған және қорғалған жобалар қатыстырылмайды.

**Ғылыми жобаларды ресімдеу талаптары:**

- 1) жоба мәтіні компьютерде басылып, мына құрамда болуы қажет: титулды парақ, мазмұны, мемлекеттік тілде немесе орыс тіліндегі (ғылыми жоба қай тілде жазылса, соған байланысты) абстракт (андатпа), сондай-ақ ағылшын тілінде; кіріспе; зерттеу бөлімі; қорытынды; пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- 2) титулды парақта: жұмыс орындалған білім ұйымының толық атауы, қаласы; автордың (серіктес автор) тегі, аты, әкесінің аты, сыныбы, жұмыс атауы; жұмыс дайындау бағыты, секциясы, ғылыми жетекшінің аты-жөні, тегі; қала (жарыс өткізілетін), жылы көрсетіледі;
- 3) абстракт (андатпа) (250 сөзден аспайды) зерттеу мақсатын; гипотезасын; кезеңін; зерттеу рәсімін; тәжірибе әдістемесін; зерттеу жаңалығы мен өзіндік деңгейін; жұмыс нәтижелері мен қорытындыларын; нәтижелерді практикалық пайдалану саласын енгізе отырып жобаның қысқа мазмұнын көрсетуі тиіс;
- 4) кіріспе бөлімінде (2 беттен аспайтын) таңдап алынған зерттеу тақырыбының өзектілігі; осы жұмыстың (тапсырма) мақсаты; берілген тапсырманы шешу әдісі қысқаша көрсетіледі;
- 5) жұмыстың зерттеу бөлімі (20 беттен аспайтын) жеке тараулардан (параграф) тұрады және осы жұмыстың мақсатын, оны жүргізу қажеттілігін көруге мүмкіндік туғызатын таңдап алынған тақырып бойынша белгілі нәтижелерге аналитикалық шолу жасалады; берілген тапсырманы шешу әдісі баяндалады; жұмыс нәтижесі және оларды талқылау; иллюстрациялық материалдар (сызбалар, кестелер, фотосуреттер, суреттер және т.б.);
- б) пайдаланылған әдебиеттерге арналған сілтемені квадрат жақшада беру қажет.

Мәтіндегі сілтеменің туындауына байланысты, қойылған белгі ретті болуы тиіс;

7) қорытындыда (бір парақтан аспайды) жұмыстың негізгі нәтижесі баяндалады және олардың негізінде қорытындылар мен ғылыми, тәжірибелік мақсаттарда жұмыс нәтижелерін пайдалану жөнінде ұсыныстар жасалады;

8) пайдаланылған әдебиет жұмыс соңында мына тәртіпте жалпы тізім бойынша беріледі: автордың аты, тегі, әкесінің аты, мақала мен журнал атауы (журнал мақалалары үшін), журнал, кітап атауы, басып шығарылған жері мен баспа (кітап үшін), басып шығарылған жылы, шыққан нөмірі, беті;

9) таңдап алынған тақырыптың маңыздылығы, автордың жұмысқа қосқан жеке үлесі, жұмыс кемшіліктері, нәтижелерді одан әрі пайдалану жөніндегі ұсыныстары көрсетіле отырып, әрбір жұмыс жетекшінің пікірімен қоса берілуі тиіс;

10) ғылыми жарыстың төртінші кезеңіне өлшемі 135×125 шаршы сантиметр мөлшеріндегі стендке орналастыру үшін демонстрациялық материалдар (баяндамаға) дайырау ұсынылады.

#### **Стендті безендіру талаптары:**

— стендтің жоғарғы бөлігіне көлденеңінен абстракт, қатысушының аты-жөні, жасы, мектеп атауы, қаласы, облысы орналасуы тиіс;

— стенд материалдары жұмыс мазмұнын ашуы тиіс, эстетикалық талғаммен безендіріліп, нөмірленген, қорытындысы бар кестелер, фотосуреттер, суреттер, диаграммалар енуі қажет.

— мазмұнын ашу барысында автор жобасында алынған нәтижелердің ұсынысына басты назар аударылуы тиіс.

Ғылыми жетекші ұсынылған жұмыстың диплом жұмысынан, магистранттық және кандидаттық диссертациялардан, ғылыми ұжым есептерінен көшіріліп алынған нәтижелер емес екенін көрсетіп, алынған нәтижелердің дұрыстығы мен орындылығын қамтамасыз етеді. Оқушылар жана білім мен

өздік зерттеу қызметінің дағдыларын үйреніп отырып, қолдан келетін жұмысты орындаулары қажет.

Жеңімпаздар бірінші, екінші, үшінші деңгейлі дипломдармен марапатталады.

Ғылыми жарыс қорытындысы бойынша халықаралық жарыстарға қатысу үшін кандидаттар іріктеледі.

**ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ БІЛІМ БЕРУ** — оқушыларға мемлекет белгілеген білім көлемі мен оқу дағдыларын беретін, белгілі бір жастағы барлық балалар мен жастарды оқыту.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы негізгі жалпы орта білімді барлық мектеп жасындағы балаларға міндеттеуді бекітті.

**ЖАЛПЫЛАУ** — біртекті заттарды олардың ортақ белгілері бойынша топтарға бөлу жолымен ойша жекеден жалпыға өту жүзеге асырылатын ойлау әрекеті, ой операциясы.

**ҰҒЫМДЫ ЖАЛПЫЛАУ** — аз көлемді ұғымнан үлкен көлемді ұғымға көшу жүзеге асырылатын логикалық операция.

**ЖАҢАЛЫҚ** — 1) зерттеу нәтижесінде алынған білімнің жаңа екендігін белгілейтін жалпы ғылыми көрсеткіші.

Зерттеу түріне байланысты бұл көрсеткіш түрленеді: іргелі зерттеуде — жаңа ғылыми тұжырымдамалар, заңдылықтар; қолданбалы зерттеулерде — әдістемелік принциптер; нақты нұсқамалар, ережелер, алгоритм.

2) ескірмеген ақпараттардың пайдалануға жарамдыларының санын белгілейтін ақпараттың қасиеті; жартылай ескірген кезеңі көрсеткіш болып есептеледі; 3) педагогикалық тәжірибеде — өзінің негізгі сипаттамасы бойынша бұқаралық тәжірибеден ерекшеленетін жана құбылыс.

**ЖАҢАЛЫҚ АШУ** — дұрыс нәтиже беретін, кез келген экономика, әлеуметтік-мәдениет құрылысы немесе қорғаныс саласындағы техникалық есептерді шешуде жана айтарлықтай айырмашылығы бар шешімдер; жаңалық ашу құқығы авторлық

куәлікпен немесе патентпен куәландырады.

**ЖАНАШЫЛДЫҚ** — 1) жанашылдар қызметі; 2) тәжірибені алға жылжытатын қандай да болмасын қызмет саласындағы міндетті түрде прогрессивті жаңа енгізілімдер (принциптер, идеялар, тәсілдер және т.б.); 3) жаңа ереже, қайта белгіленген тәртіп.

**ЖАРАҚТАНҒАНДЫҚ** (терминді П.В. Симонов енгізген) — қандай да бір әрекетті орындау немесе жағдайдың өзгерісіне бейімделуін қамтамасыз ететін қасиеттер, іскерліктер мен дағдылардың болуы, қалыптасуы немесе бекітілуі.

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ** — 1) жаратылыс ғылымдары, табиғат туралы білім жүйесі, білім беру мазмұнының маңызды компоненті. Құрамына математика, физика, химия, биология, Жер туралы ғылымдар (география және б.), әлеуметтік-биологиялық жаратылыс ретінде қарастыратын (адамның т.б. анатомиясын және физиологиясын) адам туралы ғылымдар кіреді; 2) жаратылыс ғылымының түрлі салаларын (химия, биология, физика және т.б.) қамтитын интегративті оқу пәні.

**ЖАРИЯЛЫМ** — 1) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мағлұматты жалпыға жеткізу; 2) қандай да бір ғылыми жұмыстардың, жұмыстың алуан түрлі басылымдарда (газеттерде, журналдарда, кітаптарда ж.т.б.) басылуы; 3) жарияланған мәтін.

**ЖАС БОЙЫНША КЕЗЕҢГЕ БӨЛУ** — адам өмірінің кезеңдерін анатомиялық-физиологиялық және әлеуметтік-психологиялық белгілерінің жиынтығы бойынша бөлу (жіктеу).

Бөлудің келесі түрі қабылданған:

- **нәрестелік** — туу сәтінен бастап 1 жасқа дейін;
- **мектепалдыға дейінгі** — 1 жастан 3 жасқа дейін;
- **мектепалды** — 3 жастан 6 жасқа дейін;
- **кіші мектептік** — 6-дан 10-ға дейін;
- **жасөспірімдік** — 10-нан 15-ке дейін;
- **жастық шақ** — 15-тен 21 жасқа дейін;

• **кемелді** — 21-ден 60 жасқа дейін;

• **мосқал** — 60-тан 75 жасқа дейін;

• **кәрілік** — 75-тен 90 жасқа дейін;

• **көп жасағандар** — 90 жастан жоғары.

Кезеңге бөлу жеке адамның тек өмір жолын аралықтарға бөлуді ғана емес, жасқа мазмұндық мағына беруге де жол ашады. Әрбір жасқа сәйкес даму деңгейі анықталады (психофизикалық, ойлаушылық, эмоционалдық, тұлғалық, т.б.), «дамудың әлеуметтік жағдайы» (Л.С. Выготский), психологиялық жаңатүзілім, т.б. Тұрақты белгілі бір жас бір жастық кезеңнен басқаға өткенде жастық дамудың дағдарыс кезеңдерімен (балалықта жиі) кезектеседі.

Кейде жеке адамның белгілі бір биологиялық, социологиялық, психологиялық параметрлерінің әлдебір нормативтік (ортастатистикалық) симптомкешеннің арақатынасының жинағымен белгіленетін жеке адамның биологиялық, әлеуметтік, психологиялық жастары әдейі бөлектенеді.

**ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІНЕ ҚАРАЙ ТӘРБИЕЛЕУ** — тұлғаның даму заңдылықтарын (физикалық, психикалық, әлеуметтік), сондай-ақ тәрбиеленуші топтардың жас құрамына байланысты әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескеру мен қолдану.

**ЖАСАЛЫМ** — мұқият, жан-жақты зерттеу, барлық нақтылықпен өңдеу.

**ЖАТТЫҒУ** — меңгеру мақсатында әрекетті қайталап орындау.

Оқытудың түрлі жағдайларында, не оқу (үйрену) процесі компоненттерінің барлығы орындалатын жалғыз ғана амал болуы мүмкін (амалдың мазмұнын түсіндіру, оны бекіту, жалпылау және автоматтандыру) немесе жаттығулар алдында келетін және алдымен амалдың мазмұнын түсіндіріп, оның алғашқы бекітілуін қамтамасыз ететін түсіндіру мен жаттап алумен қатар амалдардың бірі болуы мүмкін. Бұл жағдайда жаттығу түсіндіру мен бекітудің, сонымен қатар жалпылау мен автоматтандырудың аяқталуын қамтамасыз етеді де, ақырында амалдың толық меңгеріліп, оның автомат-

тануы шамасына қарай іскерлікке немесе дағдыға айналуына алып келеді. Жаттығу түсіндіруден кейін, алдын ала жаттаусыз-ақ, бірден орындалуы мүмкін; бұл кезде бекіту толығымен жаттығу барысында іске асады.

**ЖАТТЫҚҚАНДЫҚ (МАШЫҚТАНҒАНДЫҚ)** — оқытудың нәтижесі ретінде бүгінгі күнде меңгерген нақты білім қорының, сонымен бірге білім алуға қажетті қалыптасқан тәсілдері мен әдістерінің болуы.

**Оқушылардың жаттыққандық дәрежесі** — оқу процесінің нәтижесін сипаттайтын бірізді бес (ажырату, есте сақтау, түсіну, қарапайым білік пен дағды, ауыстыру) көрсеткіш жиынтығы.

**Көрсеткіштер:**

- **ажырату** — жаттыққандықтың ең төменгі (бірінші) көрсеткіші, мұнда оқушылар сол нысанның, процестің, құбылыстың оларға ұқсас не барабар түрлерін дайын күйінде ұсынғанда ғана байқап алады;

- **есте сақтау** — оқушылардың жаттыққандығының екінші көрсеткіші, белгілі бір ақпараттың мөлшерін, оны түсінбей-ақ және саналы еске түсірмей-ақ меңгеруін көрсетеді;

- **түсіну** — жаттыққандық дәрежесінің үшінші көрсеткіші, қандай да бір нысанға, процеске, құбылысқа байланысты жеке пікірінің болуымен сипатталады;

- **қарапайым білік пен дағды** — жаттыққандық дәрежесінің төртінші көрсеткіші, оқушы теорияны практикада қалыпты жағдаятта қолданады, практикалық тапсырманы трафарет және шаблон (үлгілер) бойынша орындайды;

- **ауыстыру** — жаттыққандық дәрежесінің бесінші көрсеткіші, бұған жеткен оқушы алынған теориялық білімді практикада шығармашылықпен, қалыптан тыс жағдаяттарда қолдануға, қалыптасқан негізде жана білік пен дағды жасақтауға қабілетті.

Жаңа әрекетті меңгеру алдыңғы әрекетті меңгеруге қарағанда жеңіл және тез жүретіндігімен ерекшеленеді. Ауыстыру тетігі адамның (саналы болуы міндетті емес)

меңгерілген және меңгерілетін әрекет құрылымында ортақ белгілерді бөлектеп көрсетуімен ерекшеленеді. Бұл ұқсас белгілер айқын көрінген сайын, соғұрлым ауыстыру және өзгерген жағдайда әрекетті меңгеру тәсілін орындау жеңілдейді. Мұғалімдер осы феномен туралы жиі ұмытады. Оқыту процесінде оқушыларда меңгерілетін әрекеттің бұрын игерілгенімен байланысына, бір оқу пәнін оқу кезінде дағдыланған әрекетті басқасына ауыстыруды саналы түрде қалыптастыру қажет.

**ЖАУАП** — сұрақтан туындайтын айтылулар, хабарламалар:

- **дұрыс** — зерттеушінің қойған сұрағына респонденттің зерттеушінің ойлағанына сәйкес түсінгенін куәландыратын жауап;

- **өз бетінше** — респонденттің басқа сыналудың көмегінен құрастырған жауабы;

- **келісілген** — қандай бір проблемаға, олардың әр түрлі аспектісіне қатысы бар және бір-біріне қайшы келмейтін жауап.

**ЖАУАПТЫҢ БОЛМАУЫ** — таңдауды, амал-тәсілдердің сапасын, жауап деңгейін анықтау тәсілін білдіретін көрсеткіш.

**ЖАҒАНДАНУ** — белгілі бір этностар базасында нағыз немесе әлсіз тұрақты аумақтық шекараларда қалыптасқан әр түрлі мәдениеттер мен өркениеттердің өзара әрекеті мен өзара кірігуінің тарихи масштабта біртіндеп өсетін процесі.

Бұл процесс мәдени-өркениеттік кедергілерді аттап өтуді, стандарттар мен әлеуметтік, рухани, шаруашылық, саяси және тұрмыстық әрекеттің барлық түрлерінің нормаларын біркелкі етуді көздейді.

Жағандану, сондай-ақ әлемнің әр түрлі аймақтары үшін, ортақ проблемаларының пайда болуын, әлем мемлекеттерінің өзара әлеуметтік-саяси байланысының үнемі жоғарылауы мен ортақ қызығушылықтардың кең аймақтарының пайда болуын білдіреді.

**ЖАҒАНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР** — сапаны бағалаудың барлық жүйесіне маңызды әсер ететін көрсеткіштер.

Жаһандық көрсеткіштерге сәйкес келмеу, әдетте, кері сараптамалық бағалауға әкеледі.

**ЖЕКЕ ТҮЛҒА БАҒЫТЫ** – жеке тұлғаның туындаған жағдайларға байланысты тұрақты тәртібі мен қызметін бағыттайтын мотивтер жиынтығы.

Адамның дүниетанымында байқалатын оның ықпалымен, бейімділігімен, нанымдарымен және ой-пікірлерімен сипатталады. Тәрбие беру арқылы қалыптасады.

**ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ДАМУЫ** – тұлғаның әлеуметтенуі нәтижесіндегі заңды өзгерістерінің барысы.

Жеке тұлғаның қалыптасуына табиғи анатомия-физиологиялық алғышарттарды игере отырып, бала әлеуметтену процесінде адамзат табыстарын менгере келіп, қоршаған ортамен өзара іс-әрекетке енеді. Осы процесс барысында жинақталатын қабілеттілік және функциялар жеке тұлғада тарихи қалыптасқан адамзат сапасын өндіреді. Шындықты менгеру баланың іс-әрекетінде ересектер арқылы жүзеге асырылады: сол арқылы тәрбие процесі оның жеке тұлғасын дамытуда жетекші болып табылады. Жеке тұлғаның дамуы осы тұлғаға тән мотивтер жүйесімен басқарылатын іс-әрекетте жүзеге асырылады. Өзінің жалпы түрінде Жеке тұлғаның дамуы, адамның жаңа әлеуметтік ортаға енуі осы процесс нәтижесінде интеграциялану барысы ретінде көрінуі мүмкін. Жоғары дамыған әлеуметтену қауымдастығында интеграцияны табысты өту барысында жеке тұлғада ізгілік, адамдарға сенім, шыншылдық, өзін-өзі анықтау, өзіне және басқаларға да талап қоюшылық сияқты және т.б. қасиеттер пайда бола бастайды.

**ЖЕЛІЛІК ЖОСПАРЛАУ (ЖЕЛІЛІК КЕСТЕ)** – жаңа (жаңашыл) педагогикалық технологияның оқу процесіне қатысушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктеріне және оның интеллектуалдық даму деңгейіне сәйкес пәндерді оқудың дара жоспары.

**ЖЕТЕКШІ ӘРЕКЕТ** (адамда маңызды психикалық жана түзілімдердің пайда болуына байланысты әрекетті белгілеу үшін А.Н. Леонтьев ұсынған термин).

Әрі қарай Д.Б. Эльконин бұл ұғымды психика дамуын кезеңдерге бөлуге пайдаланды. Осыған байланысты әрбір жастық кезеңге дәл белгіленген жетекші әрекет сәйкес келеді:

- 1) нәрестенің ересек адаммен тікелей-эмоциялық қарым-қатынасы;
- 2) ерте балалық шаққа тән пәндік-амал-айлалық әрекет;
- 3) мектептік жасқа тән оқиғалы-рөлдік ойын;
- 4) төменгі сынып оқушыларының оқу әрекеті;
- 5) жасөспірімдердің сырластық-тұлғалық қатынасы;
- 6) ерте жастық шақ кезеңіне тән кәсіби-оқу әрекеті.

Өзінің дамуында белгілі бір қалыптасу жолынан өтеді. Жаңаның пайда болуы алдыңғы кезеңде жетекші болғанның жойылып кететінін білдірмейді. Әлеуметтік жағдайдың дамуына байланысты әр түрлі деңгейлі топтар мен құрамда (оқушылар, әскерилер, жеткіншек құқық бұзушылар, т.б.) тұлғааралық қатынастарды жанама түрде қалыптастыра отырып, әрекеттің түрлері жетекші сипатқа ие болады. Сонымен бірге жетекші әрекетті қоғамдық құнды психикалық жана құрылымдар (педагогикалық тәсіл) қалыптастыруға тиісті және осы жана құрылымдарды нақты өмірде қалыптастырушы (психологиялық тәсіл) түрінде ажырату қажет.

**ЖЕТКІЛІКТІ НЕГІЗ** – көре тұра шындық болып табылатын және одан негізделген логикалық ереже (ережелер жиынтығы).

**ЖИЛІКТІК (ЭМПИРИКАЛЫҚ НЕМЕСЕ СТАТИСТИКАЛЫҚ) БӨЛУ** – вариациялық қатар жиынтығындағы сандық белгінің әрбір шамасының жиілігі.

**ЖОБА** – 1) қандай да бір ғимаратты немесе бұйымды жасау мақсатындағы құжаттар



жиынтығы (есептеулер, сызулар); 2) қандай да бір құжаттың алғашқы мәтіні; 3) көкейдегі ниет, жоспар.

Берілген уақыт кезеңінде және анық мақсаттары бар тапсырмалардың бюджетін белгілегенде орындалатын өзара байланысты іс-шаралардың кешені.

**ЖОБАЛАУ** – 1) жаңа оқу жоспарларының, зертханалар мен студиялардың, жаңа білім беру бағдарламаларының жобаларын жасау; 2) педагогикалық технологияларды жасау процесі бөлімдерінің бірі.

**ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІ (РОӘК)** – Білім және ғылым министрлігі жанындағы жоғары және жоғарыдан кейінгі кәсіптік білім беруде білім беру бағдарламаларын оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мәселесі бойынша кеңестік-мәжілістік орган.

**РОӘК қызметінің негізгі бағыттары:**

- 1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға көмектесу;
- 2) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде мамандық топтары бойынша оқу-әдістемелік секциялар қызметін үйлестіру;
- 3) еңбек нарығындағы сұранысты есепке ала отырып, мамандықтар мен мамандану тізбесі жөніндегі ұсынымдар дайындау;
- 4) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;
- 5) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім бағдарламаларының мазмұнын жанарту мен жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;
- 6) типтік оқу жоспарларын дайындау мен бекітуді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар дайындау;
- 7) жоғары оқу орындарын оқу және оқу-

әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу;

8) жоғары оқу орындары үшін оқулықтар мен оқу әдебиеттерін, соның ішінде электрондықтарды да пайдалануға рұқсат ету бойынша ұсыныстар дайындау;

9) қазіргі заманғы білім беру технологияларын ендіру бойынша ұсыныстарды талдап кеңестер беру;

10) жоғары оқу орындарының инновациялық тәжірибелерін жинақтау және оны ендіру бойынша ұсыныстар дайындау;

11) оқу-әдістемелік сұрақтар бойынша халықаралық ынтымақтастықтың келешегі бар және тиімді бағыттарын талдау және анықтау;

12) қосымша кәсіптік білім беру және педагогикалық кадрлар дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыру бойынша ұсыныстар дайындау болып табылады.

**РОӘК құрылымы және қызметін ұйымдастыру**

РОӘК құрамына құрылымдық бірлік ретінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі мамандық топтары бойынша оқу-әдістемелік секциялар (ОӘС) енеді. РОӘК құрамы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мамандық топтары бойынша оқу-әдістемелік секциялардың төрағалары және төрағаның орынбасарларынан, *БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы* президентінен, жетекші ғалымдардан, жоғары оқу орындарының педагогикалық қызметкерлерінен, білімнің алуан түрлі саласы мамандарынан тұрады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде мамандық топтары бойынша ОӘС базалық деп аталатын жетекші жоғары оқу орны базасында құрылады.

ОӘС құрамына тиісті мамандық топтары бойынша білім беру бағдарламаларын іске асырушы, ведомстволық бағыныштылығы мен меншік түріне қарамастан, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, сондай-ақ олардың

басшыларының ұсыныстары негізінде кадрлар дайындауды жетілдіруге мүдделі ұйымдар мен кәсіпорындардың өкілдері енеді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мамандық топтары бойынша ОӘС қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) ұқсас мамандықтар бойынша дайындық жүргізуші білім беру ұйымдарының оқу-әдістемелік қызметінің өзара байланысын және үйлесімін жүзеге асыру;
- 2) еңбек нарығындағы сұранысты есепке ала отырып, мамандықтар мен мамандану тізбесі жөніндегі ұсыныстар дайындау;
- 3) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;
- 4) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім бағдарламаларының мазмұнын жанарту мен жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;
- 5) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтары бойынша пәндердің типтік оқу бағдарламаларын дайындауға қатысу;
- 6) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандарының оқулықтармен және оқу құралдарымен қамтамасыз етілу мониторингін жүргізу;
- 7) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге қажетті оқулықтар мен оқу құралдарының қолжазбасын рецензиялады жүргізу;
- 8) жоғары оқу орындарының инновациялық тәжірибелерін;
- 9) қазіргі заманғы білімдік технологияларды ендіру бойынша ұсыныстарды талдап кеңестер беру;
- 10) оқу процесін жетілдіру, алдыңғы қатарлы іс-тәжірибені тарату, жоғары білім мәселелері бойынша конференцияларға, семинарларға және мәжілістерге қатысу жөнінде ұсыныстар дайындау;
- 11) жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамын дайындау және

қайта даярлау үшін білім беру бағдарламалары бойынша ұсыныстар дайындау;

12) жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік тілді дамыту мен ендіру бағдарламасын орындауға жәрдем ету.

**ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК БІЛІМ** – 1) мазмұны технологиялық жүйелерді және адамдар ұжымын басқару қызметтерін орындайтын еңбектің күрделі түрлерінің қызметкерлерін, сондай-ақ білікті педагогикалық және ғылыми қызметкерлерді дайындауға бағытталған білім; 2) жалпы орта және орта кәсіптік білім негізінде жоғары оқу орындарында менгерілген және ресми мойындалған құжаттармен (дипломдармен, сертификаттармен, т.б.) бекітілетін білім деңгейі.

Осындай жүйелі білім мен әрекет дағдыларының жиынтығын меңгеру нәтижесі маманға зерттеу және практикалық мақсаттарды мәдениет, ғылым және техника жетістіктерін шығармашылықпен қолданып және дамытып, өздігінен жауапты шешуге мүмкіндік береді.

Ерекшелігі – білім беру және ғылыми-зерттеу қызметтерінің тікелей өзара әрекеті, оқу пәндерін ғылым мен тәжірибенің маңызды жетістіктеріне жақын деңгейде оқыту, оқу орындарын бітірушілердің әлеуметтік-азаматтық және іскерлік дайындығына жоғары талаптар қою.

**ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК (БАСТАПҚЫ, ОРТА) БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ КЛАССИФИКАТОРЫ (ЖІКТЕЛУІ)** – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі) білім берудің даярлау бағыты мен мамандықтар тізімін белгілейтін, олардың кодын және жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандартын, нормативтік құжаттарды даярлауда және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының кәсіптік даярлығын анықтайтын мемлекеттік құжат.

Классификатор техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпаратты жіктеу мен

кодтаудың біртұтас жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Классификатордың **мақсаты**:

- іс-әрекеттің барлық түрлері мен салаларын көрсететін классификациялау бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің қоғам және әр азамат үшін ашық жүйесін құру;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (техникалық және кәсіби, ортадан кейінгі) білім беруде мамандықтар бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттарын дайындаудың нормативтік негізін жасау;

- білім берудің сапасы мен дамуын халық сұранысына лайық ғылым, техника және мәдениеттің жетістігіне сәйкес көтеру;

- мемлекетаралық білім беру кеңістігін қалыптастыруға қажет жағдай жасау;

- мамандықтардың тиімді көптүрлілігі арқылы біртұтас білім беру технологияларын әзірлеуге және енгізуге ықпал ету;

- республика экономикасының барлық саласына қажет жоғары (орта) кәсіптік білімді мамандарға сұранысты есептеу үшін жағдай жасау және оларды даярлауда негізделген мемлекеттік тапсырыс әзірлеу;

- еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсынысқа байланысты жоғары (орта) кәсіптік білім беру саласында статистикалық есеп және талдауды қамтамасыз ету. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, жоғары (орта) кәсіптік білім беру ұйымдарында білім беретін мамандарды оқытатын және даярлайтын мамандықтар классификатордың нысаны болып табылады.

Классификатор автоматтандырылған басқару жүйелерінде келесі міндеттерді шешуде қолданылады:

- білім беру деңгейлері жағынан мәндес мамандықтардың тиімді номенклатурасын белгілеу;

- мамандықтар мен біліктіліктерді біріздендіру;

- кәсіптік білімді маман даярлаудың еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс жүйесіне сәйкестігін қамтамасыз ету;

Классификаторды пайдалану:

- 1) әр мамандықты енгізуде экономикалық және әлеуметтік негіздегі кешенді талдаулар қарастырылады және ескеріледі:

- мамандарға деген сұранысқа болжам;

- олардың білімі мен біліктілігін іс-әрекет түрлерінде немесе мүмкін болған мамандықтарда қолдану болашағы;

- 2) жаңа мамандықтарды қалыптастыруда және бар мамандықтарды өзгертуде қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен Қазақстан Республикасы жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі (техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі) білім беру жүйесіндегі ұлттық дәстүрлері арасындағы сабақтастық;

- 3) мамандықтардың халықаралық және мемлекетаралық жіктелуін үйлестіру;

- 4) экономикалық және басқа қызмет түрлері бойынша мамандықтар қалыптастыру;

- 5) классификаторда жоқ мамандықтарды даярлау оларды классификаторға қосқаннан кейін ғана, білім беру жүйесінде бар құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Меншік нысаны және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарының тиісті деңгейінде міндетті түрде қолданылуы қажет.

**ЖОҒАРЫ МЕКТЕП** — экономика мен әлеуметтік сфераның әр түрлі салаларына жоғары білікті мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының жиынтығы.

**Жоғары оқу орны (ЖОО)** — жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын орындайтын білім ұйымы.

ЖОО негізгі **міндеттері** мыналар:

- 1) тұлғаның интеллектуалдық, мәдени және адамгершілік дамуы қажеттіліктерін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алу арқылы қанағаттандыру;

- 2) ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми зерттеу-

лері мен шығармашылық қызметтері арқылы ғылым мен өнердің дамуы, алынған нәтижелерді білім беру процесінде қолдану;  
3) жоғары білімді қызметкерлер мен жоғары білікті ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру;

4) білім алушыларда азаматтық ұстанымды, қазіргі заманғы өркениет пен демократия жағдайында еңбек пен өмірге қабілеттілігін қалыптастыру;

5) қоғамның ізгілік, мәдени және ғылыми құндылықтарын сақтау мен көбейту;

б) тұрғындар арасында білімді тарату, олардың білім және мәдени деңгейін көтеру.

Оқу процесі келесі формаларда орындалады: дәрістер, зертханалық сабақтар, семинар және практикалық сабақтар, курстық жұмыстар мен жобалар, оқу және өндірістік практика, ақыл-кеңестер беру, дипломдық жобалау және/немесе мемлекеттік емтихандар.

#### Түрлері:

• **академия** — жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын, ғылыми-зерттеу қызметін және педагогтік қызметті, кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыратын оқу орны;

• **институт** — жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын, ғылыми және педагогтік қызметті, кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыратын оқу орны;

• **университет** — мамандықтың үш және одан да асатын тобы бойынша (медициналық университет — екі және одан да көп) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын, ғылыми және педагогтік қызметті, кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыратын және өз қызметі саласында жетекші ғылыми-әдістемелік орталық болып табылатын оқу орны;

• **консерватория** — жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің шығармашылық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орны.

**Ашық ЖОО (университет)** — ЖОО-ның ерекше түрі. Бұл оқу орындарына тыңдаушылар олардың білім деңгейлеріне аз талаптар қоя отырып, жас мөлшерлеріне шектеу қойылмай қабылданады.

Бұл жерде оқыту мерзімі шектеусіз болғандықтан, еркін оқу кестесі жеткілікті. Тыңдаушылар шәкіртақы алып, грант бойынша немесе белгілі бір кепілдіктер бойынша ақысыз оқуларына болады. Осындай Ашық ЖОО-на Британдық университет, Германияның ашық университеттері жатады. Ашық ЖОО-ның жекелеген жұмыс принциптері бізде де қолданыла бастады.

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ КӘСІПТІК БІЛІМ** — біліктілік көтеру мен қайта даярлау жүйесін қосатын білім беру деңгейі.

#### Негізгі ұғымдар:

• **адъюнктура** — әскери оқу орындарында жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындау формасы;

• **адъюнк** — әскери жоғары оқу орнында ғылыми-педагогикалық іс-әрекетке дайындалушы тұлға;

• **аспирантура, докторантура** — жоғары оқу орындарында және ғылыми мекемелерде жоғары білікті ғылыми, ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындау формасы;

• **аспирант** — жоғары оқу орындарында және ғылыми-зерттеу мекемелерінде *аспирантура* арқылы педагогикалық және ғылыми іс-әрекетке дайындалушы тұлға;

• **докторант** — ғылым немесе білім беру ұйымына докторлық диссертация дайындау үшін бекітілген ғылыми қызметкер;

• **ассистент-тағылымдама** — жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды жоғары өнер оқу орнында дайындау формасы.

• **ғылым докторы** — ғылым кандидаты дәрежесі бар, ізденушінің диссертацияны

көпшілік алдында қорғауынан кейін диссертациялық кеңес қабылдаған шешімі негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау органы беретін ғылыми дәреже;

• **ғылым кандидаты** — жоғары арнайы білімді маман біліктілігі немесе академиялық магистр дәрежесі бар ізденушінің диссертацияны көпшілік алдында қорғауы негізінде диссертациялық кеңес шешімімен берілетін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау ұйымымен бекітілетін ғылыми дәреже;

• **философия докторы (PhD), кәсібі бойынша доктор** — тиісті мамандықтар бойынша докторантураның кәсіби оқу бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін жоғары академиялық дәреже;

• **кандидаттық емтихан** — ғылым кандидаты ғылыми дәрежесіне ізденушінің ғылыми біліктілік деңгейін бағалау мен өз бетінше ғылыми-іздену жұмыстарына қабілеттерін анықтау мақсатында жүргізілетін аралық аттестаттау формасы;

• **клиникалық ординатура** — жоғары оқу орнынан кейінгі тереңдетілген медициналық білім алу формасы;

• **магистратура** — бітіргеннен кейін академиялық *магистр* дәрежесі берілетін екі жылдық (жоғары базалық білім негізінде) және бір жылдық (жоғары арнайы білім) білім беру бағдарламасын және қорытынды аттестаттауды меңгеруді көздейтін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сатысы;

• **магистр** — жоғары ғылыми-педагогикалық білімнің (магистратура) білім беру бағдарламасының екінші сатысын меңгерген, қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлғаларға берілетін академиялық дәреже. Орта ғасырда Батыс Еуропада «жеті еркін өнер» оқытушылары, ал кейіннен — университеттің философия факультетін бітірушілер магистрлер болды. Кейбір елдерде қазіргі уақытта да университетті бітірген соң қосымша оқу курсынан және диссертация қорғағаннан кейін магистр дәрежесі

беріледі. Отандық білім беру жүйесінде мұндай дәреже XX ғасырдың 90-жылдары жоғары білім алудың сатысы ретінде пайда болды;

• **магистрант** — *магистратурада* оқитын тұлға;

• **ізденушілік** — ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аспирантура мен докторантурадан тыс оқу орындарында және ғылыми ұйымдарда даярлау формасы. Мемлекет Қазақстан Республикасының азаматтарына, егер азамат осы деңгейдегі білімді бірінші рет алып тұрса, жоғарыдан кейінгі кәсіби білімді мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес, конкурс негізінде тегін алуға кепілдік береді.

Мамандарды жоғары кәсіби білімнен кейінгі білім беруге даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы жоғарыдан кейінгі кәсіби білім берудің білім бағдарламасын іске асырушы (бұдан әрі — ұйымдар) білім беру ұйымдарында және ғылыми ұйымдарда орналастырылады.

Мемлекеттік білім тапсырысынан тысқары жоғарыдан кейінгі кәсіби білім берумен мамандар даярлау оқытуға кеткен шығындардың орнын толтырумен және нормативтік құқықтық талаптарды сақтаумен келісімшарт негізінде жүзеге асырылады. Ұйымдар оқу процесі мен аспиранттардың, адъюнкттардың, клиникалық ординаторлардың, ассистент-тағылымдамашылардың, докторанттардың, аға ғылыми қызметкерлердің, ізденушілердің іс-әрекеті барысын ұйымдастырумен, бақылаумен айналысатын құрылымдық бөлімшелердің штат құрамын оқушылар санынан және жоғарыдан кейінгі кәсіби білім алушы мамандардың санынан шығара отырып, өз бетінше анықтайды.

Аспиранттардың, адъюнкттардың, докторанттардың, ізденушілердің бір ғылыми жетекшіге бекітілген жалпы саны 10 адамнан аспауы тиіс.

Аспиранттар, адъюнкттар, докторанттар, клиникалық ординаторлар, ассистент-тағы-

лымдамашылар, ізденушілер жеке жоспарға сәйкес қажетті жабдықтарды, зертханаларды, кітапханаларды және басқаларын пайдаланады.

Ұйымдар жеке өз қаражаты есебінен оқыта алады немесе қызметкерді жоғарыдан кейінгі кәсіби білім алуға жібере алады.

Ұйым қаражаты есебінен оқыған қызметкер осы ұйымда тараптардың жеке еңбек келісімшартта келісілген мерзімде өтемдік қызмет етеді.

Жеке еңбек келісімшарты қызметкер бастамасы бойынша немесе ұйым тарапынан қызметкердің кінәсі салдарынан бұзылған жағдайда қызметкер ұйымға оны оқытумен байланысты, өтелмеген қызмет мерзіміне сәйкес шығынды толық төлейді.

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ** – жоғары оқу орнын алқалық басқару формаларының бірі.

Өз қызметінде Ғылыми кеңес Қазақстан Республикасының заңнамаларын, Ғылыми кеңес іс-әрекетінің Типтік ережелерін, сондай-ақ жоғары оқу орнының жарғысын басшылыққа алады.

Ғылыми кеңес қызметі жариялылыққа және оның құзыретіне кіретін сұрақтарды ұжымдасып талқылауға арналып негізделеді.

Ғылыми кеңес жоғары оқу орны басшысының бұйрығымен құрылады.

Ғылыми кеңес құрамына жоғары оқу орны басшысы, басшының орынбасары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы, студенттік және қоғамдық ұйымдар өкілдері кіруі мүмкін.

Ғылыми кеңес құрамы 3 жылға сайланады және мүшелері тақ саннан тұрады. Қажеттілігіне қарай жалпы жиналыс шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізіледі.

Ғылыми кеңестің төрағасы жоғары оқу орнының басшысы болып табылады.

Төраға төрағаның орынбасарын тағайындайды.

Төрағаның болмауы жағдайында оның міндетін орынбасары атқарады.

Төраға ғылыми кеңес жұмысын ұйымдастырады және оның іс-әрекетін Қазақстан Республикасының заңнамаларына және осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.

Ғылыми кеңестің басқа мүшелері жоғары оқу орнының жалпы жиналысында жабық дауыс берумен сайланады.

Хатшы Ғылыми кеңеспен сайланады және Ғылыми кеңестің іс-қағаздарын жүргізуге жауап береді.

Ғылыми кеңес өз жұмысын оқу жылына арналған бекітілген жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.

Ғылыми кеңестің мәжілісі тиісті оқу жылына арналып бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес айына бір реттен сирек емес өткізіледі.

Ғылыми кеңес мәжілісі, егер оған оның 2/3 кем емес мүшелері қатысқан жағдайда заңды болып табылады. Мәжіліске орынды себептермен қатысуға мүмкіншілік болмағаны туралы Ғылыми кеңес мүшесі төрағаны алдын ала хабардар етуі тиіс.

Ғылыми кеңес шешімі, егер мәжіліске қатысушы Ғылыми кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берген болса, онда қабылданған болып саналады.

**Ғылыми кеңес қызметінің мақсаттары:**

1) кәсіби оқу бағдарламасын табысты іске асыру мақсатында оқушылар мен профессор-оқытушылар құрамына қажетті жағдай жасау;

2) жоғары оқу орнына қаржылық қолдауды қамтамасыз ету, материалдық базасын нығайту;

3) жоғары оқу орнының одан арғы дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Ғылыми кеңес құзыреттілігіне жататындар:

1) жоғары оқу орнының құрылымын бекіту;

2) жоғары оқу орнының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) жоғары оқу орнының оқу және ғылыми бөлімшелерін құру, қайта құру және жою

(зертханалар, кафедралар, факультеттер (институттар) және басқалар);

4) жоғары оқу орнын дамыту тұжырымдамасын анықтау;

5) жоғары оқу орнының оқу-тәрбиелік, ғылыми-зерттеушілік және шаруашылық қызметтерін ұйымдастырудың барлық негізгі құраушысы бойынша шешім қабылдау;

6) ректордың, проректорлардың, құрылымдық бөлімше басшыларының жылдық және оқу, ғылыми-зерттеушілік, тәрбие, қаржылық, шаруашылық, ақпараттық және халықаралық қызмет жүргізу формалары мен әдістері туралы есептерін тыңдау;

7) оқулықтар мен оқу құралдарын және оқу-әдістемелік әзірлемелерді қарау және басып шығаруға ұсыну;

8) студенттерді ақылы оқудан білім гранттарына және экстернат формасындағы оқуға көшіру туралы шешім қабылдау;

9) диссертациялық зерттеулер бойынша магистранттар мен докторанттардың тақырыптары мен ғылыми жетекші-кеңесшілерін бекіту;

10) жоғары оқу орнының қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды ұйымдастыру;

11) бюджеттен тыс қаржыны, сондай-ақ жоғары оқу орнының ақылы білім беру қызметін көрсетуден және шығарылған өнімді іске асырудан алынған табыстарды қайта қаржыландыру бағыттарын пайдалану тәртібін анықтау;

12) ғылыми және құрметті атақтар, атаулы стипендия мен сыйақылар бекіту және беру;

13) жоғары оқу орындары қызметкерлерін, шығармашылық ұжымды, үкімет марапаттарына және құрметті атақтарға ұсыну туралы мәселе қарау;

14) жоғары оқу орнының алқалық шешімді талап ететін ағымдағы өзге де сұрақтарды қарау.

Ғылыми кеңес шешімі Ғылыми кеңес төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ДЕРБЕСТІГІ** – жоғары оқу орнының заңнамалар

мен жарғысына сәйкес қалыптасқан, заңнамалар тәртібінде бекітілген кадрларды іріктеу мен орналастырудағы, оқу, ғылыми, қаржы-шаруашылық және басқа қызметтерді іске асырудағы дербестігі.

**ЖОО-ның ПРОФЕССОРЛЫ-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ (ПОҚ)** – мамандардың кәсіби дайындығын жүзеге асырушы ЖОО-ның лауазымды тұлғасы.

ПОҚ лауазымына кафедра басшысы, профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы, ассистент жатады.

Штаттағы оқытушы (ғылыми қызметкер) осы жоғары оқу орнында конкурс негізінде ақылы штатты лауазымды алған және жоғары оқу орынның міндеттері мен функциясын іске асыру мақсатында еңбек келісімшарты негізінде лауазымдық өкілеттікті (оқу жүктемесіне сәйкес ғылыми жұмысты) жүзеге асырушы оқытушы (ғылыми қызметкер) болып табылады.

**ПОҚ-ы мен ғылыми қызметкер лауазымы орнын конкурстық ауыстыру тәртібі**

ПОҚ-ы мен ғылыми қызметкер лауазымы орнын ауыстыруға арналған конкурсқа тиісті мамандықтар бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар қызметкерлер жіберіледі.

Білім туралы заңнамаға сәйкес білім беру ұйымдарына жұмысқа сот үкімімен немесе дәрігерлік қорытындымен педагогикалық қызметке рұқсат етілмеген тұлғалар, сондай-ақ бекітілген тәртіппен сотталған мерзімі бітпеген немесе әлі алынбағандар жіберілмейді.

ПОҚ-ы мен ғылыми қызметкер лауазымы орнын ауыстыруға арналған конкурс ғылыми-педагогикалық және ғылыми қызметкерлердің лауазымдық біліктілік сипаттарына сәйкес өткізіледі.

Өнер және мәдениет саласындағы жоғары оқу орнында доценттер, профессорлар лауазымы орнын ауыстыру жөніндегі конкурсқа тиісті ғылыми атағы мен ғылыми дәрежесі жоқтар, бірақ осы мамандық бойынша көп іс-тәжірибесі бар мамандар жіберіледі.

ПОК-ы мен ғылыми қызметкер лауазымы орнын ауыстыруға арналған конкурс үміткерлер қызметіне аналитикалық талдау қорытындысы, сауалнама, сараптамалық бағалау, тестілеу, әңгімелесу, шығармашылық есептер, авторлық зерттеулерді қорғау, практикалық тапсырмалар және әрбір лауазым бойынша бекітілген талаптар көлемінде кәсіби біліктілігін тексерудің басқа да түрлері негізінде өткізіледі.

Әңгімелесу мақсаты біліктілік талаптарын және бос орынға конкурс жариялаған нақты жоғары оқу орнының ерекшеліктерін есепке ала отырып, үміткерлердің кәсіби және даралық сапасын бағалау болып табылады.

Әрбір үміткер бойынша конкурстық комиссия мәжілісінде кафедраның, факультеттің тиісті ұсыныстарымен қорытынды жарияланады.

Осыдан кейін конкурстық комиссия ашық дауыспен үміткерді лауазымға арналған конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауысқа салу үшін бірыңғай бюллетеньге енгізу туралы шешім қабылдайды.

Үміткерлермен келісу немесе келіспеуді әрбір үміткердің тегі тұсына «келісемін» немесе «келіспеймін» деген жазумен білдіреді. Бір лауазымға екі және одан көп үміткер қатысқан жағдайда аты-жөні бірдебір сызылмаған бюллетень жарамсыз деп табылады.

Дауысты санау үшін конкурстық комиссия жасырын дауыс берер алдында құрамында үштен кем емес комиссия мүшесі бар есеп комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы әрбір үміткер бойынша дауыс беру нәтижесін хабарлайды. Есеп комиссиясының хаттамасын конкурстық комиссия бекітеді және конкурс материалына қоса тіркеледі.

Конкурс өткізу барысында конкурстық комиссияның шешімі, егер дауыс беруге комиссия мүшелерінің 2/3-і қатысқан болса, дұрыс деп табылады. Қатысқан конкурстық комиссия мүшелерінің 50% және

одан көп дауысын алған үміткер сайланған болып саналады.

Жасырын дауыс берумен қабылданған конкурстық комиссия шешімі түбегейлі болып табылады.

Дауыс беру қорытындысы бойынша конкурстық комиссия бос лауазымға әрбір үміткер жөнінде еңбек шартын жасау үшін «ЖОО ректорына ұсынылады» немесе «ЖОО ректорына ұсынылмайды» деген жазбамен ұсыныстар қабылдайды.

Конкурс нәтижесімен және конкурстық комиссияның ұсыныстарымен оған қатысушы тұлғаларды комиссия хатшысы таныстырады.

**ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУҒА ДАЙЫНДЫҒЫ** — оқушылардың өзінің еңбек, кәсіптік жолын таңдауға, өзінің мүддесін, тұлғасының жеке психологиялық ерекшеліктерін түсінуге дайындығы.

**ЖҰМЫС ҚАБІЛЕТТІЛІГІ** — адамның қандай да бір іс-әрекетті ұзақ уақыт бойы тиімді орындау әлеуетінің мүмкіндігі.

Ақыл-ой және физикалық жұмыс қабілеттігі болып ажыратылады.

Ұзақ мерзімдік жұмыста жұмыс қабілеттілігі бірқатар себепті факторлармен анықталатын ауытқулар болады. Олардың ішіндегі маңыздысы — шаршағандық. Алайда шаршағандық факторына қарамастан жұмыс қабілеттілігі сақталуы мүмкін. Және керісінше: жұмыс қабілеттілігі шаршағандық болмаса да төмендеуі мүмкін. Өзгеріс жұмыстың мазмұны мен сипатына, сыртқы жағдайға (жұмыс көлемі, оның күрделілігі, қарқындылығы, ұзақтығы), адамның дара психологиялық және физиологиялық ерекшелігіне (атап айтқанда, мінез, қызуқандылығы, нерв жүйесінің түрі және т.б.), адамның сол жұмысқа деген қызығушылығына, адамның биологиялық өмірлік іс-әрекетіне т.б. қатысты болады. Өзгеріс деңгейі жұмыс қабілеттілігі сызығы делінетін атаумен сипатталады. Әдеттегідей, түнгі демалыстан соң таңертенгі сағаттар аса тиімді, сондай-ақ аса жо-



ғары жұмыс деңгейі оның басталған сәтiнен емес, адамның еңбек iс-әрекетiне төселудiң белгiлi бiр кезеңiнен, зейiннiң жинақталғанынан кейiн келедi. Әдетте 3–4 сағаттан кейiн (оқушыларда бiршама ертерек) демалу және тамақтану (бұл кезең түскi үзiлiспен, мектептегi үлкен үзiлiспен қатар келедi) қажеттiлiгiмен төмендей бастайды. Содан соң жұмыс қабiлеттiлiгi сызығы таңертеңгi кезеңдi, бiрақ төмен деңгейде қайталағандай болады. Жұмыстың соңына таман кейде жоғарылау байқалады. Таңертеңгi сағатта («бозторғайлар», ерте тұруды және ерте жатуды қалайтындар) және кешкi, кейде түнгi сағаттарда («жапалақтар», таңертең ұйықтауды және ұйқыға кеш жатуды қалайтындар) жақсы жұмыс қабiлеттiлiгiмен ерекшеленетiн адамдардың типтерi бар.

Оқушылардың жас мүмкiншiлiктерiне сәйкес оқу сабақтарының ұзақтығы белгiленедi. Аса қиын сабақтарды оқушылардың жұмыс жасау қабiлеттiлiгi тиiмдi таңертеңгi сағатта өткiзу ұсынылады. Оқу жылы барысында демалыстар енгiзiледi. Күн тәртiбi мен бiлiм берудi ұйымдастыру режимiн, психогигиенаның талаптарын сақтауды аса жақсы ұйымдастыру бойынша ұсыныстар әзiрленген.

**ЖҮЙЕ** — 1) бiрынғай тұтастықта қызмет етушi ретiнде өзара байланысқан элементтер жиыны, жиынтығы; 2) адам бiлiмнiң қандай да бiр саласына қатысты мақсатқа қол жеткiзудiң құралдары мен әдiстерi кешенiн жобалау мен құрудың, құбылыстар мен процестердi зерттеудiң жалпы әдiснамасы, бiр-бiрiмен белгiлi бiр байланыс пен қарым-қатынаста болатын элементтердiң кiрiктiрiлген тұтастығы мен бiрлiгiн құрайтын жиынын құру сияқты проблемаларды реттеу мәселесiн көтеру тәсiлi.

**ЖҮЙЕЛЕП ЖIКТЕУ** — жүйе құрудың қағидалары мен әдiстерi туралы ғылым; жалпы белгiлерi бойынша бiртектi, өзара байланысқан пәндер мен құбылыстарды жүйеге келтiру, топтастыру, топтау.

**ЖҮЙЕЛI ТАЛДАУ** — 1) тұтасты жүйелiк көзқарас ұстанымына негiздеп бөлшекке бөлу; 2) күрделi және аса күрделi нысандарды зерттеу мен құрылымдау кезiнде пайдаланылатын ғылыми әдiстердiң, практикалық тәсiлдер мен құралдардың жиынтығы, бәрiнен бұрын әзiрлеу әдiсi, жобалау барысында шешiм қабылдау мен негiздеу, әлеуметтiк, экономикалық, адам-машина және техникалық құралдарды құру мен басқару әдiстерi.

Жүйелi талдау мәселеге тұтастай әсер етушi барлық негiзгi факторларды есепке алу жағдайы кезiнде тиiмдi шешiм қабылдауға мүмкiндiк бередi.

«Жүйелi» ұғымы жүргiзiлетiн зерттеу «жүйе» категориясынан шығып негiзделетiндiктен қолданылады.

«Талдау» терминi күрделi мәселенi жеке-лерге, аса қарапайым кiшi мәселелерге бөлуден тұратын зерттеу рәсiмiн сипаттау үшiн, содан кейiн жалпы мәселенi құруға, жинақтауға мүмкiндiк беретiн, оларды шешу үшiн сәйкес келетiн арнайы әдiстердi пайдаланғанда қолданылады.

Сондықтан жүйелi талдау тек қана ғылымға, атап айтқанда, сандық әдiстерге тән элементтерден ғана емес, сондай-ақ зерттеушiнiң бiлiмiне, тәжiрибесiне және өнерiне қатысты интуитивтi-әврестикалық жол табулардан да тұрады.

Бұл қазiргi заманғы ақпараттық технологиялар мен ғылыми-техникалық талаптарды есепке алумен алуан түрлi деңгейдегi мiндеттердi шешу кезiндегi зерттеудiң пән-аралық әдiснамасы, алуан түрлi және күрделi мәселелер бойынша тиiмдi шешiмдер дайындау, негiздеу мен табу үшiн пайдаланылатын әдiстемелiк құралдардың және рәсiмдердiң жиынтығы. Барлық рәсiмдер мен әдiстер мiндеттердi шешудiң мүмкiн баламалы нұсқаларын ұсынуға, әрқайсысы бойынша белгiсiздiк масштабын айқындауға және оларды тиiмдiлiктiң сол немесе өзге де белгiлерi бойынша салыстыруға, зерттелетiн нысанның өз күрделiлiгiн

міндетті есепке алуға, оны тармақтауға және қоршаған ортамен тығыз байланысы мен оның бірқатар қасиетінің байқалмайтындығына арналып бағытталған.

### Негізгі принциптері:

1. Жүйелі талдау міндеттеріне қолданылатын субъективтілік пен объективтіліктің органикалық тұтастық принципі объекті мен субъектіні аса айқын ажыратуды талап етеді. Өйткені жүйелі талдау жүйені тек зерттеу нысаны ретінде емес, проблемалы жағдаят ретінде де зерделеумен айналысады, ол жүйенің элементтері ретінде объекті мен субъекті арасындағы өзара іс-әрекеттің барлық мүмкіншілігін есепке алуы керек, оның үстіне нысанды зерттеу осы өзара іс-әрекет мақсаттарына бағынысты болуы тиіс. Нысанмен өзара іс-әрекет барысындағы адам рөлі мен оның іс-әрекеті көп жағдайда тұтастай барлық жүйенің іс-әрекетін де айқындайды. Бұдан басқа, бөрінен бұрын, адам зерттеу жүргізу кезінде оларға өзінің білімін, мүддесін, мақсатты нұсқауын, дәлелдерін енгізе отырып, конструктор ретінде де көрінеді. Мұның бәрі субъект-объектілі қатынасты ғылыми зерттеудегі субъективті фактордың рөлін күшейтеді.

2. Жүйенің қозғалыс, динамизм принципі қозғалыстың үздіксіздігі мен сол уақыттағы дамуының диалектикалық көрінісі болып табылады. Уақыт ағымында жүйенің өзінде болатын өзгеріс оның жай-күйі мен құрылымына, субъектінің қарастырылатын жүйеге қатынасына және ондағы орнына тән. Жүйені зерделеуге динамикалық жол табу оны үздіксіз даму мен қозғалыста қарастыру қажеттігін белгілейді, сондай-ақ оны дамыту көздерін іздеуді айқындайды.

3. Жүйенің құрылымдық принципі жүйе барлық кезде элементтердің қатаң бағыныстылығымен, олардың өзара байланысымен және мақсаткерлік әрекетімен сатылық құрылым ретінде қарастырылатындығымен тұжырымдалады. Сатылы құрылым бүгінгі күні жүйенің аса тиімді функционалдык моделіндей және жүйе туралы бір

мезгілде «жүйенің сыртқы ортамен өзара іс-әрекетін анықтайтын ерекше үлкен жүйенің элементі, кейбір тұтастық туралы және өзінің жеке элементтер жиынтығы» туралы ұғым ретінде көрінеді.

4. Жүйенің жасандылық принципі жүйелік талдау үшін ерекшелік тек қана зерттеушінің өсерімен қалыптасқан жасанды жүйесін қарау болып табылатындығымен тұжырымдалады. Бұл кезде ғалымға оның мақсаткерлік іс-әрекеті мен жүйе әрекетінде жетекші рөл беріледі.

5. Жүйенің жана сапасының пайда болуы жүйелік талдаудың зерттеу нысаны, элементтердің мақсатты өзара іс-әрекеті, осы элементтердің қасиеттері арасындағы жақсы байланысын негіздейтін, өз кезегінде «жүйеге біріккен фактілер жиынтығы жана сапаның пайда болуына алып келетін, бастапқы фактілерді қарапайым қосудан шықпайтын, жүйелі нәтиже» тудыратын күрделі жүйе ретінде қарастырылады.

6. Формалданған мен формалданбағанның бірлігі, теория мен практиканың бірлігі принципі мәселені қою мен оны шешу әдісін таңдау арасындағы диалектикалық байланысты есепке алады. Зерттеуді орындау процесінде мәселені шешудің ғылыми әдісі зерделенетін нысанның ерекшелігіне байланысты формалдау мен қойылған міндетті шешудің сандық әдістерін пайдаланумен бірге, сол немесе өзге де зерттеу әдістерін қолдануды негіздеумен және белгіленген міндеттің практикалық мәнін анықтайтын алғышарттарды дұрыс таңдауды талап етеді. **ЖҮЙЕЛІК КӨЗҚАРАС** — нысандарды жүйе ретінде түсінуді негізге алған ғылыми таным мен әлеуметтік практика әдіснамасындағы бағыт; нысандарды жүйе ретінде қарастырудың айқын көрінісі және оларды жүйелі зерттеу тәсілдері.

**Әдіснамалық табиғаты.** Жүйелік көзқараста негізгі екі зерттеудің біржақты аналитикалық, сызықты-себепті әдістеріне емес, бөрінен бұрын, байланыс пен құрылым тұтастығын талдауға жасалады. Жүйе-

лік көзқарас зерттеушілерді жана теориялық тұжырымдама мен білімнің жана түрін құруға жол ашатын зерделенуші шындыққа өзгеше көзқараспен қаруландырады.

Әдіснамасы — философиялық әдіснама, жалпы ғылыми принциптер мен зерттеу формасы деңгейі, нақты ғылыми әдіс; зерттеу әдісі мен техникасы болып төрт деңгейде қарастырылады. Жүйелік көзқарас бұл деңгейлердің ешбіріне де жатпайды.

Қазіргі заманғы зерттеулерде жүйелік көзқарас жүйенің алуан түрлі типтері мен кластарын зерделеуде немесе құрылымдауда қолданылатын, әдістердің жүйелі түріндегі жиынтығын қалыптастыруы танылған жеке әдіснамалық тұжырымдама ретінде көрінеді. Осыған байланысты, осы ұғымда жүйелік көзқарас жалпы философиялық әдіснама міндеттерін шешуге ұмтылмайды, алайда ондағы алынған әдіснамалық білім философиялық әдіснаманың тиісті бөлімдерін нақтылау мен одан әрі дамытушы ретінде көрінеді.

Сонымен, «нысан-жүйе» қатынасы ғылыми танымда жүйелік көзқарастың орны мен қызметін айқындау үшін негіз қалаушы болып табылады. Бұл қатынас нысандарды көрсетудің түрлі тәсілдері (механикалық және біртұтас) мен оларды зерттеудің түрлі әдістерінің (бір жағынан қарапайымдау, қысқарту, екінші жағынан синтетикалық) айырмашылығымен өзара қатысын белгілейді.

Жүйелік көзқарас — бұл табиғат нысандарын, қоғамды, ғылым мен техниканы, оларды күрделі жүйе түрінде қарастыру кезіндегі зерттеу әдіснамасы. Бұдан басқа, атап өту керек, жүйелік көзқарас — бұл жүйені зерттеудің нақты құралы емес, зерттеу принциптерін негіздейтін және әзірлейтін жалпығылыми әдіснама.

#### **Принциптері:**

1. Жүйелілік принципі. Бұл принципте тұтастың бөлшектен басым болуы бекітіледі, бірақ бұл кезде тұтас пен бөлшектің өзара қатыстылығы атап өтіледі. Жүйелілік

принциптің мәні келесі ережелермен сипатталады:

а) сыртқы дүние нысаны мен таным нысандарының тұтастық сипаты;

ә) элементтерді жүйеге біріктіру кезінде пайда болатын жана қасиеттерді талдау мен зерделеу (эмердженттік қасиеті — кездейсоқ пайда болатын қасиет);

б) нысанды оның ортамен өзара іс-әрекетін зерттеуден бөлінбес жүйе ретінде зерттеу. Басқаша айтқанда, нысан аса күрделі жүйе «нысан-ортаның» кіші жүйесі ретінде қарастырылады;

в) кез келген нысанның динамикалық табиғаты.

2. Дүниенің иерархиялық құрылым принципі. Бұл принцип жеке алынған жүйенің тұтастығы мен бөлшегінің өзара байланыс иерархиясын көрсетеді. Декомпозициялау мен агрегировау әдістері жүйені зерттеу процесінде осы принципті іске асыру құралы болып табылады.

3. Көпмодельдік принципі. Көрсетілген принцип жүйені танып білу әрбір жүйенің қызмет етуінің қандай да бір аспектісін көрсететін, қажетті модельдерді тарту жолымен қол жеткізуге болатынын көздейді.

4. Детерминизм мен антидетерминизмнің диалектикалық үйлесімділік принципі. Детерминизм — себептік принциптерге, зерттелетін құбылыстың толық айқындылығы туралы болжамға негізделетін ғылымдағы бағыт. Антидетерминизм — зерттелетін құбылыс табиғатының белгісіздік мүмкіндігін, ықтималдығын есепке алуға негізделген бағыт. Антидетерминизмде себептік принципі жоққа шығарылмайды. Детерминизм мен антидетерминизм бірбіріне қайшы емес. Детерминизм мен антидетерминизмнің диалектикалық үйлесімділігінде себептік принципті түсіндіру — қажеттілік кездейсоқтық массасы арқылы көрінеді.

5. Антиинтуитивизм принципі. Жүйелік тәсіл жекелеген адамдардың түйсіктік бай-

ымдауларын, болжамдарын ұсынуды жокқа шығармайды, бірақ оларды *сараптамалық бағалау* әдісімен, эксперимент жүргізумен тексеруді талап етеді. Басқаша айтқанда, бұл принцип түйсіктің барлық жақтылық сипатын жокқа шығарып, түйсіктік ұсынустарды шынайы тексеруді құптайды.

6. Косымшалық принцип (Н. Бор ойлап тапқан) – микроньсанды эксперименттік зерттеу нәтижесінде оның энергиясы мен импульсі, болмаса кеністік пен уақыттағы сипаты туралы нақты деректер алынуы мүмкіндігі туралы принцип. Бұл екі өзара жокқа шығарушы суреттеулер: микроньсанның тиісті өлшеуіш аспаптармен өзара әрекеттесуі кезінде алынатын энергетикалы-импульсті және кеністік-уақыттық бірін-бірі «толықтырады».

Жүйелік көзқарас туралы әдіснамалық бағыт ретінде айтқанда оны әдістердің кейбір жиынтығы мен жүйесі ретінде (пікірдің кең тарағанына қарамай) емес, әдістер туралы ғылым, ұғымдар мен жүйені зерттеу принциптері ретінде түсіну керек, яғни әдіснаманың ұғымында кейбір метатеориялық мәні көрінеді.

Көптеген зерттеушілер «көзқарас» пен «әдіс» ұғымын теңдестіреді. Алайда көзқарас әдістен мыналармен ерекшеленеді:

- 1) ол әдіске қарағанда айқындығы жалпы және аздау болып келеді;
- 2) ол зерттелетін жүйеде оларды нақтыланған және математикаланған теория мен тұжырымдамаға дейін жеткізбей тек жалпы принциптер мен бағыттарды ғана айтады;
- 3) бір көзқарасқа бір әдіс емес, бірнеше әдістер (мысалы, жүйелік тәсілге жүйе теориясының алуан түрлі нұсқалары) сәйкес келуі мүмкін.

**Жалпығылыми пәнаралық сипат.**

Жүйелік тәсіл қазіргі кезеңде жол бермегенімен, артық дифференцияланғандық пен әзірге қолдағы бар жекеленгендіктің барынша зиянды салдарын және барлық көбейткіш ғылыми бағыттар мен пәндерді айрықша әлсіретуі мүмкін.

Жүйелік көзқарас қазіргі таңда даралаумен және ерекшелікпен тым өуестенуші ғылыми бағыттар мен пәндердің зиянды әрекетін жоймағанымен олардың зиянды салдарын залалсыздандыра алады.

Интеграция жолында арнайы ғылымдар өзіндік іс-әрекетін және сапалық өзгешелігін сақтайды, бірі-біріне тоғыспайды, бірақ олардың нақты деректері мен теориялық құрылымы оның практикалық тиімділігін арттыру мақсатында ғылыми білімді кіріктіруші жалпы әдіс ретінде зерттеудің жүйелік көзқарасы төңірегінде бірігеді.

Жүйелік зерттеулер көрсеткендей, көптеген жағдайларда мәселені жүйелік құрылымдау не осы мәселеге қолданбалы жана зерттеу аппаратын пайдалануға жол ашады, не арнайы аппаратты іздеу мен құрылымдауды ынталандырады.

Жүйелік көзқарас – бұл ерекше барабар атауы «күрделі жүйе» деп саналатын табиғи және қоғамдық нысандардың ерекше класын зерттеу әдіснамасы.

Жүйелік тәсілдің негізгі міндеттері:

- 1) нысанды талдау мен синтездеу әдісін әзірлеу, олардың тұтастық белгісін сипаттау (атап айтқанда, зерттелетін және құрылымдалатын нысандарды мақсаткерлік жүйе ретінде таныстыру нәтижесінде);
  - 2) қарастырылатын нысандар туралы «элементтік» және «тұтастық» білімді синтездеу;
  - 3) осы жүйенің, оларды қоршағандарды құрастырушылардан тұратын басқа да жүйемен өзара қарым-қатынасын талдау.
- Жүйені талдау міндеттерін шешу кезіндегі жүйелік көзқарас әдіснамасы: нысанды зерттеу оның интеграциялық сапасын және олардың сапасын қамтамасыз етуші көпбейнелі байланысы мен тетіктерін ашуға бағытталады. Бұдан басқа, жүйені жобалау мен синтездеу міндеттерін шешу барысында ол жүйелік көзқарас былай орындалады. Жүйені жобалау міндеттері

## 3

оның элементтерін жобалаудың кіші міндеттеріне бөлінеді. Оның үстіне, элементтердің әрбірі өздігінше емес, басқа элементтермен өзара әрекетте қарастырылуы тиісті. Кіші міндеттерді шешу барлық жүйенің қызмет етуінің интеграциялық сапасын қамтамасыз ету жағдайы барысында орындалуы тиіс. Бұл талапты орындау үшін барлық кезеңдерді тұтастай байланыстырушы, зерттеушілік дайындаудан бастап әзірлеу мен іске қосу кезеңіне дейінгі жобалаудың бірыңғай идеологиялық және ұйымдастырушылық жоспары қажет. Жобалаудың негізгі әдістемелік сипаты — жүйелілік пен тиімділік, имитациялық үлгілеу мен есептеуіш техниканы пайдалану. Әдетте ғылым мен есептеуіш техниканың осы кезеңдегі даму деңгейінде жобалау міндеттері көбінесе жиі ретте жүйе жобасының көптеген нұсқаларын талдаудың қат-қабат шешілетін міндеттері ретінде жүзеге асырылады.

**ЖҮЙЕНІҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫ** — өзін жүйелік көзқараспен тығыз байланысты жүйе ретінде білдіретін және логика-әдіснамалық көрініс пен оның принциптері мен әдістерін нақтылау болып табылатын нысанды зерттеудің әлеуметтік-әдіснамалық тұжырымдамасы (қ. *Жүйелік талдау. Жүйелік көзқарас*).

**ЖІКТЕУ** — белгілі ережелердің жиынтығы мен бөліну белгілерінің қалыптасқан жүйесін пайдалану негізінде көптеген нысандардың (заттар) кластарға көпсатылы түрде реттеле таралуы; шынайылық көрініс тапқан заңдар жүйесін көрсетеді:

- **қомекші** — қандай да бір сыртқы белгісі бойынша белгілі тәртіппен орналасқан заттар немесе құбылыстардың бөлінуі;
- **табиғи** — заттар немесе құбылыстардың маңызды белгілері бойынша топтарға (кластар) таратылуы;
- **жасанды** — заттардың топтарға (кластар) таратылуы маңызды белгілері бойынша емес, сыртқы, аса маңызды емес белгілері бойынша бөлінуі.

**ЗЕЙГАРНИК ӘСЕРІ** — (аяқталмаған әрекет әсері) — адамның аяқталмаған әрекеттерді жақсы есте сақтайтын қасиеті.

Педагог идеяны аяғына дейін жеткізбеген жағдайда, ал тәрбиеленушіні түсінуіне және өз бетімен аяқтауына жетелесе, кез келген педагогикалық әрекет неғұрлым пәрменді болады. Мұндай жағдайда бұл оқушыларға өз бетімен менгерілетін идея ретінде қабылданады.

**ЗЕЙІН** — субъект әрекетінің уақыттың осы сәтіндегі қандай да бір нақты немесе идеалды нысанда шоғырлануы (сол сәтте іс жүзіндегі көптеген қоздырғыштардың тек азғанасы ғана бейнелену нысанына айналатындығымен сипатталатын психикалық әрекет нысандарына талғамды көзқарас).

Қандай да бір саналы әрекетті орындауға қажетті шарт. Әсіресе ол оқу әрекетінде айрықша орын алады. Оқу материалын түсінбеу, оны есте сақтаудың әлсіздігі, оқу тапсырмаларын орындаудағы қателер, т.б. оқушылар зейін аудармауынан немесе жеткіліксіздігінен болады.

**Мынаған байланысты:**

- әрекет сипаты мен адам үшін оның маңызына;
- адам тұлғасының ерекшеліктеріне (қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына, идеялық бағыттылығына, жігерлілік қасиеттеріне, темпераментіне, мінезіне);
- көңіл күйіне;
- адамның денсаулығы жағдайына (қажығандық немесе сергек көңіл күйі).

**Ажыратылады:**

- **сыртқы** — сыртқы дүние нысандарына бағытталған сезімдік-танымдық;
- **ішкі** — субъективті дүние нысандарына

бағытталған интеллектуалдық (образдар, ойлар, эмоциялар, т.б.);

– **қозғалтқыш (моторлық)** – сана ортасында қозғалыс тұратын жағдайдағы зейін;

– **интеллектуалдық** – нысаны ой болып табылатын шоғырланған және бағытталған қызығушылыққа байланысты зейін;

– **тікелей** – адамның маңызды қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес сол нысанға бағытталған, басқа ештеңемен басқарылмайтын зейін;

– **еріксіз** (енжар, амалсыз) – қандай да бір нысанға бағыттылығы басқа бір ниетке, міндет немесе мақсатқа байланысты емес, тек оның өзінің қасиеттеріне байланысты зейіннің екінші түрі (жанашылдығына, ерекшелігіне, ашықтығына, ұланғайырлығына, т.б.);

– **жанана** – арнайы тәсілдер немесе құралдардың: дене кимылдарымен, сөздермен, көрсеткіш белгілермен, дыбыстық сигналдармен, т.б. көмегімен реттелетін зейін;

– **ерікті (жігерлі, белсенді, ниетті)** – орындалатын әрекеттің мақсаты мен міндеттеріне байланысты шоғырланып, сол арқылы қойылған мақсат пен міндеттерді табысты шешуге қажетті нысандар мен амалдарға ауысуы;

– **еріктіден кейін** – ерікті зейіннің негізінде пайда болып нысанның тұлға үшін құндылығы, мәнділігі, қызықтылығына байланысты шоғырлануымен ерекшеленеді; шоғырлану ұзақтығымен, ой қызметінің жоғары қарқындылығымен, жоғары еңбек өнімділігімен сипатталады;

– **әлеуметтік шарттылықты** – өмір бойында оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде қалыптасатын, мінезді жігерлі реттеумен, нысандарға таңдамалы, саналы жауап беруімен ерекшеленетін зейін;

– **флукуациялық** – нысаннан нысанға тез ауысатын тиянақсыз зейін;

– **сезімдік** – сана орталығында қандай да бір сезімдік әсер тұратын зейін; сезім органдарының көбінесе эмоциялармен, таңдау жасаумен байланысты.

Сипаттамалары:

**Зейіннің шоғырлануы (жинақталуы)** – зейіннің басқалардан бөлек бір нысанға көңіл аударып жинақталуы. Қарама-қарсы қасиет – шашыранқылық. Зейіннің жинақталуының (қарқындылығының) көрсеткіші болып, бөгде тітіркендіргіштер әрекеттеріне зейіннің ауытқи алмайтын «бөгеуілтұрлаулы» қасиеті саналады. Зейіннің шамасы мен таралуымен тығыз байланысты.

**Зейіннің бұзылуы** – психикалық әрекеттің бағыттылығы, таңдамалылығының патологиялық өзгерістері.

**Түрлері:**

• **зейін ауқымының тарылуы** – (адамның бір мезгілде аз нысандарды қабылдауы);

• **тұрақсыз** (зейін шоғырлануының бұзылуы, оның қосымша тітіркендіргіштерге аландаушылығы);

• **модальды-арнайы емес** (мидың шағын аумағының зақымдануынан туады, бір уақытта әр түрлі тітіркендіргіштерді қабылдауда көптеген әр түрлі психикалық әрекетте көрінеді);

• **модальды-арнайы** (қандай да бір анализаторлық жүйенің зақымдануынан туады; тек бір модальдылықпен шектеледі, белгілі модальдылықтағы тітіркендіргіштерге зейін аудармау түрінде көрінеді).

**Зейін ауқымы** – бір мезетте жеткілікті анық қабылданатын, яғни бір сәтте қабылдап үлгеретін нысандар саны.

Ересек адам зейінінің ауқымы 4-тен 6 нысанға дейін (5–9), оқушыныкі (жасына байланысты) – 2-ден 5 нысанға дейін (бір-бірімен байланыссыз жекелеген нысандарды ұсынғанда).

**Зейіннің алаңдаушылығы** – зейіннің бір нысаннан басқаларына еріксіз орын ауыстыруы. Белгілі бір әрекетпен айналысып жатқан мезетте адамға бөгде тітіркендіргіштер әсер еткенде туады.

**Түрлері:**

• **сыртқы** (сыртқы тітіркендіргіштер әсерімен туады; бұл жағдайда ерікті зейін еріксізге айналады). Осыған байланысты сабақ

оқу уақытында: сыныпта да, үйде де балаларды негізгі жұмысынан алаңдататын заттар мен әсер ететіндерді болдырмау керек;

• *ішкі* (күшті күйзелістер, бөгде эмоциялар, адамның осы мезетте істеп отырған жұмысқа қызығуы мен жауапкершілік сезімі болмау әсерінен туады). Осындай жағымсыз жайларды болдырмау үшін оқушыны жұмыстан алаңдататын мынадай теріс күйзелістерден шектеу ұсынылады: қорқыныш, кек, жәбір, жеке басының қорлануы сезімі, т.б. Зейіннің алаңдаушылығымен күрестің маңызды шарты оқушылардың білімге деген қажырлы, терең қызығушылығын тәрбиелеу болып табылады.

**Зейінді басқа бағытқа аудару** — зейінді бір нысаннан басқаға мақсатты аудару. Зейінді саналы түрде аудару алаңдаушылықтан ерекшеленеді. Адам алаңдаса, зейіні тұрақтаған нысаннан еріксіз ауысады. Ол зейінді аударып, басқа бір нәрсемен шұғылдану немесе демалу мақсатын қояды. Біз жұмыс барысында жана міндеттер қою арқылы, зейінді бір нысаннан басқаға немесе оның бір жағынан басқа жағына аударамыз.

Нысандардың сипатына тәуелді. Шаршағанда және бір сарынды жұмыста пайдалы және қажетті.

**Зейінді дамыту** — білім сапасын арттыруға байланысты оқу орнының маңызды міндеті. Зейінді тәрбиелеудің негізгі шарттары:

1. Жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, жігер күшін жаттықтыру.
2. Оқу сабақтарын дәл (нақты) ұйымдас-тыру.
3. Оқушылардың белсенді, өзіндік және шығармашылық жұмыспен айналысуларына жағдай жасау.
4. Оқу материалына қызығушылығын дамыту.
5. Қоғамдық пайдалы еңбекке қатыстыру.
6. Ерікті зейінді жаттықтыру, байқампаздығын тәрбиелеу.
7. Ұжымның ұйымдасқан әрекетін, сынып-тың, топтың қоғамдық пікірін қалыптас-тыру.

8. Әрбір оқушы зейінінің жеке ерекше-ліктерін білу мен есепке алу.

**Зейін таралуы** — зейінді әжептәуір кеңіс-тікте орналастыру қабілеттілігі, әрекеттің бірнеше түрін қатар орындау немесе бір-неше әр түрлі әрекеттерді жасау.

**Зейіннің типтері** — адамдарды тұлғалық сипатына қарай зейінділік, зейінсіздік және тұрақсыздық дәрежесі бойынша катего-рияға бөлу.

**Зейіннің тұрақтылығы** — зейінді белгілі бір нысанда немесе бір әрекетте көп уақыт ұстап тұру.

Мынаған байланысты:

- жүйке процестерінің күшіне,
- нысанның қозғалғыш пен өзгергіш дә-режесіне,
- әрекет сипатына,
- жұмысқа қызығушылығына,
- қалыптасқан әдеттеріне, т.б.

Оқушылардың тұрақты ерікті зейінін ұстап тұру бірнеше шарттарға байланысты:

1. Осы әрекетті орындаудағы борыш пен міндеттерді, оның маңыздылығын, әрекет мақсатының жеке және қоғамдық мәнді-лігін саналы түсінуі.
2. Орындалатын әрекеттің нақты міндетін айқын түсінуі.
3. Жұмыстың үйреншікті жағдайы.
4. Жанама қызығушылықтардың пайда болуы.
5. Қызметке тиімді жағдайлар жасау, яғни теріс әрекет етуші бөтен тітіркендіргіштер-ді болдырмау.

**ЗЕРДЕЛЕУ, ОҚЫП БІЛУ** — 1) оқу арқы-лы ұғыну, оқу процесінде меңгеру; бола-шаққа бағытталған зерттеу жұмыстарын жүргізу; 2) *ғылыми* зерттеу, тану; *ғылыми зерделеу* — ғылыми болжамды негіздеп қол-дану, бұл ойластырылған есеп-қисап, ғы-лыми объективтілік; 3) бақылау барысын-да тану, түсіну.

**ЗЕРТТЕУ** — 1) ғылыми еңбек; 2) процес-тер мен құбылыстардың заңдылығы мен қызметін анықтауға бағытталған ғылыми зерттеу; танымдылық қызметтің арнайы

түрі ретінде ғылымға тән жаңа білім өндіру тәсілі.

**Түрлері:**

- **когорттық** — кейбір ортақ қасиеттеріне байланысты біріккен жеке адамдар тобын белгілі уақыт мерзімінде зерттеу;
- **лонгитюдті** — қандай да бір педагогикалық құбылысты терең зерттеп талдауға мүмкіндік беретін және осының негізінде нақты қорытынды шығаруға болатын оқу-тәрбие барысын ұзақ және жүйелі бақылау жүргізу;
- **пәнаралық** — нысанды зерделеу барысында әр түрлі ғылым әдістерін пайдалану мүмкін болатын зерттеу;
- **монографиялық** — жеке құбылысты, процесі, әлеуметтік топты, индивидті немесе басқа да әлеуметтік нысанды зерделеуге бағытталған зерттеу стратегиясы;
- **ғылыми** — қоғамдық маңызды, қайталанбайтын, ерекшелігі бар жаңа ғылыми өнім алуға бағытталған саналы әрекет; объективтілік, бейнеленулік, дәлелдік, дәлдігімен сипатталады; нәтижесі ұғымдар, заңдар және теориялар жүйесі түрінде белгілі болады. Оның өзара байланысты екі деңгейін айырады: эмпирикалық және теориялық;
- **панельдік** — зерттеу уақытының барлық кезеңдерінде таңдалған нысандардың өзгермеуімен ерекшеленетін зерттеу түрі; қандай да бір педагогикалық нысанды белгілі бір уақыт аралықтарында бірдей бағдарламамен және бірдей әдіспен зерделеу. Бір сұрақты бір адамға белгілі бір бірдей уақыт аралығында қайталап қою арқылы жауаптарды салыстырып талдауға мүмкіндік туады;
- **далалық** — негізгі материалды нысанда жинақтауды жүргізетін зерттеу;
- **мерзімі ұзартылған** — белгіленген нысан, тұлға, педагогикалық құбылысты ұзақ және жүйелі зерттеуді жоспарлайтын және соның негізінде зерттеліп жатқан нысанның одан әрі дамуын болжайтын зерттеу;
- **психология-педагогикалық** — психологиялық ғылым мәліметтерін ескере отырып

жаңа педагогикалық білімді зерделеу мен қалыптастыру процесі және нәтижесі;

- **социология-педагогикалық** — социология және педагогиканың біріккен күшімен қоғамдық өмірді зерттеу түрлерінің бірі;
  - **теориялық** — объективті болмыстың маңызды байланыстары мен заңдылықтарын жан-жақты танып білуге бағытталған педагогиканың ұғымдық-терминологиялық аппаратын жетілдіру және дамытуға бағытталған зерттеу;
  - **қайталау** — уақыт өтуіне байланысты қандай да бір бас жиынтықтың ішкі өзгерістерін зерттеу;
  - **эмпирикалық** — зерделенетін педагогикалық нысанға тікелей бағытталған (құбылыс, процесс) және бақылау мен эксперимент мәліметтеріне сүйенген зерттеу.
- ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ** — болмыстың зерделенетін бөлігі (эмпирикалық зерттеуде) немесе абстракция (теориялық зерттеуде); зерделеу жүргізілетін шектеріндегі сол ғылыми жұмыс саласының жеткілікті аймағы; зерттеушінің жан-жақты және терең зерттеуге тиісті нәрсесі.
- ЗЕРТТЕУ ТАПСЫРМАСЫ** — орындалу мерзімі жеткілікті дәрежеде дәлдікпен бекітілген, қарапайым түрде ұйымдастырылған зерттеушілік әрекеттерінің кешені. Тек белгілі бір зерттеу тақырыбы аясында ғана зерттеу тапсырмасының мағынасы болады.
- ЗЕРТТЕУДІ ӘДІСНАМАЛЫҚ ҚАМТА-МАСЫЗ ЕТУ** — зерттеу жұмысының жоспарлануына, өрістеуіне, орындалуына негіз болатын, зерттеу барысында әрқайсысы өз уақытында және өз орнында қолданылатын идеялар, ережелер, теориялар, принциптер, көзқарастар және әдістер.
- ЗЕРТТЕУДІҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ** — сұрақ-жауап және тәжірибе әдістерінің көмегімен алынған мәліметтерді өңдеуде, сол сияқты зерттелетін құбылыстар арасындағы сандық тәуелділікті белгілеуде қолданылатын әдіс.



Олар *тәжірибенің* нәтижесін бағалауға көмектеседі, қорытындылардың дәйектілігін арттырады, теориялық жалпылауға негіз қалайды. Педагогикада кең тараған математикалық әдістер — *тіркеу, белгілі бір тәртіпке келтіру (ранжирование), шкала-лау (бөлікке бөлу)*.

**ЗЕРТТЕУШІЛІК ЕПТІЛІК** — ғылыми ізденісті жоспарлау және жүзеге асыру, зерттеу бағдарламасын, негізгі арқауын, қисынын жасау, ғылыми әдістерді сұрыптау және тиімді пайдалану, тәжірибе-эксперимент жұмысын жоспарлау және жүзеге асыру, алынған нәтижені өңдеу, талдау және ғылыми мәтін түрінде рәсімдеу, қорытынды дайындау және оларды осы ғылым саласындағы ғалымдар мен мамандар қауымдастығының алдында қорғау.

**ЗЕРТТЕУШІНІҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ** — нысан және оны зерттеу әдістері туралы тұтас түсінік, әдіснамаға, технология және ғылыми-зерттеу тәжірибесіне қатысты көзқарас және сенім, пікір және бағалау жүйесі.

**ЗЕРТХАНА** — ғылыми, өндірістік-бақылау немесе оқу тәжірибелерін өткізу үшін арнайы жабдықталған орын.

**ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР** — студенттердің теориялық-әдіснамалық білімдері мен біліктерінің оқу-зерттеу сипатындағы әрекеттердің біртұтас процеске кіріктірілген оқу сабақтары.

«Зертхана» сөзінің мәні туындаған ғылыми және өмірлік міндеттерді шешуде ой және дене еңбегін қолданумен байланысты ежелде қалыптасқан түсінікті білдіреді.

«Практикум» сөзі де осы мағынаны береді және студенттерден қатан іс-әрекетті талап ететін оқу сабақтарын білдіреді.

Олардың рөлінің артуы сынақтың қазіргі формадағы шапшаң дамуы, нәтижесінде ЖОО-ның барлық дерлік түлектерінің зерттеу жұмыстарына даяр болуын талап етеді. Зертханалық жұмыстар нақты оқу мамандығына байланысты ерекше сипатымен дараланады.

Сол себепті бұл жағдайда жалпы педагогикалық ұсыныстан гөрі дербес әдістемелік ұсыныстар берген орынды.

Зертханалық жұмыстарда бірлесе атқарған топтық жұмыстар тиімді болып табылады. Оған нақты бағдар беру оқытушыдан жоғары дайындықты талап етеді.

Тәжірибелік сабақтарды жүргізуде студенттердің өзіндік жұмысын тереңдету, олардың ойлау қызметін белсендіру, тәжірибелік жұмыстың әдістерімен қаруландыру жағын ескерудің маңызы зор.

Тәжірибелік сабақтардың маңызды жағының бірі — жаттығулар. Жаттығудың негізі — мысалдар, ол дәрісте қарастырылған теория тұрғысынан талқыланады. Нақты білік, дағдының қалыптасуына басты көңіл аударылады, ол студенттердің дұрыс ойлау және сөйлеуінің алғышарты болып табылатын іс-әрекет мазмұнын — есеп шығару, графикалық жұмыстар, ғылыми ұғымдар мен түсініктерін нақтылауды анықтайды.

## И

**ИДЕЯЛАРДЫ ШОҒЫРЛАНДЫРУ** — педагогикалық ойларды қорға жинау процесі.

**ИНВЕНЦИЯ** — мүмкін шешімін түбегейлі қарастыру нәтижесінде сонынан инновация болып шығатын бастама, ұсыныс, ой, жоба.

**ИНДУКЦИЯ** — логикалық ой пайымдауда кездейсоқ, жеке оқиғадан ортақ қорытындыға, жеке фактілерден жалпылауға өту.

**ИНИЦИАЦИЯ** — адамның әлеуметтік мәртебесінің ауысуымен байланысты әрекеттер кешені (негізінен салттық).

Қандай да бір тұйық бірлестіктің мүшесі болған адам жана ерекше білімге, сондай-ақ функцияларға немесе өкілеттіктерге ие болады.

Тар мағынасында – алғашқы қауымдық мәдениетке тән жасөспірімді ересектердің әлеуметтік қауымдастығына толыққанды мүшелікке қабылдау, тұлғаның әлеуметтенуінің маңызды сатысы. Зор тәрбиелік мағынасы бар.

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКА (педагогикалық инноватика)** – педагогикалық қызметті жаңарту процесін, оның принциптері, заңдылықтары, әдістері мен құралдарын (педагогикалық жаңалықтар жасау, педагогикалық бірлестіктің оларды бағалауы және игеруі, пайдалану және тәжірибеде қолдануы туралы ілім) зерттеп танитын педагогикалық ғылым саласы.

Мемлекеттік инновациялық саясатты орындауға бағытталған.

**Инновациялық саясат** – ғылыми-техникалық жетістіктерді тиімді пайдалану жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық, ғылыми-техникалық, құқықтық ұйымдастыру және басқа шаралар жүйесі.

Мұндай шаралар әр түрлі даму деңгейіндегі әлеуметтік бағдарламалар, жәрдем ақша және мақсатты қаржы бөлу, салық жеңілдіктері, ғылыми парктер құру, инновациялық орталықтар, қажетті инфра-жүйелерді жасау арқылы іске асады.

Құрылымы:

• **педагогикалық аксиология** – 1) педагогикалық бірлестік пен педагогикалық жаңалықтарды, инновацияларды қабылдау, бағалау және игеруі туралы ғылыми білім (әлеуметтік-педагогикалық бірлестіктің жананы қабылдау туралы ілім); 2) құндылықтар туралы ілім, түрлі тарихи кезеңдердегі отандық және шетелдік білім беру саласындағы педагогикалық идеялардың, теориялардың және тұжырымдамалардың мазмұнын зерттеу (олардың қоғам мен тұлғаның қажеттіліктеріне сәйкестілігі, сәйкессіздігі тұрғысынан). Қазіргі кезеңде іс жүзінде маңызға ие болатын жаңа мақсаттарға жетудегі құндылықтар жүйесін жасайды;

• **педагогикалық неология** – педагогикалық теория мен тәжірибедегі жаңалықтар туралы ғылыми білім (білім беру жүйесі мен педагогикалық ғылымдағы жаңалықтарды жасау туралы ілім);

• **педагогикалық праксиология** – педагогикалық жаңалықтарды пайдалану және қолдану (енгізу) қызметі туралы ғылыми білім.

**Ұғымдық-терминологиялық аппарат** :

• **педагогикадағы жаңарту** – дәстүрлі, жалпыға танылған теория және білім тәжірибелерін түбірлі өзгертпей, ішінара, шағын өзгерту (оқу процесінде жаңа оқулықпен оқу құралын, жаңа оқу әдісін, жаңа техникалық құралдар қолдану және т.с.с.);

• **педагогикалық инновация** – педагогикалық қызметте жаңалық енгізу, оқу және тәрбие мазмұны мен ұйымдастыруын олардың тиімділігін арттыруға бағыттап өзгерту; 2) баланың жеке тұлға болып қалыптасу процесіне өзге мәдениет дәстүріндегі концепция білім беру процесіне өзге көзқараспен байланысты білім беру қызметі, немесе білім берудегі инновациялар, ол білім беру процесін айтарлықтай өзгертетін, жетілдіретін немесе жаңартатын білім саласындағы жаңалықты білдіреді:

– білім беруде, дидактикада, тәрбие жүйесінде;

– білім мазмұнында;

– білім беру, педагогикалық технологияларда;

– тұлғаның даму құралдары әдістері, түрлерінде, оқу және тәрбие жұмысын ұйымдастыруда;

– білім жүйесінде, оқу мекемелерін басқару технологияларында.

Мазмұнды педагогикалық инновациялар білім беретін жүйелердің түрлі аспектілерінде немесе толық жетілдіру стратегияларында көрінеді:

1) білім беру ұйымдарының даму және өздігінен даму тұжырымдамаларын жасау;

2) білім мазмұнын жаңарту;

3) жеке тұлға және ұжымның тәрбиесі мен дамуы, білім беру әдістемелері мен оқыту

технологияларын, тәсілі мен әдістерін жанарту немесе өңдеу;

4) жеке тұлға және ұжымның тәрбиесі мен дамуын, оқытуды ұйымдастыру түрлерін толық жетілдіру;

5) білім беру ұйымдарын басқару және өзін-өзі басқаруды толық жетілдіру;

• **инновациялық педагогикалық қызмет** — әлеуметтік-педагогикалық феномен, оның нормативті қызмет шектерінен шығатын шығармашылық әлеуетін көрсетеді.

Ұстаздың инновациялық қызмет деңгейі:

1) **бейімділік** деңгей педагогтің инновацияларға қатынасының тұрақты еместігінен (жеткілікті көңіл бөлмеу), білім жүйесінің және қажетті педагогикалық жағдайларда оларды қолдануға дайындығы болмауымен сипатталады. Технологиялық даярлық өз тәжірибесін қолдануымен байланысты болады.

Мұғалімнің кәсіптік-педагогикалық қызметі бұл кезде алдын ала игерілген схема, алгоритм бойынша жасалады. Ұстаздың шығармашылық белсенділігі көрінбейді, біліктілігін арттыру қажеттілігі әр түрлі курстар арқылы жүзеге асады. Жаналық тек қана әлеуметтік орта қысымы арқылы меңгеріледі. Осы деңгейде көбінесе өз тәжірибесінде жаналықтарды қолданудан бас тарту кездеседі;

2) **репродуктивті** деңгей — педагогикалық жаналықтарға көбірек көңіл бөлу, жанашыл-ұстаздармен байланысуға ұмтылу, педагогикалық қызметімен қанағаттанушылық байқалады. Шығармашылық белсенділігі айтарлықтай төмен және ұдайы еске түсіру қызметі шеңберінде көрінеді. Бірақ стандартты жағдайда жаңа шешімдер іздеу элементтері де пайда болады. Мұғалімдер өздігінен жетілу қажеттілігін ұғынады;

3) **эвристикалық** деңгейіне — жаналықтарды енгізу жолдары мен тәсілдерін ұғыну, мақсаттылық, тұрақтылық тән.

Технологиялық компонент құрылымында болып жатқан елеулі өзгерістер ұстаздың

жаңа тұжырымдама, технология, білім беру мазмұны субъектісі ретінде тұлғалық қалыптасуын көрсетеді. Мұғалім жеткілікті сенімді технологиялар бар болса да, педагогикалық шешімдердің жаңа тәсілдерін іздеуді және оны ашуды жалғастырады. Бұл деңгейдегі ұстаздар әрқашан жаңаға құмар, басқа топтармен қатынасу арқылы жаңа ақпарат алады;

4) **креативті** деңгейге ұстазға шығармашылық белсенділік, инновациялық қызметінің жоғары дәрежесі тән. Қызметтің жағымды эмоционалды бағыты белсенді қайта өзгеруге, жасампаз және өздігінен жасайтын жұмысқа ынталандырады. Ұстаздардың инновациялық қызметінде оқытуда өзіндік авторлық тәсілді құруын қамтамасыз ететін суырып айту, педагогикалық сезім (интуиция), шығармашылық қиял маңызды орынға ие болады;

• **педагогикалық жаңашылдық** — объективті және принципті жаңа педагогикалық тәжірибе алуда педагогикалық шығармашылықтың ең жоғары дәрежесінің көрінуі;

• **педагогикадағы жаңалық** — алғашқы рет жасалған педагогикалық жаңашылдық;

• **педагогикалық жаңалық** — ұстаздардың ғылыми және практикалық шығармашылық қорытындысы, озық тәжірибесі; педагогикалық жаналықтардың топтастырылуы:

— көріну **орны** (ғылымда немесе тәжірибеде);

— көріну **уақыты** (тарихи немесе қазіргі заман);

— **күту, болжау және жоспарлау** дәрежелері (күтілетін және күтпеген, жоспарланған және жоспарланбаған және т.б.);

— **енгізу** мүмкіншіліктері (дер кезінде және дер кезінде емес, енгізілуі салыстырмалы жеңіл және енгізілуі қиын);

— **педагогикалық білім салалары** (дидактикалық, тарихи-педагогикалық, мектеп басқару және т.б.);

— **жаңалық дәрежелері** (абсолютті және салыстырмалы);

— педагогикалық процестердің *түрлену дәрежелері* (түбірлі және жартылай өзгертулер енгізу);

— *педагогикалық жүйеге көзқарас* (жүйелі және жүйелі емес);

— *өзгешелігі* (өзіндік және шамалы өзіндік). Жаңашылдықты оларды жасау кезіндегі негізделген қасиеттерімен айырады. Бұл қасиеттерге мыналар жатады:

— өзгертін зат, яғни өзгертуге мүмкін болатын білім беру жүйесіндегі элемент;

— өзгертулердің тереңдігі (жаңашылдық кезіндегі өзгертулердің) радикалдык (түбегейлі) дәрежесі;

— өзгертулердің өлшемі;

— жаңашылдықтың ресурссыйымдылығы;

— өңделгендік деңгейі;

• *педагогикалық жаңартулар (маңызды енгізілім)* — жаңа тұрақты элементтер енгізу салдарынан жүйенің бір күйден екіншісіне ауысуына бағытталған мақсатты өзгеріс, яғни педагогикалық жаңалық енгізу процесі;

• *білім беру жүйесіндегі жаңартулар* — жаңашылдық сипаты бар білім беру жүйесінің тұтастай, бөлімдері мен бөліктерінің сипаттамаларын жақсартатын, оның ішкі ортасына және құрылымына саналы ұсынылатын және мақсатты нақты өзгертетін жаңа, салыстырмалы тұрақты элементтер мен қатынастарды енгізу.

Басқарушылық тұрғыдан анағұрлым маңызды жаңартуларға әрекет түрлеріне, қолдану нысанына, енгізілетін өзгертулердің сипаттарына, қолдану аясының өлшеміне және жаңашылдықтың шығу көзіне байланысты жаңартулар жатады.

**Типологиясы (жіктеуі) :**

• жанартудың оқу-тәрбие процесінің кандай да бір аспектісіне қатысуына байланысты келесі топтарға бөлінеді:

— білім мазмұнындағы;

— педагогикалық процестің құралдары, әдістемелері, технологиялары, түрлері, әдістері, тәсілдеріндегі;

— білім беру процесін ұйымдастырудағы;

— мектеп басқару жүйесіндегі.

Осы топтау шеңберінде жаңартуларды енгізу ауқымы бойынша түрлерге бөлінеді:

• жеке (жергілікті, шағын), өзара байланыста емес;

• модульді (жекелер жинағы, өзара байланыста болатын, мысалы, бір топтағы заттар, бір жастағы оқушылар және б.);

• жүйелі (оқу мекемесінің барлық жағын қамтыған).

**Инновациялық әлеуеті бойынша:**

• *модификациялық инновация* — ұқсас немесе түпнұсқасы бар бағдарламаларды, әдістемелерді, құрылымдарды, алгоритмдерді, талдауларды және т.с.с. жетілдіру, тиімділігін арттыру, түрін өзгерту, жаңартумен байланысты инновация. Олар жаңартылатын құралдың технологиялық және жеке жақтарын өзгертуге бағытталған;

• *қиыстыру инновациясы* — бұрыннан белгілі әдістемелер элементтерінің, тап осы үйлестіруде бұрын қолданылмаған, конструктивті жаңа қиыстыруы;

• *тиімді (радикалды) инновация* — мектеп дамуында түбірлі өзгертулерді көздейтін жаңарту.

**Өзіне дейінгіге қарағанда:**

• нақты ескірген амал-тәсілдің орнына енгізілетін, *орнын басатын жаңарту*;

• *жоққа шығаратын жаңарту* — жаңалығы жою, алып тастау, тоқтау болып табылады;

• *ашылатын жаңарту* — жаңа бағдарламаны, білім берудің жаңа түрін, жаңа технологияны және т.б. енгізу.

Бұл жаңарту өзіне дейінгілермен қызмет әрекеті, мақсаты, пайдалану тәсілі, педагогикалық ситуациясы бойынша да салыстыруға келмейтін немесе мүлде болмаған жағдайды сипаттайды;

• *ретроенгізілім* — дәл қазіргі кезде мектеп үшін жаңа болып игерілген, бірақ бұрын білім беру тәжірибесінде қолданылған енгізілім.

**Орта аспектісі:**

• *инновациялық жағдай* — елдегі және дүниежүзілік білім беру тәжірибесіндегі

инновациялық процестердің басқаруды қайта құруға он немесе теріс ықпал ететін білім беру ұйымындағы маңызды жанартулар жиынтығы;

• **инновациялық алаң** — инновациялық процестер жүзеге асатын білім беру кеңістігі (мектепке дейінге мекемелер, мектеп, кәсіби мектептер, колледж, жоғары оқу орны және т.б.);

• **инновациялық орта** — инновациялық процестер өтетін орта (педагогикалық жаңалықтар пайда болатын орта, оларды жылдам игеру және тәжірибеде қолдану);

• **инновациялық ситуация** — педагогикалық жаңалықтарды жасау, игеру және қолдануын қамтамасыз ететін жағдай;

• **инновациялық білім беру ұйымы** — қызметінде келесі белгілер байқалатын білім беру ұйымдары (мектеп, мектепке дейінгі немесе мектептен тыс мекеме, кәсіби мектеп (лицей), колледж, жоғары оқу орны, кадрларды даярлау және қайта даярлау орталығы және б.):

а) оқушының (тәрбиеленуші, студент) өмірін ұйымдастыру үлгісі бұқаралық тәжірибедегідей емес, басқа үлгіде жасалады және іске асады;

ә) өзін-өзі реттеу, өз бетімен білім алу, өзін-өзі анықтау, өзіндік сана мен *дағдыны игеруімен ерекшеленетін* білім мазмұны түбегейлі өзгеше жасалады;

б) өз еңбегінің мазмұны мен нәтижесі үшін мұғалімнің жеке жауапкершілігі, оның тұлға ретінде шығармашылық белгілерін дамытуға бағытталған ұстаз еңбегінің басқа мазмұнын іздеу жүргізіледі, жұмыстың жаңа құралдары және тәсілдері сыналады (апробациялау);

• **инновациялы-білім беру консорциумы** — өндіріс саласында жұмыс істейтін заңды тұлғалар, жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелер арасында жоғары білікті мамандар даярлауға іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер және технологиялық инновациялар базасында интеллектуалды, қаражаттық және басқа қорларын біріктіру ар-

қылы бірге қызмет ету туралы келісімшарт негізінде ерікті тең құқықтық бірлестік;

• **инновациялық педагогикалық ұйым** — технологиялық айқындық аспектісі;

• **инновациялық процесс субъектілері** — мектепті (жоғары оқу орнын) жанарту процесіне қатысатын ұйымдар, адамдар, мекемелер.

**Тұлғалық-әрекеттік аспекті:**

• **ұстаз - инноватор** — инновациялық процесті жүзеге асыратын ұстаз (педагогикалық ұжым — ұжымдық инноватор), яғни жаңаны жасау, оны игеру және қолдану; ұстаз — жанартушы, ұстаз — зерттеуші;

• **жаңашыл-ұстаз** — шебер-ұстаз қызметінде педагогикалық процестің тиімділігін анағұрлым арттыратын жаңа түрлер, әдістер немесе құралдарды байытумен сипатталатын педагогикалық шеберлік сатыларының бірі;

• **инновациялық отбасы** — инновациялық тәртіпте өмір сүретін ұжым, организм, қоғамдық білім беру;

• **инновациялық мәдениет** — адамның өмір сүруінің барлық саласындағы жаңашылдықты қолдау мен жүзеге асыруға дайындығы мен қабілеттігін, жаңа идеяларға сезімталдығын қамтамасыз ететін және іс-әрекетінің барлық жағынан көрінуімен, білімімен, білігімен, дағдысымен, ішкі қажеттілігімен бекітілген, оның құндылық бағыттылығын айқындайтын адамның рухани өмірінің аймағы;

• **инновациялық аспектідегі ақпараттық мәдениет** — сырттай берілген ақпаратты өзінің жанартушы қызметі құралына айналдыратын, жаңалықты игеру барысында ақпараттық ортамен нәтижелі, тиімді, этикалы өлшенген әрекеттестігін қамтамасыз ететін адамның кәсіби маңызды сапасы;

• **инновациялық ойлау** — адамның қажеттілігі мен мүддесіне жаңаның сәйкестік немесе сәйкессіздігін ұғыну негізінде қоғам қатынастарында пайда болған қайшылықтарды түсіну, оларды шығармашылықпен шешудегі танымның ең жоғары сатысы;

• **инновациялық-модельдеу қызметі** — оқушыларды педагогикалық мамандыққа оқытуға сұрыптау мақсатымен жалпы білімдік, мәдени және әлеуметтік мәнді сапасы мен қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған жаңа педагогикалық ойлау;

• **инновациялық әлеует** — педагогикалық жаналықтарды қарқынды қабылдау мен шығармашылыққа қажетті рухани мәдениет.

**Ұйымдық - технологиялық аспекті:**

• **инновациялық ниет** — мүмкін тұтынушылардың қажеттіліктерін талдау, ғылыми-техникалық процесті болжау, салалардың даму тенденциялары, ел ішіндегі және шет елдегі ғылыми-зерттеу базалары, басқа да өндірушілердің даму тенденциялары, пакеттер, лицензиялар, т.б. туралы алынған жүйеге келтірілген мағлұмат;

• **инновациялық жоба** — қабылданған және нақтыланған инновациялық ниет;

• **инновациялық көзқарас** — дәстүрлі міндеттерді шешудегі шығармашылық-жанартушылық көзқарас;

• **инновациялық жоспар** — бекітілген инновациялық жоба;

• **инновациялық оқыту** — мұғалім мен оқушылардың қызметінің ұйымдастырылуы мен сипатының демократиялық негізде дамуын жорамалдайтын, дәстүрлі, нормативті оқытуға баламалы ерекше білім менгеру үлгісі;

• **инновациялық оқыту түрі** — құндылықтарды тұрақты қайта бағалау негізінде күн ілгері сезу қабілеттілігін, жаңа жағдайда бірлескен әрекеттерге түсу қабілеттілігін, оқытудың болашаққа ашықтығын, оқу субъектілерінің кең қатысуын, келешек өзгертулерді сезіп білуін ұйымдастыру.

Оқытуға инновациялық көзқарас:

1) оқытудың дәстүрлі репродуктивті бағыты шеңберінде кепілді нәтижелерге қол жеткізілуіне бағытталған *оқу процесін жетілдіруші инновациялар* (жанарту инновациялары). Олардың негізіндегі оқытуға технологиялық көзқарас ең алдымен оқушыларға білімді баяндау және әрекет

тәсілдерін үлгі бойынша қалыптастыру, аса тиімді репродуктивті оқытуға бағытталған; 2) *дәстүрлі оқу процесін* оқу-танымдық ізденіс қызметін ұйымдастыруға, оқу процесінің зерттеушілік сипатын қамтамасыз етуге бағытталған *қайта өзгертуші (жаңарту) инновациялар*. Оқытудағы ізденіс тәсілі ең алдымен оқушылардың жаңа білімді өздігінен менгеру тәжірибесін қалыптастыруға, оларды өзге жағдайда қолдануға, шығармашылық қызмет тәжірибесін жаңа құндылық бағыттарды қалыптастыруымен үйлесімді байытуға бағытталған;

• **инновациялық технология** — оның дамуын басқарудың ұйымдасқан белсенді процесі;

• **білім берудің инновациялық технологиясы** — бірыңғай мақсатпен біріккен және оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық технологияларды қамтыған, оқыту, тәрбиелеу және басқару түрлерінің, әдістері мен оқу құралдарының жиынтығы;

• **оқытудың инновациялық технологиялары** — нәтижесінде оқушылардың оқу процесіне деген ішкі себептің он қатынасы анағұрлым жақсаратын, тұлғалық бағытталған, кіріктірілген, ұжымдық іс-әрекеттік, ақпараттық, қашықтықтық, дамытушылық, модульді-дамытушылық және т.б. технологиялар жетекші орын алатын мұғалімнің оқушымен қарым-қатыстағы іс-әрекетті таңдауы;

• **тәрбиелеудің инновациялық технологиялары** — жалпыадамдық құндылықтар аясында тәрбиеленушінің жеке құндылықтарын қалыптастыру мақсатында оның санасезіміне ұстаздың көркемдік құралдары және тәсілдері арқылы ықпалы (оқушылардың қоғам өмірінің ережелерін менгеру; оқу-тәрбие процесінің ұлттық бағыттылығы; тәрбиеленушілердің рухани дамуы және т.б.);

• **басқарудың инновациялық технологиялары** — жетекшінің басқару ісінде шапшаң және тиімді шешім қабылдауына жағдай жасайтын қазіргі экономикалық, психоло-

гиялық, диагностикалық, ақпараттық технологиялар.

Басқарудың инновациялық технологияларын жүзеге асыруда оқу мекемесінің жетекшісі басқарушылық қызметке икемді, инновациялық педагогика теориясы, білім беру менеджменті, синергетика және т. б. саладан кәсіби хабардар шығармашылық тұлға болуы керек;

• **оқытудың инновациялық түрлері** — оқу жұмыстарының оқушылардың қызметін ұйымдастырудың дәстүрлі емес түрлерін жүргізу;

• **педагогика мен білім берудегі инновациялық процесс** — 1) педагогикада — педагогикалық жаналықтардың динамикалық бірлігі, оларды педагогикалық қауымдастықтың ғылыми негізде игеруі және оқу тәжірибесі мен тәрбиеде нәтижелі қолдануы; 2) білім беруде — жаңашылдықты жасау (кұру, талдау), игеру, қолдану және таратудағы кешенді қызмет; педагогикалық жаңашылдықты жасау процесі, оларды педагогикалық қауымдастықтың игеруі және бағалауы, тәжірибеге қолдануы және енгізуі. Инновациялық процесс идеялардың пайда болуынан тәжірибеде қолдануға дейінгі кезенді қамтиды; ол — жаңалықты жасау, тарату және қолдану процесі. Оның құрылымы инновациялық қызметтің ішкі пәндік логикасымен анықталады. Педагогикалық тәжірибе инновацияны қолданудың негізгі екі түрі бар екенін көрсетеді: қарапайым және кеңейтілген.

Ереже бойынша инновациялық процесс келесі сатылардан өтеді:

- 1) жаналықтың пайда болу алғышарттары (жаңа қажеттіліктер, ойлар, ғылыми ашылулар);
- 2) жаналықты жасау;
- 3) жаналықты пайдаланушылар арасында тарату, қолдану;
- 4) жаналық ашу әдістерін тарату (технологияны тираждау);
- 5) кеңейту арқылы оған мұқтаждықты қанағаттандыру.

**Инновациялық процестің құрылымдары:**

• **іс-әрекеттік (қызметтік) құрылым** — келесі компоненттер жиынтығын білдіреді: себептері — мақсаты — міндеттері — мазмұны — түрлері — әдістері — нәтижелері. Барлық аталған компоненттер белгілі бір материалдық, қаражаттық, гигиеналық, адамгершілік-психологиялық, мерзімдік және басқа шарттарда іске асады, олар құрылымға кірмейді, бірақ оларды ескермесе инновациялық процесс тежеледі немесе нәтижесіз болады;

• **субъектілі құрылым** — инновациялық процестің әр кезеңдеріндегі барлық қатысушылардың функционалдық және рөлдік арақатынасы ескеріліп, мектеп дамуындағы барлық субъектілердің инновациялық қызметінен тұрады;

• **деңгейлік құрылым** — субъектілердің халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық (қалалық) және мектеп деңгейлеріндегі өзара байланысқан инновациялық қызметін көрсетеді. Сонымен бірге нақты бір мектептің даму процесін басқаруды кемі бес деңгейде қарау талап етіледі: жеке, кіші топтардың деңгейінде, мектеп деңгейінде, аудан (қала) және облыс деңгейлерінде;

• **мазмұнды құрылым** — мектепті басқару, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, тәрбиеде, оқытуда және т.б. жаналықтарды ашу, өңдеу және игеруді қамтиды. Өз кезегінде құрылымның әрбір компонентінің өзінің күрделі құрылымы болады (мысалы, оқытудағы инновациялық процесте мақсаттары, шарттары, мазмұны, ұйымдық түрлері, әдістері, тәсілдері, құралдарындағы және т.б. жаналықтардың енгізілуін қарастыруы мүмкін);

**өмірлік циклінің құрылымы**, яғни инновациялық процестің циклді сипаты бойынша әрбір жаңа енгізілім келесі кезеңдерден өтеді: *пайда болу* (старт) → *жылдам өсу* (оппоненттер → ескішілдер, консерваторлар → кертартпалар, скептиктермен қарсы күресте) → *кемелдену* → *игеру* →

*диффузия* (бұрын игерілген және қолданылған инновацияны жаңа жағдайда немесе жаңа орындарда енгізу, тарату) → толық *қанықтық* (көптеген адамдар меңгерген, оқу-тәрбие және басқару процестерінің барлық буындарына, учаскелеріне, бөлімдеріне енгізілен) → *рутинизация* (жаңалықты ұзақ қолдану нәтижесінде ол көптеген адамдар үшін әдеттегі құбылыс, норма болып қалады) → *иррадиация* (жаңа енгізілімді жетілдіру) → *дағдарыс* (жаңалықты жаңа салада қолдану мүмкіншіліктерінің тамамдалуы) → *финиш* (ол өзінің жаналық болуын тоқтатады, басқа тиімдірек нәтижемен ауыстырылады, немесе жалпы нәтижелі жүйемен сіңіріледі);

• **инновацияның генезистік құрылымы:** пайдалану — ойларды өңдеу — жобалау — даярлау — басқа адамдардың қолдануы;

— **басқарушы құрылым** — басқару әрекеттерінің төрт түрінің әрекеттестігін жобалайды: *жоспарлау* — *ұйымдастыру* (өздігінен ұйымдасу) — *басшылық* (өздігінен реттелуін) — *бақылау* (өздік бақылау). Осы құрылымның бірнеше кезеңнен тұратын бір түрі тиімділігі төмен ұйымдық құрылымы кездеседі: *диагностикалық* — *болжаушылық* — *нақты ұйымдастырушылық* — *тәжірибелік* — *жалпылаушы* — *енгізушілік*;

• **инновациялау** — жаналық игеру процесі. **Басқару аспектісі:**

— **инновациялық менеджмент** — 1) педагогикалық инновациялар енгізу жағдайында білім беру ұйымдарына басшылық ету және оны басқару; 2) «менеджмент» мамандығы бойынша жоғары білікті мамандар дайындау бағдарламасына енетін менеджмент курстарының бірі, онда келесі негізгі сұрақтар қарастырылады: инновацияның маңызы және бағыттары, олардың *ғылыми-техникалық прогреспен* байланысы; маркетингтік зерттеу нәтижелерін қолдану әдісі; ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру; инвестиция көздері, оларды талдау және экономикалық негіздеу;

• **білім беру ұйымдарын инновациялық болжамды сипатта басқару** — басқару цикліне білім беру жүйесінің даму болашақтарын анықтайтын және оны түбегейлі жанартуға бағытталған өзгертулер енгізуі:

— проблемалық жағдайдың диагностикасы мен проблемалық аяларды анықтау,  
— өзгерту мен жобалау тұжырымдамасын құру,

— іс-әрекет бағдарламасын жасау,

— модельдеу мен модельді түзету,

— оның бейімделуі және нәтижелерді көбейтіп тарату;

• **инновациялық тосқауыл** — инновацияны іске асыру кезінде пайда болатын қиындық.

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ** — инновациялық қызметтің толық циклін, іргелі және ізденуші зерттеулерін, қолданбалы зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жасалымдарды жүргізуді және өндіріске ғылыми-зерттеулер нәтижелерін енгізуді іске асыруға қабілетті ғылыми білім беру кешені.

Басты міндеті инновациялық технологиялар мен басқару принциптері негізіндегі ғылыми және білім беру қызметі болатын кәсіпкерлік түріндегі жоғары оқу орны.

Негізгі бағытталған нарықтары: мамандар дайындау және білім беру қызметінің нарығы, интеллектуалды еңбек және ғылым-сыйымды өнім, ғылыми қызмет ету мен консалтингтік қызмет көрсету нарығы.

Айырмашылық ерекшеліктері:

• пәнаралық, проблемалық және жобалық бағытталған технологияларды пайдалану арқылы инновациялық білім берудің дамуы;

• ғылыми мектеп негізінде тандаулы мамандар дайындау жүйесін жасау;

• жоғары оқу орнында ғылыми, білім беру және инновациялық қызметтің бірігуі;

• дискрециялы көп арналы (өз қалауымен қалыптасатын) қаржыландыру базасын құру;

• жоғары оқу орнының сыртқы отандық және шетелдік өзекті ортамен әрекеттестік инфрақұрылымын дамыту;



- жоғары оқу орнында бірлескен мәдениет және ішкі бөсекелі ортаны қалыптастыру;
- жаңа мақсаттарға сәйкес ұйымдастыру құрылымын және басқару мен өзін-өзі басқару әдістерін жасау.

Инновациялар жоғары оқу орны қызметінің барлық салаларына тән болуы тиіс.

**Құрылымдық ұйымдастырудағы инновациялар** — жоғары оқу орнының барлық деңгейдегі әкімшілік ұйымдар қызметінің нәтижесі ретінде оның базасында жоғары оқу орнының инновациялық кешенін, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің және технологиялық трансферттің нәтижелерін коммерциялау құрылымдарын қалыптастырумен байланысты.

Бұл қызметтің бағыты:

- жоғары оқу орнында экономиканың нақты секторының жоғары технологиялық бағытындағы келешекке (перспектива) бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізу және мамандар дайындауын қамтамасыз ететін жаңа мамандықтар, кафедралар және ғылыми бөлімдер құру;
- технологиялық парктерді, шағын технологиялық бизнестің инкубаторларын, сертификациялау мен сапаны басқару орталықтарын, лизингті, интеллектуалды меншікті қорғау және бағалау орталықтарын, маркетинг және жарнама, көрме орталықтарын, технологиялық трансферт орталықтарын, инжиниринг және оқу-консалтинг орталықтарын, кәсіпкерлік-жоспарлау және сараптама орталықтарын, дизайн орталықтарын, ҒЗИ, ғылыми-білім беру орталықтарын және басқа ғылыми және инновациялық құрылымдарды, тәжірибелі өндірістерді, университет немесе олармен біріккен қауымдастықтар құрылымына кіретін жаңа пайда әкелетін сервис қызметтерін одан әрі дамыту;
- университеттің негізгі басқарушы оқу және ғылыми құрылымдық бөлімшелерін, соның ішінде кадрларды басқаруды, оқу-әдістемелік басқару мен ғылыми зерттеулерді басқаруды, оларды қазіргі басқару

әдістері мен бірыңғай ақпараттық орталықтағы ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жұмыс істеуін жетілдіру.

Инновациялық университеттің жүйелі-құрылымды нұсқасы өзімен байланысқан және өзара толықтыратын ЖОО ішіндегі құрылыс бөлімшелерінің оқу, ғылыми, инновациялық кешендер жиынтығын білдіреді, сондай-ақ ЖОО үйлестіретін дербес, ассоциативті немесе кешенді келісімшарттар арқылы олармен байланысты ғылымизерттеу, жобалы-конструкторлық, тәжірибелі - өндіріс, қаражаттық, шағын және орта инновациялық өндіріс, сервисті кәсіпорындар мен мекемелер, басқа ұйымдар, агенттіктер және қорлар кіреді, олар кешенді, өзара байланысқан, өзара түсініскен және инновацияларды бір уақытта жүзеге асыру процесін және университеттің барлық саласында өңдеу, жасау, модификациялау, өндіріс, өнім немесе инновациялық өнімдер трансфертіне арналған инновациялық қызметтің дамуын қамтамасыз етеді және өкімет құрылымдарымен, өнеркәсіпорнымен, кәсіпкерлікпен әрекеттестікті үйлестіреді.

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы инновациялар** — жаңа білім беретін курстар (интегралдаушы, пәнаралықтағы), мамандықтар, дайындау бағыттары, кәсіптік қайта даярлау, мамандардың біліктілігін арттыру, білім беру қызметінің нарығына қажетті білім берудің жаңа технологиялары және мамандар даярлау түріндегі профессор-оқытушы құрамының жұмыс нәтижесі.

**Ақпараттық саладағы инновациялар** — білім беру процесін, ғылыми зерттеулерді, білім беру, ғылыми, инновациялық қорларды ұжымдық қолдану шеңберіндегі инновациялық қызметті әрі оларға қол жеткізу формаларының әртүрлілігін (ашық, корпоративті, жасырын) кешенді ақпараттық-әдістемелік қолдауды, жеткізілген ақпараттар сапасын, жоғары оқу орындарын басқару жүйесін, ақпараттық қорларды қорғау-

ға қажетті шараларды тұрақты мониторинг жүргізуді іске асыратын инновациялар.

Инновациялық университетте ғылыми қызмет жана білімдерді игеруге бағытталған болуы тиіс; білім алатын бағыт — білімді білікті жоғары мамандарды дайындауға арналған оқу процесіне қолдану, ал инновациялық — білімдердің коммерциялауын, яғни жаңа білімдерді ғылым және білім саласында қолдану.

ЖОО-да инновациялық менеджменттің өте маңызды шартына іргелі және қолданбалы зерттеулер кезеңінде қол жеткен жана ғылыми нәтижелер, сынақ-конструкторлық жұмыс, олардың инновациялық әлеуетін бағалау және нарық бөлігіне маркетингті зерттеу жұмысын жүргізу жатады.

**Ғылыми-техникалық инновациялар** — ЖОО ғалымдарының, профессор-оқытушы құрамының, студенттерінің, аспиранттарының, докторанттарының жаңа білім, жана техника үлгісі, технологиясы, материалдары, бұйымдары және нарық талабына сәйкес ғылыми-техникалық қызмет көрсету, консалтингтік қызмет түріндегі инновациялық іс-әрекеттері.

**Қаражат-экономика саласындағы инновациялар** — ең алдымен көп арналы дискреционды қаржыландыру жүйесін құру, оның мемлекет жағынан қаржыландыру тәуелділігін әлсіретуін қамтамасыз ететін, университеттің ірі масштабты бюджеттен тыс қызметімен байланысты әкімшілік және барлық ұжымының инновациялық қызметінің нәтижесі.

**ИНСАЙТ (НҮРҒА БӨЛЕНУ)** — құбылыстардың, жағдаяттардың (тұтастай алғанда) мәнін кенеттен, логикалық қорытындылаусыз түсіну.

Педагогикалық шығармашылықтың және кез келген шығармашылық процестің бір элементі болып табылады.

**ИНСТРУМЕНТАРИЙ** — әр түрлі құжаттар — нұсқаулықтар, сұрақ қағазы, сауалнамалар, тест мәтіні және оларды толтыруға арналған бланкілер түріндегі тексеру-

дін әдістемелік және техникалық тәсілдер жүйесі.

**ИНТЕЛЛЕКТ (ОЙ ӨРЕСІ)** — 1) индивидтің ақыл-ой қабілеттіліктерінің салыстырмалы тұрақты құрылымы; 2) ойлауға тиімді танымдық қабілеттілік.

**ИНТЕЛЛЕКТ (ОЙ ӨРЕСІ) ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ ЕНЖАРЛЫҒЫ** — негізінде қабылдау ерекшеліктерімен байланысты ой өресі қызметінің төмендеген деңгейі. Интеллектуалды іскерліктердің жеткіліксіз қалыптасуынан, ойлау ынта-жігеріне теріс көзқарастың болуынан, ой өресін қажет ететін есептерді орындау кезінде айналып өтетін жол іздеуден көрінеді.

**ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ** — оқушының игеруі тиіс аймағы болып табылатын оқу ортасымен, танымдық ортасы өзара әрекеттесуі негізінде құрылған оқыту.

Оқушылар оқу процесінің толыққанды қатысушысы болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі көзі болып табылады. Мұғалім білімді дайын күйінде бермейді, бірақ қатысушыларды өз бетінше ізденуге қозғау салады. Дәстүрлі оқытумен салыстырғанда интерактивті оқытуда мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесу сипаты өзгереді: мұғалім белсенділігі оқушының белсенділігіне жол береді, ал мұғалімнің міндеті олардың ынталануына жағдай жасау. Мұғалім білімдік ақпараттарды бойынан өткізетін сүзгілік қызметінен бас тартады, оның орнына ақпарат көздерінің бірі ретінде жұмыстағы көмекші қызметін атқарады.

Ересектерді қарқынды оқытуда кенінен пайдаланылады (мысалы, корпоративті тренингте).

**ИНТЕРНАТТЫҚ ҰЙЫМДАР** — азаматтардың белгілі категорияларының білім алу құқығына мемлекеттік кепілдігін тұрғын орын беруімен қамтамасыз ететін орта білім беру жүйесінің ұйымдары.

**ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМ** — мүдде мен мақсат бірлігіне негізделген халықтардың достығы және ынтымақтастығы.

**ИНТЕРПОЛЯЦИЯ** – негізгі мәтінге авторға тиесілі емес сөздер мен сөйлемдерді өз бетінше қосу.

**ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ** – алынған ақпараттың жеке бөлімдерін, оларды баяндау ретіне қарай менгеру мен есте сақтаудың төмендеуі. Бұл құбылысты мұғалім, әсіресе блок түріндегі оқытуда оқу материалын сұрыптау және беру барысында ескеру қажет.

**ИНТУИЦИЯ (СЕЗУ)** – шындыққа дәлелдеу жолымен негіздемей-ақ оны тікелей көру арқылы жету қабілеті; сезімталдық, зерттелетін педагогикалық нысанның табиғатын нәзік түсіну, нысанды және оны зерттеу жағдайларын тұтастай қамту, сонымен бірге оны зерттеудің тиімді жолдары мен әдістерінің неғұрлым дұрысын ойланбай анықтау, зерттелушінің терең мәніне бойлап ену.

Шабыттану, рухани көрегендік, сырды ашып берушілік күйлеріне жақын, және адам психикасының сана асты қабатынан бастау алады.

**ИНФОРМАНТ** – зерттеушінің қойған сұрағына жауап беру арқылы қандай да бір ақпарат беретін адам.

**ИНФОСФЕРА** (П.Ершов енгізген түсінік) – ақпаратты сақтау, өңдеу және тасымалдаудың электрондық құралдарының, олардың бағдарламалық қамтамасыз етілуімен және оларды жасақтаушы, пайдаланушы құрам мен ұйымдарды қоса алғандағы ғаламдық инфрақұрылым.

# К

**КАРТОГРАММА** – штрих сызықтардың (пішіндері мен қоюлығы әр түрлі) немесе бояудың (түрліше интенсивтігі) көмегімен жекелеген аймақтар бойынша қандай да

бір көрсеткіштің орташа шамасы көрсетілген карта.

**КАРТотека** – белгілі бір мәліметтер, материалдар жүйеленген карточкалар жинағы.

**ЕСІМНАМАЛАРДЫҢ КАРТотекасы** – дербес айдарларда жинақталған, жеке тұлғалардың өмірі мен іс-әрекетіне, олардың шығармалары мен олар туралы шығармаларға байланысты материалдардың кітапхана қорында бар-жоқтығына тәуелсіз библиографиялық картотекасы.

**КАТАЛОГ (ТІЗІМДЕМЕ)** – кітапхана қорына, сол сияқты оның жеке бөлімдеріне, немесе басылымның белгілі түрлерінің жүйелі тізімі:

- **әліпбилік** – баспа туындылары сипаттамаларының мазмұнына байланыссыз, оның авторларының тегі мен мекеме атауы, сол сияқты үш немесе одан көп авторлардың шығармаларының аты немесе авторы көрсетілмеген шығармалардың әліпбилік ретте орналасқан каталогы;

**кітапханалық** – кітапханада бар кітаптар, брошюралар және басқа да баспа өнімдерінің тізімі.

**КАТЕГОРИЯ** – жалпы іргелі ғылыми түсінік, шынайылықтың жалпылама және әлеуметтік тәжірибе нәтижесінде танылған ортақ қасиетін көрсететін құбылыс, яғни мазмұны жағынан бірдей, күрделілігі әр түрлі түсініктердің иерархиялы қатары; педагогикада – педагогикалық шынайылықтың жалпыға ортақ қасиеті мен қарымқатынастарының неғұрлым ортақ және іргелі түсінігі; педагогикалық шынайылықты танудың түйінді сәті.

**КАФЕДРА** – бір немесе бірнеше ұқсас мамандықтар, пәндер бойынша оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын, білім алушылар арасында тәрбие жұмысын, сол сияқты ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және олардың біліктілігін көтеру жұмысын жүргізетін жоғары оқу орнының (факультет немесе институт) негізгі оқу-ғылыми құрылымдық бөлімшесі.

**КӘСІБИ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ** – студенттерде олардың болашақ кәсіби қызметі үшін маңызды тұлғалық сапасын қалыптастыруға, сондай-ақ таңдаған мамандығы бойынша функционалдық міндетін орындауды қамтамасыз етуші білім, дағды мен білігіне оң әсер ететін оқыту процесін ұйымдастыру.

**КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚТЫ БАҒАЛАУ** – техникалық және кәсіби, ортадан кейінгі білімнің кәсіби оқу бағдарламаларын іске асырушы білім беру ұйымдары оқушыларының кәсіби дайындығы деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының белгіленген талаптарына сәйкестік дәрежесін анықтау.

**КӘСІБИ ДАМУ** – 1) кәсіби маңызды жеке қасиеті мен қабілетінің және кәсіби білімі мен біліктілігінің өсуі, қалыптасуы, өзінің ішкі дүниесін принципті түрде жаңадан құруға және өміршендікке – кәсіпте шығармашылықпен өзін-өзі іске асыруда белсенді қайта құру;

2) тұлғаның кәсіби еңбектің субъектісі ретіндегі даму және кәсіби алғашқы өзін-өзі анықтау процесі; кәсіптік-техникалық білім беру нәтижесі.

Кәсіптік білім беру мен тәрбиелеу психологиясының негізгі нысаны; кәсіби өзіндік анықтаумен байланысты.

**КӘСІБИ ӨЗІНДІК АНЫҚТАУ** – тұлғаның кәсіби қызметке өзінің қатынасын анықтау процесі, оны тұлғалық және әлеуметтік-кәсіби қажеттіліктерінің үйлесімдігі тұрғысынан іске асыру тәсілі; қоғамдағы қалыптасқан кәсібиліктің көрсеткіштерімен салыстырып өзін бағалау.

**КӘСІБИ ӨСУ** – маман ретінде біліктілік сатысы мен қызметтік саты баспалдағы бойынша қызметкердің алға жылжуы және сонымен байланысты әлеуметтік мәртебесінің өзгеруі – еңбек акысының өсуі, еңбектің анағұрлым мазмұнды түріне ауысуы.

**КӘСІБИ ӨСУ КУРСЫ** – білім алушыны жоғары кәсіби біліктілікті талап ететін

жұмыс орнына ауыстыру үшін қайта дайындауға арналған оқыту.

**КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПАРЫЗ** – педагогтің кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыруына қызмет ететін адамгершілік талаптар жүйесі.

**КӘСІБИ ІС (МАМАНДЫҚ)** – келешек мамандығын таңдау мен қабылдау сәтінен басталатын және адам белсенді еңбек әрекетін тоқтатқанда аяқталатын, маманның қалыптасатын тұтас үздіксіз процесін білдіретін, тұлғаның кәсіби қалыптасу теориясындағы жетекші ұғым.

Кәсібиліктің критерийлері (нәтижелі және іс жүргізушілік, объективті және субъективті, сапалық және сандық, т.б.) (А.К. Маркова):

1. **Объективті критерийлері:** адам мамандықтың талаптарына қаншалықты сәйкес келеді, әлеуметтік тәжірибеге қаншалықты қомақты үлес қосады. Мамандықтың жалпыға белгілі объективті критерийлері ретінде жоғары еңбек өнімділігі, сан мен сапа, еңбек өнімінің сенімділігі, мамандықта белгілі бір әлеуметтік дәрежеге жету, түрлі кәсіптік тапсырмаларды шешу іскерлігі, т.б. танылады.

**Субъективті критерийлері:** мамандық қаншалықты адамның талаптарына, оның мотивтеріне, бейімділіктеріне сай, мамандықтағы еңбекпен адам қаншалықты қанағаттанған.

2. **Нәтижелілік критерийлері:** бүгінгі қоғам күткен нәтижелерге адам өзінің еңбегі арқылы жетті ме.

Іс-әрекеттілік критерийлері: адам өзінің табыстарына жетуде әлеуметтік құптауға болатын тәсілдерді, амалдарды, технологияларды қолдана ма.

3. **Нормативті критерийлер:** адам мамандықтың нормаларын, ережелерін, эталондарын меңгерді ме және шеберлік деңгейде жоғары эталондарды қайта жасай ала ма.

**Жеке-вариативті критерийлер:** адам өзінің еңбегін дараландыруға, өзінің жеке сұраныстарын өзіндік қанағаттандыруға, ен-

бекте өзінің төлтумалығын көрсетуге, кәсіптік жолмен өзін дамытуға талпына ма.

**4. Қол жеткен деңгейінің критерийлері:** адам бүгін кәсібиліктің жеткілікті жоғары деңгейіне жетті ме.

**Болжаушылық критерийлері:** адамның өсу келешегі бар ма, өзінің жақын кәсіптік даму аймағын іздей ме.

**5. Кәсіпке үйренушіліктің критерийлері:** адам басқа адамдардың кәсіптік тәжірибесін қабылдауға дайын ба, кәсіптік ашықтықты білдіре ме.

**Шығармашылық критерийлері:** адам өзінің кәсіптік шеңберінен шығуға, оның тәжірибесін қайта құруға, кәсіпті өзінің жеке үлесімен байытуға ұмтыла ма.

**6. Қоғамдағы мамандықтың әлеуметтік белсенділігі мен бәсекеге қабілеттілігінің критерийлері:** адам қоғамды өзінің еңбек нәтижелерімен қызықтыра ала ма, кәсіптің өмірлік қажеттіліктеріне назар аударта ала ма.

**Мамандықтың жолын қуушылықтың критерийлері:** адам мамандықтың абыройы мен кадр-қасиетін сақтай ала ма, оның қоғамға өзіне тән қайталанбас үлесін көре ала ма.

**КӘСІП** – адамның еңбек қызметіндегі білімі туралы тиісті құжаттармен расталатын негізгі кәсіп (қызмет) түрі.

**КӘСІПҚОЙ (ПРОФЕССИОНАЛ)** – әлеуметтік-жағымды маңызы бар, тұлғалық және кәсібилік жетістіктерге, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруге тұрақты бағытталған жоғары кәсіби және әлеуметтік статуска ие, тұлғалық және әрекеттік нормативті реттеушіліктің динамикалық даму жүйесіне ие, тұлғаның кәсібилік және әрекеттік жоғары көрсеткіштерін иемденген кәсіби әрекет субъектісі.

**КӘСІПТІК БАҒДАР** – оқушыға оның білімдік және кәсіптік мүмкіншілігі саласында құқығын іске асыруға, кәсіп пен оқу орнын ерікті де саналы түрде кәсіби мүддесі мен психологиялық ерекшелігіне сәйкес таңдауға ақпараттық және кеңестік (консультация) көмек көрсету:

• **кәсіби ағартушылық** – адамды әр түрлі кәсіптің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық ерекшеліктері туралы, олардың бірін дұрыс таңдау шарттары жайлы белгілі бір білім жиынтықтарымен қаруландыру; онда кәсіптік және қоғамдық қызметтің алуан түрлеріне деген оң қатынасын тәрбиелеу; дәлелденген кәсіби ниеттерін қалыптастыру; құрамына екі элементтен: *кәсіптік насихат пен кәсіптік үгіттен* тұратын *кәсіптік ақпаратты* қосады – адамға аса қажетті кәсіп туралы белгілі бір шеңбердегі мәліметтерді хабарлау, оларды меңгерудің тәсілдері мен шарттары туралы ақпараттандыру, аймақта, республикада жетіспеушілігі байқалатын қажетті кәсіптің әлеуметтік маңызын насихаттау;

• **кәсіби диагностика** – олардың таңдаған немесе соған жақын кәсіпке сәйкестігін кәсіби бағдардың тестілеу әдісін пайдаланып, адамның жеке тұлғасын, қызығушылығын, бейімділігін, қабілетін анықтау мақсатында зерделеу;

• **кәсіби кеңес** – адам қызметіне оның даралық ерекшеліктерін ұзақ уақыт зерделеу негізіне арналған өзін-өзі кәсіби анықтауын дамыту бойынша мақсаткерлікпен басшылық жасау, яғни сол немесе өзге де кәсіптің айрықша талаптарына даралық психологиялық және жеке ерекшеліктеріне сәйкестігін анықтау;

• **кәсіби іріктеу** – адамның нақты еңбек түріне жарамдылығын анықтау;

• **кәсіби жарамдылық** – адамның жеке тұлғасы мен организмін оның кәсіби қабілеті мен арнайы қызмет жағдайы арасындағы өзара әрекеті бойынша психодиагностикалық және психоболжамдық бағалау. Мысалы, әскери қызметке жарамдылық соғыс және бейбітшілік уақытында әр түрлі қабілеттігін бағалау мен теңдестіруге болмайды;

• **кәсіби бейімделу** – адамның өндіріске, жаңа әлеуметтік ортаға, еңбек жағдайына және нақты мамандық ерекшеліктеріне белсенді бейімделу процесі.

**КӘСІПТІК БАҒЫТТЫЛЫҚ** — мотивациялық салада барлық талаптанумен анықталатын және ерекше мөлшерде мүдделерде, қарым-қатынастарда, максаткерлікпен бағытталған күштерде көрініс табатын кәсіби қызметтің интегралдық сипаты.

**КӘСІПТІК БІЛКІТІЛІК** — қызметтің нақты бір түрінде белгілі деңгейдегі және қиындықтағы еңбек міндетін орындауға мүмкіндік беретін қызметкердің кәсіби дайындық сатылары.

Көрсеткіші жұмысшыға сол кәсіптің нормативтік сипаттарына сәйкес берілетін біліктілік санаты болып табылады.

**КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ** — жеке тұлғаның кәсіп әлеміндегі бағыты пен бейімделуі, нақты мамандық пен оның деңгейін меңгеруі, біліктілігінің, шеберліктің және үздіксіз өсуін, қабілетінің адамзат қызметінің әр түрлі саласында дамуын қамтамасыз ететін әлеуметтік және педагогикалық ұйымдастырушылық еңбек процесі.

**КӘСІПТІК ДАЙЫНДЫҚ** — жеке тұлғада кәсіби бағытты, білімді, дағдыны, іскерлік пен кәсіби дайындықты қалыптастыруды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және педагогикалық іс-шаралар жүйесі.

**КӘСІПТІК ЛИЦЕЙ** — жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті кадрларын даярлау жөнінде техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

**КӘСІПТІК ОҚУ** — өзіне кәсіптік дайындықты, қайта даярлау мен техникалық қызмет көрсету мен басқару еңбегіндегі мамандардың біліктілікті арттыруды қосатын кәсіптік білім беру жүйесінің бөлімі.

**КӘСІПТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НАМЫС** — өзінің кәсіби парызын қайсарлықпен орындауды жоғары қоғамдық құндылық ретінде педагогтің сезінуі мен қоғамның мойындауы.

**КӘСІПТІК (ӨНДІРІСТІК) ПРАКТИКА** — оқушының (студент) оқу бағдарламасы-

мен анықталған шынайы өндірістік міндеттерді қолданыстағы өндіріс жағдайында өз бетінше орындайтын оқу сабағының формасы.

Дайындықтың кәсіби бағыттарына байланысты олар педагогикалық, технологиялық, эксплуатациялық және т.б. болып аталады. Уақыт бойынша оқу сабағының басқа да түрлерімен қоса атқарылады немесе оны өткізу үшін оқу жоспарында жеке кезең бөлінеді.

Ол маман дайындаудың біріктірілген түрі, оны өту барысында оқушы (студент) өндіріс құралдары мен техникалық процессті, еңбекті ұйымдастыруды, өндірістік экономиканы іс-әрекетте зерделейді.

Кәсіптік практика тиісті ұйымдарда өткізіледі және оқу процесінде алынған білімді бекітуге, практикалық дағдылар және алдыңғы қатарлы іс-тәжірибені игеруге бағытталады.

Кәсіптік практика түрлері, мерзімі мен мазмұны жұмыстың оқу бағдарламасымен және жұмыстың оқу жоспарымен анықталады.

Кәсіптік практика өткізу үшін білім беру ұйымы келісімшарт негізінде тәжірибе базасы ретінде бір ұйымды анықтайды, олармен келісілген бағдарлама мен тәжірибе өткізудің күнтізбелік кестесі бекітіледі.

Келісімшартта білім беру ұйымы мен тәжірибе базасы болып табылатын ұйым арасындағы міндеттер мен жауапкершілік анықталады.

Кәсіптік практикаға арналған шығындарды білім беру ұйымы мен тәжірибе базасы болып табылатын ұйым бірлесіп жасаған келісімшартпен анықтайды.

Тәжірибе базасы болып табылатын ұйыммен келісімшарт оқушылардың кәсіптік практика өткізуге арналған типтік келісімшарт нұсқасы негізінде жасалады.

Негізгі талаптар мен тапсырмалар көлемін оқу бағдарламасында оқу орны анықтайды. Әдеттегідей, практикаға арналған тапсырмалар курстық және дипломдық жобалар-

мен бірдей болады. Кәсіптік практика комиссия алдында есеп берумен және дифференциалды сынақ алумен аяқталады.

**КЕҢЕС** — 1) насихат, нұсқау; 2) әр түрлі алқалық ұйымның атауы; 3) әлденені бірлесіп талқылауға арналған мәжіліс, отырыс:

• **әдістемелік** — пән мұғалімдерінің әдістемелік оқуының бір түрі;

• **ғылыми-техникалық** — ғылыми өнімді талқылау мен сараптаушы қоғамдық ұйым;

• **педагогикалық** — педагогтардың кәсіби әрекеті мен мектеп өмірін қамтамасыз етуге байланысты түрлі міндеттерді талқылау және шешу міндеттерімен айналысатын мектептің алқалық ұйымы;

• **ғылыми** — қ. *Ғылыми кеңес*;

**мектеп (мектептік)** — өзін-өзі басқарудың басқа да ұйымдарынан айырмашылығы, заңнамалық әрекетті жүзеге асыруға эксклюзивті құқы бар (жарғы әзірлеу, бекіту мен іске асыру, мектеп процесінің ұйымдық-құқықтық параметрлері — жұмыс режимі, оқушыларды қабылдау тәртібі, марапаттау, жазалау шаралары, киім үлгілері, қосымша еңбек төлемдері және т.б.); кеңестің, оның комиссияларының, т.б. бөлімшелерінің өзара іс-әрекеті арқылы қызметті үйлестіруші; карама-қайшылықтарды жою мен даулардың алдын алу бойынша келісімді іс-әрекет; мектеп қызметкерлері, оқушылар мен олардың ата-аналары тарапынан өзін-өзі басқару қызметін ұйымдастыру; оқушылардың алуан түрлі оқу іс-әрекетін ынталандыру, мектеп мүддесін, мектеп ұжымы мүшелерін қоршаған ортаның келеңсіз әсерлерінен қорғау (арыз-шағымдарды, өтініштерді және т.б. қарау) құқығы бар мектептің өзін-өзі басқару құрылымының жаңа ұйымы.

**КЕҢІСТІК БАҒЫТТАРЫ** — координаттар (координатты тор сызық) жүйесін, шкалаларды және масштабты *графика* өрісінде орналастыру.

**КЕСТЕ** — белгілі бір жүйеге келтірілген деректерді көлденен (жолдары) және тік (бағандары, қатарлары) бөліктері бар жазық-

тықта кескіндеу тәсілі; мөлiмет, мөлiметтер жинағының тізімі.

Бірнеше **түрге** ажыратылады:

• **топтық** — бір белгісі бойынша құрастырылған, бірнеше топтан тұратын күрделі кестенің бір түрі;

• **құрастырылған (қиюластырылған)** — әрқайсысы екі немесе одан да көп белгілері бойынша құрастырылған бірнеше топтан үйлестіріле жасалған кесте;

• **жай** — белгілердің тізімінен тұратын кесте;

• **статистикалық** — зерттелуші құбылыс немесе процестің сандық сипаттамаларының көрнекі де ұтымды орналастырылып көрсетілген түрі.

**КЕСТЕНІ ҮЛГІЛЕУ** — нақты зерттеу кезінде талдап топтастыру әдісін практикалық түрде қолдану.

**КЕШЕНДІ АМАЛ** — ғылыми таным және әлеуметтік тәжірибе әдіснамасындағы бағыт, оның негізінде тұтас және әлеуметтік процестердің динамикалық қасиеттерін құраушы ішкі жүйелі-құрылымдық бірлік жатыр.

**КЕШКІ (АУЫСЫМДЫҚ) МЕКТЕП** — оқу сабақтарын жұмыстан бос уақытта кешке өткізілетін жалпы орта білім беру оқу орны.

**КЕШКІ ОҚЫТУ** — оқуды кәсіби қызметпен ұштастыратын адамдар үшін оқытуды ұйымдастыру процесінің формасы, үздіксіз оқу жүйесінің құрамдас бөлігі.

Оқытушы оқушыларға жұмыстан бос қолайлы уақытта (әдетте, кешке) тұрақты құрамдағы оқу топтарымен жүйелі сабақтар жүргізеді. Білім беру ұйымдарының барлық деңгейлерінде қолданылады. Сабақтар дәрістік-семинарлық түрде өтеді. Кешкі оқудың дипломы (аттестаты) күндізгі бөлімнің дипломымен теңестіріледі.

**КЛАСТЕРЛІК ТАЛДАУ** — көптеген көрсеткіштер негізіндегі бірқатар нысандарға сипаттама беруге мүмкіндік беретін көпөлшемді талдаудың математикалық процедурасы, оларды кластерлерге топтастыруда бір класка жататын нысандар

біртекті, басқа нысандармен салыстырғанда ұқсас болуы қажет.

**КЛИНИКАЛЫҚ БАЗА** — жоғары оқу орнының немесе денсаулық сақтау ұйымдарының жергілікті денсаулық сақтау ұйымдарының базасында жұмыс істейтін, материалдық-техникалық базасының жоғары деңгейі болатын, ұйымдық-әдістемелік, оқу, емдеу-диагностикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының қазіргі заманғы әдістері негізінде дәрігерлерді, ғылыми кадрларды даярлау мен қайта даярлауды жүзеге асыратын және медициналық көмектің барлық түрлерін көрсететін клиникасы.

**КОГНИТИВТІ ДАМУ** — адамның когнитивті ортасының қалыптасу және даму процесі, көп жағдайда, оның қабылдауы, зейіні, қиялы, есі, ойлауы және сөзі.

**КОГНИТИВТІ ДИССОНАНС** — адамның өз біліміндегі қарама-қайшылықтарға көңілі толмауы.

**КОГНИТИВТІ ОРТА** — өзінің санасымен және танымдық процестерімен байланысты, адамның әлем туралы және өзі туралы білімдерден тұратын психологиясының аясы.

**КОДИФИКАТОР** — кодтау карточкасы.

**КОДТАУ** — берген ақпаратты кейбір кодтар арқылы ережеге сәйкес жазу немесе түрлендіру процесі; кодты қолдану.

**КОЛЛЕДЖ** — 1) Қазақстанда — орта кәсіби мамандар даярлаудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны; 2) Ұлыбритания, АҚШ және т.б. бірқатар елдердегі жоғары немесе орта оқу орны.

**КОМПОЗИЦИЯ** — 1) зерттеудің, шығарманың ішкі құрылымы, құрылысы; 2) колдағы бар сандық материалдан графикте көрініс табуы тиіс мәліметтерді іріктеу, сонымен қатар оларды бейнелеу тәсілдерін таңдау.

**КОМПЬЮТЕРЛЕНДІРУ** — адамның іс-әрекетінің түрлі саласына компьютерлерді кенінен енгізу.

**ОҚЫТУДЫ КОМПЬЮТЕРЛЕНДІРУ** — 1) тар мағынада — компьютерді білім беру құралы ретінде пайдалану; 2) кең мағына-

да — оқу процесінде компьютерді көпмақсатты пайдалану.

**Негізгі мақсаттары:** ақпараттық қоғамда жас ұрпақты өмірге дайындау, ақпараттандыру құралдарын енгізу арқылы оқытудың тиімділігін арттыру.

**Екі бағытты** айырып көрсетуге болады:

**1. Оқу әрекетінің құралы ретінде компьютерді қолданудың барлық әдістерін меңгеру.**

Компьютерді оқу құралы ретінде пайдалану идеялары *оқытуды программалау* шеңберінде ХХ ғ. 50-жж. туындады.

Компьютердің өзінің техникалық сипаттамасы мен оның программалық қамтамасыз етілуі жетіліп, дидактикалық мүмкіндіктері кеңейген сайын компьютердің түбегейлі жаңа қасиеттері оның оқу құралы ретіндегі пікірді нығайта түсті.

Компьютер оқытуды диалог режимінде құруға, оқушы моделіне, оның «оқыту тарихына» сүйене даралап оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Компьютердің оқу процесіндегі рөлі мен орнына берілген баға өзгерді. 90-жж. басында көптеген оқыту жүйесі құрылды, олардың көпшілік мақұлдаған жүйеленген тәртібі жоқ. Көптеген авторлар жүйелердің келесі түрлерін айырып көрсетеді: жаттықтыратын; жетекшілік, проблемалық оқыту; ұқсастыру және үлгілеу; ойын программалары.

Компьютерлік оқытудың даму тарихын ескере отырып, оқыту жүйесінің екі түрін көрсетуге болады — дәстүрлі және интеллектілі.

**Интеллектілі оқыту жүйесінің негізгі ерекшеліктері:** оқу мақсатын шешудің барлық кезеңдерінде принциптің қойылуы мен шешу жолдарын іздеуден бастап, шешімнің тиімді бағалауымен аяқтай отырып оқу қызметін басқарудың барлық ерекшеліктерін ескеру; табиғи тілге жақын диалогтық өзара қарым-қатынасты қамтамасыз ету.

Интеллектілі оқыту жүйелерінде даралап оқыту оқушының динамикалық моделі



негізінде жүзеге асырылады. Жүйелердің бұл түрлері компьютер және оқушы арасында басқару қызметінің бөлінуін қамтамасыз етеді, оқу қызметінің қалыптасуына қарай оқушыға жана оқыту қызметін бере отырып, оқытудан өзіндік оқуға үйлесімді өтуін қамтамасыз етеді.

Қалыптасқан алгоритм негізінде іс-әрекет ететін дәстүрлі компьютерлік жүйеден айырмашылығы – интеллектілі оқыту жүйесі оқу қызметін басқаруды көрсетілген тәртіп негізінде эвристикалық процесс ретінде ұйымдастырады.

Оқытуды компьютерлендіру оқыту процесінің барлық құрамдарына айтарлықтай ықпал етеді.

Оқытудың мазмұнына компьютердің айтарлықтай әсері – бір жағынан, бұған дейін жоғары дәрежелі мамандық иесі ғана игере алған біліктілікке оқушының қол жеткізуіне жағдай тудырды. Бұл компьютердің оқу мазмұнын көрнекілік тұрғыда көрсетуіне мүмкіндік берді; жасанды интеллект идеясын жүзеге асыратын компьютерлік құралды қолдану, көп жағдайда, түрлі декларативтік және процессуалдық білімді меңгеруін қамтамасыз ететін сараптау жүйесі; оқушыларға қажет, сонымен қатар олардың шешетін міндеттеріне тікелей қатысты ақпарат алуға жағдай туғызу. Екінші жағынан, компьютер оқыту мазмұнына түрлі эвристикалық тәсілдерді енгізуге, ең бастысы міндетті шешу жолының стратегиясын табуға мүмкіндік береді.

Компьютердің кіріктірілген оқу пәндерін құрастыру үшін жағдай жасауда, нақты өндірістік процесті ескере отырып, кәсіптік оқыту мазмұнын дайындауда, оқушының өз оқу қызметін зерттеу нысаны етуде маңызы бар.

Компьютерді оқу мақсатында пайдалану оқушының қызметіне белгілі бір өзгеріс енгізеді.

Ол біртекті операцияларды орындау қажеттілігінен босайды, сонымен қатар мұғалімнің көмегінсіз, өзі алдына қойған нақты

оқу міндетін шешу тәсіліне қатысты қажетті ақпаратты алу мүмкіндігіне ие болады; қате жіберу қаупінен құтылады; зерттеу жұмысына араласуға жол ашылады.

## 2. *Компьютерді зерттеу нысаны ретінде пайдалану.*

Өз дамуында екінші бағыт айтарлықтай өзгерістерге ұшырады.

КСРО-да 60-жж. компьютерді мектеп деңгейінде оқытудағы *компьютерлік сауаттылық* мақсаттары оны қолдана білу мүмкіндігімен ғана шектелді және практикалық тұрғыда қолдану міндеттерін шешу іскерлігі қарастырылмады.

Оқушыларды 70-жж. басында ЭЕМ-ді практикалық жағынан меңгерту программа-лауға оқытумен байланысты болды.

Бұл бағытта көптеген тәжірибе жинақталды және оқытуды компьютерлендірудің негізі қаланды.

70-жж. екінші жартысынан бастап компьютерлік сауаттылықты анықтау мәніне деген көзқарас өзгерді, әр түрлі білім және біліктіліктің білім беру құндылығы қайта қарастырылды.

Компьютердің көмегімен есептерді шығаруға және математикалық қамтамасыз етуді тиімді қолдануға басты назар аударылды.

Компьютерлік сауаттылықтың маңызды құрамдары оқушылардың ЭЕМ-ді өндірістің түрлі саласында, мәдениет, білім беру, сонымен қатар адамның өзімен байланысты іс-әрекетіндегі өзгерістерде қолдана білуі болып табылады.

Компьютерлік сауаттылықтың маңызды мақсаты – *автоматтандырылған ақпараттық жүйелермен* (электрондық деректер банкі) жұмыс істеу біліктілігі.

80-жж. соңынан бастап жана ақпараттық технологияға көп көңіл бөліну арқылы пәнді оқыту *ақпараттық мәдениет* негізіне дейін кеңейді.

Компьютерді оқыту құралы ретінде пайдалану көптеген дидактикалық және педагогикалық психологияның теориялық ережелерін қайта қарау қажеттілігін туындатты.

Сонымен, сараптау жүйелері, оқушыларды күрделілігі әр түрлі тапсырмалардың дұрыс шешімін табуға, сол сияқты гипермәтіндік оқыту жүйесін, білім алушыға материалды жүйелі оқуға айтарлықтай мүмкіндік береді, бұлар оқытудың сәйкес принциптеріне түзетулер енгізуді талап етеді.

Қазіргі уақытта мультимедиалық кабинеттерді есепке ала отырып, орта білім беру мекемелерінің компьютерлік техникамен қамтамасыз етілуі – 21 оқушыға 1 компьютер, ауыл мектептерінде – 20 оқушыны құрайды.

Интернет желісіне жалпы білім беретін мектептің 96% , соның ішінде – 97% ауыл мектептері қосылған.

2007–2008 оқу жылының басынан білім беру мекемелерінің оқу процесіне «оқытудың он-лайн» жүйесі енгізілді.

Бағдарлама бес интерактивті пәндік кабинеттер кешенінен тұрады, оның ішінде екеуі әмбебап болып табылады.

Оларда математика, тарих, география, астрономия, сол сияқты ғылыми-жаратылыстану цикліне кіретін физика, химия және биология пәндерінен сабақтар өткізуге болады.

Олар орта мектептің бағдарламасы бойынша эксперименттер және көрсетулер жүргізуге мүмкіндік беретін арнайы компьютерлендірілген зертханалық құралдармен жабдықталған, нәтижелерін мұғалімнің компьютерінен сан түрінде алады және өндейді.

Жинақы компьютерлік сынып мұғалімнің және оқушылардың 14 компьютерінен тұрады, сымсыз жұмыс орнымен жабдықталған, кез келген жерде жергілікті сымсыз желіге тез әрі оңай қосылуға мүмкіндік беретін «жылжымалы сынып» болып табылады.

**Компьютерлік сауаттылық** – технологиялық білім берудің бөлімі, оның құрылымына кіреді: информатика және есептеу техникасы туралы негізгі түсініктерді білу; компьютерлік техниканың атқаратын қызмет мүмкіндігін және түбегейлі құрылысын

білу; қазіргі операциялық жүйені және олардың негізгі бұйрықтарын игере білу; қазіргі программалық қалыпты (оболочка) және жалпыға арналған операциялық амалды (Norton Commander, Windows) арттыру және олардың қызметін игеру; кем дегенде бір мәтіндік редакторды меңгеру; алгоритм, тіл және программалау пакеті туралы алғашқы түсініктің болуы; көмекшілік мақсатына арналған қолданбалы программаны пайдаланудың алғашқы тәжірибесі.

**Ақпараттық мәдениет** – 1) білімді түсінудің негізгі әдістерімен танысу және білімді түсінудің әдістерін жоспарлайтын ақпараттық жүйені пайдаланудың тәжірибелік дағдыларымен бірге сол білімді мәселені көтеру мен оны шешудің тәжірибесінде пайдалана алу біліктілігі; 2) адамның ақпараттық қоғамдағы, адами-машина жүйелеріндегі іс-әрекет ережелерінің жинағы; 3) ақпараттық тәсілді пайдалану, ақпараттық жағдайды талдау және ақпараттық жүйені неғұрлым тиімді ету, яғни ақпаратпен мақсатты жұмыс істеу және оны алу, өңдеу және тасымалдауға АКТ-ны, қазіргі техникалық құралдар мен әдістерді қолдану біліктілігі. Ақпараттық мәдениет адамның өлеуметтік табиғатымен байланысты, оның шығармашылық ерекшеліктерінің жемісі болып табылады және келесі аспектілерде көрініс табады:

- техникалық құралдарды қолданудың нақты дағдыларында;
- АКТ-ны өз қызметінде қолдана білу қабілеттілігінде;
- ақпаратты түрлі дереккөздерінен: мерзімді басылымнан, сол сияқты электрондық коммуникациялардан ала білу, оны түсінікті түрде ұсыну және тиімді пайдалана білуде;
- ақпаратты аналитикалық өңдеу негіздерін меңгеруде;
- түрлі ақпаратпен жұмыс істеу біліктілігінде;
- өз саласы қызметінде кездесетін ақпараттық ағым ерекшелігін білуде.

Ақпараттық мәдениет ғылымның белгілі бір қызмет түрінің (кибернетика, ақпарат теориясы және т.б.) дамуы мен бейімделуіне ықпал ететін білімдерді топтастырады. Ақпараттық мәдениеттің интегралды құрамы жана АКТ-ны білу және оны біртекті автоматтандырылған операцияларда, сол сияқты дәстүрлі емес шығармашылық қатынасты талап ететін ерекше жағдайда қолдану біліктілігі болып табылады.

**Ақпараттық білім беру ортасы** — білім беру қызметінің барлық түрлерін жүзеге асыруда қолданылатын компьютерлік құралдар және олардың қызмет ету тәсілдерінің жиынтығы.

**Ақпараттық-оқу әрекеті** — оқыту мақсатына жетуге бағытталған, білім алушы, оқытушы және жаңа ақпараттық технологиялық құралдарының өзара ақпараттық қарым-қатынасына негізделген қызмет.

Келесі қызмет түрлерінен: тіркеу, жинау, толықтыру, сақтау, зерттелетін нысандар, құбылыстар, процестер, сонымен қатар нақты болатын жағдайлар туралы ақпаратты өңдеу; түрлі формада көрсетілген көлемді ақпаратты тасымалдау; интерактивті диалог; шынайы нысандарды басқару; экранда көрсетілген түрлі нысандардың модельдерін басқару; оқу қызметінің нәтижесін (өзіндік бақылау) автоматтандырылған бақылау; бақылау нәтижесі бойынша түзету; жаттығу; тестілеуден тұрады.

**Интерактивті диалог** — нақты уақыт тәртібінде қолданушы мен ақпараттық жүйе арасында көзделетін мәлімдемелермен белсенді алмасу; диалогтықтан өзгеше, мәтіндік командалармен (сұраныстармен) және жауаптарымен (шақыру) алмасуды болжайтын, диалог (мысалы, негізгі сөзді қолдана отырып, символдардың шектеулі жиынтығы түрінде, сұрақтарды еркін түрде беру мүмкіндігі) жүргізудің неғұрлым дамыған тәсілдерін жүзеге асыру, қолданушының программалық (программалық-аппараттық) жүйемен қарым-қатынасы; бұл жағдайда оқу материалы мазмұнының

нұсқасы, жұмыс істеу тәртібін таңдау мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

**Ақпараттық және коммуникациялық білім беру құралдары (АКТ құралдары)** — оқу процесіне пайдаланылатын АКТ және электрондық құралдардың жиынтығы.

Оқытуды компьютерлендіру білім беру проблемаларын толық шешпейтінін ескеру қажет, компьютер оқу процесінен педагогті ысырып тастауы мүмкін де, тиіс те емес, жаңа ақпараттық технологиялар дәстүрлі технологияларды толығынан алмастыра алмайды. Оқытуды компьютерлендіру *қашықтықтан оқытудың* дамуына ықпал етті.

**КОНТЕНТ-ТАЛДАУ (ӨЗДІК ДАМУ КЛАССИФИКАТОРЫ)** — дереккөздер мазмұнын, мәтіндердің арнайы сипаттамасы және т.б. ақпарат тасымалдаушыларды (бейнежазба, теле- және радиохабарлар, сұхбат, ашық сауалдарға жауап, балалар еңбектері, мектеп құжаттары және т.б.) математикалық құралдардың көмегі арқылы талдаудың бірлігін айырып көрсететін, мәтіннен олардың индикаторын іздейтін, белгілі түсінікті қолдану жиілігін статистикалық өңдеу және есептеуден тұратын бағалау мен талдаудың түрленген әдісі.

**КОНФЕРЕНЦИЯ** — ғылыми, әдістемелік және өндірістік мәселелерді талқылау және олардың шешімдері бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында өткізілетін іс-шара:

- **ғылыми-тәжірибелік (ғылыми-әдістемелік)** — педагогтардың, оқу орындарының жұмыс тәжірибесін талдау негізінде оқыту мен тәрбиенің теориясы және тәжірибесінің психологиялық-педагогикалық проблемаларын жаппай талдау мен талқылаудың түрі;

- **теориялық** — арнайы әдебиетпен өзіндік жұмыс негізінде педагогикалық теорияның өзекті проблемаларын жаппай талдау мен талқылаудың түрі.

**КОНЪЮНКЦИЯ** — «және» жалғаулығы арқылы байланысқан, екі ойдан тұратын, күрделі пікірді құрайтын логикалық операция.

**КОНЪЕКТУРА** – жорамал, болжау; оқу мүмкін емес, бүлінген мәтінді түзету немесе қалпына келтіру немесе мәтінді ашып танып оқу.

**КОРПОРАТИВТІ (БІРЛЕСКЕН) МӘДЕНИЕТ** – ұжымның сыртқы ортаның және ішкі интеграцияның өзгерістеріне бейімделу проблемаларын шешу барысында алынған, тиімділігі жеткілікті құнды деп есептейтіндей және ұйымның жаңа мүшелеріне проблемаларды шешудің дұрыс жүйесі ретінде ұсынылатын ұжымдық базалық түсініктердің жиынтығы.

Корпоративті мәдениетті зерттеудің көптеген әдістері бар. Солардың ішінде сұхбаттасу әдісімен үйлесе қолданылатын ОСАІ әдісі ең өміршені деп саналады. Аталған әдіс нәтижелерінің жоғары дәрежеде көрнекілігімен ерекшеленеді. Бұл зерттеліп отырған университет басшыларымен және ұжыммен зерттеу нәтижелерді талдау үшін өте қолайлы.

Сонымен қатар әдіс корпоративті мәдениет өлшемдерін онай және қайта жүргізуге, өзгерістердің дамуын қадағалап отыруға және оларды өткізудің жоспарын жылдам түзетуге мүмкіндік береді.

Әдістің сенімділігін арттыру мақсатында сауалнаманы қосымша жеке сұхбатпен толықтыру ұсынылады.

Бұл ұсынылған сауалнаманың өлшеміндегі зерттелетін субъективті мазмұнның жиынтығын алуға және осы мазмұнның әдістің негізі болатын үлгіге сәйкестігіне көз жеткізуге мүмкіндік береді.

Әдістің негізін корпоративті мәдениетті жүйелі сипаттаудың 4 факторлы үлгісі құрайды.

**Иерархия мәдениеті.** Ұйымдастыру ісі ішкі проблемалар, тұрақтылық, басқару, бақылау бойынша шоғырланған. Қызмет құрылымдалған және түршілденген (формалданған). Ұйымдастырудың тұтастығы формалды ережелерге сүйенген.

Тәртіптер, ережелер, нұсқаулар адамдарға не істеу керектігін көрсетеді.

Орындаудағы жоғары жауапкершілік марапатталады. Қызметкер тәртіп бұзу арқылы қол жеткізген табыстары үшін марапатталмауы мүмкін және егер барлық тәртіп формалды түрде орындалса, келтірілген зиян үшін жазаланбауы мүмкін.

Өзгерістер, ең алдымен, амалдардың өзгеруіне байланысты. Көшбасшылар жақсы ұйымдастырушы екендігін және тиімді жолды білетіндігін мақтаныш етеді.

**Бәсекелестік мәдениеті (нарықтық).** Ұйымдастыру ісі сыртқы ортамен өзара әрекет ету, тұрақтылық, басқару, бақылау бойынша шоғырланған. Ұйымдастыру нәтижеге бағытталған. Жалпы алғанда, ұйымның, жекеше алғанда, әрбір қызметкердің басты міндеті – белгіленген мерзімде көзделген мақсатқа жету. Ұйымдастыру стилі – ішкі және сыртқы қатаң бәсеке. Табыс нарықты бағындыру терминімен анықталады. Көшбасшылар – бәсекелестік күреске түскен пайдаланушы-қожайындар. Олар қатал және талап қойғыш.

Бәсекелік мәдениеті аксиоматикасында өзекті кеңістікте стратегия мен тактика бірлігінің негізінде айнала қоршағандармен күрес базалық түсінігі жатыр.

Күрес логикасы күрес сөздігі мен күрес тілін тудыратыны анық, онда кез келген сөз, факт, іс-әрекет, мақсат осындай мағыналық кеңістікте түсіндіріледі. Күрес мәдениетінде уақыт, перспектива психологиялық тұрғыда ықшамдалғаны есте қаларлық факт. Соғыс кезінде алаңдауға және ен-жарлыққа салынуға болмайды. Стратегияны ойлап тапқан адамның өзі сәл ғана алаңдап, бұтаның арасына жасырынған жауды байқамай қалса, қандай да болсын жеңімпаз стратегия жеңіліске ұшырайды.

Әрбір іс-әрекет, ішкі ортадағы шынайы өзгеріске әкелетін нәтижеге қол жеткізеді деген қағида бар. Бірақ нарық тұрғысынан қарағанда шынайы, яғни нарықта сезілетін нәтижеге.

**• Адхократия мәдениеті (шығармашылық).** Ұйымдастыру ісі жоғары деңгейдегі икем-

ділік және даралылыққа, сыртқы факторларына шоғырланған. Бұл мәдениетке ілгерілеу, шығармашылық, әрекеттілікті және жұмыстың дара жағдайының нәтижесін қолдау тән. Адамдар бастама мен тәуекелге бейім. Қызметкерлердің тәуелсіздігі және еркіндігі көтермеленеді.

Көшбасшылар — жаңашылдар, экспериментшілер, шығармашылығы үшін құрметке ие. Ұйымның басты мақсаты, тұтас алғанда және әр қызметкер үшін жеке, — алда, жетекші орында болу. Күрделі мәселелерге қажеттілік. Табыстың өлшемі бірегей технологияларды, бірегей нәтижелер мен қызмет түрін меңгеру болып табылады. Қоршағандардың ретсіздігі мен күрделілігі, жаңашылдықты қолдау — шығармашыл тұлғаның базалық болжамы болып табылады, ол басқарудың басты міндеті — іскерлікті, шығармашыл тәсілді қастерлеу және проблемалардың басы-қасында болу. Бейімділік және жаңашылдық жана қорлар мен кірістерге жетелейді деп саналады. Көз көретін келешекке, ұйымдастырудағы тәртіпсіздікке және қиялдау тәртібіне ерекше назар аударылады.

**Отбасылық мәдениет.** Отбасылық немесе туыстық мәдениет ұйымды иерархиялық құрылымы жеткіліксіз, жұмысқа қатынасы бейресми және басқару басты назарда болатын, өмірлік жолдағы үлкен отбасы ретінде елестетеді. Ұйым ішкі мәселелерге бағытталған, оған икемділік, адамға қамқорлық, әріптес ретінде қарастырылатын тапсырыс берушінің проблемаларына деген сезімталдық қасиет тән. Шындап келгенде, ұйым, өзінің көп уақытын өткізетін, достық ниеттегі жұмыс орны бар, көп санды отбасы болып саналады. Ұйым көшбасшысы шексіз құқықтары мен жауапкершіліктері бар отбасы отағасы ретінде қабылданады. Ұйымның тұтастығы дәстүрлер және отбасы құндылықтарына адалдыққа негізделеді. Командалық жұмыс, бірге қатысу және ынтымақтастық мадақталады. Адам ресурстарының даму-

ына, бірлікке, адамгершілік ортаның дамуына көп көңіл бөлінеді. Табыс адамға деген қамқорлықпен және тұтынушыға байланысты кішіпейілділікпен анықталады. Қызметкерлер құрамының саналы қажеттілігі және бизнеске қатыстырылуы міндеттілік пен табыстылыққа жеткізеді деп ресми түрде мәлімделеді. Нақты ұйымның біріккен мәдениеті жоғарыда аталған төрт мәдениеттің үйлесімін көрсетеді деп болжанады.

**КОРРЕЛЯЦИЯ** — егер бір құбылыс басқа құбылыстарды анықтайтын себептердің қатарында болса, немесе осы құбылыстарға әсер ететін ортақ себептер бар болса, осындай құбылыстар арасындағы байланыстарды белгілейтін түсінік.

**КОРРЕЛЯЦИЯ КОЭФФИЦИЕНТІ** — өзара байланыстылықтың тығыздығын анықтайтын сан (бұл сан — 1 және 1 аралығында тұрады).

**КӨЗБЕН ШОЛУ ОРТАСЫ** — адамға көру органы арқылы қабылданатын, барлық ақпараттың ағымы.

**КӨПСАЛАЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ** — оқытудың бірнеше бағдарларын (бағыттарын) жүзеге асыратын білім беру ұйымы.

**КӨПСАТЫЛЫ (КӨПДЕНГЕЙЛІ) ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ** — мамандарды мектепалды тәрбиеден бастап жоғары білім беруден кейінгі білім беру формаларымен (магистратура, аспирантура, докторантура, мамандандыруды жетілдіру институты және т.б. арқылы мамандықты көтеру мен қайта даярлауды қоса алғанда) аяқталатын үзіліссіз даярлауды көздейтін жүйе.

**КӨРКЕМДЕУ (КӨРНЕКТІ МАТЕРИАЛ)** — мәтінді түсіндіретін суреттер, схемалар, диаграммалар, фотосуреттер және басқа графикалық бейнелер.

**КӨРМЕЛЕР** — көріп шығу үшін қойылған қандай да бір заттардың жиынтығы, сондай-ақ олар жиналған орын:

- **балалар шығармашылығы** — оқушылардың өз күшімен ұйымдастырған шығармашылық табыстарын көрсету;

• **кешенді** көрмелерде балалар шығармашылығының әр түрлі нәтижелері көрсетіледі: қол еңбегінің өнімдері, техникалық қолдан жасалған өнімдер, сурет, сәулет шығармалары, кестелер, т.б.;

• **тақырыптық** көрмелер балалардың шығармашылығының қандай да бір саласының жетістіктерін көрсетеді. Экспонаттарды көрмелерге іріктеу конкурс тәртібінде орындалады;

• **педагогикалық** — білім беру саласындағы табыстарды, оқу-зертханалық жабдықтардың, көрнекі құралдардың, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибенің жаңа үлгілерін насихаттау мақсатында құжаттарды, бағдарламалық-әдістемелік әдебиеттерді, фотосуреттерді, оқу-зертханалық жабдықтарды, балалардың көркем және техникалық шығармашылығын көпшілікке демонстрациялау, көрсету;

• **мектептік** — оқушылар жұмыстарын, оқушылардың қоғамдық пайдалы қызметінің қорытындыларын, дене тәрбиесі-спорттық жұмыстардағы табыстарын, т.б. көрсететін сабақтан тыс жұмыстың формасы.

Шығармашылықтың әр түрлі салаларында оқушылардың табыстарын көрнекі көрсету олардың қызығушылықтарының дамуына, қандай да бір білім немесе қызмет саласына дербес және шығармашылықпен карауға септесіп, мектеп өмірінің жалпы және толық көрінісін, жалпы мектеп ұжымының табысты жұмысын қамтамасыз ету жолдары мен құралдарын танытады.

**КӨРСЕТКІШТІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ** — берілген көрсеткіші бар нысан сандарының таңдау шамасына қатынасы.

**КӨШІРМЕЛЕР** — авторлық мәтінге жакын немесе кітаптардан, мақалалардан, т.б. дәл, тура көшірмелер.

**КРЕАТИВТІЛІК** — 1) жеке адамның өзіндік құндылықтарды жасаудағы, ерекше шешім қабылдаудағы терең қасиетін көрсететін қабілет; 2) тұлғаның шығармашылық дарындылығының біршама тұрақты сипат-

тамасын құрайтын, шығармашылыққа қабілетін көрсететін деңгей.

**КРИТЕРИЙЛЕР** — қандай да бір нәрсенің негізінде бағалау, анықтау немесе жіктеу жүргізетін белгілер; пайымдау және құбылысты бағалау шамасы.

Педагогика күрделі пән және көрінісі көп қырлы болғандықтан, педагогикадағы қандай да бір құбылыстардың өлшемдерін дайындау белгілі бір қиындықтар тудырып отыр. Болуы мүмкін:

• **жалпы** — ұсынылған жобаның маңыздылығын дамудың негізгі ағымдары, мақсаттары мен бағыттары және білім беруді ұйымдастырудың түрлі сатысындағы реформалау тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді;

• **білім алушыларды білім берудің элитарлық ұйымдарына іріктеу** — білім берудің таңдаулы (элитарлық) ұйымдарында білім алуға қажетті талаптар тізімі, ол құрылтайшының білім алушыны шығармашылық әлеуеті мен көпшілікке танымалдылығы жағынан диагностикалық әдіс негізінде анықтайтын жарғыда көрсетіледі;

• **арнайы** — автордың біліктілігі мен жобаның мазмұнын оның толықтығы, нормативтік және түсініктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді;

• **статистикалық** — нөлдік жорамалды тексеру үшін арнайы іріктелген кездейсоқ көрсеткіш;

• **жеке** — жобаның жүзеге асырылуы мен өміршендік тұрғысынан бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дәлелдік дәрежесі;

• **сараптамалық баға** — инновациялық жобалардың нақты сараптама принциптері мен мақсаттарына сәйкестігімен анықталады.

Олардың құрамы сараптамада бағаланатын педагогикалық нысандардың сипатымен, дайындалған көрсеткіштердің, шаралар мен эталондардың болуымен немесе болмауымен анықталады.

**КУМУЛЯТТАР (КУМУЛЯТИВТІ ҚИСЫҚТАР)** — аралықтың жоғарғы шектеріне сәйкес келетін вариациялық қатарлардың графикалық бейнеленуі, құрылымдау кезінде абсцисса осьтеріне аралық шектері (немесе дискретті белгінің мәні), ордината осьтеріне — жинақталған жиіліктер (немесе салыстырмалы жиіліктер) салынады.

**КУРРИКУЛУМ** — сабақты жүргізудің жалпы жоспары, ол сабақтың мазмұны мен максатынан және нәтижесінен тұрады; оқу жоспары.

**КІРІСПЕ** — кітаптың, оқулықтың, ғылыми мәтіннің алғашқы бөлімі.

Оқырманды қысқаша мазмұнымен таныстырып, негізгі мәгінді меңгеруге дайындауға бағыттауды мақсат етеді.

**КІТАПХАНА** — оқырмандарға қызмет ету, көп бағытты әдебиеттерді, сондай-ақ адамдардың танымдық, мәдени және басқа қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыратын мерзімді басылымдарды шоғырландыру мен сақтау міндеттерін атқаратын мәдениет мекемесі.

Бөлінеді:

- **балалардың** — балаларға арналған әдебиеттерді жасақтау, сақтау мен ұсынуды жүзеге асырып, оған келушілер арасында тәрбиелік жұмыс жүргізетін мектептен тыс мекемелер.

- **мектептің (ЖОО-ның)** — оқу-тәрбиелік және ғылыми-зерттеушілік мақсатында білім беру ұйымдары жанынан құрылатын кітапханалар.

Мұғалімдер мен кітапханашы кітаптар ұсынады, қолдану тәртібін түсіндіріп, оқылған кітаптары туралы оқырмандармен әңгімелеседі. Мұғалімдер мен оқушыларға әдебиеттер беріп, кітаптарға арналған: оқырмандар конференциясын, әдеби және басқа пәндік кештер, диспуттар, т.б. көпшілік шараларды дайындау мен өткізуге қатысады. Оқу-әдістемелік және ғылыми қызметтерге қызметкерлер мен оқушылардың өз бетімен білім алуын ұйымдастыру-

да, олардың біліктілігін арттыруға, педагогикалық процесті әдістемелік қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.

# К

**КАБЫЛДАУ** — заттар мен құбылыстарды олардың көрнекілік тұтастығында бейнелеу; сезінуден айырмашылығы нысанды тұтас бейнелейді; сезіну түрлерінен айырмашылығы оның нақтылығында.

Әркім тиянақты қабылдау арқылы заттарды немесе құбылыстарды таниды, яғни оларды өз тәжірибесінде кездескен заттардың белгілі бір категориясына жатқызады. Әдетте, қабылдау процесінде бірнеше сезім мүшелері қатысып, нәтижесінде қабылдаудың физиологиялық негізі болып табылатын күрделі (кешенді) шартты-рефлекторлық байланыстар жасалады. Жүйке байланыстарының белгілі бір топтары басымдылығының нәтижесінде қабылдаудың іріктелуі туады, яғни бір нысандардың немесе олардың белгілі бір қасиеттері мен белгілерінің басқалармен салыстыру бойынша басым бөлінуі. Бұл таңдаулар тұлғаның өмірлік тәжірибесімен, қызығушылықтары және бағыттылығымен тығыз байланысты. Толықтығы, дәлдігі мен тездігінде, жалпылау мен эмоционалдық қанықтығында (өткен тәжірибесі мен жүйке жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты) айтарлықтай жеке өзгешеліктерімен сипатталады, адамның практикалық қызметімен тығыз байланысып, бұл қызметті орындау жағдайында кен және табысты дамиды.

**ҚАБІЛЕТТІЛІКТЕР** — белгілі бір қызмет түрін табысты жүзеге асырудың субъективті шарты болып табылатын тұлғаның даралық ерекшелігі.

Олар тұлғаның жалпы бағыттылығымен, адамның қандай да бір әрекетке бейімділігі каншалықты тұрақты екендігіне байланысты. Қабілеттің даму деңгейі мен дәрежесін *малант және данышпандық* ұғымы білдіреді.

**ҚАЙТА ЖАНҒЫРТУ (ӨНДІРУ)** — өндіріс процесін, ең алдымен қоғамдық өнімнің барлық жиынтығын, жұмыс күштері мен өндірістік қатынастарды тұрақты, үзіліссіз жанарту.

Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды жүйелі оқыту мен даярлауға тікелей қатынасы бар.

**ҚАЙТАЛАУ** — оқушылардың білімін, білік пен дағдысын бекіту мақсатында оқу жұмысы процесінде өткен материалға қайта оралу.

Қайталау — тақырыпты қарапайым еске түсіру ғана емес. Материал жана тәртіпте қарастырылады, оқушылардың дербес белсенді жұмыстары үшін жағдай жасайтын басты сұрақтар бойынша топтастырылады.

**ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚСЫЗДЫҚ** — ғылыми білімге, атап айтқанда білімге берілген негізгі талаптардың бірі. Білімнің әрбір жекелеген жүйесіне қатысты бірқатар ұсыныстар жасау және оны теріске шығару бір мезгілде жүргізілмейді.

**ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ** — 1) екінші деңгейдегі банктердің студенттерге беретін несиелеріне кепілдік беру; 2) бұрын берілген мемлекеттік білім және студенттік несиелерді қайтаруды камтамасыз ету (сенім білдірілген өкілдің (агенттің) қызметін атқару) үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі құрған акционерлік қоғам.

**ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС** — адамдар арасындағы дыбыстық-белгілік (сөздік) өзара іс-әрекет; оның барысында және соның көмегімен ақпараттар алмасу, қатынастар орнату мен қалыптастыру, кімнің болса да іс-әрекетін басқару жүзеге асады.

Тұлға мен топты дамыту мен қалыптастырудың қажетті жағдайы.

**Қарым-қатынастың жетекші түрлері** — тұлғаның дамуының сол кезеңіне сәйкес, адамның негізгі тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына әкелетін, қандай да бір жас кезеңіндегі қарым-қатынастың басым түрі.

**Құрылымы** бойынша:

- **тікелей** — қатысушылардың тікелей өзара қарым-қатынасының басым көпшілігінде ауызша сөйлеу арқылы жүзеге асырылатын түрі;

- **жанама** — негізінен жазбаша сөйлесу арқылы іске асырылатын жанама қарым-қатынас түрі болып бөлінеді.

Пайдаланылатын **құралдары** бойынша:

- **вербальды** — тіл, сөз арқылы қарым-қатынас жасау;

- **вербальды емес** — басқа адаммен немесе адамдар тобымен сөзді пайдаланбай белгілер, символдар, ым, ишара, пантомимика арқылы қарым-қатынас жасау.

Түрлері:

- 1) **кинесика** — қарым-қатынастағы көру арқылы қабылдайтын ақпараттар жиынтығы (дене қозғалысы, ым, ишара, тұрыс, қарау, киіну, тарану әдеті және т.б.):

- **ым** — адамның ішкі эмоционалдық жай-күйін көрсететін бет бұлшық еттерінің мәнерлі қозғалысы, оларға жататындар: тандану, корқу, ашулану, қызығу, жеккөрушілік, жаратпаушылық, уайым, бақыт және т.б. Негізгі танымдық күш көзге, кабаққа және ерінге түседі.

Көбінесе мұғалімнің ымдауы оқушыларға сөзден гөрі анағұрлым күштірек әсер етеді. Балалар мұғалімнің бетін «оқып», оның көңіл күйін, қатынасын анықтайды, сондықтан педагог тек іске қатыстысын ғана көрсете алуы тиіс;

- **ишара** — адам денесінің жекелеген бөліктерінің қозғалыс әрекеті арқылы болатын қарым-қатынастың қосымша құралы.

Ишаралық қозғалысты келесі топтарға бөлуге болады:

— **ишара-иллюстраторлар** — бұл берілетін хабардың мәнін бейнелі етіп көрсетуші хабарлау, нұсқау ишарасы;



– *ишара-реттеушілер* – адамның әлденеге немесе әлдекімге деген қатынасын білдіретін ишара;

– *ишара-эмблемалар* – қарым-қатынастағы сөзді немесе сөйлемді алмастырушы ерекшелік;

– *ишара-адапторлар* – адамның әдетін көрсететін қолдарының ерекше қозғалысы;

– *ишара-аффлекторлар* – адамның белгілі бір эмоциясын сенімділік, күмән, бағалау, күдіктілік, өзіндік бақылау, күту, қобалжушылық, дайындық және т.б. ретінде көрсететін ишаралар.

Ишаралар ашық және жабық болуы мүмкін. Біріншісі – психологиялық ашықтықты, өнімді қатынас жасау тілегін білдіреді. Бұл қол мен аяқтың айкаспаған және тұйықталмаған тұрысынан көрінеді. Екіншісі – психологиялық жабықтықты, жағдаяттықтан кетуге бет алғандығын білдіреді. Сырттай олар қол мен аяқты айкастырып тұруынан көрінеді.

**Конгруэнттік** – педагогикалық қарым-қатынас процесінде мұғалімнің сөзбен айтқандарының ишаралармен сәйкес келу дәрежесі;

• *тұрысы* – адам денесінің тұрысы сөздік емес қатынас құралы болып табылады.

Мұғалімнің осы құралды пайдалану білігі – педагогикалық шеберлік көрсеткішінің бірі;

2) **проксемика** – қарым-қатынасты кеңістіктік және уақыттық ұйымдастыру нормаларымен айналысатын психологияның ерекше саласы.

Процестің кеңістіктік және уақыттық ұйымдастырылуы ерекше белгілік жүйе ретінде көрінеді, мағыналық мәнге ие болады, коммуникативтік жағдаят компоненті болып есептеледі. Бұл нормаларды білу мұғалімге *педагогикалық қарым-қатынасты* біліктілікпен құруға көмектеседі;

3) **пара** және **экстралингвистика** (дауыс үндестігі, дауыс құбылысының сүйкімділігі, қаттылығы және сөздің жылдамдығы, іркілісі);

4) **көзбен көру қарым-қатынасы** (көзбен байланысу);

5) **такесика** (жанасу).

Адамды айқындайтын табиғи және жасанды иістер (ольфакторлы) жүйесі де белгілі бір рөл атқарады. Мұғалімнің вербальды емес қатынасты дәл таңдау тәсілі тәрбиеленушілермен өзара жақсы түсінісуге көмектеседі, педагогикалық өзара іс-әрекеттің эмоционалды ахуалын және оның қатысушыларының хал-жағдайын анықтайды.

**Кеңістік сипаттары** бойынша:

• **аралықты** – қашықтықтағы қарым-қатынас;

• **контактілі (түйіскен)** – бетпе-бет қарым-қатынас.

**Түрлері:**

• **танымдық** – адамды, оның ішкі дүниесін сезіну, оның психикалық жай-күйін әрбір жеке сәтте сезіне білу, оның мінез уәжін түсіну арқылы қабылдау білігі;

• **фатикалық** – қарым-қатынас процесі үшін ғана мағынасыз қарым-қатынас.

**Көпшілдік** – тұлғаның басқа адамдармен қарым-қатынас қажеттілігі мен олармен өзара түсінушілікті орнату қабілеттілігінен көрінетін мінез ерекшелігі. Көпшіл адамға байланыс жеңілдігі, қарым-қатынас жағдаятында қобалжымау білігі, топта бастамашылдыққа, көшбасшылыққа ұмтылу тән.

**Мутизм** – сөйлеу құралы мүшелерінің зақымданбай-ақ сөздік қатынастан бас тарту. Шошу, өкпелеу, дау-жанжал, шама жетпейтін талаптар нәтижесінде, көбінесе ұлшак, жасқаншак, физикалық әлсіз адамдарда пайда болуы мүмкін. Себебі – баламен дұрыс өзара әрекет жасамау, оның жеке өзіндік ерекшелігін, даралығын мойындамау. Егер психикалық аурумен ауырмаса, онда психотерапевтік тәсілмен жойылады. Ұзақ уақыттық мутизм психикалық дамуын тежеуге (ПДТ) алып келуі мүмкін.

**ҚАТЫНАС** – тұлғаның объективті шындықтың әр алуан жақтарымен жеке, таңдамалы, саналы байланысының тұтас жүйесі. Жекелеген нысандардың, құбылыстардың,

адамдардың, сол адам үшін маңызы бар нақты мәнге ие болғандығын сипаттайды. Адамның он немесе теріс өзара қатынас тәжірибесі оның өзіне деген жеке қатынасының қалыптасуына ықпал етеді. А.С. Макаренко тәрбие дегеніміз тәрбиеленушіде қатынас жүйесін қалыптастырудан басқа ештеңе де емес деп санаған болатын.

**Бөлінеді:**

- **тулғааралық** — адамдардың өзара субъективті сезімді байланысы; өзара бірлескен іс-әрекет және қарым-қатынас процесіндегі адамдардың бір-біріне көрсететін өзара ықпалдарының сипатынан және тәсілдерінен көрінеді;

- **оқушының оқуға** — оқушының оқу саласындағы қабылдау, ойлау және әрекет ету бағыттылығы мен қарқындылығын анықтайтын орныққан ұстанымы;

- **педагогтер мен тәрбиеленушілер** — қоғамның барлық өндірістік, саяси, құқықтық және моральдық жүйесімен шартталған педагогтардың білім беру міндеттерін шешуге бағытталған өзара іс-әрекеті. Педагог пен тәрбиеленушінің мектептегі қатынас ережесі гуманды немесе педагогикалық мақсаттылық қатынас болып табылады.

**ҚАУЫМДАСТЫҚ** — 1) бірлестік, адамдар одағы, ұйымдар, мекемелер, мемлекеттер одағы (мысалы, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары қауымдастығы, мемлекеттік емес білім беру мекемелерінің қауымдастығы, т.б.); 2) (терминді Дж. Локк енгізген) біреуінің өту процесі басқаларының көрінуін тудыратын, белгілі бір жағдайда екі немесе одан да көп психологиялық процестер (түйсіктер, қабылдаулар, елестетулер, пікірлер, т.б.) арасындағы байланыс.

Қауымдастық сырттан ықпал ету әсерінен туындап, шындықтағы заттар мен құбылыстардың нақты байланыстарын белгілейді және адамдардың жалпы психикалық өмірінде өте маңызды орын алады. Онда адамның өткен тәжірибесі, оның өткен практикасы жаңадан бекітіледі.

Бөлінеді:

- ұқсастығы бойынша (көгілдір — көк)
- карама-қайшылығы бойынша (қара — ақ)
- кеңістік пен уақытқа байланысты (баланы қараңғы бөлмеде кездейсоқ қорқытса, қараңғыдан қорқатын болады)
- себеп-салдарлық (жарықтың қатты жарқ ете калуы — ауырсыну сезімін), т.б.

**ҚАШЫҚТАН КОМПЬЮТЕРМЕН ТА-СЫМАЛДАУ** — физикалық нысанның өзінің орналасқан жерінен қандай үлкен қашықтықта болса да, нысанмен жұмыс компьютер арқылы жүзеге асырылатын, автоматтандырылған зертханалық практикум жүйесінің жұмыс тәртібі.

**ҚАШЫҚТАН ОҚИТУ (ДИСТАНТТЫ, ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ)** — білім беру мекемелерінен қашықта орналасқан адамдардың дамуы мен оқу әрекетін мақсатты және әдістемелік ұйымдастырылған түрде, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың көмегімен басқара отырып оқытудың бір түрі: оқулықтарды және т.б. баспа басылымдарын, оқытылатын материалдарды компьютерлік телекоммуникациялар арқылы беру, компьютерлік телекоммуникациялар арқылы жүргізілетін бейнетаспалар, пікірсайыстар және семинарлар, ұлттық және аймақтық теледидар мен радиостанциялар арқылы оқу бағдарламаларын тарату, кабельдік теледидар және дыбысты пошта, екі жақты бейнеконференциялар, телефон арқылы кері байланыспен бір жақты бейне таратулар және т.б.

Оқу процесін ұйымдастыру әдістері бойынша сырттай оқу түріне, ал оқу процесінің толықтығы және қарқыны жағынан күндізгі оқу түріне жақын.

Оқушылардың оқу орнын және оқу уақытын таңдауындағы оралымдылығын, негізгі қызметінен қол үзбей оқуына мүмкіндігін қамтамасыз етеді, оның ішінде ең алыстағы аудандарда тұратындар үшін де, пән таңдау бостандығын, белгілі ғылым, білім және мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас мүмкіншілігін береді, оқушылар-

дың және оқытушылардың интерактивтік әрекеттестігіне жағдай жасайды, өзіндік жұмыстарының қарқыны мен оқушылардың өздігінен білім алу қажеттілігін қанағаттандырады.

Қашықтан оқыту кезінде оқу әрекетінің барлық түрлері ескерілген: кеңес беру, семинарлар, лекциялар, зертханалық жұмыстар, курстық және дипломдық жобалар (жұмыстың) және т.б. Арнайы дайындалған оқу-әдістемелік жабдықтамалар және жұмыс бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулар, оқу құралдары, аудио-бейне курстары, электронды оқулықтар енгізілген ақпараттық технологиялар қолданылады. Оқу процесін басқару және әдістемелік материалдарды оқушыларға жеткізу үшін электрондық кітапхана және т.б. жүйелерден тұратын арнайы программалық жабдықтамалар пайдаланылады.

#### **Негізгі сипаттамалары**

**Икемділігі.** Негізінде, білім алушылар үзбей дәрістер мен семинарларға қатыспай-ақ, өздеріне ыңғайлы уақытта, ыңғайлы жерде, негізгі қызметінен қол үзбей оқу-на мүмкіндіктің болуы. Әркім тақырыпты игеру үшін қанша оқу керек болса, сонша оқи алады.

**Модульдігі.** Бағдарламалар модульдік принципте құрылады. Әрбір жеке курстың модульдері бір пән саласы бойынша тұтас түсінік қалыптастырады. Бұл жеке және топтық қажеттіліктерге жауап беретін, тәуелсіз модульдер-курстарының жиынтығынан оқу бағдарламасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**Экономикалық тиімділігі.** Оқытудың дәстүрлі түрлерінен 50%-ға арзанға түседі. Оқытудың біршама төмен өзіндік құны сығыстырылған мәліметтерді пайдалану есебінен (барлық курс бірыңғай пакетке жиналған) және мазмұнын үйлестіру, қашықтықтан оқыту технологиясы бірден көптеген оқушыны қамтитындықтан, сонымен қатар іссапар шығындарын және біліктілікті арттыруға қызметкердің жұмыс

уақыттарының шығынын қысқарту есебінен қамтамасыз етіледі.

**Оқытушының жаңа рөлі.** Оған оқу жобаларына басшылық жасау, жеке оқу жоспарларын құру кезіндегі кеңес беру және т.б. функциялар жүктеледі. Оқытушы мен оқушының арасындағы қарым-қатынас электронды пошта, факс және телефон байланысы, сол сияқты Интернет желісі арқылы іске асады.

#### **Сапаны арнайы бақылау**

Бақылау түрлері ретінде қашықтан ұйымдастырылған емтихандар, компьютерлі интеллектуалды тестілеу жүйесі, экстернет және т.б. қолданылады. Сапаны бақылау проблемаларын шешу, оның білім беру стандарттарына сәйкестігі барлық қашықтан оқыту жүйелері және білім мен ғылым саласындағы аттестациялауда табысқа жетуіне түбегейлі (принципті) мәнге ие болады. Оның шешімінің табыстылығы дистанциялық оқу курстарын академиялық мойындауға, сынақтың дәстүрлі оқу мекемелерінде есепке алу мүмкіндігіне жеткізеді. Сондықтан бақылауды іске асыру үшін мемлекеттік тестілеудің бірыңғай жүйесі құрылуы керек.

Ол келесідей үш компоненттен тұрады:

**1. Ашық оқу** – барлық тілек білдірушілерге қолайлы, білімдерінің негізгі деңгейіне саралау жүргізбей, қашықтан оқудың технологиялары мен әдістемелерін қолданатын және оқушыларға ыңғайлы екіпінде оқытуды қамтамасыз етіп оқыту жүйесі.

**Ашық қашықтан оқыту (АҚО)** – оқу процесінің орындалуына уақыттық және аймақтық талаптар төртінбін белгілемейтін оқыту түрі; оқу орнына бармай-ақ оқудың, бірақ оқытушылардан уақтылы кеңестер алу мүмкіншілігін қамтамасыз ететін, осы заманғы педагогикалық, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың, әдістері мен құралдарының жиынтығы.

**Ашық білім беру порталы** – ашық оқуды жүргізуге және басқаруға мүмкіншілік

беретін, дербес интерфейспен реттелген желілі компьютерлік жүйе.

Бас желіге арнайы кіру. Мамандандыру порталды белгілі іс-әрекет пен салаға қажетті жүйе және сервис жиынтығымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

## 2. Компьютерлік оқу.

### 3. Коммуникациялардың компьютерлік жүйесі (Интернет).

Аталған компоненттер баланың танымдық мотивациясын қатты күшейту арқылы дистанциялық оқу технологиясын ХХІ ғасырдың технологиясына айналдырды.

**Қашықтан білім беру технологиялары** – оқытуды оқушы мен педагогикалық қызметкерлердің алыстан немесе шартты түрдегі қашықтан ақпараттық және телекоммуникациялық құралдардың көмегімен жүзеге асыру.

**Оқу-әдістемелік материалдардың жинағы.** Қашықтан оқу негізінен оқытылатын оқу материалдарын өздігінен оқып білуге бағыттаған. Бұл оқу-әдістемелік құралдар жинағының құрамына және мазмұнына ерекше талаптар қояды.

### Жинақтың құрамы және мазмұны.

1. Оқушыда мынадай әдістемелік нұсқаулар болу керек:

– қашықтан оқудың ұсынылып отырған нұсқасының ерекшеліктері туралы толық ақпарат;

– өздігінен білім алуды, өзін-өзі басқаруды, өзіндік бақылауды ұйымдастыру оқу-танымдық әрекеттің технологиясы;

– бақылау тапсырмаларын, сынақтардың, емтихандардың және т.б. тапсырылуы кезінде сұрақтардың пайда болған жағдайында оқу орнымен қарым-қатынастың тәртібі болу керек.

2. Игеруге арналған оқу жүктемесін өзінің тіршілік жоспарларымен келісе шешу үшін оқушыға барлық материал көлемін бағалай алатын, оқу жоспары мен оқу бағдарламасы қажет.

3. Жақын арадағы семестрдің сабақ кестелері, бақылау жұмыстарының, реферат-

тардың, сынақтардың және т.б. тапсыру мезгілдері.

4. Теориялық және практикалық оқуды өз бетінше орындауға арналған оқу материалдары. Осындай оқуды іске асыруға кәсіптік білім берудің модульдік технологиясы мүмкіндік береді. Оқу орындарының және оқушының техникалық жабдықталғанына байланысты оқу материалдарын қағазбен, аудио-бейнетаспаларымен, дискілерде, компьютерлік желі арқылы ала алады.

5. Оқудың аралық немесе ақырғы қорытындысы бойынша бақылау тапсырмалары.

Оқу материалдары келесі оқыту құралдарында болуы мүмкін:

- баспа басылымы;
- иілгіш магниттік, лазерлік немесе қатқыл дискідегі электронды басылым;
- әдеттегі және мультимедиялық нұсқадағы компьютерлік оқыту жүйелері;
- оқу-ақпараттық аудиоматериалдар;
- оқу-ақпараттық бейнематериалдар;
- зертханалық қашықтан жағтықтыру сабақтары;
- тренажер-бағдарламалар;
- алыстан қол жетерлік электронды кітапхана;
- эксперттік оқыту жүйелерінің негізінде дидактикалық материалдар;
- компьютерлік желі;
- теледидар хабарлары.

**Қашықтан оқыту курстары** – оқытушы орналасқан жерден бөлек жердегі оқушының оқуына арналған, оқу мақсаты анықталып берілген, бірнеше оқытушының қатысуымен, коммуникациялық құралдардың болуы мен оқылатын пән мазмұны сипатталып құрастырылған оқу бағдарламасы.

Технологиялар оқитын оқу материалдарын оқушыға жеткізу ерекшелігіне сәйкес анықталады. Қашықтан оқыту курстарына келесі технологиялар және олардың үйлесімдері ұсынылады:

**1) кейс – әдісі (кейс – технология)** – өндіріс жағдайларын модельдеу мен шешуге мамандандырылған кәсіптік дайындау

жүйесі. Курс оқу бағдарламасына сәйкес даярланған және жинақталған оқу-әдістемелік материалдары түрінде беріледі. Курсты қосымша оқу материалы бар аудио және бейнетаспалармен толықтыруға болады. Оқу материалының құжаттама пакеті пошта арқылы жіберіледі немесе оқушының өзіне тапсырылады. Көп жағдайларда құжаттама пакеті оқу орнының меншігіне жатады және оқу аяқталғаннан кейін иесіне қайтарылуы керек;

**2) CD-ROM технологиясы.** Курс CD дискісі түрінде мультимедиялық интерактивтік өнім түрінде беріледі. Курс компьютер көмегімен үйде немесе жұмыс орнында оқытылады;

**3) Желілі технология.** Курс білім ұйымдарының оқу серверіне желілі қатынас арқылы оқытылады.

**Интернет-курстары (интернет – технология)** – сабақтарға қатысуды интернет желісі құралдарының көмегімен ойластыратын, ашық қашықтан оқу процесінің бөлімі.

**Ақпараттық-білім беру ортасы** – пайдаланушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруына бағытталған ақпараттық қорлар, қарым-қатынас хаттамалары, аппараттық-бағдарламалық және ұйымдық-әдістемелік қамтамасыз етуге қажетті жүйелі ұйымдастырылған мәліметтерді жеткізу құралдарының жиынтығы.

**Виртуалды білім беру ұйымы** – оқытуды ақпараттық (компьютерлік) технологиялардың қолдануға сүйене отырып ұйымдастыратын оқу орындарының жаңа үлгісі.

**ҚИЯЛ** – бұрынғы қабылданған түйсіктер, бар білімдер мен тәжірибелер негізінде жаңа елестетулер, ойлар мен образдар жасаудың психологиялық процесі.

Пайда болған проблемалық жағдайдың шешу жолы айқын болмағанда, ойша әрекет бағдарламасын құрудан көрінеді. Адамның еңбегі барысында туып, дамыған арнайы әрекеті болып табылады. Бірақ бұл жерде нақты болмыстан біраз алшақтау байқалса да, ол өзінің шығу тегінде объек-

тивті шындық болып, адамның тәжірибелік қызметін реттеуге қатысады. Физиологиялық негізі – уақыттық байланыстардың өткен тәжірибесінде жасалған жаңа қатынастар қалыптастыру болып табылады.

Ажыратылады:

- **белсенді (ерікті)** – адам өз еркімен, жігер күшімен өзінде сәйкес образдар тудыратын қиялдау;

- **жаңғырған (көшірмелі)** – берілген схемаға, чертежге, суретке немесе сөздік сипаттамаға сәйкес затты ойша елестету;

- **енжарлық (еріксіз)** – образдар кездейсоқ, адамның жігері мен қалауынан тыс туатын қиялдау;

- **шығармашылық (нәтижелі)** – өзінің ойлауына сәйкес образ жасауға қажет материалдарды іріктеуді талап ететін, жаңа образдарды өз бетімен жасау; ол әр түрлі шығармашылық әрекетте мәнді рөл атқарады.

Шығармашылық қиялдаудың ерекше формасы **арман** болып табылады – әрекетке күшті ынталандыратын, егер ол шынында жүзеге асырылатын адам әрекетінің бағдарламасын көрсетсе, адам оны іске асыруға күресетін ансаған болашақтың образдарын жасауға тырысады.

**Қиялдауды дамыту.** Оқушыларда олардың қабылдауды дамыту негізінде қалыптасады. Балалардың қабылдау тәжірибесін, арнайы бақылауларын байытып, сонымен қатар мұғалім оның қиялдауды дамытады. Оқушыларда қиялдап елестету тез дамиды. Бұған баланың заттар мен құбылыстарды өте кең шеңберде таныстыратын оқыту мен тәрбиелеу процесі әсер етеді. Оқушыларды шығармашылық үйірмелерге тарту өте маңызды (сурет, әдебиет, техникалық шығармашылық бойынша, т.б.). Бұл жерде арнайы әдістемелік тәсілдердің рөлі зор – картиналар бойынша әңгімелер мен шығармалар, мәтіндерге суреттер салу, географиялық карта бойынша оқушылар бағыт алған жерлер мен елдердің табиғаты, ландшафтыларын көрнекі сипаттау арқылы ойша саяхаттау, сол заманның оқиғаларының, адам-

дарының өмір сүруі мен тұрмысын көрнекі көрсетумен өткенге саяхат жасау.

Қиялдаудың дамуына көркем әдебиетті оқу, кинокартиналарды көру, театрларға, картиналар галереясына, мұражайларға бару, ұйымдасып музыка тыңдау, табиғатқа экскурсияларға шығу, т.б. өсер етеді.

**ҚОЛДАНБАЛЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ-ЛЕР** — практикалық мақсаттар мен нақты міндеттерді шешуге қол жеткізу үшін жаңа білім алуға және қолдануға бағытталған қызмет.

**ҚОЛЖАЗБА** — қолмен немесе жазу машинасында, компьютерде теріліп басылған мәтіннің түпнұсқасы немесе көшірмесі.

**ДЕПОНДАЛҒАН ҚОЛЖАЗБА** — ғылыми мәртебесі бар, мемлекеттік мекемеге сақтауға берілген құжаттардың ерекше санаты.

**ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ** — 1) оқушылардың білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатымен іске асыратын тәрбиелеу және оқыту процесі; 2) білім беру бағдарламаларының шеңберіне және мемлекеттік білім беру стандарттарына кіретін, халыққа, кәсіпорынға, мекемелерге, ұйымдарға (қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқу, арнайы курстарды және пәндер циклдерін оқыту, репетиторлық және т.б.) ақылы білім беру.

**Қосымша білім беру ұйымдарында** іске асырылады — қоғамның, мемлекеттің, азаматтардың қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында негізгі білім беру бағдарламаларынан тыс, қосымша оқу бағдарламаларын әр түрлі бағытта іске асыратын білім ұйымдары.

Оларға жоғары оқу орындары, институттар және біліктілікті арттыру факультеттері, курстар, кәсіптік бейімдеу орталықтары, музыка және көркем мектептері, өнер мектептері, балалар шығармашылық үйлері, жас техниктер станциялары, натуралистер станциялары және т.б. жатады.

Оның негізгі түрі — **біліктілікті арттыру және қайта даярлау** — бұрын алған кәсіптік білімдерін жаңарту және тереңдету,

қызметкерлердің іскерлік қасиеттерін жетілдіру, кәсіптік қызметтерімен байланысты олардың білім алу қажеттілігін қанағаттандыру болып саналады.

Біліктілікті арттыру және қайта даярлаудың қазіргі заман жүйесі қосымша білім берудің, білім беру бағдарламаларын іске асыратын ғылыми ұйымдарының, сонымен қатар өндірісте, мемлекеттік ғылыми ұйымдары ғылыми қызметкерлерінің жоғары оқу орындарының жетекші жоғары оқу орындарындағы ғылыми тәжірибесі, ғылыми орталықтарда және халықаралық «Болашақ» стипендиясы бойынша әлем зертханаларында өту кезінде іске асырылатын білім беру ұйымдарының жиынтығын көрсетеді.

Білім беру ұйымдарының педагогикалық және ғылыми қызметкерлер біліктілігін арттыру бес жылда бір рет іске асырылады.

**Негізгі принциптері:**

- білім беруді басқарудың жергілікті органдарының ауқымды инициативасы мен жалпы мемлекеттік көзқарасының үйлесуі;
- педагогикалық қызмет орындарының барлық кезеңінде үздіксіз біліктілікті арттыру; жүйенің әр түрлі буындарының іс-әрекеттерінің келісімділігі мен сабақтас-тығы;

- педагогикалық ғылым және педагогикалық тәжірибесінің өзекті жетістіктерін, білім беру жүйесінің даму болашағын ескере отырып алда болу сипаты.

Бұл жұмыс әр түрлі тақырыптық, мақсатты және проблемалы оқытатын курстарда жұмыстан қол үзбей іске асырылады, сондай-ақ жоғары дәрежеде курсанттардың (тыңдаушылардың) жеке қызығушылығын және қажеттіліктерін ескеруіне мүмкіндік береді, оларға қандай көмек көрсету керектігін анықтайды. Курстардың ұзақтығын олардың мақсатты бағытына байланысты өзгерте алады.

**ҚОСЫМША КҮШ** — тәрбиеленушінің жекелеген әрекетінің немесе оның тұтастай мінезінің дұрыстығын (оң қосымша

күш) немесе кателігін растаушы педагогикалық шаралар жүйесі.

Бұл, бөрінен бұрын, ынталандыру әдісінің жүйесі, атап айтқанда марапаттау мен жазалау.

**ҚЫСҚАША БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМА** – құжаттарды сәйкестендіруде қажет, құрамына библиографиялық сипаттаудың міндетті элементтері кіретін сипаттама.

**ҚҰЖАТ** – 1) ақпаратты жазып қою, бекітілген тәртіппен дайындалған және күші бар заңнамаға сәйкес құқықтық мағынасы бар материалдық нысана; 2) фактілер, оқиғалар, объективті ақиқат құбылыстары және адамның ойшыл қызметін әр түрлі тәсілдермен арнайы материалда (қағазға, фото және киноплёнқада, магниттік лентада және т.б.) көрсету:

- **мұрағаттық (тарихи)** – мемлекеттік мекемелер, қоғамдық ұйымдар және жеке тұлға қызметі нәтижесінде жасалған құжаттардың жиынтығы (материалдардың);

- **қайталанған** – мақсатты сұрыптау негізінде және бір немесе бірнеше алғашқы құжаттардың талдауынан алынған құжаттар;

- **жеке** – зерттеу субъектісіне жататын немесе оған тікелей қатысы бар (хаттар, күнделіктер, дәптерлер және т.б.) материалдар;

- **ресми емес** – күнделіктер, шығармалар, өмірбаяндар және субъективті тұрғыдағы басқа да материалдар;

- **қоғамдық** – мұрағаттар, баспасөз мәліметтері, жиналыстар хаттамасы, мінездемелер, сынып журналдары және т.б. дербес құжаттардың бір түрі;

- **ресми** – үкімет материалдары, мемлекеттік статистика мәліметтері, оқу орындарының ағымдағы құжаттары, сынып журналдары, оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарлары және т.б.

- **бастапқы (алғашқы)** – істің тікелей жағдайын көрсететін ақпараттары бар материалдар.

**ҚҰЖАТ МӘТІНІН КВАНТИФИКАЦИЯЛАУ** – мәтінді болжам тіліне аудару және

түсініктің қайталануының сандық көрсеткіші.

**ҚҰЖАТТЫ ІЗДЕУ МӘЛІМЕТТЕРІ** – мұрағаттық шифр мен парак (бет) нөміріне сілтеме жасауды қосатын құжаттарды сақтау орны туралы мәлімет.

**ҚҰЖАТТЫҢ ҮЛГІСІ** – ақпаратты құжатта орналастырудың реті.

**ҚҰЖАТТЫҢ ЭКВИВАЛЕНТТІГІ** – әлемдік тәжірибеде – өзге елде алынған, білім туралы құжатты (аттестат, диплом) мойындау, теңгестіру.

**ҚҰЗЫРЕТ** – І. Заңмен, жарғымен немесе нақты органдардың, болмаса лауазымды тұлғалардың басқа актілерінде көрсетілген уәкілеттілік шеңбері:

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің білім беру саласындағы құзыреті:**

- 1) білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске асырады;
- 2) білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары мен білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық жоспарларын әзірлейді және Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсынады, оларды іске асыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

- 3) еңбек нарығының кадрларға қажеттігін ағымдағы және келешектегі тұрақты мониторингі жүйесін қалыптастырады;
- 4) әлеуметтік әріптестердің кәсіптік білім беру проблемаларын шешуге қатысуын қамтамасыз етеді және республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің білім беру ұйымдарындағы мамандар даярлауды қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді;

- 5) білім грантын беру ережелерін бекітеді;
- 6) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеу, бекіту тәр-

тібін және оның қолданылу мерзімдерін айқындайды;

7) Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау ережелерін және Білім беру ұйымдарын аккредиттеу ережелерін бекітеді;

8) біліктілік талаптарын және Білім беру қызметін лицензиялау ережелерін бекітеді;

9) мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру тәртібін анықтайды;

10) халықтың орналасу тығыздығына және елді мекендердің қашықтығына қарай білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекітеді;

11) мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің типтік штаттарын, сондай-ақ педагог қызметкерлер мен оларға тенестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін айқындайды;

12) Қазақстан Республикасының Президентіне жеке адамның тәрбиесіне, оқуына және кәсіптік қалыптасуына аса зор үлес қосқан жекелеген білім беру ұйымдарына ерекше мәртебе беру туралы ұсыныс енгізеді және Инновациялық университет туралы ережені бекітеді;

13) мемлекеттік басқару органының ұсынысы бойынша бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарын құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

14) білім беру мониторингін жүзеге асырудың тәртібін белгілейді;

15) «Болашақ» халықаралық стипендиясын беруге арналған Үміткерлерді іріктеу ережелерін бекітеді;

16) мемлекеттік атаулы стипендияларды бекітеді;

17) «Алтын белгі» белгісі туралы ережені бекітеді;

18) «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» және «Үздік педагог» атақтарын беру ережелерін бекітеді;

19) тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын

білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелерін бекітеді;

20) дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің ережелерін бекітеді;

21) әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережелерін бекітеді;

22) жұмыс көрсеткіштері жоғары мемлекеттік білім беру мекемелеріне Гранттар беруге арналған мемлекеттік конкурстарды өткізу ережелерін және оларды пайдалану тәртібін бекітеді;

23) бірінші басшыларын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын жоғары оқу орындарының тізбесін және оларды тағайындау, аттестациядан өткізу және қызметтен босату тәртібі туралы ережелерді бекіту туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс енгізеді.

### **Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай функцияларды орындайды:

1) азаматтардың білім беру саласындағы конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз етеді;

2) білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асырады, салааралық үйлестіруді жүзеге асырады, білім беру және ғылым саласындағы мақсатты және халықаралық бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;

3) білім беруді дамытудың жай-күйі туралы жыл сайын баяндама әзірлеу және жариялау арқылы қоғам мен мемлекетті білім беру жүйесінің жай-күйі және оның қызметінің тиімділігі туралы нақты ақпаратпен қамтамасыз етеді;

4) білім беруді басқару жүйесінің білім беру мониторингін және оны ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесін ұйым-



дастыру және оның жұмыс істеу ережелерін бекітеді;

5) білім беру сапасын басқаруды, білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметін әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

6) білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (медициналық және фармацевтік білім беруден басқа) стандарттарын әзірлеуді ұйымдастырады және бекітеді, білім берудің барлық деңгейінің типтік білім беретін оқу бағдарламаларын және типтік оқу жоспарларын бекітеді;

7) конкурстық іріктеу тәртібі мен критерийлерін бекітеді және инновациялық білім беру бағдарламаларын енгізетін университеттердің конкурсын өткізеді;

8) білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны және (немесе) қосымшаларды:

– жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларға;

– білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын және республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын заңды тұлғаларға;

– рухани білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларға (діни оқу орындары);

– Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын және білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын халықаралық және шетелдік заңды тұлғаларға береді;

9) меншік түрлері мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын (медициналық және фармацевтік білім беруді қоспағанда), сондай-ақ республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізеді;

10) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын аккредиттеуді ұйымдастырады;

11) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелерін бекітеді;

12) ұлттық бірыңғай тестілеуді, сондай-ақ кешенді тестілеуді өткізу технологиясын әзірлейді және бекітеді;

13) мүдделі министрліктермен, өзге де орталық атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен өзара іс-қимыл жасай отырып, кәсіптік оқу бағдарламаларының деңгейі бойынша кадрлар даярлау үшін кәсіптер мен мамандықтар тізбесін айқындайды және кәсіптер мен мамандықтардың жіктелуін бекітеді;

14) меншік түрлеріне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарында оқу жылының басталу және аяқталу уақытын айқындайды;

15) оқытудың сырттай, кешкі және экстернат түрлерінде білім алуға жол берілмейтін кәсіптер мен мамандықтардың тізбесін белгілейді және жоғары білім беретін білім беру ұйымдарында экстернат түрінде оқытуға рұқсат береді;

16) білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгісі бойынша ауыстырудың және қайта қабылдаудың ережелерін бекітеді;

17) білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар берудің тәртібін бекітеді;

18) мемлекетаралық бақылауды жүргізу ережелерін және санының асып кетуі кезектен тыс мемлекеттік аттестаттауға әкеп соғатын мемлекетаралық бақылаудан өтпеген білім беру ұйымдарында білім алушылардың шекті санын бекітеді;

19) білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекітеді;

20) кәсіптік даярлық деңгейін растаудың және техникалық қызмет көрсететін еңбек кәсіптері (мамандықтар) бойынша біліктілікті берудің тәртібін әзірлейді және бекітеді;

21) білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау тәртібін белгілейді;

22) білім және (немесе) біліктілік туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді, олармен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын, ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарын қамтамасыз етуді ұйымдастырады және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

23) білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептік құжаттардың формасын әзірлейді және бекітеді, білім туралы құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптарды айқындайды; білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама формасын бекітеді;

24) білім беру қызметтерін көрсетудің типтік және кәсіптік практикадан өткізуге арналған типтік шартының формаларын бекітеді.

25) оқу-әдістемелік жұмысқа басшылықты жүзеге асырады және жүргізуді үйлестіреді, оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың және жүзеге асырудың ережелерін, оқытудың кредиттік технологиясы және қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастырудың ережелерін бекітеді;

26) республикалық орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ халықаралық келісімдерге сәйкес шетелдік мектептерде оқитын отандастарды оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етеді;

27) оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын

әзірлеу, сараптама жасау және басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ережелерін бекітеді және осы жұмысты ұйымдастырады; білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды, оқу құралдары мен басқа да әдебиеттерді, оның ішінде электрондық түрлерін де пайдалануға рұқсат етеді;

28) республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;

29) жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстарды, орындаушылар мен кәсіби шеберліктің республикалық конкурстарын ұйымдастыру ережелерін бекітеді және өткізуді ұйымдастырады;

30) ведомстволық бағынысты ұйымдарды белгіленген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруды жүзеге асырады;

31) ведомстволық бағыныстағы білім беру мекемелерінің жарғыларын бекітеді;

32) білім беру ұйымдарында меншік түрлеріне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының және нормативтік құқықтық актілерінің, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы ұйымдардағы бюджеттік және қаржылық тәртіптің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалуына мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асырады;

33) Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарының басшыларын қоспағанда, ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады. Білім беретін ведомстволық бағыныстағы ұйым басшысының орынбасарларын және бас бухгалтерін тағайындауға келісім береді;

34) педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлға лауазымдарының үлгілік

біліктілік сипаттамаларын әзірлейді және бекітеді;

35) мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық формасындағы мемлекеттік орта білім беретін ұйымдардың басшыларын конкурстық тағайындау ережелерін бекітеді;

36) жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерін лауазымдарға конкурстық тағайындау ережелерін бекітеді;

37) педагог қызметкерлерді аттестаттау ережелерін бекітеді;

38) педагог кадрларды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

39) салалық ынталандыру жүйесін әзірлейді және бекітеді;

40) шетелдік әріптестермен келіссөздер жүргізеді және өз құзыреті шегінде білім беру саласында, сондай-ақ ғылыми қызметте халықаралық шарттарға (келісімдерге) және бағдарламаларға қол қояды; білім беру ұйымдары жүзеге асыратын халықаралық ынтымақтастық ұйымдарының ережелерін белгілейді және осы жұмысты үйлестіреді;

41) шет елге оқытуға жіберу тәртібін белгілейді;

42) білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды және аккредиттеуді ұйымдастыру және оларды жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

43) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сондай-ақ республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады;

44) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын нұсқамада белгіленген мерзімде жою туралы орындалуы міндетті жазбаша нұсқамалар береді.

**Білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті.**

1. Жергілікті өкілді органдар:

1) тиісті өкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы жергілікті атқарушы органдар ұсынған білім беруді дамыту бағдарламаларын бекітеді, олардың орындалуы туралы есептерді тыңдайды;

2) білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруі туралы шешім қабылдайды.

2. Облыстың жергілікті атқарушы органы:

1) білім беруді дамыту бағдарламаларын әзірлейді және мәслихаттың бекітуіне енгізеді;

2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді қамтамасыз етеді;

3) балаларды арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқытуды қамтамасыз етеді;

4) мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларды оқытуды қамтамасыз етеді;

5) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді және негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сонымен қатар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын солармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады, олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын, мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

7) білім беру қызметін лицензиялауды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын, сонымен қатар мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және балалар мен

жасөспірімдерге арналған спорт бойынша қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларды мемлекеттік аттестаттаудан өткізуді ұйымдастырады;

8) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді;

9) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

10) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын, сондай-ақ арнайы және мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

11) әлеуметтік қорғалмаған білім алушыларға және күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы ұстауға бөлінетін бюджеттік қаражаттың бір процентінен кем емес мөлшерде қаржылық және материалдық жәрдем көрсетуге қаражат бағыттайды;

12) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын, сондай-ақ арнайы және мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алуды және жеткізуді қамтамасыз етеді;

13) облыс ауқымында мектеп олимпиадаларын өткізуді қамтамасыз етеді;

14) спорт бойынша балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

15) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлауды және қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

16) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын тексеруді және халыққа психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

17) дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

18) жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді, оларды міндетті жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

20) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді;

21) білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруі туралы мәслихатқа ұсыныс енгізеді;

22) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша облыстық білім департаментінің бірінші басшысын тағайындайды.

3. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы:

1) білім беруді дамыту бағдарламаларын әзірлейді және мәслихаттың бекітуіне ұсынады;

2) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды міндетті орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;

3) кешкі (ауысымды) оқыту түріндегі және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беруді қоса алғанда, міндетті жалпы орта білім беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

- 4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды қамтамасыз етеді;
- 5) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, балаларға қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы және мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;
- 6) білім беру қызметін лицензиялауды, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, балаларға қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларды, сондай-ақ арнайы және мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізуді ұйымдастырады;
- 7) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді;
- 8) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;
- 9) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын, сондай-ақ мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырады;
- 10) балаларға арналған қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;
- 11) әлеуметтік қорғалмаған білім алушыларға және күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп ұстауға бөлінетін бюджеттік қаражаттың бір процентінен кем емес мөлшерде қаржылық және материалдық жәрдем көрсетуге қаражат бағыттайды;
- 12) мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) және мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;
- 13) арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқытуды ұйымдастырады;
- 14) дарынды балаларды мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқытуды қамтамасыз етеді;
- 15) республикалық маңызы бар қаланың, астананың ауқымында мектеп олимпиадаларын өткізуді қамтамасыз етеді;
- 16) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын тексеруді және халыққа психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;
- 17) дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оналтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;
- 18) кадрларды қайта даярлауды және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;
- 19) жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді, оларды міндетті жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 20) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының білім алушылары мен

тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

22) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;

23) білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруі туралы мәслихатқа ұсыныс енгізеді;

24) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

25) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша білім департаменттерінің бірінші басшыларын тағайындайды.

4. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

1) білім беруді дамыту бағдарламаларын іске асырады;

2) кешкі (ауысымды) оқу түріндегі және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беруді қоса алғанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді қамтамасыз етеді;

3) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

4) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды міндетті орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;

5) арнайы және мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын қоспағанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік

білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

6) білім беру қызметін лицензиялауды, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің (арнайы және мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын (спорт бойынша балалар мен жасөспірімдерге арналған қосымша білім беру бағдарламаларын қоспағанда) іске асыратын заңды тұлғаларды мемлекеттік аттестаттаудан өткізуді ұйымдастырады;

7) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

8) мектепалды даярлықтың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырады;

9) балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

10) аудан (қала) ауқымында мектеп олимпиадаларын өткізуді ұйымдастырады;

11) әлеуметтік қорғалмаған білім алушыларға және күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп ұстауға бөлінетін бюджеттік қаражаттың бір процентінен кем емес мөлшерде қаржылық және материалдық жәрдем көрсетуге қаражат бағыттайды;

12) жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды бел-

гіленген тәртіппен мемлекеттік камтамасыз етуді, оларды міндетті жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен камтамасыз етуді жүзеге асырады;

13) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

15) білім беру ұйымдарында оқу бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;

16) ауылдық жердегі білім беру ұйымдарына жұмыс істеуге келген жас мамандарды тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлармен камтамасыз етуге жәрдемдеседі;

17) білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруі туралы мәслихатқа ұсыныс жасайды;

18) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына және отбасыларына қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

19) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің бірінші басшыларын тағайындайды.

5. Қаладағы ауданның, облыстық, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селонын), ауылдық (селолық) округтің әкімі:

1) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды ұйымдастырады;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды камтамасыз етеді, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады.

Кенттің, ауылдың (селонын), ауылдық (селолық) округтің әкімі елді мекенде мектеп болмаған жағдайда білім алушыларды таяудағы мектепке дейін және кері қарай тегін жеткізіп салуды ұйымдастырады.

**Білім беру ұйымдарының құзыреті.**

1. Білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасында, тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгілік ережелер мен білім беру ұйымдарының жарғыларында белгіленген шектерде оқу және тәрбие процесін жүзеге асыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда, ғылыми, қаржы-шаруашылық және өзге де қызметте дербес болады.

2. Білім беру ұйымдары өз қызметін жария түрде жүзеге асырады, жұртшылықты оқу, ғылыми-зерттеу және қаржы қызметі туралы хабардар етеді.

3. Білім беру ұйымдарының құзыретіне мынадай **функциялар**:

1) ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;

2) әскери мамандықтар бойынша жұмыстық оқу бағдарламалары мен жұмыстық оқу жоспарларынан басқа, жұмыстық оқу бағдарламалары мен жұмыстық оқу жоспарларын әзірлеу және бекіту;

3) егер осы Занда және қабылдаудың Үлгілік ережесінде өзгеше көзделмесе, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияға сәйкес білім алушылардың, тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастыру;

4) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде оқытудың кредиттік технологиясын және қашықтықтан білім беру технологияларын енгізу;

5) ұлттық бірыңғай тестілеу мен техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кәсіптері (мамандықтары) бойынша біліктілікті беруді қоспағанда, білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды, аралық және қорытынды аттестатталуын жүргізу;

6) өз қаржы қаражаттары шектерінде мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы қыз-

меткерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымдық айлықақылар (ставкалар), қосымша ақылар, үстеме ақылар және өзге де ынталандыратын төлемдер белгілеу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;

8) білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жарактандыру мен жабдықтау;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) ұсыну;

10) жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша қаржылық және материалдық қаражат көздерін тарту;

11) білім алушыларды тамақпен және медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ету;

12) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер мен материалдық қамсыздандыру түрлерінің уақтылы берілуін қамтамасыз ету;

13) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді асырау және олардың тіршілік ету жағдайларының белгіленген нормалардан төмен болмауын қамтамасыз ету;

14) қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;

15) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті тапсырып отыру;

16) жоғары оқу орындарының ғылыми және педагог қызметкерлеріне тиісті оқу орнының доценті және профессоры академиялық атақтарын беру;

17) «магистр» академиялық дәрежесін беру жатады.

II) сол немесе басқа саладағы білімі мен тәжірибесі;

III) еңбек субъектісін айқындаудың өлшемі мен негізгі критерийлерінің жиынтық еңбектің талаптарына сәйкестігі.

**Тұжырымдамалық құзыреттіліктер:**

• **рәсімді** құзыреттіліктер адамға өз біліктілігін нақты жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді;

• **себеңті** — жағдайға байланысты белгілі себеп және қарым-қатынас орната отырып, іс-әрекет жасау және қатынас ортасымен тиімді әрекеттесу;

• **әрекеттілік** құзыреттіліктер — бұл нақты мәселелерді шешудегі әрекет етудің, сыни ойлаудың психологиялық дайындығы және практикалық біліктілігі, кез келген жағдайда әрекет етудің стратегиясы мен әдістәсілін анықтау шеберлігі. Бұл өзінше практикалық, прагматикалық интеллект.

**Педагогикалық құзыреттілік** — педагогтің кәсіби көрсеткіші; педагогтің дайындығы және «кәсіптену» арқылы, іс-әрекеттерді меңгерудің әдістері мен құралының шынайылығында, алға қойған міндеттерді шешу мүмкіндігінде көрінетін нәтиже.

**Оқытушының құзыреттіліктері** — өзін қоршағандарға адамгершілік-құндылық қатынастарымен біріккен, еңбекке шығармашылықпен қарайтын, үнемі тұлғалық және кәсіби өсуге бағытталған адамның кәсіби-тұлғалық білімінің, біліктілігінің және сапасының жүйесі, ол педагогикалық жағдаяттарды меңгеру үшін пайдаланылып, нәтижесінде қоғамдық қатынастардың жаңа сапасына жетуге ықпал ететін іс-әрекеттің, құбылыстың, мәдениет нысандарының жаңа мазмұны пайда болады.

**Жоғары оқу орны оқытушысының кәсіптік-тұлғалық құзыреттіліктерінің жіктелуі:**

• **бейімделу-өркендеті** — адамның жайлы өмірді қамтамасыз етуде, қоршаған әлем туралы білімінің, табиғатқа қатынасы, ор-



таның өзгергіштігіне бейімделу және бірегей табиғи байлықты шынайылықтың шығармашылық жолмен түрленуін сақтау арқылы қолданылатын интеллектуалды, физикалық және психомоторлы біліктіліктердің жиынтығы;

• **әлеуметтік-ұйымдастырушылық** – әртүрлі нақты әлеуметтік жағдаяттарды шешу үшін мақсатты тандалған жол іздеу негізінде адамдардың арасындағы қарым-қатынастардың барлық қатынасушылар үшін қолайлы өзгеріске әкелетін, нәтижесінде өз мақсаттары, көңіл күйі, әрекет ету тәсілдерін реттеуді қажет ететін тұлғаның білімдерінің, рефлексивті біліктіліктерінің және қабілеттіліктерінің жиынтығы;

• **кәсіптік (пәндік/әдістемелік)** – оқытушы ұстанған, оқытылатын пәннің ерекшелігімен келісілген және педагогикалық жүйеге сәйкестендіріле тандалған білім, білік, оқыту әдістерінің, кәсіптік-кооперативтік тәжірибелерді тасымалдау тәсілдерінің жиынтығы;

• **коммуникативті** – құрылымы жағынан күрделі және білім беруді ұйымдастыруда тұтас, қарым-қатынас жасаудағы негізгі міндеттерді табысты жүзеге асыруды және тұлғаның өз мүмкіндіктерін ашуын қамтамасыз ететін және лингвистикалық біліктіліктерді меңгерумен сипатталатын, тілдік тәртіптің арнайы әлеуметтік-мәдени нормалары мен қарым-қатынас жасаушылар арасында психологиялық заңдар, қолайлы жағдайды қолдау, тұлғаның әсерлі-сезімтал ортасын дамыту;

• **құндылықты-мәнді** – тарихи дәуірге, әлеуметтік немесе теңдерлік топқа, адамның белгілі бір уақыт аралығындағы кәсібіне қатысты өзгермейтін (инвариантты) сипаттағы құзыреттіліктердің жиынтығы, сонымен қатар олар тұлғаның озық ойы мен әрекетін анықтайды, оның «уақыттан озу» қасиетін, келешектің өулиесі және жаратушысы болуын, күн ілгері тұлғаның сыртқы әрекеттерге қатысты тұрақтылығын анықтайды, кез келген жағдайда адам-

ның «дербестігін» сақтауды қамтамасыз етеді.

**Мектеп бітіруші түлектің негізгі құзыреттіліктері** – білім алушының табысты кәсіптік іс-әрекеті үшін білім алуы, сонымен қатар одан әрі білімін жалғастыруы туралы анықтаушы әмбебап құзыреттіліктер.

Мектеп бітіруші түлектің құзыреттіліктерінің саны мен түрі қоғамның әлеуметтік тапсырысымен анықталады, жұмыс берушінің тілегіне, еңбек нарығындағы түлекке қойылатын бәсекеге қабілеттілік талаптарға, қоғамдағы әлеуметтік мәдени жағдаяттарға және т.б. байланысты.

Негізгі құзыреттіліктердің **құрылымында** болуы тиіс:

• өздік танымдық іс-әрекеті саласында түрлі ақпараттардан, соның ішінде мектептен тыс кездерден алынған білімді меңгеру тәсілдеріне негізделген құзыреттілік;

• азаматтық-қоғамдық іс-әрекеті саласындағы құзыреттілік (азамат, сайлаушы, тұтынушы рөлдерін орындау);

• әлеуметтік-еңбек іс-әрекеті саласындағы құзыреттілік (сонымен қатар еңбек нарығындағы жағдаятты талдай білу біліктілігі, өзінің кәсіптік мүмкіндіктерін бағалау, еңбек қатынасындағы нормалар мен этикаға бағытталу, өзіндік ұйымдастыру дағдылары);

• тұрмыс саласындағы құзыреттілік (өзінің денсаулығы, отбасылық тұрмыс тұрғысынан және т.б.);

• мәдени-демалыс саласындағы құзыреттілік (тұлғаны мәдени және рухани жағынан байытудағы бос уақыттың жолдары мен пайдалану әдістерін таңдауды қоса).

Мектеп бітіруші түлектің негізгі құзыреттіліктері:

• **құндылықты-бағдарлы құзыреттілік** – оқушының қоршаған әлемді барабар қабылдау қабілеті, жоғары этикалық құндылықтар, азаматтылық пен ұлтжандылық негізінде қоғамның жасампаз өмірінде өз орнын табу қабілеті. Бұл құзыреттілік өмір-

дің түрлі жағдаяттарында шешім қабылдау біліктілігін қамтамасыз етеді. Ең бастысы – өз Отаны – Қазақстанның патриоты болу, азаматтық белсенділік көрсету, саяси жүйені түсіну, болып жатқан саяси оқиғаларға баға беруі;

• **мәдени құзыреттілік** – жалпыадамзаттық мәдениет пен ұлттық ерекшеліктер негізінде қоғамдағы этномәдени құбылыстар мен әдет-ғұрыптарды, жеке басының, отбасылық және әлеуметтік өмірдің мәдени негізін игеруге мүмкіндік беретін таным және іс-әрекет тәжірибесін меңгеру. Адам және қоғам дамуындағы ғылымның рөлін түсіну. Өз халқының мәдениеті мен әлем мәдениетінің алуан түрлілігін түсінуді және бағалауға мүмкіндік беретін мәдени-демалыс шараларын ұйымдастырудың тиімді әдістерін меңгеру; рухани келісім мен шыдамдылық идеяларының жолын таңдауы;

• **оқу-танымдық құзыреттілік** – оқушының өзіндік оқу-танымдық және зерттеу іс-әрекетін қамтамасыз ететін кешенді құзыреттілік. Бұл құзыреттілік өзіндік білім алу қызметін тиімді жоспарлау, ұйымдастыру біліктілігін болжайды, тиісті функционалдық сауаттылықтың сәйкес талаптары негізінде білім меңгеру барысында өзінің іс-әрекетін талдау мен рефлексия тәсілдерін меңгеру арқылы әлемнің ғылыми көрінісін түсінуге, іздену-зерттеу қызметінің дағдысын меңгеруге мүмкіндік береді;

• **коммуникативті құзыреттілік** түрлі әлеуметтік топтарда, адамдармен қарым-қатынас жасау және әрекет ету әдістерін меңгеруін қамтамасыз ететін ана тілін және басқа тілдерді білуді болжайды, қоғамда түрлі әлеуметтік рөлдерді орындау, түрлі өмірлік жағдаяттарды шешу үшін коммуникацияның түрлі нысандарын қолдану біліктілігі, қатынас жасауда мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілін, шетел тілдерін меңгеру біліктілігі;

• **ақпаратты-технологиялық құзыреттілік** бағдар жасау, өздігінен іздену, талдау, іріктеу, түрлендіру, сақтау, түсіндіру және ақпарат пен білімді тасымалдауды шынайы техникалық нысандар мен ақпараттық технологиялардың көмегі арқылы жүзеге асыру біліктілігін болжайды;

• **әлеуметтік-еңбек құзыреттілігі** отбасы, еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы білім мен азаматтық-қоғамдық іс-әрекеттің белсенді тәжірибесін меңгеруді білдіреді. Құзыреттілік нақты әлеуметтік-қоғамдық жағдаяттарды талдау біліктілігін талқылауды, өмірдегі әр түрлі жағдаяттарда жеке басы мен қоғамдық тиімділікке сәйкес шешім қабылдау және әрекет етуді болжайды;

• **тұлғалық өзіндік даму құзыреттілігі** физикалық, рухани және интеллектуалды өзіндік дамуды, өсерленудің өзіндік реттелуі және өзіндік қолдауын қамтамасыз ететін өзіндік қызығушылық және мүмкіншілігіне қажет іс-әрекеттің тәсілдерін меңгеруді болжайды. Құзыреттілік психологиялық сауаттылықтың, ішкі экологиялық мәдениеттің қалыптасуын, өзінің денсаулығына қамқорлықты және қауіпсіз тіршілік негіздерін меңгеруді, ол тұтастай алып қарағанда, өзінің мүмкіншіліктерін іс-әрекетті жоспарлаудың шынайы келешегі мен іс-әрекетті ұйымдастыруда өзіндік жауапкершілікпен қарауды болжайды. **ЖАУАП ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ** – респонденттер жауабының негізделуі.

**ҚҰРАЛ (АСПАП)** – 1) ғылыми-зерттеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қолданылатын құрал, тәсіл; 2) білім беру процесіне қатысушыларға ақпараттық нысандарды жасау, өзгерту, байланыстыру, тапсыру, алыстату, сақтау және басқа да белсенді әрекеттерді атқаруға мүмкіндік беретін электрондық құрал.

**ҚҰРЫЛЫМДАУ** – педагогикалық процессті ұйымдастырудың жаңа түрлері мен әдістерін, жаңа дидактикалық материалдарды жасау.

**ҚЫЗМЕТТІҢ КӘСІБИЛІГІ** — жоғары кәсіптік біліктілігі мен маманданғанын, сонын ішінде шығармашылық шешіміне негізделген, алуан түрлі тиімді кәсіби дағды мен білігін көрсететін еңбек субъектісінің сапалық сипаттары, қазіргі заманғы алгоритмдер мен кәсіптік міндеттерді шешу тәсілдерін меңгеруі, бұл қызметті жоғары және тұрақты өнімділікпен жүзеге асыруға мүмкіндік береді; одан ары дамытуға жататын сипаттама.

# Л—М

**ЛИЦЕЙ** — оқушылардың жоғары буынымен негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын және кәсіби бағытта (жаратылыстану-математикалық немесе техникалық) оқытуды жүргізетін жалпы орта білім беру ұйымы.

Гимназияға (техникалық, биологиялық-химиялық және т.б.) қарағанда жіктелінуі айқынырақ, түрлі циклдағы жекеленген пәндер бойынша жоғары дайындықты көрсетеді, кәсібилікке бағытталуды ерте жүзеге асырады, шығармашылық әлеуеттің дамуы үшін барынша қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді.

**ЛОГОПЕД** — тіл ақауын анықтайтын, диагностика жүргізетін және оларды тиісті терапевтік әдістерді қолдана отырып оқытатын маман.

**ЛОГОПЕДИЯ** — тілдің ақауы туралы, оқыту мен тәрбиелеу әдістері арқылы оларды түзету және алдын алу шараларын зерттейтін ғылым, *түзетуші педагогиканың* бір бөлімі болып саналады.

Мектепалды, мектеп және ересектер топтарына бөлінеді. Тіл ақауы құрылымының бұзылуын және олардың бала психикасы-

на әсерін зерттейді, педагогикалық (логопедтік) диагностиканы және осы ақауларды емдеу әдістерін дайындайды, білім беру және денсаулық сақтау саласында логопедтік көмек ұйымдастырады, арнайы ұйымдастырылған логопедтік әсерлердің көмегімен тіл ақауының алдын алады, анықтайды және емдейді (тенелтеді). Сенсорлық қызмет, сөз моторикасы, сөйлеу-ойлау қызметі, зейін, зерде процестерінің дамуына, сөздік қарым-қатынас жасауды тұрақтандыруға, әлеуметтік қатынастарды реттеуге әсер етеді. Логопедтік әсер ету әдістерін жіктеу (дифференциялау) ауытқудың түрі мен күрделілігіне, басталу уақытына, психикалық дамуының бұзылуына; түзеу-оқыту процестерінің жағдайына (балабақша, мектеп, санаторий және т.б.) байланысты.

**МАЗМҰНЫ (МАЗМҰН)** — кітаптың, қолжазбаның тарау (бөлім) немесе басқа да құрамдас бөлігінің тізбесі.

**МАҚАЛА** — шағын көлемдегі (10–20 баспа бет) арнайы жариялым, онда автордың белгілі бір қысқа мәселелер немесе шектеулі зерттеулер нәтижесі бойынша көзқарасы мақсаткерлікпен баяндалады.

Мақала бірнеше **түрлермен** ерекшеленеді:

- **тапсырысты** — редакцияның тапсырмасы бойынша немесе ұйымның, мекеменің, кәсіпорынның тапсырысы бойынша дайындалған жариялым;
- **аудармалық** — бір тілден басқа тілге аударылған жариялым;
- **бас мақала** — газеттің, журналдың негізгі мақаласы, жинақты жалғастырушы және редакция үшін өте маңызды тақырыпқа арналған, сол үшін басылымда алдыңғы орынға ұсынылған мақала;
- **проблемалы** — жекелеген ғылыми мәселеге арналған және пікірсайыстық сипаттағы жариялым;
- **бірлескен** — екі және одан да көп авторлармен (тең авторлармен), ғылыми білімнің әр түрлі саласындағы мамандармен дайындалған жариялым;

• **«шикі»** — мәні мен мазмұны аяқталмаған сипаттағы жариялым.

**МАҚСАТ** — 1) сана-сезімде, ойда іс-әрекеттің нәтижесі мен оған жетудегі жолдары, тәсілдері болжаумен сипатталатын іс-әрекеттің, саналы қызметтің бір элементі; 2) болжанған нәтиженің саналы бейнесіне жетуге бағытталған адамның әрекеті (қ. *Мақсаттардың таксономиясы*).

**Мақсаттары:**

• **тәрбиенің** — жеке адамның белгілі бір типіне деген қоғамның сұранысынан туындайтын, оның мәніне қойылатын, дара тұлғасына, қасиеттері мен сапасына, ақыл-ой, дене, адамгершілік, эстетикалық дамуына, өмірге көзқарасына, құндылық бағыттылығына қойылатын идеалды талаптарының теориялық жалпылануы;

• **зерттеудің** — педагогикалық зерттеудің идеалы, болжамды нәтижесі (тәрбие мен оқытудың ғылыми негіздерін өзірлеу, зерттеу тақырыбы бойынша жаңа ғылыми ақпаратты алу, озат практиканың нәтижелерін талдау, тәрбие мен оқытудың жолдары мен құралдарын табу, т.б.);

• **білім берудің** — әлеуметтік тапсырыспен анықталатын жеке адамның білімділік идеалы; ол түрлі көзқарас тұрғысынан жүзеге асырылады:

– *экстенсивтік модель* — мүмкіндігінше көбірек жиналған тәжірибені, мәдени жетістіктерді толық көлемінде беру, осы мәдени негізде өзін-өзі анықтауында оқушыға көмек;

– *өнімді модель* — оқушыларды болашақта айналысатын іс-әрекеттің түрлеріне және әлеуметтік қауымдастықтың, сонымен бірге оның өзінің дамуын қолдайтын іс-әрекеттің құрылымына дайындау;

– *қарқынды модель* — оқушыларды, олардың жан-жақты қасиеттерін дамыту негізінде белгілі білімдерді игеруге ғана емес, сонымен бірге оларды үнемі жетілдіруге және өзінің шығармашылық әлеуетінің дамуына дайындау;

• **педагогикалық** — педагогтің санасында жалпыланған, ойда қорытылған бейне түрінде, одан кейін педагогикалық процестің барлық қалған компоненттеріне сәйкес іріктеліп және өзара арақатысы қалыптасатын педагог пен оқушының өзара әрекетінің нәтижесі.

**МАҚСАТТЫ ҚҰРУ** — адамның іс-әрекетіндегі жаңа мақсаттарды тудыру процесі, ойлаудың бір көрінісі.

Еріксіз және ерікті бола алады, уақыт динамикасымен сипатталады. Механизмі: ойдағы талапты жеке мақсатқа айналдыру, бар талаптардан біреуін тандау, мотивтерді жете түсінгенде мотив-мақсаттарға айналдыру, әрекеттердің жанама нәтижелерін мақсатқа айналдыру, ұғынықсыз сезгендерді мақсатқа айналдыру, аралық мақсаттарды бөлу, алғашқыдан соңғы мақсаттарға өту, мақсаттардың сатылы түрде пайда болуы мен уақытша реттілігі.

**МАМАН** — ғылымның, техниканың, өндірістің, өнердің қандай да бір саласында кәсіби білімді, дағдыны және біліктілікті менгерген тұлға.

**МАМАНДАНУ** — адамның бір мамандық шеңберінде нақты іс-әрекет саласында қолдануына арналып бағытталған білімнің, білік пен дағдының нақтыланған жиынтығы.

**МАМАНДЫҚ** — белгілі бір қызмет түрі үшін қажетті, білімі туралы тиісті құжаттармен расталатын, мақсаткерлік дайындықпен және жұмыс тәжірибесі жолымен алынатын білім, білік және дағды кешені. **МАМАНДЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ДАЙЫНДЫҚ** — негізгі мектептің жоғары сынып оқушыларының таңдайтын болашақ оқушының мамандық бағыты және кейінгі кең кәсіби іс-әрекет саласына қатысты оқушылардың өзін-өзі анықтауына септік ететін педагогикалық, психология-педагогикалық, ақпараттық және ұйымдастырушылық іс-әрекет жүйесі (соның ішінде мектептің жоғары сатысына арналған мамандықты және нақты оқу орнын немесе

білім алуды жалғастырудың өзге жолдарын таңдауға қатысты).

**МАМАННЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ МОДЕЛІ** — өндірістік міндеттерді табысты орындауды, сонымен қатар өздік оқу мен өзіндік даму-ды қамтамасыз ететін кәсіби маңызды тұлғалық сапалардың жиынтығы.

Табысты қызмет атқаруы үшін маманға қажет барлық тұлғалық сапаларды үш топқа біріктіруге болады: **эмоционалды-құндылықтық** — (доминанттық қажеттіліктер, уәждер, ынталандыру; достастық пен ерекше ықыластық; орныққан эмоционалды әрекеттер; танымдық көзқарас, оқуға, еңбекке қатынас; меңгерілген тәртіп нормалары; адамдарға деген қатынас); **әрекетті-еріктілік** (меңгерілген операциялар және олардың бірізділігі, өндірістік жағдаяттарға кіру және шығу тәсілдері, өзіндік ұйымдастыру; мақсатты жорамалдау тәжірибесі және мақсатқа жету тәсілдері; ауызша сөйлесу біліктілігі мен дағдысы; нәтижелерді бақылау және түзету тәсілдері; кедергілерден өту тәжірибесі, қайратты жігер; болжау тәжірибесі, шығармашылықтың игерілген шаралары және т.б.); **бейнелі-білімділік** (көріністер, жалпыланған бейнелер, елес және қиял, рефлексия тәжірибесі, саналы тәртіп нормасы және әрекет ету тәсілі, ой әрекеті және ой коммуникациясы және т.б.).

«**МАРШРУТ**» — педагогикалық технологиядағы оқытудың ұжымдық әдісі жағдайында тақырыптарды оқытудың бірізділігі.

**МАТРИЦА** — функционалды-логикалық байланыстары бар, жолдар мен қатарлардан тұратын кестенің бір түрі.

**МӘДЕНИЕТ** — адамның іс-әрекетін ұйымдастыру түрлері және әдістерімен, сондай-ақ олар жасаған материалдық, рухани құндылықтармен сипатталатын қоғам дамуының, шығармашыл күштердің және адам қабілеттерінің тарихи анықталған деңгейі. Ол іс-әрекет (білім, білік, дағды, интеллект деңгейі, көзқарас, адамгершілік, эстетикалық дамуы, қарым-қатынас жасаудың тәсіл-

дері мен түрлері) кезінде жүзеге асырылатын адам күші мен қабілеттерінен тұрады. Мәдениеттің көріністері:

- **білім беруде** — табиғат, қоғам, іс-әрекет тәсілдері туралы білімнің көзі, адамның өз-өзіне, басқа адамдарға, қоршаған дүниеге, еңбекке, қарым-қатынасқа және т.б. деген эмоционалды-ерікті және құндылық қатынастардың мазмұнды құрылымы;

- **интеллектуалды** — танымдық қызметтің мақсатын қою, оны жоспарлау, танымдық іс-әрекетті түрлі жолмен орындау, дерек-көздермен және ұйымдық техникамен жұмыс істеумен анықталатын ой еңбегінің мәдениеті;

- **тұлғалық** — 1) адамның маңызды күш-қуатының, оның қабілеті және дарынының даму және жүзеге асу деңгейі; 2) саяси және әлеуметтік құзырлықтар жиынтығы, яғни өзіне жауапкершілік алу, бірлесе шешім қабылдауға қатысу, дауды жанжалсыз жолмен шешуді реттеу, демократиялық институттардың қызмет етуі мен дамуы бойынша бірлескен шешім қабылдауға қатысумен байланысты қабілеттіліктер; 3) көп-мәдениетті қоғамдағы өмірге қатысты құзырлық (түрлі мәдениет өкілдері арасындағы айырмашылықты түсіну, өзге дәстүрлер мен сенімдерге құрметпен қарау) және т.б. қатысты құзырлықтар.

Тәрбие және оқу процесінде әлеуметтік орта мен үздіксіз даму және жетілуге өзіндік қажеттіліктердің ықпалымен қалыптасады;

- **тұлғаның ақпараттық** — адамның ақпараттық қоғамдағы іс-әрекетінің ережелер жиынтығы, жасанды интеллект жүйелерімен қарым-қатынас жасау әдістері мен нормалары, «будан интеллектінің» адами-машина жүйелерінде әнгіме жүргізу, телематика құралдарын, ғаламдық және жергіліктік ақпаратты-есептеу жүйелерін пайдалана білу. Оның бойында адамның әлемді символдар мен белгілер жүйесі ретінде қабылдау, тура және кері ақпараттық байланыстар жасау, ақпараттық қоғамда еркін бағдар жасау, бейімделу қабілеті бар. Қалыптасу ең ал-

дымен, мектепте ұйымдасқан түрдегі информатика мен ақпараттық технологияларды оқытуда және оқу тәрбие процесіне ақпаратты таратудың қазіргі электрондық байланыс технологиясын қолдану барысында жүзеге асады.

• **бұқаралық** — барша халыққа қолжетімді әрі түсінікті және элитарлық немесе халықтық мәдениетке қарағанда көркемдік құндылығы төмендеу мәдениет. Сондықтан да өзектілігін тез жоғалтады және қолданудан шығып қалады, дегенмен жастардың арасында кең танымал, көп жағдайда шынайы өнерді меңгеру процесін қиындатады. *Поп-мәдениет* — жаппай-көпшілік мәдениеттің сленгтік атауы, *китч* — оның бір түрі;

• **әдіснамалық** — зерттеуші тұлғаның дамуы мен бағыттылығының айқындалу дәрежесі, оның ғылыми-зерттеу қызметіндегі әдіснамалық құзырлығы мен әдіснамалық талдау деңгейі; педагогикалық немесе басқа зерттеуді сауатты жүргізуде өте қажет, әдіснамалық білімге негізделген ойлау мәдениеті.

#### Мазмұны:

• әдіснамалы рефлексия (өзінің ғылыми қызметін талдау біліктілігі);

• белгілі бір тұжырымдаманы ғылыми негіздеуге, сыни ойлауға және таным, басқару, құрылымдаудың түрлері мен әдістерін шығармашылықпен қолдану қабілеттілігі. Ғалым мен мұғалімнің әдіснамалық мәдениеті арасындағы айырмашылық төмендегіге негізделген: ғалым ғылыми-педагогикалық білім жасайды; ал мұғалім оларды пайдаланады. Мұғалім үшін әдіснамалық мәдениетті меңгеру — педагогика әдіснамасын меңгеру және ол білімді педагогикалық жағдаяттарды шешуде қолдана білу. Мәдениеттің бұл түрінің негізгі құрылымдық бөліктері:

— оқу-тәрбие процесін жобалау және құрылымдау;

— педагогикалық міндеттерді түсіну, құрылымдау және шығармашылықпен шешу;

— әдістемелік рефлексия (ойлау, толғану). Бұлар мұғалімнің кәсіби қызметінің жоға-

ры деңгейін қамтамасыз етеді және оны шығармашыл тұлға ретінде сипаттайды.

Алайда бұл орайда ғалым мен мұғалімнің арасында кедергі жоқ. Екеуі үшін де педагогика саласындағы интеллектуалдық міндеттерді шешу, проблеманы көре білу және соған байланысты нақты материалды қолдану біліктілігі, болжам айту және оны жүзеге асырғаннан кейінгі нәтижесін «егер солай болғанда не болар еді» деп ойша елестету, тапсырманың шешімін оңтайлы ретпен орындау және т.б. ортақ саналады. Бұл жағдайда өз жұмысын жетілдіру және талдау үшін қажет ғылыми педагогикалық қызметті меңгеру және қолдану шеберлігі мұғалімнің әдіснамалық мәдениетінің маңызды белгісі болып қалады;

• **ойлау** — адамның міндеттерді (проблемаларды) нақты қарастыру, оларды шешу әдістерінің (жолдарының) тиімді жолдарын таңдау шеберлігі, негізделген қорытынды алу, алған қорытындыны тәжірибеде дұрыс пайдалана білуде көрінетін ой әрекет қызметінің тәсілдерін, нормаларын және тәртіптерін меңгеру деңгейі. Кез келген қызметтің мақсатты бағытын, ұйымшылдығын және тиімділігін арттырады;

• **педагогтің ойлауы** — педагогтің іс-әрекеті кезіндегі өзіндік ойлауы мен шығармашылық ойы және икемділігінің деңгейі; түрлі педагогикалық жағдаяттардағы педагогикалық, сол сияқты жаңа, күтпеген және даулы мәселелерді шешудің жолдарын талдау мен құралдарын таңдаудағы педагогтың ойлау процесінің тиімділігін туындататын және қамтамасыз ететін сапалар жиынтығы;

• **халықтық** (синонимі — фольклор) — кәсіби даярлығы жоқ аты-жөні белгісіз ойлап шығарушылар тудырған мәдениет.

Ол миф, аңыз, эпос, ертегі, ән, би және т.б. тұрады. Жергілікті жердің әдет-ғұрыптарымен байланысты және оны жасауда тілек білдірушілердің барлығы қатысатындықтан, бәріне тән. Білім беру мазмұнын іріктеуде оның ерекшеліктерін, мақсатын ескеру қажет;

• **ғылыми ойлау** — зерттеушінің өзіндік ойының өздік даму қабілеті мен қалыптасқан ой түрлері және қағидалары шегінен шыға білу қабілеті;

• **қарым-қатынас** — қарым-қатынастың түрлі жағдаяттарындағы білім, білік және сәйкесті мінез-құлық жүйесі;

• **педагогикалық** — педагогтің іс-әрекетіндегі, педагогикалық мәселелер мен жағдаяттарды шешудегі кемелділік, нәтижелілік және тиімділік деңгейі; негізгі маңызды компоненттері;

1) жүйелі көзқарас және модельді ой;

2) іс-әрекеттің кәсіби шығармашылығы;

3) праксеологиялық, рефлексивті және ақпаратты жаракталу;

4) іс-әрекеттің, қарым-қатынастың және өзіндік дамудың құзыреттілігі;

5) нақты-пәндік білімі.

• **педагогикалық қарым-қатынас** — педагогпен оқушының арасындағы адамгершілікті саналы қарым-қатынасы, оның мазмұнында сөз мәдениеті, сыртқы өзіндік безендіру мәдениеті мен педагогикалық максатты өзара қатынас мәдениеті бар;

• **тәртіптік** — адамзат қоғамындағы өмір сүрудің негізгі талаптары мен ережелерін сақтау, қоршаған адамдармен қарым-қатынас жасауда дұрыс екіпін алу біліктілігі;

• **сөйлеу** — нормативтілік, мәнерлілік, лексикалық байлығы, әңгімелесушілерге сыйпайы көзқарасымен және жауап беру шеберлігімен сипатталатын ауызша және жазбаша сөйлеудің жетілу деңгейі;

• **өздігінен білім алу (өзіндік білім алу мәдениеті)** — өздігінен білім алудың барлық құрылымдарының дамуы мен жетілуінің жоғары деңгейі.

Өздігінен білім алу қажеттілігі дамыған тұлғаға тән қасиет, оның рухани өмірінің қажет элементі болып табылады. Тұлғаның танымдық қажеттілігінің қанағаттандырылуының жоғары формасы болып санала отырып, өзіндік білім алу адамның елеулі ерік күшінің көрінуіне, жоғары деңгейдегі

саналылығы мен ұйымшылдығына, өздігімен жетілу үшін іштей жауапкершілік қабілетімен даярлығына байланысты;

• **оқу** — кітаппен жұмыс жасаудағы тақырып тандауды жете түсіну, оқудың жүйелілігі мен бірізділігі, сол сияқты библиографиялық құралдың көмегімен қажет әдебиеттерді табу біліктілігі, анықтама-библиографиялық құралмен жұмыс жасай білу, тиімді әдістерді қолдану, оқығанды барынша меңгеру және терең түсіну (тезистеу, конспектілеу, мазмұндау, рецензиялау және т.б.), баспа өнімдеріне мұқият қарау дағдыларының деңгейі;

• **оқу орындары** — педагогикалық ұжым және оның жеке мүшелерінің түрлі талаптар мен жағдайдағы іс-әрекетін реттеуде қолданылатын қатынастар жүйесі; осы оқу орнының педагогикалық ұжымы үшін ортақ ұжымдық ой шабыты, ділі (ментальность). Мәселелерді шешудің қалыптасқан жолын анықтайды, жаңа жағдаяттардағы қиыншылықтар мөлшерін азайтуға ықпал етеді, рөлдерге, міндеттерге, адамға және билікке (күшке) бағытталуы мүмкін.

**МӘДЕНИ-ТАРИХИ ӘДІС** — тарихи процестің ішкі бірлігі мен тұтастығын теориялық негіздеудің бір түрі.

**МӘНЕРЛЕП ОҚУ** — әдеби оқудың нормаларын сақтағанда мәтіннің идеялық-образдық мазмұны берілетін дауыстап оқу (жатқа немесе кітап бойынша).

Саналы оқудың салдары және маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылып, келесі талаптарға сай келеді:

1) жеткілікті дауыс қаттылығы, айтылудың анықтығы мен дұрыстығы;

2) автор ойларын айқын беру (кідірістер мен екіпіндерді дұрыс белгілеу);

3) шығарма кейіпкерлерінің негізгі мінез белгілерін, мінез себептері мен өзара қатынасын, мәтінде бар сезімдер мен көңіл күйлерді оқуда анықтау.

**МӘТІН** — хатта немесе баспасөзде жарық көрген құжат немесе автордың шығармасы.

**БЕЙІМДЕЛГЕН МӨТІН** — ықтимал оқырмандардың жас ерекшеліктерін, мамандығын, тілдік дайындығын ескеріп жеңілдетіліп басылған мәтін.

**ҒЫЛЫМИ МӨТІН** — автордың, ғылыми-зерттеу нәтижелерін түсініктемесіз және қосымшасыз келтірген жазбаша баяндауы.

**МӨТІНДІК РЕДАКТОР** — мәтіндік аппаратты компьютерге ендіруге, оны тексеруді ұйымдастыруға арналған бағдарлама.

**МӨТІННІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫЛЫҒЫ** — параллельді формалар немесе бірдей мәтіндер арқасында мүмкін болатын сапа өлшемі критерийлері.

**МЕДРЕСЕ, МЕКТЕБЕ** — бастауыш мұсылмандық (мектебе) және жоғары (медресе) білім беретін діни оқу орындары.

Қазақстанда олар мешіттердің жанынан ашылды, 1867—1868 жж. әкімшілік-аумақтық реформаларға дейін қызметіне ешқандай шек қойылмады.

Оқу анық идеологиялық мазмұнда жүргізілген Батыс Еуропа және Ресейдің діни оқу орындарынан айырмашылығы Орта Азия мен Қазақстандағы мектебе және медреселер діни мазмұндағы міндеттермен қатаң шектелді. Дегенмен, еуропалық мектептердегідей, мұнда да даралап оқыту жүйесі қолданылды.

Мектебеде әліппе, оқуды үйренді, дұғаларды әндетіп оқуға машықтанды, оны жаттап алуға баса назар аударылды. Сонымен қатар Құран, басқа да діни шығармалар оқуды үйренді, арифметика негіздерімен танысты. Мектебемен салыстырғанда медреседе ауқымды білім берді. 1902 ж. сәуір айында құрастырылған «Ресейдегі төменгі (мектебе) және жоғары (медресе) мұсылмандық мектептердегі жағдай туралы жазбаларда» «медресе тек қана діни-адамгершілік білім береді және оның ілімінде басты орында Құранды және пайғамбардың нақыл сөздерін оқып үйрену тұр, қалған пәндер негізгі пәндерді оқытуда көмекші қызмет атқарады» делінген. Теологиялық пәндерден басқа, медреседе төмендегі пәндер

циклінің жүйеленген курстары оқытылды: фараиз — мүлікті мұраға қалдыру және бөлу; усулфиких — құқықтану; хикмет — тарих, фәлсафа және жаратылыстану энциклопедиясы; наху — араб тілінің грамматикасы; акаид — догматика (қасан қағида); монтык — қисын (логика). Бұдан бөлек математика, орыс тілі, жағрапия оқытылды. Сонымен, медреседе бұдан кейін білім алуына негіз болатын барлық жалпы білім беретін және арнайы пәндер оқытылды.

Алайда одан әрі, орыстандыру саясатын жүргізген патша үкіметі, мұсылмандық мектептерді фанатизм ошақтары деп санай отырып, Қазақстан жерінде сауаттылықтың таралуына жол бермеді. Сондықтан медресе және мектебеде міндетті пән ретінде орыс тілін оқытуды енгізді. Оқушылардың менгеруіне қарай, «тек бір ғана орыс тілінде» оқыту көзделді. Орыс тілі жүргізілмеген мектептер әскери губернатордың шешімі бойынша жабыла бастады. Оқыту үшін белгіленген қандай да бір ақы болмады. Медреседе білім алушылардың төрттен бір бөлігін құраған дәулетті отбасынан шыққан балалар оқу ақысын ақшалай немесе заттай төлеп отырды, себебі бай адамдар өз балаларын Ресейдің алдыңғы қатарлы оқу орындарына орналастыруды дұрыс көрді.

Оқу бөлмелері болмағандықтан, әсіресе дала өлкелерінде, барлық медреселерде 70 адамға дейін оқыды. Оқушылар сынып топтарына бөлінбеді, әр «сыныпта» 8 жастан 20 жасқа дейінгі балалар мен жастар, кей жағдайда 30—40 жастағы адамдар оқыды. Оқыту курсының өтудің нақты кезеңі болмады: ол 3 жылдан 5 жылға дейін, кей жағдайда 10 жылға дейін созылды. Сабак жұма күнінен басқа, барлық күндері таңғы сағат 7-ден 11-ге дейін және 13-тен кешкі 16-ға дейін өткізілді. Демалыс (каникул) мамыр айында басталып тамыз айында аяқталатын.

Оқыту процесі мектептердегі оқушы санының толықтығына қарамастан жеке-дара негізінде жүргізілді. Молда (кейінірек орыс халқы арасынан шыққан татар тілді



мұғалім келді) әр шәкіртпен (оқушы) жеке жұмыс жүргізді, сонан кейін шәкірт осы жерде өздігінен орындауы тиіс тапсырма алды. Кей уақытта топтық жұмыстар жүргізілді.

Қазіргі уақытта осындай оқу орындарын қайта жаңғырту процесі жүргізіліп жатыр.

**МЕКТЕП ДАМУ ҮСТІНДЕГІ ЖҮЙЕ РЕТІНДЕ** – бұрын жасалғандардың ең жақсысын сақтап және оны нығайтатын мектеп; онда ескі мен жарамсыз алынып тасталынады; жөнсіз ұмытылғаны жаңа формада қайта туады; инновациялар барлық іс-әрекет бағыттарында қолданылады.

**МЕКТЕП ЖАРҒЫСЫ** – мектептің және оның басқаруындағы мектепшілік құрылымдар әрекеттерінің ретін белгілейтін ережелер жинағы; оқу орындарының белгілі бір типтерінің мақсаттары мен міндеттерін, құрылымдарын, олардағы оқу-тәрбие және шаруашылық-ұйымдастыру жұмыстарын реттейтін заң актісі.

**МЕКТЕП ЖҰМЫС ІСТЕП ЖАТҚАН ЖҮЙЕ РЕТІНДЕ** – оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың дәстүрлі тәртібіндегі формалар, әдістер мен құралдарды пайдаланып жұмыс істейтін және әдеттегідей орнықты тұрақты нәтиже беретін мектеп. Инновациялар ауық-ауық қолданылады.

**МЕКТЕП МӘДЕНИ-БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІ РЕТІНДЕ** – педагогтар мен басқарушы мамандардың, сондай-ақ оқушылар мен олардың ата-аналарының шығармашылық тұлғалар ретінде тұлғалық және кәсіби өсуін дәстүрге айналдырған білім беру кеңістігі.

**МЕКТЕП ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ КӘСІБИ БІРЛЕСТІГІ** – мұғалімдердің бірлескен қызмет формасы, оларды басқару шешімін қабылдауға, мектепті басқару ісіне қосуды ұйымдастыру формасы.

**МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** – балалардың психологиялық және психикалық денсаулығы мен дамуын, оқушыларды, ата-аналарды және педагогтарды психология-педагогикалық қолдау-

ды қамтамасыз етуші функциясын атқаратын құрылымдық бөлім.

**Негізгі міндеттері:**

- диагностикалық-дамытушылық қызметті жүзеге асыру;
- кенес беру қызметін жүзеге асыру;
- балалармен жұмыста ықтимал мүмкіндігін және әрбір жастың даму қорларын іске асыру;
- балалардың даралық ерекшеліктерін дамыту;
- баланың дамуы үшін психологиялық қолайлы жағдай жасау;
- дер кезінде психологиялық көмек көрсету;
- алдын алатын және психодиагностикалық қызметті жүзеге асыру;
- оқушылардың үлгермеушілігі мен тәртіпсіздігінің себебін анықтауда сынып жетекшілеріне көмек көрсету;
- алынған мәліметтердің құпиялылығын сақтау.

Психологиялық қызмет көрсету өзіне оқушылармен, ата-аналармен және мектептен тыс ұйымдармен жұмысты жасауды қосады.

**Кіші жастағы оқушылар.** Негізгі мақсаты – тұлғаның бейімделуі, дамуы және қалыптасуы үшін жағдай жасау.

**Жасөспірімдер.** Негізгі мақсаты – оқушылардың мотивациялық аясын, қызығушылығын және икемділігін есепке ала отырып оқу қызметін ұйымдастыру.

**Жоғары сыныптағылар.** Негізгі мақсаты – тұлғаны қоғамға бейімдеу мақсатында өзін-өзі кәсіби анықтау.

**МЕКТЕПТЕН КЕЙІНГІ («ҮШІНШІ») БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ** (шетелдік тәжірибеде) – өзіне университеттерді, кәсіби және арнайы жоғары мектептерді, ашық университеттерді, жалғасқан білім беруді және т. б. қосатын мекеме.

**МЕКТЕПТЕН ТЫС ЖҰМЫС** – оқушылардың жан-жақты мәдени қызығушылықтары мен сұраныстарын қанағаттандыру, олардың өзіндік әрекеті мен шығармашылық қабілеттерін дамыту, бос уақытын

тиімді ұйымдастыру үшін мектептен тыс мекемелерде жүргізілетін, білім-тәрбиелік жұмыстар мен мәдени-ағартушылық көпшілік шаралар.

**МЕКТЕПТЕН ТЫС ҰЙЫМДАР** — тұрғындар арасында мәдени-ағартушылық жұмыстарды өткізетін, жастар мен ересектерге өзіндік білім алуға көмектесетін, балалармен оқудан тыс уақытта жұмыстар жүргізетін мекемелер.

Мектепте оқытуды толықтырады, адамның іс-әрекетінің әр түрлі салаларында оқушылардың сұраныстары мен қызығушылықтарын дамытып, балалардың бос уақытын ұйымдастыруға септігін тигізеді.

Мектептен тыс кең профильді мекемелер: шығармашылық үйлері мен сарайлары, балалар қалашықтары мен алаңдары, қала сыртындағы және қалалық жазғы сауықтыру лагерлері.

Мектептен тыс тар профильді мекемелер: балалар кітапханалары мен оқу залдары, ойын бөлмелері, жас техниктер, натуралистер станциясы, т.б., балалар мен жасөспірімдер спорттық мектептері, темір жолдары, көркем және музыкалық мектептер мен студиялар.

**МЕКТЕПТІК КАФЕДРА** — мұғалімнің ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмысына басшылық ететін, жаңа оқу бағдарламалары мен курстарды талдау және түзету, оларға сараптамалық баға мен пікір беретін, ЖОО, ҒЗИ, мәдени орталықтармен және т.б. байланыстарды жүзеге асыратын мектеп құрылымындағы жаңа түзілім.

Кафедраны меңгеру үшін ғылыми қызметкерлер мен ғылыми атақтары бар ЖОО оқытушылары шақырылады. Кафедра басшылығымен мұғалімдер ғылыми-зерттеу элементтерін, жаңа идеялар мен технологияларды байқаудан өткізу формаларын камтитын жоспарлаудың жаңа формаларын меңгереді.

**МЕКТЕПТІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ** — оқушыларды оқыту, тәрбиелеу мен дамыту міндеттерін іске асыру бойынша мектептің

алдына қойған жалпы мақсаттарымен өзара байланысты, біріктірілген практикалық іс-шаралар жүйесі:

- **тәрбиелік** — сынып жетекшісінің (кура-тордың) ағымдағы оқу жылына арналып белгілеген тәрбиелік іс-шаралар жүйесі; негізгі құрылымдық элементтері: іс-шараның мерзімі, атауы мен мазмұны, олардың мақсаттары мен міндеттері, қатысушылары, жауаптылары, орындалуы туралы белгісі, өткізілген іс-шараларды талдау; мектеп-ішілік бақылау элементтерінің бірі;

- **күнтізбелік-тақырыптық** — оқу пәнінің бірі (оқу пәні) бойынша жасалатын және тақырыптарды, оларды оқу міндеттерін, тақырыптарға бөлінетін уақыт санын, сабақ типін, пәнаралық байланысты, әдістемелік қамтамасыз етуді анықтауды қосатын жоспар;

- **күнтізбелік** — нақты пән бойынша қолданыстағы оқу бағдарламасына сәйкес жасалынған және оқу тақырыбының атауын қарастыратын ағымдағы оқу жылына арналған оқу сабақтарының жүйесі; оларды оқытуға бөлінген уақыт саны; өткізу мерзімі; оқытудың дидактикалық құралдарын пайдалану; мектепшілік бақылау элементтерінің бірі;

- **әр сабақтық (сабақтың жоспар-конспектісі)** — алдағы оқу сабағының барысын сабақтың тандалған *типін мен түріне* сәйкес қысқаша, конспектілі баяндалуы; мектепшілік бақылау түрінің бірі.

**МЕКТЕПТІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУЫ** — мектеп субъектілерінің (мектеп қызметкерлерін, оқушыларды, олардың ата-аналарын), өз мектеп ұжымының тіршілік әрекетін басқаруы.

Оқушылар мектеп басқару ісіне оқушылардың жалпы жиналысы, мектеп оқушыларының конференциясы, оқушылар кеңесі, оқушылар комитеті, оның комиссиялары, штабы, сынып жиналыстары мен сынып оқушыларының кеңесі және басқа да білім құрылымдары арқылы қатысады; педагогтар — педкеңес, әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестік және пән мұғалімдерінің, сынып

жетекшілерінің, тәрбиешілердің, аттестациялық, құқықтық және т.б. комиссиялар арқылы; ата-аналар — түрлі деңгейдегі ата-аналар комитеті, комиссиялар арқылы қатысады. Өзін-өзі басқарудың бірлескен органдары барлық мектеп субъектілерінің мүддесін қамтитын сұрақтарды шешеді.

**МЕКТЕПШІЛІК (ЖОО-ІШЛІК) БАСҚАРУ** — білім беру ұйымы жұмысын жоспарлау, ұйымдастыру, жүзеге асыру, бағыттау мен қызметін бақылау жүйесі.

**Міндеттері:**

1. **Ақпараттық-аналитикалық қызмет** арқылы басқару шешімдерін дұрыс қабылдауға септігін тигізетін қарым-қатынастық процестердің айналымы қамтамасыз етіледі. Білім беру ұйымының ақпараттық-аналитикалық қызметінің тұтас жүйесін жасау үшін келесі алгоритм ұсынылады:

— ақпарат дереккөзінің мазмұнын, көлемін анықтау.

— ақпараттардың ағымын қалыптастыру мен оларды сәйкес басқару деңгейіне шығару.

— ақпаратты сақтау, қолдану формалары мен орны.

Білім беру ұйымы басшыларының, оқытушылардың, өзін-өзі басқару органдарының ақпараттық қажеттіліктері циклін есепке алу, ақпараттық процестерді алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді. Уақтылы, шынайы, толық көлемді ақпарат басшылар мен оқытушыларды әрекетке итермелейді. Топтық және жеке қажеттіліктер мен себептер білім беру ұйымдарында ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін енгізуді қажетсінеді.

Ақпараттық қажеттіліктер мен себептердің пайда болуын ынталандыратын қозғаушы күш пен әдістері ретінде оқытушының еңбек түрінің өзгеруі, қызмет етуді бақылауды ұйымдастыру, бақылау қорытындыларын (болжау, тестілеу), жоспарлы немесе оқытушының сұранысы бойынша тәжірибені жалпылау, педагогикалық ұжымның дәстүрлері (шығармашылық есептер, көрмелер, педагогикалық кадрларды ұсыну, т.б.) қабылданады.

Білім беру ұйымы мен өзін-өзі басқару органдары басшыларының басқару қызметі тұтас білім беру ұйымының әрбір құрылымдық бөлімінің қызметі туралы ақпаратты педагогикалық талдау процесінде қалыптасады.

Ақпаратты **педагогикалық талдау** жұмыстың нақты жағдайын зерттеуге бағытталған және мақсатқа жету үшін әр түрлі әдістерді, құралдарды қолдану негіздемесі, сондай-ақ педагогикалық процестің нәтижелерін объективті бағалау мен жүйені жана сапалық жағдайға ауыстыру бойынша реттеушілік тетіктерін басқару қызметі.

2. **Уәждік-мақсаттық қызмет** — оқытушылық құрамның өзінің лауазымдық қызметтерін жалпымектептік жоспар мен жеке, ұжымдық мақсатты ұстанымдарға деген қажеттіліктеріне сәйкес нақты орындау.

3. **Жоспарлы-болжамдық қызмет** мақсаттарды тиімді таңдау мен оларға жету бағдарламаларын жасауға септігін тигізеді. Барлық деңгейлердегі жоспарлау бірнеше ұстанымдық талаптарға жауап беруі керек:

— мақсаттық ұстанымдар мен жүзеге асыру жағдайының бірлігі;

— ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлаудың бірлігі;

— мемлекеттік және қоғамдық бастамаларды байланыстыру ұстанымын орындау;

— болжамдау мен жоспарлаудың кешенді сипатын қамтамасыз ету;

— болжамдардың негізінде жоспарлаудың тұрақтылығы мен икемділігі.

Осы әрекеттің түрін жетілдірудің тиімді жолдары ретінде кешенді-мақсатты жоспарлау енгізіледі (немесе кешенді-мақсатты бағдарламаларды). Кешенді мақсатты бағдарламада проблема жағдайының қысқаша сипатталуы, жалпымектептік жоспарда оның орны мен рөлі, сондай-ақ басты мақсаты, тапсырмаларды орындаушыларға жеткізу жүйесі, мақсатқа жету табыстылығын сипаттайтын көрсеткіштер, мерзімі, орындаушылары, міндеттерді шешу процесін басқаруды ақпараттық қамтамасыз ету

түрі, бағдарламаларды орындау барысын бақылау мәліметтері, ағымдық, қорытынды талдау, реттеу көрсетіледі.

**4. Ұйымдастырушылық-атқарушылық қызметі** еңбекті бөлу мен бірлескен әрекет негізінде ұжым ішіндегі өзара қатынасты реттейді. Ұйымдастырушылық-атқарушылық қызметі басқарудың әрбір кезеңінде көрінеді және білім беру ұйымын әлеуметтік қайта құрудың негізгі салмағын көтереді. Білім беру ұйымын басқару бойынша жұмыс мақсатқа жету үшін қажетті әдістер мен құралдардың жиынтығы арқылы ұйымдасқан өзара әрекеттің белгілі бір құрылымын қалыптастыру мен реттеу, басқару субъектісінің (объектісі) әрекеті ретінде сипатталады.

Басшының маңызды міндеті – білім беру ұйымын басқарудың барлық деңгейлерінде ұйымдастыру қатынастары жүйесінің тиімділігін арттыру. Осы қызметтің негізгі бағыттарына мыналар жатады: қызметті ұйымдастыруда тұлғалық бағыттылық жолын ұстану; басқару органдарының аппараты ішінде ғылыми және тәжірибелік негізделген қызметтік міндеттерді бөлу; еңбекті тиімді ұйымдастыру; мектепшілік (ЖОО-ішілік) басқарудың салыстырмалы дербес жүйесін қалыптастыру.

Мектеп басшыларының ұйымдастыру-атқару қызметін анықтайтын әдістер өзара әрекеттестік (қатынастың) жүйесінде басқару объектісі мен субъектісінің ерекшелігін және мақсатты бағыттылығы бойынша (тікелей және жанама), формалары бойынша (жеке және ұжымдық), әдістері, құралдары мен ықпал етулері бойынша (адамгершілік, материалдық, тәртіптік, т.б.) ескеру керек. Тиімді ұйымдастыру мақсаттарына жету үшін олардың вариативті байланыстары болу қажет.

**5. Бақылау-бағалау қызметі** білім беру ұйымының ішінде білім процесіне әрбір қатысушының өзіндік талдаумен, өзіндік бақылаумен және өзіндік бағалаумен әкімшілік және қоғамдық бақылауды байланыстыру

негізінде оқытушы мен оқушы әрекетін ынталандыру мақсатында орындалады. Мектепшілік бақылау – мектептің білім беру-кәсіптік жұмысының барлық жүйесінің қызмет ету, дамуының жалпы мемлекеттік талаптар (нормативтер) (мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты) мен оқушылар сұранысына сәйкес болжалдық негізінде белгілеу бойынша қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен бірлескен басшылық әрекетінің түрі.

Оқытушы жұмысының, үйренушілердің білім және кәсіптік дайындығының сапасы, сапаны басқарудың кешенді-мақсатты бағдарламасы негізінде педагогикалық процесті мектепшілік басқарудың тиімділігі тұрғысынан зерттелу, бағалануы тиіс.

Басқару процесі барлық деңгейдегі басқарушы мен басқарылушының сенімді кері байланысын талап етеді. Бақылау ғана, оның түрлері мен әдістері (тәсілдері, құралдары, ықпалдары) ретінде процестің әрбір қатысушысы үшін ақпараттың маңызды көзі болып, осындай кері байланысты орнатады.

**6. Реттеушілік-түзетушілік қызметі** түзету әдістері мен құралдарын пайдаланып, берілген деңгейде педагогикалық жүйені қолдауға бағытталған.

Түзету күтілетін, жобаланған нәтижелерде алшақтықтар әкелетін себептерді белгілеу негізінде жүзеге асырылады. Мұндай алшақтықтардың белгілеріне негізге алынбай құрастырылған жоспарлар мен олардағы қателіктер, болжамдардың жеткіліксіздігі, қажетті және уақтылы ақпараттың жоқтығы, қате қабылданған шешімдер, нәтижелерді бақылау мен бағалау жүйесіндегі сәтсіз атқарылған істер мен кемшіліктер жатады.

Көрсетілген қызметтер өзара байланысты, біртұтас басқару циклін жасақтайды. Құрылымдық бөліктердің біреуін елемей басқарудың барлық процесінің өзгеруіне, оның тиімділігін төмендетуге әкеледі.

**Мектепшілік бақылау** — оқу-тәрбие процесін жан-жақты жүйелі терең зерттеу мен талдауды және оның алдында тұрған міндеттерге сәйкес педагогикалық ұжымға кездесетін қателердің алдын алу, қажетті көмекті көрсету, бағыттау мақсаттарында мұғалімнің педагогикалық еңбегін мектепшілік бақылау тетіктерінің бірі.

Тәжірибелі мұғалімдердің белсенді түрде қатысуымен мектеп әкімшілігі атқарады.

Ұстанымдары:

- ескерту сипатындағы,
- жоспарлылығы,
- негізделгендік,
- жан-жақтылық,
- теориялық және әдістемелік дайындық.

Нысандары:

- оқу процесі,
- тәрбиелеу процесі,
- әдістемелік жұмыс,
- ғылыми және эксперименттік әрекеттер,
- балалар мен педагогикалық ұжымдардың психологиялық жағдайы,
- оқу-тәрбиелік процестің тиісті жағдайлармен қамтамасыз етілуі.

Бірнеше **түрлері** таралған:

— бақылау нысандарын қамтуы бойынша:

• **жаппай** (жеке мұғалімдердің сабақтардағы жұмыс жүйесі талданады, пән бойынша сыныптан тыс жұмыс, ата-аналар арасындағы педагогикалық білімдерді тарату бойынша әрекет, т.б.);

• **сыныптық-жалпылау** (бір сыныптың оқу жұмысы мен мұғалімдер ұжымының осы сыныптағы тәжірибесін талдау);

• **шолушы** — мектептің жалпы жағдайларын оларды терең зерттемей талдау;

• **дербес** — жеке мұғалімдердің қызметін жан-жақты талдау;

• **тақырыптық** (жалпы мектептің немесе мұғалімнің оқу-тәрбиелік жұмысының нақты бір бағытын қамтиды);

— бақылауды атқарушының белгісі бойынша:

- ұжымдық,
- өзара бақылау,
- өзіндік бақылау,

• **әкімшілік жоспарлы және жоспарсыз;**

— басқару процесінің орны бойынша:

- **ағымдық,**
- **алдынала, аралық,**
- **қорытынды.**

**Формалары мен әдістері:**

— сабақтарға, тәрбие сағаттарына, әр түрлі шараларға қатысу мен талдау;

— мұғалімдермен, оқушылар және олардың ата-аналарымен әңгімелесу;

— бағдарламалық материал бойынша әкімшілік өзіндік, бақылау және сынақтық сабақтар, оқушылардан сұраулар өткізу;

— хронометраждау, сауалнама жүргізу, тестілеу, мектеп құжаттарын зерттеу мен талдау, т.б.

**MEMЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ СТИПЕНДИЯ** — Қазақстан Республикасының Президенті және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын стипендия.

**MEMЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ** — мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын, тиісті мемлекеттік органдар тағайындайтын кәсіби жұмысшылар мен мамандарды даярлау жоспары;

кәсіптік білім беру салаларына көрсететін қызметті қаржыландыру; байқау қорытындысына қарай мемлекеттік гранттар мен несие беру.

**MEMЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫ (МЖБС)**

— 1) білімі туралы сәйкес құжаттарды алу үшін, білім алудың қай формасына жататынына қарамастан, тұлға қол жеткізетін білім деңгейін анықтайтын негізгі құжат, *білім беру цензі*; 2) оқу пәні бойынша білімнің соңғы нәтижелері анықталған негізгі құжат.

Білім берудің әрбір деңгейі үшін жасалады. МЖБС *жалпы білім беру аясында* жүйе ретінде ел азаматтарының, ұлтына, тіліне, жынысы мен әлеуметтік жағдайына байланыссыз жалпы орта білім алу тең мүмкіндігін қамтамасыз етуге арналған.

**Білім беру стандарты** — қоғам сұраныстарын көрсететін және тұлғаның шын мүмкіндіктерін есепке алатын, мемлекеттік білімділік нормасы ретінде қабылданған негізгі параметрлер жүйесі.

**Білім беруді стандарттау нысандары** — құрылым, мазмұн, оқу жүктемесінің көлемі мен оқушылардың дайындық деңгейі.

Осы нысандардың әрқайсысы бойынша белгіленген нормалар мен талаптар білім берудің негізгі жақтарының сапасын бағалау үшін эталон қызметтерін атқарады.

Білім берудегі стандарттаудың негізгі мақсаты жалпы орта білім беру сапасының белгіленген нормалары мен талаптарына жетуге бағытталған білім беру процесіне қатысушылар әрекетінің қарым-қатынасын ұйымдастыру мен реттеуден тұрады.

#### **Негізгі талаптар:**

— жалпымәдени ортаның жағдайын, қызығушы жақтардың сұраныстары мен мүмкіндіктерін есепке алу;

— соңғы нәтижені мөлшерлеуге бағытталу;

— стандарттардың білім беру сатылары мен салалары бойынша келісімділігі мен сабақтастығын сақтау;

— білім беру мазмұнының тұлғаның даму міндеттеріне сәйкес мектептің әрбір сатысының ерекшелігін есепке алып, функционалды толықтығын қамтамасыз ету;

— білім беру мазмұнының бірліктерін оңтайлы формада сипаттау;

— мемлекеттің, аймақтың, мектептің қызығушылықтары мен құзыреттілігінің үйлесімін бейнелеп, олардың келісілген әрекеті оқушы тұлғасының басымдылығынан, оның бейімділігінен, қабілеттіктері мен қызығушылығынан шығуы тиіс;

— оқушылардың оқу жүктемесін мөлшерлеуге мүмкіндік туғызу.

#### **Функциялары:**

• **критерийлік-бағалық** — оқытудың мазмұнын, оқу жүктемесінің көлемін, оқытудың нәтижелерін бағалағанда, мұғалімдер мен білім беру мекемелерін аттестаттағанда

білім беру жүйесі бағдарға алатын норматив ретінде қолданылады;

• **толыққанды білім алу құқығын қамтамасыз ету** — МЖБС арқылы тұлғаның толыққанды дамуы және кәсіптік салада білім алуды жалғастыру мүмкіндігі үшін қажетті негізді қамсыздандыруды көздейді;

• **республикадағы білім беру кеңістігінің тұтастығын сақтау** — республика ішінде жалпы орта білімнің кейбір баламасына, әрі қарай оқытуды ұйымдастыруда арқа сүйеуге болатын мектеп бітірушілер дайындығының кепілді сапасына жету үшін білім беру стандарттарын тұрақтандыру рөлін атқарады;

• **білім беруді гуманизациялау** — оқушылар дайындығының қажетті минималды талаптарын айқын анықтау — материалды меңгеруді әр түрлі деңгейде көздейтін және оларға өзінің қызығушылықтары мен бейімділіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, саралап оқыту үшін нақты перспективалар ашады;

• **басқару** — стандартпен анықталған дайындық сапасын объективті өлшеу жүйесін қолдану негізінде, барлық деңгейде — мұғалімнен басшысына дейін негізді басқару шешімдерін қабылдау үшін, мектептегі шындық жағдай туралы дұрыс ақпаратты алу, оқыту нәтижелерінің сапасын бақылау мен бағалаудың осы күнгі жүйесін түбірлі өзгерту мүмкіндігі туады;

• **білім беру сапасын арттыру** — МЖБС-ын сақтау білімділіктің жалпы деңгейін және нәтижесінде білім берудің тұтас сапасын жоғарылатуға арналған.

Функциялар МЖБС құрылымын анықтайды:

• **базистік оқу жоспары**, яғни стандартты ұсынудың негізгі деңгейі;

• **базалық** (оқушылардың барлығына міндетті) білім беру салаларының стандарттары. Бұл құрылым келесі құжаттар пакеті түрінде орындалады:

1. Түсініктеме.

2. Базистік оқу жоспары.

3. Базалық білім беру салаларының стандарттары.

4. Мемлекеттік стандартқа жету өлшемдері жүйесін жасаудың жалпы жолдары.

Түсініктемеде стандарттың жалпы идеологиясын, негізгі тұжырымдамалық қағидаларды баяндайды, оның құрылымы мен мазмұнын түсіндіреді.

Базистік оқу жоспары жалпы орта білімнің құрылымы мен мазмұнына интегралды түсінік береді, негізгі нормативтер кешенін белгілейді, соларға сәйкес білім беру ұйымының нақты жоспарлары жасалады:

– білім стандартының республикалық және мектеп компоненттері арасындағы арақатынасының;

– жалпы орта білімнің базалық және жеке жіктелген бөліктерінің арасындағы арақатынасының;

– оқыту мерзімінің ұзақтығы жөнінде (жалпы және басқыштарының әрбіреуі бойынша);

– базалық білім беру салалары, міндетті және факультативтік сабақтар үшін апталық жүктемесінің;

– оқушылардың рұқсат етілген максималды апталық жүктемесінің;

– мемлекет қаржыландыратын қорытынды сағаттар санының көлемі анықталады.

Білім беру салаларының стандарттары жинағында жалпы орта білім мазмұнының міндетті бөлімін және оқушылардың осы мазмұнды мектеп сатылары бойынша меңгеру деңгейінің талаптарын анықтайды.

МЖБС жоғары білім аясында мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін анықтап, оны еуропалық және халықаралық білім беру кеңістігіне үйлестіруге мүмкіндік беретін жоғары білімнің ұлттық жүйесінің Болон процесіне қосылуы бойынша жағдайлар мен мүмкіндіктер жасауға бағытталған. МЖБС білім беру бағдарламаларының міндетті минимумына, білім алушылардың білім алу траекториясына, білімнің құрылымы мен мазмұнына, бітірушілердің алған білім деңгейлерінің және академиялық дәрежесінің бағасына, сондай-ақ білім са-

пасын мемлекеттік бақылау ережелері мен рәсімдеріне талаптарды белгілейді.

Олардың ведомстволық бағыныштылығына, формаларына тәуелсіз, нақты пәндер бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жасайтын ел ЖОО МЖБС ережелерін қолдануға міндетті.

Жоғары оқу орындарындағы оқу процесі МЖБС сәйкес білім алушылардың қызығушылықтарын, олардың білім алу қажеттіліктерін қамтамасыз ететін, оқытушылар арасында бәсекелестікті, оқытудың әр түрлі әдістерін жетілдіру мен қолдануға және білім берудің сапасын бақылау формаларын толық есепке алуға бағытталған оқытудың сызықтық (линейлік) жүйесіне де, оқытудың кредиттік жүйесіне де негізделеді.

МЖБС білім беруді басқаруда демократиялық сипаттағы принциптерді практикалық орындауға, жоғары оқу орнының жүйесі мен ғылыми зерттеулердің қоғамның өзгерген сұраныстарына және ғылыми ойдың жетістіктеріне бейімделуіне мүмкіндік беретін жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігі мен өкілеттіктерінің шекарасын кеңейтуге арналған.

МЖБС ЖОО бітіру бойынша бітіруші-бакалавр алуға тиісті, міндетті минимум білім, білік, дағдылар мен іскерліктерді белгілейді. Бұл білім туралы құжаттардың еркін айырбасталуын, басқа елдердің мамандар дайындау деңгейін мойындауын қамтамасыз етеді.

МЖБС еңбек рыногының өзгергіштік жағдайларында бітірушілердің анағұрлым жоғары ұтқырлығын қамтамасыз ететін, мамандықтың біліктілік моделі негізінде жасалған. Осындай маманның моделі ЖОО бітіруші біліктіліктің қандай жиынтығын, ол қандай кәсіби функцияларды орындауға дайын болу керек және оның нақты функцияларды орындауға дайындығының дәрежесі қандай болуы тиіс екенін сипаттауын ұсынады.

**МЕН-ОҚУШЫ** – баланың мектеп оқушысы ретінде өзі жайлы ұғымы мен білім кешені.

Оқушының өзі туралы білімі мен түсінігі көбінесе қарама-қарсы, тұрақсыз және көп жағдайда оқушының мінезі мен оның сыныптағы табысы, өз кезегінде басқалардың, негізінен мұғалімнің бағалау нысаны болады. Оқушының басқа адамдардың бағалық пайымдауын қабылдауы және оларды өзіне түсіндіруі оның өзіндік бағалауы мен өз бейнесін жасауына әкеледі. Кіші жастағы оқушылар үшін оны мұғалімнің бағалағаны, жоғары сынып оқушылары үшін құрбыластарының бағалағаны маңызды. Көптеген жоғары сыныптағылар үшін ақиқатқа қарамай, өзінің өзіндік түсінігінің сақтауы немесе оны арттыруға ұмтылуына тән.

**МЕН-ТҮЖЫРЫМДАМА** – адамның өзі туралы түсініктерінің жүйесі, оның негізінде ол өзінің басқа адамдармен және өзімен қарым-қатынасын құрады.

**МЕН-ХАБАР** – оқушының тәртібіне оқытушы көзқарасын ашық айтуды талап етпейтін сәттерде қолданылатын педагогикалық бағалау тәсілі, алайда оның әрекетін шебер түзету қажет. Мен-хабар өзге адамның іс-әрекетіне немесе «Мен мәңгі...», «Мен мазасыз күй кештім...», «Мені үнемі...» секілді құбылыстарға бір адамның өзіне қатысты айтуы арқылы (хабар) жүзеге асырылады.

**МЕТАТЕОРИЯ** – кез келген басқа (пәндік) теорияның құрылымын, әдісі және қасиеттерін сипаттайтын теория.

**МЕТАТҰҒЫРНАМАЛАР** – кез келген оқу пәніне қолдануға болатын және іштей таным процесінің өзіне тән жалпы түсініктер (мысалы, *өзара бағыныштылық*, *алгоритм*, *симметрия* және т.б.).

Метатұғырнаманың тұтас жүйесін анықтау – педагогиканың, психологияның және білім берудің философиясының міндеті.

**МНЕМОНИКА** – жасанды байланыстар тудыру көмегімен есте сақтауды қамтамасыз

ететін тәсілдер жиынтығы; келесі ережелерге негізделген есте сақтау өнері: ақпарат түрі және түсі жағынан әр түрлі блоктарға жинақталады; блоктар саны  $7 \pm 2$ ; IX–XI сынып оқушылары үшін блоктағы ақпараттардың саны шамамен  $450 \pm 50$  баспа таңбалары, V–VIII сыныптар үшін  $350 \pm 50$  және I–IV сыныптар үшін  $250 \pm 50$  баспа таңбалары.

**МОДЕЛЬ** – өлшем, үлгі, норма; 1) зерттеу нысанының белгілі жақтарын, байланысын, қызметін жанғыртатын элементтер жүйесі; 2) ақпараттық технологиялардың көмегімен математикалық әдістер негізінде көрсетілген сыртқы әлемдегі құбылыстардың қандай да бір класына жуықтап сипаттама беру мен мүмкіндігінше шолу жасау; 3) модельдеу нысанының (түпнұсқаның) кез келген ойша немесе танбалық бейнесі; ғалымдар және педагогтар педагогикалық шынайылықтың шекарасы мен шарттарын нақтылай отырып өзгертуде басшылыққа алатын бейне, стандарт; педагогикалық нысандардың түрлі элементтерінің үйлесімдігі туралы идеяны дамытуда қолданылатын педагогикалық зерттеу әдісі:

- **мұратты** – нысан сипаттамаларын идеалдандыра, ойша құрылымдау тәсілі;
  - **материалдық** – нысан сипаттамаларын заттай, физикалық жанғырту түрі;
  - **нормативтік** – ең жоғары нәтижеге жету үшін жасалатын шаралар туралы жалпы түсінік беретін жоба;
  - **теориялық** – шынайылықтың ішкі, маңызды қатынастарын көрсететін белгілі бір құрылымды көздейтін нақты белгіленген элементтердің байланысы.
- БІЛІМ БЕРУ МОДЕЛІ** – білім беру тәжірибесін тұтастай немесе оның жеке бөліктерін сызба арқылы немесе таңбалау жүйесі арқылы бейнелейтін ойша үлгілеу (логикалық құрылымдау).

Үш түрге бөлінеді:

- **сипаттаушы (суреттеуші)** – білім беру тәжірибесінің құрылымы негізгі элементтері олардың мәні туралы түсінік беретін үлгі;



• **болжамдық** — білім беру тәжірибесінің келешектегі жағдайының теориялық негізделген көрінісін беретін үлгі;

• **функционалдық** — білім беруді оның әлеуметтік ортамен байланыс жүйесінде көрсететін үлгі.

**МОДЕЛЬДЕУ (ҮЛГІЛЕУ)** — 1) нақты қолданыстағы қандай да бір жүйені оның ұйымдастырылуы мен жұмыс істеу принциптерінің қандай да бір үлгісін (құрылымдық-логикалық сызба, кескін, кесте және т.б.) жасау жолымен көшіріп ұқсату арқылы бейнелеу; 2) зерттеу нысанын басқаруды жетілдіру немесе түпнұсқасы туралы сәйкесті болжамдарды тексеру үшін, жанадан жасалатын нысандарды құрылымдау тәсілдерін ұтымды ету үшін, зерттеу нысандарының өзінің көрсеткіштерін анықтау немесе нақтылау мақсатында оның үлгісін зерттеу нәтижелерін пайдалану әдістерінің жиынтығы.

Педагогикалық болмыстың жана нысандарының маңызды көрсеткіштерін анықтау және сипаттап түсіндіруде қазіргі заманғы негізгі зерттеу әдістерінің бірі, қажетті жағдайда жобалау әдістерімен толықтырылуы мүмкін. Педагогикалық модельдеу — зерттелетін педагогикалық құбылыстың құрамды бөлімі мен ішкі байланыстарын ашу, сонымен бірге өзгерістеріне сандық және сапалық талдауды қамтамасыз ететін көрсеткіштерін анықтау арқылы педагогикалық нысанның өмір сүру түрі, құрылысы, құрамы мен құрылымының жұмысын және дамуын бейнелеудің теориялық тәсілі.

Модель түпнұсқаны қандай да бір себептермен табиғи жағдайда зерттеу қиын немесе мүмкін болмаған жағдайда, қандай да бір нысанды зерттеу процесін жеңілдету мақсатында қолданылады; модельдеу әдістері модель сипатына, қолдану саласына және зерттеу мақсатына тәуелді:

• **мазмұндық** — оқыту процестерінде және адамның іс-әрекетінде жүзеге асырылатын психикалық әрекеттің ішкі құрылысы ту-

ралы қандай да бір теорияны құрылысына қарай талдап сипаттау арқылы үлгі-модель құрастыру;

• **ерекшелік (феноменологиялық)** — адамның іс-әрекетіндегі зерттелетін психикалық әрекеттің сыртқы көрінісі арқылы бақыланатын және өлшенетін өзгерістердің тек қана құрылымын бейнелейтін үлгі-модель құрастыру.

**МОНИТОРИНГ** — 1) қандай да бір процесті, ортаның жағдайын тұрақты түрде, ұзақ уақыт бақылау және олардың күтілген нәтижеге немесе алғашқы болжамдарға сәйкестігін анықтау мақсатында оны басқару және қолайсыз, қиын-қыстау немесе келеңсіз жағдайлардың туындау мүмкіндігі туралы өз кезінде хабардар ету; 2) педагогикалық нысанның өзгерісі мен дамуының нәтижелерін жүйелі және бірізді қадағалай отырып және зерттелетін процеске қатысушыларды осы нәтижелермен үнемі таныстыра отырып бақылау.

Термин педагогика ғылымына *экология* және *социологиядан* келді. *Экологиядағы* мониторинг — қоршаған ортаның жағдайын бақылау, бағалау және болжам жасау.

*Социологияда* мониторинг — әлеуметтік сала жағдайын бейнелейтін көрсеткіштердің аз мөлшерін анықтау, қайталап өлшеп нәтижесін базалық және нормативтік көрсеткіштермен салыстыру. Социологиялық мониторинг әлеуметтік процестерді іріктелген өлшемдер бойынша ұзақ уақыт бақылауға бағытталған. *Медициналық* мониторинг адам денсаулығы және функционалдық жағдайының өзгерісін бақылауды қамтамасыз етеді. *Психологиялық* мониторинг — әр жастағы мектеп оқушыларының психикалық дамуының тенденциясы мен заңдылықтарын анықтайды. Оқу-тәрбие процесінің нәтижесі мен оларға жетуде пайдаланылатын амалдар *педагогикалық* мониторинг нысаны болып табылады.

Егер мониторинг жүйесінің елеулі ғылыми құраушысы жасалса, немесе ғылыми мақсаттармен қолдану мүмкін болса, ол

ғылыми ерекше құбылыс ретінде қарастырыла алады.

Эксперименттен мониторингтің ерекшелігі, ол зерттеу нысанының табиғи дамуына, мүлде немесе нысанның даму динамикасы қауіпті жағдайда болғанға дейін араласуды көздемейді.

**ПЕДАГОГИКАДАҒЫ МОНИТОРИНГ** – педагогикалық жүйенің қызметі туралы ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу мен таратуды ұйымдастыратын, оның жағдайына және педагогикалық жүйе дамуын болжауға үздіксіз зерттей қадағалауды қамтамасыз ететін және бірден-бір міндеті – білім беру ұйымы мен процесін сипаттауға қабілетті көрсеткіштерін анықтау және көру болып табылатын зерттеу түрі.

**БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ МОНИТОРИНГІ** – білім беру процесінің жүрісін, нәтижесін және тиімділігін оның күтілген нәтижеге немесе алғашқы болжамға сәйкестігін анықтау мақсатында ол туралы ақпаратты жинау және алынған ақпаратты өңдеуді компьютерлік технологияны қолдану негізінде үздіксіз қадағалау;

білім беру мақсаттары мен міндеттерін және оларды шешу тәсілдерін тиімді таңдау мақсатында педагогикалық процестің жай-күйін, оның дамуын үздіксіз ғылыми-болжамдық қадағалау процесі;

білім беру жүйесінің, оқушылар құрамының, білім беру процесінің жайы мен нәтижелерінің өзгерісін жүйелі бақылау, талдау және болжамдау.

**МОТИВ (УӘЖ, ДӘЛЕЛ)** – 1) қандай да бір әрекетке түрткі болатын, қозғау салатын себеп; бір нәрсенің пайдасы үшін дәлел; 2) адамның іс-әрекетінің, қандай да бір мінез-құлқының субъективті дәлелі (саналы немесе санадан тыс); адамның қандай да бір әрекет тәсілін таңдауы мен жүзеге асыруына тікелей түрткі болатын психикалық құбылыс; 3) (*оқытуда*) оқушының оқу әрекетіне немесе оның жекелеген жақтарына бағыттылығы мен қандай да бір

қажетін қанағаттандыруға деген ішкі қатынасына байланысты ниеті.

Мотив ретінде *түйсік, әуестікке* негізделуі мүмкін. Мотивтің негізгі бөлігі тұлғаның әлеуметтенуі, қалыптасуы және тәрбиесі процесінде қалыптасады.

**Жіктелуі** (В.И. Ковалев):

1. Тұлғаның маңызды қоғамдық қажеттіліктеріне, олардың мазмұнының сипатына байланысты: *идеялық* (дүние танумен байланысты), *саяси* (тұлға көзқарасының ішкі, сондай-ақ сыртқы саясатқа қатысымен байланыстылар), *адамгершілікті* (адамгершілік ережелері мен қағидаларына негізделген), *эстетикалық* (әсемдікке қажеттіліктен көрінеді) болып бөлінеді.

2. Туындау көзі, шарттастығы бойынша (сол сияқты реттеу ерекшелігі бойынша): *кең әлеуметті* (патриоттық), *ұжымдық, іс-әрекеттілік* (әрекетті-процессуалды) және *ынталандыру* (мадақтай-ынталандыру).

3. Іс-әрекет түрлері бойынша: *қоғамдық-саяси, кәсіптік, оқу-танымдық*.

4. Мотив байқалу уақыты бойынша: *тұрақты, ұзақ және қысқа мерзімде әрекет етуші* болып бөлінеді. Алғашқысы адам өмірінің барлық кезеңінде көрінеді (мысалы, табиғи қажеттілігін қанағаттандырумен байланыстылар); екіншісі – көп жылдар бойына (мысалы, тұлғаның танымдық қажеттіліктерімен байланысты); үшіншісі – шектеулі уақыт аралығында (мысалы, қандай да бір жананы танумен байланысты) әрекет етеді.

5. Көріну күші бойынша: *қуаттылар* (күштілер), ерекше әсерлі уәжді құрайтындар, *біркелкі*, көрінудің орташа күшімен сипатталатындар және *әлсіздер*, іс-әрекетке ниеттендірсе де, болмашы әсер етеді.

6. Орнықтылық деңгейі бойынша: *мықты, орташа және әлсіз* болады.

7. Іс-әрекетінде көрініс табуы бойынша: *нақты* немесе өзекті және *әлеуметті*. Адамның іс-әрекеті және тәртібіне шын мәнінде қозғау салатынды нақты уәж деп атайды. *Әлеуметті* деп тұлғада қалыптасқан, бірақ осы мезетте көрінбейтін уәжді айтады. Бұл

жерде екі жағдай болуы мүмкін: мүмкін адам келешекте атқаратын іс-әрекетке дайындалуда немесе ол онымен бұрынырақ айналысып, бірақ қазір басқа іске ауысқан.

Осындай мотивация (уәж) топтарының түрлі ерекшелігі мен тұлғаның мотивациялық (уәждік) аясын сипаттайды. Бұл жағдайда алғашқы үш топ оның мазмұндық, ал соңғы төртеуі — қозғалыстық сипатын құрайды. Мотивациялық ая күрделі құрылымнан тұрады. Сонымен бірге мотивациялану белгілі бір сатылап реттеледі.

**Оқу әрекетіне қатысты он орнықты мотивация қалыптастырудың негізгі жолдары мен әдістері:**

I. Оқу материалы мазмұнының оқу әрекетін мотивациялаудағы рөлі.

II. Оқу әрекетін тиімді ұйымдастыру.

III. Оқу әрекетінің ұжымдық түрінің әсері.

IV. Оқу қызметі мотивациясының қалыптасуындағы бағалаудың маңызы.

**МОТИВАЦИЯ** — тұлғаның іс-әрекетінің мазмұнын, бағыттылығы мен сипатын, оның тәртібін анықтайтын барлық тұрақты мотивтердің, ниеттердің жиынтығы.

**МОТИВАЦИЯЛАУ ОРТАСЫ** — іс-әрекеттің мақсатына жету үшін салынатын күштің бағыттылығы мен көлемін айқындайтын жағдайлардың жиынтығы.

Мотивациялау ортасының сипатына байланысты қатысушылар мінез-құлқында *бастамашы, атқарушы, тұтынушы, бейжайлық* қыры қалыптасады. Бұл құбылысты мұғалім балалармен кез келген іс-әрекетті ұйымдастыруда ескеруі қажет.

**МУЗЫКА ЖЕТЕКШІСІ** — баланың музыкалық қабілетін және көңіл күй өрісін дамытатын, музыкалық іс-әрекеттердің алуан түрлілігі негізінде балалардың эстетикалық талғамын дамытатын педагогикалық қызметкер.

**МУЛЬТИТӘРТІПТІЛІК** — зерттелу нысаны бір мезгілде бірнеше ғылыми пәндердің зерттеу нысанына айналатын зерттеуді сипаттайды.

**МҰҒАЛІМ** — оқытатын, үйрететін адам; білім беру ұйымындағы арнайы педагогикалық білімі бар лауазымды тұлға; педагогикалық қызмет және жалпы білім беру жүйесіндегі маман.

Оған қатысты сондай-ақ «педагог» сөзін де қолданады.

Маңызды міндеті — мәдениетті тұлғаны қалыптастыру және балаға жалпы білім негіздерін меңгерту. Кәсіпті меңгеру үшін сәйкесті қабілет пен сапа, тұлғаның белгілі бір айқындалған әлеуметтік-психологиялық бейімділігі қажет.

Мұғалім тұлғасының, оның тұтастығы мен іс-әрекетке дайындығын айқындайтын жетекші, өзекті құрылымының бірін кәсіби-құндылық бағдары құрайды. Олар мұғалімнің педагогикалық мамандыққа, тәрбиеленушінің тұлғасына, өз-өзіне тандаулы қатынастары ретінде сипатталады. Мұғалімнің өзіндік рөлі оның педагогикалық іс-әрекет құндылығы, кең гуманистік әлеуметтік-кәсіби ұстанымдар үйлесімділігімен анықталады: тандалған кәсіпке өмір сүру болмысы оны толыққанды және шығармашылықпен атқару қажеттігі ретінде; адамға құрал ретінде емес, мақсат ретінде караумен; адамдармен, ең алдымен балалармен нәтижелі қатынас пен табысты өзара әрекетті қамтамасыз ететін рефлексия, эмпатия, әлеуметтік қабілеттілікті дамытуға арналып бағытталуымен анықталады. Кәсіби бағытталған қасиет пен мінез құрамына мұғалімнің жалпы бағыттылығы кіреді (әлеуметтік жетілу, азаматтық жауапкершілік, кәсіби идеалдар, гуманизм, жоғары даму, бөрінен бұрын танымдық, қызығушылық, тандаған мамандығына қайсарлық қатынас); кейбір ерекше қасиеттер — ұйымдастырушылық, коммуникативтік, перцептивті-гностикалық, экспрессивті; кәсіби еңбекке қабілеттілігі.

Мұғалімнің кәсіби өзіндік санасының жоғары дамуы үшін: оның мінез сипаттарының сатылық құрылымын — кәсіби әрекетте тұлғалық өсуінің құндылық басымдығы;

санасындағы оқушы бейнесінің өзінің өмірлік іс-әрекетінің субъектісі ретінде берілуі және өзін оның санасында маңызды субъект ретінде көрініс табуына ұмтылуы; тәрбиеленушімен тұлғалық бағытталған өзара әрекет ұстанымын (мақұлдау, қолдау, сену) басымды ету және т.б. тән.

Мұғалім үнемі қазіргі заман беретін жаңалықтармен байып отыруы, қарқынды рухани өмір сүруі, жасампаз-шығармашыл болуы тиіс. Ол өсу ретінде өзін педагог-экспериментатор, теоретик және практик, шынайы психолог және тәрбиеші ретіндегі зерттеуші де болуы керек; оған бар педагогикалық технологияға қызмет ету ғана емес, сонымен бірге инновациялық процестерді де жүзеге асыру қиындық келтірмейді.

Педагогикалық процестің тиімділігі мұғалімнің тұлғалық тұрақты, ішкі тұтастықта және кәсіби іске асырушы іс-әрекетімен айкындалады. Мұндай мұғалімді қалыптастыру – педагогикалық білім берудің міндеті, себебі мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінің жетістігінен әрбір ұлттың болашағы және ақырғы есебінде, әлемдік өркениеттің тағдыры байланысты.

**Мұғалім (педагог)-зерттеуші** – ғылыми танымға және педагогикалық шындықты қайта құруды қарастыратын, ғылыми зерттеу жүргізетін педагог, яғни ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастырушы және жүзеге асырушы; іс-әрекеті ғылыми-педагогикалық зерттеу сипатын алып жүретін мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің жоғары деңгейі.

**Мұғалім (педагог)-кәсіпқой** – оқу-тәрбие іс-әрекетінің әдісін еркін менгерген, бірнеше жыл қатарынан жоғары нәтижеге жетуші, педагогикалық еңбек шебері.

**Мұғалім (педагог)-фасилитатор** (ұғымды К. Роджерс енгізген) – педагогиканың тұлғалық-бағытталған парадигмасында жұмыс жасаушы және балалармен жұмыста келесі нұсқауларды ұстанатын өзінің жеке ойларына, сезіміне, күйзелістеріне ашықтығы; марапаттау, сенім білдіру, мұғалімнің оқу-

шының мүмкіндігі мен қабілеттеріне ішкі жеке сенімділігінің көрінісі ретінде; «эмпатикалық түсіну» (оқушы мінезін, оның реакциясын, әрекетін, дағдысын көру) басшылыққа алатын мұғалім.

Оқыту төмендегідей құрылады: мұғалім топтың немесе әрбір жеке-жеке оқушының алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді тұжырымдауға көмектеседі, содан соң оқушыны проблеманы шешуге ынталандыратын ерікті және емін-еркін жағдай орнатады. Бұл кезде мұғалімге: 1) өзімен өзі болу, өз ойын және сезімін ашық айта білу; 2) балаларға толық сену және олардың мүмкіндігі мен қабілеттеріне деген сенімділігін білдіру; 3) эмпатия көрсету, яғни әрбір оқушының сезімін және күйзелісін түсіне білу маңызды.

Зерттеулерге сай фасилитрлі оқыту стилі кезінде оқушылар оқу жылы ішінде сабақтан сирек қалады, өте жағымды өзіндік бағаға ие болады, оқуда алға ілгерілеуге қол жеткізеді, олардың тәртібіне қатысты проблема азаяды, мектеп меншігіне қатысты вандализм актісі аз, олар үшін аса жоғары ойлау деңгейі мен шығармашылық белсенділік тән.

**Әлеуметтік педагог** – балалармен және ересек тұрғындармен әлеуметтік-мәдени және отбасылы-тұрмыстық салада жұмыс жасайтын маман.

Әлеуметтік педагог:

– мекемелерде және тұрған жері бойынша балалар тұлғасын тәрбиелеу, білім беру, дамыту және әлеуметтік қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асырады;

– оқушылардың жеке ерекшеліктерін, қоршаған шағын ортасын, тұрмыс жағдайын зерделейді;

– қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, қиындықтары мен проблемаларын, дау-жанжалды жағдаяттарды, балалардың мінезіндегі ауытқушылықты айқындайды және оларға дер кезінде әлеуметтік көмекпен қолдау көрсетеді;

— камқорлығындағы тұлғалар мен мекемелер, отбасы, орта, әр түрлі әлеуметтік қызмет көрсету мамандары, ведомстволар және әкімшілік ұйымдар арасында келістіруші болады;

— әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың, жеке және әлеуметтік проблемаларды шешу тәсілдерін, міндеттерін, формасын, әдістерін анықтайды, тәрбиеленуші тұлғаны әлеуметтік қорғау мен көмек көрсету, құқықтары мен бостандығын іске асыру шараларын атқарады;

— балалар мен ересектердің әлеуметтік құнды іс-әрекеттерінің әр алуан түрлерін, әлеуметтік бастаманы дамытуға, әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға арналып бағытталған іс-шаралар ұйымдастырады, оларды әзірлеуге және бекітуге қатысады;

— әлеуметтік ортада гуманды (ізгі), адамгершілікті салауатты қатынас орнатуға септік етеді;

— психологиялық қолайлы жағдай жасауға және тәрбиеленуші тұлғаның қауіпсіздігін қорғауға жәрдемдеседі, олардың өмірі мен денсаулығын қорғауға камқорлық жасайды;

— еңбекке орналастыру, патронаж, үймен қамтамасыз ету, жәрдемақы, зейнетақы, жинақтық салымдарын ресімдеуге, жетім және ата-аналарының камқорлығынан айрылған тәрбиеленушілердің қатарынан құнды қағаздарын пайдалану бойынша жұмысты жүзеге асырады;

— мұғалімдермен, ата-аналармен (оларды алмастырушы тұлғалармен), әлеуметтік қызмет көрсету, жұмыспен қамтудың отбасылық және жастар қызметінің мамандарымен, қайырымдылық ұйымдарымен және т.б. камқорлық пен камқорлықты қажет ететін, физикалық мүмкіншіліктері шектеулі, девиантты мінезді, сондай-ақ күтпеген жағдаяттарға тап болған балаларға көмек көрсетуде өзара іс-әрекет етеді.

**МҰҒАЛІМ ИМИДЖІ (БЕЙНЕСІ)** — тәрбиеленушілердің, әріптестердің, әлеуметтік орта, көпшілік санасында қабылдан-

ған мұғалімнің эмоционалды боямаланған таптаурын бейнесі.

Имидждің қалыптасуында бар қасиеттер қасындағылардың оған қосатындарымен тығыз байланысады.

**МҰҒАЛІМНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ** — мұғалім оқытуды, дамытуды және тәрбиелеуді сабақта және сабақтан тыс дайындықтарда жүзеге асыру үшін қолданатын құжаттар мен дидактикалық материалдардың жиынтығы. Олар: МЖБС, оқу бағдарламасы, күнтізбелік және тақырыптық жоспарлар, сабақ жоспарлары, тәрбие жұмысының жоспары, оқу құралдары, көрнекі құралдар және т.б.

**МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ӘЛЕУМЕТТЕНУІ** — мұғалімнің кәсіби ортаға кіруі, олардың педагогикалық іс-тәжірибені меңгеру, стандарттар мен педагогикалық қауымдастық құндылықтарын игеру, жинақталған іс-тәжірибені белсенді іске асыру процесі.

**МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ САНА-СЕЗІМІ** — мұғалімнің өзіне кәсіпқой ретіндегі, басқалар тарапынан — оқушылар, әріптестер, басшылар тарапынан кәсіпқой ретінде күтілетін бағалауды қосатын өзі жайлы түсініктер кешені; оған кәсіби сенімділік беретін немесе сенімсіздік туғызатын мұғалімнің өзінің жекелеген қырларын және кәсіптік Мен-тұжырымдамасының қалыптасуын өзіндік бағалауы.

Осы тұжырымдама негізінде мұғалім мектепте өзіне қатысты барлық болып жатқан жағдайларды бағалайды. Бұл кезде мұғалім өзінің бүгінгі мүмкіншілігінен (көкейкесті өзіндік бағалау) кешегі (ретроспективтік) және болашақ жетістіктерін (потенциалды және идеалды) бағалауды қоршаған ортасының пікірлерімен үндесетін бағадан ажырата алады. Педагогта өзін жағымды қабылдауы, өзіне деген сенімі, кәсіпке деген қанағаты, тұтастай алғанда жұмыс тиімділігі артады. Кәсіби өзіндік бағалауы төмен мұғалімде қорғалмағандық сезім пайда болады, қоршаған ортасын өзінің

торығуы мен үрейі арқылы қабылдайды, беделділік стильге психологиялық қорғаныш құралы ретінде қарайды. Әсіресе мұғалімнің он Мен-тұжырымдамасы оқушының он Мен-тұжырымдамасының дамуына септігін тигізетіні маңызды.

**МҰҒАЛІМНІҢ КОММУНИКАТИВТІ ТӘРТІБІ** – педагогтің сөйлеу және іс-әрекетінің көмегі арқылы сыныппен байланыс орнатуына себеп болатын, оның көңіл күйіне ықпал ететін, оқу материалын қабылдауға дайындау процесі.

Көп жағдайда коммуникативті тәртіптің жемісті болуы:

- ойлай білуі және өз ойын оқушыларға дәл, нақты жеткізуіне;
- мұғалімнің педагогикалық міндеттерді сезінуіне;
- оқушылармен өзара қарым-қатынас жазау сипатын ескеру қабілеттілігіне;
- мұғалімнің беделіне;
- сөзінің әсерлілігі мен жаңашылдығына;
- оқушының психикалық жағдайын сыртқы белгілері бойынша түсіне білуіне, «көзінен оқи білуі»;
- мұғалімнің өзін көрсете білуіне байланысты.

**МҰҒАЛІМНІҢ КҮЙЗЕЛІСТІ ХАЛІ** – кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің қиыншылықтарынан, төтенше, қысылтаяң жағдаяттардан пайда болған мұғалімнің шиеленіскен жай-күйі.

Мұндай күйзеліске түсуге педагогте уақыттың жетпеуі, оқушылар үлгерімінің төмендігі, оқушылардың сабақтағы тәртібінің нашарлауы, әкімшілікпен, әріптестерімен және т.б. даулары жиі болуы; іс-әрекетке оң, онтайландырушы ықпал еткені сияқты теріс, толық кері ұйымдастырушылыққа (дистресс) дейін әсер етуі мүмкін.

**МҰҒАЛІМНІҢ ӨЗІНДІК КӘСІБИ БІЛІМ АЛУЫ** (Г.М. Коджаспирова әзірлеген) – құрамына жалпы білім беретін, пәндік, психология-педагогикалық және әдістемелік өзіндік білім алуды қосатын мұғалімнің көпкомпонентті жеке және

кәсіптік маңызды өзіндік танымдық қызметі.

Кәсіптік қызметтің даралық стилін қалыптастырады, педагогикалық іс-тәжірибелерді және жеке өзіндік қызметін ұғынуға көмектеседі, өзіндік тану мен өзіндік жетілудің құралы болып табылады.

**Түрлері:** *фондық жалпы білім, фондық педагогикалық, перспективалық және көкейкесті.*

**МҰРАНЫ МЕНГЕРУ** – алдыңғы дәуірлерден, бұрынғы қайраткерлерден алынған мәдени құбылыстарды, тұрмысты және т.б. менгеру, өңдеу.

**МІНЕЗ** – тұлғаның оны қоршаған әлемге, басқа адамдарға, өзіне қатынасы, тұлғаның жеке өзгешелігін білдіретін және іс-әрекетпен қарым-қатынас стилінде байқалатын тұрақты психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы.

Адамның мінезін білсе, оның сол немесе басқа жағдайдағы белгілі дәрежеде тәртібін болжауға болады. Жеке адамның басқа жақтарымен тығыз байланысты, мысалы, мінез білдіру формасын, оның сол немесе басқа бағыттарына өзгеше із қалдыратын темпераментін анықтайды.

**МІНЕЗДЕМЕ (ХАРАКТЕРИСТИКА)** – 1) біреудің, бірдеменің ерекше сапасы мен қасиеттерін сипаттау, анықтау; 2) біреудің қызмет, қоғамдық іс-әрекеті туралы пікір жазылған ресми құжат.

# Н

**НАҚТЫ-ТАРИХИ СИПАТТАҒЫ ОҚУ-ТӘРБИЕЛІК ПРОЦЕСТІҢ ҚАРАМАҚАЙШЫЛЫҒЫ** – қоғамдық өмірдің сұраныстарына оқыту мен тәрбиелеудің қоғамдық-тарихи тәсілінің сәйкес келмеуі.

**Қарама-қайшылық жүйесі:**

**Оқытудың жекелік түрі (ОЖТ)** – 1) өндірістің, сауданың дамуы, қалалардың өсуі, кітап бастырудың пайда болуы және сауатты адамдарға сұраныстың анағұрлым өсуі арасындағы; 2) оқушылардың сандық өсуіне мұғалімнің материалдық қызығушылығы мен бір мезгілде барлығын оқыту мүмкіндігі жоқтығы арасындағы; бұл қарама-қайшылықтар ОЖТ-ны дағдарысқа әкелді және ОЖТ-ге өтуге себепші болды; **Оқытудың топтық түрі (ОТТ)** – 1) тәрбиелеудің соңғы, қашық мақсаттары мен оқытудың жақын, маңызды мақсаттары арасындағы; 2) оқушы әрекетінің жасампаздық процестерінің артықтығы, басымдылығы мен әрекетті қайта құрушылық процестерінің мардымсыздығы арасындағы; 3) ОТТ оқушының тұтынушылық, масылдық жағдайындағы және демократиялық (халықтық) мектептің оқу-тәрбиелік процесі қалыптастыратын тұлғаның әрекетті қайта құру қасиеттері арасындағы; 4) топтың (сыныптың) барлық оқушылары жұмысының бірыңғай (бірдей) қарқыны мен әрқайсысының жеке қабілеттіктерінің зор айырмашылығы арасындағы; 5) ОТТ-гі оқытудың жеке сипаты мен қазіргі заманғы тәрбиелеудің қоғамдық, ұжымдық табиғаты арасындағы; 6) мектеп пен ЖОО оқу процесінде қолданылатын қарым-қатынас құрылымдары мен оқу процесінен, мектептен тыс өмірдегі адамдар қарым-қатынасындағы құрылымдар арасындағы; 7) мектептердегі оқушылар мен ЖОО студенттерінің көп ұлтты құрамы, олардың өзара қатынастарындағы интернационалдық сипат пен мектеп сабақтары мен ЖОО аудиториялық сабақтардағы оқытудың бір тілдік негізі арасындағы; қарама-қайшылықтың осы түрі ОТТ дағдарысын туғызды және ОУТ-ге (оқытудың ұжымдық түрі) өту қажеттігіне себепші болады.

**НЕГІЗДЕУ** – қандай да бір пікір, бағалау немесе практикалық іс-әрекет туралы шешім қабылдау үшін белгілі бір білімді,

ережені және нұсқауды пайдалану рәсімі; зерттеу барысындағы ғылыми нәтиже алу да жасалған ақиқаттық пен дұрыстықты дәлелдеудің әр түрлі тәсілдерінің қорытындысымен толықтыру.

**НЕФОРМАЛОГРАММА** – ұжымдағы бейресми қатынастар құрылымын көрсететін диаграмма.

**НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТ** – мемлекеттік органның құқық нормасын белгілейтін, өзгертетін немесе жоятын билік нұсқамасы (Заң, Кодекс, Нұсқаулық және т.б.); мемлекетте және шет елде негізгі құқық көзі; нормативтік құқықтық актілер, олардың заң күшінде негізделген келісті жүйесін құрайды.

**НОУ-ХАУ** – 1) шеберлік, ептілік, тәжірибелік, тапқырлық, жоғары біліктілікті жұмыс; ұзақ мерзімді тәжірибе нәтижесінде алынған біліктілік және тәжірибе; 2) бір нәрсені өндіру, даярлау, қызметтер көрсету және нарықтағы тауар болып табылатын арнайы техникалық құжаттар түріндегі, тағы басқа құралдар туралы техникалық, технологиялық ақпарат.

**НҰСҚАУЛЫҚ (ИНСТРУКТАЖ)** – оқытушының түсіндіру және тапсырма ұсынуының түрі.

Әдістеме оқыту формасы мен түрлеріне тәуелді. Әдетте мазмұны бойынша бөлінеді:

- **kipicne** – оқушыға өзінің оқу қызметін ұйымдастыруына, жұмысты тиімді орындау тәсілдерінің ерекшеліктерін саналы менгеруіне көрсетілетін көмек;

- **кезекті** – мұғалімнің қалауымен немесе оқушылардың өтініші бойынша жүргізіледі және әдетте жеке түрде өткізіледі. Онда жиі кездесетін қателер мен қиыншылықтарды талдайды. Бұл нұсқаулықты үлгермеушілерге қолдануға болмайды, оны барлық оқушылар тобының біліктілігі мен дағдыларын бекітуге пайдалану керек;

- **қорытынды** – жұмыс нәтижелерін өңгіме түрінде қорытындылау: оқушылардың жұмысындағы әдеттегі кемшіліктерге талдау жасалады.

Нұсқау беру мақсатында оқу – техникалық құжаттары қолданылады: оқу жұмыс сызбалары, карточка - тапсырмалар, нұсқаулық және т.с.с. карталар. Мұның құндылығы – нұсқау беретін материалдарды әр оқушының бірнеше рет қолдана алу мүмкіндігінде; нұсқаулардың мұқият және ойластырылып тұжырымдалуында.

**НЫСАН (ОБЪЕКТ)** – 1) таным заты, субъектінің практикалық ықпал ету нысанасы, бізден тыс өмір сүретін және біздің санамызға қатыссыз сыртқы әлем; 2) қандай да бір іс-әрекет бағытталған зат, құбылыс.

**ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ** – зерттелетін нақтылықтың бөлігі (эмпирикалық зерттеуде) немесе абстракция (теориялық зерттеуде); ғылыми іс-әрекеттің жеткілікті кең саласының зерттеу жүргізілетін шеңбері; зерттеушімен терең және жан-жақты зерделенетін нәрсе.

**ҒЫЛЫМ ӘДІСНАМАСЫНЫҢ НЫСАНЫ** – ғылыми-зерттеу процесінің тұтастығы, яғни ғылыми-танымдық іс-әрекет оның барлық құрамдас бөліктерімен органикалық бірлікте өтуі.

**НЫШАН** – заттардың несімен бір-біріне ұқсас немесе ерекшеленетінін білдіретін белгілердің барлығы.


Бөлінеді:

- **жеңіл-желпі** – олардың болуы немесе болмауы заттың немесе құбылыстың табиғатын өзгертуге әсер етпейтін белгілер;
- **нәтижелі** – ықпалды жайттардың әсерімен өзгеретін нышандар;
- **мәнді (маңызды)** – заттың табиғатын, оның мәнін білдіретін және оны барлық басқа заттардан айыратын нышандар;
- **ықпалды** – олардың әсерімен басқа түрге өзгеретін нышандар.

**ТОПТАСТЫРАТЫН НЫШАН (ТОПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ)** – топтарды құруда негізге алынатын нышандар.

**ЗЕРТТЕЛЕТІН ҚҰБЫЛЫСТЫҢ НЫШАНЫ** – зерттелетін құбылысты сол арқылы тану мен басқалардан бөлуге болатын көрсеткіш, белгі.

**ЖҮЙЕ ЭЛЕМЕНТІНІҢ НЫШАНЫ** – жүйе элементінің қажетті, мәнді, айырылмас қасиеті.



**ОЙ** – 1) зат немесе құбылыс туралы ой, жалпы ұғым; материалдық әлемді бейнелеудегі адамның ойлау нәтижесі; әлемді практикалық өзгерту және онан арғы тану мақсатын білдіреді; білімнің алдыңғы даму тәжірибелерін талдап қорыту және құбылыстарды түсіндіру принципі қасиетін атқаратын ой; 2) логикалық құрылым, теориялық жүйе негізінде болатын анықтаушы ұғым; 3) ой, ниет; 4) бір нәрсенің негізгі ойы.

**ОЙЛАП ТАБУШЫЛЫҚ** – ойлап шығару қабілеттілігі, мысалы, техникалық есептерді шешуде пайдалы идеяларды табу.

Ойлап табушылыққа аяқталмаушылық қасиеті тән. Ойлап табушылық нәтижелілігі зеректілік пен тәжірибелікке тәуелді болады және егер ойлап шығарушы психологиялық селкостық пен функционалды тұрақтылықты жене алмаса, оның тиімділігінің төмендеуіне әкеледі. Оларды жене алмауы әдетте техникалық немесе басқа мақсаттарды шешімді дағдыға айналған үлгіге әкеледі (штаттық, қарапайым). Ойлап табушылық оның мүмкін нәтижелерінің көп болуымен сипатталады.

**ОЙЛАУ** – шынайылықтың адам басында түсінік, пікір және ой қорытындысының жалпылама-жанама түріндегі көрінісі; ерекше түрде ұйымдастырылған материя – адам миының жоғары нәтижесі.

Ойлау процесінде ойдағы және жаңадан келіп түсетін ақпараттарды өңдеу жүзеге асырылады, оның сыртқы, кездейсоқ, болмашы элементтері зерттелетін жағдаяттың



мәнін көрсететін негізгі, ішкі элементтерінен бөліп алынады, олардың арасындағы заңды байланыстар ашылады.

Көбінесе жағдайлары мен талаптары айырып көрсетілген міндеттерді шешу процесі ретінде дамиды. Міндет субъектілерге тек түсінікті ғана емес, сонымен қатар қабылдануы тиіс, яғни тұлғаның қажетті-мотивациялық аясымен сәйкестендірілуі тиіс. Ойлау қызметіне оны дамытатын жағдайлар ғана емес, сонымен қатар оның нәтижелігіне ықпал ететін факторлар болып табылатын мотивтер түрткі болады. Адамның ойы зерделенген немесе зерделенбеген тұтастығымен сипатталады. Ой қызметіндегі міндеттерді шешу жолдарының басқаруын қамтамасыз етуде көңіл күй басты рөл атқарады. Төмендегі іс-әрекеттердің мақсаты ойлау нәтижесі бола алады. Олар:

• **абстрактілі** — заттың, құбылыстың жеке тұстарын, қасиеттерін немесе жағдайларын ойша бөлшектеуге және жеке нысан ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін, күрделі дерексіз түсініктер, пікірлер мен ойлау қорытындысына сүйенетін ой. Мұндай бөлшектенген және өзіндік қасиет қорытындылау, түсініктердің пайда болу процестері негізінде жататын абстракция болады;

• **амбивалентті** — ағымдардың бір мезгілде бірін-бірі жоққа шығаруымен, қарама-қарсылығымен, бір-біріне қарама-қайшы ойларымен сипатталады;

• **көне (архаикалық)** — адам дамуының ерте кезеңіне тән және көп жағдайда ежелгі мифтермен байланысты көнерген түсініктер мен ұғымдарға сүйенеді. Наным және жанылуға негізделген пікірлерден тұрады;

• **атактикалық** — пікірдің логикалық қателерімен сипатталатын ой өзгерісі шизофрениясына тән;

• **аутикалық (патологиялық)** — аутикалық логика заңы бойынша жүретін, пікір сырқаттың ішкі жан дүниесі күйінішімен, оның эмоциясымен, мақсатымен және шындықпен жеткілікті байланыста болмай, өмір шындығынан алшақ кеткен ой;

• **жөнсіз** (Вюрцбург мектебінің термині) — танымның сезімдік (сөздің қабылдауы, түсінігі) элементтерінен «бос» тәрізді ой.

• **қапталдық** (латералды, үлгісіз) (терминді Эдвард де Боне енгізді) — нәтижелі ойдың бір түрі, оның негізінде «бөгде» ақпаратты қолдана отырып, міндеттерді шешу жолын көру қабілетін қамтамасыз ететін кең тараған зейін жатыр; интуициямен, шығармашылық қабілет пен өзіл-оспақ сезімімен тығыз байланысты;

• **ықтималды** — заттар мен құбылыстарды тікелей қабылдауына емес, күткен (мүмкін) құбылыстың ықтималдық деңгейінің есебіне сүйенетін ой;

• **көзбен шолу** — 1) интеллектуалдық тапсырмаларды шешуде «бейнені көзбен шолудың» ішкі тәсіліне сүйенеді; 2) ойдың түрі, оның нәтижесінде көзбен шолуда жаңа формалар, белгілі бір мағыналық маңызы бар бейнелер жасалады. Бұл бейнелер бейнеленетін нысандарға қатысты дара болып келеді; көп жағдайда архитекторлар мен дизайнерлердің шығармашылығында, күрделі жүйелер жағдайын басқаруда әсіресе оларды штаттан тыс жұмыс режиміне шығаруда, стратегиялық шешім қабылдауда, теориялық сызбалар мен тұжырымдамаларды ғылыми тұрғыдан дайындауда байқалады;

• **ғаламдық** — жалпыадамзаттық проблемаларды көтеру және оны бейбіт жолмен шешуге, сонымен қатар өзін әлемнің белсенді бөлшегі ретінде түсінуге бағытталған ой;

• **диагностикалық** — баланың жеке қасиеттерін талдау және тұлға дамуы болжамын ескере отырып, оларды біріктіре байланыстыру;

• **дивергенттік** (Дж. Гилфордтың термині) — бір нысанға немесе қандай да бір міндетті шешуге байланысты түрлі және бірдей дұрыс идеяларды ұсыну процесін суреттеу; креативті қабілеттердің негізі және конвергенттік ойға қарсы қойылады;

• **жануарлық** — 1) жануарлар өз әрекеті барысында қабылданатын құбылыстар

(және заттар) арасында тікелей байланысты орнату (мысалы, қару ретінде пайдалануға жарамды затты таңдау); 2) (адам тектес маймылдарға ғана тән) тікелей қабылдайтын құбылыстар (заттар) және түсініктер (жинақталған бейнелермен) арасында қозғалту тәжірибесінің жинақталу нәтижесінде қалыптасқан байланысты орнату;

• **интуициялық** — жылдам өтуімен, көрінетін кезеңдердің айқын еместігімен, аз ұғынуымен сипатталады және т.б;

• **кешенді** — бала және ересек адамның ойы, өзіндік эмпирикалық қорытындылау процесі кезінде жүзеге асатын, олар үшін түсіну кезінде ашылатын заттар арасындағы қарым-қатынас негіз болады; кешендердің түрлері (Л.С.Выготский бойынша):

1) *ассоциативті* — әр текті заттардың басқа үлгімен кез келген белгі негізіндегі бірлестігі;

2) *кешен-коллекция* — бірін-бірі толықтыратын және үлгімен қандай да бір, көбінесе практикалық белгісі бойынша байланысқан әр текті заттардың тобы;

3) *тізбектік* — жекелеген буынның біртұтас тізбекке уақытша бірігуі және мәннің осы тізбектің жекелеген бұйымдары арқылы тасымалдануы динамикалық принцип негізінде құрылады;

4) *диффуздық* — бірдей белгілер негізінде пайда болады, дегенмен оған белгісіздік тән; мұндай кешен бала тәжірибесінен тыс шығатын, көп жағдайда заттарға қатысты туындайды;

5) *жалған түсінік* — жалпылау енді біртұтас негіз бойынша жүргізіледі, дегенмен ол берілген заттар картинасын сезінуден алшақтаған жоқ, оған кіретін элементтерден жоғары тұрмайды, солармен тұтасып кетеді;

• **конвергенттік** (Дж. Гилфордтың термині) — жалғыз ғана дәл жауапты дұрыс әрі тез табу қабілеті, психометриялық интеллектінің негізгі құрылымдаушысы;

• **сыни** — ақпаратты логика тұрғысынан талдау қабілеті, негізделген пікір, шешім жасау біліктілігін және алынған нәтижені

стандартты, сол сияқты стандартты емес жағдайлар, сұрақтар мен проблемаларды шешуде қолдану. Бұл процесс жана идеяларға ашықтығымен ерекшеленеді;

• **көрнекілікті-әсерлі** — міндеттерді шешу жағдаяттың шынайы, физикалық түрленуінің көмегімен, нысандардың қасиеттерін байқап көрумен сипатталады;

• **көрнекілікті-бейнелі** — қабылданған бейнелерді бейнелі-суреттеуге өзгерту шынайы суреттеудің бейнелі-тұжырымдамалық формада көрсетуін қалыптастыратын түсініктің пәндік мазмұнын одан әрі түрлендіру, жанарту және жалпылау негізінде жүзеге асырылады;

• **оперативті** — практикалық ойдың әртүрлілігі;

• **практикалық** — мақсат қою, жоспарлар мен жобалар жасаумен байланысты практикалық іс-әрекетте және көбіне уақыт тапшылығы жағдайында ашылатын ой түрі;

• **пралогиялық** (Л.Леви-Брюльдің түсінігі) — ой дамуының ерте кезеңін белгілеу үшін қолданылатын термин, ол кезде оның негізгі логикалық заңдарының қалыптасуы аяқталмаған: себеп-салдарлық байланыстардың бар екендігі түсінікті, бірақ олардың мәні мистикалық түрде көрінеді; құбылыстар себеп-салдар белгісі жағынан да және жай ғана уақыты жағынан да дәл келіп өзара қатынаста байланысады;

• **кәсіптік** — арнайы кәсіптік міндеттерді шешуде қалыптасатын және көрінетін ой түрі, ол екі мағынада қолданылады: 1) маманның жоғары кәсіби-мамандық деңгейіне (бұл жерде ойдың «сапалық» аспектісін көрсететін ерекшеліктері туралы әңгімеленіп отыр) айрықша баса назар аударғысы келгенде; 2) кәсіби әрекеттің сипаты ескерілген ой ерекшелігіне баса назар аударғысы келгенде (бұл арада пәндік аспектіні айтып отыр); көбіне бұл түсінік бір мезгілде екі мағынада қолданылады;

• **синкретикалық** — түрлі түсініктер бөлшектенбей байланысқан баланың ойы және қарапайым ой. Синкретизм 7–8 жас-

қа дейін баланың барлық дерлік пікірін тізеді, сол арқылы құбылыстардың себептері және т.б. туралы ақылға сыймайтын болжамдар жасайды. Осы байланыстарды меңгеру ісі ойлау операцияларының топтасуға қабілеттілігі қалыптасуында пайда болады және баланың сыртқы әлем туралы тура пікір саласы синкретизмнен арылады;

• **ауызша-логикалық** — сөзбен баяндалған түсініктер мен логикалық құрылымдар негізінде жүзеге асады; бұл түрдің ерекшелігі — тапсырманы сөз (вербальды) түрінде шешеді;

• **шығармашылық** — қорытындысы әрекет болатын, міндетті түрде практикалық ойлауға жетелемейтін ой; үнемі арнайы «теориялық әлем» жасаумен, ол және шынайы әлем арасында анық шекара жүргізумен байланысты;

• **теориялық** — зерттелетін жағдаяттар немесе шешетін міндеттердің негізгі бастапқы қайшылықтарын бөліп көрсетуге және талдауға, яғни нысанның мәнін дамуының жалпыға бірдей заңдылығы ретінде анықтауға негізделген ой түрі.

Ойлау әрекетінің **бұзылуы** түрлі психикалық аурулар, мидың жергілікті зақымдануы және психикалық дамудың ауытқуынан туындайды; реттеуші механизмдерді, ойлау әрекетінің операциялық және динамикалық жағын істен шығарады (дәлелдеу, программалау және бақылау процестері); вербальды-логикалық, ойлау әрекетінің көрнекілікті-бейнелі және бейнелік-әсерлі түрінде таралады немесе осылардың біріне қатысты болады.

**Ойды дамытудың критерийлері** (Н.Н. Поспелов және И.Н. Поспелов):

1. Ойлау әрекетінің операциялары мен әдістерін жете түсіну деңгейі.
2. Ойлау әрекетінің операциялары мен әдістерін жете меңгеру деңгейі, оларды оқу және оқудан тыс танымдық процестерде қолданудың тиімді әрекет ету біліктілігі.
3. Ойлау әрекетінің операциялары мен әдістерін тасымалдауды жүзеге асыру бі-

ліктілігін, сонымен қатар оларды басқа жағдаяттарда және басқа пәндерде қолдану дағдыларын жете түсіну деңгейі.

4. Ойдың әр түрінің қалыптасу деңгейі, сол сияқты ойдың бір түрден екінші түрге ауысу процесі кезіндегі жағдайы.

5. Тезаурустың көлемі, яғни білім қоры, олардың жүйелілігі, сол сияқты білімді меңгерудің жана әдістерінің пайда болуы.

6. Ақылдың түрлі қасиетінің жағдайы мен өспелі динамикалығы: өзіндігі, тереңдігі, сынилығы, икемділігі, бірзіділігі, шапшаңдығы және т.б. Бұл қасиеттер білім тереңдігі мен орнықтылығына және оқушылардың ойлау операцияларын практикада қолдану біліктілігіне байланысты дамиды.

7. Міндеттерді шығармашылықпен шешудегі біліктілік деңгейі, жана жағдайларда бағдар жасауы, іс-әрекеттегі шапшаңдығы.

8. Оқушылардың логикалық пікірді оқу әрекетінде қолдану қабілеті.

**ОЙЫН** — 1) қызметтің бір түрі, оның манызы нәтижесінде емес, процесс барысында.

Балалардың психологиялық өзгерісі (бәсеңдеуі), стресс жағдайынан шығуы, адамдармен қатынастарының үйлесімділігі ойын арқылы өтеді. Ойын әсіресе балаларға маңызды, себебі олар ойын процесінде үлкендердің әрекеттері мен қарым-қатынастарын келтіру арқылы қоршаған әлеммен танысады. Балалардың ақыл-ой, адамгершілік және дене тәрбиесі қызметін атқарады.

• **компьютерлік дидактикалық және дамытушылық** — оқытушы және дамытушы сипаты бар дербес компьютерлерге арналған ойын бағдарламалары. Бірнеше түрде берілген (абстракті-логикалық, сюжетті, рөлдіктер) компьютерлік ойындар оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді, олардың танымдық мүдделерін ынталандырады, әр түрлі ептіліктері мен дағдыларын қалыптастырады, (ойын тренажерлер), психофизикалық дамуларына жағдай туғызады. Бірақ шама-

дан тыс ойындармен әуестену балаға зиянын тигізеді.

#### Топтастырылуы:

• **пәндік** – балалардың айналасындағы заттармен ойыны, бала ойын арқылы заттарды тура мағынасына қарай қолдануға үйренеді;

• **рөлдік** – арнайы сюжеттік жағдай тудыру арқылы балалардың әр түрлі әлеуметтік рөлдерді (ана, әке, тәрбиеші, дәрігер, бала, оқушы және т.б.) өз жауапкершілігіне алып, бірлескен топтық ойыны.

• **символдық** – шындық дүние ойын арқылы символ, белгілер түрінде бейнеленеді, ал әрекеттер абстрактілі, символдық түрінде бейнеленеді;

• **сюжетті** – ойын арқылы бала адамдардың нақты өмірлерінен, әңгімелерден, ертегіден сюжеттерді ұдайы еске түсіреді;

2) **іскерлік ойын (ІО)** – ойын арқылы кәсіби немесе басқа қызмет үлгісін жасау, адамдардың қарым-қатынасын, тәртібін берілген ережелер бойынша жағдайларын елестету әдісі. Рөлдік ойындардан айырмашылығы – басты назар инструменталды аспектілерге аударылады және жеке тұлғалар арасындағы қатынастар туралы сөздің болмауы. Оқу және зерттеу мақсаттары үшін қолданылады.

**ОҚУ** – оқытудың бір түрі (қ. *Оқыту*), оқу ісінің білім, дағды, шеберлік, әдісін меңгеруге бағытталған оқушының әрекеті (оқушы, студент) (қ. *Оқу әрекеті*).

**ІЛІМ (ОҚУ)** – 1) кез келген нақты құбылыс аумағы туралы теориялық ережелер жиынтығы, 2) ойшыл, ғалым көзқарасының жүйесі.

**ОҚУ АМАЛДАРЫ** – оқушылардың оқу міндеттерін шешуге көмектесетін амалдар. Оларға мыналар жатады: мәселенің қойылуы, мәселені шешудің нақты немесе жалпы тәсілдері, бақылау, бағалау және түзету.

**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БАСҚАРУ (ОРТАЛЫҚ, КАФЕДРА, БӨЛІМ, КАБИНЕТ)** – білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізетін құрылымдық бөлімшелер.

#### ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС (ОӘЖ)

– оның үйренушілері тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарға жету үшін білім беру процесін психологиялық-педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік және оқу-материалдық нысандармен жабдықтау бойынша білім беру ұйымының қызметі.

Ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыс ғылым мен білім беруді біріктіру, оқу және тәрбиелеу процесін жабдықтау мен жетілдіру, оқытудың жана технологияларын жасау мен енгізу, білім беру ұйымдары мен сәйкес инфрақұрылымда педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін көтеруді камсыздандыру мақсатында орындалады.

**ОӘЖ-ның мақсаттары** мыналар:

– білім беру бағдарламаларын орындауды ғылыми-әдістемелік камтамасыз ету;

– қолданыстағы технологияларды, әдістерді, білім беру процесінің құралдары мен формаларын жетілдіру, жанасын жасау және енгізу;

– педагогтің шығармашылық ойлауын дамыту, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін көтеру және кәсіптік шеберлігін камтамасыз ету, педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру.

Ғылыми және оқу-әдістемелік жұмысқа **басшылық** мыналарға жүктеледі:

– бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінің әдістемелік кабинеттеріне;

– техникалық және кәсіптік ортадан кейінгі білім беру ұйымдарында облыстық (қалалық) білім департаменттерінің әдістемелік кабинеттеріне;

– жоғары оқу орындарының құрылымдық бөлімшелеріне.

Оқу-әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасының заңнамаларына, МБС мен оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру мен орындау Ережелеріне сай атқарылады.

**ОӘЖ-ның мазмұны**

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын орындайтын

білім ұйымдарында ОӘЖ-на келесі бағыттарды енгізеді:

1) ғылымның теориялық, әдіснамалық негіздерін, педагогика мен психологияның жетістіктерін, дүниетануды қалыптастыратын тиімді әдістемелерді, өз бетімен жұмыс істеу іскерлігі мен дағдыларын, ақыл-ойлық, танымдық белсенділікті дамытатын өз бетімен білім алуды меңгеру;

2) білім саласындағы нормативтік құжаттармен таныстыру;

3) оқытудың, сыныптан тыс, мектептен тыс пәндік және тәрбиелік жұмыстардың әр түрлі формалары мен әдістерін зерттеу және шығармашылықпен меңгеру;

4) үздік, жанашыл тәжірибемен таныстыру және оның идеяларын менеджменттің функциялары мен прогрессивті идеяларымен, инновациялармен бірге шығармашылықпен қолдану;

5) оқу-тәрбиелік процесті жетілдіруге және педагогқа, білім ұйымына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әр түрлі әдістемелік жұмыстардың формаларын дайындау мен өткізу;

6) оқыту сапасын, оқыту жетістіктері деңгейін, оқушыларды тәрбиелеу барысын талдау;

7) педагогикалық қызметкерлерді және оларға теңестірілген тұлғаларды аттестациялау рәсіміне қатынасу;

8) әдістемелік өнімдерді әзірлеу.

Техникалық және кәсіптік білім оқу бағдарламаларын, ортадан кейінгі білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын орындайтын білім ұйымдарында ОӘЖ ішінде мынадай келесі бағыттар бар:

1) білім басқармалары органдарының нормативтік құқықтық құжаттарын, ұсыныстарын зерттеу, талдау мен орындауды ұйымдастыру; оқу-бағдарламалық құжаттарды, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды енгізу;

2) жаңа оқу бағдарламаларын және оларды оқу процесіне енгізу арқылы ұсыныстарды зерттеуді ұйымдастыру;

3) еңбек нарығының талаптарын ескеріп, өзгерістер енгізу бойынша стандарттар мен оқу бағдарламаларына ұсыныстар енгізу;

4) ағымдық, аралық бақылаудың қорытындыларын талқылау, оқушылардың білім, дағдылары мен іскерліктерінің сапасын талдау және нәтижелерді жақсарту бойынша ұсыныстарды әзірлеу;

5) педагогикалық тәлімгерлікті ұйымдастыру, жаңа бастаған педагогикалық қызметкерлерге және өндірістік оқытудың шеберлеріне оқу сабақтарын дайындау мен өткізуде, оқу-әдістемелік материалдар мен сабақтан тыс іс-шараларды әзірлеуде көмек көрсету;

6) сабақтарға өзара қатысуды ұйымдастыру, ашық сабақтар өткізіп, оларды талқылау; зерттеу, іріктеу және жұмыс практикасына ғылым мен техниканың жетістіктерін, оқу-тәрбиелік жұмыстағы озық тәжірибені және оқытудың жаңа технологияларын енгізу;

7) мамандықтар мен кәсіптер бойынша кәсіптік шеберлік конкурстарын, тақырыптық семинарларды, конференциялар мен әдістемелік мәжілістерді ұйымдастыру мен өткізу;

8) педагогикалық, ғылыми, әдістемелік әдебиеттерге, рефераттарға, баяндамаларға, әдістемелік әзірлемелер мен құралдарға, оқытудың техникалық құралдары мен электрондық-есептеу техникаларына шолуды ұйымдастыру;

9) ынтымақтастық педагогикасы бойынша жұмысты, өзін-өзі басқаруды жетілдіру, оқушыларды оқу-тәрбиелік процесті жақсартуға және еңбекті ұйымдастырудың тиімді формаларын, өзара бақылау мен өзара көмекті анағұрлым кеңінен қолдануға тарту.

Жоғары және жоғарыдан кейінгі білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын орындайтын білім ұйымдарындағы ОӘЖ-на келесі бағыттар кіреді:

1) нормативтік құқықтық құжаттарын, жоғары білім мамандықтарының жіктелуін

(классификаторын), мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жетілдіру бойынша ұсыныстарды енгізу;

2) оқу процесіне қазіргі заманғы оқу әдістемелік және дидактикалық материалдар, автоматты оқыту жүйелерінің бағдарламалары, ақпараттық жабдықтау жүйелері, ақпаратты-кітапханалық жүйелерді енгізу;

3) жұмыстың оқу бағдарламаларын даярлау, типтік оқу бағдарламаларының жобаларын жасауға қатысу;

4) оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендері, оқу-әдістемелік оқу құралдары, сондай-ақ электрондық тасығыштар мен дидактикалық материалдарды құрастыру;

5) алдыңғы педагогикалық тәжірибелер бойынша жалпылау және тарату шаралары мен білім беруді ақпараттандыру;

6) дидактикалы-әдістемелік оқытудың оқу-материалдық құралдарын жасап енгізу;

7) оқытудың жаңа технологиялары бойынша оқу-әдістемелік құжаттарды жасау және енгізу;

8) ұқсас мамандықтар бойынша оқу бағдарламаларын бір ізге салу туралы ұсыныстарды іске қосу;

9) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сай жұмыс істейтін оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына сараптама жүргізу;

10) оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың оқушылардың ағымдағы үлгеріміне ықпалы;

11) оқушылардың білімін қадағалайтын тестілік және басқа да түрлі бақылау тапсырмаларын әзірлеу және сараптама жүргізу;

12) білім беру процесінің оқу әдебиеттері және әдістемеліктермен қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізу;

13) оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне арналған әдістемелікпен қамтамасыз етілуін жүзеге асыру;

14) оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік оқу құралдарының сапасына талдау жасау;

15) оқыту сапасы, қатысушылардың оқудағы жетістіктерінің деңгейіне талдау жасау;

16) оқу-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру бойынша жиналыс, семинар, конференцияларды өткізу мен ұйымдастыру;

17) оқушылардың жыл сайынғы құрамын қалыптастыру бойынша бағдарын, дайындық деңгейі мен мүмкіндіктерін ескере отырып, әдістемелік қамтамасыз ету жұмыстарын әзірлеу;

18) дайындайтын нақты және болашақта қажет мамандардың болжамын жасайтын базалық мәлімет құру үшін маркетингтік зерттеуді ұйымдастыру;

19) түлектерді жұмысқа орналастыру және мектепті аяқтаған оқушыларды оқуға түсіру (мамандардың сұранысын зерттеу, түлектерді сұрақ-жауаптан өткізу, кәсіпорындармен байланыс орнату, түлектерді бөлу картасын құру, мамандықтар жәрмеңкелерін ұйымдастыру) арқылы әдістемелік қамтамасыз ету;

20) барлық мемлекет пен аймақ бойынша демографиялық, экономикалық және салалық жағдайына байланысты білім беру процесінің перспективалы жоспарын ұйымдастыру;

21) мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде барлық деңгейге арналған оқыту бойынша кепілдемелерді даярлау.

### **Құрылымдық бөлімшелердегі оқу-әдістемелік жұмыстарын ұйымдастыру тәртібі**

Оқу-әдістемелік жұмыстар оқу процесін орындаушы, оқу процесін бақылаушы, оқу бағдарламаларының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық құрылымдық бөлімшелерінде (әдістемелік, пәндік әдістемелік ұйымдар мен топтық комиссиялар, кафедралар, бөлімдер, факультеттер, институттарда), әдістемелік жұмыстар іс-әрекетінің негізі болып табылатын ұйымдарда (республикалық, облыстық, аудандық, қалалық, әдістемелік кабинеттерде), оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша құрылым-

дық бөлімшелерде (оқу-әдістемелік бөлімдер, басқармалар, орталықтар, кабинеттерде) жүргізіледі.

Құрылымдық бөлімшелер оқу әдістемелік жұмыстарды жоғарыда аталған Ережелер; білім беру ұйымы алдын ала қарастырған жарғыға сәйкес бекіткен тәртіп бойынша қағидалар негізінде жүзеге асырады.

Құрылымдық бөлімшелердің оқу-әдістемелік жұмыстарын әдіскерлер жүргізеді. Олардың санын белгілі жоғары оқу орнының мамандану, мамандықтар жиынына, сондай-ақ оқушылар мен оқытушылардың санына қарай білім беру ұйымының кеңесі шешіп бекітеді.

Құрылымдық бөлімшелер келесі оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізеді:

1) кафедралар, бөлімшелер, факультеттер, институттардың оқу-әдістемелік жұмыстарын басқару;

2) оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша нормативтік құқықтық құжаттарды сараптау және әдістемелік кеңес қарауы үшін олардың кепілдемесін беру;

3) оқу-тәрбиелік процестің жағдайын талдау, әдістемелік жұмыстар мен оларды жетілдіру үшін ұсыныстар жасау;

4) оқу-әдістемелік өнімді талдау, тарату және жариялануына кепілдеме беру.

Білім беру ұйымындағы оқу-әдістемелік жұмыстарға тікелей басшылықты білім беру ұйымының оқу (оқу-әдістемелік) жұмыстары бойынша бастығының орынбасары жүргізеді.

Құрылымдық бөлімшелердегі оқу-әдістемелік жұмыстарға жалпы басқаруды арнайы таңдалған өкілдік органдары: сәйкес бөлімшелердің әдістемелік кеңестері (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) жүргізеді. Құрылымдық бөлімшенің әдістемелік кеңесін құру, оның іс-әрекетінің тәртібі, өкілеттігі мен құрамы білім беру ұйымының кеңесімен анықталады.

Ұжымдық әдістемелік жұмыстардың формасы: пәндік, топтық комиссиялар, кафедралар, алдыңғы тәжірибелік мектептер,

нұсқаулы-әдістемелік жиналыстар, семинарлар, дәрістер, тәжірибелер мен конференциялар.

Кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарында пәндік әдістемелік топтама комиссиялар мамандықтар бойынша өндірістік оқыту шеберлерімен қоса, арнайы және жалпы білім беру пәндерінің үш оқытушысынан құрылады.

Әдістемелік комиссияның құрылуына оқытушылардың саны жеткіліксіз болса, ұйым басшылығы оларды бірнеше аудан, қалалардағы білім беру ұйымдарының сәйкес пәндер бойынша педагогикалық мамандарын біріктіретін комиссия жұмысына қатыстыруды ұйымдастыруы тиіс.

Кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарындағы әдістемелік комиссия басшылығын таңдаулы өндірістік оқытудың шеберлері мен тәжірибелі оқытушылар, орта білім беруден кейінгі ұйымдардың кафедра менгерушілері атқарады. Кафедраның әдістемелік комиссия жұмыстарына ғылыми мекемелердің ғылыми және педагогикалық қызметкерлері, өндіріс мамандары қатыстырылады.

Оқу-әдістемелік құжаттар білім беру ұйымдарының сәйкес құрылымдық бөлімшелерімен даярланады. Құрылымдық бөлімшелер білім беру ұйымдарының әдістемелік кеңестерінде, кафедраларда, әдістемелік комиссияларда талқылаудан өтіп, жарамдылығы туралы қорытындыға ие болғаннан кейін білім беру ұйымының оқу, оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша бастығы, бастығының орынбасарымен бекітіледі.

Білім беру ұйымдарының құрылымдық бөлімшелері мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар, типтік оқу жоспарына сай жұмыс істейтін оқу жоспарларын әзірлейді. Олар оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша құрылымдық бөлімшелердің сәйкес әдістемелік комиссиялар, құрылымдық бөлімшелерімен (институттар, факультеттер, бөлімдер) қаралып, барлық әдістемелік

кеңестердің жарамдылығы туралы қорытындысынан кейін білім беру ұйымының басшылығымен бекітіледі.

Жұмыс істейтін оқу бағдарламалары мен қосымша жоспарлар типтік оқу бағдарламасына сәйкес жасалып, білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесіндегі әдістемелік кеңесімен қаралғаннан кейін білім беру ұйымының оқу (оқу-әдістемелік) жұмыстары бойынша бастығының орынбасарымен бекітіледі.

Әдістемелік ұсыныстар мен нұсқаулықтар білім беру ұйымдарының оқытушыларымен жасалады. Әдістемелік комиссиялар, кафедралар, білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшелеріндегі әдістемелік кеңестердің талқылауынан кейінгі жарамдылығы туралы алынған қорытындылар білім беру ұйымының оқу (оқу-әдістемелік) жұмыстары бойынша бастығының орынбасарымен бекітіледі.

Облыстық (қалалық) білім беру департаментінің әдістемелік кабинеті кәсіптік және техникалық, ортадан кейін білім беру ұйымдары мен оқу-әдістемелік ұйымдарының оқу-әдістемелік жұмыстарын бақылайды.

**Оқу-әдістемелік бірлестіктер (ОӘБ)** — білім берудің түрлі деңгейлі оқу бағдарламаларын іске асыру үшін ұсыныстар мен кепілдемелерді білім беру процесінің салалық белгілері (пәндер, мамандықтар топтамасы) бойынша біріктіру.

Оқу-әдістемелік бірлестіктер ерікті бастамада ортақ салалық белгілері (пәндер, мамандықтар топтамасы) бойынша құрылады. Оларға білім беру ұйымдары, әлеуметтік және жұмыспен қамту серіктестерінің өкілдері кіреді.

Білім берудің жалпы орта, негізгі орта және бастауыш жалпы білім беру оқу бағдарламаларын өзірлейтін білім беру ұйымдарында мектептік және мектепаралық әдістемелік бірлестіктер жалпы білім беретін пән мұғалімдері, 1—4-сынып мұғалімдері, сынып жетекшілері, мектепке дейінгі мекемелер мен мектеп интернаттарының тәр-

биешілері үшін құрылады. Жиналыстар әр тоқсанда бір рет немесе қажеттілігіне қарай өткізіледі.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік бірлестіктерді мектепте бір пәннен оқытатын мұғалімдердің саны 3-тен кем болмаған жағдайда құруға болады.

Аудандық әдістемелік бірлестіктер жалпы білім беретін пән мұғалімдері, бастауыш сынып мұғалімдері, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, мектеп-интернаттарының тәрбиешілері және мектеп кітапханашылары үшін жылына екі-үш отырыс өткізу тәртібінде құрылады.

Ауданда қатар оқытылатын сыныптары бар аз жиынтықты мектептер болса, мұндай сыныптарды оқытатын мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктері құрылады.

Әдістемелік бірлестіктер жұмысының жоспары бір жылға жасалып, білім беру ұйымының жетекшісі мен білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша жұмыстарының даралығы мен ажыратылымын бақылау, міндеттер, диагностика, талдау жүйелерінің нәтижелері негізінде бекітіледі.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарындағы әдістемелік бірлестіктерді шығармашыл жұмыс істейтін мықты дайындығы бар педагогтар қатарынан 1 жылға сайланған (тағайындалған) жетекші басқарады. Мектепаралық бірлестіктердің жетекшілері білім берудің аудандық (қалалық) бөлімдерімен тағайындалады.

Әдістемелік жұмыстарға тікелей басшылықты пәндер мен жұмыс бағыттары бойынша бастықтың орынбасарлары және әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері жүргізеді.

Әдістемелік бірлестіктердің жұмысын басқару және бағыттап отыру үшін педагогикалық кеңестің жұмысын қайталамайтын әдістемелік кеңес құрылуы мүмкін.

Орта білім беруден кейінгі, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының оқу-



әдістемелік бірлестіктері салалық белгілері бойынша құрылып, келесі бағыттар бойынша жұмыс істейді:

1) ортадан кейінгі, кәсіптік және техникалық білім беру мамандықтарына арналған мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, типтік оқу жоспарлары, типтік оқу бағдарламалары, оқу-әдістемелік құралдары, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен электрондық оқулықтарды даярлау;

2) ортадан кейінгі, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбиелік процестерді жетілдіру бойынша конференциялар мен семинарларды ұйымдастыру мен өткізу;

3) ортадан кейінгі, кәсіптік және техникалық білім берудің оқу бағдарламалары бойынша оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеуді ұйымдастыру;

4) оқу процесін ақпараттандыру, білімді бақылау мен оқытудың қазіргі заманғы технологиялары бойынша әдістемелік ұсынымдар мен ұсыныстарды дайындау;

5) орта білім беруден кейінгі, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру әрекетін зерттеу және оны жетілдіру туралы ұсыныстарды әзірлеу;

6) қатысушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ұйымдастыру тәжірибесін жинақтау, мамандықтар бойынша кәсіби шеберліктер, үздік курстық жұмыстар мен дипломдық жобалар бойынша конкурстарды ұйымдастыру және өткізу;

7) білім беру ұйымдарындағы оқытушылардың республикалық, халықаралық конференцияларға және ұқсас кәсіптер мен мамандықтар бойынша республика, ТМД елдері мен алыс шетелдерде тәжірибеден өтулеріне ұсыныстар жасау;

8) жұмыста жоқ тұрғындар мен жастар арасында кәсіптік бағдарлық жұмыстар бойынша ұсыныстар әзірлеу;

9) оқу-әдістемелік әдебиеттер, оқытудың педагогикалық құралдары, оқу-зертханалық құрылғылар, фильмдер мен оқытудың

қазіргі заманғы құралдарымен қамтамасыз етілуін бағалау туралы сараптамалық материалдарды дайындауға қатысу;

10) колледждер базасындағы білім беруде ортадан кейінгі, кәсіптік және техникалық мамандардың біліктілігін арттыру курстарын әдістемелік қамтамасыз ету;

11) білім берудің оқу бағдарламалары бойынша ақпараттық мәліметтер банкі құру, мамандардың дайындық сапасына мониторинг ұйымдастыру.

Оқу-әдістемелік бірлестіктердің шешімі кеңес беру сипатында болады және барлық білім беру ұйымдарына – мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер мүшелеріне арналады.

Оқу-әдістемелік бірлестіктер қызметін оқу-әдістемелік кеңес шешімімен бекітілген Төраға басқарады. Оқу-әдістемелік бірлестіктер Төрағасы оқу-әдістемелік бірлестіктер жұмысын бағыттайды және ұйымдастырады.

Оқу-әдістемелік жұмыстарды өткізіп, ұйымдастыру үшін жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын әзірлейтін білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік секциялар құрылады.

**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН (ЖИНАҚ) /ОӘК/** – оқулықпен бірге мұғалімнің әдістемелік құралдары, жұмыс дәптерлері, дидактикалық материалдар жинағынан тұратын және мұғалім мен оқышыларға арналған оқыту құралдарының жүйесі.

**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ** – оқытушы үшін оқытудың мақсаттары мен міндеттерін барынша және толық орындауға арналған оқулықтар, оқу құралдары, дидактикалық материалдар, әдістемелік оқу құралдары мен бағдарламалар жиынтығы.

**ОҚУ ӘРЕКЕТІ** – адамның жаңа білім, білік пен дағдыны меңгеру немесе ескіні өзгерту процесі; оқу міндеттерін шешуге бағытталған іс-әрекет.

Оқу әрекетін үздіксіз орындау оның субъектілерінде, негізгі компоненттері мазмұнды *абстракциялар, жалпылаулар, талдаулар*, жоспарлау мен *рефлексия* болып келетін теориялық ойлау мен сананың қарқынды дамуына мүмкіндік туғызады.

Оқу әрекетін кез келген басқа әрекет түрінің (ойын, еңбек, т.б.) құрамында кездесетін оқу, меңгеру процестерімен теңдестіруге болмайды. Ол саналы түрде білім мен әрекет тәсілдерін *меңгеруге* бағытталған.

Екі жақты әлеуметтік қызмет атқарады. Бір жағынан адамның психикалық дамуының құралы мен шарты бола отырып, оның білімді меңгеруін, сонымен бірге арнайы қабілеттерінің дамуын қамтамасыз етеді, екінші жағынан – жеткіншек ұрпақтың қоғамдық катынастар жүйесіне енуінің негізгі құралының бірі.

*Ойын* сияқты оқу әрекеті де, еңбек әрекетінен тарихи бөлініп шыққан туынды әрекет түрі; оның бөлінуі теориялық білімнің пайда болуымен байланысты. Адам білімінің дамуы оқу әрекетінің өзгеруі мен дамуына әкеледі.

50-ші жылдардың соңында Д.Б. Эльконин оқу әрекетінің жалпы құрылымы мен оның баланың психикалық дамуындағы маңызы туралы болжам ұсынды. Ерекшелігі – оқу әрекетінің мазмұны ғылыми түсініктер аясындағы іс-әрекеттің жалпыланған тәсілін меңгеру бола отырып, нәтижесінде оқушының өзінің өзгеруі. Бұл ілімнің одан әрі дамуы В.В. Давыдовтың зерттеулерінде жалғасын табады.

**Құрылымы:** қажеттілік, міндет, ынталанулар мен амал-әрекеттер. Оқу әрекетінің бастапқы үлгісі – мұғалімнің басшылығымен оқушылардың ұжыммен бірігіп орындауы. Оқу әрекетінің қалыптасуы мен дамуы, әрқайсына білім берудің белгілі бір сатысы сәйкес келетін бірнеше кезеңнен өтеді. Кезеңнен кезеңге өтуде оның негізгі сипаттарының түрі өзгереді (мазмұны, ұйымдастыру түрі және т.б.).

Бастауыш білім беру кезеңінде құрылымның негізгі компоненттері пайда болады және дамиды (мектепке дейінгі кезеңде тек алғышарты болады). Кіші мектеп жасында оқу әрекеті басқа әрекет түрлері арасында негізгі және жетекші бола бастайды. Бастауыш білім берудің барлық кезеңінде оқу әрекетінің толықмәнді және өрістеген жағдайында да ол ұжыммен бірігіп орындау түрін сақтайды, бірақ солай бола тұрса да бастауыш мектеп оқушыларының көпшілігінде өз бастамасымен мұғалімдері мен құрбыларына түрлі мазмұнды сұрақтар қою, пікір таластыра алу ғана емес, олардың бастаушысы да, ұйымдастырушысы да бола алу қабілеттері қалыптасады. Бастауыш білім берудің соңына қарай балаларда өздерінің оқу әрекетін саналы түрде бақылау және олардың нәтижесін сынап бағалау қабілеттері пайда болады.

Оқу әрекеті қалыптасуының екінші кезеңінде (6–9-сыныптар) оның мазмұны күрделенеді – меңгеру пәні ретінде абстракция тілімен баяндалатын теориялық түсініктердің тұтастай жүйесі пайда болады. Оқу әрекетінің ұйымдастырылуы да өзгереді, оқушылар *оқу міндеттерін* бірте-бірте өз бетінше орындауға көше бастайды. Әрбір оқушы оқытудың жеке субъектісіне айналады, оның оқу әрекеті оқулықтың авторымен іштей әңгімелесуі (диалог) түріне айналады. Оқу әрекеті өзінің жетекші сипатынан айырыла бастайды; жасөспірімнің психикалық дамуында басты рөлді қоғамдық мәні бар әрекеттер (еңбек, көркем-өнер, спорт, т.б.) ала бастайды. Бірақ ақыл-ойдың дамуы сферасында оқу әрекеті өзінің басты орнында қала береді.

Үлкен мектеп жасында оқу әрекеті қайтадан жетекші орнын алады, бірақ онда жоғарғы сынып оқушыларының өзін-өзі кәсіби анықтауына мүмкіндік беретін кәсіби бағыттылық пайда болады. Студенттік жылдары оқу әрекеті зерттеушілік сипат алады да, оны оқу-танымдық әрекет ретінде анықтауға болады.

Оқытудың кез келген тәсілінде кейбір оқушыларда максатты оқу әрекетінің қалыптасуы стихиялық түрде де жүруі мүмкін. Бірақ оқу әрекеті ілімінің қағидаларына негізделген жоспарлы түрдегі қалыптастыру жағдайында ғана оның ен жоғары даму деңгейіне жетуге болады.

Орындалу реті:

— міндетті талдау, *оқу міндетін* қабылдау, бұрынғы меңгерілген білім қорынан жана оқу міндетін шешуге қажетті білімді маңыздандыру (актуализация);

— міндетті шешудің жоспарын құрастыру, оны жүзеге асыру, міндеттің шешілуін бақылау және бағалау, оқу міндетін шешуге қажетті әрекет тәсілдерін ұғыну, жете түсіну.

**ОҚУ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР (ОӘМ)** — оқыту мен тәрбие беруде психология-педагогикалық мақсаттарға жетуге бағытталған өзара байланысқан, бірыңғайланған дәстүрлі баспа және электрондық оқу және (немесе) әдістемелік материалдардың жиынтығы.

ОӘМ құрамына оқушылардың психологиялық-жасаралық ерекшеліктеріне бейімделген, білімнің сәйкес ғылыми-тәжірибелік аумағы бойынша жүйеленген материалды құрайтын, оқушылардың бұл салада білім, дағды мен шеберліктерін шығармашыл және белсенді түрде қалыптастыруды қамтамасыз ететін, сондай-ақ оқу процесінің тәжірибелік әдіснамасын әзірлеуді оқытушылардың қарауына беретін оқу-әдістемелік құралдар кіре алады. ОӘМ құрамына кіретін дәстүрлі және электрондық оқу-әдістемелік материалдар көркемдік безендірілуі, ақпараттың толықтығы, ақпараттық және телекоммуникациялық технология (электрондық құралдар үшін) артықшылығы, әдістемелік құралдарының сапасы, техникалық орындалу сапасы, көрнекілігі, ойға қонымдылығы және мазмұнының жүйелілігі жоғары дәрежеде орындалғанымен ерекшеленуі тиіс.

**Автор** — шығармашылық әрекеті нәтижесінде ОӘМ жасаған тұлға. Егер ОӘМ екі

не одан да көп тұлғаның шығармашылық әрекеті барысында орындалса, олардың әрқайсысы автор болып танылады.

**Альфа-нұсқа** — әзірлеуші-кәсіпорын мамандарының тестілеуі үшін аяқталған ОӘМ.

**Бета-нұсқа** — әзірлеуші-кәсіпорын мамандарының тестілеуінен өтіп, тәуелсіз сарапшылардың тестілеуіне жіберілген аяқталған ОӘМ.

**Гамма-нұсқа** — әзірлеуші-кәсіпорын мамандары мен тәуелсіз сарапшылардың тестілеуінен өтіп, бұқараға таратылуға және пайдалануға әзір аяқталған ОӘМ.

**Апробация** — тәжірибеде пайдалану барысында, өз кезегінде ресми түрде мақұлдануы немесе бекітілуі тиіс ОӘМ-ның тексерілуі.

**Сынақ** — бекітілген жүйе талабы бойынша ОӘМ-ның сипаттарын белгілеуге негізделген техникалық операция.

**Гипермедиа** — құрылымына түрлі типті (мәтін, сурет, дыбыс, бейне және т.б.) ақпарат кіретін гипермәтін.

**Гиперсілтеме** — бір ақпараттық мақаладан басқасына сілтеу (мысалы, мәтіннен ескертпеге немесе әдебиеттер тізімі элементіне, бір энциклопедиялық мақаладан келесіге).

**Гипермәтін (ақпараттық гипермәтіндік көрсетілім)** — айшықталған мәтін фрагменттері арасында қиылысқан байланыстар (гиперсілтемелер) орнатылатын және бір мәтін фрагментінен келесі фрагментке өтудің ережелері белгіленетін мәтінді сызықтық емес жолмен енгізу арқылы мәтіннің дәстүрлі түсінігін кеңейту.

Гипермәтін қолдануға ыңғайлы болу үшін алфавиттік көрсеткіштер (мазмұн, глоссарий немесе индекспен) және жүйелік көрсеткішпен (құрылымы немесе мазмұн картасымен) берілуі мүмкін.

**Гипермәтіннің анықтамалық (ақпараттық) мақаласы** — мәтіннің өзі мақала тақырыбы көрсетілген мақала атауы және ұқсас ақпараттық мақалаларға берілген гиперсілтемелер анықтамасы берілген гипермәтіндік құжаттың компоненті.

**Гипермәтінді мазмұндау** — гипермәтінде бар барлық ақпараттық мақалалар тақырыптарының алфавит бойынша реттелген тізбесі. **Айқындаушы баға** — ОӘМ қай салада қолдану керектігін анықтау (көбінесе қабылдамау) үшін айтылатын баға.

**Қалыптастырушы баға** — ОӘМ әзірлеу процесінде айтылатын және олардың сапасын арттыруға мүмкіндік беретін баға.

Сипаттамалары:

- **сапа** — ОӘМ-нің білім беру қызметінде қолдану үшін жарамдылығын анықтайтын қасиеттерінің (сипаттарының) жиынтығы;
  - **ұтқырлық** — ОӘМ бір ортадан басқа ортаға ауыса алу мүмкіндігі;
  - **сенімділік** — белгіленген жағдайларда пайдалану барысында ОӘМ жұмыс істеу қасиеттерінің сапасын сақтай алу қабілеті.
- ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ** — әрбір жеке алынған оқу пәні бойынша меңгерілуі тиісті және әрбір оқу пәні бойынша белгілі бір білім, білік және дағдылардың жүйелі мазмұны мен көлемін анықтайтын мемлекеттік құжат; тақырыптар мен сұрақтардың реттілігін және оларды үйренуге кететін жалпы уақыт мөлшері көрсетілген негізгі идеяларды үйрену логикасы.

*Типтік, вариативтік, жұмыстық, мектептік, авторлық, жеке* болады. Оқу бағдарламасын жасаудың екі тәсілі бар: шоғырландырылған (оқу материалының жеке-леген бөліктері үнемі кеңейтілген тереңдетілген деңгейде қайталанатын) және сызықты (оқу материалының жекеленген бөліктері өзара тығыз байланысқан буындардың үздіксіз жүйелілігін құрайды, білім мазмұны белгіленген логикада бір-ақ рет беріледі).

**ОҚУ БАСЫЛЫМЫ** — ішінде ғылыми немесе қолданбалы сипаттағы жүйелі мәліметтер, ғылымның белгілі бір саласындағы әдістемелік нұсқаулар мен ұсыныстар бар, үйрену мен оқыту үшін қолайлы түрде баяндалған және белгілі бір жас категориясына (оқушы, студент) арналған басылым (к. *Оқу жоспары, Оқу бағдарламасы, Оқулық*).

**Білім беру ұйымдарына арналған оқу басылымдарының** (оқулықтардың, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік кешендердің) **сапасын бағалау критерийлерінің жалпы жүйесі.**

### 1. Нормативтік баға:

— мемлекеттік білім беру стандарты компоненттеріне сәйкестігі: осы пән бойынша білім мазмұнының міндетті минимумына, оқытудың белгілі бір сатысындағы оқушылар дайындығы деңгейі талаптарына, базистік оқу жоспарына (немесе өзге нормативтік құжаттарға);

— осы оқу басылымында курстың концепциясы мен бағдарламасының орындалу дәрежесі;

— полиграфиялық орындалуы (қаріптің өлшемі, анықтығы; бояуы; әріптер мен сөздер арасындағы, жолдар арасындағы ақ бос жерлер; шығу мәліметтері; беттердің нөмірленуі; оқу басылымының тысы мен түптелуі; сәйкес атап көрсетуді қолдану; негізгі ұғымдар бөлінуі тиіс, теру бағандары, ашық жерлердің қажетті ені; оқушының жасына көлемінің, салмағының сәйкестігі).

### 2. Оқу басылымының құрылымы:

— материалды бөлімдер, тараулар, тақырыптар бойынша бөлу және олардың арасындағы байланыс;

— әрбір құрылымдық бөлімнің толықтық деңгейі;

— ұғымдарды, терминдерді енгізу мен олардың тиімді саны;

— қосымша мәтіннің сипаттамасы (хрестоматиялық материалдар, биографиялық, ғылымтанушылық, статистикалық мәліметтер, анықтамалық материал, т.б.);

— бағыттау аппараты (алғы сөз, оқу басылымына пәндік кіріспе; ескертпелер мен толықтырулар, сөздіктер, карталарға, схемаларға, графиктерге түсіндірмелер; жиынтық кестелер, қысқартулар тізімі; символикалық белгілердің көрсеткіші);

— негізгі және қосымша мазмұнның арақатынасы.

**3. Оқу басылымының мазмұнын бағалау:**

- қазіргі заманғы ғылым саласының жетістіктеріне сәйкес ғылыми қағидаларды ашу;
- мазмұн көлемінің ұтымдылығы;
- дидактика принциптерін орындау (жүйелілік, қолжетімдік, көрнекілік, оқу материалын баяндаудың логикалығы мен жүйелілігі, т.б.);
- мазмұнның ғылыми сәйкестігі; жалпы қабылданған терминологиялар мен символикалардың сақталуы;
- оқу материалын іріктеу мен баяндауда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру;
- оқу басылымы ішіндегі мазмұнның ертеректе алған білім мен дағдыларға сүйенуі;
- оқу материалын баяндаудың практикалық бағыттылығы;
- ұлттық ерекшеліктерді ескеруі;
- қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерді, нарықтық экономикаға өтуді бейнелеуі;
- азаматтық, экологиялық тәрбиеге, үйренушінің тұлғасын, оның белсенді өмірлік позициясын қалыптастыруға бағыттылығы;
- қателердің болуы (фактологиялық, грамматикалық, т.б.).

**4. Әдістемелік аппаратты бағалау:**

- материалды берудің әдістемелік жағы;
- оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру: ақыл-ойлық әрекеттің тәсілдерін қалыптастыру;
- деңгейлер бойынша тапсырмалардың болуы;
- танымдық әрекеттің белсенділігін ояту;
- таным процесін мотивациялау, жұмыс түрінің әртүрлілігі, т.б.;
- меңгеруді ұйымдастыру аппараты (сұрақтар, жаттығулар, тапсырмалар, бақылау сұрақтары мен тестер);
- тапсырмалар, жаттығулар, есептер, практикалық және зертханалық жұмыстар жүйесінің оқушылар дайындығы деңгейі талаптарына сәйкестігі;
- осы оқу басылымының тәрбиелік, білім берушілік және мәдениеттанушылық компоненттерін бағалау;

- оқу материалының шығармашылық қабілеттіктерін, өз бетімен білім алу дағдыларын, пәнге қызығушылығын, білім мен дағдыларды практикалық қолдануын дамытуға бағыттылығы;
- өзге пәндер мазмұнының элементтерімен өзара байланысын ескеріп, оқу материалын таңдаудың негіздемесі;
- теориялық және практикалық материалдардың теңдестірілгендігі.

**5. Баяндаудың тілі мен стилін бағалау:**

- баяндаудың тілі (баяндаудың жүйелілігі, айқындығы, тұжырымдылығы; ережелер мен анықтамалардың тұжырымдалуының айқындығы);
- мәтінді баяндау стилі (тартымдылығы, эмоционалдығы, бейнелілігі), оның оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- баяндау типін дұрыс таңдау;
- осы білім саласының негізгі терминологиялық қорын, стандартталған лексика мен фразеологияны қолдану;
- қысқартулар мен аббревиатуралардың құпиясын ашу.

**6. Оқу басылымын безендіру:**

- мұқабадағы иллюстрацияның оқулық мазмұнына сәйкестігі;
  - түстік безендірудің бар болуы, мәтіндерде, суреттерде, схемаларда, т.б. түстік гаммаларды сауатты қолдану;
  - нысандарды, схемаларды, т.б. бейнелеудің көлемі, ғылыми дұрыстығы;
  - иллюстрациялардың мазмұндық, эстетикалық және психологиялық маңыздылығы.
- Оқу басылымын дайындағанда оның оқу-әдістемелік кешендегі орнын ескеру қажет. Әрбір оқу басылымының мазмұны мен түрін оқу-әдістемелік кешенге кіретін басқаларын ескеріп талдау (немесе экспертизалау) қажет.
- Оқу басылымын жасау оқытудың міндеттерімен анықталады. Мазмұн былай баяндалуы тиіс, үйренушіге өте үздік, анағұрлым сенімді жолмен оқу басылымының ішіндегі бар барлық ақпаратты меңгеруге мүмкіндік туғызу.

**Оқу басылымын құрастыру**

Оқу басылымдарын құрастырғанда мақсаты арналуы, оқушылардың категориясы, сондай-ақ қолданылатын элементтердің мүмкіндіктері ескеріледі.

**Түрлері:**

– бағдарламалық-әдістемелік басылымдар;  
 – оқу-әдістемелік басылымдар (әдістемелік нұсқаулықтар, әдістемелік ұсыныстар);  
 – оқытушылық басылымдар (оқулық, оқу құралы, дәрістердің конспектісі, дәрістердің курсы);  
 – көмекші басылымдар (практикумдар, хрестоматиялар, есептер мен жаттығулардың жинақтары, т.б.).

**ОҚУ ДАМУ ТҰТҚЫСЫ** – интеллектуалдық мүмкіндіктерді: салыстыру, себеп, салдарды анықтау, өзара байланыстар орнату, қарама-қайшылықтарды шешу және т.б. дамытуға бағытталған нақты тапсырмалар.

**ОҚУ ЖОСПАРЫ** – оқу пәндерін сәйкес білім деңгейіне байланысты оқуды жыл бойынша, әр оқу пәнін жылдық, апталық сан уақытына бөлу, оны оқыту тәртібі мен бақылау формаларының ауқымы және тізім регламентін беретін негізгі құжат.

**Жалпы білім беретін мектептегі барлық деңгейлі оқу жоспарларының ортақ негізі** – білім беру аймағын танытатын курстардың сызықты-циклдік құрылымда жүзеге асырылатын білім беру құрылымын сабақтастық принципі (оқытылған негізгі бірліктер алдағы уақытта өзіндік дамып, байи түседі) бойынша құру.

**Базистік оқу жоспары** – 1) білім берудің белгілі деңгейінде оқытылуға міндетті оқу пәндерінің толық жиынтығы; 2) білім беру ұйымының белгілі типі үшін бекітілген стандарттың бөлігі болатын негізгі мемлекеттік нормативтік құжат.

Аймақтық жобалық және жұмыстық оқу жоспарлары мен мектепті қаржыландырудың шығыс құжатын әзірлейтін базалық қызмет атқарады. Ұлттық, аймақтық және жергілікті дәстүр, әлеуметтік мәдени

ерекшеліктерді ескеретін вариативті бөлігін, сондай-ақ мектеп ерекшелігін құрайды.

**Базистік оқу жоспарының инвариативті бөлігі** – оқушылардың икемі мен қызығушылықтарына байланысты жеке әрекетінің дамуын қалыптастыратын, ұлттық, аймақтық және жергілікті әлеуметтік мәдени ерекшеліктер мен дәстүрлер мақсатына жауап беретін базистік оқу жоспарының бөлігі.

**Базистік оқу жоспарының вариативті бөлігі** – жергілікті (аймақ, облыс, аудан, қала) деңгейде өзгертуге болмайтын базистік оқу жоспарының бөлігі.

Жалпыадамдық идеалдар мен мәдени дәстүрлерге сай оқушылардың тұлғалық қасиеттерін және мемлекет шекарасында ортақ білім беру аумағын қалыптастыруға жағдай жасайды.

**ОҚУ ЖОСПАРЫНЫҢ МЕКТЕПТІК КОМПОНЕНТІ** – нақты білім беру ұйымының ерекшелігін бейнелейтін факультативтік және оқушылардың таңдау бойынша міндетті сабақтары.

**ОҚУ-КЛИНИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ** – қазіргі заманғы аппаратурамен, фантомдар және муляждармен жабдықталған және үйренушілер мен (немесе) медициналық қызметкерлердің практикалық (клиникалық) дағдыларды меңгеруі мен оны бақылау үшін арналған медициналық жоғары оқу орнының құрылымдық бөлімшесі.

**ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ** – оқу-тәрбие процесінде пайдаланылатын, оқу бағдарламасында белгіленіп оқулықта баяндалған білім мазмұнын кеңейту, тереңдету, сапалы меңгеруге арналған, негізінен сәйкесті ғылым саласының дамуының көкейкесті мәселелері мен тенденцияларын көрсететін, пән бойынша жаңа материалды ұсынатын оқытудың материалды құралы.

Бұнда білімді тереңдетіп кеңейту үшін түрлі мәселелер бойынша қарама-қарсы ойларды көрсететін даулы мәселелер қарастырылуы мүмкін.

Әр оқу пәні үшін оқу құралдарының жүйесі әзірленеді:

— мұғалімдер немесе оқушылар үшін жеке оқу пәндері бойынша ұсыныстар, түсініктемелер, анықтамалар, әдістемелік материалдар енген кітаптар;

— нақты оқу пәні бойынша ғылыми білімнің негізі белгілі авторлық көзқарас тұрғысынан баяндалған;

— пәннің мазмұнымен, оқыту әдістемесімен, қандай да бір мазмұнның меңгерілу ерекшеліктерімен және жекелеген оқу құралдарының қызметтік қасиеттерімен анықталатын өзара байланыста болатын.

Келесі негізгі топтарға бөлінеді:

1) табиғи нысандар;

2) ақиқат дүние құбылысы мен заттардың кескіні және бейнесі;

3) заттар мен өмір құбылыстарын табиғи және жасанды тілдердің сөз және сөйлемдерімен суреттеу.

4) оқытудың техникалық құралдары.

Әзірлеу жұмыстарын ғылыми-зерттеу институттары, конструкторлық және технологиялық бюро, оқытуды жабдықтау бойынша педагог-мамандар мен кейбір мұғалімдер жүргізеді. Жаңа және бар оқу құралдарын жетілдіру жұмыстары «Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталықтағы зерттеулер негізінде жүзеге асады.

#### **ОҚУ МАТЕРИАЛЫН ҚҰРЫЛЫМДАУ**

— оқу материалы мазмұнының құрамды элементтерінің көмегімен (ұғым, заңдар, идеялар, принциптер, оларды оқушыларға беру тәсілдері және оқушылардың оларды меңгеруі бойынша тиісті іс-әрекеттері) белгілі бір байланыста және қатынаста түзілетін рәсім, олар мыналарды көрсетеді:

а) қоғамдық-тарихи таным логикасын және оның нәтижесін;

ә) құбылысты танып білу, оларды реттеу және жүйелеу процестерінің технологиясы;

б) құбылыс мәнін айқындау және түсіндіру;

в) құбылысты бір күйінен басқасына өзгерту.

#### **Негізгі мақсаттары:**

1) оқу материалының құрылымын оны меңгеру мен оқушының жадында ұзақ уақыт сақтау көзқарасы тұрғысынан өте тиімді және үнемді болып табылатындай етіп дайындау;

2) құрылатын құрылымда материалды тығыздау тәсілін іздеу және енгізу; оқушыларды үлкен көлемді нақты материалды есте сақтау қажеттілігінен босату үшін материалдарды жималау және өрбіту тәсілін білу;

3) оқу материалын оған оқу іс-әрекетін игеру аппаратының қажетті элементі ретінде енгізу үшін топтау және құрастыру.

#### **Негізгі принциптері:**

— тұтастықты және олардың құрылымдық элементтерін өзіндік білім жүйесіне салыстырмалы түрде бөлектеп көрсету;

— бөлектеніп көрсетілген жүйені және оның элементтерін тәртіпке келтіру;

— дискреттілігі мен үздіксіздігі.

**ОҚУ МОДУЛІ** — өзінің жеке бөлігі ретінде әзірленген, бірінші кезекте жекелеп оқуға арналған, құрылымы бойынша ынғайластырылған бағдарламаның бөлігі.

**ОҚУ МІНДЕТІ** — оқу процесінің белгілі бір шарттары негізінде оқушының қолы жетуге тиісті мақсат.

Басқа міндеттерден негізгі айырмашылығы, оның мақсаты мен нәтижесі субъектінің әрекет етуші пәндерінің өзгеруінде емес, әрекет үстіндегі субъектінің өзінің өзгеруінде. Оны шешу барысында оқушы белгілі бір оқу тапсырмалары типіне сәйкесті көптеген нақтылы-жеке тапсырмаларды орындауға қажетті жалпы тәсіл (қағида) табу арқылы, алдағы уақытта оларды табысты шешуге мүмкіндігі болады.

*Оқу әрекеттерінің жүйесі* арқылы шешіледі. Олардың алғашқысы проблемалы жағдайды түрлендіру болып табылады. Бұл әрекет кейіннен кездесетін көптеген түрлі жеке міндеттерді шешуге жалпы негіз болатындай, туындаған мәселенің пәндік қатынастарының алғышарттарын анықтауға бағытталады. Басқа оқу әрекеттері оқушыларға

осы алғышарттарды зерттеуге және модельдеуге, жеке жағдайларда оны анықтап бөлуге, оқу міндетін шешу процесін бақылап, оны бағалауға мүмкіндік береді. Қойылған міндетті шығармашылықпен шешуге кірісу үшін бұрынғы меңгерілген білімнен қажеттісін еске түсіріп, оларды жаңа жағдайға дұрыс пайдалану, ағымдағы деректерді жан-жақты талдау, оларды пайдаланудың түрлі тәсілдерін салыстыру қажет. Сондықтан оқушыларды олардың ақыл-ой қабілетін дамытатын және талдау, синтездеу, жалпылау, классификациялау әрекеттерін қалыптастыратын әр түрлі оқу міндеттерін шешуге бағытталған жаттығуларды орындауға жаттықтыру қажет.

**ОҚУ ОРНЫН БАСҚАРУ МӘДЕНИЕТИ** – осы оқу орнына тән басқарудың принциптері, құндылықтары, ережелері, сонымен бірге қалыптасқан дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, рәсімдері.

**ОҚУ ПАКЕТІ** – негізінен түрлі курстың бөлімдері бойынша оқушылардың өздік жұмысына арналған дидактикалық материалдар жиынтығы.

Оқу пакеті: оқу құралдары, өздік оқу әрекетін ұйымдастыруды басқару (немесе нұсқамалар жиыны); оқуда жоспарланған жетістіктерге қол жеткізуді мақсат тұтатын стандартты бақылау құралдары. Мұғалімнің қызметі ұйымдастыру-кеңес беру сипатына ие. Оқу пакеттерін әзірлеу мен қолдану ХХ ғ. 60-жж. түрлі елдерде пайда болған бағдарламалық оқыту мен педагогикалық технологияның дамуымен байланысты. Оқу пакеті оқу циклін қамтамасыз етумен қатар, оқу ісін толық бағдарламалауға негізделеді. Қашықтан және сырттай оқу түрінде ерекше маңызға ие болады.

**ОҚУ ПӘНІ (ДЕРБЕС ПӘН)** – қайсыбір ғылым мен оған сәйкес әрекетті меңгеріп қолдану бойынша білім мен шеберліктің педагогикалық бейімделген білім, білік пен дағды жүйесі.

Оқу пәндерінің өзара байланысы мен тізімі, оны жыл немесе оқу жылының бас-

қа кезеңдері бойынша оқытуға бөлу сәйкес оқу орнының оқу жоспарымен анықталады. Нақты оқу пәніне оқытудың заңдылықтары, мақсаты, мазмұны, әдістері, ұйымдастыру формалары мен оқыту құралдарын оқу пәнінің әдістемесі айқындайды. Әр оқу пәні өзінің жетекші компонентін анықтайтын басты қызметіне ие. Бұл пәндік ғылыми білім (физика, химия, биология және т.б.), әрекет әдістері (шет тілі, сызу), нақтылықты белгілі түрде қабылдау мүмкіндіктері (бейнелеу өнері, музыка) болуы мүмкін. Алайда мектепте оқытылатын пәнді сәйкес ғылым саласымен ұқсастыруға болмайды. Өйткені ол мазмұнын ерекше түрде көрсетсе, екіншіден, оқу пәніне ғылым мазмұнының құрамына енбейтін жалпы дамыту жүйесінің дағды мен біліктілігі енеді. Оқу пәні ғылымның қарапайым заңдар, түсініктер мен әдістердің жиынтығына тірелмейді. Керісінше, ақпаратты қабылдай алу, сараптау, шешім қабылдау, өз әрекетін жоспарлау мен бақылау, т.б. сияқты компоненттерді іске қосады. Әр пәнді оқу барысы оқушылардың тәрбиесіндегі тұлғалық мотивация-еріктік сапасын қалыптастыруға әсер етеді. Тұлғаның бұл даму кырларына әрқайсысы жеке оқу пәні (немесе оқу пәні циклі) болып табылатын білім беру мазмұнының белгілі базистік компоненті сай. Жалпы білім беру мазмұны әр тұлға тәжірибесінің: ақыл-ой білімі – ғылым негіздері; мінездік тәрбие – әлеуметтік цикл құралдары; эстетикалық тәрбие – эстетикалық цикл құралдары; қарым-қатынас тәрбиесі – тілдік цикл құралы компонентіне сай көбінесе оқу пәндерінің топтарында әзірленеді.

**ОҚУ ПРОБЛЕМАСЫ** – ғылымда шешімін тапқан, бірақ оқушы үшін жаңа шығармашылық міндет.

Оқушылардың зерттеушілік қабілетін қалыптастыруға бағытталады.

**ОҚУ ПРОЦЕСІ, ОҚУ-ТӘРБИЕЛІК ПРОЦЕСС** – қ. *Педагогикалық процесс, Оқыту процесі.*



**ОҚУ ПРОЦЕСІН ҚАРҚЫНДАТУ** – оқу уақытын тиімді пайдалану үшін оқытудың әр түрлі әдістерін тиімді пайдалануды білдіретін ұғым.

**ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ** (В.К. Дьяченко термині) – оқытудағы қолданылатын барлық ұйымдық форманың (материалдық тетіктік ретінде) жиынтығы.

Өз дамуында нақты-тарихи карама-қайшылықтармен шартталған бірқатар қоғамдық-тарихи кезеңдерден өтеді:

- оқыту мен тәрбиелеудің **жеке** тәсілі (XV–XVII ғғ. дейін) (қысқарған түрде: ОЖТ);

- оқыту мен тәрбиелеудің **топтық** тәсілі (XV–XVII ғғ. бастап) (қысқарған түрде: ОТТ);

- оқыту мен тәрбиелеудің **ұжымдық** тәсілі (XX ғ. бастап) (қысқарған түрде: ОҰТ).

**ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫ** – педагогикалық процестің субъектісі ретінде оқушының, сондай-ақ оқытушының да қызметін атқаратын оқушыны (студентті) белгілеу үшін оқытудың ұжымдық тәсілі зерттеушілерінің енгізген ұғымы.

**ОҚУ САБАҒЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ** – жұмсалған күш, құрал мен уақыт тиімділігін (қажеттілігін, жеткіліктілік) ескере отырып, педагогикалық қызметтердің қойылған мақсаттарына қол жеткізу деңгейі.

**ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН БАСҚАРУ** – оқу орны басшысының педагогтік ұжым мен оқушылардың іс-әрекетіне мақсатты түрде, ғылыми негізделген жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру және бақылау жасау арқылы әсер ету.

**ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ЖОСПАРЛАУ** – нақты орындаушылары мен орындау мерзімдері айқын көрсетілетін негізгі іс-әрекеттерді анықтау.

**ОҚУЛЫҚ** – бағдарлама және дидактикалық ғылымның талаптарымен белгіленген оқыту мақсаттарына сәйкес, белгілі бір оқу пәні бойынша ғылыми білімнің негіздері баяндалатын, кітап түріндегі оқытудың негізгі құралы.

Оқулық теориясы педагогиканың, психологияның, базалық ғылымның, өнердің, кітап танудың тоғысында дамуда. Оқулықтың ұтымды құрылымын негіздеудің әр түрлі жолдары бар: мазмұндық компоненттер тұрғысынан (И.Я. Лернер), оқулық оқу-тәрбиелік процестің кешенді ақпараттық моделі (В.П. Беспалько) тұрғысынан, т.б. Оқулықтың сапасы туралы ақырғы пайымдауды тек оны оқыту процесінде эксперименттік байқаудан кейін жасауға болады.

**Функциялары:**

- ақпараттық және өзгертушілік (қолжетімдік принципті есепке алып, әлеуметтік тәжірибенің негіздерін беру);

- жүйелеушілік (оқу материалын баяндаудың логикалық және дидактикалық жүйелілігін қамсыздандыру);

- бекіту мен өзін-өзі бақылау;

- өз бетімен білім алу;

- бірігушілік (әр түрлі дереккөздердің үзік ақпараттарын біріктіру);

- тәрбиелеушілік және дамытушылық функциялары;

- үйлестірушілік (барлық басқа оқу құралдарын оқулық айналасына біріктіру, олардың өзара әрекеттестігі);

- оқытуды даралау мен жіктеу.

Оқулық оқу процесінің талаптарына және нақты пәннің бекітілген (мақұлданған, рұқсат еткен) бағдарламасының мазмұнына жауап беру керек.

Оқулық:

- құрылымымен (курстың бағдарламасына сәйкес онда бөлімдер, тақырыптар, параграфтар бөлінеді);

- білім көлемімен (оқулықта фактілердің бейнеленуі, ұғымдардың, заңдардың, теориялардың мазмұнын анықтаудың толықтығы дәрежесімен);

- үйренушілерде жалпы оқу және арнайы іскерліктер мен дағдылардың қалыптасу сипатымен (оқулықта жалпы оқу және арнайы іскерліктерді қалыптастыру үшін қажет тапсырмалар жүйесін қарастыру керек);

— себеп-салдарлық байланыстарды белгілейтін тапсырмаларымен;

— егер ол оқу бағдарламасымен қарастырылған болса, практикалық жұмыстар жүйесі бейнеленетін тапсырмаларымен;

— ұғымдарды, заңдарды, теорияларды, бағдарламаның жекелеген сұрақтары мен тұтас бөлімдерін анықтайтын сипатымен (оқулық пән бойынша қабылданған білім тұжырымдамасына, пәнді оқыту әдістемесінің талаптарына сәйкес болу керек) бағдарламаға сәйкес болу керек.

**Оқулықтың құрылымы** — оқулық элементтерінің құрамы және оқыту процесін жобалауда олардың өзара байланысының сипаты. Элементтерді бөлу негізіне бір-бірімен тығыз өзара байланысқан және оқытудың мақсатына жетуді қамтамасыз ететін олардың функцияларының өртүрлілігі алынады.

Оқулықтың негізгі мәтіндік элементтерін және анықтамалық-ілеспелік аппаратын орналастырудың келесі жүйелілігі анағұрлым ұтымды деп танылған:

**Мазмұн** — кітаптың құрылымы мен оның проблематикасы туралы жалпы мәлімет беретін оқулық аппаратының анықтамалық-ілеспелік аппаратының аса маңызды элементі. Олардың қайда орналасқанының беттерін көрсету мен кітаптың маңызды бөлімдері тақырыптарының жүйесіне жатады. Әдетте оларды кітаптың басында титулдық парақтан кейін орналастырады.

Тақырыптар қысқа, тұжырымды болу қажет, ал олардың безендірілуі ақпаратты тез табуға мүмкіндік туғызады. Олардың көмегімен белгілі бір оқу материалын жеңіл табуға болады. Мәтіннің маңызды бөлімдері тақырыптарының қысқалығы (тұжырымдылығы), олардың түрлі түсті және шрифтік безендірілуі қажетті ақпаратты тез табуға септеседі. Мазмұн оқулықтың хабардар ету аппаратына оқулықтың бөлімдерге, тарауларға, тараушаларға формалды бөлінуіне жатады; шын мәнінде тақырыптарға, параграфтарға, ішкі параграфтарға бөлінуі.

«Мазмұн» мен «мазмұны» терминдері бірін-бірі алмастырса да, тен құқылы емес. «Мазмұн» бір жоспар бойынша жазылған және тарауларға немесе басқа тең мағыналы бөлімдерге бөлінген біртұтас тақырыптардағы кітапта қолданылады.

*Мазмұны* жинақтарда, журналдарда, әдістемелік нұсқауларда қолданады.

**Алғы сөз** — оқулық пен оның құрылымы туралы барынша қажетті мәліметтерді беруге бейімделген қысқаша нұсқаулық-әдістемелік мақала. Бұл анықтамалық аппараттың элементі.

**Алғы сөзде** оқу пәнінің мағынасы, оның басқа пәндер арасындағы орны, пәнді үйренудің негізгі міндеттері белгіленеді. Мұнда авторлар оқулық құрылымын және қажет болғанда пәнді қарастырудың логикасын да анықтайды.

Алғы сөздің түрлері: «Автордан», «Редактордан», «Құрастырушыдан», т.б.

Алғы сөздер төрт типті болады:

1-ші — пәннің анықтамасы, ғылымдар жүйесінде оның рөлін бағалауы, теориялық және практикалық маңыздылығы, т.б. бар үйренетін пәнге кіріспе, бұл жерде алғы сөз болып пәндік кіріспе ұғынылады;

2-ші — оқулық қалай құрылған, оны қалай пайдалану керек, ол қалай әр алуан барлық оқу құралдарымен өзара әрекеттеседі, т.б. сұрақтарға жауап беретін таным көзі мен оқыту құралы ретінде біртұтас оқулықтың өзіне арналған нұсқаулық-әдістемелік (ақпараттық-әдістемелік) алғы сөз;

3-ші — аралас, бірінші және екінші типтердің элементтерін кіріспенін, я алғы сөздің белгілі бір элементтерімен өзіне кіргізетін;

4-ші — осы басылымның негізгі ерекшеліктерін, кейінгілерден оның өзгешелігін, мазмұнның әдістемелік бағыттылығын анықтайтын.

**Кіріспе** — оқырманның кітаппен әрі қарай жұмысына бағыт беретін, кез келген басылымның негізгі мәтінінің аса маңызды құрамдас бөлімі. Әдетте бұл оқырманды қазіргі заманғы проблемалар мен құбылыс-

тардың жағдайын ұғынуға дайындайтын негізгі бастапқы ұғымдарды баяндау мен негізгі терминологияны анықтау, көзқарастарды, әдеби көздерді немесе эксперименттік деректерді шолатын қысқаша тарихи очерк; тақырыптың қойылуы мен жасалуын негіздеу.

Негізгі мәтін пән бойынша бағдарламамен қатаң сәйкес келетін, автормен ғылыми іріктелген және жүйеленген оқу материалы бар құрылым болып табылады. Мәтін — үйрену мен меңгеру үшін міндетті оқу ақпаратының негізгі көзі.

Кіріспеде аталған аспектілердің бәрі қарастырылуы мүмкін емес. Олар оқулықтың сипатымен, оқу процесіндегі осы пәннің орнымен, оны үйренудің мезгілімен, басқа пәндермен өзара әрекеттестігімен байланысты.

Сараптама кіріспеде берілген оқу пәнінің сипаттамасын бағалау қажет. Осы жерде пән жасаудың логикасы, практикамен, сондай-ақ білімнің өзге салаларымен байланысы айрықша маңызды.

Пәнді өз бетімен меңгеру бойынша әдістемелік ұсыныстар маңызды мәнге ие. Үйренушілердің категориясын, пәннің өзгешелігін, сондай-ақ оқу кешенінің өзге басылымдарын да есепке алу қажет.

Негізгі бөлімді сараптауда (талдауда) оның мазмұны және құрылымы қарастырылады.

### **Оқулықтың негізгі құрылымдық компоненттері**

**Мәтін** — оқулықтың құрылымдық негізгі элементі, ол пән бойынша бағдарламаға сәйкес оқу материалының мазмұнын белгілейді.

Мәтінді атаулармен, цифрлармен, әріптермен және әр түрлі ерекшелеумен мағыналық бөлімдерге бөлу жүйесі мәтін параграфтарында мыналардың көмегімен белгіленеді:

— сигналдар-символдармен (мнемоникалық белгілермен);

— геометриялық белгілермен, цифрлар және әріптермен, арнайы белгілермен, т.б.;

— суреттермен (жебе, аралар, бағдаршам, т.б.);

— сюжетті-образды суреттер және кейіпкерлермен;

— дәуірді, ауданды, саланы, қызмет аясын, т.б. символды суреттермен;

— түрлі түсті түспен, шрифтпен, әшекеймен, бос жермен бөлектеліп;

— бөлім, тарау белгіленген және айдар деп аталатын бет шетіндегі жолақ.

Мәтіндер оқыту процесінде әрбірін барынша толық және ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретін басым функциялар бойынша жіктеледі.

*Оқулықтың негізгі мәтіні* оқушылар үйрену мен меңгеруге міндетті оқу ақпаратының басты көзі ретінде қызмет етеді. Негізгі мәтіннің өзегін негізгі ұғымдар, заңдар, қызметтің теориялары мен әдістері туралы білімдер қалайды. Негізгі мәтінге ғылыммен дұрыс белгіленген қағидалар кіргізіледі. Үйренілетін ұғымдардың және білімнің өзге формаларының: болжалдардың, заңдылықтардың, теориялар мен тұжырымдардың мазмұны анықталады.

Қосымша мәтіндерде негізгі мәтіннің ережелерін бекіту мен тереңдету қызметін атқаратын оқу материалы беріледі. Бұл материал кейде мектеп бағдарламасының шеңберінен шығып кетуі мүмкін.

Қосымша мәтіндерге оқулықтың тәрбиелік функциясын атқару рөлі жүктеледі. Мысалы, таным тарихынан көрініс, айрықша дерек, биографиялық сипаттамалар, тарихи оқиғаларды көргендердің куәліктері, ұлы жаналық ашуларға әкелген әдістер туралы әңгімелер. Белгілі бір тәрбиелік нәтижеге жету үшін іріктелген арнайы осындай түрдегі ақпаратты оқулыққа жеткізетін, негізінен, *қосымша мәтін*.

*Түсіндірме мәтінде* ұғыну және анағұрлым толық меңгеру үшін қажет оқу материалы беріледі. Түсіндірме мәтіндер кітаптың анықтамалық аппаратының негізгі бөлімін құрайды, міндетті талаптарына оның оқулықтың негізгі мәтінімен берік байланысы

және онда басы артық материал болмайтыны жатады.

Оқулықта материалды баяндауда енгізілетін жаңа ұғымдар сипаттамаларымен берілуі керек. Тап осы сипаттама мәтінді оқылатын етіп, соның арқасында мәтін сындарлы құрылым параграф немесе бөлім сияқты құрамдас түріне енеді.

Жазылғандар жеңіл оқылатын және жеңіл ұғынылатын болуы керек. Оқу әдебиетінің негізгі мақсаты туралы әрқашан есте ұстау қажет — ол үйренушілерге осы ғылымның тілін меңгеруге, жоғары сөйлеу мәдениетін тәрбиелеуге мүмкіндік туғызуға көмектесуі тиіс. Оқулық — терминологияны қолдануды үйрететін, пәннің негізгі проблемаларының мәнін баяндау іскерлігін қалыптастыратын және бекітетін құрал.

#### **Мәтіннің негізгі бөлімінің құрылымы:**

— тарау мазмұнының тақырыпқа, параграфтардың аты тараулар мен бөлімдердің атына сәйкестігі;

— атау қысқа, анық, тараудың мазмұнын толық қамтып, еске жақсы сақталуы керек;

— есте ұстау қажет: сөйлеу мәтіні — тыңдау (ауызша сөйлеу) және оқу мәтіні (жазбаша сөз) — бұл ақпаратты берудің екі түрі.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмаларын** (оның ішінде тестерді) оқу материалының қандай да бір бөлімін (тақырыпты, бөлімді, тарауды) үйренгеннен кейін енгізу орынды.

Оқу басылымдарында бақылау сұрақтары мен тапсырмаларының болуы оны басқалардан ерекшелейді және үйренушіге тек материалды меңгеруді тексеру ғана емес, сонымен бірге өзіне ең маңыздыны бөлектеуге де көмектеседі.

*Жоғары мектеп үшін* сұрақтар сипаты мен тапсырмалардың тұжырымдалуы оқулықпен өз бетімен жұмыс істегенде материалды тексеру мен меңгеруден ғана шықпауы тиіс, сонымен бірге есептеу техникаларын, оқытудың аудиовизуальды құралдарынан, қосымша анықтамалық, нормативтік және ғылыми әдебиеттерді қолдану міндетте-

рінен де шығуы керек. Студенттер үшін бақылау сұрақтары мен тапсырмаларын дайындағанда, оқытудың қосымша құралдарын пайдаланып, жауаптарды алуға болатынын ескеруді білдіреді.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмаларының (есептерінің) болуы оқулықтардың басым бөлігіне оқушылардың (студенттердің) логикалық ойлау дағдылары мен тәсілдерін және шығармашылық жұмыстың тәжірибесін қалыптастыруға әкелетін, оқулық үшін норма болуға тиіс.

Оқулықтарда сұрақтар мен тапсырмалардың қойылуы жеткілікті, сапалы шешілуі қажет. Оқу материалдарының сұрақтары мен тапсырмалары келесі міндеттерді шешеді:

- материалдарды өңдеу мен бекіту;
- тереңдету мен қорыту;
- ақпаратпен жұмыс;
- өз бетімен жұмысты ұйымдастыру;
- практикалық әрекетті ұйымдастыру;
- өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру.

Сабак тапсырмалары жүйесінде оқушыларды ақпаратпен таныстыру, күрделілігі әр түрлі деңгейдегі сұрақтарға жауаптар, оқу әрекетінің ұжымдық формаларына қатысты енгізулер болуы қажет. Бұл жағдайда әр түрлі деңгейдегі оқытуды жасау жеткілікті жай мақсат болады — сұрақтар мен тапсырмалар материалды пайымдаудың базалық та тереңдетілген деңгейіне есептелуі керек.

#### **Иллюстрациялар мен кестелер**

*Иллюстрациялар* заттар, процестер және құбылыстар туралы ұғымдардың қалыптасуына, эстетикалық тәрбиесіне әсер етеді, қызығушылығын арттырады, кітаптың өзін оқуға анағұрлым тартымды және ұнамды етеді. Иллюстрациялар мәтінді алмастырып, толықтырып, анықтап немесе түсіндіріп тұруы тиіс, оқу үшін анық, түсінікті, графикалық және көркемдік безендіру бойынша әдістемелік пайдалы және әр түрлі болуы керек.

Иллюстративті материал – оқушылардың ойлауының көрнекті тірегі қызметін атқаратын жеке құрылым. Түрлі түсті немесе кара-ақ бейнелеудің арнайы құралдарымен оқулыққа салынған материалдың сол арқылы оны табысты меңгеруді камсыздандыратын танымдық, идеялық, эстетикалық және эмоциялық аспектісін күшейтуге бейімделген.

*Кестелер* оқырманға материалды қатарға біріктіретін ұғым мен материалды бағанға біріктіретін ұғымның арасындағы графикалық мағыналық байланыстылығын белгілеуге мүмкіндік береді; мәтінді қысқарту, мазмұнды талдауды анағұрлым жеңілдетеді және тездетеді.

#### **Қорытынды**

Қорытынды – оқу материалын баяндаудың жиыны. Онан өзге, осында білімнің сол немесе өзге саласындағы шешілмеген сұрақтар, өмірде бар ғылыми мектептер, болжалдар, осы ғылымның әрі қарай дамуының негізгі бағыттары туралы ақпаратты орналастырады.

**Әдебиеттер (библиографиялық тізім)** – оқулықта қолданылған, сондай-ақ осы пән бойынша үйрену үшін қосымша ұсынылған әдебиеттердің тізімі бар оқулық бөлімі. Жол асты сілтемелер, мәтін асты сілтемелер, оқулық сонындағы арнайы тізімдер және шолулар түрінде көрінеді. Қосымша әдебиеттер пән мазмұны мен жас ерекшелігін есепке алып іріктеледі. Библиографиялық тізімде негізгі және автор ұсынған тақырыпты терең үйрену үшін қажет әдебиет көздері келтіріледі.

Сәйкес сілтемелер жасау керек (мәтіншілік немесе жоластылық). Мысалы: кітапта [8].... т.б.

Әдебиет көздерді сипаттағанда мәтіннің жалпы парақтар санын, мақалалар үшін парақтар шегін көрсету қажет. Мысалы: Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Қазіргі дидактика. Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2007. – 280 б.

**Қосымшалар** – кітаптың соңына орналасатынын анықтамалық-ілеспелік аппарат. Егер қосымша бірнешеу болса, оларды нөмірлейді. Қосымшаларға сілтемелер міндетті. Әрбір қосымшаны жеке параққа орналастырады. Оң жақтағы жоғары бұрышқа «Қосымша» сөзін жазып, әрі қарай нөмір араб цифрларымен немесе әріптік белгі кетеді. Егер қосымша басқа параққа ауыстырылса, «3-қосымшаның жалғасы» деп жазады, ал егер бірнеше парақтарда болса, соңғысына «3-қосымшаның соңы» деп жазады.

**Көрсеткіштер** (сөздіктер – әліпбилік, пәндік, атаулы) оқулық бойынша анықтамалық жолбасшы болып табылады. Оқушыларға оқулықтың мазмұны мен құрылымында бағыт беретін көрсеткіштер әліпбилік, хронологиялық немесе басқа тәртіпте орналастырылу керек.

Пәндік көрсеткіштерге оқу кітабында кездесетін негізгі терминдер мен ұғымдар, ал атаулыларға – оқулықта олар туралы мәліметтер бар адамдардың тегі мен аты-жөндері енгізіледі.

Көрсеткіш кітаптың әр жерінде шоғырланған оқу материалын белгілі бір белгілері бойынша жинау қажет. Осымен оқу басылымының көрсеткіші, тіпті мазмұннан анық ерекшеленеді, өйткені кітаптың оқу материалын орналастыру тәртібін қайталамайды, басқа логикада, құрылымда береді.

Оқу басылымының бірыңғай көрсеткішіне келесі сілтемелер кіруі тиіс:

- пәндік (кез келген сұрақтың атауы мен еске түсіруін емес, курстың негізгі өзекті сұрақтары бойынша анағұрлым мәнді ақпаратты қосады);
- атаулы (оқулықта сипатталатын кісілер);
- тұғырлы (базалық) және негізгі ұғымда;
- иллюстративтік материал;
- негізгі нысандар (географиялық, биологиялық, минералогиялық) курсына үйренетін негізгі тірек даталар, оқиғалар (хронологиялар).

Есте ұстау қажет: әр түрлі өлшемдегі және қалыңдықтағы шрифтерді енгізу кітапты пайдалануды қолайлы етеді.

**ОҚУШЫ, ОҚУШЫЛАР** – өзінің интеллектуалдық, физикалық және рухани әлеуетін дамыту үшін нақты оқу бағдарламасының білім, дағды, шеберлігін меңгеру әрекетіне бағытталған педагогикалық процестің объектісі (нысаны).

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІТІРУІ** – оқыту курсының бітіру сәтін және практикалық әрекетке өтуді белгілейтін салтанатты акт, онда орта жалпы білім беру ұйымын бітіру туралы құжат (көмелеттік аттестат) және үздік бітіргендерге «Алтын белгі» белгісі беріледі.

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАЦИЯСЫ** – оқушылардың жоғары кәсіби білім деңгейіне сәйкес мемлекеттік жалпыміндетті стандартты меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында, оның нәтижесінде білім туралы құжат (диплом) берілетін рәсім.

Жоғары кәсіби білім беретін білім ұйымдары оқушыларының қорытынды аттестациясы жоғары оқу мекемелерінің жұмыстық оқу жоспарларында қарастырылған мезгілде өткізіледі.

Қорытынды аттестация мерзім ұзақтығы 4 аптадан аз емес уақытқа бекітіледі.

Қорытынды аттестацияға оқу жоспары және оқу бағдарламасының барлық талаптарын орындаған оқушы ғана жіберіледі.

Оқушыны қорытынды аттестацияға жіберу рұқсаты оқушылар тізімі арқылы факультет деканы бұйрығымен бекітіледі және Мемлекеттік аттестация комиссиясына таныстырады.

Мемлекеттік аттестация комиссиясының жұмыс кестесін құру, оның төрағасымен, кандидатурасын Білім және ғылым министрлігі бекіткен, келісу арқылы факультет деканына жауапкершілік жүктеледі.

Мемлекеттік аттестация комиссиясының жұмыс кестесін ректор немесе оның тапсырмасы бойынша оқу жұмысының проректоры бекітеді және Мемлекеттік аттес-

тация комиссия жұмысының басталуына екі аптаға дейінгі мерзімнен кешіктірмей жалпыға мәлімет жеткізіледі. Мемлекеттік аттестация комиссиясының мәжіліс ұзақтығы күніне 6 сағаттан аспау керек. Жоғары оқу мекемелерінде оқушылардың қорытынды аттестациясы мемлекеттік емтихан тапсыру немесе істеген (жасаған, аяқтаған) жұмысын қорғау түрінде өткізіледі. Мемлекеттік емтихан тәртібі, оқу бағдарламасы көлемінде алдын ала ескерілген оқу жоспары бойынша өткізіледі. Мемлекеттік емтихан өткізу түрі (ауызша немесе жазбаша) жоғары оқу орындарының (факультет) ғылыми кеңесімен белгіленеді.

Мемлекеттік аттестация комиссия мүшелері құрамының жартысынан кем болмайтын қатысумен мемлекеттік емтихан тапсыру және істеген жұмысын қорғауы ашық мәжілісінде өткізіледі.

Мемлекеттік емтихан ұзақтығы әрбір пән бойынша, сонымен қатар бір істеген жұмысты қорғау, ереже бойынша, бір оқушыға 45 минуттан аспау керек. Істеген жұмысты қорғау үшін оқушыға мемлекеттік аттестация комиссиясының алдында баяндама жасауы 20 минуттан аспау керек.

Істеген жұмысы қорғалуы және мемлекеттік емтихан тапсыру нәтижесі «өте жақсы», «жақсы», «орташа» және «қанағаттанарлық», «қанағаттандырмайды» деген бағалаумен анықталады.

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУЫ** (М.А. Мкртчян әзірлеген) – оқушылардың өзінің оқу қызметін тікелей оқу процесі барысында басқаруы.

**Құрылымы:**

1. Құрамы 6–8 оқушыдан тұратын *тұрақты отряд (ТО)*. Бұл алғашқы ұжым функциясына әрбір оқушының үлгерімі, тәртібі, сыныптағы кезекшілігі, сабаққа дайындығы, т.б. сұрақтарды талқылау мен қарау енеді. Оқу жұмысын бақылаудан басқа, әрбірі тұрақты және түрлі тапсырмаларды

орындайды. ТО қызметіне бақылау жауапкершілігі командирге жүктеледі.

2. *Құрама отряд (ҚО)* оқу жұмысын ұйымдастыру үшін құралады және білім беру міндеттерін шешу үшін оқушылардың уақытша бірігуін білдіреді.

ҚО қызметін сайланатын командир басқарады, ол жұмысты үйлестіреді, ҚО мүшелерінің тәртібі үшін жауап береді, есеп жүргізеді, жұмыстың орындалуын бақылауды ұйымдастырады және т.б. Жұмыс аяқталғаннан кейін ҚО таратылады. Мұғалім осы кезде әрбірі басшы рөлінде болуы үшін ҚО командирлерін ауыстырып отыруды реттейді.

3. *Командирлер кеңесі (КК)* ТО командирлерінің, сынып жетекшілерінің, сондай-ақ кейбір пән мұғалімдері мен сынып оқушыларының бірігулерін білдіреді. КК апта барысында кезекші ТО командирі басқарады. Аптасына бір рет КК-нің мәжілісі өткізіледі, оның басты мақсаты – өткен аптада атқарылған жұмысты талдау, алдағы апта жұмысын жоспарлау. Ережедегідей мәжілісте КК басшысының, ТО командирлерінің, сынып жетекшілерінің, пән мұғалімдерінің және т.б. ақпараттары тыңдалады.

КК міндетіне сондай-ақ сынып жиналыстарының есебі енеді, яғни КК сыныптың тұтастай алғанда қалыпты тыныс-тіршілігіне жауапкершілігі артады.

Бұл жағдайда кәсіби педагогте сыныпты басқаруды жүзеге асыруға және жоғары білікті маман ретінде жұмыс жасауға шынайы мүмкіндік пайда болады.

**ОҚУШЫНЫҢ (СТУДЕНТТІҢ) ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТИ** – білім алушы тұлғаның әлеуметтік және биологиялық тұрғыдан келісілген, оқу және тәрбие процесінде қалыптасқан әлеуметтік және табиғи ортадағы тұрақты мінез-құлқының барлық құрамдас бөліктерінің жиынтығы.

**ОҚЫҒАНДЫҚ** – адамның оқу процесінде білім, білік пен дағдыны меңгеру жылдамдығы мен сапасының жеке көрсеткіші.

Ажыратылады:

- **жалпы**, кез келген материалды меңгеру қабілеті ретінде;

- **арнайы**, материалдың жекелеген түрлерін меңгеру қабілеті ретінде (әр түрлі ғылым, өнер, практикалық іс-әрекет түрлері).

Біріншісі – индивидтің жалпы, ал екіншісі – арнайы дарындылығы. Оқу мен меңгеруге қабілеттілік ретінде өз бетінше таным қабілетінен өзгешеленеді және оның дамуы бір көрсеткішпен толық бағалана алмайды. Оқығандық дамуының ең жоғары деңгейі өз бетінше таным мүмкіндігінен анықталады.

**Ұғым компоненттері:**

- оқушының әлеуеттік мүмкіндігі;

- колданыстағы білім қоры;

- ойлаудың жалпылануы;

- оқудағы жылжу қарқыны;

- оқу іс-әрекетінің өнімділігі;

- даму қорлары;

- ақыл-ой дамуының жана деңгейіне көшуге дайындық.

**ОҚЫТУ (БІЛІМ БЕРУ)** – ұйымдасқан катынас процесі барысында басқарылатын таным, оның субъектілерінің әлеуметтік-тарихи тәжірибені меңгеруі мен қандай да бір іс-әрекетті игеруі және қайталап орындауы. Екі жақты процесті қатар алып жүреді: оқыту (сабақ беру) және оқу (үйрену).

Білім беру жүйесі дайындайтын кадрлардың белсенділік, дербестілік және шығармашылық жетілу дәрежесі көрінетін оқыту мен тәрбиелеуді интеллектуализациялау деңгейлері:

1. Оқытудың жоғары тиімділігіне жету, мұнда бір адамға жұмсалған орташа оқу шығыны оның білікті іс-әрекетімен халықаралық нормалармен бекітілген мерзімде өтелуі тиіс. Оқытудың мұндай тиімділігіне жетудің басты мақсаттарының бірі ретінде оқу мазмұнының шын мәнінде қажетті және бітірушілердің болашақ кәсіби іс-әрекетінде пайдаланылатын, сонымен қатар оларға жоғары кәсіби ұтқырлықты қамтамасыз ететін бөлігін көбейту бөлек-теніп беріледі. Көрсетілген дидактикалық

мақсаттарды іске асыру үшін бір жағынан, үйлесімді дамыған тұлға мен әлеуметтік пайдалы, өзін іс жүзінде іске асырушы, екінші жағынан, белсенді тұлға арасындағы тиімді арақатынасты табу қажет.

2. Оқушыларда әр түрлі кәсіби тәсілдерді, іс-әрекет түрлері мен сабақ беру тәсілін меңгеру білігін қалыптастыру. Бұл деңгейде білім кәсіби іс-әрекетті меңгеру, сондай-ақ үнемі кәсіби жетілдірудің бастапқы базасы мен құралдары ретінде көрінеді. Болашақ мамандарды дайындау процесінде пәнді оқыту өнерінің негізін меңгеруде жоғары оқу орнында практиканың сапасын арттырудың маңызы зор.

3. Оқушыларда білімді өз бетінше алу білігін, ғылыми әдебиетті қолдана алу, ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген саналы және белсенді қатынасын дағдыландыру.

4. Студенттерде ғылыми ойлау стилі мен интеллектуалды ұтқырлыққа жетуді қалыптастыру мен дамыту үшін жағдай жасау.

#### Түрлері:

• **автоматтандырылған** — арнайы техникалық құралдарды пайдалануды көздейтін оқыту;

• **қосылған** — практикалық нәтиже алуға бағытталған арнайы ұйымдастырылатын және жоспарланатын оқыту, ал бұл үшін қажетті білім оқыту барысында меңгеріледі;

• **дуальды** — оқушыны теориялық және практикалық дайындауды ілеспелі түрде ұйымдастыратын оқыту (негізінен кәсіби мектептерде, лицейлерде);

• **жеке** — білім мазмұнын сыртқы әсерсіз, жеке негізде меңгеруді көздейтін оқыту; іске асыру құралы *оқытудың жеке формасы* болып табылады;

• **интеграцияланған** — мүгедек балалар мен дамуында болмашы бұзылулары мен ауытқулары бар балаларды денсаулығы жақсы балалармен, оларды соңғыларының қоғамында әлеуметтеу мен интеграциялау мақсатында бірге оқыту. *Біріктірілген* (оқушы денсаулығы жақсы балалар сыныбын-

да/тобында оқиды және мұғалім-дефектологтің жүйелі көмегін алады), *жартылай* (жекелеген балалар күннің жартысын арнайы топтарда, ал қалған бөлігін кәдімгідей өткізеді), *уақытша* (арнайы топта оқитын балалар мен кәдімгі сыныптардағы оқушылар бірлескен серуендер, мерекелер, жарыстар, жеке істер өткізу үшін бірігеді), *толық* (дамуында ауытқулары бар 1-2 балабақшасының, сыныптың, мектептің тобына кіреді, оларға түзетілім көмегін мамандардың бақылауымен ата-аналар көрсетеді) түрлері болады.

• **түзетілімді** — оқушының жалпы қабілетін төмендету салдары болып табылатын нақты жетіспеушілігін ішінара және толық жөніп шығу мақсатындағы оқытудың ерекше түрі;

• **нормативті** — іс-әрекет ережесін қайталанатын жағдаяттардағы меңгеруге арналып бағытталған *дәстүрлі оқыту*;

• **политехникалық** — оқушыларды қазіргі заманғы өндірістің жалпы ғылыми принциптеріне, өндірістің техникалық құралдары және еңбек құралдарымен жұмыс жасаудың практикалық амалдары мен дағдыларын меңгеруге және қазіргі заман техникасы мен технологиясына, олардың даму процесіне қарай қабілетін қалыптастыруға бағытталған оқыту. Кенестік кезеңде елдің барлық жалпы білім беретін мектептері политехникалық болған. Қазіргі уақытта бұл техникалық кәсіби мамандарды дайындайтын арнайы оқу орындарында жүзеге асырылады;

• **өндірістік (өндірісішілік, фирмашілік, корпоративтік)** — қызметкердің біліктілігін арттыру мақсатында тікелей өндірісте немесе ұйымдарда жүзеге асырылатын оқыту;

• **бағдарлы** — орта жалпы білім беретін мектептің жоғары сатысына арналған дайындық бағыты (гуманитарлық, жаратылыстану-ғылыми, әлеуметтік-экономикалық);

• **дәстүрлі** — жеке-топтық оқыту тәсілдері шенберінде оқыту.



**ОҚЫТУ (ҮЙРЕТУ)** – ересектердің балаларға білім, білік және дағды жиынтығын беруге және оларды оқыту процесінде тәрбиелеуге арналып бағытталған арнайы кәсіби іс-әрекеттері; педагогтің білім беру мақсатын (білім беру міндеттері) ақпараттандыруды, білімді менгеру мен практикада қолдануды қамтамасыз етуді іске асыру бойынша ретке келтірілген іс-әрекеті (қ. *Оқыту*).

**ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ТӘСІЛ-ДЕРІ** – 1) белгілі бір жағдайдағы педагогикалық іс-әрекет тәсілі; 2) әдіс элементі, оның құрамдас бөлігі, әдісті іске асырудағы жеке қадам.

**ОҚЫТУ КУРСЫ** – 1) білім берудің аяқталған кезеңі; 2) қандай да бір оқу пәні немесе ғылыми сала бойынша нақты белгіленген білім, білік және дағдылар жүйесі; 3) ұзақтығы бойынша әдетте оқу жылына теңестірілген, орта және жоғары оқу орындарында оқытудың белгілі бір сатысы.

**ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫ (ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР)** – педагог пен оқушының арасына «орналасқан», педагогикалық процесті ұйымдастыру мен жүзеге асыруға арналған және білімді менгеру функциясын орындаушы, танымдық және практикалық іс-әрекетін қалыптастыру, оқушыларды дамытуда рухани мәдениеттің материалдық және материалданған нысандары мен заттары; педагогикалық процесті пәндік қолдау, сондай-ақ тәрбиеленуші қатысатын алуан түрлі іс-әрекет.

Оқыту құралы функциясын орындаушы нысандарды әр түрлі негіздерге сүйеніп: олардың қасиеттері, іс-әрекет субъектісі, білім сапасына әсері және түрлі қабілеттерін дамыту, олардың оқу процесіндегі тиімділігі бойынша жіктеуге болады.

Іс-әрекет субъектісі бойынша оқыту құралын шартты түрде сабақ беру құралына және оқу құралына бөлуге болады. Сонымен, демонстрациялық эксперимент жабдықтары сабақ беру құралына, ал зертхана-

лық практикум жабдықтары – оқу құралына жатады. Сабақ беру құралдарын негізінен оқытушылар оқу материалын түсіндіру және бекіту үшін, ал оқу құралдарын – студенттер оны игеру үшін пайдаланады. Сонымен бірге оқыту құралының бір бөлігі оқыту кезеңіне байланысты сол және басқасы да болуы мүмкін.

Сабақ беру құралдары оқытушының ақпараттық және басқарушылық функциясын іске асыру үшін айтарлықтай маңызға ие. Олар студенттердің танымдық қызығушылығын оятады және қолдайды, оқу материалының көрнекілігін жақсартады, оны қолжетімді етеді, оқылатын құбылыс туралы нақты ақпаратпен қамтамасыз етеді, өзіндік жұмыстың қарқындылығын арттырады және оны жеке өз ыңғайымен жүргізуге мүмкіндік береді. Оларды жаңа материалды түсіндіру, бекіту, қайталау құралдарына және бақылау құралына бөлуге болады.

**Оқытудың материалдық құралдары.** Нысандарының құрамы бойынша оқыту құралдары *материалды* және *идеалды* болып бөлінеді. Материалды құралдарға жататындары: *оқулықтар мен оқу құралдары; кестелер, модельдер, макеттер* және көрнекіліктің басқа да құралдары; оқу-техникалық құралдар; оқу-зертханалық жабдықтар; бөлмелер, жиһаздар, микроклимат, сабақ кестесі, тамақтану режимі, оқытудың басқа да материалды-техникалық жағдайлары.

Жоғары мектеп жұмысы тәжірибесінде оқытудың техникалық құралдарынан (ОТҚ) кең тарағандары: ақпараттық, білімді бақылау, программаланған, тренажды және біріктірілген оқыту.

Жинақталған атауы – **дидактикалық инфрақұрылым** – оқу процесінде пайдаланылатын техникалық құралдардың жиынтығы.

**Техникалық (аудиовизуалды) (ОТҚ)** – аудиовизуалды құралдарды көрсету жолымен педагогикалық процесті жетілдіру, оқытудың тиімділігі мен сапасын арттыру үшін қызмет ететін бір мезгілде тындаумен

және көрумен қабылдауға арналып негізделген қондырғылар мен аспаптар.

Ақпарат берудің техникалық құралдарына (АБТҚ) графопроекторлар, бейнемагнитофондар, теледидарлық кешендер жатады. ОТҚ-ның қалған түрлері үнемі жетілдірілуде, жоғары оқу орындарына жаңа шыққан, байқаудан өткен және ұсынылған жалпы қолданатын ОТҚ және жекелеген пәндерді оқыту үшін арнайылары (шетел тілдерін оқыту үшін лингафондық бөлмелер, физика-математикалық пәндер үшін ОТҚ кешені және т.б.) жүйелі түрде түсіп тұрады.

Жоғары оқу орындарында кез келген пән бойынша оқытуда пайдаланылуы мүмкін болатын оқытушы дербес компьютерлер кең таралуда. Олар студенттердің танымдық іс-әрекетін басқаратын, есептік-арифметикалық дағдыны қалыптастырумен, алгебралық теңдеулерді шешумен, физика, химия бойынша есептермен, графиктер мен сызбалар құрумен, дисплей экранында сурет салумен, ноталық сауаттылықты үйрену және музыка шығарумен, шығарма жазу және оны редакциялаумен, жаттап алумен және т.б. байланысты программалармен жабдықталған.

Бұл программалар студенттердің жас және даралық ерекшеліктеріне бейімделген. Дербес оқытушы компьютерлер сағаттармен жабдықталған және репетитор мен емтихан алушы режимінде жұмыс жасай алады, кателерді өз бетінше белгілейді және талдайды, дағдыны өңдеу үшін жаттығатын жаттығуларды ұсына алады. Алайда көптеген компьютерлер көзге теріс әсер етуші электронды-сәулелік түтікшеден тұрады, сондықтан студенттерге олармен күніне бір пардан артық (50 мин) емес уақыт жұмыс жасамау ұсынылады.

ОТҚ-ны пайдалану алдында студенттерді дайындықтан өткізу қажет. Оқыту құралы менгеру заты функциясына кіріседі. Техникалық құралдармен алғашқы танысу барысында студенттер өте қызығушылық та-

нытады, сондықтан олар зейінді көбінесе екінші дәрежелі кезендерге аударады және барлық кезде оқу материалын менгере бермейді. Бірінші сабақтың тиімділігін арттыру үшін студенттерді жаңа құралдармен жұмыс жасауға арнайы оқыту, оларды ақпаратты қабылдау мен есте сақтап қалуға дайындау, нұсқау жүргізу, танымдық тапсырмалар беру, жұмысқа дайындығын тексеру және жұмыс мақсатын, бағалау мен бақылау нысанын айқын анықтау қажет.

ОТҚ пайдалану жиілігінің оқыту процесінің тиімділігіне әсері бар. Ол ОТҚ-ның тұлғаның бағалаушылық-мотивациялық саласына әсер ететіндігімен негізделген. Егер ОТҚ өте сирек пайдаланылса, онда оның әрбір қолданылуы төтенше жағдайларға айналады және студенттерде қайтадан оқу материалын менгеруге кедергі келтіретін жоғары эмоционалдық қозу пайда болады. Керісінше, көптеген сабақтар барысында ОТҚ-ны өте жиі пайдалану студенттердің оған деген қызығушылықтарын жоғалтуға, ал кейде қарсылықтың белсенді формасына әкеледі.

Оқу процесінде ОТҚ пайдаланудың тиімді жиілігі курсқа, оқу пәніне және оларды студенттердің танымдық іс-әрекетінде пайдаланудың қажеттілігіне қатысты. Физика-математикалық пәндер үшін ОТҚ пайдалану жиілігі экспериментті түрде 1:8 (16–19 жасар студенттерді оқыту кезінде) болып анықталды.

Барлық оқу пәндерін менгеру үшін қажетті материалдық құралдар оқу пәні жүйесінен туынды жүйе құрайды. Оқыту құралының жүйесі келесі **принциптерге** сай құрылады:

1. Жабдықтар оқу процесінің басқа элементтерімен ұсынылған педагогикалық талаптарын толықтай қанағаттандыруы тиіс: құбылыстағы мәнділікті көрнекі етіп шығару, жеңіл қабылдануы, эстетикалық түрі және т.б. бар болуы.
2. Белгілі бір мақсатқа қолданылатын барлық аспаптар (күштік трансформаторлар, түзеткіштер, сымдар, электросымдар және

т.б.) бір-біріне және көрсету қондырғысына сай келуі тиіс.

3. Оқыту құралдарының саны мен түрлері жүйеде оқу бағдарламасының материалдық қажеттілігін толық қамтамасыз етуі тиіс.

4. Оқыту құралы жұмыстың шынайы жай-күйіне және жергілікті елдің қажеттілігіне сәйкес келуі тиіс.

Көрнекі құралдар мынадай **функцияларды** атқарады:

— жоғары оқу орнында көрсете алмайтын құбылыстармен және процестермен танысу;

— заттың сыртқы түрі мен оның қазіргі заманғы түрін және тарихи дамуын көру арқылы танысу;

— құбылыс пен процесті салыстыру немесе сипатының өзгеруі туралы көрнекі түсінік беру;

— бұйымды іске қосу, дайындау немесе жобалау кезеңдерін көрсету;

— заттың құрылысы және оның әрекет ету принципі, оларды басқару, қауіпсіздік техникасы жайлы көрнекі түсінік болуы;

— ғылым тарихы және оның даму келешегімен танысу.

Көрнекі құралдарды жіктеу:

1) көлемді құралдар (үлгілер, коллекциялар, аспаптар, аппараттар және т.б.);

2) баспа құралдары (картиналар, плакаттар, портреттер, графиктер, кестелер және т.б.);

3) кескінді материалдар (кинофильмдер, бейнефильмдер, слайдтар және т.б.).

Олардың ішінен мыналарды атауға болады:

• **диапозитивтер (диафильмдер, слайдтар)** — аппарат көмегімен экранда көрсетілетін шыныда немесе пленкада бейнеленген көрнекі құралдар түрін білдіреді;

• **оқу альбомы** — белгілі бір тақырыпта таңдалып алынған суреттер, портреттер, сызбалар, оқу кестелері және басқа да иллюстрациялық материалдар жинағын, сол немесе өзге де оқу пәнінің бағдарламасының бөлімі немесе толық курсы және оқу материалын табысты меңгеру үшін пайдаланылатын көрнекі құралдарды білдіреді.

Әр түрлі пәндер бойынша басылып шығарылады. Мектептерде сондай-ақ мұғалімдердің басшылығымен оқушылар дайындаған алуан түрлі қолдан жасалған альбомдар қолданылады. Өте маңыздысы, оқушылар бұл үшін газеттер мен журналдардан иллюстрациялар мен қиындылар тереді, өндірістік практикадан өтумен, қоғамдық пайдалы еңбекпен және т.б. байланысты жергілікті өлкені оқып үйрену процесінде жиналған материалды жүйелейді және ресімдейді.

• **жапсырма** — суреттің жазықтықта түрлі түсті бейнеленуі, жапсырып тігу немесе матаны, қағазды желімдеу жолымен жасалған және т.б. матаның немесе қағаздың әр түрлі түстегі қиындыларынан жасалған бейнелер, өрнектер түріндегі көрнекі оқу құралы;

• **атлас** — педагогикалық процесте иллюстративтік материал ретінде пайдаланылатын адамның дене мүшелерінің суреттері бейнеленген (анатомиялық атлас), астрономиялық немесе географиялық карталардың, кестелердің, сол тілдің дыбысталуы кезінде сөйлеу мүшелерінің суреті және олардың акустикалық сипаттары бейнеленген (лингвистикалық атлас), сызбаларымен жануарлар, өсімдіктер түрлері және т.б. (зоологиялық, ботаникалық және т.б.) арнайы альбомы.

**Оқытудың идеалды құралдары** — оқытушылар мен студенттердің жана білімді меңгеруі үшін пайдаланылатын бұрын меңгерілген білім мен білік.

Идеалдыға жататындар: сөз, жазу, схема, шартты белгілер, сызбалар, диаграммалар, өнер туындылары, есте сақтап қалу үшін мнемотехникалық ыңғайластырылған құрал және т.б. Жалпы жағдайда идеалды құралдар — бұл мәдени мұраны, жана мәдени құндылықтарды игеру қаруы.

Оқытудың материалды және идеалды құралдары қайшылықта емес, бір-бірін толықтырады. Оқытудың барлық құралдарының студенттердің білім сапасына етер

әсері көпжақты: материалдық құралдар негізінен қызығушылық пен зейінді оятумен, практикалық әрекетті жүзеге асырумен, маңызды жаңа білімді меңгерумен; идеалды құрал – материалды түсінумен, ойлау логикасымен, сөйлеу мәдениетімен, интеллектінің дамуымен байланысты. Материалды және идеалды құралдардың ықпал ету саласы арасында нақты шекара жоқ: олардың екеуі де жиі ретте жиынтықта студент тұлғасының сол немесе өзге де сапасының қалыптасуына ықпал етеді.

**ОҚЫТУ (БІЛІМ БЕРУ) МАЗМҰНЫН ЖАЛПЫЛАУ** – оқу пәндерін құрастырғанда пайдалану мақсатына, білім алушылардың жастық ерекшеліктері мен олардың меңгеру мүмкіндіктеріне сәйкес мазмұнды іріктеу мен жалпылау процесі.

**ОҚЫТУ МЕРЗІМІ** – оқушының алған білімін растайтын және білімі туралы құжат берумен аяқталатын нақты білімдік-кәсіби бағдарлама бойынша оқудан өту кезені.

**ОҚЫТУ ПРОЦЕСІ** – бірізді, үздіксіз қарым-қатынас актілерінің (кезендерінің) ауысуы, мұның барысында оқытудың, тәрбиенің және оқушыларды дамытудың міндеттері шешіледі.

**ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН БЕЛСЕНДІРУ** – қ. *Психологиялық-педагогикалық теория*.

**ОҚЫТУ ТӘСІЛІ** – ұйымдастырушылық құрылымын оқыту формасы құрастыратын оқыту процесін дамытудың қоғамдық-тарихи кезені.

Бөлектеп көрсетілетіндері:

**1. Оқытудың жеке-даралық тәсілі (ОЖТ)** – негізінде жеке-даралықтан гөрі жұптап оқыту басымдығы жатқан оқыту процесі дамуының қоғамдық-тарихи кезені (XVII–XVIII ғғ. дейін).

Негізгі ерекшеліктері:

- аз құрамды оқушылар (3–8 адам);
- әр түрлі жастағы оқыту.

**ОЖТ ұйымдастырушылық жүйесі:**

- *гувернерлік* (біліміндегі олқылықтарды жою жөніндегі арнайы көмек көрсету үшін аса бақуатты ата-аналардың балаларын

үйде оқытуы) және *репетиторлық* (оқушыларды жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытуда дайындау);

• **Дальтон-жоспар**, американдық педагог Е. Паркхерст дайындаған және өз атауын оның алғаш қолданған жері Дальтон (АҚШ) қаласының атынан алған. Дальтон-жоспарына сәйкес пәндік зертханаларды пән мұғалімдері басқарады. Әрбір оқу пәні бойынша жылдық курс әр сынып үшін айларға бөлінеді. Оқушылар пән бойынша бағдарламамен бір жылға танысады. Оны тұтастай түсінеді, бір айда оған нені «өту» қажеттігін біледі. Бағдарламада негізгі және қосымша әдебиеттер көрсетілді, сұрақтар мен оларға жауаптар берілген қысқаша конспект берілді. Мұнда оқылатын материалдың негізгі идеясы, сондай-ақ баяндамалар мен рефераттар тақырыбы белгіленді. Осы бағдарлама (қатар) екі деңгейден тұрады: ең төменгі және ең жоғарғы. Бағдарлама оқу жылының басында немесе әр айда көрінетін жерге орналастырылды. Әркім өз күші мен мүмкіндігіне барабар нұсқаларды тандайды, яғни бағдарламаны орындау тұтастай оқушылардың өздеріне байланысты. Жоспарлар сегіз жылдық курсқа ыңғайластырылған және 4-сыныптан бастап енгізіледі.

Дальтон-жоспары бойынша жұмыс жасау үшін оқушылар интеллектуалдық дарындылық коэффициентін (IQ) анықтауға арналған тестілеуден өтті. Тестілеу (жыл басындағы) және оқытудың оқушылардың IQ сипатталатын мәліметтерімен одан кейінгі салыстырулары зертханалық әдіс технологиясының дұрыстығын тексеру құралы ретінде ұсынылды.

Оқушының оқу режимінің көрінісі: сағат 8<sup>45</sup>-тен 12-ге дейінгі күннің барлық бірінші – «еркін уақыт» деп аталатын жартысы мектепке міндетті баруды көздейді, алайда уақытты оқушы өз бетінше пайдаланады. Дальтон-мектепте бес күндік оқу апталығы қолданылды. Өзінің қызығушылығы мен тілегіне қатысты ол күнделікті жұмыс жа-

сау үшін сол немесе өзге де қатарды таңдайды. Уақытты бөлудегі қиыншылық кезінде ол мұғаліммен кенеседі. Сонымен, ол күн сайын белгілі бір зертханада жұмыс жасайды. Дальтон-жоспары бойынша қонырау мен үзіліс болмайды. Оқушылар қажет болған жағдайда мұғаліммен кеңесе отырып, өздерінің қабілеттеріне сәйкес өз бетінше жұмыс жасайды. Егер сол кезде зертханада оның сыныптасы болса, онда ол онымен топтасуына, ал жоғары сынып оқушысы бар болған кезде одан көмек сұрауына болады. Оқушы өз еркі мен уақытын өзі реттейді.

Кезектегі тақырыпты (сұрақты) аяқтағаннан кейін оқушы өзінің және топтың есеп карточкасына белгі жасайды. Білімді есепке алу мен бақылау үшін карточканың үшінші түрі — нұсқаушының зертханалық карточкасы пайдаланылды, онда әрбір оқушының күнделікті жұмыс көлемі көрсетілді. Оқытудың әр жылында карточканың түсі өзгеріп отырады.

Сағат 12-ден кейін жарты сағат жалпы жиналысқа, комитеттер жиналысына және т.б. бөлінді. Осы аралықта басшылар өздерінің мәжілістерін өткізеді. Келесі отыз минут жалпысыныптық жиналысқа беріледі, онда балалар мұғалім немесе пән мұғалімдері алдында есеп береді. Күннің қалған бөлігі өнер, колөнері, спортқа және екінші дәрежелі пәндерге жұмсалды.

Сағат 8-ден 16-ға дейінгі толық күнді мектепте үй тапсырмасы берілмейді. Пән бойынша өзіндік жұмыстармен қатар топтық сабақтар пайдаланылды, оның мақсаты балаларға осы пәннің барлық курсы және оның нақты бөлімдері: әрбір бөлім бойынша қорытындылаушы сипаттағы лекция, аса күрделі сұрақтар және т.б. бойынша сабақ-конференциялар туралы түсінік беру. Дальтон-жоспар — икемді жүйе, жұмысты ұйымдастыруды тек қана бір сыныптан басқасына емес, бір оқушыдан басқасына және әрбір оқушының жұмысын оның жеке жетістіктері мен табысына қатысты қайта құруға мүмкіндік береді.

Маңызды өзгерулерге мұғалім де тартылды. Ол өз пәні бойынша бағдарламаны әр айға құруы тиіс. Одан оқушыға үлкен өнімділікпен тиісті оқу жұмысының режимін таңдап алуға және бағдарламаны оның күшіне немесе жалпы жеке-дара етіп құруға көмек беру үшін әрбір оқушының жеке-дара психологиялық және жас ерекшелігін білу талап етіледі. Айтылғандардан басқа, мұғалім жақсы шешен және сынып жетекшісі-кенесші болуы тиіс;

• **Говард-жоспар.** Бұл жүйе Е. Паркхерст ойының тікелей дамуы болып табылады. Оны құрушы ағылшын педагогі, Лондондағы Говард әйелдер орта мектебінің директоры О'Брайен Харрис болды. Дальтон-жоспардан айырмашылығы негізгі тірек икемді және мобильді оқу топтарын құруға жасалды: әр түрлі пәндер бойынша әрбір оқушы түрлі топтарда бола алады. Сондықтан оқу материалын меңгеру мерзімі шектелмейді. Оқушы математиканы 4-топта оқыса, ағылшын тілі бойынша 5-топта болады және т.б. Сабақ кестесі және оқу пәндерін таңдау оқу материалдары блоктарға бөлінген пәндердің міндетті минимумын (стандартын) сақтау барысында оқушылардың жеке қызығушылықтарына қарай ыңғайластырылған. Оқу процесін ұйымдастыруда басымдық тапсырманы орындау барысында жалпы топтық сабақтармен және жеке-дара кенестермен мерзімдік толықтырылған жеке өзіндік жұмысқа берілді.

Говард-жоспардың маңызды ерекшелігі бастауыш сатыдағы бірдей жастағыларды оқыту, оқытудың орта буынында әр түрлі жастағыларды оқытумен үйлесуі болды;

• **Йен-жоспар.** Йен университетінің (Германия) профессоры П. Петерсен 1918 жылы дайындаған және жүйені байқаудан өткізген, оқушыларды сыныптарға жастары бойынша және дайындық деңгейі бойынша бөлу қысқартылған, орнына топқа түрлі жастағы және әр түрлі деңгейлі бірлестіктер енгізілді. Жалпы мүдделер не-

гізінде топ ішінде оқу жұмысының алуан түрін орындау барысында үлкен оңтайлығымен ерекшеленетін, құрамы 2-ден 6-ға дейінгі адамнан тұратын уақытша және еркін кіші топтарды дифференциациялау жүргізілді.

Ұйымдастыру жоспарында жеке-дара жоспар мен оқу материалының көп бөлігін өз бетінше оқу жөніндегі жұмыс басымдылық алады. Йен-жоспар барысында жекелеген пәндерді жүйелі оқыту және есепке алу мен оқушылар білімін бағалау болған жоқ.

Бастамашылардың ойлары бойынша, бұл жүйе қоғамның микроүлгісі – ынтымақтастық пен әрбір адамның даралығын ашу құралы ретінде оның барлық мүшелерінің өзара көмегі негізінде бірыңғай тәрбиелік қауым болуы тиіс;

• **Пуэбло-жоспар.** Бұл жүйенің өзгешелік сипаты оқушылардың оқу материалын әр түрлі қарқында дара оқуы, сараланған бағаның болмайтынында;

• **Санта-Барбара-жоспары** оқушыларды білім деңгейі бойынша үш кіші топтарға, бір топтан басқасына еркін көшуді, келесі сыныпқа әр түрлі уақытта ауысуды дифференциациялауды қарастырды;

• **Норт-Денвер-жоспары** оқушылардың қиындығы жоғары тапсырмаларымен жеке жұмысын, жекелеген оқушыларды мұғалімнің сыныптың бәріне ең төменгі талаптар кою барысында оқу бағдарламасы бойынша қарқынды алға жылжуын қарастырды;

• **Батавия-жоспар.** Бұл жүйенің басқалардан өзгешелігі, мұнда оқушылардың дараландырылған жұмысы маңызды рөл атқарды. Мұғалім тек қана әрбір оқушыға қажетті көмек көрсетті және оқушылардың мінезін қадағалады.

Жалпысыныптық сабақтар шектеулі пайдаланылды немесе тіпті болмады;

• **келісімшарт әдісі.** Келісімшарт деп жеке орындау үшін берілген тапсырмалар түсіндірілді. Осы жүйе оқытудың барлық мазмұнын үш деңгей бойынша орналасқан, «өте жақсы», «жақсы» және «қанағаттанар-

лық» бағаларына сәйкес тапсырма-фрагменттерге бөлуді қарастырды;

• **Френе жүйесі.** Француз педагогі С. Френе тапқан осы әдіс бастауыш сыныптарда эксперименттен өтті. Оқу сабақтарының орталығы мектеп баспаханасы болды. Оқушылар жеке-даралық тәртіппен өздерінің отбасы, достары және т.б. туралы еркін деп аталатын мәтіндер дайындады, содан соң оларды өздері басып шығарды. Автор баспахананы оқыту барысындағы белсендіруші құрал деп санады, ал еркін мәтін – бала тұлғасының психологиясын, оның рухани сапасын, қызығушылығы мен ұмтылысын ашатын құрал.

Френе жүйесінде оқулықтар болған жоқ, олардың орнына негізгі оқу материалдарынан тұратын және жүйеленген каталогте орналасқан карточкалар қолданылды. Мұғалімнің көмегімен әрбір оқушы өзінің апталық жоспар-графигіне тапсырмаларымен белгілі бір карточкалар жинағын қосып отырды.

Жүйедегі жағымдысы оқытудағы кітапты-вербальды сипатты жеңіп шығу, оқу сабақтарына қызығушылық тудыру, мұғалім мен оқушылар арасында демократиялық қатынас орнату, техникалық құралдарды кең пайдалану болып табылады;

• **Дьюи жүйесі.** Американдық педагог Д. Дьюи жүйесінің мақсаты еркін кәсіпкерлік қоғамы жағдайында өмірге және практикалық іс-әрекетке жақсы бейімделген тұлғалар қалыптастыру болатын. Бастапқы принципі «жасау арқылы оқыту» болып табылады, яғни білімді баланың өздік практикасынан және жеке тәжірибесінен шығару. Мектепте оқытылатын пәндердің сабақтастық жүйесімен жасалған бағдарлама болған жоқ. Оқыту мазмұны тек практикалық маңызы бар білімді қосты. Барлық оқыту баланың оның практикасында пайда болған сұрақтарды өз бетінше шешу жолымен жүргізілді. Оқушының белсенділігі мен тәуелсіздігі барынша марапатталды. Мұғалімнің рөлі оқушының өз бетінше жұмыс

жасауына және олардың танымдық қызығушылығын ынталандыруға басшылық етумен шектелді. Оқыту әдісінде ойындар, ойдан шығарулар, саяхаттар және т.б. маңызды орын алды.

• **Монтессори жүйесі.** Осы жүйе оның авторы, итальян педагогі, еркін тәрбие теориясын жақтаушы М. Монтессори атымен аталды.

Ол маңызды мағынаны еркін дамудың «өзіндік реттеушісі» ретінде балаға берді. Жүйенің басты сипаты балалар ортасында бала тұлғасын рухани басыбайлылықтан босатуға әсер ететін жылы достық ахуал құру. Оқыту алуан түрлі дидактикалық материалдар және құралдармен жұмыс жасауға, өзінің жеке тәжірибесінде қажетті білім мен дағдыны игере отырып, оқушылардың қызығушылығы мен тілектерін дамытуға арналып құрылды. Мұғалім нұсқаушы функциясын және өзіндік тәрбиелеуші модель қызметін атқарды;

• **«оқытудың жеке-даралық жүйесі»** Ф. Берктың басшылығымен Сан-Франциско штатының педагогикалық колледжі жанындағы бастауыш мектепте ХХ ғ. басында әзірленген.

Бұл жүйенің сипаттамалық белгісі академиялық пәндерден (әдебиеттік оқу, арифметика және т.б.) шегіну; оқушылардың өзіндік сабағына есептелген оқу құралдарын құру; өз қарқынындағы жұмыс және тиісінше алуан деңгейлі дайындық; әрбір оқушыны бөлек тестілеу және жеке-дара алға жылжуын тіркеу;

• **толық меңгеру жүйесі** – барлық оқушының алдын ала жоспарланған оқу нәтижесіне бағытталған жеке-даралық оқытуды ұйымдастыру.

Осы жүйенің теориясы мен практикасы Г. Мориссонның «тұтас оқу бірлігін» толық игеру идеясынан шығады және педагогикалық технологияны зерттеу мен алуан түрлі нұсқаларын әзірлеумен байланысты. 1960 жылдары Дж. Кэрроло және Б.С. Блумдар ұсынған, психология-дидактикалық тұжы-

рымдама жүйесінің негізіне сай оқыту шартының параметрлерін емес (дәстүрлі жасалатын), оқу нәтижелерін тіркеу керек. Оқыту шарттары бұл кезде барлық оқушылардың алдын ала тапсырылған оқу мақсаттарының табысын қамтамасыз ете отырып, өзгеруі мүмкін. Оқушылардың аз қабілетті, орташа және талантты категорияларын бөліп көрсете отырып, Блум оқытуды тиімді ұйымдастыру барысында оқушылардың 95% оқытудың барлық мазмұнын игеруі мүмкін дегенді ұсынды.

Толық игеру критерийлерін анықтау кезінде курс үшін оқыту мақсаты тұтастай нақтыланады, күтілетін оқу нәтижелерінің тізбесі және соның негізінде – диагностикалық тестілеу жасалады. Содан кейін оқу материалы жеке көріністерге – модельдер немесе оқу бірліктеріне бөлінеді. Әрбір көрініс бойынша негізгі мақсаты түзету жұмысы қажеттілігін айқындайтын аралық тестілеу жасалынады. Баламалы оқу материалын дайындау менгерілмеген оқу материалын жұмыстың тиімді тәсілін таңдау жолымен қосымша зерттеуге арналып есептелінген.

Осы жүйені іске асырудың практикалық тәжірибесі оны қолданудың алғашқы әрекетінде толық игеру, әдеттегідей, оқушылардың 30-дан 50%-ға дейін жететінін көрсетті. Жүйені қолдану мүмкіндігі шектеулі, негізінен ол оқытудың өнімді типіне арналып есептелген және *проблемалы оқытуды* көздемейді. Жүйе танымдық іс-әрекеттің жоғары емес деңгейіне арналып бағытталған, оқу уақытының шығыны өсе түседі.

Жүйенің Э. Крулл (Эстония) дайындаған нұсқасында толық игеру талаптары барлық оқу материалдарына емес, тек білім мен біліктің қажетті ең төменгі мөлшеріне ғана қолданылады; диагностикалық бақылау екі әрекетпен шектеледі, оқытудың негізгі мақсатына жетпеген оқушыларға одан кейінгі оқу материалдарын оқуға рұқсат етіледі. Арнайы дамытушылық тапсырма-

лар, қосымша оқу жұмысы да қарастырылады, оқу уақытын нақтылау және қайта бөлуге рұқсат етіледі (сонысымен оқушылар артық жүктемелерден құтылады).

Шет елдерде кең таралған. АҚШ-та бірқатар мектеп округтерін қамтыған және әртүрлі жастағы оқушылармен жұмыста қолданылады (ең жақсы нәтиже – 5–8-сыныптарда). Эксперименттер сондай-ақ Австралия, Бельгия, Бразилия, Ұлыбритания және басқа да елдерде жүргізілуде. Зерттеудің 90% тиімділігін растайды;

• **Виннетка-жоспар.** Алдағы өткен жүйенің түрленген түрі. Оқу материалы айқын нақтыланған дидактикалық мақсаттарды есепке ала отырып іріктелді. Оқыту тек жеке-даралық негізде, жеке қарқынмен жүзеге асырылды, оқушылардың алдын ала белгіленген нәтижелерге жақындау дәрежесін белгілеген диагностикалық тестілеумен сүйемелденді және қосымша (көмекші) материалды пайдалану мүмкіндігін қарастырды.

Білім беру минимумы бойынша жеке-дара оқыту топтық сабақтармен толықтырылды;

• **жобалар әдісі.** Оны құрудың бастамашысы – американдық педагог У.Х. Килпатрик. Бұл жүйе прагматизм философиясына және бихевиоризмнің психологиясына негізделді.

Әдіс сыныптық-сабақтық жүйені толық қысқартуға, мектеп бағдарламасын, мұғалімнің жетекші рөлін теріске шығару қажеттілігіне арналып бағытталған болатын. Оқыту оқушының оны қызықтырған проблемаларды (тақырыптарды) шешу процесінде жүргізілді.

Оқушылар білімді жобалау және біртіндеп күрделенген тапсырмаларды – негізінен жеке-даралық сипаттағы жобаларды орындау процесінде алды және жеке тәртіппен орындалды.

Үлкен проблемалар бірқатар кішілеріне бөлінген, сондай-ақ топтық жобалар да болды. Әрбір бөлігі кішігірім буындармен талқыланған кіші жобаларды құрады. Жалпы-

сыныптық конференцияларда (мәжілістерде) әрбір буын кіші жобалар бойынша атқарылған жұмыстары туралы есеп беріп отырды;

• **программалап оқыту** (Б.Ф. Скиннер, Н.А. Краудер (АҚШ), А.И. Берг, В.П. Беспалько, А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, Ю.А. Самарин, Т.А. Ильина (КСРО) және т.б. әзірлеген) – әдетте программаланған оқулықтар мен оқытушы машиналар көмегімен іске асырылатын, алдын ала құрылған оқыту бағдарламасы бойынша жүзеге асырылатын оқыту түрлерінің бірі. Программалап оқыту кезінде материал мен оқушының іс-әрекеті мөлшерге және қадамға бөлшектенеді; әрбір қадамның орындалуы бақыланады, материалдың келесі мөлшерін игеруге көшу өткен игерудің сапасына қатысты. Оқытуды бұлай етіп құру оқушылардың материалды аса терең және толық игеруін қамтамасыз етеді.

**Программа қадамы** – оқылатын білім, әрекет туралы ақпарат мөлшері; ақпаратпен жұмыс жасау бойынша, оны игеру жөніндегі тапсырмалар; бақылау тапсырмалары (кері байланыс) және жаттығуды қайталау немесе келесі қадамға көшу туралы нұсқаулар.

**2. Оқытудың топтық тәсілі (ОТТ)** – оқытудың жеке-даралық, жұптық және топтық, соңғысына басымдық бере отырып, ұйымдық құрылымын құрайтын оқытудың қоғамдық-тарихи даму кезені; білім берудегі жалпы дағдарыстың басты себебі болып табылады.

**Негізгі ерекшеліктері:**

- оқушылар санының көптігі (30–40 адам);
- сынып құрамының біржастылығы.

**Ұйымдастырушылық жүйелер:**

• **Сыныптық-сабақтық** (1374 ж. Цволле қаласында (Голландия) пайда болды) – мектептің әлемдік тәжірибесінде оқу процесінің жетекші ұйымы, оқыту бір жастағы оқушылар құрамымен, оқу жоспары негізінде жасалған нақты белгіленген сабақ кестесі бойынша жүргізіледі.



Сабак арқылы іске асырылады. Білім мазмұны әрбір сыныпта оқу жоспарлары және бағдарламаларымен анықталады. Сабак жүргізу орны сынып бөлмелері, шеберханалар және т.б. болып табылады;

• **Белл-ланкастерлік** өз атауын ағылшынның дін қызметкері А. Белл (1791, Индия) және мұғалім Дж. Ланкастер (1801, Ұлыбритания) есімдері бойынша алды. Оны ешқандай негіз болмаса да өзара оқу жүйесі (мониторалды жүйе) деп жиі атайды.

Осы жүйе бойынша оқу процесі былайша құрылды. Күннің алғашқы жартысында мұғалім жоғары сынып оқушыларын (мониторларды) барлық данышпандыққа оқыты, ал екінші жартысында олар өз оқушыларын оқытуға барды;

• **Бригадалы-жеке оқыту** — жеке сабак кіші топтарда оқушылардың жұмысын ұйымдастырумен үйлесетін, америкалық университетте әзірленген бастауыш сыныпта математиканы оқыту жүйесі;

• **Бригадалы-зертханалық әдіс** — Дальтон-жоспары әсерінен 20-шы және 30-жылдардың басында КСРО оқу орындарында пайда болған, оқушылардың жеке зерттеу жұмыстары бастамасына арналып құрылған оқытуды ұйымдастыру формаларының бірі;

• **Мангеймдік**, алғаш рет Мангеймде (Германия) қолданылған және Батыс елдерінде кең таралған. Бұл жүйенің мәні сыныптар сабақтың сыныптық-сабақтық жүйесі барысында қабілеттері бойынша емес, жас негізінде қалыптасады деп тұжырымдауында. Бұл кезде қабілеттілік арнайы құрылған тестілер арқылы анықталады: баланың даму деңгейін айқындайтын тестер.

Тестілеу нәтижесіне байланысты қарапайым мектептегі балалар қабілетті, орташа және қабілетсіз топтарға бөлінеді және оқыту топтарына қатысты жіктеледі.

Сырттай бұл жіктелу осы кезеңде көрінбейді: барлық оқушылар пәндерді сол бір атауларымен: ана тілі, математика, жаратылыстану және т.б. оқиды, бірақ мазмұны әр түрлі: қабілетті балалармен күрделі,

толыққан сабақтар жүргізіледі, сонысымен, оқытудың алғашқы жылынан бастап балалар колледждерге бейімделеді. Балалардың негізгі бөлігі үшін өзгеше бағдарлама дайындалған: бұл балаларға теория, ғылым негіздерін білу қажет емес деп саналады. Олар оқитын пәндер кұр практикаға сүйенген сипатта болады.

Орта мектептің жоғары сатысы сырттай жіктеледі (бөлінеді). Онда академиялық және академиялық емес бағыттар бөлектеңіп көрсетілген. Соңғысының бағыты әр алуан: жалпы, өнеркәсіптік, коммерциялық, ауыл шаруашылық және т.б.

Оқушыларды бағдары бойынша бөлу оларды қарапайым мектептегі бөлумен сай келеді. Оқушылардың колледжде бейімделген аз бөлігі академиялық бағытқа түседі. Академиялық емес бағдарламада негізгі екпін пайдалылыққа, қолданбалы білімге және практикалық сабаққа түседі.

Мангеймдік жүйенің авторы А. Зиккенгердің ұстанымына сай адамдар туғаннан бірегей және барлық уақытқа берілген қабілеттерге ие болады. Алайда әр түрлі адамдардың жеке дамуын көптеген зерттеулер адамның қабілеті бірегей және барлық уақытқа берілген және өзгермейтін өддене емес, олар әр түрлі адамдарда түрлі жастарда көрінетінін көрсетті. Жалпы, интеллектуалдық, практикалық, адамгершіліктік, эмоционалдық және іс-әрекеттің басқа да салалары әр түрлі адамдарда әр алуан жаста синхронды емес қалыптасады.

Сондықтан оқушыларды қабілеттері бойынша осылай топтауда оларды қабілеттілер тобына да, қабілетсіздер тобына да барлық кезде қателесіп жатқызу мүмкіндігі үлкен, ал бұл қабілеттері бойынша бөлу жағдайында қиыншылықтарға әкелуі мүмкін;

• **Трамп жоспары** үлкен аудиториядағы, кіші топтардағы және жеке-дара сабақтардың үйлесімдігі жүзеге асырылатындығынан көрінеді. Үлкен аудиторияларда қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдаланумен дәрістер оқылады. Дәрісті екі

немесе бірнеше сыныптың оқушылары (100–150 адам) тыңдайды. Оларды оқу үшін аса білікті оқытушылар пайдаланады. Содан соң дәрістік материал талқыланатын, жекелеген бөлімдері біршама терең оқытылатын және білік пен дағдысы пысықталатын, толықтыру жасалатын, пікірталастар жүргізілетін кіші топтардағы (10–15–20 адам) сабақ өтеді.

Кіші топтағы сабаққа басшылықты тек мұғалім ғана емес, сонымен бірге осы тақырыпты жақсы меңгерген оқушылар қатарынан біреуінің жүргізуі мүмкін.

Жеке жұмыс бір жағынан мұғалімнің міндетті тапсырмасы бойынша, екінші жағынан оқушылардың өз таңдаулары бойынша жүргізіледі, бұл кезде барынша жеке-даралықты есепке алу және дамыту міндеттері көзделеді. Сабақ формалары арасындағы уақытты бөлу үлгісі мынадай: уақыттың 40%-ы кең дәрісханадағы сабаққа – дәріске; 40%-ы – оқушылардың жеке өзіндік жұмыстарына; және уақыттың 20%-ы – кіші топтағы сабақтарға бөлінеді.

Бұған қарамастан, Трамп жоспары АҚШ-та кең қолдау тапты, ол бойынша тұтастай жұмыс жасайтын эксперименттік мектептердің саны аз, ал жаппай мектептерде Трамп жоспарының жекелеген элементтері ғана кең қолданылады: педагогтар бригадасымен оқыту; мұғалімдерге көмекшілікке педагогикалық білімі жоқтарды пайдалану; үлкен дәрісханадағы сабақ және кіші топтарда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру;

• **Вальдорфтік педагогика** адам дамуын дене, жан және рухани деректердің тұтастай өзара әрекеті ретінде антропософтік түсіндіруге арналып негізделген тәрбиелеу және оқытудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығын білдіреді.

Әдіснамалық және дидактика-әдістемелік негізін Р. Штайнер қалады. Ол 1919 жылы «Вальдорф-Астория» темекі фабрикасы жанынан жұмысшылардың балалары үшін оқу ұзақтығы 12 жылдық және жоғары сатысында саралап оқытатын (9–12-сынып-

тар) мектеп ашты.

Олардың міндеті – рухани еркін, қоғамның бар әлеуметтік құрылымының кертартпалық өніміне бет алысын және мінез стереотипін жеңіп шығатын жеке шығармашылық қабілетті тұлға ретінде анықтау және солай ете отырып прогреске қадам жасайтын, адамда жасырын жатқан табиғи нышандарды шебер оятуға әрекет етеді.

Өзгешелік ерекшеліктері:

– директор лауазымы (мұғалімдердің өзін-өзі басқаруы);

– категориялар (рангтар) және енбек ақысын тенестірушілік;

– «жоғарыдан» қатаң оқу және әкімшілік регламенттеу;

– бағалау, екінші жылға қалушылық, оқушыларды шығару және т.б. болмауы.

Сипаттамалық белгісіне болашақ оқушының психологиялық сипатын, оның тұлғалық сапасы мен қасиетін аса терең және жан-жақты зерделеу; педагогтардың үнемі білім мазмұнын және т.б. жетілдіруге арналып бағытталуы да жатады.

Мектепке қабылдау кезінде оқушылар бірнеше критерийлер бойынша «мектепке жетілгендікке» арналған сынақтан өтеді:

1) әлеуметтік біліктілік (қоршаған адамдармен байланыс жасау қабілеті, жағдайға бейімделе білуі, мектепте қабылданған тәртіп ережесін түсіну және орындау);

2) оқу біліктілігі (қандай да бір іске зейін қоя білу және нақты тапсырманы орындау кезінде белгілі бір жүктемені алып жүру);

3) моторлы біліктілік (қаламды, қарындашты пайдалана білу білігі);

4) мотивациялық біліктілік (оқуға қызығушылық пен тілек білдіру);

5) орындаушылық (тыңдау, жекелеген тапсырмаларды орындай білу білігі);

6) дербестілік (басқалардың көмегін пайдаланбау).

Егер бала қандай да бір көрсеткіш бойынша жарамсыз деп табылса, онда оны дайындық сыныбына жібереді. «Кәсіби жарам-

дылық» туралы қорытындыны дәрігерлік-педагогикалық комиссия береді.

Оқу процесі күнделікті 3–4 апта бойы қандай да бір пәнге қосымша екі сағат бөлінетін «эпохальді оқыту» (баламасы – «батыру әдісі») негізінде құрылады. Сондықтан сабақ кестесі айтарлықтай икемділігімен айрықшаланатын және әдеттегідей үш бөліктен тұрады:

күннің 1-ші бөлігі – «басты сабақ», яғни «батыру әдісімен» оқылатын пән, әдетте алғашқы екі сабақ. Сабақтар негізінен, бастапқы кезеңде, ойын түрінде өтеді.

2-сі – «жаттығушылық» – тілге, музыкаға, эвритмге (қозғалыс өнері – вальдорфтік мектептің қарапайымнан мазмұны бойынша айрықшаланатын бірегей пән) жаттығу; 3-сі – қолөнеріне тәрбиелеу (міндетті болып табылады).

Бастауыш сыныптарда үй тапсырмалары тіпті болмайды, немесе оларды оқушылар өз бетінше орындай алатындай түрде және көлемде беріледі. Жастарына карап оқу жүктемелері күніне 7–8 сабаққа дейін артып отырады, тиісінше үй тапсырмаларының көлемі де көбейеді.

Дәстүрлі ұғымнан айырмашылығы сынып жетекшісі – бұл сынып оқушыларына оларды оқытудың барлық сегіз жылында жетекші оқу пәндерінен сабақ беретін мұғалім.

Ерекше назар маман таңдауға аударылады: әрбір мұғалім негізінен тұлғалық сапасы жағынан мұқият тексеруден өтеді. Барлық вальдорфтік мектеп – сыныптық-сабақтықтың тура көрінісі.

**3. Оқытудың ұжымдық тәсілі (ОҰТ)** – оқу-тәрбие процесінің, қажетті ақпараттық өркениеттің дамуының және өзекті компоненті дәстүрлілікпен қатар оқытудың ұжымдық формасы болып табылатын болжанған қоғамдық-тарихи кезеңі.

**Негізгі ерекшеліктері және әдістері:**

- оқудағы өзінділік (дербестілік);
- ұжымдық оқу жұмысы;
- әр түрлі жастағы оқыту;

• өтпелі кезең *технологиясы* – «көлбеу бойынша» әдісті қолдануға арналып негізделген бірдей жастағыларды (әдеттегі сыныптар, топтар) оқыту технологиясы:

– **А.Г. Ривин әдістемесі (ривиндік жоспарлау):** ақпараттық қамтамасыз ету (оқулықтар, мәтіндер, мақалалар және т.б.); ауысымды құрамда жұппен жұмыс жасау; ғылыми-оқу ақпаратын өз бетінше (бірлесіп) абзац бойынша өңдеу; айтып беру, талқылау, толықтыру, түзету, қосымша әдебиеттерді тарту, анық тұжырымдама жасау, абзацқа ат қою, әріптестің дәптеріне жазу; әріптесті ауыстыру; мәтінмен жұмысты аяқтау; кіші топта сөз сөйлеу; барлық өңделген материалды баяндау; практикалық тапсырмаларды орындау; жұмысты есепке алу және бағалау; жана оқу жоспары бойынша жұмыс жасау;

– **М.А. Мкртчянның тапсырма алмасу әдістемесі:** тақырыптық карточкалар жүйесін дайындау; карточкалардың типтері мен құрылымдары; ауысымды құрамда жұппен жұмыс жасау; тапсырманы жеке-дара (бірлесіп) орындау; тапсырмалар алмасу; өзара тексеру және өзара бағалау; әріптестің дәптеріне (жаттығу орындау) есептердің шешуін жазу; әріптесті ауыстыру; жаңа жұппен жұмыс жасау;

– **В.Ф. Шаталовтың емтиханға дайындық әдістемесі:** билет сұрақтары бойынша мұғалімнің әңгімелесуі (жауаптары); оқушылардың үйдегі дайындығы; оқушылардың сұрақтарға сынып алдындағы (аудитория) (таңдауы бойынша) жауаптары; өзіндік және өзара оқу; есепке алу және бақылау ведомосы;

– **А.С. Границкаяның сынаққа дайындық әдістемесі:** оқытушының студенттермен мәтін бойынша әңгімелесуі; студенттің мәтінді дәрісханадан тыс дайындауы; өзара оқу; іс-әрекетті бағалау;

– **өзара диктант алу әдістемесі:** диктанттар түрі бойынша мәтіндер дайындау; ауысымды құрамда жұппен жұмыс жасау; мәтіндермен алмасу; мәтіндерді ауызша

(жазбаша) талдау; өзара тексеру; бірлесіп және жеке салыстырып тексеру; катемен жұмыс жасау; қайталап тексеру; жаңа өріптес іздеу;

– **басқа да әдістемелік тәсілдер** (мәтінді өзара беру әдістемесі, сұрақтар бойынша, Ривин-Баженов, Ривиннің кері әдісі, Булановскаяның мурманскілік әдісі және т.б.);

• толық көлемдегі **ОҰТ технологиясы** – «вертикаль бойынша» әдістемелерді қолдануға арналып негізделген алуан жастағы балаларды оқыту технологиясы.

Бүгінгі күні **екі нұсқасы** бар:

• Жаңа технологияның **красноярскілік нұсқасын** өзіне келесі кадамдарды қосатын (буыннар және кезеңдер бөлінбеген) сатылар түрінде түсінуге болады:

– Тірек конспектін пайдаланумен оқылатын материалды екі қайтара баяндау. Баяндау барысында бір-біріне сұрақтар қойылады.

– Тірек конспектін қайта салу. Тірек белгілерінің маңызы бойынша бір-біріне сұрақтар қойылады.

– Оқулық бойынша тиісті мәтіндерді оқу, жолбасшының (бағдарлама-сұрақтар) сұрақтарына арналған жауаптар іздестіру.

– Оқушының бағдарлама-сұрақтар бойынша алда келе жатқанға (мұғалімге) жауабы немесе тақырыпты еркін баяндауы. Жаттығу орындау және оқыту, сондай-ақ жана тақырып алуға дайындығы тексеріледі.

– Бағдарлама-сұрақта көрсетілген жаттығуларды (есептерді шешу) орындау.

– Орындалған жаттығуды алда келе жатқанның (мұғалімнің) тексеруі.

– Бакылау жұмыстары, сынақтар.

– Бағдарламадан тыс тапсырмалар (конкурстық, олимпиадалық, факультативтік), шығармашылық жұмыстар.

– Жыл бойына қайталау және тексеру. Емтихан тапсыруға рұқсат ету туралы мәселені шешу.

– Емтиханға тікелей дайындық.

– Емтихан.

– Емтиханнан кейінгі жұмыс (кезектегіні дайындау, жіберілгендердің орнын толтыру, мұғалімнің көмекшісі ретінде тағылым-дамадан өту).

• **Тюмендік нұсқа**, красноярскіліктен айырмашылығы 3 кезеңнен және 12 буыннан тұрады:

**I кезең.** *Тақырып мазмұнымен алғашқы танысу (оқу):*

1. Алда келе жатқан оқушының бақылауымен оқулық бойынша мәтінді оқу (сұрақтар оқу барысында қойылады; тірек конспектсі және бағдарлама-сұрақтар пайдаланылмайды).

2. Мәтінді жеке оқу, оқулықта берілген сұрақтарға жауап беру.

3. Мысалдарды, есептерді шешу үлгілерін, жаттығуды орындау үлгілерін, сондай-ақ жекелеген атауларды, мерзімдерді, тұжырымдамаларды және т.б. өз дәптеріне көшіріп жазып алу.

4. Теорияны білуін және дәптердегі жазбаларды бұрын орындағандарын (мұғалімнің) тексеруі.

5. Берілген тақырып бойынша теориялық білімді бекіту үшін қарапайым жаттығулар орындау.

6. Мұғалімнің орындалған жаттығуларды тексеруі. Қателермен жұмыс жасау.

**II кезең.** *Қайталау, бекіту, бақылау.*

7. Теорияны бағдарлама-сұрақтарға сәйкес қайталау, кешенді сипаттағы есептерді шешу, «жоғарыдан төмен қарай өзара тексеру».

8. Үлгерушілер, алға шығушылар үшін бағдарламадан тыс тапсырмалар (олимпиадалық, факультативтік, конкурстық).

9. Сынақтар, жылдық бакылау жұмыстары. Емтиханға тікелей дайындыққа рұқсат ету туралы мәселені шешу.

**III кезең.** *Емтихан (дейін және кейін):*

10. Тірек конспектін пайдаланумен емтиханға тікелей дайындық.

11. Емтихан.

12. Емтиханнан кейінгі жұмыс (кезектегіні дайындау, жіберілгендердің орнын

толтыру, мұғалімнің көмекшісі ретінде тағлымдамадан өту.

**ОҚЫТУҒА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ҒЫЛЫМИ ӘДІС ТҮРҒЫСЫНАН КЕЛУ** — оқыту процесін табиғаттың және қоғамның жалпы жүйелерінің құрамдас бөлімі сияқты түсіну.

**ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІСТЕР** — оқыту әдісінің жолдары мен тәсілдерінің жиынтығы (жиыны); мазмұнның өздігінен қозғалу формасы. **Оқытудағы әдістердің жіктелуі** — қандай да бір белгісі бойынша реттелген оқытудағы әдістер жүйесі.

Бұл сұрақ әлі де болса шешімін таппай отыр. Оқу процесінің түрлі аспектілері бойынша алуан түрлі жіктелулері бар: ақпарат көздері және қабылдау, дидактикалық мақсаттар, баяндау логикасы, оқушылардың танымдық белсенділігінің деңгейі бойынша және т.б.:

• **мұғалімнің немесе оқушының белсенділік деңгейі бойынша:** баяндау, әңгіме, өздік жұмыстар (В.А. Тетюрев, П.И. Боровицкий, В.Ф. Шалаев, Б.В. Всесвятский және т.б.);

• **оқытудың нақты кезеңінде жүзеге асырылатын дидактикалық міндеттерге орай:** білім алу әдістері, біліктілік және дағдыларды қалыптастыру әдістері, білімді қолдану әдістері, шығармашылық әрекеттер, бекіту, білім, білік және дағдыларды тексеру әдістері (М.А. Данилов, Б.П. Есипов);

• **білім көздері бойынша (ақпарат алу):** ауызша, көрнекі және практикалық әдістер (П.Н. Шимбирев, Д.О. Лордкипанидзе, Е.И. Перовский, Е.Я. Голант, Н.М. Верзилин және т.б.);

• **білім беру мазмұнының түрлерін меңгерудің сипатына орай әрі оқушылардың танымдық және дербестік деңгейіне қарай:** ақпаратты-рецептивті (түсіндірмелі-иллюстративті), репродуктивті, проблемалы баяндау, ішінара іздестіру және зерттеу (М.Н. Скаткин, И.Я. Лернер);

• **оқыту әдістерінің** (хабарлаушы, түсіндірмелік, нұсқаулық, түсінік беретін-

түрткі болатын, түрткі болатын) **үйрену әдістерімен** (орындаушы, репродуктивті, практикалық, ішінара-іздестіру, іздестіру) (М.И. Махмутов) **қатынасын белгілеу.**

Жоғарыда аталған жіктеулерді біріктіру ісін жүзеге асыруда Ю.К. Бабанский төмендегі жағдайларды бөліп көрсетуге тырысты:

**1. Оқытудағы бақылау және өзіндік бақылау әдістері** — мұғалім мен білім алушының оқу процесінің нәтижесі туралы ақпаратты алу әдістері. Оқушылардың жана білімді қабылдауға және меңгеруге қаншалықты дайын екендігін, олар жіберген қателер мен қиындық туғызушы себептерін анықтауға, оқытуды ұйымдастырудың тиімділігін, әдістері мен тәсілдерін және т.б. айқындауға мүмкіндік береді. Олар *ауызша* (жеке, жаппай және тығыздалған сұрақ-жауап); *жазбаша* (жазба жұмыстары, диктанттар, мазмұндама, шығарма, рефераттар және т.б.); *практикалық* (практикалық жұмыс, тәжірибелер); *графикалық* (графиктер, сызбалар, кестелер); *программаланған* (машинасыз, машинамен); *бақылау; өзіндік бақылау* түрлеріне бөлінеді.

**2. Оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері** — оқыту әдістерінің тобы, ол қолданыстағы барлық жіктеулер бойынша бөлінген оқыту әдістерінің топтамаларынан тұрады:

• ақпарат көзі және қабылдауы бойынша топтама: *ауызша әдістер* (әңгіме, дәріс, сұхбат, конференция, пікірсайыс, түсіндіру); көрнекілік әдістер (иллюстрациялау әдісі, көрсету әдісі); практикалық әдістер (жаттығулар, зертханалық тәжірибелер, еңбек ету тапсырмалары);

• ойлау логикасы бойынша топтама: *оқытудың индуктивтік әдістері* (оқытылатын материалдың мазмұнын жекеден жалпыға қарай ашу логикасы); *оқытудың дедуктивтік әдістері* (оқытылатын тақырыптардың мазмұнын жалпыдан жекеге қарай ашу логикасы);

• оқушылардың танымдық әрекетінің өздігінен және белсенділік деңгейі бойынша

топтама: *репродуктивтік әдістер* (ауызша, практикалық және көрнекілік әдістері мен тәсілдері бойынша хабарланатын оқу апаратын белсенді қабылдау, есте сақтау және қайта жанғырту);

- *оқытудың проблемалық-ізденіс әдістері* (білім алушылардың білімді меңгеруі, біліктілігі мен дағдыларының қалыптасуы ішінара ізденіс процесінде немесе зерттеу әрекетінде жүзеге асырылады. Оқыту ауызша, көрнекілік және практикалық әдістер арқылы, проблемалық жағдайларды қою және шешу тетігін өзінше түсіндіруде жүзеге асады).

Бұған өздігінен жұмыс жасау әдістері жатады — мұғалімнің тапсырмасы бойынша және оның тікелей көмегі, немесе жанама басшылығы арқылы жүзеге асырылатын оқушы орындайтын өзіндік жұмыс және оқушының өз бастамасы бойынша орындалатын өзіндік жұмыс (өзіндік білім алу деңгейіне көтерілу).

**3. Оқудың ынталандыру және уәждеу (мотивациялау) әдістері** — оқуға он көзқарасты қалыптастыру мен бекітуге бағытталған және білім алушыны белсенді танымдық әрекетке ынталандыратын екі топтамадан тұратын әдістер тобы.

*Оқуға ынталандыру әдістері және оқуға қызығушылықты уәждеу* (эмоционалдық адамгершілік көңіл күй, жанашылдық жағдай, күтпеген жағдайды, өзектілікті тудыру; танымдық ойындар; театрландыру және драмалау; пікірталастар; өмірлік жағдайларды талдау; оқудағы жетістік жағдайын тудыру); *міндет пен жауапкершілікті ынталандыру әдістері* (оқудың жекелік және қоғамдық маңызын түсіндіру; талаптар қою, мадақтаулар және шаралар).

**ОҚЫТУДАҒЫ ҰҚСАСТЫҚ** — оқып-үйренетін пәндер мен құбылыстар арасындағы, басқа қатынастардан өзгеше, белгілі бір қатынаста ұқсастықты белгілейтін педагогикалық тәсіл.

Негізінен тәжірибелік жолмен шыққан белгісіз жаңа ұғымдарды оқушыларға ішінара

ұқсас, мүмкіндігінше белгілі ұғымдар көмегімен түсіндіруде қолданылады. Оның көмегімен біршама анықтамалар мен шамаларды мүмкіндігінше дұрыс әрі дәл ұғыну қамтамасыз етіледі. Оқытудың тәсілі ретіндегі құндылығы, оқушыларды оқу материалын меңгеруді жеңілдетіп, ой белсенділігін арттырып, ізденушілікке ынталандырып, дұрыстығын арнайы зерттеулермен тексеруге болатын жорамалдар мен болжамдарға әкеледі. **ОҚЫТУДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ, ОҚУ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ)** — бірдейлік бастамада «мұғалім-оқушы» және «оқушы-оқушы» режимінде барлық педагогикалық процеске қатысушылардың өзара іс-әрекеті.

**ОҚЫТУДЫ ДАРАЛАУ** — оқу барысында оқушылардың жеке ерекшеліктерінің барлық түрлері мен әдістерін ескеру.

Жалпы мақсаттар мен оқу мазмұны шеңберінде топтық оқу жұмыс жағдайында жүзеге асады. *Оқытуды даралау көзқарасы* — жекелеу негізінде оқытудың негізі болып табылады — мұғалім іс-әрекеті оқытуда оқу әдісі мен тәсілдерін, сонымен қатар тапсырмаларды таңдауда оқушылардың жеке қасиеттері, дара-психологиялық ерекшеліктеріне бағытталады.

**ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ** — *оқыту тәсілін* іске асырудың құрылымдық-функционалдық тетігі.

**ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ** — білім алушылардың ойлау (интеллектуалдық) белсенділігін, шындықты іздеуге шығармашылық жолмен жетуді көздейтін (диалог, айтыс, пікірталас) педагогикалық ықпалдың әдістері мен тәсілдерін белгілеуге арналған дәстүрлі дидактикада қолданылатын ұғым:

- *оқытудағы драматизациялау* — сабақтарда оқу материалы мазмұнын рөлдер бойынша ойнап, сахналау (рөлдерге білімнің кез келген саласындағы тек жанды кейіпкерлер ғана емес, басқа да жансыз заттар мен құбылыстар иелене алады);

• **инверсия** – сөздердің әдеттегі тәртібін бұзып орнын ауыстыру; жана ғана дәлелденген тезиске қарсы тезисті дәлелдеу.

• **топтық пікірталас әдісі** – 1) топтық міндетті тиімді және нәтижелі шешу мақсатында бірлескен ұжымдық әрекетті ұйымдастыру; 2) тікелей қарым-қатынас процесінде пікірталасқа қатынасушылардың ойларына, көзқарастары мен ұстанымдарына логикалық дәлелдеулермен ықпал ету әдісі;

• **морфологиялық талдау әдісі** – алғашқыда нысан осінің негізгі сипаттамалары көрінетін, кейін әрбіреуі бойынша әр түрлі нұсқалары-элементтері жазылатын белсенді оқыту әдістерінің бірі. Барлық осі бойынша жазбалары бар және әр түрлі элементтердің тіркесімдерін үйлестіріп, мүмкін нұсқалардың көптеген, кейде тіпті күтпеген санын алуға болады;

• **фокальды объектілер әдісі** – кездейсоқ бірнеше іріктелген нысандардың белгілерін қарастырылатын (фокальды, назар аударатын) нысанға ауыстырады, нәтижесінде психологиялық инерция мен орамсыздықты жеңетіндей ерекше тіркесімдер алынатын әдіс. Пайда болған тіркестерді қарап (мыс.: «тұлға», «күшті тұлға», «мәңгілік тұлға», ...) ерекше идеяларға келуге болады.

• **эвристикалық сұрақтар әдісі** – проблемалық жағдайда немесе шығармашылық есептерді шешу процесінде ендігі бар ақпараттарды біріздендіру үшін қосымша ақпараттарды жинауға арналған. Бұл әдіс шешендік өнердің көне римдік теоретигі Квинтилианның өз шәкірттеріне ұсынған алдарына жеті сұрақ қою керектігінен туындайды: кім (субъект), не (объект), неге (мақсат), қайда (орын), немен (құрал), қалай (әдіс), қашан (уақыт). Егер осы сұрақтарды өзара белгілі бір тәртіппен орналастырса (1, 1-2, 1-3 және т.б. 1-7; 2, 2-2...2-7 және т.б. дейін), олар көптеген жаңа, тіпті күтпеген сұрақтарды тудырады;

• **мидың шабуылы (брейн (с)-шторминг)** – америкалық психолог А.Осборн ұсынған қиын проблеманы бірлескен жолмен

шешуді іздеу арқылы ойлау процестерін белсендіру әдісі. Ережелері: 1) идеялар генераторы тобы ішіне әр түрлі мамандықтағы адамдарды енгізеді. Ен озық нәтижелерді алу үшін, топ мүшелері қарастыратын тапсырмада жеке қызығушылығы болмау керек және бір-бірімен терең байланыста болмауы ұсынылады. Олар тапсырма туралы тек жалпы мағлұматы болып, қарастырылатын мәселе бойынша мамандар болуы міндетті емес; 2) еркін және дәлелсіз әр түрлі идеялар, оның ішінде қате, әзіл және фантастикалық та айтыла береді. Неғұрлым күтпеген идея болса, соғұрлым жақсы. Идеялар ағымы қарқынды болу қажет, олар бірінен соң бірі келсе, онда жақсы идеяның туу мүмкіндігі жоғары. Сөйлеу уақыты – бір минут. Идеялар хаттамаланады немесе магниттік лентаға жазылып алынады; 3) идеяларды айтқанда қандай болса да сын айтылмайды. Оның қатысушылары арасында еркін және ізгі ниетті байланыстар орнату керек. Әдетте, батыл шабуылға қатысушылардың бірі айтқан ой басқалармен іліп әкетіліп, дамытылады.

Брейнсторминг процесінде 10 адамға дейін құрайтын топтағы жағдай – емін-еркін, адамдар тәуелсіз, сын мен өзара сынға орын жоқ; проблемаға батыл шабуыл 20–40 минуттан артық болмайды; барлық идеялар, тіпті парадоксальды және іске аспайтындары да қабылданып, топтық сараптамадан өтеді;

• **оқытуды театрландыру** – оқытудан тыс уақытта, оқу материалы бойынша көп оқушының қатысу әр түрлі жанрдағы декорацияларымен және т.б. атрибуттарымен ұзақ уақытқа есептелген, театрлық қойылымдарды сахналау.

Көрсетілген әдістер өнертапқыштық есептерді және т.б. шешуде де пайдаланылады. **ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ФОРМАЛАРЫ** – дәстүрлі дидактикада оқытудың формалары мен әдістері ауысып жатады, қазір алдыңғы орынға оқыту мәселелерін көпшілік болып талқылауға негізделген,

оқытудың ұйымдастырушылық формалары шықты (әңгімелесу, пікірталас, семинар, конференция, іскерлік ойын, тренинг, брейнсторминг).

**ОҚЫТУДЫҢ НАҚТЫ ФОРМАЛАРЫ (АРНАЙЫ, ЖЕКЕ)** — арнайы білім беру және тәрбиелік міндеттерді шешуде жалпы ұйымдастыру түрлерінің алуан түрлі нұсқада қолданылуы.

Олар білім алушылардың санына, оқытудың мезгілі және орнына, оның жүзеге асуына байланысты. 30-дан аса түрі бар.

Негізгі арнайы формалары:

1) **сабақ** — қ. *Сабақ*;

2) **дәріс** — қ. *Дәріс*;

3) **зертханалық жұмыс** — қ. *Зертханалық жұмыстар*;

4) **тәжірибелік сабақтар** — қ. *Тәжірибелік сабақтар*;

5) **семинар** — қ. *Семинар*;

6) **практикум** — оқушылардың өздігінен тәжірибелік және зертханалық жұмыстарды орындауын қарастыратын оқыту түрі. Әдеттегідей оқу курсының ірі бөлімін оқып болған соң немесе оқыту кезеңінің соңында өткізіледі. Оқу жұмыстарының тізбесі оқу бағдарламасымен анықталады. Практикумның алдында нұсқау беру сабағы өткізіледі. Практикумға кірген көптеген тәжірибелік жұмыстар зерттеулік сипатта болады және белгілі бір ғылыми заңдылықтар, ережелер, болжамдардың және т.б. шынайылығын тексеруге бағытталады. Практикум кезінде оқушылар жиі шығармашылық сипаттағы (мысалы, техникалық құрылымдауға арналған) есептерді шешеді. Мұндай есептерді шешу тек идеяларды өңдеуді ғана емес, сол сияқты тәжірибе жүзінде қолданыстағы аспап немесе үлгіде қолдануды қарастырады;

7) **кәсіптік тәжірибе** — қ. *Педагогикалық тәжірибе, Кәсіптік (өндірістік) тәжірибе*;

8) **коллоквиум** — білімді анықтау үшін оқытушы мен студент арасында жүргізілген сұхбатты жорамалдайтын оқу сабағының түрі;

9) **кеңес** — білім алушыларға оқу пәнінің күрделі сұрақтары бойынша кеңес беруде қолданылатын оқытудың нақты түрлерінің бірі;

10) **оқу конференциясы** — педагогикалық тәжірибеде белгілі бір оқу тақырыбын, сұрақтарын және т.б. талқылау үшін қолданылатын оқытудың түрі;

11) **оқу пікірталасы** — белгілі оқу пәнінің мәселелері төңірегінде, сұрақтар мен тақырыптарды талдау мақсатындағы оқытудың арнайы түрі;

12) **үй жұмысы** — сыныптық-сабақтық жүйеде туындаған, оқушылардың өздігінен, мұғалімнің жетекшілігінсіз, бірақ оның жанама ықпалы арқылы тапсырмаларды орындауын жорамалдайтын оқыту түрі; Түрлері:

— **оқу қызметінің сипатына қарай** — репродуктивтік (көшірмелі), бейімдік және шығармашылық;

— **оқу әрекеті бойынша** — жаттығулар орындау және есептер шығару, оқулықпен жұмыс, бақылаулар мен тәжірибелер, қосымша әдебиеттер оқу, баяндамалар мен хабарламалар дайындау.

13) **сынақ** — білім алушылардың семинар және тәжірибелік сабақтарда, өндірістік тәжірибеде, сол сияқты олардың өзіндік жұмыстарында (сызу, есептеу және т.б.) алған білім, білік, дағдыларын бақылау және сапалы бағалауын болжайтын білім түрі; сонымен қатар бөліп бағалау қолданылады;

14) **емтихан** — қ. *Емтихан*;

15) **экскурсия** — қ. *Экскурсия*.

**ОҚЫТУДЫҢ ОРТАҚ (ҚҰРЫЛЫМДЫҚ) ФОРМАЛАРЫ (ОҚЫТУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ, ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ, ОҚУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ФОРМАЛАРЫ, ОҚУ САБАҒЫНЫҢ ФОРМАЛАРЫ)** — қарым-қатынастың негізгі, өзгермейтін құрылымдары, яғни оқу процесінде қолданылатын оқытушы мен үйренуші арасындағы өзара әрекеттің сол немесе басқа нұсқасы.



Оқытудың нақты формаларының негізі болып табылады.

Қазіргі дидактиканың жетістіктеріне сәйкес оқытудың **төрт формасын** бөліп айырады:

1) **жеке** (жанама қарым-қатынас).

Жеке байланыссыз, көбіне жазу немесе оның орнына құралдар (оқулық, дәптермен және т.б.) қолданылып өткізіледі;

2) **жұптық** (тұрақты жұптағы қарым-қатынас).

«Мұғалім – оқушы» немесе «оқушы – оқушы» жүйесінде іске асады;

3) **топтық** (қарым-қатынастың топтық құрылымы) (жаппай (жалпысыныптық) – дәстүрлі жетекші формалардың бірі; оқып-үйренушілердің көп санын (топ, сынып) және бригадалы-бөлікті шағын топтағы жұмысты үйлестіретін оқытудың топтық формасының өзгеруі).

#### **Ерекшеліктері:**

1. Қарым-қатынастың топтық құрылымы.  
2. Жұмыстың басты шарты: бір адамды тыңдауға мүмкіндік алу үшін жалпыға бірдей үнсіздік, тыныштық сақтау керек, өйткені қарым-қатынастың әр сәтінде тек қана бір адам сөйлей алады.

3. Басты артықшылығы: оқу тобының барлық мүшелеріне нені біліп және не істеу керектігі бір мезгілде түсіндіріліп көрсетіледі.

4. Әдеттегідей маман оқытады: бұрынғы уақыттан бері – жалданбалы, енбекақысы төленетін педагог, қалғандары – оның оқушылары, олар ешкімді оқытпайды, тек қана оқиды.

5. Топтық сабақ кезінде оқушылар мұғалім берген ақпаратты тек қана үндемей «тұтынады». Осыдан оларда оқытуға деген арқасүйеушілік, өз қажеттігін ғана қанағаттандыратын қатынасы және жиі конформизмге апаратын өте жиі акселерация мен енжарлықтың үйлескені байқалады.

6. Жалпысыныптық сабақтар үстінде әрбір оқушы тек қана өзінің қамын және жеке жетістіктерін ойлайды, өйткені тек қана өзі

үшін, өзінің білімі, іскерлігі мен тәртібіне жауап береді. Оқып үйренушілерге жауап беретін, оқытатын, тәрбиелейтін, тексеретін, бақылайтын, бағалайтын тек қана оқытушы.

7. Оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбегінің мағынасы жоқ.

8. Жаппай жұмыс кезінде оқушы педагогикалық ықпалдың тұрақты нысаны, ал оның әмбебаптығы оқып үйренушіні сырттай қараушы типтегі тіршілік иесіне айналдырады.

9. Жолдастарымен байланыстарына тыйым салынады немесе қатаң шектеледі: әрқайсысы тек қана педагогтің ерекше рұқсатымен сөйлей алады.

10. Барлығы «қатар», бірақ «бірге емес» жұмыс істейді, яғни бір бөлмеде (дәрісханада) отырып, оқушылар тек қана формалды тыйым жасалғаннан емес, олардың әңгімелері мұғалімнің немесе сөз сөйлейтіндердің әңгімесін (түсіндірмесін, хабарламасын) тыңдауға кедергі жасайтындықтан бірігіп жұмыс істемейді. Оқу диалогтардың саны шектеулі.

11. Оқу пікірталас, пікірсайыс, пікір алысу жалпысыныптық жұмысының ерекше түрі ретінде ұжымшылдықтың елесі болып табылады.

12. Жаппай ынтымақтастық пен жолдастық өзара көмек болмайды. Сырттай берілген әлеуметтік белсенділік оқушылардың аз ғана санын жұмылдырады.

**Шағын топтағы жұмыс** – топтық форманың бір түрі; оқу міндетін орындау үшін бригада мен бөлікке оқушыларды топтастыру.

#### **Ерекшеліктері:**

1. Сандық құрамы – 3–8 оқушы.

2. Қарым-қатынастың құрылымы – топтық: қарым-қатынастың әр сәтінде біреуі сөйлеп – топ тыңдайды. Қатысушылардың ең аз саны – 3 адам. «Топтық форма» термин: а) топты бір адам оқытады және; ә) оның жұмысының тұтастығын білдіреді.

3. Үлкен топтағы (сыныпта) қарым-қаты-

настан айырмашылығы оны (оқытуды) құру принципінде емес, бір мезгілде тындап отырғандардың санында.

4. Оқытушының қызметін тек қана кейбір оқушылар (мөлшері 20%) атқарады. Басым көпшілігінде ондай мүмкіндік жоқ немесе оларды ойдағыдай орындай алмайды, өйткені бір адаммен диалогті жүргізуге қарағанда мұғалім ретін де топтың алдында сөз сөйлеу әлдеқайда қиынға түседі.

5. Шағын топтар өздігінен жұмыс істегеніне байланысты жалпысыныптық жұмыс тоқтатылады, сыныпта бірынғай ұжымдық жұмыс орындалмайды, егерде ол осыған дейін жүргізілсе, бригадалық сабақтардың ұзақтығына қарамастан оларды енгізу оны жоққа шығарады.

6. Жеке топтарды біріктіру және іс-әрекетінің қорытындысын жинақтау бригадалық сабақтарда және олар арқылы өтпейді, жаппай жұмыс барысында өтеді, ол да ұжымдық оқытудың мәніне қайшылық әкеледі.

7. Бригада-бөлік сабақтарында өзара оқыту болмайды: оқытушының қызметін бір, кейде екі оқушы орындайды, қалғандары тындаушылардың рөлінде болады.

8. Жаппай ынтымақтастық пен жолдастық өзара көмек практикалық іс-әрекет жүзінде асырылмайды, өйткені оқушылардың негізгі көпшілігі (70–80 %) жақсы жағдайда тек қана оқиды, ал басқаларды (бригадирді, консультантты) оқытуға шамасы келмейді;

4) **ұжымдық** (ауыспалы жұптардағы қарым-қатынас).

#### **Ерекшеліктері:**

1. Сандық құрамы. Екі жұп болып, олардың құрамы үнемі өзгеріп тұру үшін ұжымдық жұмыстың қатысушыларының саны ең аз дегенде төрт адамнан тұру керек. Оңтайлы саны 15-тен 50-ге дейін. Көңіл аударарлық ерекшелігі: қарым-қатынастың (жұмыстың) әр сәтінде қатысушылардың жартысы сөйлеп, басқасы тындап отырады.
2. Әрбір оқушы кезектесіп мұғалім мен оқу-

шының қызметін атқарады. Практика көрсеткендей, егер де оқушы жаңа тақырыпты тек тындап, үйреніп қана шектелмей, онымен қоса басқаларды оқытса, оқыту айрықша тиімді өтеді.

3. Әрбір қатысушының кезек күттірмейтін мақсаты – игерілген немесе үйреніп отырған материалды басқаларға оқыту, басқалары оны оқытады. Бұл жерде іс-әрекеттің мотиві өзгереді: материалды игеру мұғалімге жауап беру үшін, жақсы баға алу үшін емес, өзі не біледі немесе не үйреніп отыр, соған басқаларды оқыту.

4. Әрбір қатысушының әлеуметтік маңызды іс-әрекеті. Ең бастысы оқыту процесінде оқушыны үйрету, оның танымын кеңейтуде (бұл істің өз қажеттігін қанағаттандыратын жағы) емес, ол басқаларды оқытады және оның іс-әрекеті айналадағыларға болашақта емес, қазіргі кезде (әрқашанда) қажет.

5. Негізгі принципі: барлығы әрқайсысын және әрқайсысы бәрін кезекпе-кезек оқытады. Тек осындай жағдайда ғана мұғалімнің маманданған басқаруымен ұжым өзінің әр мүшесін оқыта алады.

6. Әр қатысушының жеке жауапкершілігі, оның ұжымның мүшесі ретінде мәртебесі өзгеруі: әрқайсысы өзінің және де жолдас-тарының табыстары мен жетістіктеріне жауап береді;

7. Әрқайсымен жеке жұмыс істеп, сабаққа қатысушы үйреніп жатқан әр тақырыпты толық, берік және жан-жақты меңгеру үшін оны басқаларына баяндап береді.

8. Кәсіби педагогтің функциялары мен мәртебесінің өзгеруі. Педагог-жетекшінің негізгі міндеті – әрбір оқушыда оқытушылық шеберлікті қалыптастыру. Кәсіби педагог пен оның әрбір оқушысының ортақ міндеті – үйреніп жатқан әр тақырыпты баяндауда үйреніп жатқан теорияны практикада қолдану шеберлігіне жету.

9. Ұжым мен жеке тұлға мүдделерінің бірдей болуы, үйлесушілігі: оқушы басқаларды неғұрлым көбірек және жақсы оқытатын

болса, соғұрлым ол өзі көбірек және жақсы біліп істей алады;

10. Ата-аналарды, жоғары сынып оқушыларын, студенттерді, мамандар мен басқа әр түрлі жастағы және әр түрлі білім дәярылығындағы адамдарды ортақ оқу-тәрбие жұмысына қатыстыру. Шақырылғандар мұғалімнің сыныппен жұмысына қатысып байқауға емес, тікелей қатысуға және оқушылармен жұмыс істеуге, олардың іс-әрекетінің қарқынын жеделдетуі мен оқытудың сапасын көтеру үшін келеді.

**ОППОНЕНТ** – ғылыми-зерттеу авторымен пікір таласына түсуші және ғылыми шығармашылыққа, зерттеу барысы мен нәтижесіне, оның жетістіктері мен кемшіліктерін көрсете отырып, талдау жасайтын ғылым саласындағы маман.

**ОРТА БІЛІМ** – азаматтардың жалпы оқу бағдарламаларын игеру нәтижесінде мемлекеттік жалпыміндетті білім стандарттарына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алатын, Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген білім.

**ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КАТАЛОГТАУ КАРТОЧКАЛАРЫ** – каталогтар мен карточкалар жүргізуде қажет баспа бірлігі туралы ақпарат, қосымша сипаттамалары туралы анықтамалар, жіктеу индексі, заттық айдарлар және басқа мәліметтер жинақталған карточкалар.

**ОРТАША КВАДРАТТЫҚ АУЫТҚУЛАР** – вариацияның аса анық көрсеткіші.

**ОРТАША КВАДРАТТЫҚ АУЫТҚУЛАР (ЭКСПЕРИМЕНТТІК)** – дисперсиядан квадратты түбір ( $d = \sqrt{d^2}$ ).

**ІРІКТЕЛГЕН ОРТАШАНЫҢ ОРТАША КВАДРАТТЫҚ ҚАТЕСІ** – негізгі және іріктелген жиынтықтың орташа мәнінің айырмашылық мөлшері:

$$\delta_{\text{ф}} = \frac{\delta_{\text{ж.оп.}}}{\sqrt{n}} = \sqrt{\frac{\sum_1 (x - x_1)^2}{n(n-1)}}.$$

**ОТБАСЫ** – 1) мүшелері некемен немесе туыстықпен, тұрмыс бірлігімен, өзара моральды және материалдық жауапкершілікпен байланысқан кіші әлеуметтік топ. Қоғамдық және әлеуметтік маңызды мынадай функциялар атқарады: өнімділік, шаруашылық-экономикалық, тәрбиелік, әлеуметтік, психотерапевтік және т.б.; 2) бірлік, жалпы мүдделермен ұйымдасқан адамдардың бірлестігі; 3) лингвистикада – тілдер әулеті, яғни туыс тілдер тобы.



**ӨЗ БЕТІНШЕ ОҚУ** – адамның білімді жеке ұмтылушылығы мен құралдарды өз бетінше тандауы арқылы алу процесі.

**ӨЗАРА ОҚЫТУ (БІРІН-БІРІ ОҚЫТУ)** – *ұжымдық оқу сабақтары* процесінде орындалатын, әрбір қатысушы өзінің серіктесін кезектесіп оқытады, үйренуші мен үйретушінің міндетін орындайтын оқу жұмысының түрі.

Оқытудың *белл-ланкастерлік жүйесін* өзара оқыту жүйесі ретінде тану қате.

**ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУ** – жеке тұлғалық немесе (және) қоғамдық маңызды білімдік максаттарды көздейтін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі, жеке дара таным әрекеті: танымдық қызығушылықтың, жалпымәдени және кәсіби сұраныстарды қанағаттандыру және кәсіби біліктілікті көтеру.

Әдетте субъектінің өзі реттеуге мүмкіндігі бар жүйелі оқыту түрінде жүзеге асырылады.

**ӨЗІНДІК ОҚУ ЖҰМЫСЫ** – оқу іс-әрекетінің түрі, бұл кезде оқушы дербестігінің белгілі бір деңгейі оның барлық құрылымдық компонентінің әрбірінде орын алады – жұмыстың қарапайым түрін орындаудан

ізденіс сипатындағы аса күрделісіне қарай ауысумен, проблеманы қоя білуден оны бақылауды, өзіндік бақылауды және түзетуді жүзеге асыруға дейін; оқушылардың танымдық қабілеттерін қалыптастыру құралы, оларды өз бетінше білім алуға үздіксіз бағыттаушы.

Ұйымдастыру формасы бойынша өзіндік жұмыс фронтальді болуы мүмкін – оқушылар бір ғана тапсырма орындайды, мысалы, шығарма жазады; топтық – оқу тапсырмасын орындау үшін оқушылар топтарға (3-6 адам) бөлінеді; жұптық – мысалы, микроскоппен бақылау жүргізу кезінде, лингвфон бөлмесіндегі сабақта; даралық – әрбір оқушы жеке тапсырма орындайды, мысалы, тапсырылған тақырыпта реферат жазады. Өзіндік жұмыс сыныпта (зертханада, бөлмеде, шеберханада және т.б.), сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шаралар кезінде (мектеп жанындағы тәжірибе учаскесінде, тірі табиғат бұрышында, саяхатта және т.б.), үйде ұйымдастырылуы мүмкін.

Өзіндік жұмыстың ең көп тараған түрлері: оқулықпен, анықтамалық әдебиетпен немесе дереккөздермен жұмыс.

#### **Дидактикалық мақсат бойынша өзіндік жұмыс түрлері:**

- 1) жаңа білім алу, білімді өз бетінше алу білігін меңгеру;
- 2) білімді бекіту және анықтау;
- 3) білімді оқу және практикалық міндеттерді шешуге қолдану білігін қалыптастыру;
- 4) практикалық сипаттағы білік пен дағды қалыптастыру;
- 5) шығармашылық сипат, білімді күрделенген жағдаяттарда қолдану білігін қалыптастыру.

**Студенттердің өзіндік жұмыстары (СӨЖ)** – оқу жұмысының барлық басқа түрлерінің міндеттерін қорытындылайды. Жеке іс-әрекет нысаны бола алмаған ешқандай білім адамның түпкі игілігі болып саналмайды. Практикалық маңыздылығынан басқа СӨЖ тек қана белгілі бір білік пен дағды жиынтығы емес, сонымен қатар жо-

ғары білікті қазіргі заманғы маманның тұлғалық құрылымында маңызды рөл атқаратын мінез ерекшелігі ретінде маңызға ие. Сондықтан әрбір жоғары оқу орнында, әрбір курста СӨЖ үшін барлық студенттерге оқытушылардың басшылығымен материалдар мұқият іріктеледі.

СӨЖ – пәннің оқу материалын меңгеру бойынша, типтік есептеулер деп аталатын, арнайы құрастырылған есептерді орындау бойынша, сондай-ақ студенттік ғылыми қауымдастық (СҒК) тарапынан рефераттар мен ғылыми әзірлемелер тақырыптарын зерттеу жұмыстары. Дәріс бөлмесінен тыс практикалық сабақтарға, оқулықтар, оқу құралдары, дәріс конспектілері, одан басқа монографиялар мен мерзімдік баспасөз қажет болатын оқу залында, компьютер сыныбында және үй жағдайында орындалатын өзіндік жұмыстар жатады. Дербестілік тұлғаның сапасы ретінде оқыту кезіндегі негізгісі болып табылады және оны дамыту белгілі бір дидактикалық тәсілді талап етеді. Егер студент танымдық қызмет тәсілдері берілмеген оқу кітаптарымен жұмыс жасайтын болса, онда ол таңдауда – дербес. Ал егер ол танымдық қызметті әрбір әрекетті реттеуші және оның дұрыстығын бақылау оған танылған қатаң ережелермен жүзеге асыратын болса, онда бұл дербестік емес, оның белсенділігі.

Типтік есептеулерді орындау кезінде танымдық қызметтегі белсенділік, ал ғылыми жұмысты орындау барысында – өзіндік танымдық қызметті талап етілуі керек.

СӨЖ көздейтін негізгі мақсаты: студенттерді оқуға үйрету, яғни оқыту процесінде білім мен білікті өз бетінше игеру қабілеттері мен қажеттілігін дамыту. Өз бетінше еңбектену студенттерде ұйымшылдық және тәртіптілік, деректер мен құбылыстарды талдай білу, белсенділік пен бастамашылық, шығармашылық дамуына және өз пікірі мен сенімін қалыптастыруға әкелетін ойлау дербестігі сияқты сапаларын дамытады.

Жоғары оқу орындарында семестрге арналған, семестрлік оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын қоса беретін, өзіндік жұмыстардың кестесі жасалады. Кесте – студенттерді өз уақытын жоспарлауға, оны тиімді пайдалануға үйрететін өзіндік ынталандырушы құрал. Студенттердің орындайтын жұмыстары оқытушылармен жүйелі түрде бақылануы, ал жіберілген аса күрделі кателері – студенттермен әңгімелесуде талдануы тиіс.

Өзіндік жұмыс үшін негізгі тиісті ғылыми-теориялық курс, нақтырақ айтсақ, студент алған білімінің барлық кешені болып табылады. Жұмыс басталар алдында студенттер өзіндік жұмысты орындауға арнайы түсініктемелер алады – талаптар анықталады, пайдаланылатын көздер мен құралдар көрсетіледі, аса тиімді әдістер ұсынылады.

Көбінесе лекцияларға, семинарларға, зертханалық жұмыстарға, сынақтарға (зачеттарға), емтихандарға дайындық бәрінен бұрын жеке өзіндік жұмыс ретінде қарастырылады және ұйымдастырылады. Алайда эксперименттік зерттеулер, жоғары оқу орындарындағы тәжірибелер осы жағдайда белгілі бір кезеңде, егер оған екі-үш адам қатысатын болса, ол аса тиімді болып табылатынын көрсетті. Мұндай жағдайда екінші және үшінші студент тек қана өзара бақылауға қатысушы емес, сонымен бірге әрбір қатысушының танымдық қызмет тиімділігін біршама арттыруды қамтамасыз етуші өзара дара белсенділік мотивация факторы ретінде де қатысады.

Серіктестің қатысуымен дайындық процесінің өзіндік қызметінің психологиялық құрылымы қайта қаралады. Ол субъективті түрде толыққанды және аяқталған, сонымен бірге дара өзіндік жұмыстың оқытылатын пәнді «түсіну» кезеңіндегі оқу жұмысы ретінде де бағаланады. Алайда көптеген жағдайда субъективті бағалау кателік болып табылады. Жоғары оқу ор-

нындағы оқыту жағдайында бұл кезең өзіндік жұмыстың қажетті дайындығының алғашқы жартысын ғана құрайды; оның екінші бөлігі игерілетін материалды келесі баяндау, басқа адамға белгілі бір ережелерді дәлелдеу қажеттілігін көздейді. Нақ осы екінші бөлігі оқу материалын толыққанды сезінуді қамтамасыз етеді. Тек өзіндік оқу қызметінің екінші буынының болуы оның тиімділігі мен аяқталғанын қамтамасыз етеді.

Өзіндік жұмыстың жеткілікті түрде жоғары әдістемелік деңгейінде студент екі кезенді: 1) өзіндік жеке жұмысты; 2) осы нәтижелерді серіктес-курстасына баяндау, талқылау, көрсетуді орындай алатын болады.

**ӨЗІНДІК ТӘРБИЕ** – адамның өзінде жақсы қасиеттерді қалыптастыру мен жетілдіру және теріс қасиетін жою бағытындағы саналы және мақсаткерлік іс-әрекеті.

Басты шарты – өзі туралы шынайы білімнің болуы, өзіндік бағалау, өзіндік сана-сезім, нақты сезінген мақсат, идеалдар, т.б. Тәрбиемен үздіксіз байланыста болады.

**ӨЛШЕУ** – белгілі ережелерге сәйкес нысандарға және олардың қасиеттеріне сандар иелену операциясы.

**ӨЛШЕУ ҚҰРАЛЫНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ** – өлшеу құралын белгілі бір топта, бірдей жағдайларда қайталап қолданғанда өлшеу нәтижесінің қайталану дәрежесі.

**ДЕРЕКТЕРДІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ** – зерттеуді бірдей шарттармен қайталап жүргізгенде қайталанып келетін деректер.

**ӨЛШЕУ (РЕЛИАБИЛЬНОСТЬ) СЕ-НІМДІЛІГІ** – бір немесе өзге де нақты белгі қалай өлшенетінінің сенімділік немесе дәлдік деңгейі.

**БОЛЖАМДАР МЕН ЖОБАЛАРДЫҢ СЕ-НІМДІЛІГІ** – педагогикалық зерттеу барысында болжамдардың, жобалардың немесе өлшемдердің дәлдігіне қатысты сапа белгісінің бірі.

**САРАПТАМА СЕΝІМДІЛІГІ** – сараптаманы бірнеше дүркін өткізу кезіндегі оның нәтижелерінің тұрақтылығы.

**ӨЛШЕУЛЕР СЕΝІМДІЛІГІ (ВАЛИДНОСТЬ)** – талап етіліп отырған сапа өлшемінің ақиқаттығын анықтайтын көрсеткіштер.

**ӨМІРДЕ ӨЗ ТАҒДЫРЫН ӨЗІ ШЕШУ** – қоғамда қалыптасқан өмірдің мәні туралы көрсеткіштерге қатысты өз орнын анықтау.

**ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ** – теориялық бөлімге – нақты сала мен жекелеген өндірістердің ғылыми, техникалық, технологиялық, ұйымдастыру мен экономикасының және шеберханалар мен өндірістегі оқу-өндірістік жұмыстың практикалық бөлімінің негіздерін меңгеруді кірістіретін кәсіптік дайындау жүйесіндегі оқу пәні.

*Өндірістік оқыту шеберінің* басшылығымен орындалады. Мазмұнның негізін жалпы білім беру, жалпы техникалық және арнайы білім, кәсіптік іскерліктер мен өнімді еңбектің дағдылары құрайды.

**Негізгі бағыттары:** оқушылардың өндірістік процесс пен озық тәжірибені меңгеруіне жағдай жасау, білікті, бәсекеге қабілетті жұмысшылар мен мамандар тәрбиелеу.

**Оқушылардың кәсіптік дайындығының критерийлері** – жоғары біліктілік, кәсіптік ұтқырлық, бірнеше кәсіпті меңгеруі, еңбек қызметінің түрлерін ауыстыруға алғырлық.

**Негізгі формалары:** *сабақ*, оқу-өндірістік және кәсіптік (*өндірістік практика*) жұмыс. Мамандықтың ерекшелігіне сәйкес әр түрлі **оқытудың жүйесі** колданылады:

- **заттық** (колөнерлік өндірістің және шәкірттіктің дамуымен пайда болды; оқушылардың қарапайым бұйымдарды жасаудан анағұрлым күрделіні жасауға біртіндеп өтуін көздеген);

- **операциялық** (мануфактуралық өндіріспен бірге пайда болды; алдымен жекелеген операцияларды, кейін жеке жұмыстың тәсілдерін біртіндеп меңгеруге құрылады);

- **операциялық-ағымдық** (өндірістің ағымдық жүйесінің дамуымен құрылған және технологиялық процестің жекелеген операцияларға бөлінуіне негізделген);

- **операциялық-заттық** (операциялық жүйенің жетілдірілген нұсқасы);

- **Орталық еңбек институтының жүйесі** (КСРО-да ХХ ғасырдың 20-жылдарында құрылған және еңбек процесінің жаттығулар формасында орындалатын жекелеген тәсілдерге бөлінуіне қорытындыланған);

- **операциялық-кешендік** (фабрикалық-зауыттық оқыту мектептерінде 30-жылдардың ортасында пайда болды және оқушылардың жекелеген операцияларды біртіндеп күрделінетін кешенді жұмыстармен кезектестіріп меңгеруіне негізделген);

- **қабылдағыш-кешенді-түрлік** (70-жылдарда жасалған және алдымен кәсіптің аса маңызды элементтері мен еңбектің тәсілдерін және еңбектің түрлерін, кейін осы тәсілдер мен түрлердің кешендерін меңгеруді талап етеді);

- **проблемалық-аналитикалық** (өндірісті автоматтандыру және интеллектуалдық білімді керек ететін жана жұмысшы мамандықтарының тууы жағдайында колдану үшін С.Я. Батышев жасаған);

- **процессуалдық** (химиялық өндірістің жұмысшылары үшін 70- жылдардың басында процессуалдық белгі бойынша оқу материалын жіктеу негізінде кең профильді мамандықтарға оқыту мақсатында ойлап табылды);

- **интегралды-модульдік** (80-жылдарда ғылымның, білім мен өндірістің негізгі салаларын біріктіретін кәсіптік-педагогикалық интеграциялау теориясы негізінде құрылған).

**ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ ШЕБЕРІ** – оқушыларды өндірістік оқыту бойынша практикалық жұмыстарды жоспарлайтын және өткізетін, сол сияқты олардың кәсіптік бейімделуге даярлайтын педагогикалық қызметкер.

# П

**ПАРАГРАФ** — тараудың, бөлімнің ішіндегі § белгісімен белгіленетін мәтіннің бөлімі, сондай-ақ сол белгінің өзі.

**ПАРАДИГМА** (ұғымды Т. Кун енгізген) — 1) болмыстың мәнді белгілерін көрсететін ұғымдар жүйесінде жүзеге асқан ғылыми теория; 2) ғылым дамуының белгілі кезеңінде ғылыми қоғамдастық қабылдаған теория (немесе бастапқы тұжырымдамалық модель, проблемаларды құру схемасы) мен ғылыми таным процесінде пайда болатын ғылыми гипотезаларды пайымдау мен зерттеушілік міндеттерді шешу үшін және үлгі, модель, стандарт ретінде қолданылатын теориялық және әдіснамалық ережелердің жиынтығы; 3) педагогикада — педагогикалық проблемаларды шешуде үлгі (модель, стандарт) ретінде басшылыққа алынатын педагогиканың әрбір даму кезеңінде ғылыми педагогикалық қауымдастық қабылдаған теориялық, әдіснамалық және өзге нұсқаулардың жиынтығы; белгілі бір кенестер (реттегіштердің) жиынтығы.

Ғылыми таным барысында кездескен қиындықтарды сол немесе өзге ғылыми қауымдастықтың ғалымдары өздері қабылдаған парадигма шеңберінде шешуге талпынады. Ғылым дамуындағы төңкерістік ілгерілеулер парадигманың өзгерісімен байланысты.

Ғылыми пәннің дамуының бірнеше кезеңдері бөліп көрсетіледі:

- 1) парадигма алды (бұдан бұрын орын алған парадигма),
- 2) парадигма үстемдігі («қалыпты ғылым»),
- 3) ғылыми төңкерістегі дағдарыс кезеңі,
- 4) парадигманың алмасуы, бір парадигмадан басқаға өту.

**ПАРАМЕТРЛЕР** — педагогикалық зерттеу нысанын сипаттайтын белгілер жиынтығы.

Жұптық салыстыру — қандай да бір қасиеттері, белгілері, т.б. бойынша педагогикалық процестің нысандарын бір-бірімен салыстыру.

**ПАТЕНТ** — техникалық шешімді өнертабысты мемлекеттік мойындауды куәландыратын және оны алған адамға өнертапқыштыққа ерекше құқық беруді бекітетін құжат.

**ПӘНАРАЛЫҚТЫҚ** — бір ғылыми пәннен екінші пәнге зерттеу әдістері мен қолданылатын үлгілерді тасымалдау.

**ПӘНДІК** — нысанның (шындық құбылысы) субъектінің практикалық немесе теориялық іс-әрекетінің нысанасы ретінде алға шығу мүмкіндігі.

**ПӘНДІК САЛА** — ұғымның, білімнің және ғылыми саланың немесе адам іс-әрекеті саласының ұғымдық жиынтығы.

**ПӘНҮСТІЛІК** — нақты пәннің зерттеу аймағынан тыс, анағұрлым жоғары деңгейдегі, метаденгейдегі нақты пәнмен байланыспайтын зерттеулер.

**ПЕДАГОГ ҰСТАНЫМЫ** — дүниеге, педагогикалық шындыққа және педагогикалық іс-әрекетке интеллектуалдық және эмоционалды-бағалық қатынас жүйесі.

**ПЕДАГОГ ЭГОЦЕНТРИЗМІ** — оқытушының бәрін өзі жасайтын талпынысы (әңгімелеп беру, көрсету, сұрақтарға жауап беру және т.б.).

**ПЕДАГОГ-ЗЕРТТЕУШІ ТҮЛҒАСЫНЫҢ БАҒЫТЫ** — өз нәтижелерін ғылыми іздестіру, сараптама ұйымдастыру және қорғау барысындағы зерттеуші әрекетінің педагогикалық болмысын тану және қайта құру процесіндегі уәждік келісімі.

**ПЕДАГОГИКА (ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ)** — 1) тәрбиелеу процесінің нақты-тарихи дамуының объективті заңын зерттейтін, қоғамдық қатынастардың даму заңдылықтарымен және бала тұлғасын қалыптастырумен органикалық байланысты ғылым, сондай-ақ өскелең ұрпақты қалыптастырудың шынайы қоғамдық тәрбиелі-оқытушы практикасының тәжіри-

бесі, педагогикалық процесті ұйымдастыру ерекшеліктері мен жағдайлары; 2) педагогикалық іс-әрекет, оның заңдылықтары мен мәнді қасиеттері, сондай-ақ оны зерттеудің және қайта құрудың тәсілдері туралы ғылыми білімнің жүйесі; тәрбие, білім беру мен оқытуды зерделеуші теориялық қолданбалы ғылым жиынтығы; 3) тәрбие, білім беруді және адамды дамытуға арналып бағытталған өзін-өзі тәрбиелеумен, өзіндік білім алумен және өзіндік оқумен оқытудың өзара байланысы процесінде пайда болатын тәрбие қатынастары туралы ғылым; 4) педагогикалық оқу орындарында және басқа да мекемелерде бағдарлы бағдарламалар бойынша оқытылатын оқу курсы.

**Педагогиканың басқа ғылымдармен өзара байланысы:**

- **философия** — қ. *Философия*;
- **психология** — қ. *Психология*;
- **акмеология** — 1) адамның кемелдену шағы (30—50 жас аралығы) кезеңіндегі және оның кәсібиліктің шыңына жету кезіндегі, осындай дамудың шығармашылық ұзақ жасауының тетіктерін, ықпалды әсерлерін, заңдылықтарын зерттейтін гуманитарлық, қоғамдық, жаратылыстану ғылымдарының түйісуінде пайда болған ғылым (*акме* — шың, өрлеу, жоғарылау).

Маңызды міндеттері — адамда балалық және жастық шақтың әрбір кезеңінде ол өзінің жетілу сатысында интеллектуалды-шығармашылық әлеуетін табысты іске асыра алуы қалыптасқан болуы тиіс екенін айқындау;

2) оқу пәні:

- **антропология** — 1) адамның және оның нәсілінің пайда болуы мен дамуының физикалық ұйымдасуы туралы ғылым; 2) адамның өмір сүруі, оның пайда болуы және өмірінің мәні, оның өлеммен қатынасы туралы, тұрмыс заңдылықтары туралы философиялық ілім; адам туралы нақты-ғылыми білімді синтездеуге және адамтануда оның тұстас бейнесін құруға арналып ба-

ғытталған; 3) *этнографияның* шетелдік (батысеуропалық) атауы;

- **бионика** — инженерлік міндеттерді: машиналарды, аспаптарды, құрылыстық және технологиялық процестерді жетілдіру мен құрастыруды шешу үшін тірі жүйелердің құрылымын және қызмет ету принциптерін зерделеуші ғылым;

- **генетика** — организмдердің өзгергіштігі мен тұқым қуалаушылық заңдары және оларды пайдалану әдісі туралы ғылым;

- **геронтология** — организмдердің құрылымы және олардың белсенді өмірін ұзарту проблемалары туралы ғылым;

- **демография** — тұрғындарды және оның даму заңдылығын (өнімділігі, санының, құрамының және орналасуының өзгеруі және т.б.) зерделеуші қоғамдық ғылым;

- **информатика** — 1) ақпаратты ақпараттық-компьютерлік технологиялар көмегімен жинақтау, тарату және өңдеу заңы мен әдісін зерделеуші ғылым; есептеу техникасының қолдану мен дамытудың алуан түрлі жақтарымен айналысушы: қолданбалы математика, программалық қамтамасыз ету, жасанды интеллект және т.б. пәндер тобы; 2) есептеу техникасын, коммуникациялық желілерді, әр түрлі ақпараттық технологияларды білім беруде пайдалануды оқытатын педагогикалық ғылым саласы;

- **кибернетика** — кибернетикалық жүйені зерттеуші, оларды материалдық табиғатына қатысынсыз қарастыратын, ақпаратты алу, жинау, сақтау, өңдеу мен таратудың жалпы заңдары туралы ғылым;

- **культурология (мәдениеттану)** — мәдениетті оның барлық көп бейнелі формасында және оның институттарын тұтас феномен ретінде зерделеуші ғылым; оқу пәні;

- **логика** — адам ойлауының заңдары мен қызмет ету формасы туралы ғылым; оқу пәні;

- **семиотика (семиология)** — таным процесінде шынайы нысанды алмастыратын белгілердің қасиеттері мен белгінің жүйесін зерттеуші ғылым;



• **социология (әлеуметтану)** — тұтас жүйе ретінде қоғам жайлы және жекелеген әлеуметтік институттар, процестер, әлеуметтік топтар мен қауымдастық, тұлға мен қоғамның қатынастары, адамдардың жаппай мінез заңдылықтары туралы ғылым;

• **статистика** — 1) жинаудың, өлшеудің және жаппай сандық деректерді талдаудың жалпы сұрақтарын баяндайтын ғылым; 2) ақпаратты жинауға, өңдеуге, талдау мен жариялауға арналған, қоғам өмірінің олардың сапалық мазмұнымен байланысты сандық заңдылықтарын сипаттаушы практикалық іс-әрекеттің түрі;

• **физиология** — организмдердің тіршілік әрекеті туралы, олардың жүйесіндегі, ағзаларындағы, талшықтардағы, жасушалардағы және олардың құрылымдық элементтеріндегі процестер туралы, функцияларын реттеу туралы ғылым.

Организмнің қызмет ету заңдылығын қоршаған ортамен бірлікте және өзара іс-әрекетте, оның ортаның өзгеруші жағдайымен және тоқтаусыз дамуына үздіксіз ынғайлауын ашады;

• **фольклористика** — фольклорды зерделеуші ғылым;

• **экономика** — экономикалық қатынастардың функционалдық немесе салалық жағын зерделеуші ғылым саласы;

• **эпистология** — білім туралы философиялық ғылым;

• **эргономика** — қазіргі өндірісте адамды (адамдар тобын) оның (олардың) нақты жағдайдағы іс-әрекетін кешенді зерделеуші ғылыми пән;

• **эстетика** — адамның шындыққа және өнер мен эстетикалық идеалдарын қалыптастыруға деген эстетикалық қатынасын дамытудың жалпы заңдылықтарының мәні мен формасын зерделеуші ғылым;

• **тіл білімі (лингвистика)** — адамның табиғи тілі және әлемнің, оның жеке өкілі ретіндегі барлық тілдері туралы ғылым.

**Функциялары:**

• **конструктивті-техникалық (регулятивтік, нормативтік)** — педагогикалық іс-әрекетті нормалар ретінде қайта құру бойынша оқытушылар мен оқушылардың іс-әрекет жобасын үлгілеу мен құрастыру;

• **ғылыми-теориялық (гносеологиялық)** — педагогикалық шындықты оның объективті шынайы көріну аспектісінде зерделеу және өзіне дескрипцияны (талдауды), түсіндіру (диагноз) мен оқу-тәрбие процесінің, тұтастай білім беру жүйесінің мегатенденциясы мен даму заңдарын, ондағы адам орнын көре білуді (болжау) қосатын тиісті білім алу.

**Педагогикалық ғылымдағы жіктеу** — ерекшеленген белгілеріне сәйкес: құрылымдық белгісі, жағдайы немесе көріну формасы, сипаты немесе педагогикалық процеске қатысушылардың және т.б. іс-әрекет деңгейі бойынша педагогикалық құбылыстар мен процестерді кластар мен түрлерге бөлу.

**Салалары:**

• **валеология** — педагогтардың, балалардың және олардың ата-аналарының денсаулығын нығайтуға септік ететін факторлар мен жағдайлар жүйесін зерттеуді өзіне мақсат еткен педагогикалық ғылым саласы.

Педагогикалық процеске қатысушылардың денсаулық жағдайын және оны анықтаушы факторларды зерделеуді, балалардың және ересектердің денсаулығын қорғау, түзету, сауықтыру және оларды осы салада оқыту мен білім беруді, валеологиялық білім мазмұнының әдіснамалық, теориялық және әдістемелік проблемаларын әзірлеуді, валеологиялық аспектілерін есепке ала отырып, педагогикалық кадрларды дайындаудың негізін қалауды өзіне мақсат етіп қояды;

• **әскери** — балалардың әскери дайындық мәселелерін, жастарды жоғары және орта оқу орындарында, қарулы күштердің жеке құрамында әскери-есептік мамандықтарға оқытуды қарастыратын педагогика саласы;

• **герогогика** — егде және кәрі адамдарды тәрбиелеу туралы ғылым;

- **туғанға дейінгі** — ұрық психикасының жатыр ішінде дамуына әсер етуші әр түрлі деректерді зерделейтін педагогика. Сыртқы ортаның дамушы ұрыққа (психиканың пренаталды дамуы) әсері болатынын тану негізінде пайда болған;
- **дефектология** — дамуында ауытқулары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуді, дамыту ерекшелігін зерделейтін педагогика саласы;
- **ақпараттық-кибернетикалық** — педагогикалық кибернетикаға теориялар ретінде және ақпараттық педагогикалық технологияға негізделетін, оның әдіснамасын, теориясын, заңдарын, принциптерін және т.б. ұғынатын педагогика саласы; қазіргі заманғы білім беруде ақпараттар ағымын басқару сұрақтарын дайындайтын және баланы ақпараттар әлеміне жетелейтін педагогика;
- **еңбекпен түзету** — барлық жастағы құқық бұзушыларды қайта тәрбиелеу мәселесімен айналысатын педагогика;
- **педагогика тарихы** — теория мен практиканың жағдайы мен дамуын, өскелең ұрпақты адамзат қоғамының түрлі даму сатысында тәрбиелеу мен оқытуды зерделейтін педагогикалық ғылым саласы;
- **емдік** (терминді В.П. Кашенко енгізген) — дамуында ауытқулары бар және қиын балалардың мінезі мен тұлғасын түзету мақсатында дәрігерлік және оқу-тәрбиелік тәсілдері мен құралдарын әзірлеуші педагогика саласы;
- **логопедия** — сөйлеудегі кемістігі, олардың алдын алу мен жеңу принциптерін және әдістерін зерделейтін психология мен педагогиканың саласы;
- **мұражайлық** — адамды мұражай құралдарымен, оның ортасы және жағдайымен оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен практикасы ашылатын педагогика саласы;
- **халықтық** — халықтың тәрбие мен оқыту саласындағы білім, білік, дағды жиынтығы, оның негізінде сол білімді, білікті және дағдыны ұрпақтан ұрпаққа көбінесе ауызша формада, халық шығармашылығы (ха-

лықтың ауызша және сәндік-қолданбалы) арқылы беруге септік ететін белгілі бір әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрі қалыптасадy; халықтың ауызша шығармашылығында, батырлық эпостарында, мінез және тәрбие ережелері жиынтығында, салтында, әдет-ғұрыпында, дәстүрінде, балалар ойыны мен ойыншықтарында сақталған педагогикалық мәліметтер мен тәрбиелік тәжірибесінің тарихи қалыптасқан жиынтығы.

Тәрбие идеалы және оған жету жолы мен құралы ретінде де ұстайды. Халықтық педагогиканың құндылықтары қазіргі заманғы оқу-тәрбие процесінде жеткіншек ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, өз ұлтының, ұлысының әлемдік мәдениеттегі рөлін түсінуге көмектеседі; этнопедагогика негіздері;

- **жалпы** — 1) барлық типтегі тәрбиелеу мекемесінде оқу-тәрбие процесінің жалпы негізін дайындайтын, адамды тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарын зерделейтін базалық ғылыми пән; 2) барлық жас тобындағылар мен оқу-тәрбие мекемесі үшін жалпы болып табылатын оқыту мен тәрбиелеудің принциптерін, формасын және әдісін зерделейтін және қалыптастыратын педагогика; 3) оқыту мен тәрбиелеудің іргелі заңдарын зерттеуші педагогикалық білім саласы.

Құрамдас бөліктері: *тәрбиелеу теориясы, оқыту теориясы (дидактика) және білім жүйесіндегі ұйымдастыру мен басқару (педагогикалық менеджмент) теориясы* болып табылады;

- **педагогикалық онтология** — педагогикалық ғылымның теориялық негізін және категориясын, негізгі педагогикалық нысанның мәнін анықтау әдісі мен айқындау принциптерін қосатын педагогикалық ғылымның бөлшегі немесе бөлімі;

- **кәсіби** — білім беру мен тәрбиелеу, оқышыларды оқыту мен дамыту заңдылықтарын зерделейтін, оқыту мен тәрбиелеу принциптерін, ақпараттық және педагогикалық технологияларды дайындайтын,

кәсіптік оқу орны типтері мен оларды басқаруды негіздейтін жалпы педагогиканың саласы; ол педагогикалық теорияларды, инновациялық технологияны жобалау тәсілдері, жүйені одан әрі дамыту жолдары туралы білімді жинақтайды; бұл адамды кәсіби іс-әрекетке дайындау, жұмысшы тобының жаңа ұрпағын кәсіби тәрбиелеу, білікті жұмысшы күшін өндіру туралы ғылым;

• **педагогикалық антропология** (К.Д. Ушинский енгізген) — адам табиғаты, оның даму көздері мен факторлары, оқыту мен тәрбиелеу туралы, тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара іс-әрекетін, олардың бір-біріне ықпалын, тұлғаның дамуы, қалыптасу себептері мен процесін, әр түрлі топтың сипатын және тұлғаның олармен өзара іс-әрекетін зерделейтін педагогикалық ғылым саласы.

Негізгі міндеті — адам туралы ғылымның мағлұматтарын тұжырымды түсіндіру және сонымен оларды педагогикалық теория құрылымында органикалық пайдалануға жарамды ету;

• **педагогикалық гносеология** — педагогтің өз оқушыларын және өзін тануы туралы, оқушылардың танымдық іс-әрекет мәні мен сипаты туралы, оқушыларда танымдық қызығушылығын дамыту табиғаты мен тәсілдері туралы, оқушылардың және студенттердің, мұғалімдер мен педагогтардың табиғаты мен ғылыми шығармашылық танымы туралы педагогикалық ғылым саласы;

• **педагогикалық деонтология** — 1) педагогтің кәсіби мінезі туралы ғылым; 2) адамдар арасындағы іс-әрекет пен қатынаста сенім білдіруші және кепілдік етуші кәсіби этика, әдеп.

Басқа адамдарға және олардың балаларына деген қатынас бойынша педагогикалық біліктілікті, төзімділікті, оқу және тәрбие қызметінде қабылданған шешім үшін моральдық жауапкершілікті білдіреді;

• **педагогикалық инноватика** — қ. *Инновациялық педагогика*;

• **әлеуметтік** (терминді А. Дистервег енгізген) — тұлғаны тәрбиелеу мен қалыптастыруға әлеуметтік ортаның әсерін зерттейтін; әлеуметтік ортаның нақты жағдайын есепке ала отырып, тәрбиені оңтайландыру бойынша іс-шаралар жүйесін әзірлеуші педагогиканың саласы. Тәрбиені әлеуметтеу проблемасын, әлеуметтік-педагогикалық виктимологияны, философияны, теорияны, психологияны және әлеуметтік тәрбие әдісін зерделейді.

• **тәрбиенің социологиясы** — қоғамның тәрбиелік күшін, адамның әлеуметтену процесін, тәрбиені әлеуметтік институт ретінде зерттейтін ғылым;

• **әлеуметтік-педагогикалық виктимология** (терминді А.В. Мудрик енгізген) — білім саласы, әлеуметтенудің қолайсыз жағдайының шынайы және мүмкін құрбандарын, олардың дамуы мен тәрбиесін зерделейтін әлеуметтік педагогиканың құрамдас бөлігі.

Осы кездегі жағдайлардың жалпы және арнайы принциптерін, мақсаттарын, мазмұнын, формасы мен алдын алу әдісін, шығынды өтеуді, түзетуді әзірлейді;

• **педагогикалық кибернетика** — 1) оқу-тәрбие процесін тиімді басқару жайлы педагогикалық білім саласы; 2) кибернетикалық жол табу және есептеу техникасын пайдалану негізінде оқытуды ұйымдастыру теориясы;

• **педагогикалық прогностика** (футурология) — қ. *Педагогикалық болжау*;

• **арнайы (дефектология)** — ауытқулары, физикалық және психикалық кемістігі бар балаларды дамыту ерекшеліктері мен оқыту және тәрбиелеу заңдылықтары жайлы ғылым. Кемістік түріне қатысты мыналарды бөліп көрсетеді:

— *сурдопедагогиканы* (саңырауларды оқыту мен тәрбиелеу заңдылығын зерделейді);

— *тифлопедагогиканы* (зағиптар және нашар көретіндермен айналысады);

— *олигофренопедагогиканы* (ақыл-ойы кем балалар проблемалары);

— *логопедагогиканы* (балалар мен жасөспірімдердің сөйлеу қабілетіне түзету енгізу);

• *салыстырмалы* — педагогикалық теорияның жағдайын, заңдылықтарын, беталысын және өлемнің түрлі елдерінде әр түрлі тарихи кезеңде білім беру мен тәрбие практикасын зерделеуші жалпы педагогиканың саласы; педагогика мен мектеп практикасының халықаралық тәжірибесін тасымалдау формасын, жолдарын және шекарасын айқындайды; өз елінде тәрбие мен оқытудың болашақ үлгісін болжамдайды;

• *этнопедагогика (этникалық педагогика)* — халық педагогикасын ақиқат ретінде зерделейтін және экономикалық, рухани, әлеуметтік, сонымен қатар басқа да қоғамдық құбылыстың дамуымен байланысты тәрбиенің дәстүрлі мәдениетінің қалыптасуын анықтайтын, сондай-ақ оларды органикалық жүйе құраушы бөлік ретінде қазіргі заманғы оқу-тәрбие жүйесінде қызмет ету тәсілдері мен жолдарын көрсететін ғылым.

**Педагогиканың әдіснамалық негізі** — педагогика дамуының басты көздері мен идеялары.

**Педагогиканың әдіснамасы** — 1) педагогикалық теорияның негіздері мен құрылымы туралы, педагогикалық шындықты, сондай-ақ осындай білім алу бойынша іс-әрекет жүйесі мен бағдарламаны дәйектеуді, логика мен әдістерді, арнайы-ғылыми педагогикалық зерттеудің сапасын бағалауды көрсететін білім алу жолдары мен тәсілдері туралы білім жүйесі; 2) педагогиканың ғылым мен практика ретінде дамуының әдістері мен принциптері туралы ғылым; ғылыми-педагогикалық зерттеудің шығу ережелері, құрылымы, функциялары мен әдістері жайлы ілім; құрамы:

• педагогикалық білім құрылымы мен функциясы, соның ішінде педагогикалық проблематика туралы ілім;

• әдіснамалық мәні бар негізгі, іргелі, философиялық теориялар, тұжырымдар, болжамдар;

• педагогикалық таным әдістері туралы ілім.

**Педагогика әдіснамасының нысанасы** — адамды қалыптастыру процесінің заңдылығы.

**Педагогика әдіснамасының нысаны** — педагогикалық шындық пен оның педагогикалық ғылымдағы көрінісі арасындағы арақатынас.

**Педагогикадағы әдіснамалық көзқарастар:**

• *аксиологиялық* — адамды қоғамның жоғары құндылығы және қоғамдық дамудың өзіндік мақсаты ретінде қарастыратын гуманистік принцип; адам өмірінің құндылығы, тәрбие мен оқыту, педагогикалық іс-әрекет және білім беруді түсіну мен бекітуді негізге алған, педагогикалық көзқарас жүйесін айқындайтын, білім беру мен педагогиканың қазіргі заманғы философиясы негізі;

• *іс-әрекеттік* — құбылыстар мен процестерді зерделеуді іс-әрекеттің барлық негізгі компоненттерінде: реттеудің, түзетудің, қол жеткен нәтижелерді бақылау мен талдаудың мақсат ⇒ мотив ⇒ іс-әрекет, амалдар ⇒ тәсілдерін тұтастық логикасында қарауды талап ететін психологияның қазіргі заманғы әдіснамасындағы бағыт; оқыту, тәрбиелеу мен дамытуды зерттеу негізінде педагогикалық процесс субъектілерінің іс-әрекеті қарастырылғандағы педагогикалық құбылыс пен процестер, олардың дамуын зерделеу принциптері;

• *оқыту мен тәрбиелеуге кешендік тұрғыдан келу* — тұтастық пен жүйелілік тұрғысынан қарастыратын оқыту мен тәрбие практикасын ұйымдастыруға жол табу;

• *мәдениеттанушылық* — адамның мәдениет пен құндылық жүйесі ретінде ақиқатты байланысымен шартталған педагогикалық шындықты тану мен қайта құрудың нақты-ғылыми әдіснамасы;

• *тұлғалық* — адамның әлеуметтік, әрекеттік және шығармашылық мәні туралы түсінікті бекітетін және қоғамдық-тарихи даму өнімі мен мәдениетті алып жүруші тұлға ретінде танушы әдіснамадағы бағыт;

педагогтін өзін жеке тұлға деп таныған оқушыға немесе тәрбиеленушіге тұлға және педагогикалық өзара іс-әрекет субъектісі ретінде, оның дамуындағы, мінезіндегі және қатынасындағы жеке ерекшелігін есепке алғандағы қатынасы;

• **психология-педагогикалық** — психологияны педагогиканың әдіснамалық негізі ретінде қарастыратын, сонысымен, соңғысын өзіндік ғылым мәртебесінен айыратын, дәстүрлі педагогикадағы әдіснамалық ұстаным;

• **жүйелілік** — қ. *Жүйелік талдау, Жүйелік ыңғай (тәсіл)*.

#### **Бағыттары:**

• **авангардты** — арнайы экспериментті талап ететін жаңа принципті білім мен тәрбие (авторлық сипаттағы жасалым);

• **антикалық** — Ежелгі Грекия және Ежелгі Римнің педагогикалық ойлары мен тәрбиелік практикасы;

• **гуманистік** — АҚШ-та гуманистік психологияның идеяларын педагогикалық іске асыру ретінде ХХ ғасырдың 50-жылдарының соңы мен 60-жылдарының басында пайда болған қазіргі заманғы тәрбие теориясы мен практикасының бағыты. Негізгі беталысы — білім беруге тұлғалық-бағытталған сипат беру, тәрбие мен оқытудағы авторитаризмді жену, оқушылардың білім, білік және дағдыны менгеру процесін эмоционалды әсерлі ету. Өз мақсаттарына эмоционалды ынталандырушы мектептік оқу ортасын құру, оқушылардың бастамасын марапаттау, сыныпта тұлғааралық сындарлы қатынас орнату; оқушылардың әлеуеті мен шығармашылық қабілетін ең жоғары дамытушы білім беру бағдарламаларын әзірлеу; мұғалім мен оқушының танымдық процесс және оны бағалау тәсілдерін, бағаны оқушыларға қысым жасау формасы ретінде пайдаланудан бас тарту проблемаларын бірлесіп талқылау жолымен жетеді. Педагогикалық өзара іс-әрекетті бұлай құру оқу жұмысының алуан түрін — оқушылардың өзін-өзі анықтау мен оларда таным-

дық қызығушылық қалыптасу кезеңінде солқылдақтық пен спонтандықтан тұрақты мотивацияға және баланың қажеттілігіне арқа сүйейтін жеткілікті түрдегі каталдығына дейін пайдалануға мүмкіндік береді;

• **квалиметрия** — кешенді өлшеу мен педагогикалық нысандар, құбылыстар мен процестер сапасын бағалау әдіснамасын, теориясын және практикасын ашатын педагогикадағы бағыт;

• **кондуктивті** (авторы венгрлік ғалым Пето) — мүгедек балалар және мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмысқа арналып бағытталған педагогикалық іс-әрекет бағыты. Негізгі көңіл баланың өзіндік белсенділігі мен тәуелсіздігіне бағытталған дәрігерлік-педагогикалық түзетуге аударылады. Сабакты 6-7 адамнан тұратын топта барлық кезде бір адам — медицина, педагогика, емдеу жаттығуы, психология, психотерапия және т.б. бойынша базалық білімді менгерген *кондуктор* жүргізеді;

• **конструктология** — жаңа педагогикалық құрылымдаушыны әзірлеу теориясы мен практикасы;

• **концептология** — педагогикалық тұғырнама мен тұжырымдама әзірлеудің теориясы мен практикасын ашатын педагогикадағы бағыт;

• **мәдениет** — жалпы тәрбие жүйесінде нақты білім беру мекемесінде мәдени ортаны ұйымдастыру маңызы мен ерекшелігін зерделейтін педагогикадағы жаңа бағыт;

• **ойшылдық іс-әрекет** (ОІ) (ұғымды Г.П. және П.Г. Щедровицкийлер енгізген) — жүйелі ойлау іс-әрекеттік жол табу шеңберінде әзірленеді және жергілікті педагогикалық алаңдарда іске асырылады. Оның негізінде ұжымдық ойшылдық іс-әрекет (К.Я. Вазина) туралы түсінік жатыр.

• **жәбірлемеу** (сипаттаманы В.А. Ситаров әзірлеген) — жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу саласында жәбірлемеу (яғни адам мен оның өмір құндылығын тану, мәжбүр етуді саяси, адамгершілік, экономикалық, тұлғааралық проблемалар-

ды және дауларды шешу тәсілі ретінде жокқа шығару) принциптерін бекітетін бағыт. Ілгерішіл педагогика барлық кезде гуманизм идеяларына қанық болған, сондықтан тұлғаны физикалық және рухани мәжбүрлеуге қарсы болып келеді. *Жәбір-лемеу ұстанымын меңгерген педагог* ашуланбауға, өкпелемеуге қабілетті, эмоционалды тұрақты, өзіне сенімді, сондай-ақ жеке өсіре өзімшілдігін жеңе алады, бөтен пікірге және басқа адамдарға төзімді, жәбірлеушілік әрекетпен байланысты өз агрессияшылдығын ұстай алу және ниетін қалыптастыра білу білігін меңгерген, балаларды әділ бағалайды, олардағы алаңдаушылықпен қорқыныш деңгейін төмендетеді;

• **қажеттілік** (өктемшіл, бұйрықты, дәстүрлі) — өсіп келе жатқан адамды тиісті танымдық немесе адамгершілік нормаларына тарту жолдары мен құралдарын қарастыратын педагогикадағы бағыт. Оқыту мен тәрбиелеудің бағалау шәкілімен, нақты тұжырымдалған мақсаттарымен, принциптерімен, мазмұнымен, әдістері және формаларымен әзірленген жүйесі бар. Бұл педагогикада бала «тәрбие заты», ықпал ету нысаны. Баланың оқу-тәрбие процесіндегі белсенділігі — икемділік белсенділігі, тиістіні меңгеру белсенділігі;

• **педагогикалық рискология** — педагогтің кәсіби еңбегінің поведенттік (алдын ала оқу) аспектісін, педагогикалық тәуекелдік мәнін әлеуметтік-экономикалық және психологиялық құбылыс ретінде, сондай-ақ сөзсіз болатын іріктеу жағдаятында педагогикалық іс-әрекеттің жалпы заңдылығы мен ерекшелігін зерделейтін педагогикадағы жаңа бағыт;

• **педоцентристік** — процесс ортасына баланы, оның ерекшеліктері мен жеке бостандығын қоятын педагогика; педагогикалық процесс балалардың табиғи дарынын дамытуға, олардың ішкі мүмкіндігін ашуға арналып бағытталған. Тәрбиеге мұндай көзқарас өктемшілікті жокқа шығарады, педагогті баланың көмекшісіне, жеке тұлға

қалыптасатын ортаны ұйымдастыратын адамға айналдырады;

• **постиндустриалды (ақпаратты) қоғам** (терминді түсіндіруді Г.Б. Корнетов ұсынған) — барлық әлеуметтік заттардың өлшемі, қоғамдық тұтастық өндірісі мен өнімінің негізін құраушы шарты адамзат интеллектісін, шығармашылық қуатын, рухани-адамгершілік күшін дамытуды көздейтін ақпараттық қоғамның мүлде жаңа жағдайларда өмір сүруі мен дамуын қалыптастыратын бағыт. Тәртіп, басқару, ұйымдастыру, мамандыққа табыну идеялары екінші қатарға өтеді, қатар өмір сүру, басқа көзқарасты түсіну, диалог, ынтымақтастық, бірлескен іс-әрекет, тұлғаны, оның құқығын құрметтеу идеясы алдыңғы қатарға шығады. Педагогикалық менталитетті гуманистік қондырғы контексте қазіргі заманғы Батыста жаңа атауларды қолдаушы оқытудан инновациялыққа көшу идеяларын алуда;

• **құқық** — адам құқығы абсолютті, мемлекет мүддесі салыстырмалы принципіне құрылған тәрбие мен оқыту мәселесін зерделеумен айналысатын қазіргі заманғы педагогикадағы жаңа бағыт;

• **превентивті** — жасөспірімдер мен жастар арасында әлеуметтік ауытқулардың алдын алу жолдары мен әдістерін зерделейтін педагогика;

• **сауықтырушылық** — медициналық, психологиялық және дефектологиялық білімге негізделген, науқас балаға немесе оқуы мен тәрбиеленуі қиын балаға және жасөспірімге оның мінезін, эмоционалдық жай-күйін, интеллектуалдық іс-әрекетін оңтайландыру, педагогикалық қараусыз калуды болдырмау мақсатында педагогикалық ықпал ету сұрақтарын әзірлеуші кешенді пән;

• **реформаторлық** — XIX ғасыр соңында педагогтің баладан қол үзуіне, оқытудағы мөлшерден тыс интеллектуалдылыққа, тәрбиеленушіні өзіндік құқынан айыруға, оның іс-әрекетін қысқа регламенттелген шеңберде шектеуге қарсы шыққан бағыт;

• **«бостандық педагогикасы»** — адамға өзіндік дамуға, өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі іске асыруға көмектесетін амал-тәсілдер өзірлеуге арналып бағытталған педагогика. Баланы бірегей рухани интеллект ретінде қарастырады;

• **ынтымақтастық** — КСРО-да ХХ ғасырдың 80-жылдарының ортасында «Учительская газетаның» қолдауымен пайда болған, гуманизациялау мен демократияландыру негізінде, педагогикада педагогтердің шығармашылық ізденуі жана бағыттарының шығуына септік тигізетін мектеп өмірін қайта құру үшін шыққан жаңашыл мұғалімдер мен педагог-экспериментшілердің әлеуметтік-педагогикалық қозғалысы.

Негізгі ережелері: *тәрбиеленушілермен ынтымақтастық қатынас және өзара іс-әрекет, мәжбүрлеусіз ілім, қиын мақсаттар, тірек, еркін таңдау, алдын алу, ірі блоктар, өзіндік талдау мен өзіндік бағалау, сыныпта жоғары интеллектуалды фон жасау, тұлғалық жол табу идеялары;*

• **эволюциялық** (В.П. Вахтеров өзирлеген) — оқыту баланың табиғи дамуына сәйкес келетін танымдық іс-әрекет процесі ретінде қарастырылатын бағыт. Эволюциялық педагогикаға сай, балаға туғанынан тән болатын, танымға деген ұмтылушылық, бірақ ол егер мәжбүрлеу жоқ болған жағдайда, салауатты адамзаттық ұмтылыс әсерінен, білмекке табиғи құмарлықтан, оқу пәніне қызығушылықтан көрінеді;

• **эксперименттік** (В. Лай, Э. Мейман, С. Холл, Э. Торндайк, А.Я. Нечаев) — ХІХ және ХХ ғғ. аралығында Батыс педагогикасында пайда болған бағыттардың бірі. Зерттеудің негізгі әдістері педагогикалық процесі ұзақ уақыт қадағалау, эксперимент, балалар жұмысын зерделеуді көздейді. Назарда баланың өзін танып білумен байланысты сұрақтар тұрды. Негізінде КСРО-да 20–30-жылдары кең таралған *педология* жатыр.

**ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ЖҮЙЕЛЕНДІРУ** — барлық педагогикалық құбылыстар мен

процестерді, ұғымдар мен категорияларды, теориялар мен тұжырымдамаларды қандай да бір белгілері бойынша өзара байланысқан иерархиялық жүйеге келтіру.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ «АҚАУ»** — мұғалімнің (оқытушының), мектептің (ЖОО) МЖБС талаптарына толық сәйкес келмейтін еңбегі, олардың ұзақ уақыттық тиімсіз жұмысының нәтижесінде үнемі аяғына дейін білім алмаған, тәрбиеленбеген мектеп оқушыларын (студенттерді) бітіріп шығаруы; дәстүрлі педагогикалық технологиялардың әрекет ету салдары болып табылады.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛДЫН АЛА БІЛУ** — білім беру ісінде және баланың тұлғасын дамытуда болжам жасау мен алдын ала білу, педагогикалық өзара іс-әрекетте оқиғаның барысының мүмкін бағытының алдын алу. *Болжам жасау* (ғылыми негізделген ережелер мен әдістерге сүйенетін нысан туралы озық ақпараттар алу процесі), *алдын ала білу* (пайымдау мен бағалау формасында көрінетін болжам) арқылы жүзеге асырылады. Педагогикалық түйсік (логикалық талдаусыз тікелей дұрыс шешімді көру қабілеті) және *инсайт* (нұрлану, ашылу, жана идеялардың кенеттен тууы) та аз рөл атқармайды.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІЛЕТТІЛІК** — педагогтің тәрбиеленушіге жеке сапасын, мінезін, қылықтары мен әрекеттерін бағалау мен қатынасының шынайы өлшемі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒАЛАУ ҚАТЕЛЕРІ** — мұғалімнің педагогикалық санасының қалыптасқан деңгейімен шарттасқан дұрыс емес тәрбиелік өзара әрекеттің нәтижесі.

Көтеріңкі баға қоюдан (*«кеңпейілділік»*), шеткі баға қоймауға ұмтылудан (*«орталық тенденция»*); жеке қарым-қатынасын бағалау кезінде қолдануынан (*«ореола»*), оқушының білімін, жеке сапасын және мінезін сол сипаттардың мұғалімде көрінуіне қатысты (*«контраста»*) бағалаудан, оқытушының жоғары бағадан кейін бірден төмен баға қоя алмауы немесе керісінше (*«жақын-*

дығы»); логикалық байланыста көрінетін әр түрлі көріністерге ұқсас баға шығарудан (логикалық) байқалады.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТЫЛЫҚ** – тұлғаның мұғалім болуына, болғысы келуіне, өз жұмысында кедергілер мен қиындықты жеңе алуға көмектесетін ұмтылысы. Мұғалімнің барлық кәсіби өмірлік іс-әрекетінде және жекелеген педагогикалық жағдаяттарда көрініс табады, оның қабылдауы мен мінез логикасын, адамдық барлық бейнесін айқындайды.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСҚАРУ ФУНКЦИЯЛАРЫ** – педагогтің оқыту, тәрбие мен дамыту мақсаттарын іске асырудағы әрекеттері: мақсатты, әлеуметтік-педагогикалық, ұйымдастыру-педагогикалық, нұсқаулы-әдістемелік, әкімшілік-шаруашылық.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БОЛЖАУШЫЛЫҚ** – білім беру заңдары мен даму беталысын зерделеумен және солардың негізінде оның одан арғы қозғалысының стратегиялық бағытын дайындаумен айналысатын педагогикалық білім саласы.

**Педагогикалық болжам** – 1) педагогикалық ғылым мен тәжірибенің жақын уақытта күтілетін даму бағытын алдын ала сезе білудің жоғары формасының көрініс табуы; білім берудің түрлі сатысында оқу-тәрбие әрекетінің мазмұны, әдістері, құралдары мен ұйымдастыру түрлерінің тиімділігін арттыру мақсатында жүргізілетін, педагогикалық нысандардың даму болашағы туралы алдын ала мәлімет алуға бағытталған, арнайы ұйымдастырылған кешенді ғылыми зерттеулер;

2) тәрбиеленуші тұлғасының болашақ дамуы процестерінің сипаты мен ерекшелігін ашуға және олардан күтілетін салдарына, алдын ала жүзеге асыру жолдары мен жағдайын болжай білуге бағытталған мұғалімнің танымдық іс-әрекеті.

Өте жалпы түрде бұл зерттеудің мәні болашақта білім жүйесінің дамуының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-тех-

никалық жағдайын болжай білуден тұрады; қоғамдық прогрестегі адам тұлғасының өзгермелі рөлі мен орны, адамды, адам өмірін қоғамдық абсолютті құндылық ретінде көтеру жолдары; білімнің, экономиканың және мәдениеттің өзара қатынасы.

**Болжамдық фон** – педагогикалық нысанға қатынасы бойынша, оның дамуы үшін маңызды сыртқы факторлар мен жағдайлардың жиынтығы.

Білім беру жүйесін болжамдау процесі өзара байланысты, бірақ әр түрлі екі кезеңдерден тұруы тиіс:

- болжамдалатын жүйенің мүмкін жағдайының бастапқы *нормативті үлгісін* қалыптастыру және белгілі мақсатқа жету *құралдарын* одан арғы болжамдау алғышарттарын құрайтын тұжырымдамалық идеяларды жинақтау және тиісті *парадигма* қалыптастыру кезеңі;

- жүйенің тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін, барлық өмірлік маңызды факторларды іздеуге және негіздеуге арналып бағытталған, *жүйелік болжамдау зерттеуі* жүзеге асырылатын жеке процессуалды кезең (қаржылық, материалды-техникалық, кадрлық, ғылыми-әдістемелік, ақпараттық және басқа да қамтамасыз ету түрлері).

Болжамдаудың *мақсаттан – әдіс-амалға* логикасы көрініс табатын мұндай түрін болжамдау теориясында *нормативті* деп атайды.

Бар әдіс-амалға сүйене отырып, ұсынылған баламалы білім беру іс-әрекетінің сол немесе өзге де қызмет ету нәтижесін болжайтын, олардың ішінен ең жақсысын (аса маңызды параметрлерін бағалау критерийлерінің белгілі бір жүйесі бойынша) одан әрі таңдаумен байланысты басқа да логика болуы мүмкін.

Болжамдауға мұндай жол табуды (*қолда бар әдіс-амалдан – мүмкін мақсаттар мен нақты нәтижеге*) *іздеу, іздестіру* деп атайды. Зерттеушілік аймаққа және одан кейінгі үйлестіруге, оның нәтижесін синтездеуге бір-бірімен сабақтас байланыстағы формал-



ды және формалды емес білімнің кіші жүйелері түскен кезде үлкен білім беру жүйесін болжамдау процесінде осы екі жол да пайдаланылады.

Дидактикада болжамдау зерттеу алгоритмі өте жалпы түрде келесідей сипатталуы мүмкін:

1. Тиісті оқу орнын бітірушінің *болжамды үлгісін* құру.

Үлгі білім беру *мақсаттарын* жинақты көрсетуге арналған зерттеуші құжатты білдіреді. Үлгі құрылымына мыналар кіреді:

- *фондық блок* (көзделгендей оқу орнын бітіргеннен кейін бітіруші түсетін *ортаның* аса маңызды компоненттерінің болжамдық сипаты (оқу, әлеуметті-экономикалық, ғылыми-техникалық, өндірістік);

- *дүниетанымдық блок* (бітірушінің мүмкін дүниетанымдық және мінез-құлықтық сапасын, оның тұлғасының ментальді параметрлерін өте жігі (қарымды болжамдалатын) талдау мүмкіндігін сипаттайды);

- *білім блогы* (қолданыстағы білім стандартын есепке ала отырып, бітіруші меңгеруі тиіс теориялық және қолданбалы білімнің қажетті жүйесін болжауға мүмкіндік береді);

- *білік пен дағды блогы* (бітірушіге одан арғы оқу және еңбек іс-әрекетінде қажет болатын аса маңызды интеллектуалдық және практикалық білік пен дағдыны сипаттайды);

- тұлғаның *шығармашылық сапасы блогы* (педагогикалық процесте оқушылардың жеке қызығушылығы мен мүмкіншілігін есепке ала отырып мақсаткерлікпен қалыптастыруға жататын шығармашылық іс-әрекеттің дара бағытталуынан тұрады).

Болжамдық үлгі – білім мақсатына әсер ететін сыртқы және ішкі параметрлері мен факторларының өзгеру мөлшері бойынша оның барлық құрылымдық блоктарына шұғыл түзетулер енгізу мүмкіндігі бар принципті *ашық* құжат.

2. *Білім мазмұны мен оқу материалын* болжамдық *іріктеу*.

3. Іріктелген оқу материалын *жіктеу мен жүйелеу*. Оқу-бағдарламалық құжаттар құру.

4. Оқытудың *процессуалдық жағын* негіздеу.

5. Қабылданған шешімдердің тиімділігін *тәжірибелі-эксперименттік тексеру және түзету*.

Дидактикалық сипаттағы шешім қабылдаудың рұқсат етілген және орынды әдістерінің санына, сондай-ақ шұғыл, сонымен бірге күрделі, көпдеректі дидактикалық проблемаларды жүйелі түрде шешуге мүмкіндік беретін анықталған мақсаттарын экстраполяциялау әдісі мен ұжымдық эксперимттік бағалау әдісі де жатады.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДЕРЕК** – педагогтің және педагогикалық жағдаяттардың басқа да субъектілерінің нақты әрекеті, олардың тізбектілігі, өзара әрекеттестік сипаты, мінезі мен қатынасы көрініс табатын педагогикалық құбылыс немесе оқиға.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР ҚОРИ (БАНКИ)** – алмастыруға және **акпараттық қызмет нарығына** қосуға кең мүмкіндігі бар акпараттарды ұстайтын фактографиялық типтегі **акпараттық жүйе**.

Педагогикалық жасалымдар мен басқару шешімдерін акпараттық қолдауды сертификаттау құралы, акпараттық ресурстар мен сұраныстарды талдаудың, педагогикалық теория мен практиканың жасалу деңгейінің бағасы, жетекші педагогикалық тәжірибені практикаға енгізу құралы ретінде жүзеге асуы мүмкін.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІҢ КООРДИНАТАЛЫҚ КЛАССИФИКАТОРЫ (ЖІКТЕЛУІ)** – зерттеушінің координаталық торды құрылымдауы, әр торкөз сынақшының тәжірибесіндегі мақсаты ортақ біртекті элементтердің орналасуына арналады.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОЗ** – оқушылардың оқуда сыналатын қабілеттерінің сипаты мен шамасын, мінезіндегі ауытқуларын анықтау.

Оқушылардың мектеп бағдарламаларын меңгеруі, олардың оқуын, іс-әрекетін,

оның нәтижесін зерделеу және т.б. қадағалау жайлы мәліметтерге негізделеді.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКА** – жеке оқушыға немесе оқушылар тобына, тұтастай оқу-тәрбие процесіне көкейкесті педагогикалық шараларды қолдануды көздейтін зерттеу; педагогикалық процесті, педагогикалық жүйені, сондай-ақ объектілер мен субъектілерді зерделеу мен даму жай-күйін айқындау бойынша іс-әрекет жүйесі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИЗАЙН** – тиімді оқу жұмысы жайлы педагогикалық, психологиялық, әдістемелік, эргономикалық білімдерге негізделген, нормативтік рәсімдерге ұйымдастырылған, жүйеге келтірілген оқу құралдарын жобалау, әзірлеу, пайдалану мен бағалау.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ** – тұлғаны оқыту, тәрбиелеу мен дамыту факторларын және тетіктерін іске асыруға септік ететін оқу-тәрбие процесіндегі жағдайлар жиынтығы.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҒДАЯТ** – 1) сирек көрінетін немесе көрінбейтін құбылыстарды бақылау үшін, педагогикалық процесте ойламаған жерден пайда болатын немесе мұғалімнің арнайы ұйымдастыратын арандатушы шарттары мен жағдайларының жиынтығы. Құру мақсаты: оқушыны қоғамдық және еңбек іс-әрекетінің болашақ белсенді субъектісі ретінде қалыптастыру мен дамыту, оны тұлға ретінде қалыптастыру; 2) көптеген өтетін эмоционалды көріністермен қалыптасқан өзара қатынасты қайта құруға бағытталған карама-қайшы нормалар, құндылықтар мен қызығушылықтары негізінде мұғалім мен оқушының (топпен, сыныппен) қысқа мерзімдік өзара іс-әрекеті.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАЛПЫЛАУ** – педагогикалық құбылыстың аналитикалық зерделенген элементтерін тұтастық бірлікте, олардың қасиеттерінің шарттылығында, өзара байланысында және осы байланыстардың заңдылықтарын анықтауды қарастыру.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАНР** (В.Е. Зябкиннің термині) – мұғаліммен берілетін және оқушылармен олардың жеке білімі мен білігі, тұлғалық сапасына айнала қайта өңделетін оқу-тәрбие материалының композициялық құрылымының қайталанатын тұтастығы.

Осы құрылым шеңберінде мұғалімнің даралығы, оның материалды идеялы-эмоционалды түсіндіруі, оның стильдік үндестігі көрініс табады.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБА** – нақты педагогикалық міндеттерді ондағы әрбір әрекеттің рөлі мен орнын, сол әрекеттерді жүзеге асыру уақытын, барлық әрекет жүйесінің тиімділігі үшін қажетті олардың қатысушылары мен шартын анықтау және іске асыру үшін әзірленген педагогтің жүйесі мен әрекет құрылымы.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУ** – педагогикалық жобаны әзірлеу; педагогикалық болмыстың кейбір өзгерістерін ақпараттық дайындаудан тұратын рәсім, мұндай өзгерістерді педагогикалық процеске қатысушылардың нақты әрекеттері формасында алдын ала ойластыру мен сипаттау.

Қарастырылатын проблемалардың әлеуметтік-мәдени контекстін және бір-бірімен өзара әрекеттесетін, сондай-ақ өзара толықтыратын әлеуметтік-мәдени, психология-педагогикалық, техника-технологиялық, және ұйымдық-басқарушылық аспектілерін есепке алумен жүзеге асырылады.

Мұғалім мен әкімшілік:

– педагогикалық жүйені (білім беру ұйымын тұтастай дамыту, мекеменің күрделі іс-әрекет түрі, мекемедегі жекелеген қызметтің және бірлестіктердің іс-әрекеті, білім беру ұйымының сыртқы ортамен байланысы мен қатынасы және т.б.);

– жүйе ішінде өтетін педагогикалық процестерді (білім беру ұйымының жұмыс тәртібі, оқыту мазмұны, білім беру технологиялары, тәрбие-оқыту процесіне қатысушылардың қатынас жүйесі, мекемені бас-

қаруды ақпараттық қамтамасыз ету және т.б.) жобалай алады.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ** – тұлға бойында белгіленген қажетті сапаны қалыптастыруға арналып ұйымдастырылған мақсатты педагогикалық әсер ету үшін, өзара байланысқан құралдар, әдістер мен процестер жиынтығы; мақсаттар мен оларға қол жеткізетін құралдардың, педагог пен оқушының өзара әрекеттері сипаттарының, педагогикалық процесс нәтижелерінің сатылап өзгеруін көрсететін педагогикалық процесс элементтерінің тұрақты қалпы мен қозғалыс күйіндегі байланыстары мен жиынтығы.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ (ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ) ЗЕРТТЕУ** – оқыту мен тәрбиелеудің нақты заңдары мен заңдылықтарын, құрылымы мен тетіктерін, мазмұнын, принциптерін, ұйымдық формалары мен әдістерін ашуға арналып бағытталған, қоғамдық маңызы бар жана педагогикалық білім қалыптастыру процесі және нәтижесі, танымдық іс-әрекет түрлерінің бірі. Стихиялы-эмпиристік және ғылыми танымның салыстырмалы сипаттамасы (В.В. Краевский):

Стихиялы-эмпиристік таным	Ғылыми таным
Танымдық іс-әрекетті практикалық іс-әрекетпен айналысатындардың бәрі де жүзеге асырады. Білім алу оларды пайдаланудан жеке қарастырылмайды.	Танымдық іс-әрекетті адамдардың арнайы топтары жүзеге асырады. Оны жүзеге асырудың формасы – ғылыми зерттеулер. Адамдардың практикалық іс-әрекетіне тікелей қосылмаған нысандарды зерделеу көлемі өсе түсуде.
Танымның арнайы құралдары болмайды. Білім алуан түрлі пайымдаулар мен	Математикалық, логикалық; үлгілеу, теория құру, жорамал, эксперименттің арнайы құралдары

*Жалғасы*

бекітулер, мақалдар мен мәтелдер түрінде табиғи тілде тіркеледі. Білімді құрылымдау мен тексеру үшін арнайы критерийлер болмайды.	пайдаланылады Білім (заңдар, теориялар) белгілі бір критерийлер негізінде тіркеледі. Тек табиғи тіл ғана емес, сонымен бірге арнайы құрылатын символдық және логикалық құралдар да пайдаланылады.
Танымдық іс-әрекеттің жүйелілік пен мақсаттылық сипаттары болмайды.	Ғылыми-зерттеу жүйелілік пен мақсаттылық сипаттар алып жүреді; ол саналы түрде мақсат ретінде қалыптасатын проблемаларды шешуге бағытталған

Педагогика саласындағы **процес пен жұмыс нәтижесінің ғылымилық белгілері:**

• **мақсат көздеушілік сипат.** Мақсат практикалық немесе танымдық болуы мүмкін. Мұғалім практикалық мақсатпен балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін сабақ жүргізеді. Егер бұл кезде ол осы жағдайда қандай тәсілдер жақсы нәтиже беретіні туралы білім алатын болса, онда ол әлі ғылым емес. Мұндай білім – стихиялы-эмпирикалық. Оқытудың қандай да бір ғылыми негізделген әдісінің тиімділігін, немесе өзіндік жұмыстың тәрбиелік функцияларын айқындаудың ғылыми-танымдық мақсаты қойылатын болса, бұл – танымдық мақсат және алынған білім педагогикалық ғылым қорына жиналады;

• **зерттеудің арнайы нысанын бөліп көрсету.** Педагогикалық ғылым нысанын педагогикалық ықпал нысанына – балаға теңестіру дұрыс емес. Педагогикалық ғылым нысаны – білім беру, яғни педагогикалық іс-әрекет. Жеке алынған педагогикалық зерттеу нысаны сол салада жатыр. Барлық уақытта осы іс-әрекеттің қандай да бір бөлігі зерттеледі. Нысан болып, мысалы, оқушыларды шет ті-

ліне жағдаяттық сөйлеуге оқыту болуы мүмкін, бірақ жағдаяттық сөйлеудің өзі емес. Немесе мұғалімнің бастауыш сынып оқушыларында оқу-тәрбие процесінде гуманистік қатынасты қалыптастыру, бірақ оқушылардың өзі емес.

• **танымның арнайы құралдарын қолдану.**

Мұғалім практикалық жұмыста оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін, тәсілдерін, ұйымдық формаларын, материалдық құралдарын: компьютерлер, кестелер, кинофильмдер және т.б. қолданады. Зерттеуші ғылымның әдістерін: эксперименттеу, үлгілеу, болжам жасау және т.б. қолданады;

• **терминдердің бір мағыналылығы.**

Бұл ғылыми танымға сөзсіз қойылатын талаптар. Әлбетте, бүкіл ғылымды бір мағыналылыққа мәжбүрлеу жолымен, бұйрықпен алып келу мүмкін емес. Даму барысында ұғым мазмұны үздіксіз байиды, тармақталады. Бұл заңды процесс. Бірақ бір ғылыми еңбек (диплом жұмысы, диссертация, монографиялар, мақалалар) шеңберінде автор басты ұғымды нақты анықтауы және осы анықтаманы аяғына дейін ұстап тұруы тиіс. Арнайы түсіндірусіз ол терминді әр түрлі мағынада қолдануға құқылы емес.

Бір мағыналылық талаптарына жататын ғылыми баяндаудың жалпы логикалық ережелері: негізгі ұғымдар, пайымдаудың оқушының, әңгімелесушінің немесе қарсыласының біліміне қатысынсыз айқын анықталған болуы тиіс; пайымдаудың шындығын бағалау кезінде тек сол анықтаманы ұсынушының анықтамасын ғана пайдалану, оларды өз түсініктерімен ауыстырмау керек; айқын анықтама, егер ол контекстке сай келмесе қолданылмайды; дәл келетін анықтаманы таңдау осы анықтама көмегімен шешілетін міндеттер ерекшелігіне сүйенеді. Зерттеудің негізгі компоненттері:

мақсат қою, қолда бар ақпаратты, осы типтегі міндеттерді шешудің шарттары мен әдістерін алдын ала талдау, бастапқы болжамды тұжырымдау, болжамға теориялық талдау, экспериментті жоспарлау мен

ұйымдастыру, алынған мәліметтерді талдау және жинақтау, мәліметтер мен заңдарды түпкілікті тұжырымдау, түсініктер мен ғылыми болжауды алу. Педагогикалық зерттеу үш деңгейге ажыратылады:

• **әдіснамалық** — педагогикалық құбылыстардың жалпы принциптері мен зерттеу әдістерін тұжырымдау, эмпиристік және теориялық зерттеулер негізінде теориялар құру;

• **теориялық** — бұрын ашылған деректерді түсіндіруге, сондай-ақ болашақ оқиға мен оның дамуын болжамдауға мүмкіндік беретін негізгі, жалпы педагогикалық заңдылықтарды ұсыну және тұжырымдау;

• **эмпиристік** — педагогикалық ғылымның жана деректерін анықтау және оларды жинақтау негізінде эмпиристік заңдылықтарды тұжырымдау.

**Педагогикалық зерттеу әдіснамасы** — педагогикалық зерттеу идеяларын, принциптерін, әдістерін, ұйымдастыру мен өткізу логикасын мен технологиясын, оның сапасын бағалау критерийлерін ашатын педагогикалық әдіснаманың бағыты:

• **педагогикалық зерттеудегі талдау** — педагогикалық зерттеу нысанын басты белгілеріне, қасиеттері мен қатынасына байланысты бөлшектерге бөлу рәсімі;

• **зерттеу нәтижелерін тіркеу** — зерттеу нысанының бөлектенген белгілері мен байқалу түрлеріне сәйкес, зерттеу барысындағы алынған нәтижелерді жазу және есепке алу рәсімі; осы типтегі құбылыстың белгілі бір сапасының барын анықтау және сол сапаның болуы немесе болмауы жөнінде (мысалы, сабақта белсенді және енжарлы жұмыс жасаушы оқушылар саны) санын есептеп жазу;

• **педагогикалық зерттеу сапасы** — педагогикалық зерттеу сипатының жиынтығы, бұл бойынша ғылым мен практиканың дамуы үшін оның тиімділігі бағаланады және байқалады: зерттеу нысаны мен нысанасының (нәрсесі) арақатынасы, мақсаттары мен міндеттері, болжам мен алынған нәтижені,

жаналықтың дәрежесін, зерттеуден алынған нәтиженің теориялық және практикалық маңыздылығын көрсету;

• **зерттеу нәтижелерін сапалық талдау** — зерттелетін педагогикалық нысанның даму сипатын зерттеу тәсілі, педагогикалық құбылыстың өзгермелі белгілері мен педагогикалық процестің қасиеттері бойынша зерттеу нәтижелерін жіктеу, осы қасиеттердің тәжірибелі-экспериментті жұмыстың нақты жағдайындағы көрінуі мен қатынасын талдау;

• **зерттеу нәтижелерін сандық талдау** — талданатын педагогикалық нысанның құрамына кіретін компоненттердің сандық арақатынасын анықтау; компоненттер мен олардың белгілері арасындағы толықтық дәрежесін, байланыс тығыздығы мен формасын бағалау, педагогикалық нысан элементі ретінде және барлық тұтастығы (санда, пайызда және т.б.) ретінде байқалу жиілігі;

• **педагогикалық зерттеудің тиімділігі** — алынған нәтиженің зерттеуде қойылған мақсаттарға және оған жету жолындағы құралдар мен қорларын пайдалану өлшеміне сәйкес келу дәрежесін сипаттайтын бағалау категориясы;

• **педагогикалық зерттеудің нәтижелілігі** — зерттеу барысындағы алынған нәтиженің өнімділігі, болжамның расталуы, мақсатқа жету мен зерттеу міндеттерін іске асыру шарасы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

**Зерттеу әдісі** — педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру және реттеу амалдары мен тәсілдерінің жиынтығы, белгілі бір ғылыми мақсаттарға жету кезіндегі алынған нәтижелерді қолдану мен өзінше пайымдау тәртібі.

**Ғылыми жетекші** — ізденушінің (педагог-зерттеуші) ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетін басқару міндеті жүктелген, жүргізілген зерттеудің көкейкестілігі, қажеттілігі мен дер мезгілдігі, эксперименттер мен нәтиженің жанашылдығы, зерттеу бағдарлама-

сының мерзімінде орындалуы үшін жауапкершілік артылған тұлға.

**Бағдарлама әзірлеу** — белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған зерттеудің барлық процесін құрылымды-функционалды жүйе ретінде тұтастықта көру.

**Бағдарлама құрастыру** — ғылыми ізденістің мүмкін бағытының есебі, олардың нақты ақпараттанғандығын бағалау, зерттеудің аса тиімді әдістер кешенін таңдау және қойылған мақсаттарға сәйкесті техникалық құжаттарды әзірлеу.

**Бағдарламаның құрылымдық компоненттері** — жоспардың негізгі кезені мен түрлі зерттеу іс-шаралары және рәсімдер.

**Ғылыми-зерттеу жоспары (тәжірибелі-эксперименттік)** — құрамына зерттеушілік жұмыс тәртібін, жүйелілігін және орындау мерзімін қосатын шаралар жүйесі.

Түрлері:

— **аналитикалық** — сипаттамалық жұмысшы болжамды тексеру, зерделенуші нысанның нақты сапалық-сандық сипатын белгілеу үшін пайдаланатын жоспар;

— **принциптік** — зерттеу сипаты, ғылыми ізденістің стратегиясы анықталатын бағдарламаның әдіснамалық бөлімінің логикалық жалғасы;

— **формулятивтік (барлаушылық)** — проблеманы анықтау, нысанды нақтылау мен әдебиеттер және алуан түрлі құжаттарды зерделеу негізінде болжамды тұжырымдау, зерделенген проблеманың теориясын меңгеру үшін қолданылатын жоспар;

— **эксперименттік** — түсіндірмелік болжамды тұжырымдау мен зерделенетін нысанның себеп-салдар байланысын айқындау үшін қолданылатын жоспар.

**Зерттеу техникасы (зерттеушілік әдістер)** — нақты зерттеуде қандай да бір әдістерді тиімді пайдалану үшін арнайы тәсілдердің жиынтығы.

**Зерттеу логикасы** — зерттеу ережесі, рәсімі, құрылымы мен кезені:

— **зерттеу ойы** — негізгі тұжырымдамалық идея, соған арналып әзірленген ғылыми із-

деніс стратегиясы және зерттеушінің әрекет ету жоспары;

— **зерттеу тақырыбын негіздеу** — нақты тақырыпты зерттеу қажеттілігін растау;

— **тақырыпты алғашқы негіздеу** — проблема бойынша ғылымның жай-күйін қысқаша сипаттау және нашар немесе жеткіліксіз әзірленген сұрақтарды анықтау;

— **тақырыпты екінші қайтара негіздеу** — ғылымдағы қандай да бір сұрақтардың жеткіліксіз әзірленгендігіне байланысты қанағаттандырылмаған педагогикалық практиканың қажеттілігі;

— **тәжірибеге енгізу туралы акт** — зерттеу нәтижесін педагогикалық практикада пайдалану жайлы деректерді растайтын ресми құжат (анықтама).

**Қорытындылар** — зерттеудің болжамына, мақсаты мен міндетіне деген қатынасын сипаттайтын, жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы бөлініп көрсетілген ой қорытындысы түріндегі педагогикалық зерттеудің маңызды нәтижесі.

**Зерттеу құрылымы (диссертация)** — зерттеудің құрылу логикасы мен зерттеу барысын көрсете отырып, оның ішкі ұйымдас-тырылуын ашатын, бірыңғай тұтастықты құраушы бөлімдерінің өзара орналасуы; ғылыми-зерттеу жұмысының жоспар-құрылымы.

**Мазмұн** — диссертациялық зерттеу бөлімдерінің және басқа да құраушы бөліктерінің тізбесі.

**Кіріспе** — тақырыптың көкейкестілігі, зерделенетін проблема, нысан, зерттеу нысаны, мақсаты, болжам, міндеттері, ғылыми ізденістің әдіснамасы, әдісі, ғылыми-теориялық жаңалығы, практикалық маңыздылығы, қорғауға шығарылған ережелер, диссертацияның негізгі ережелерін байқаудан өткізу және т.б. туралы түсінік беретін диссертацияның алғашқы бөлігі (зерттеудің ғылыми (ұғымдық) аппараты).

**Диссертацияның негізгі (теориялы-әдіснамалық) бөлімі** — проблема бойынша философиялық және арнайы әдебиеттерге

талдауды ашатын бөлім, аса маңызды педагогикалық жұмысқа сипаттама мен талдау, проблема тарихы бойынша материалдар, зерттеу құбылысының мәні (процесс) туралы теориялы-әдіснамалық ережені (ұғымдық аппарат, критерий, көрсеткіштер) тұжырымдап айту.

**Эмпиристік (тәжірибелі-эксперименттік) бөлімі** — тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың әдісін сипаттайтын бөлімі, жиналған материалдарды талдау мен оларды жалпылау.

**Қорытынды** — ғылыми жұмыстың барысы, кезеңі, логикасы мен мақсаттардың, болжамдардың және алынған нәтижелердің сәйкестік дәрежесі туралы қорытындысы тұжырымдалған соңғы және аяқтау бөлімі.

**Қосымша** — диссертацияның (зерттеу) мазмұнына кірмей қалған қосымша материал.

#### **Әдіснамалық сипаттары**

**Зерттеудің ғылыми (ұғымдық) аппараты** — диссертациялық жұмыстың кіріспе бөлімінде айналысатын зерттеу тақырыбын негіздеу элементтерінің жиынтығы; логикасы зерттеу ойына сәйкес келетін, ғылыми негізделіп іріктелген және қатарға орналастырылған, зерттеу нысанын аса жалпы түрде ашатын педагогикалық ұғымдардың жиыны:

1) **зерттеудің (тақырыптың) өзектілігі** — қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде білімге қоятын талаптарының қысқаша көрініс табуы, педагогикалық ғылымды дамыту үшін әлеуметтік-педагогикалық маңыздылығы, мәнділігі, проблемаға ғылыми әдебиеттерде талдау жасалынғаны және педагогикалық практиканы жетілдіру үшін осы зерттеудің дер кезінде жүргізілетіні (қазіргі уақытта неге нақ осы проблеманы зерделеу қажет?);

2) **зерттеу проблемасы** — практиканың қажеттілігі мен ғылымда сол ережені жасқтау деңгейі арасындағы қайшылықтың тұжырымдалуы, сондай-ақ осы қайшылықты шешу жолдары мен жағдайын іздеу

(ғылымда бұрын зерделенбегендер ішінен нені зерттеу керек?);

3) **зерттеу тақырыбы** — педагогикалық зерттеу нысанының негізгі мазмұны; проблеманы нақты жағдаятта іске асыру (мұны қалай атау керек?);

4) **зерттеу нысаны** — ғылыми танымның, зерделеу, түсіндіру процесінің бағытталған немесе ғылыми әдістерді қолдану арқылы қайта құру жұмысының бағытталған педагогикалық шындықтың бөлігі (не қарастырылады?).

Зерттеу нысаны шеңберінде зерттеудің әртүрлі нысанасы туралы айтуға болады. Педагогикалық зерттеу нысаны ретінде, мысалы, тұтас оқу-тәрбие процесі немесе қандай да бір нақты пәнді оқыту тандалуы мүмкін;

5) **зерттеу нысанасы (заты)** — зерттеу нысанының нақты бөлігі, немесе сонда болып жатқан процесс, немесе зерттелетін проблеманың аспектісі (нысан қалай қарастырылады, зерттеуші зерделеу үшін оған тән қандай қатынасты, аспектіні және функцияны бөліп көрсетеді?);

6) **мақсаты** — педагогикалық құбылыстың себеп-салдарлық байланысы мен заңдылықтарын айқындау және солардың негізінде теория мен әдістемелерді әзірлеу (қандай нәтиже алу көзделеді, сол нәтиже оны алғанға дейін қандай жалпы сипатта көрінеді?);

7) **болжам** — кейбір құбылыстардың өмір сүруі туралы жорамал; нысанның өмір сүруі, оның пайда болу себептері, қасиеттері мен байланыстары, өткені мен болашағы және т.б. туралы болуы мүмкін (нысанда не анық, зерттеуші одан өзгелер байқамаған нені көреді?).

Құбылыстың зерделенетін шеңбері жөніндегі белгілі бір білім негізінде ұсынылған болжам басқарушы принцип рөлін, одан ары қадағалау мен экспериментті бағыттаушы және түзетуші рөл атқарады; ғылыми білімді дамытудағы қажетті буын. Педагогикалық зерттеулерде болжамды

тұжырымдау, әдетте, сол немесе өзге де педагогикалық процестер мен құбылыстардың өту жағдайын анықтауға арналып бағытталады.

*Болжамның құрылымы (үлгі)* — «егер мынандай және мынандай жананы қолданса, немесе қолданыстағы мазмұнды, форма мен әдісті былай да былай өзгертсе, онда білімді және білікті аса саналы және берік менгеру қамтамасыз етіледі, оқушының іс-әрекеті мынадай бағыт алады, оқушының дамуында мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады»;

8) **міндеттері** — педагогикалық зерттеудің нақтыланған немесе анағұрлым жеке-жеке мақсаттары (мақсатқа қол жеткізу үшін не істеу керек?);

9) **жетекші идея** — теориялық жүйе негізіндегі анықтаушы ұғым;

10) **әдіснамалық негіздері** — педагогикалық зерттеудің ойын, логикасын және барысын анықтайтын басты ережелер;

11) **теориялық негіздері** — автордың дербес әзірлеген зерттеу тұжырымдамасы;

12) **педагогикалық зерттеу әдістері** — эмпиристік және теориялық таным амалдарының, педагогикалық шындықты зерделеу және қайта құру рәсімдерінің және тәсілдерінің жиынтығы, ғылыми-зерттеушілік міндеттерін шешу тәсілдері. Зерттеу әдісінің жүйесі зерттеушінің бастапқы тұжырымдамасынан, зерделену нысанының мәні мен құрылымы туралы түсінігінен, жалпы әдіснамалық бағытынан, нақты зерттеудің мақсаттары мен міндеттерінен айқындалады.

Екі топты бөлектеп көрсетуге болады:

I — **теориялық зерттеудің** (теориялық әдістер) — теориялық жинақтау мен зерделенетін құбылыс заңдылықтарын тұжырымдауға арналған әдістер. Проблемаларды анықтау, болжамды тұжырымдау және жиналған деректерді бағалау үшін қажет. Теориялық талдау барысында әдетте педагогикалық құбылыстың жекелеген жақтары, белгілері, ерекшеліктері мен қасиеттері

бөлектеніп көрсетіледі. Жекелеген деректерді талдап, оларды топтап және жүйелеп зерттеуші олардағы жалпылықты және әсіресе, жалпы принципті немесе ережені белгілейді. Сонымен, теориялық зерттеу әдістері деректерді терең талдауды, барлық жанамалықтан абстракциялану, процесі «таза қалыпта» айқындау, онда мәнді заңдылықтарды ашуды көздейді:

- **құжаттарды талдау** — алуан түрлі сипаттағы және мақсаттағы жоспарларды, бағдарламаларды, оқу-тәрбие материалдарын, аттестаттау, лицензиялау мен аккредитациялау және т.б. материалдарын талдау негізіне арналып жүргізілетін білім беру саласындағы іс-әрекет нәтижесін зерттеу;
- **дедуктивті** — ғылыми теорияны құру тәсілі, өзгешелік ерекшелігі қорытындының дедуктивті (дедукция) техникасын қолдану болып табылады;
- **индуктивті** — құбылысты тәжірибелі зерделеу жолы, оның барысында жекелеген деректерден жалпы ережелерге көшу жүзеге асады;
- **конструктивті (генетикалық)** — бастапқы, қарастырылатын теориялар шеңберінде дәлелденбейтін теориялар, пікір мен анықталмаған терминдерді ең аз мөлшерге жеткізетін ғылыми теорияларды дедуктивті құру тәсілдерінің бірі және оларды мазмұнды негіздеу;
- **құжаттарды зерделеу** — ақпараттың алғашқы түрін зерттеу міндеттеріне жауап беретін түрге келтіру;
- **әдебиет көздерін зерделеу** — көздердің библиографиялық атауларын жекелеген карточкаларға тіркеу және олардың аңдатпасын (аннотация) құрастыру; мәселенің қай жағы мен проблемалары жеткілікті зерделенгенін, қайсысымен ғылыми пікір-сайыстар жүруде, не ескірді, ал қандай мәселелердің өлі шешілмегендігін білуге мүмкіндік береді. Адамтану мәселесі бойынша тұтастай және педагогиканы да қоса алғанда классиктердің еңбектері; педагогика бойынша жалпы және арнайы жұмыс-

тар; тарихи-педагогикалық жұмыстар мен құжаттар; мерзімдік педагогикалық басылымдар; анықтамалық педагогикалық әдебиеттер; педагогика мен аралас ғылымдар бойынша оқулықтар мен әдістемелік құралдар зерделенеді. Әдебиетпен жұмыс мынадай әдістерді пайдалануды көздейді:

- **библиография құрастыру** — зерттелетін проблемамен байланысты жұмыс үшін іріктелген әдебиет көздерінің тізбесі;
  - **рефераттау** — жұмыстың негізгі мазмұнын қысқаша баяндау;
  - **конспектілеу** — жұмыстың басты идеялары мен ережелерін бөліп көрсету негізінде жасалатын ерекше жазбалар жүргізу. Шығармашылық конспектіге жеке ойлар, сұрақтар, күмәндар, пайымдаулар да енгізіледі;
  - **аннотациялау** — кітаптың және мақаланың жалпы мазмұнының қысқаша жазбасы;
  - **үзінді алу** — әдеби көздерде кездесетін сөйлемдерді, нақтылы немесе сандық деректерді сөзбе-сөз жазу;
  - **«педагогикалық консилиум»** — нәтижесінде оқушылармен оларды оқытуда, дамытуда және тәрбиелеуде табылған кемшіліктерді жою жолдары бойынша жалпы көзқарас (баға) әзірленетін, ұжымдық талқылаудан және педагогтің, әкімшіліктің және т.б. оқушылардың оқу нәтижесін бағалаудан тұратын тәуелсіз сипаттарды жинақтау әдісінің алуан түрлілігі;
  - **терминологиялық** — проблеманың базалық және шалғайлық ұғымдарын пайдалану, педагогикалық құбылысты талдауды педагогика теориясы тілінде бекітілген ұғым арқылы орындау (қ. зерттеудің басқа да әдістеріне арналған мақалаларды).
- II — эмпиристік зерттеу (эмпиристік әдістер)** — зерттелетін проблема бойынша нақты материалды жинақтау және құбылысты тіркеу, оларды тізімдеу, сыртқы байланысын айқындау, қабылданған ұғыммен белгіленген деректерді қорыту үшін қызмет ететін эмпиристік таным мен құбылыс



шындығын зерделеу амалдары, рәсімдері мен операциялары, ғылыми-зерттеу міндеттерін шешу тәсілдері.

Эмпиристік әдістер тек қана тікелей ақпаратты (жинау) қабылдауды ғана емес, сондай-ақ қордалануды, жіктеуді және зерттеу проблемасы бойынша педагогикалық теория құру үшін бастапқы материалды жинақтауды да қамтамасыз етеді. Олардың жалпы сипаты — нақтылықпен тікелей байланыстылығы. Оларға жататындар: қадағалау, әнгіме, социометрия, тестілеу, сараптамалық әдістер, сондай-ақ:

- **іс-әрекет өнімін зерделеу (шығармашылық)** — адамның психикалық ерекшелігін ол адамды стандартталған шығармашылық іс-әрекетке қосу жолымен диагностикалау. Мысалдар: адам пішінінің суретін салу тестісі (Гуденау мен Маховер нұсқасы), ағаш суретін салу тестісі (Кох), үйдің, ойдан болжамдалған жануардың және т.б. суретін салу тестісі. Педагогикалық зерттеулерде және оқушының жеке тұлғасын зерделеу процесінде мұғалім және тәрбиелеуші кен пайдаланады;

- **педагогикалық эксперимент** (қ. *Эксперимент*);

13) **зерттеу кезеңдері мен рәсімдері:**

- **кезеңдер** — әрқайсысы өзінше ерекше мазмұнға, әдістерге, іс-әрекет сипатына және олардың жиынтығына ие болатын, зерттеушінің мақсатқа жету жолындағы қозғалыс бағдарын ашатын, зерттеу міндеттерін шешу барысындағы жекеленген тұтастылыққа ие болатын бөліктер;

- **ұйымдық-дайындық** — зерттеу жұмыстарының түрлерін, мерзімі мен орындаушысын бағдарламада (жоспарда) егжей-тегжейлі баяндау сатысы;

- **диагностикалық** — философиялық және арнайы әдебиеттерді зерделеу, алдыңғы қатарлы озық педагогикалық тәжірибемен танысу, проблеманың негізгі ұғымдарын логикалық талдау сатысы.

Қорытындылар мен жалпылаулардың дәлелдігі — зерттеушінің алынған жаңа нәти-

желердің, жасалған қорытынды мен тұжырымның шындығы мен дәлдігін негіздеу мақсатында дәлелдеме мен деректер келтірілген логикалық іс-әрекет жүйесі;

- **болжамдық** — барлық болжамдарды, тұжырымдарды, алдағы болатын жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін, оның болжамданған нәтижелерін анықтау сатысы;

- **практикалық** — анықтаушы, тұжырымдаушы және бақылаушы эксперименттің, тәжірибе жұмысының ерекшелігінің логикалық сызбасын, негізгі кезеңдері мен мерзімін көрсету сатысы;

- **жинақтаушы** — алынған деректерді өңдеу және талдау, тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың нәтижесін шығару, практикалық ұсынымдар мен енгізуді өзірлеуге байланысты іс-шаралар жиынтығы;

- **рәсім** — зерттеудің өзірленген әдістерінің көмегімен ғылыми деректер мен жалпылаулар, қорытындылар алу үшін жасалынатын әрекеттер мен амалдардың жалпы жүйесі;

14) **эксперименттік база** — эксперименттік зерттеу жүргізілген білім беру ұйымы;

**Зерттеу жаңалығы** — жүргізілген зерттеу барысында педагогикалық ғылымда алғаш алынған нақты және принципті жаңа педагогикалық білім (басқалармен істелгендерден не істелінді, қандай нәтижелер алғашқы рет алынды?);

15) **зерттеудің ғылыми жаңалығы (ғылыми қорытындылар мен ұсынымдар)** — зерттеу нәтижесінен маңыздысын, бастысын бөліп көрсету, жалпылауды және теориялық идеяларды тұжырымдап айту;

- **зерттеу нәтижесінің маңызы** — зерттеу нәтижесінің педагогикалық ғылым мен практиканы дамытудағы маңызы (теориялық және практикалық маңызы), жүргізілген зерттеудің ғылым мен практиканы дамытудағы рөлі мен орны;

16) **зерттеудің теориялық маңыздылығы** — зерттеуші өзінің жаңа нәтижелерімен, мазмұнды нақтылауларымен, атап айтқанда, педагогикалық ғылымды байытқан бағы-

тын, саласын немесе бөлімін анықтау (ғылымды дамытуға және оның мазмұнын толықтыруға арналып бағытталған ғылымның қандай проблемаларына, тұжырымдамасына, саласына өзгерістер енгізілді?);

17) **зерттеудің практикалық маңыздылығы (зерттеу нәтижесін практикаға енгізу)** — нақты әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, әдістемелік құралдар құрастыру, зерттеушінің педагогикалық идеяларын жаппай қолдануды қамтамасыз ететін насихатты жүзеге асыру; зерттеудің алынған нәтижесінің педагогикалық практиканы жетілдіру мен қайта құру үшін маңыздылығы (зерттеу барысында алынған нәтиже көмегімен практиканың қандай кемшіліктерін жөндеуге болады?);

18) **апробациялау және нәтижелерді енгізу:**

- **апробация** — эксперимент жолымен жүргізілген, ғылыми ізденіс процесінде алынған нәтижені мақұлдау, бекіту;

- **енгізу** — ғылыми зерттеудің қорытындылары мен ұсынымдарын педагогикалық практикада іске асыру, бекіту;

19) **зерттеу нәтижесінің дұрыстығы** — зерттеу барысында алынған ғылыми-теориялық нәтижелердің негізделгендігі, дәлелділігі, даусыздығы және шыншылдығы; алынған нәтижелердің шыншылдық дәрежесін, олардың сенімділігі мен зерттеу барысында қайталанушылығын ашатын ақпарат, соның ішіне статистикалық та енеді. Барлық сипаттар өзара байланысты, олар бірін-бірі толықтырады және түзетеді. Проблема ғылымның жетістігінен, алғашқыдан жанасына қарай, ескінің жанамен түйісуі кезінен тұратын қозғалысы көрсетілген зерттеу тақырыбынан көрініс табады. Өз кезегінде, проблеманы ұсыну мен тақырыпты тұжырымдау зерттеудің өзектілігін анықтау мен негіздеуді көздейді. Зерттеу нысаны зерделеу үшін тандалған эмпиристік саланы, ал пән — зерделеу аспектісін білдіреді. Басқаша, зерттеудің жаналығы туралы оның арнайы сипаты ретінде бөлектейтін сұраққа жауапты сол нәтиже-

лерді алғаннан кейін, жұмыс қорытындысын тұтастай шығарғанда, сонында беруге болады. Болжам туралы да осыны айтуға болады. Ол зерттеудің басында мазмұнды тұжырымдалуы мүмкін емес, оны жасау үшін зерделенетін нысан туралы өте көп білу қажет. Болжам — қорытынды емес, жұмыстың өзгермелі кезеңі, оның шыңы. Кейде болжам — бұл дәлелденбеген теория делінеді. Дәлелдеу — өте күрделі және ұзақ іс.

Сонымен, аталған сипаттар жүйе құрайды, идеалдағы барлық элементтер бір-біріне сәйкес келуі, бірін-бірі өзара толықтыруы тиіс. Олардың келісу дәрежесі бойынша сол ғылыми жұмыстың сапасы туралы айтуға болады. Бұл жағдайда әдіснамалық сипаттар жүйесі оның сапасының жинақталған көрсеткіші болып көрінеді.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯ** — педагогтің педагогикалық іс-әрекетке қатынасын көрсететін және оның педагогикалық іс-әрекет мазмұнын айқындайтын санасындағы басты ойы.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНВАРИАНТТАР** (терминді С.Френе енгізген) — қайта қарауға жатпайтын педагогикалық шындықтар. Гуманистік педагогика негізінде 30 инварианттық принциптер әзірленген. Мысалы, бала табиғаты да ересектердің табиғаты сияқты; мектепте бала мінезі оның психологиялық құрылымына және денсаулық жағдайына байланысты; ешкім — бала да, ересек те — оған бұйрық бергенді сүймейді; кез келген адам табысқа жетуге ұмтылады; сәтсіздік жұмысты тежейді және ынталыны жояды.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНТУИЦИЯ** — мұғалімнің кең ұғынған талдау негізінде емес, жағдаяттың одан әрі дамуын көре білуіне арналған жылдам, бірмезгілдік қабылдаған шешімі.

Қажетті білім мен тәжірибе негізінде жетіледі. Ол мұғалім қабілетін педагогикалық суырыпсалушылыққа қарай негіздейді.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОНСТРУКТ** — педагогикалық үлгіні, немесе педагогикалық

технологияны, немесе педагогикалық жүйені, оның практикалық іске асыру (апробациялау, ұйымдастыру немесе ендіру) жобасының орындалуын, сонымен қатар оның тиімділігін бағалау белгілерін, параметрлері мен критерийлерін іріктей отырып әзірлеу нәтижесі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОНТЕКСТ** — педагогикалық құбылыс пен процестің мазмұны мен маңызы, педагог әрекетінің түрлері мен сипаты анағұрлым дәл анықталған, олардың нәтижелілігі мен тиімділігіне барынша толық ықпал ететін педагогикалық құралдар мен педагогикалық процестер ететін жағдайлар іріктеліп көрсетілген мағынасы бойынша салыстырмалы түрде аяқталған мәтіннің үзіндісі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ** — аса көкейкесті проблемаларды, педагогикалық ғылым мен практиканы дамыту жолдары мен әдістерін талқылау үшін ғалымдар мен практиктердің (педагог-зерттеушілер) жиналысы.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІЛІК** — мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетте жоғары нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз ететін жеке-дара психологиялық ерекшеліктері мен кәсіби маңызды сапасының қорытынды жиынтығы.

Мынадай түрлерге ажыратылады:

- *гностикалық* (тани білу және танымнан қанағат алу білігі);
- *дидактикалық* (білімді түсіндіру, бере білу және оқыту білігі);
- *коммуникативтік* (қарым-қатынас жасау, ынтымақтасу білігі);
- *конструктивті* (оқу-тәрбие материалын таңдау, құру, жобалау білігі);
- *ұйымдастырушылық* (тәрбиеленушілерді алуан түрлі іс-әрекеттерге қосу, оларда оған деген қызығушылықты шақыру, өкілеттік беру, барлық қатысушыларды біріктіру және олардың қызығушылығын қойылған максаттарды іске асыруға бағыттау білігі);
- *перцептивті* (баланың ішкі әлеміне ену, олардың қобалжыған сезімін және

күйін, қабілеті мен эмоциясын түсіну білігі);

- *болжамдық* (педагогикалық болжай білуді жүзеге асыру, педагогикалық іс-әрекетте өзара әрекет нәтижесін болжамдау білігі);

- *суггестивті* (мұғалімнің эмоционалды-жігерлі иландыруы, оның бекем қайратты сөзі көмегімен ықпал етудің қажетті нәтижесіне жету білігі);

- *экспрессивті* (өзінің білімі мен нанымын эмоционалды және мәнерлі етіп бере алу, мұғалімнің өртістігі, сөйлеудің көп бейнелі интонациясын, ымды, қозғалысты, икемділікті меңгеру білігі).

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ** — ескірген педагогикалық ұғымдардың, тұжырымдардың, көзқарастардың, жүйелердің және жеткіншек ұрпаққа өмірдің өскелең жаңа талаптары арасында пайда болатын, педагогикалық тәжірибе барысында тереңдей беретін сәйкессіздіктер.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС** — оқытушының оқушылармен екі бағытта дамитын: оқушылармен қарым-қатынасты ұйымдастыру және балалар ұжымында қарым-қатынасты басқаруы қарастырылатын тұтас педагогикалық процестегі кәсіби қарым-қатынасы.

Тәрбиелеу мен оқыту әдістері, амалдары құрылымына кіреді және оларды іске асыру тәсілдері болып табылады. Ақпараттық, өзіндік тұсаукесер, белсенділік және әлеуметтік-перцептивтік функцияны атқарады.

**Педагогикалық қарым-қатынас стилі** — даралық ерекшеліктер, қабілеттер мен педагогикалық өзара іс-әрекетті жүзеге асыру сипаттарының жиынтығы. Түрлі негіздерге сүйеніп жинақталуы мүмкін: бірлескен шығармашылық іс-әрекетке қызығушылық, достық қатынас, алшақтық, қорқушылық, жалбақтау және т.б.

Адамның темпераментімен, психофизиологиялық және даралық ерекшеліктерімен, қатынаста пайдаланатын сөздік және сөздік емес құралдары тобымен анықталатын сыртқы (экспрессивті) және ішкі

(интенсивті) сипаттары, өзіндік эмоционалды-ерікті бояуы болады.

Холерик – әдетте қатынаста жатырқамайтын, ашуланшак, агрессияшыл; сангвиник – жатырқамайтын, жеңіл, икемді; флегматик – енжар, бейбітшілікті сүйөші, эмоционалды емес; меланхолик – күйгелек, тұйық, жабырқау.

Дау-жанжал жағдаятында холерик қайшылықты үдетуге, оларды айқындауға және мүмкіндігінше жоюға ұмтылады, көбінесе басқаларды кінәлайды; сангвиник үшін дау-жанжал жағдаятында икемділік, жеткілікті көнгіштік, келісім іздеушілік; флегматик үшін шешімді кейінге қалдыруға ұмтылу, жан-жақты талқылау тән; меланхолик үшін мұндай жағдаят қиын, шешімнен алшақтау, компромиске ұмтылу, енжарлық жиі байқалады.

Түрлі **жіктеулері** бар: тұрақты оң, тұрақсыз теріс, пассивті оң және ашық теріс (А.А. Русалинова); автократтық (жеке билікке), либералдық және демократтық (А.А. Бодалев); белсенді-оң, жағдаятты, пассивті-оң, пассивті-теріс және белсенді-теріс (Н.А. Березовин мен Я.Л. Коломинский); педагог пен оқушының бірлескен шығармашылық іс-әрекетке қызығушылығы негізіндегі қатынас; достықты негізге алатын қатынас; қашықтық-қатынас; қорқыныш-қатынас; жалбақтау-қатынас (В.А. Кан-Калик).

Педагогикалық қарым-қатынастың жалпы қабылданған жіктеу стильдері оларды авторитарлыққа (өктемшілікке), демократиялыққа және бетімен жіберушілікке (анархиялық, елемеушілік) бөлу болып табылады.

**Тиімді педагогикалық қарым-қатынас** – педагогтің (кен мағынасында – педагогикалық ұжымның) оқушылармен оқыту процесінде олардың мотивацияларын және оқу іс-әрекетінің шығармашылық сипатын дамыту үшін, оқушының тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін өте жақсы жағдай жасайтын қарым-қатынасы, оқытудың қолай-

лы эмоционалды ахуалын қамтамасыз етеді (атап айтқанда, «психологиялық кедергілердің» пайда болуының алдын алады), балалар ұжымында әлеуметтік-психологиялық процестерді басқаруды қамтамасыз етеді және оқу процесінде мұғалімнің даралық ерекшелігін бар мөлшерде пайдалануға мүмкіндік береді (А.А. Леонтьев).

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАТЕЛІКТЕР** – мұғалімнің кәсіби нормаларды, ережелерді, эталондарды (мысалы, оқушыны кемсіту, пән бойынша оқушының бағасын тәртіп бұзғаны үшін кеміту, білімі жоқ болса да «үштікті» формалды қою және т.б.) бұзуға алып келетін педагогикалық іс-әрекет пен қатынас құралдарын пайдалануы. Объективті себептердің салдары сияқты (кәсіби-педагогтің білім беру парадигмаларына қайшы келетін әлеуметтік ұйғарымдарына еруі) субъективті (кәсіби біліксіздігі, жеке кәсіби жарамсыздығы) себеп ретінде де пайда болады.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ** – жалпы кәсіби мүдделері бір: мұғалімдер, білім беруді ұйымдастырушылар, педагогикалық ғылым өкілдері, студенттер және т.б., оқыту және тәрбиелеу проблемаларымен тікелей байланысы бар педагогикалық шығармашылық субъектілер.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ** – балаларға олардың дене және психикалық денсаулығымен, іскерлік және тұлғааралық коммуникациясымен, оқуда табысты алға жылжуымен, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтауымен байланысты жеке проблемаларын шешуде алдын алу және шұғыл көмек көрсету бойынша кәсіби педагог пен психологтің іс-әрекеті.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС** – педагогикалық өзара іс-әрекет мәні байқалатын, түгел ашылатын және педагог әрекетінің сол немесе өзге де формада ерекшелігі көрінетін оқиға.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС ПЕН ПРОЦЕСТІ ТАНУ МЕН ЗЕРТТЕУГЕ ЖОЛ ТАБУ** – зерттелетін педагогикалық

нысанға қатынас амалдарының жиынтығы (іс-әрекетке, жүйеге, өзара іс-әрекетке, педагогикалық процеске қатысушыға, тұлға ретінде және т.б.)

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ӨЗІНДІК ТАЛДАУ** — мұғалімнің өзінің жеке оқу-тәрбие жұмысының жай-күйін, нәтижесін зерделеуі, педагогикалық құбылыстар элементтері арасындағы өзара байланыстың себеп-салдарын белгілеу, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді одан әрі жетілдіру жолдарын анықтау.

Педагогикалық талдау функциялары: *диагностикалық, танымдық, қайта құрушы, өздігінше білім алу.*

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҚСАТ КӨЗДЕУ-ШІЛІК** — педагогикалық іс-әрекеттердің мақсаттары мен міндеттерін айқындаудың және қоюдың саналы процесі.

Мұғалімнің өз енбегін жоспарлауға, педагогикалық жағдаяттарға байланысты міндеттерді өзгертуге дайындығы; қоғамдық мақсаттарды тәрбиеленушілермен бірлескен мақсаттарға көшіру қабілеттілігі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҚСАТҚА СӘЙКЕСТІК** — педагогикалық араласу шарасы, ақылды жеткіліктілік.

Тәрбиеленушінің өзін көрсетуі үшін дербестік және мүмкіндік беру.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР БАНКІСІНІҢ БЕЛСЕНДІ ҚОРЫ** — жоғары сұраныс тудырып, соған байланысты көп қолданыс жүктемесіне ие болған және банкте сақталатын педагогикалық ақпараттар жиынтығы.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ** — педагогтің педагогикалық білімі мен педагогикалық іс-тәжірибесінің жетіспеушілігі арасындағы карама-қайшылықты жана білім алу арқылы, немесе жана тәжірибе алу арқылы, немесе сол және басқалары арқылы алуды саналы шешуі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ** — оқу-тәрбие процесін, оның тиімділігін арттыруға арналып бағытталған, басқару принциптерінің, әдістерінің, ұйымдық

формалары мен әдістемелік тәсілдерінің кешені.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МІНДЕТТЕР** — қалыптасқан педагогикалық жағдаяттарды ұғыну және осы негізде қажетті шешім мен әрекет жоспарын қабылдау; педагогтің объекті мен субъектіні оқытудың, тәрбиелеудің, дамытудың педагогикалық ықпал етудің бір жай-күйінен жанасына, оқытудың, тәрбиелеудің, дамытудың аса жоғары деңгейіне көшіру қажеттілігін сезінуі және сол үшін педагогикалық құралдар мен жағдайларды іздестіру немесе таңдау.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ** — мұғалімнің оқушыны, өз-өзін, қоршаған ортаны белгілі бір болжауы және түсінуі, педагогикалық өзара іс-әрекетте міндеттерді бөлу және нақты шешу үшін негіз болып көрінетін педагогикалық өзара іс-әрекетті дамытудың теориялық заңдылықтарын пайдаланумен нақты педагогикалық жағдаяттарды талдау.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОРТА** — арнайы, педагогикалық мақсаттарға сәйкес, олардың әлемге, адамдарға және бір-біріне қатынасын қалыптастыруға бағытталған балалардың өмірлік іс-әрекетін ұйымдастыру жағдайын құру жүйесі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТ** — тәрбиеші мен тәрбиеленушінің (лердің) олардың мінезін, іс-әрекетін, қатынасын өзара өзгерте алатын кездейсоқ немесе ойластырылған, жеке немесе жалпы, ұзақ немесе қысқа мерзімдік, сөздік немесе сөздік емес жеке байланысы.

Екі жақтан да бірлескен іс-әрекеттің мақсаттарын және оған жетудің жолын түсінген, өзара келісім мен ынтымақтастыққа қол жеткізілген кезде *ынтымақтастық* түрінде және де бірлескен іс-әрекетке қатысушыларының бірінің жетістігі басқа қатысушылардың аса өнімді және мақсатты іс-әрекетін ынталандыратын немесе тежейтін *бәсекелестік* түрінде көрінуі мүмкін. Гуманистік-бағытталған педагогикалық процесс тәрбиеші мен тәрбиеленуші-

нін, екі қатысушы да өз білімдері мен мүмкіндіктеріне сай бірдейлік, тең құқылы серіктес ретінде көрінетін өзара іс-әрекетінде ғана процесс бола алады.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТ СТРАТЕГИЯСЫ** — мұғалім іс-әрекетіндегі жалпы басшылық жолы, тұлға қалыптастыру процесінде перспективалық мақсаттарға жетуге арналып бағытталған нұсқаулар;

Педагог стратегияны жеке тұлғамен және тұтастай білім беру ұжымымен де дайындау қажет. Бұл бәрінен бұрын педагог дайындайтын әр түрлі жоспарлар: күнтізбелік-тақырыптық, тәрбие жұмысы жоспары және т.б. жүйесінде іске асырылады.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА** — 1) алынған білімді бекітуді және белгілі бір уақыт аралығында тікелей білім беру ұйымдарында білік пен дағды қалыптастыруды көздейтін, жоғары және ортадан кейінгі кәсіптік білім беру ұйымдарында студенттерді педагогикалық мамандыққа кәсіби оқыту формасы, болашақ мұғалімдерді практикалық дайындаудың жетекші буыны. Кәсіби іс-әрекетке барынша жақындатылған жағдайда өткізіледі.

Жоғары педагогикалық білім беру тарихында педагогикалық практиканы ұйымдастырудың екі жолы қалыптасқан:

— **біріншісі** жоғары оқу орнында практиканы теориялық сабақтармен алмастыра отырып оқытудың барлық жылдарында ұйымдастыруды көздейді (үздіксіз, құрылымында «енжар» және «белсенді» педагогикалық практика ажыратылады. «Енжар» негізінен студенттерді нақты педагогикалық іс-әрекетпен таныстыруды көздейді және қысқа мерзімді, сонымен қатар сырттай қадағалаушылық сипатта болады. «Белсенді» оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу процесіне студенттерді белсенді араластыруды мақсат етіп қояды). Педагогикалық практиканы ұйымдастырудың тиімді формаларын іздеу мазмұны теориялық білім жүйесі және оның әр түрлі кезеңінде

қалыптасатын студенттердің кәсіби білігі арқылы айқындалатын әр түрлі жоғары оқу орындары үшін бағдарлама әзірлеуге алып келді.

**Нәтижені бағалаудың негізгі критерийлері:** әрбір студентте педагогикалық біліктіліктің қалыптасу дәрежесі; өзінің практикалық іс-әрекетін, оның мақсатын, міндетін, мазмұны мен іске асыру әдісін теориялық ұғыну деңгейі; болашақ педагог мүдделерінің, олардың белсенділігі, балаларға деген қатынасының кәсіби бағытталу деңгейі; кәсіби мәдениеті, рефлексстерге кабілеттілігі;

— **екінші** жолы (шетелдік жоғары мектепке тән) алдымен жалпы теориялық дайындық пен практикумдар мен тренингтер, содан кейін — теорияны практикада қолдануды және оқытудың қорытынды кезеңінде педагогикалық практика өткізуді қарастырады;

2) педагогикалық жұмыстың амалдары, дағдылары, қалыпты тәсілдері.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА НЫСАНЫ** — оқушы немесе тәрбиеленуші, оқушылар (тәрбиеленушілер) тобы немесе ұжымы.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА** — педагогтің нақты педагогикалық жағдаятта пайда болған қайшылықты жинақтауы және оны педагогикалық ғылымда бар біліммен және педагогикалық практикадағы тәжірибе құралдарымен шешу мүмкін еместігін сезінуі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСС** — педагогикалық әрекеттің мақсаттарын қою, оларды іске асыру жағдайлары мен құралдарын анықтау, осы әрекетті педагогикалық әсер ету нысанымен өзара әрекеттесу арқылы ұйымдастыру, әрекеттің жүру барысын бақылау, оның нәтижелігі мен тиімділігін бағалау.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСС ҚҰРЫЛЫМЫ** — оның құраушы компоненттерінің жиынтығы: мақсатты, мазмұнды, амалды-әрекетті, бағалы-нәтижелі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ** — мақсатқа бағыттап арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процестің міндеті, қызметі.

Бөлінеді:

- **білім беру** (білім, іскерлік пен дағды, мәдени байлықтар жүйесін игерту арқылы іске асады);
- **тәрбиелік** (тәрбие және оқыту процесінде құндылық бағыттар және қатынастар жүйесін қалыптастырумен анықталады);
- **дамыту** (тұлғаның танымдық психикалық процестері мен қасиеттерін, логикалық тәсілдерін, пайымдауын, ой қорытындылауын, таным белсенділігін, мүдделерін, қабілеттерін дамыту мен қалыптастыруды көздейді);
- **әлеуметтендіру** (бірлескен іс-әрекет тәжірибесін жинақтауда, қоғамдық қатынастар жүйесі мен қоғам қабылдаған тәртіпті меңгеруде жүзеге асады).

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РЕФЛЕКСИЯ** — педагогтің өзінің жай-күйін сезіну қабілеті мен қажеттілігі, өз міндеттерін, әрекетін және нақты педагогикалық жағдаятта қол жеткізген нәтижесін бақылау, бағалау, түзету және өзінің педагогикалық іс-әрекетін жетілдіру мақсатында салыстыруы. Педагогикалық рефлексия ортасында оқушының педагогтен **нені** қабылдай алатын және түсінетін және олармен қатынаста оның педагог әрекетіне **қалай** ыңғайласа алатынын сезінуі тұр.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ САНА** — мұғалімнің оның барлық педагогикалық іс-әрекет сипатын және кәсібі мен балаларға деген қатынасын айқындайтын білімі мен құндылық бағыттар жиынтығы.

Даралық және кәсіби Мен-тұжырымдамасынан, Т-тұжырымдамасынан (Тәрбиеленушінің тұжырымдамасы: педагог оны түсінеді, қабылдайды, қолданады және бағалайды) және І-тұжырымдамасынан (Іс-әрекет тұжырымдамасы: педагог өз педагогикалық іс-әрекеті табиғаты мен өзгеше-

лігін қалай түсінеді және есепке алады) жинақталады.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СИСТЕМАТИКА** — педагогикалық құбылыстар мен процестерді топтастыру нәтижесі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СИСТЕМОЛОГИЯ** — бұл жетекші әдісі ғылыми-педагогикалық білімді дамыту процесін зерттеуге жүйелі-диалектикалық жол табу, оларды алу жолдарын, тетіктерін және тәсілдерін тәртіптеу мен жүйелеуді түсіндіру болып табылатын педагогикалық ғылым әдіснамасының саласы.

Педагогикалық системология — педагогикалық шынайылық, педагогикалық нақтылық, педагогикалық нысанның көпөлшемді және көпденгейлі жүйесі ретінде құрылымы мен даму логикасы туралы, педагогикалық нақтылық және т.б. нысан арасындағы байланыс сипаты туралы жүйелі ақпарат алып жүруші нысандарының табиғаты туралы ілім.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СТАНДАРТ** — кәсіби оқу мен кәсіби іс-әрекет процесінде игеруі қажет педагогикалық іс-әрекет үлгі-өнегесі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СУЫРЫП САЛЫП АЙТУ** — педагогикалық процесті алдын ала ұғынусыз және ойлаусыз ұйымдастыру, педагогтің алдын ала ойластырылған мақсаты және жоспары жоқ, мақсатсыз дайындығы; пайда болған педагогикалық проблемалар мен міндеттерді тез елеп-екшеу және ережедегідей, оларды педагогикалық өзара іс-әрекет процесінде ойламаған жерде пайда болған, тез өзгертін жағдаяттарда шығармашылықпен шешу; мұғалімнің сабақ немесе қарым-қатынас барысында кенеттен педагогикалық шешім табуы және оны жылдам практикалық іске асыруы. Суырып салып айту процесі төрт кезеңнен тұрады, мәні бойынша өте қысқа түрдегі шығармашылық процестің барлық сатысын көрсетеді.

**І-кезең** — педагогикалық арайлану (*инсайт*). Сабақ немесе тәрбиелік іс-шаралар

барысында ілікпе сөзге, сұраққа, амалға жауап ретінде немесе жана материалды түсіндіру кезінде мұғалім түрткі, іштен қозғау алады, жана керемет ой, идеяны нұрландыратын жарқ етулер келеді.

**2-кезең** — педагогикалық идеяларды тез арада ұғыну және оны шешудің жолын жылдам таңдау. Егер идеяның тууы сезіну арқылы пайда болса, онда іске асыру жолы да сезінушілікпен таңдалады.

**3-кезең** — педагогикалық идеялардың бұқара алдындағы көрінуі немесе іске асыру. Бұл орталық кезеңге жатады, суырып салып айтудың тиімділігі осыған байланысты.

**4-кезең** — ұғыну, яғни педагогикалық идеяларды іске асыру процесін тез арада талдау және суырып салып айтуды жалғастыру туралы шешім қабылдау немесе бұрын жоспарланған әрекетке көшу.

Суырып салып айту педагогикалық техниканы жетілдіруге, пайда болған міндеттерді ескеруге мүмкіндік береді.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЦЕНАРИЙ** — педагогикалық мақсаттарға жету үшін мақсатты, тұлғалық-бағытталған, әдістемелік бірізді құрылған педагогикалық әдістер мен технологиялар.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАКСОНОМИЯ** — ішінде олардың категориялары мен жүйелілік деңгейі (иерархия) бөлектеніп көрінетін педагогикалық мақсаттардың айқын жүйесін құру.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАКТ** — мұғалімнің мінезіндегі жоғары гумандылық, оқушының қасиетін құрметтеу, әділдігі және әрекетіндегі балаға, ата-аналарға, еңбек бойынша әріптестеріне қатысты шыдамдылығы мен өзін-өзі ұстай білуінің санасезімдік өлшемі; педагогикалық этиканы іске асыру формаларының бірі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ** — 1) мұғалімнің нақты жағдайларды, балалардың, балалар ұжымының ерекшеліктерін және өзінің жеке ерекшелігін есепке ала отырып, педагогиканың практикадағы заңдарын

және принциптерін шығармашылықпен, белсенді меңгеру мен іске асыруы.

Бөлінеді:

- **инновациялық** ғылымның жаңа идеяларының маңызды байланысын, жана мазмұнын, педагогтің ғылыми-зерттеушілік негізінде (мұғалім мен ғалымның бірлескен шығармашылық ізденістері) жұмысының жана формалары мен әдістерін іске асыру;
- **тарихи** — білім берудің барлық тарихи ағымында алынған педагогикалық теория мен практиканың нәтижесі;

- **бұқаралық** — көптеген мұғалімдердің практикасында кең қолданылатын педагогикалық теория мен практиканың нәтижесі;

- **жаңашылдық** — нәтижесінде педагогикалық процестің маңызды және тұрақты тиімділігін арттыруға қол жететін, педагогтің өзінің іс-әрекетін принципті түрде жаңа идеялар немесе идеялар (ашылулар) жиынтығы негізінде жүйелі қайта құрумен сипатталатын, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибенің көрініс табуының жоғары дәрежесі; жаңашылдықтың, ашылулардың, өнертапқыштықтың, авторлықтың элементтерінен тұрады;

- **озат** (дәстүрлі педагогикада ГОТ) — мұғалімнің қолда бар құралдарды жетілдіру, педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыру есебінен алатын жақсы нәтижелері. Дәстүрлі педагогикадағы негізгі критерийлері:

- **өзектілік** — тәжірибенің қоғамдық дамудың қазіргі заманғы беталысына, педагогикалық ғылымның алдыңғы қатарлы идеяларына сәйкес келуі;

- **өнімділік (репродуктивтілік)** — біліктілігі жеткілікті педагогтің оның негізгі идеялары мен оны іске асыру технологияларының өнімділік (репродукциялау) мүмкіндігі; бұл кезде бұрынғы іс-әрекетіне және т.б. қарағанда аса жоғары нәтижеге қол жеткізіледі. Қазіргі заманғы педагогикада мұндай педагогикалық практика:

- жоғары жалпыбілімдік және кәсіби деңгейін,



— оқу-тәрбие процесінің демократизмін, тұтастығын,

— нақты-тарихи шындықты есепке алуды қамтамасыз етеді және

— дәстүрлі жаппай оқыту мен ресми педагогикалық доктринаны теріске шығарушы болып табылады;

• **өнертапқыштық** — оқушылармен жұмыс жасауды қиыстыру және белгілі формалар мен әдістерді толықтыру.

Зерделеу мен меңгерудің негізгі кезеңдері:

• **талдау** — жеке бөліктерін тұтасынан бөліп көрсетуге және оларды өз бетінше зерделеуге мүмкіндік беретін педагогикалық нысандарды зерттеу тәсілі; педагогикалық іс-әрекет нәтижесін педагогтің тұлғалық қасиет белгілерін диагностикалауды, олардың өзін және олардың арасындағы заңдық байланысын зерделеу мақсатында ойша бөлу рәсімі;

• **жинақтау** — педагогикалық практикада қадағаланатын, педагогикалық идеялар немесе педагогикалық жүйе, педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыру принциптері, педагогикалық процесті реттеудегі әдістер мен заңдылықтар түрінде ресімделген жекелеген деректерді, құбылыстарды және процестерді зерделеу мен талдау нәтижесіндегі қорытындылар.

• **енгізу** — педагогикалық ұжымның барлық мүшелерінің жаңашылдықты міндетті қолдануын қамтамасыз ететін нұскамалық сипаттағы шаралар жүйесі.

**Зерделеу әдістері** — білім беру процесін ұйымдастырудың нақты жинақталған тәжірибесін зерттеу тәсілдері.

2) алуан түрлі теориялар негізінде өзірленген психология-дидактикалық жүйелер:

— *жалпы даму теориясы (Л.В. Занков),*

— ақыл-ой әрекетін кезеңдеп қалыптастыру теориясы (П.Я. Гальперин, Н.Ф. Талызина),

— *мазмұндық жинақтау теориясы (В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин),*

— *ынтымақтастық педагогикасы теориясы (гуманистік педагогика) (А.С. Макарен-*

*ко, В.А. Сухомлинский, В.Ф. Шаталов, Ш.А. Амонашвили, Н.П. Гузик және т.б.),* — *өнертапқыштық міндеттерді және т.б. шешу теориясы (Г.С.Альтшуллер) (қ. Психология-педагогикалық теория).*

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕРМИН** — біртекті педагогикалық құбылыстар мен процестердің мәнін ашатын, ғылыми және практикалық мағынада анық шектелген педагогикалық ұғым.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ** — 1) оқыту мен тәрбиелеуде қолданылатын терминдердің, айрықша атаулардың және лексикалық құралдардың жиынтығы; 2) педагогикалық ғылымның негізгі ұғымдарымен бекітілген терминдер жиынтығы.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ** — педагогикалық құбылыстың немесе процестің мәні мен табиғатын ашатын заңдылықтар, категориялар мен ұғымдар жүйесі, оның элементтерінің жиынтығы, олардың байланыс сипаты, осы құбылыстың немесе процестің функциялары, сондай-ақ оның өзгеру мен даму принциптері, логикасы мен тәсілдері; нысанның барлық компоненттерінің бірлігі тұрғысынан жүйе ретіндегі жоғары деңгейде жалпыланған білім түрінде көрінетін, педагогикалық нысанның тұтастығын ашатын және осы нысанды түрлендіру әрекетін жобалауға бағдар және негіз болатын, сонымен бірге практикалық түрлендіруді бағалаудың эталоны ретіндегі педагогикалық шындықтың нысаны туралы тұтастай ұғым.

Педагогикалық теорияны жасау — бұл жана педагогикалық пәнді құрастыру процесі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕСТ** — нақты білім беру саласында оқушылардың білім, білік пен дағды құрылымын және деңгейін тиімді бағалауға мүмкіндік беретін белгілі бір форма мен мазмұндағы тапсырмалардың күрделілігі бойынша сараланған жүйе. (қ. *Тест*).

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНИКА** — мұғалімнің өздерінің жеке психофизиологиялық жай-күйін, көңіл күйін, эмоция-

сын, денесін, сөзін және педагогикалық мақсатты қарым-қатынасын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін жалпы педагогикалық және психологиялық білім кешені.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ (БІЛІМ БЕРУ) ТЕХНОЛОГИЯ** — 1) кәсіби педагогтің басқаруымен жүргізілетін оқушылардың (студенттердің) өзіндік және өзара білім алу процесі, оқу жоспары мен оқу бағдарламасында анықталған білім мазмұны мен әрекет түрлерін меңгеруіне байланысты олардың жұмысының әрбір сатысында болатын өзгерістер мен түрленулер; 2) студенттерді педагогикалық мамандықтарға кәсіби дайындауға арналып бағытталған оқу (ғылыми) пәні; 3) *дәстүрлі педагогикада*:

а) іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру және оны жарактандыру;

ә) өте аз шығынмен нәтиже алуға мүмкіндік беретін бірізді амалдар;

б) педагогикалық проблемаларды әдіснамалық деңгейде талқылауға мүмкіндік беретін педагогикалық категория;

в) педагогикаға оқу процесін толық басқаруға мүмкіндік беретін жүйелі ойлау тәсілін енгізу;

г) орындалуы кепілдікпен педагогикалық мақсаттарға алып келетін әрекеттің тәртіптелген жүйесі;

д) *дидактикалық инфрақұрылым*, яғни оқытудың техникалық құралдарын немесе компьютерлерді пайдалану, сонымен бірге пайдаланылған әдістердің көмегімен білім берудің тиімділігін арттыратын ықпалдарды талдау жолымен білім беру процесін оңтайландыру тәсілдерін жасақтау және принциптерін анықтау;

е) педагогикалық шеберлік;

ж) оқыту мен тәрбиелеудің бірегей әдістемелері;

з) адамдық қорларды және олардың өзара әрекеттесуін ескеру жолымен білім берудің анағұрлым тиімді түрлеріне қол жеткізу мақсатында оқыту мен білімді меңгерудің тұтастай процесін жоспарлау, жүзеге асы-

ру және бағалаудың жүйеленген әдісі (ЮНЕСКО-ның анықтамасы);

и) дәл берілген мақсаттары мен оған жету жолдарын нақты анықтауға және сипаттауға болатын оқу процесін басқару бағытындағы дидактикалық проблемаларды шешу.

**Белгілері:**

- *диагностикалық мақсат құрушылық пен нәтижелілік* — мақсатқа қол жеткізу кепілдігі мен оқыту процесінің тиімділігін көздейді;

- *үнемділік* — оқу уақытының қорын, мұғалім еңбегін оңтайландыру мен оқытудың қысылған уақыт аралығында жоспарланған нәтижесіне қол жеткізуді қамтамасыз етуші сапа;

- *алгоритмдеушілік, жобалаушылық, тұтастық пен басқарушылық* — технологиялардың көшірілуі идеясының алуан түрлі жақтары;

- *түзетілімдік* — бірізділікпен айқын анықталған мақсатқа арналып бағытталған тұрақты шұғыл кері байланыстың мүмкіндігі;

- *визуалдау (көзбен шолушылық)* — алуан түрлі аудиовизуалды және есептеуіш техниканы пайдалану, сондай-ақ әр түрлі дидактикалық материалдар мен көрнекі құралдардың түпнұсқасын құрастыру мен қолдану аспектісі.

**Классификациясы (жіктеу):**

1. *Қолдану деңгейі* бойынша: жалпы педагогикалық, жеке әдістемелік (пәндік) және жергілікті (модульді) технология.

2. *Философиялық негізі* бойынша: идеалистік, диалектикалық және метафизикалық, ғылыми (сциентистскалық) және діни, гуманистік және антигуманистік, антропософтік және теософтік, прагматистік және экзистенциалистік, еркін тәрбие мен мәжбүрлеу және басқа да алуан түрлілігі.

3. Психикалық дамытудың *жетекші факторлары* бойынша: *биогендік, социогендік, психогендік және идеалистік* технология. Бүгінде тұлға биогендік, социогендік, психогендік факторлардың жиынтық ықпа-

лының нәтижесі екені жалпы қабылданған, бірақ нақты технология осылардың біреуін есепке алуы немесе басымдық беруі, соны негізгі етуі мүмкін.

Шындығында қандай да бір жалғыз факторды пайдаланатын мұндай монотехнология, әдіс, принцип жоқ — педагогикалық технология барлық кезде кешенді. Алайда оқу процесінің сол немесе өзге де жағына өз екпінімен бір технология ерекшелене түседі және содан өз атауын алады.

4. Тәжірибені меңгерудің **ғылыми тұжырымы** бойынша бөлектеніп көрінетіні: *ассоциативті-рефлекторлы, бихевиористік, геитальттехнологиялар, интериоризаторлық, дамытушы*. Автор бұл топқа «нейролингвистік бағдарламалау мен суггестивті аз таратылған технологияларды» да жатқызады.

5. **Жеке құрылымға бағытталуы** бойынша: *ақпараттық технология* (пәндер бойынша білім, білік, дағды қалыптастыру); *операциялық* (ақыл-ой әрекеті тәсілдерін қалыптастыру); *эмоционалды-көркем және эмоционалды адамгершілік* (эстетикалық және адамгершілік қатынастар саласын қалыптастыру); *өзіндік дамыту технологиясы* (тұлғаның өзін-өзі басқару тетіктерін қалыптастыру); *эвристикалық* (шығармашылық қабілетін дамыту) және *қолданбалы* (әрекеттік-практикалық саласын қалыптастыру).

6. **Мазмұны мен құрылымы сипаты** бойынша технологиялардың аталуы: *оқытушы және тәрбиелеуші, зайырлы және діни, жалпы білім беретін және кәсіби-бағдарлы, гуманитарлы және технократтық, әр түрлі салалы, жеке пәндік, сондай-ақ монотехнологиялар, кешенді (политехнологиялар) және кіретін технологиялар*.

7. **Танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мен басқару түрі** бойынша. В.П. Беспальконың айтуына сәйкес мұғалімнің оқушымен өзара іс-әрекеті (басқару) *алшақ тұруы* (оқушылардың бақыланбайтын және түзетілмейтін іс-әрекеті), *циклді* (бақылаумен, өзіндік бақылаумен және өзара бақы-

лаумен), *шашыраңқы* (фронтальды) немесе *бағытталған* (жеке-дара) және *қолмен* (вербальды) немесе *автоматтандырылған* (оқу құралдары көмегімен) болуы мүмкін. Осы белгілердің үйлесуі технологиялардың (Г.К. Селевко) немесе дидактикалық жүйелердің (В.П. Беспалько) келесі түрлерін айқындайды:

- 1) *классикалы дәрістік оқыту* (басқару — алшақ тұру, шашыраңқы, қолмен);
- 2) *аудиовизуалды техникалық құралдар көмегімен оқыту* (алшақ тұру, шашыраңқы автоматтандырылған);
- 3) *«кеңесші» жүйесі* (алшақ тұру, бағытталған, қолмен);
- 4) *оқу кітабы көмегімен оқыту* (алшақ тұру, бағытталған, автоматтандырылған) — өзіндік жұмыс;
- 5) *«кіші топ» жүйесі* (циклді, ұмытшақтық, қолмен) — оқытудың топтық, дифференцияланған тәсілдері;
- 6) *компьютерлік оқыту* (циклді, шашыраңқы автоматтандырылған);
- 7) *«репетитор» жүйесі* (циклді, бағытталған, қолмен) — жеке-дара жұмыс;
- 8) *«бағдарламалы оқыту»* (циклді, бағытталған, автоматтандырылған), алдын ала құрылған бағдарламасы болады.

Тәжірибеде әдетте осы «монодидактикалық» жүйенің алуан түрлі комбинациялары көрініс табады, өте көп тарағандары:

- Я.А. Коменскийдің баяндаудың дәрістік тәсілі комбинациясын және кітаппен өзіндік жұмысты (дидахография) білдіретін *дәстүрлі сыныптық-сабақтық жүйесі*;
- дидахографияны техникалық құралдармен үйлестіре пайдаланатын *қазіргі заманғы дәстүрлі оқыту*;
- оқытудың *топтық және дифференцияланған* тәсілдері, мұнда педагог барлық топпен ақпарат алмасадy, сондай-ақ жекелеген оқушыға репетитор ретінде көңіл бөледі;
- *бағдарламалап оқыту*, барлық қалған түрлерді ішінара пайдаланумен бейімделген бағдарламалы басқаруға арналып негізделеді.

8. Ересектердің *балаға қатынасы* бойынша, білім беру процесіндегі *баланың ұстанымы* бойынша:

а) педагог оқу-тәрбие процесінде жеке-дара субъект, ал оқушы тек «объект», «бұранда» ғана болып табылатын *авторитарлы технология*. Олар мектеп өмірін қатаң ұйымдастырумен, оқушылардың бастамасы мен дербестігін басып тастаумен, талап етушілік пен мәжбүрлеуді қолданумен ерекшеленеді.

ә) *дидакто-центристік технология*, педагог пен оқушының субъект-объектілік қатынасы басым болады, оқытудың тәрбиелеуден басымдығы және тұлғаны қалыптастырудың ең басты деректері дидактикалық құралдар саналады;

б) *жеке-дара-бағытталған (антропоцентристік) технология* білім беру жүйесінің ортасына бала тұлғасын, оның дамуының қолайлылығын, дау-жанжалсыздығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, оның табиғи әлеуетін іске асыруды қояды. Бұл технологияда бала тұлғасы тек қана субъект емес, бірақ басым субъект; ол білім беру жүйесінің мақсаты, мұндай орын авторитарлық және дидакто-центристік технологияларда болатындай қандай да бір дерексізденген мақсатқа жету құралы емес.

Жеке-дара бағытталған технология шеңберінде технологияның келесі топтары бөлектеніп көрінеді:

- *гуманды-жеке-дара*, бәрінен бұрын, өзінің гуманистік мәнімен, тұлғаны қолдауға, оған көмек беруге психотерапевтік бейімділігімен ерекшеленеді. Олар балаға деген құрмет пен сүйіспеншіліктің жанжақты идеясына, оның шығармашылығына, мәжбүрлеуді жокқа шығара отырып, оптимистік сеніміне «тәубе етеді»;

- *ынтымақтастық технологиясы* педагог пен баланың субъект-субъектілік қатынасында демократизмді, теңдікті, серіктестікті іске асырады. Мұғалім және оқушы ынтымақтастық, тең шығармашылық күйінде

бола тұрып, мақсаттарды, мазмұнды бірлесіп әзірлейді, баға береді;

- *еркін тәрбиелеу технологиясы* балаға оның өмірлік іс-әрекеті саласында таңдау еркіндігіне және дербестігіне көп көңіл бөлінеді. Бала таңдау жасай отырып, нәтижеге сыртқы ықпалдан емес, ішкі ниетімен келіп, өте жақсы тәсілмен субъект ұстанымын іске асырады;

в) *эзотеристік технология*, эзотеристік («түсініксіздік», сана астындағы) білім – соған жеткізер Ақиқат пен жолдар жайлы ілімге негізделген. Педагогикалық процесс – бұл хабарлама емес, қатынас емес, Ақиқатқа тарту. Эзотеристік парадигмада адамның (баланың) өзі Әлеммен ақпараттық өзара іс-әрекет ету орталығы болады.

9. *Басымдық (басым) әдісі* бойынша автор келесі технологияларды бөліп көрсетеді: *догмалық, репродуктивтік, түсіндірмелі-иллюстративтік, бағдарламалап оқыту, проблемалы оқыту, дамыта оқыту, өздігінен дамыта оқыту, диалогтік, коммуникативтік, ойын, шығармашылық және т.б.*

10. *Оқушылар категориялары* бойынша аса маңыздылары мен бірегейлері болып табылатындары:

- бұқаралық (дәстүрлі) мектептік технология, орташа оқушыға есептелінген;
- алдыңғы қатарлы деңгейдегі технология (пәндерді терендетіп оқыту, гимназиялық, лицейлік, арнайы білім беру және т.б.);
- орнын толтырып оқыту технологиясы (педагогикалық түзету, қолдау, теңестіру және т.б.);

- әр түрлі виктимологиялық технология (сурдо-, орто-, тифло-, олигофренопедагогика);

- бұқаралық мектеп шеңберінде ауытқуы бар (қиын және дарынды) балалармен жұмыс технологиясы.

11. *Жаңғырту мен түрлендіру мазмұны және бағыты* бойынша:

- *педагогикалық қатынастарды гуманизациялау мен демократизациялау негізіне арналған педагогикалық технология*, яғни

тұлғалық қатынас басымдығымен, жеке жол табу, қатан емес демократиялық басқару және мазмұнның анық гуманистік бағыттылығымен процессуалды бағыттылық. Оларға ынтымақтастық педагогикасы, Ш.А. Амонашвилидің гуманды-тұлғалық технологиясы, Е.Н. Илиннің және т.б. әдебиетті адам қалыптастырушы пән ретінде оқытуы жатады;

- оқушылардың іс-әрекетін **белсендіру мен қарқындату негізіне арналған педагогикалық технология**. Мысалы: ойын технологиясы, проблемалы оқыту, В.Ф. Шаталовтың тірек сигналы конспектісі негізінде оқыту технологиясы, Е.Н. Пасов және т.б. коммуникативті оқытуы;

- оқыту процесін **ұйымдастыру мен басқару тиімділігі негізіне арналған педагогикалық технология**. Мысалы: бағдарламалап оқыту, саралап оқыту технологиясы (В.В. Фирсов, Н.П. Гузик), оқытуды дараландыру технологиясы (А.С. Границкая, И.Э. Унт, В.Д. Шадриков), түсінік бере басқару кезінде тірек сызбаларын пайдаланумен перспективті-озық оқыту (С.Н. Лысенкова), топтық және ұжымдық оқыту тәсілдері (И.Б. Первин, В.К. Дьяченко), компьютерлік (ақпараттық) технология және т.б.;
- оқу материалын **әдістемелік жетілдіру мен дидактикалық қайта құрастыру негізіне арналған педагогикалық технология**: П.М. Эрдниевтің дидактикалық бірлікті ірілендіруі (ДБІ), В.С. Библер мен С.Ю. Кургановтың «Диалог культур», Л.В. Тарасовтың «Экология және диалектика» жүйесі, М.Б. Воловичтің ақыл-ой әрекетін кезеңдеп қалыптастыру теориясын іске асыру технологиясы және т.б.;

- **табиғаты бойынша халық педагогикасы әдісін пайдалану**, баланың табиғи даму процесіне сүйенеді: Л.Н. Толстой бойынша оқыту, А.М. Кушнир бойынша сауаттылыққа тәрбиелеу, М.Монтессори және т.б. технологиясы;

- **баламалы**: Р. Штайнердің вальдорфтік педагогикасы, С. Френенің еркін еңбек

технологиясы, А.М. Лобканың ықтималдық білім технологиясы;

- **кешенді политехнологиялар**: А.Н. Тубельскийдің «Школа самоопределения», И.Ф. Гончаровтың «Русская школа», Е.А. Ямбургтің «Школа для всех», М. Балабановтың «Школа-парк» және б. (Г.К. Селевко) авторлық мектептері.

Технологияны басқаша — оларды құрудың негізінде жатқан сол идеялар бойынша да бөлулер бар.

**Бірінші топ — танымдық процесі қатаң басқару технологиясы.** Олардың негізінде оқу материалын анық бөлу, оны біртіндеп меңгеру, операциялы-кезеңдік бойынша бакылау мен бағалау жатыр. Бұл топқа ол В.Ф. Шаталовтың блокты-модульді, бағдарламалы технологиясын, П.М. Эрдниевтің дидактикалық бірлікті бекітуін, М.И. Махмутовтың проблемалы оқытуын, Занков және Давыдов пен Эльконин бойынша оқытуды, сондай-ақ ЭЕМ базасындағы көптеген ақпараттық технологияларды, Блуманың «мақсаттар таксономиясы», Ховардтың «ертеңгі күннің мектебі», өзін-өзі реттеуші оқытуды жатқызады.

Білім беру технологиясының **екінші тобын** табиғатында немесе социумда **«еркін» тәрбие идеясын** басшылыққа алатындар құрайды, яғни білім беру процесін «балдан», оның қажеттілігін, мотивтерін, мүмкіншілігін, қабілетін ескеріп жобалау. Мұндай тектегі технологияларға Л.Н. Толстойдың «Яснополян мектебі», Ш.А. Амонашвилидің «отбасылық мектеп», гуманды-тұлғалық оқыту, А. Лобканың «бағытталмаған» оқытуы, А.С. Белкиннің вальдорфтік педагогика, автодидактика технологиясы, витагендік оқытуы жатады.

**Үшінші топ** — бұлар «мектептің өлуі» теориясына және «мектептің дескулизациялануы» идеясына арналып ашық және жасырын қалыптасқан технология. Негізінде мектепті оның нормаланған және формаланған оқытудың мазмұнын, күн және жыл режимін, оқытушы мен директор билігін,

балаларды жас және т.б. бойынша бөлудің сыныптық формасын сынау идеясы жатыр. Мұндай артықтығы бар «мектептікті» және мектеп формализміне білім беру институты ретінде: дереккөздермен оқыту, шоғырландырып оқыту («бату»), парктік технология (дрейф-топ), кашықтықтан оқыту, мәдени диалог мектебі, артпедагогика технологиясы және т.б. технологиялар жатады. Педагогикалық технологияның *төртінші тобын* техногендік деп атайды, оның негізінде тұлғаға оның әлеуетті танымдық мүмкіншілігінен босату мақсатында нейропсихикалық ықпал ету идеясы жатыр. Бұл топқа суггестия, ұйқыдағы оқыту, биоритмологиялар негізінде оқыту, аутотренингтер, эниологиялық оқыту және т.б. аз зерделенген технологиялар жатады (В.С. Безрукова).

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК** – қойылған мақсаттарға жетуге мұғалімнен басқа ықпал етуші қалған факторларды бейтараптандыру жағдайында берілген мақсатты мүмкін болатын нәтижелерімен (мысалы, оқушының оқымағандық күйінен оқығандыққа көшуі) салыстыру арқылы оқу мақсаттарының іске асырылу дәрежесі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМА** – педагогикалық нысанның мәнін ашып түсіндіретін жетекші идеялар жүйесі, сондай-ақ көмегімен бөлектеніп алынған педагогикалық құбылысты, процесті немесе педагогикалық жүйені түсіну мен қайта құру тәсілдерін ашатын, принциптер мен әдістер жүйесі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰҒЫМ** – зерттеушінің педагогикалық құбылыстарды біртекті топқа жатқызуға мүмкіндік беретін белгілер жиынтығын логикалық анықтап, ерекшелігі ретінде педагогикалық құбылыстардағы сөз түрінде бейнелеу.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМДЫ БАСҚАРУ** – қойылған мақсаттарға бірлесе жетуге арналып бағытталған педагогикалық ұжымның күшін үйлестіру жөніндегі іс-әрекет; педагогикалық ұжымның психо-

логиялық жай-күйін шұғыл бағалай білу, ұжым мүшелерінің өзара іс-әрекеттерін қалпына келтіру, оң қарым-қатынастарды, жұмысқа көңіл күйін ынталандыру; ұжымдық ойлау мен пікірлер, мақсаттар, тілектер мен мотивтерді қалыптастыру, оқу қызметін бақылау, қол жеткен нәтижелерді бағалау және күш салу жөніндегі іс-әрекет.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФАКТОЛОГИЯ** – теориялық негіздер, зерделеу принциптері мен әдістері, талдау, педагогикалық деректерді сипаттау және оларды жүйелеуді қарастыратын педагогика әдіснамасының саласы.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФАКТОР (СЕБЕП-КЕР ШАРТ)** – басқа педагогикалық құбылыс пен процестің дамуының қозғаушы күші, себебі, немесе өзгеру тетігі ретінде көрінетін кез келген педагогикалық құбылыс.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФЕНОМЕН** – оның мәнін, табиғатын зерделеуге, өзгеру және көріну формасы ерекшеліктерін зерттеуге қолжетімді педагогикалық құбылыс.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФЕНОМЕНОЛОГИЯ** – педагогикалық феномендерді тану, зерделеу, талдау мен жүйелеу теориясы мен практикасы.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ (КӘСІБИ) ШЕБЕРЛІК** – педагогикалық іс-әрекетті меңгерудің жоғары деңгейі.

Педагогке оқушының оқу іс-әрекетін тиімді басқаруға және мақсатты педагогикалық ықпал мен өзара іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін арнайы білім, білік пен дағды, тұлғаның *кәсіби маңызды сапасының* кешені.

**Педагогикалық білік** – балалармен жұмысты ұйымдастыру мақсатын, принциптерін, жағдайын, амалдарын, формасы мен әдістерін сезіну негізіндегі практикалық әрекет жиынтығы.

Білік үш топқа ажыратылады: міндеттер қою мен жағдаяттарды ұйымдастырумен байланысты; ықпал ету мен өзара іс-әрекет

амалдарын қолданумен; педагогикалық өзіндік талдауды пайдаланумен.

**Кәсіби маңызды сапа** — тұлғаның қасиеті, жиынтығы осы іс-әрекетке ықтимал немесе өзекті қабілеттерімен анықталады, ал оларды әлсірету кәсіби оқыту кезінде тұрақты қателесу әрекеттеріне және одан кейін — белгілі бір педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігін төмендетуге алып келеді. Кадрлардың кәсіби дайындық сапасын арттыру мақсатында Білім және ғылым министрлігі кәсіби шеберліктің (техникалық және кәсіби жүйедегі оқушылар, орта білімнен кейінгілер үшін) және «Жоғары оқу орнының ең үздік оқытушысы» (жоғары оқу орындарының қызметкерлері үшін) республикалық конкурстарын бекіткен.

**Кәсіби шеберлік конкурсының** негізгі мақсаттары мен міндеттері: кадрлардың кәсіби дайындық сапасын арттыру, техникалық және кәсіби мамандықтардың (кәсіптердің), ортадан кейінгі білімнің беделін арттыру, кәсіби білім жүйесін және республика кадрларын дайындауды насихаттау, дарынды балаларды анықтау және қолдау. Конкурсқа кәсіби мектептер мен колледждердің бітіруші курстарының оқушылары қатысады.

Конкурс бағдарламасы 7 конкурстық тапсырманы қосады:

- 1) «Деректеме карточка» — конкурсқа қатысушының өзіндік тұсаукесері (5 минут). 5 балдық жүйемен бағаланады;
- 2) «Тестілеу» — жалпытехникалық және арнайы пәндер бойынша білім (45 минут). 20 балдық жүйемен бағаланады;
- 3) «Кәсіби шеберлік» — тапсырманы орындау барысында жоғары кәсіби шеберлік көрсете білуі (20 минут). 30 балдық жүйемен бағаланады;
- 4) «Компьютерлік сауаттылық» — компьютерлік сауаттылықты меңгеруі бойынша тапсырмалар орындау (10 минут). 10 балдық жүйемен бағаланады;
- 5) «Спорттық шеберлік» — спорттық жарыс. 15 балдық жүйемен бағаланады;

6) «Қалыптан тыс жағдаят» — конкурсанттың жұмыс іздеу, жұмысқа орналасу міндеттерін, кәсіби міндеттерді шешу, өз бетінше шешім қабылдау білігін анықтауға мүмкіндік беретін ойындық психологиялық жағдаяттар (7 минут). 10 балдық жүйемен бағаланады;

7) «Кәнігі шебер» — конкурсанттың авторлық шығармашылығы, шығармашылық шешімнің бірегейлігі (4 минут). 10 балдық жүйемен бағаланады.

Әрбір конкурсқа қатысушының іс-әрекетін бағалау келесі критерийлермен жүзеге асырылады:

- 1) нақты кәсіп пен мамандық бойынша оқу, кәсіби білім беру бағдарламалары шеңберінде жалпы техникалық және арнайы пәндер мазмұнын білу;
- 2) кәсіби дайындық білігі мен дағдысын практикада қолдану;
- 3) біліктілік, шығармашылық бастама және ойлау бірегейлігі;
- 4) шығармашылық қабілеттері;
- 5) спортпен айналысуы.

Қазылар алқасы конкурс атауларын белгілейді, оның жеңімпаздарын анықтайды, «Бас бөйгені», бірінші, екінші және үшінші орындарды береді, оларды дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапаттайды. **«Жоғары оқу орнының ең үздік оқытушысы» конкурсы** ғылыми және педагогикалық іс-әрекетінде жоғары жетістіктері бар оқытушыларды марапаттау мен қолдау мақсатында белгіленген.

Жыл сайын 200 грант тапсырылады. Бір гранттың мөлшері сәйкесті бюджеттік жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген 2000 еселі айлық есептік көрсеткішін құрайды. Конкурсқа келесі талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады:

- 1) жоғары оқу орнының штатты оқытушысы;
- 2) 3 жылдан кем емес ғылыми-педагогикалық өтілі барлар;

3) ғылыми-педагогикалық іс-әрекетте жетістікке жеткендер.

Оқытушының ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттегі жетістіктері келесі критерийлермен бағаланады:

1) ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет, соның ішінде:

– академиялық, ғылыми дәрежесінің, ғылыми атағының болуы;

– іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулерге, халықаралық ғылыми жобаларға (бағдарламаларға, гранттарға), шаруашылық келісімшарттық жұмыстарға қатысуы;

– ғылыми жетістіктері (авторлық өнертапқыштығы және патенттері жайлы мәліметтер, нысанды интеллектуалдық меншік ретінде мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік, ғылыми өзірлемелер, ғылыми жариялымдар, республикалық және халықаралық конференцияларға қатысу);

– докторанттар, аспиранттар, адъюнкты, ізденушілер және магистранттарға жетекшілік етуі;

– студенттердің ғылыми-зерттеушілік және шығармашылық жұмыстарына жетекші болуы;

2) оқу-әдістемелік іс-әрекет, соның ішінде: – оқулықтар, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу мен басып шығаруға қатысу;

– оқу процесінде инновациялық технологияларды пайдалану;

– конкурсқа қатысушылар шеберлігін студенттердің бағалауы.

Оқытушының іс-әрекетін бағалау Министрлікпен анықталатын сапалық және сандық (соңғы үш жылғы) көрсеткіштерін есепке алумен жүзеге асырылады. Конкурс жеңімпазы Министрлікпен анықталатын форма бойынша Министрлікпен келісімшарт жасасады.

Грант оны жеңіп алушының жеке есепшотына бір мезгілде аударылады.

Грантты иеленуші Министрлікке грантты пайдалану туралы жылдық есеп береді: ғылыми-зерттеу немесе тағылымдаманын

орындалуы туралы, жылдық жоспарға – жұмыс кестесіне сәйкес растайтын құжаттары мен олардың нәтижесі.

Грант иегері оған құқығын жоғалтады және оны толық көлемде қайтаруға міндетті, егер:

1) жылдық жоспар-кестеде қарастырылған іс-шаралар грант иегерімен орындалмаса;

2) грант тапсырылған жыл ішінде грант иегері Қазақстан Республикасы аумағынан кетіп қалса.

Грант мынадай жағдайда қайтарылмайды, егер грант иегерінің жоспар-кестеде қарастырылған іс-шараларды орындамауы:

1) грант иегерінің өлімімен;

2) грант иегерінің еңбек қабілетін жоғалтуымен;

3) еңсерілмейтін күштермен негізделген болса.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ** – педагогтің жеке-даралығының, оның тәжірибесінің, дарындылығының, қабілеттілігінің және тұлғалығының, қиялы мен түйсігінің жоғары көрінісі. Кәсібилігі мен шеберлігінің жоғары өлшемі; мұғалімнің оқу-тәрбие процесінде тиімді және стандартты емес педагогикалық шешімдер әзірлеу мен орындауы, тәрбие мен оқытудың теориясы мен практикасын байытуы. Педагогикалық шығармашылық алдыңғы қатарлы инновациялық тәжірибеге, ғылым жетістіктеріне, педагогикалық шешім табудағы өз тапқырлығына сүйене отырып, максаттардың, құралдардың және нәтиженің тиімді арақатынасын іздеу түйсігі мен сипатының ықтималдығына негізделген.

**Интегралды сипаттары:**

– педагогте терең, жан-жақты білімнің болуы және оларды сыни өңдеу мен пайымдауы;

– теориялық және әдістемелік ережелерді педагогикалық әрекетке аудару білігі; – өзіндік жетілуі мен өз бетінше білім алу қабілеті;

– жана әдістер, формалар, амалдар мен құралдар әзірлеу және олардың бірегейлі үйлесімділігі;



– іс-әрекет жүйесінің диалектикалылығы, вариативтілігі, өзгермелілігі;

– қолдағы бар тәжірибені жаңа жағдайларда қолдану тиімділігі;

– өзінің жеке іс-әрекетін және оның нәтижесін рефлексивті бағалай білуі, педагог тұлғасының эталондық және жеке қайталанбас сипаттарын үйлестіру мен әзірлеуге негізделген кәсіби іс-әрекет стилін қалыптастыруға қабілеттілігі;

– білім мен түйсікке негізделген импровизацияға қабілеттілік;

– «веерлі нұсқаларды» көре білу білігі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЫНДЫҚ** – шынайы қызмет ететін педагогикалық процестер және адамның педагогикалық практикасында нақты орын алатын педагогикалық құбылыстар, олардың формалары, байланыстары мен қатынастары.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЫҚПАЛ ЕТУ** – педагогтің тәрбиеленушінің санасына, еркіне, эмоциясына, олардың өмірлік іс-әрекетін, оларда талап етілетін сапаны қалыптастыруға және тапсырылған мақсаттарға табысты жетуді қамтамасыз етуді ұйымдастыруға әсері.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ (ҚЫЗМЕТ)** – педагогикалық процесте тәрбиеленушінің тұлғасын тәрбиелеу, дамыту мен өзіндік дамыту, еркін және шығармашылық өзіндік көрінуі үшін тиісті жағдай жасауға арналып бағытталған кәсіби іс-әрекет.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ** – (дәстүрлі көзқарас; Н.Е. Щуркова жете зерттеуде) – педагогикалық өзара әрекетті жүзеге асырудың табыстылығын анықтайтын педагогикалық технологияның негізгі принциптері:

• **балалар мен жасөспірімдердің тәрбиелілік деңгейін ескеру** (тәрбиеленушінің адамгершіліктік білімі мен мінез-құлық деңгейіне сәйкесті талапты ғана қою);

• **баланың қоршаған ортаға қатынасын бағдарлау** (тәрбиеленушінің қандай да бір құбылысқа көзқарасы ғана оның істеген

әрекетінің өнегелі немесе өнегесіздік дәрежесін анықтайды);

• **шамалау принципі** (тәрбиеленушіге қатысты кез келген әсер немесе онымен әрекеттесу тиімділігі, егер сезім (эмоция) көрінісі, пайдаланылатын педагогикалық әсер тәсілдерінің, түрлері мен әдістерінің көптүрлілігі шамадан тыс болмауы ескерілсе ғана жоғары болады);

• **педагогикалық ұстанымның динамикалық принципі** (мұғалім мен оқушының, тәрбиеші мен тәрбиеленушінің педагогикалық ұстанымдары өзгермелі және өзара келісімді болуы керек: оқушы да, мұғалім де бірде әрекеттесу объектісі, бірде субъектісі ретінде әрекеттесуі мүмкін);

• **орнын толтырушылық принципі** (әрбір педагогта педагогикалық қабілеттердің толық жинағы бола бермейді, сондықтан туындаған мәселені шешуге анағұрлым әсерлі де, өзін толық көрсете алатын педагогикалық қабілеттерін қолдану қажет);

• **әсердің жаңалығы мен сонылығын қамтамасыз ету үшін педагогикалық амалдар мен әдістердің жиынын үнемі жанартып, толықтырып, кеңейтіп отыру қажет, тәрбиеленушімен болатын әрбір кездесуде жаңару және есте қалатындай әсер болуы қажет;**

• **мәдениеттанымдылық принципі** – педагогикалық іс-әрекет барысында шектес салалардың: өнер, медицина, психотерапия, т.б. қолданысындағы құралдарды, тәсілдерді, әдістерді пайдалануды көздейді;

• **сенсорологиялық принципі** – педагогикалық іс-әрекет технологиясына сәйкес, педагогикалық әрекеттесудің табыстылығы, оның қосымша сезімдік әсерлерді, яғни хош иісті, жылы түсті, жағымды дыбысты, т.б. ұтымды байланыстыра білуді көздейді.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭВРИСТИКА** – жеке ізденуі арқылы оқыту әдіснамасы, оқушы үшін мақсат қоюмен, соның негізінде ойлаудың өнімді-танымдық сапасын дамытуға арнайы құрылған жаңа оқу жағдаяттарында жаңа әрекеттер құрудың принципті заңдылықтарын зерделеу.

Оқушыны нақты шығармашылыққа дайындауға карағанда эвристикалық іс-әрекетті оқу материалына имитациялайды. Білімнің пәндік мазмұнынан басқа мегапәндік енгізіледі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭРУДИЦИЯ** – мұғалімнің педагогикалық міндеттерді шешу барысында икемді пайдаланатын қазіргі заманғы білім қоры.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКА** – тұтас педагогикалық процесс жағдайында адамгершіліктің қызмет ету ерекшелігін көрсететін этиканың құрамдас бөлігі; мұғалімнің адамгершілікті іс-әрекетінің алуан түрлі аспектісі туралы ғылым.

Нысанасы адамгершіліктің педагогтің санасында, мінезінде, қатынасы мен іс-әрекетінде көріну заңдылығы болып табылады.

**ПЕДАГОГТИК БІЛІМ БЕРУГЕ ҚҰЗЫРЛЫҚ ТҮРҒЫСЫНАН КЕЛУ** – мұғалімнің кәсіптік-педагогикалық қызметінің жоғарғы деңгейі мен нәтижелілігіне кепілдік беретін арнайы, ортақ және өзекті біліктіліктердің негізінде мақсаттарды, мазмұнды іріктеудің, мұғалім даярлауды ұйымдастыру мен технологиялық жағынан қамтамасыз етудің біртұтас жүйесі.

**Функциялары:**

- қазіргі «педагогикалық мәдениет», «педагогикалық шығармашылық» деген түсініктерге сәйкес келетін, педагогикалық білімділік және іскерлікте кәсіптік тұрғыдан көрініс табатын номенклатура мен даму логикасын нақты анықтауға мүмкіндік береді;
- педагогикалық білім беру мазмұнын құрылымдау бағытын нақты анықтауға мүмкіндік береді;
- өзекті, жалпы және арнайы біліктілікті анықтау болашақ маманды даярлаудың барлық кезеңіндегі кәсіптік-педагогикалық біліктілік деңгейін өлшеудің нақты және диагностикалық тексерілген жүйесін дайындауға мүмкіндік береді;

педагогикалық білім беру жүйесінде инновациялық процестердің дамуына оң ықпал етеді.

**Принциптері:**

- *диагностикаланғыштық*, яғни мінез-құлқы мен ойлауының болжанған нәтижеге жетуге бағытталуы;
- *кешенділік, пәнаралықтық* – білімділік сияқты сыртқы және қоршаған орта факторлары мен әсерлерін есепке алу;
- *көпфункционалдылық*: құзыреттілік тек ептілік қасиетімен ғана сипатталып қоймай, міндеттер жиынтығын шешуге қабілетті екендігін көрсетеді.

Құзырлық көзқарас педагогикалық білім беру мазмұнын жанартудың құралы ғана емес, оны қазіргі талаптарға сәйкестендірудің тетігі болып табылады. Ол мұғалімді даярлау процесін ұйымдастыруға айтарлықтай түзетулер енгізеді, оған әрекетшіл, тәжірибеге бағытталған сипат береді.

**Құрамдас бөліктері:**

- *аксиологиялық*, іріктелетін, талқыланытын, сыни бағаланатын, қабылданатын және сол арқылы адамның рухани дүниесінің құраушылары ретіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар;
- *мәдениеттанушылық*, адамның тіршілік әрекеті өтетін (академиялық, сауықтыру, креативті және т.б.) мәдениеттің әр түрлі салаларын; кәсіптік іс-әрекетіне қажет жалпымәдени қабілеттерін; ұлттық мәдениеттің құндылықтары мен дәстүрлерін және оларды сақтау, жаңғырту, жанартуды көрсетеді;
- *өмірдегі шығармашылығы*, нақты оқиғаларды ұйымдастыру және бастан өткізу қабілетін, өмірдегі тұрмыстық жағдайды өзгерту мен жетілдіруге даярлығын, шағын қауымды түрлендіруді болжайды;
- *адамгершілік-эстетикалық*, тәжірибе жинақтау ретінде түсіндіріледі: эмоционалды маңызды жағдаяттарды сезіну және басынан өткеру; адамгершілік іс-әрекетті; қайырымдылық шараларын ұйымдастыру; жақын жандарға қамқорлық; басқа адамдарға шыдамдылық; өзіндік бағалау;

• **азаматтық**, қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуын, азаматтық сезімінің байқалуы, адам құқықтарын қорғау, азаматтық іс-әрекет тәжірибесінің қалыптасуын білдіреді. Педагогикалық құзырлықтың базалық құрамын маңызды (әлеуметтік, коммуникативті, жалпымәдени, когнитивті) және жалпы (тілдік, сөздік, валеологиялық, экологиялық және т.б.) құзырлық құрайды. Алайда, педагогикалық қызметтің көп-функциялылық сипатын көрсетуде олар жеткіліксіз.

Бірқатар қосымша педагогтік құзырлықтарды бөліп көрсетуге болады:

• **ақпаратты пәндік және пәнаралық, психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік**, оқытылатын немесе шектес пәндер саласындағы біліммен ғана шектелмейді, жас ерекшелік және жалпы психология, даму психологиясы саласындағы және т.б. оқытудың жеке әдістемесі, жалпы педагогика, сол сияқты алған білімдерді пән мазмұнында қайта құру машықтығын, қажет ғылыми түсініктерді қалыптастырады, ғылымның зерттелетін саласындағы негізгі процестер және құбылыстар қамтамасыз етіледі. *Құзырлық көзқарас* дегенде мұғалім жалпы, пәндік, өзекті біліктілік түрлерін және оқу пәнін оқытудың қай сатысында қалыптасатыны туралы білуі және оларды қалыптастыру машықтығын меңгеруі тиіс;

• **сындарлы-технологиялық** — мұғалімнің оқу іс-әрекетін жоспарлауының негізгі түрлерін, оқытудың қазіргі технологияларын білуі, білім беру қызметінің әр түрін құрылымдау мен жүзеге асыру білігі және қабілеттілігі;

• **амалдық-педагогтік** — мұғалімнің білім беру процесін жоғары кәсіптік-педагогикалық деңгейде қамтамасыз ететін білім берудің жоғары нәтижесіне жетуде оқытудың арнайы технологияларын, әдістері мен тәсілдерін білуі және меңгеруі;

• **рефлексивті-педагогтік** — мұғалімнің өзінің педагогикалық іс-әрекетімен байла-

нысты процесті және нәтижесін сыни бағалау іскерлігі, оған қажет өзгерістерді енгізуі;

• **квалиметриялық** — мұғалімнің оқушының оқу жетістігін өлшеудің маңызды, нақты, тиімді құралдарын дайындау және қолдануы тек қана бақылауға бағытталмай, сонымен бірге білім беру, дамыту, дәлелді-ынталандыру, түзету және тағы басқа қызметтерге бағыттау шеберлігі;

• **креативті**, көп жағдайда түйсік деңгейінде іске асатын, педагогикалық іс-әрекеттердің шығармашылық процестерімен байланысы. Мұғалімнің креативті құзырлығы оның педагогикалық шығармашылық іс-әрекеттерінің заңдарын білуді, білім беру мен тәрбиелеудің жана түрлерін құрылымдау шеберлігін, олардың нәтижелілігін өлшеуді, қажетті түзетулер енгізуді, жетістіктерді педагогикалық тұрғыдан түсіндіруді жүзеге асыруды, баяндама, хабарлама жасауды, тәжірибе алмасуға қатысуды және т.б. білдіреді.

**Мұғалімнің психологиялық-педагогикалық құзырлығын қалыптастыру жүйесінің негізгі буындары:**

- 1) педагогикалық білім беру мазмұнын құзырлық көзқарас негізінде құрылымдау;
- 2) білім беру процесін рейтингтік жүйе негізінде ұйымдастыру білім берудің әрбір модулінде кәсіптік-педагогикалық дайындық нәтижесін нақты қадағалауға, сонымен қатар өзекті, жалпы және арнайы құзырлықты қалыптастыруға мүмкіндік береді;
- 3) оқу курстарын қазіргі білім беру технологиялары негізінде тәжірибелік-бағытталған және іс-әрекеттік жолдарды ескере отырып жүзеге асыру қажет;
- 4) педагогикалық практиканы ұйымдастыруда кәсіптік құзырлық, сонымен қатар өзекті, жалпы және арнайы құзырлықты қалыптастыру студенттің жинақтаған тәжірибесі шынайы педагогикалық іс-әрекеттері жағдайында ескерілуі қажет;
- 5) болашақ мұғалімнің өнімді кәсіби жұмыстарды орындауы креативті құзырлы-

ғын дамытуға бағыттала отырып, әдеби дереккөздерді проблемалық талдауға бағытталған икемділігін қалыптастыру, зерттелетін мәселе бойынша мұғалімнің тәжірибесіне арналған басылымдарды жедел талдау, қазіргі білім беру технологиялары негізінде өзіндік педагогикалық іс-әрекетті құрылымдау, рейтинг, реттеу (ранжирование), педагогикалық тәжірибе әдістерін, диагностикалық өлшеу және оларды өңдеу әдістерін қолдануы;

б) мемлекеттік аттестаттық емтиханның түрі мен мазмұнын қазіргі психологиялық-педагогикалық ғылымдарының жетістіктері және олардың білім берудің әдістемелік курсына түсіндірілуі, сонымен қатар білім берудегі біліктілік тәсілі негізінде дайындау.

**Білім беру процесінде педагогикалық біліктіліктерді қалыптастыру кезеңдері:**

**I кезең** — жалпы орта білім беру ұйымдарында негізі қаланатын ғылым саласындағы ақпараттық біліктілікті қалыптастыру; қаралып отырған курстың мазмұнымен байланысты біліктіліктің әрекеттік, процессуалдық құрамын — ептілік пен дағдыларды меңгеру бір мезгілде жүзеге асырылады.

**II кезең** — университет ұсынған жоғары білім алу мүмкіндігін түсіну, осы мүмкіндіктің құндылығын бағалау, педагогикалық білім алуға түрткі болатын уәж жүйесін қалыптастыру.

**III кезең** — педагогикалық даярлық блогын өту (бұл жағдайда білім берудің рейтинг жүйесі бойынша), өздерінің кәсіптік мүмкіндіктерін (дидактикалық ойындарда, педагогикалық практика кезінде мұғалімдер мен жоғары курс студенттері өткізген сабаққа қатынасу мен талдау барысында) бір мезгілде байқаудан өткізу. Осы кезеңдегі дайындыққа тұлғалық-бағдарлылық, іс-әрекеттік тұрғысынан келу студенттердің педагогикалық біліктілік негізін меңгеру процесін оңтайлы етуге, өзіндік бағалау жүйесін, өзіндік білім алу және өзіндік түзетуді енгізуге мүмкіндік береді.

**IV кезең** — педагогикалық тәжірибе процесінде кәсіптік-педагогикалық біліктілікті жүзеге асыру тәжірибесін меңгеру, студенттің жұмыс жасау барысында біліктіліктің кейбір құрамдас бөліктерін меңгерудегі өзі байқаған кемшіліктерін түзету.

**V кезең** — дамуы өткен кезеңдерден бастау алғанмен, кәсіптік жұмысын орындау барысында сұранысқа ие болған педагогикалық біліктіліктің шығармашылық аспектілерін игеру. Жобалау, жұмыстың теориялық бөлімі алдыңғы кезеңде жобаланғанмен, негізгі салмақ (жүктеме) — зерттеудің эксперименттік бөлімі — педагогикалық тәжірибе кезеңіне түседі. Студент қысқа мерзімді (10–12 сабақтарға) педагогикалық экспериментті жобалайды және іске асырады, кіріспе және қорытынды диагностика негізінде оның тиімділігін анықтайды, оқушылар арасында жас маманның педагогикалық іс-әрекетін және оның байқаудан өткізіп отырған технологияларын бағалау сауалнамасын өткізеді, математикалық статистикалық әдістерін қолдана отырып, өткізілген диагностикалық зерттеулердің нәтижесін өңдейді, алынған нәтижелерге педагогикалық түсінік береді. Бұл педагогикалық біліктілікті меңгерудің, сондай-ақ өзінің педагогикалық қызметке «жарамдылығын» тексерудегі маңызды және басты кезең.

**VI кезең** — студенттердің дипломдық жұмысын қорғау (бітіруші мамандық) және мемлекеттік аттестаттау емтиханын тапсыру түріндегі кәсіби-педагогикалық даярлықтарын қорытындылау.

**ПЕДАГОГТИҢ БЕДЕЛІ** — оқушыға (студентке) шешім қабылдауға, бағалауға, кеңес беруге құқық беретін, педагогтің әсерін анықтайтын ерекше педагогикалық ұстаным; мұғалімнің қасиеттері маңыздылығын білім алушылардың тануы және осының негізінде оның тәрбиелік, сонымен қатар білім берушілік ықпалының күші.

Осы қасиеттердің қатарына: білімділігі, педагогикалық шеберлігі, теорияны практи-

камен байланыстыру іскерлігі, оптимистігі, әділеттілігі, азаматтық ұстанымы, қоғамдық идеялары және қоғамдағы орны жатады. Шынайы беделден, әр түрлі формаларды қабылдайтын: беделмен басу, айғайлау, үстемдік ету, өтірік қамқоршы болу мен достық - жалған беделді айыра білу керек.

**ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ МЕН-ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ** – қазіргі уақытта мұғалімнің өзін қалай көруі мен бағалауынан тұратын мұғалім тұлғасының Мен-тұжырымдамасы («көкейкесті Мен»); мектептегі алғашқы кезеңдегі жұмысы бойынша мұғалім өзін бағалауы («ретроспективті Мен»); мұғалімнің қандай болғысы келетіні («идеалды Мен»); мұғалімнің көзқарасы бойынша басқа адамдар қалай қарайды – оның әріптестері, оқушылар және т.б. («рефлексивті Мен») туралы мұғалімнің мен-тұжырымдамасы бөлімі.

**ПЕДОЛОГИЯ** – балаларды оқыту мен тәрбиелеу барысында психологиялық, анатомия-физиологиялық, биологиялық және әлеуметтік әдістерді жалпылама пайдалануға талпынатын ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. ортасындағы (С. Холл, П.П. Блонский және т.б.) педагогика мен психологиядағы ағым. Құнды эмпиристік материал жинақтаған, алайда КСРО-да буржуазиялық ғылым ретінде қате бағаланды және тыйым салынды (БКП(б) ОК-нің 1936 жылғы «Наркомпрос жүйесіндегі педагогикалық бұрмалаушылықтар туралы» қаулысы), нәтижесінде педагогикалық және жас ерекшелікті психология, психодиагностиканың табиғи даму барысы бұзылды, ғылымның оқыту мен тәрбиелеу процесінде бала тұлғасына деген назары әлсіреді.

**ПЕРСПЕКТИВАЛАР (КЕЛЕШЕК)** (осы мағынадағы ұғымды А.С. Макаренко енгізген) – тәрбиеленушіні бірлескен іс-әрекетке тартуға қабілетті мақсаттар.

Олар *жақын* (тәрбиеленуші ұжымнан жетістік үшін елеулі күш пен уақытты талап етпейтін, «ертеңгі қуаныш»), *орта* (үлкен күш пен уақытты талап ететін) және

*алыс* (жетістігі барлық ұжымнан көптеген күш, уақыт талап ететін күрделі мақсаттар) болып бөлінеді.

**ПИКТОГРАФИЯЛЫҚ ЖАЗБА (СУРЕТ-ТІ ЖАЗУ)** – заттар мен әрекеттер олардың суретінің үйлесу көмегімен бейнеленген қарадүрсін суретті жазба. Оқыту амалы ретінде, атап айтқанда, тарих сабағында пайдаланылады.

**ПИЛОТАЖДЫ ЗЕРТТЕУ** – қарастырылған негізгі зерттеудің дұрыстығын, оның ойын, болжамы мен әдісін, жоспары мен бағдарламасын тексеруге арналған кейбір проблемаларды алдын ала зерттеу.

Ол жағдаяттың тиімділігін, зерттеудің орны мен уақытын тексеруге мүмкіндік береді. Пилотажды зерттеуде болашақ эксперимент тыңғылықты нақтыланады.

**ПОЛИКУЛЬТУРИЗМ (КӨП МӘДЕНИЕТТІЛІК)** – білімді мәдени плюрализм принципіне, сол қоғамды құрушы барлық этникалық және әлеуметтік топтардың тең құндылығын және тең құқылығын тануға, адамдарды ұлттық белгілері немесе діни көзқарастарына, жынысы мен жасы бойынша кемсітушілікке жол бермеуге құру.

Білім беруде қоғамның алуан түрлілігін оның дамуына пайдалы факторларына аударуға көмектеседі, адамның өмір сүрудің өте жылдам өзгеретін жағдайына тез бейімделуін қамтамасыз етеді, оған дүниенің аса көп қырлы көрінісін қалыптастыруға көмек береді. Ғаламдық білім беру диалог контексін әлемдік деңгейге дейін кеңейтеді.

**Көп мәдениетті білім** – әр алуан этникалық топтың мәдениеті мен жалпы ұлттық мәдениеттің білім мазмұнында көрініс табуы. Білім мазмұнының төрт үлгісі бөлектеніп көрінеді (А, В, С, D) (Д. Бэнкс). Қазіргі заманғы мектептегі курстардың көпшілігі **А** үлгісінде құрылған (англо-американдық әдіс).

**В** үлгісі білім мазмұнын реформалау процесі ретінде көп мәдениетті әдіске негізделеді (этникалық компонент англо-

американдық болып қалатын негізгі мазмұнды толықтырады).

С үлгісінде құрылған курстарда оқушылар әр түрлі этникалық топ көзқарасы тұрғысынан тарихты және әлеуметтік оқиғаны оқып біледі. Англо-американдық көзқарас немесе көпшіліктің көзқарасы, бұл кезде басқаларға қатынасы бойынша біртәртіпті болып келеді.

Д үлгісі білім беру мазмұнын реформалаудың соңғы мақсаты ретінде қарастырылады. Оқушылар тарихи және қазіргі заманғы оқиғаларды көп ұлтты болашақта басқа мемлекеттерде тұратын этникалық топ ұстанымынан оқиды. Д үлгісі көп мәдениетті білім беруді ғаламдықпен бірігуі үшін көп мүмкіндік жасайды.

Тұжырымның негізін көп мәдениетті мазмұн құру барысында басшылыққа алатын **23 ереже** құрайды. Олардың маңыздыларына жататындары:

- оқytудың бүкіл кезеңінде барлық оқылатын пәндерге этникалық мазмұнның кіріктірілуі;
- педагогтерді дайындау мен білімін жетілдірудің жүйеленген, бәрін қамтитын, міндетті және тұрақты әрекет ететін бағдарламаларының болуы;
- мектеп мәдениетін және оның оқытушылық бағдарламасын мәдениет пен балалардың – әр түрлі этникалық топ өкілдерінің когнитивті стилін көрсету үшін қажетті мөлшерде өзгерту;
- көп мәдениетті мазмұнның оқушы санасындағы тұрақты әрекет етуші идеалдар мен нақтылық арасындағы қайшылыққа көмегі;
- этникалық плюрализмді қолдаушы құндылықтар, қатынастар мен мінез тәсілдерін қалыптастырудағы көп мәдениетті білім берудің бағыты;
- көп мәдениетті білім мазмұны арқылы оқушылардың этникалық сұрақтар бойынша дұрыс шешімдер қабылдауға, сол үшін этникалық көп алуандылық тән қоғам өміріне тиімді қатысу үшін қажетті білік қалыптастыруға қабілеттерін дамыту;

- оқушыларды этникааралық қатынас саласында олардың жеке құндылықтарын айқындау тәсілдеріне оқыту;

- білімнің көп мәдениетті мазмұнымен мектепте оқытудың барлық кезінде және барлық пәндік сала мен курстарда қамту;
- пәнаралық жол табуы пайдалану;

- оқушыларға оқиғаны, жағдаятты және дауларды алуан түрлі этникалық ұстаным мен көзқарас тұрғысы негізінде қабылдауға және түсінуге көмек беру;

- ең аз дегенде, екі тілді немесе диалектінің менгеру, көп тілдікті құрметтеу мен тілдік этноцентризмді азайтуды қалыптастыру;

- көп мәдениетті мазмұнды жүйелі-деңгейлі жол табу негізіне арнап құрастыру.

Көп мәдениетті мазмұн үшін **ұғымды іріктеу критерийлері:**

1) тарихтың, мәдениеттің және бірқатар

американдық этникалық топтың қазіргі тәжірибесінің маңызды аспектілерін түсіндіруге септік ететін ұғымды есепке алу;

2) құбылыстың кең ауқымын қамтитын абстрактылықтың жоғары деңгейлі ұғымын пайдалану;

3) бірнеше саладан деректер мен жинақтауларды қосуға қабілетті пәнаралық ұғымды қолдану (С.У. Наушабаева).

**ПОЛИФУРКАЦИЯ** – фуркация принципі бойынша мектептің жоғары сынып оқу жоспарын құру, мұнда аса үш арнайы оқу циклдері бөлектеніп көрсетіледі және басты назар бағдарлы пәндерге аударылады.

**ПОРТФОЛИО** – оқушының белгілі бір оқу кезеңінде жеке жетістіктерін тіркеу, жинақтау және бағалау тәсілі.

**ҚҰЖАТТАР ПОРТФОЛИОСЫ** – сертифициатталған жеке білім беру жетістіктері іс-қағаздарының жиыны.

**СЫН-ПІКІР ПОРТФОЛИОСЫ** – оқушылардың мұғалімдермен, ата-аналармен, мүмкін сыныптастарымен, қосымша білім беру жүйесі қызметкерлерімен және т.б. ұсынылған алуан түрлі іс-әрекетке қатынас сипаты, сондай-ақ оқушының өзінің нақты

іс-әрекетін және оның нәтижесін өзінің жазбаша талдауы.

**ЖҰМЫС ПОРТФОЛИОСЫ** – оқушының әр түрлі шығармашылық, жобалық, зерттеушілік жұмыс жинағы, сондай-ақ оның оқу және шығармашылық белсенділігінің негізгі формасы мен бағытын сипаттау.

**ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ** – қандай да бір пәндерді тереңдетіп оқытуға арналған оқу сабағының формасы.

«Практикалық сабақ» термині педагогикада *зертханалық жұмыс, жаттығу*, оның алуан түрлілігімен *семинарлар* түрлерін қосатын тектік ұғым ретінде пайдаланылады. Дәрісханадағы практикалық сабақтар студенттерге берген білімді оқытушылармен бірлескен іс-әрекетте практикалық міндеттерді шешу үшін қолдану дағдысын қалыптастыру аса маңызды рөл атқарады. Практикалық сабақтар олардың алуан түрлілігінде академиялық жүктеменің ең көлемді бөлігі болып табылады. Төменгі курстардағы практикалық сабақтар әрбір дәрістен немесе екі-үш дәрістен соң өткізіліп, жүйелілік сипат алады. Түгелдей барлық дәрістік курс оның негізгі, аса күрделі бөлігі дәрісте басталған жұмысты логикалық жалғастыратын *дәріс* және практикалық сабақ арқылы өтеді. Практикалық сабақтар сол білімді тереңдетуге, кеңейтуге және егжей-тегжей қарастыруға, кәсіби іс-әрекет дағдысын қалыптастыруға арналған; студенттердің ғылыми ойлауы мен сөйлеуін дамытады, олардың білімін тексеруге мүмкіндік береді, осыған байланысты жаттығулар, семинарлар, зертханалық жұмыстар жеткілікті түрде шұғыл кері байланыстын маңызды құралы болып көрінеді.

Практикалық сабақ жоспары – бұл пәнді оқыту жоспарының бөлігі. Әдеттегідей, ол кафедра мәжілісінде талқыланады және дәрістік курстың ғылыми идеясы мен жалпы бағытына жауап бере отырып, кафедраның барлық оқытушылары үшін жалпы болып табылады. Алайда бұл кафедра жоспа-

ры оқытушылардың бастамашылығы мен педагогикалық шығармашылығына байланысты болады дегенді білдірмейді. Практикалық сабақ әдісі оқытушының тәжірибесі мен әдістемелік тұжырымдамасына қатысты әр түрлі болуы мүмкін. Бұл әдістің студенттердің білім алуына, оқу жұмысында өз бетінше дамуына септігін тигізетіні маңызды.

Практикалық сабақтар теория мен практика байланысын жүзеге асырушы өзіндік форма қызметін атқарады. Практикалық сабақ құрылымы негізінен бірдей – оқытушының сөзі, материал бойынша қосымша түсіндіруді қажет ететін студенттердің сұрақтары, жеке практикалық бөлік, оқытушының қорытынды сөзі. Алуан түрлілік негізгі бөлікте, жеке практикалық бөлімде, рефераттар, баяндамалар, пікірсайыстар, жаттықтыру жаттығулары, есептер шешу, қадағалау, эксперименттер және т.б. пайда болады. Практикалық сабақтарда тек практикалық дағды, есептер шешу техникасын, графиктер құруды және т.б. қалыптастырумен шектеліп қалуға болмайды. Студенттер барлық кезде курстың жетекші идеясын көруі және оны практикамен байланыстыра алуы тиіс. Сабақ мақсаты тек оқытушыларға ғана емес, студенттерге де түсінікті болуы тиіс. Бұл оқу жұмысына өмірлік сипат береді, кәсіби іс-әрекет тәжірибесін меңгеру қажеттілігін бекітеді, оларды практикалық өмірмен байланыстырады.

Оқытушы сабақты барлық студенттер дұрыс және анық шешімдер іздеумен, нақты шығармашылық жұмыспен айналысудан босамайтындай етіп өткізуі тиіс. Әрбір студент «ашылуға», қабілетін көрсетуге мүмкіндік алуы керек, сондықтан сабақ жоспарын және жеке тапсырмалар дайындау барысында мұғалім әрбір студенттің дайындығы мен қызығушылығын есепке алуы тиіс. Оқытушы бұл кезде әрбір студенттің жұмысын қадағалаушы және дер кезінде педагогикалық сенімді көмек көрсетуге қабілетті,

студенттің дербестігі мен бастамасын ба-  
сып тастамайтын кеңесші рөлінде болады.  
**ПРАКТИКУМ** – білім саласының белгілі  
бір тақырыбын қарастыратын, зертханалар-  
да жасалған, оқушыға электронды түрде  
сақталатын, өңделетін және берілетін (*үлес-  
тік қолжетімді практикum*) модельдер  
жүйесі немесе оқушы жүргізген нақты эк-  
сперименттердің жиынтығы.

**ПРОБЛЕМА** – 1) шешуді, зерттеуді талап  
ететін күрделі сұрақ, міндет; 2) келешек-  
тегі зерттеулер саласын қамтитын тұжы-  
рымдалған ғылыми сұрақтардың орасан зор  
жалпыланған жиынтығы.

**Түрлері:**

- **зерттеушілік** – бір ғылыми пәннің ше-  
гінде және қолданудың бір саласында  
зерттеудің туыс тақырыптарының кешені;
- **ғылыми кешенді** – педагогиканың аса  
маңызды міндеттерін шешуге бағытталған  
ғылымның әр түрлі салаларындағы ғылы-  
ми-зерттеушілік тақырыптардың өзара  
байланысы;
- **ғылыми** – ғылыми-зерттеушілік жұмыс-  
тың тұтас немесе бөлігін қамтитын тақы-  
рыптардың жиынтығы: осы саладағы ғылы-  
ми немесе техникалық прогрестің әрі қарай  
бағытталуын қамсыздандыратын нақты  
теориялық немесе тәжірибелік міндеттерді  
шешуді қарастырады.

3) қандай да бір қиын шешілетін, орында-  
латын сұрақ.

**САПАЛЫ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАУ ПРО-  
БЛЕМАСЫ** – іріктемеде берілуге тиіс топ-  
тарды анықтау.

**ПРОБЛЕМАЛЫҚ ЖАҒДАЙ** – 1) адам-  
ның немесе топтың қызметі өрістейтін,  
қарама-қайшылығы бар және бір мағына-  
лы шешімі жоқ жағдайлар мен шарттардың  
арақатынасын белгілеу; 2) танымдық сұра-  
ныс жағдайы негізінде туатын ойлаудың  
пайда болуының психологиялық моделі.  
Қызмет процесінде қандай да бір қайшы-  
лықты түсіну (мысалы, алдыңғы меңгеріл-  
ген білім көмегімен теориялық немесе  
практикалық тапсырманы орындау мүмкін

болмағанда), пайда болған қайшылықты  
шешуге мүмкіндік беретін сол белгісіздің,  
жаңа білімнің қажеттілігін тудыруға әке-  
леді.

Пайда болған қайшылықты шешудің бас-  
тапқы буыны – адамның өзіне-өзі қойған  
туындаған қайшылықтың себептері туралы  
сұраққа жауап іздеуі. Сұраққа жауап іздеу  
қайшылықты шешуге және іздеуді орын-  
даған тұлғаның нәтижелі дамуына әкеледі.  
Осыған байланысты проблемалық жағдайға  
құрылған проблемалық оқыту дамытушы-  
лыққа жатады.

**ПРОЕКТИВТІК ӘДІСТЕР** – адам қызме-  
тінің өнімін зерттеуге бағытталған әдістер.  
Сыналушы жеткілікті құрылымданбаған  
(тәртіптелмеген) ынталандырушы матери-  
алға (түстер, ертегі кейіпкерлері, белгісіз  
формадағы дақ) өзінің түсінбейтін неме-  
се жасырынған сұраныстарын, кемші-  
ліктерін, күйзелістерін, мотивтерін бей-  
нелейді (немесе білдіреді) (Роршахтың  
«сиялы дақтар» тесті, Розенцвейгтің фру-  
страциялық тесті).

**ПРОГРАММАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР (ПРО-  
ГРАММАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ)** –  
аппараттық құралдарды басқаруды және  
ақпаратты өңдеу бойынша тапсырмаларды  
орындауды қамсыздандыратын бағдарла-  
малар жиынтығы.

**ПРОЕКТОР** – оқу, оқу-әдістемелік, ғы-  
лыми, тәрбиелік немесе әкімшілік-шаруа-  
шылық жұмысты басқаратын ЖОО басшы-  
сының лауазымы, ректордың орынбасары.  
**ПРОФЕССИОГРАММА** – берілген кә-  
сіптік қызмет үшін қажет психологиялық  
функциялардың тізімі.

Сонын негізінде кәсіптік жарамдылықты  
анықтау мен таңдау жүргізіледі.

**МҰҒАЛІМНІҢ ПРОФЕССИОГРАМ-  
МАСЫ** – оның біліміне, іскерліктері мен  
дағдыларына қойылатын талаптары тұрғы-  
сынан мұғалімнің толық біліктілік сипат-  
тамасына және тұлғасына, қабілеттіктеріне,  
психофизиологиялық мүмкіндіктері мен  
лайындық деңгейіне берілген құжат.



**ПРОФЕССОР** — жоғары ғылыми атак және жоғары оқу орнындағы оқытушының лауазымы, сондай-ақ осы лауазымда жұмыс істейтін осындай атағы бар тұлға.

Жоғары мектепте алғашқы болып «профессор» мәртебесі Оксфорд университетінде XIV ғасырда бекітілген. Бірқатар елдерде «штатты» (ординарный) профессор және «штаттан тыс» (экстраординарный) профессор атағы енгізілген болатын.

**ПСИХОЛОГИЯ** — адамның объективті шындықты түйсіну, қабылдау, ойлау, сезіну және психиканын басқа да процестері мен құбылыстары түріндегі белсенді бейнелеу процесін зерделейтін ғылым.

Психологияның салалары:

- **авиациялық** — психологияның ұшу қызметінің алуан түрлі психикалық ерекшелігін зерделейтін саласы;

- **жастық** — адамның психологиялық даму заңдылығын, әр түрлі психикалық процестердің және тұлғаның қасиеттерінің қалыптасуын зерделеуші психологиялық ғылым саласы;

- **балалық** — балалық шақты ерекше мәдени-тарихи феномен ретінде қарастыратын, сондай-ақ баланың психикалық дамуының қозғаушы күшін, жағдайын және тетіктерін зерделеуші білім саласы;

- **дифференциалды** — негізгі мақсаты адамдар және топтар арасындағы психологиялық айырмашылықтың негізгі көздері мен сипаттарын зерделеу болып табылатын пән; даралық-психологиялық айырмашылықты зерттеу әдісінің өзірлемесі; психологиялық мінез бен деректердің өзгергіштік диапазонын, сол диапазонды өзгертуге әсер етушілерді зерделеу;

- **зоопсихология** — жануарлардың психикасы туралы, осы деңгейде психикалық көріністің байқалуы мен заңдылықтары туралы ғылым; онтогенезде жануарлардың психикалық процестердің қалыптасуын, психиканың пайда болуын және оның эволюция процесінде дамуын, адамзат санасының пайда болуының биоло-

гиялық алғышарттары мен тарихын зерделейді;

- **инженерлік** — психологияның адам мен машина арасындағы ақпараттық өзара іс-әрекет процестері мен құралдарын зерттейтін саласы;

- **тарих** — психологияның психологиялық білім дамуын логикалық-әдістемелік проблема тұрғысынан, ғылыми мектептің, ғалым тұлғасының қалыптасуын, дамуын және күресін зерделейтін саласы;

- **клиникалық** — медициналық психологияның аурудың пайда болуы мен ағымын, аурудың тұлғаға әсерін, емдеу әсерінің психологиялық жағының психикалық факторларын зерделеуші саласы;

- **тұлғалық** — тұлғаның табиғатта, қоғамда және адамның жеке өмірлік жолында тууы, қызмет етуі, қалыпты және ауытқымалы дамуына арналып бағытталған адамтанудың теориялық және практикалық саласы;

- **медициналық** — психологияның гигиена, алдын алу, диагностикалау, жазуды сараптауды және ауруды емдеп шығудың психологиялық аспектісін зерделейтін саласы;

- **ұлттық** — этнопсихология, әлеуметтік психология, үлкен топтарды әлеуметтеу тоғысында пайда болған, ұлттық және этникалық сана-сезім ерекшелігін, ұлттық сипат проблемаларын, ұлтаралық қатынастар ағымын және заңдылықтарын зерделеуші ғылым саласы.

Ұлттық стереотиптер сияқты бұқаралық сана мен қоғамдық психология элементтерін; типтік ұлттық мінез туралы түсініктерді; этникалық топтар мен халықтар арасындағы әлеуметтік арақатынасты реттеуге қызмет етуші алуан түрлі жалған сенімдерді; этникалық қауымдастықтың, ұлттардың, халықтардың, аз ұлттардың өмір сүруін интеграциялау мен үздіксіздігін сақтап қалуына септік ететін дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын мәдениет ретінде қарастырады;

- **жалпы** — психологияның психологиялық білімді интеграциялаушы, теориялық және эксперименттік зерттеулерді қорытынды-

лаушы, психологияның психологиялық заңдылықтары мен теориялық принциптерін және әдістерін, оның негізгі ұғымдары мен санаттық құрылымын, олардың қазіргі жағдайын және тарихи дамуын зерделеуші бөлімі;

• **педагогикалық** — тұлғаның оның әр түрлі даму кезеңдерінде оқыту, тәрбиелеу ерекшелігін зерделейтін психологиялық ғылым саласы; тұлғаның танымдық қызметі мен қоғамдық маңызды сапасын қалыптастырудың психологиялық мәселелерін зерттейді; оқытудың оңтайлы дамытушылық тиімділігін қамтамасыз етуші жағдайы; оқушылардың жеке-даралық психологиялық ерекшелігін есепке алу мүмкіншілігі; педагогтер мен оқушылар, сондай-ақ білім беру ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас; педагогикалық қызметтің өз психологиялық мәселелері;

• **саяси** — әлеуметтік-саяси және экономикалық процестердің саяси әлеуметтеу заңдылықтарын, саяси феномендердің әлеуметтік-психологиялық және психологиялық зерттеулердің бағыттары мен әдістерінің психологиялық аспектісін зерделейтін білім саласы;

• **психофизиологиялық** — психологиялық процестердің физиологиялық және нейрондық тетіктерін, жағдайын және мінезін (соның ішінде сезіну, қабылдау, елестету, ойлау, эмоция, сезім, көңіл күй, мотивтер мен мақсаттар, ес, әрекетті бақылаушы оқыту процесі, сөйлеуі мен санасын қоса, сондай-ақ жартышараралық қатынас, диагностиканы және функционалдық жай-күйдің тетіктері, даралық айырмашылығы, нерв жүйесінде ақпаратты қайта өңдеу ретіндегі субъективті құбылысын) зерделейтін білім саласы;

• **әлеуметтік** — адамдардың оларды әлеуметтік топқа қосу деректерімен негізделген мінездері мен қызмет заңдылықтарын, сондай-ақ осы топтардың өз психологиялық мінездерін зерделейтін ғылыми пән. XIX ғасырдың екінші жартысына жататын: «ха-

лықтар психологиясы» (М. Лацарус, Х. Штантал, В. Вундат), «массалар психологиясы» (С. Сигеле, Г. Лебон), «инстинктердің әлеуметтік мінезі» теориясы (У. Макдугалл) өзіндік әлеуметтік-психологиялық тұжырымдама жасаудың алғашқы әрекеттері болды. Ғылым ретінде өзіне келесі бөлімдерді қамтиды: адамдардың қарым-қатынасы мен өзара іс-әрекеттерінің заңдылықтары; үлкен (кластар, ұлттар) және кіші әлеуметтік топтардың психологиялық мінездері; тұлғаның психологиясы; практикалық қосымшалар;

• **арнайы** — негізгі мақсаты сенсорлық, даралық және эмоциялық салада туа біткен немесе пайда болған ақаулары бар балаларда психологиялық даму нормаларынан ауытқудың алдын алу мен түзету болып табылатын пән;

• **шығармашылық** — шығармашылықтың теориялық және эксперименттік зерттеулерін қорытындылаушы жалпы және дифференциалды психология саласын басымдықпен зерделейтін, шығармашылық процестің жай-күйі мен тетіктерін қамтитын бірлескен психологиялық білім, құрылымның жалпы психологиялық заңдылықтарын, шығармашылық қызметті реттеу мен дамыту, сондай-ақ шығармашыл тұлғаның ерекшелігін, шығармашылық қабілеті мен оларды қалыптастыру жолдарының табиғатын зерделеуші ғылыми білім саласы;

• **еңбек** — адамның еңбек ету іс-әрекетінің нақты формасын және еңбекке деген қатынасын қалыптастырудың психологиялық заңдылықтарын зерделейтін ғылым; нысаны — индивидтің өндірістік және оның жұмыс күшін өндіру жағдайындағы іс-әрекеті;

• **басқару** — адамдардың алуан түрлі басқару жүйесіндегі мемлекетті, ұйымды, кәсіпорынды, мекемені, топты, ұжымды және т.б. басқаруды қоса алғанда, өзара іс-әрекеттерімен байланысты мәселелерді зерделейтін психологиялық ғылымның қолданбалы саласы; қызметі — алуан түрлі жағдай-

да тиімді басқарудың заңдылықтарын, тетіктерін, шарттарын және факторларын айқындау, басшылардың басқарушылық ойлауы мен қабілетін қалыптастыру және өнімді модельдерді, алгоритмдер мен технологияларды пайдаланып, ұжымның (қызметшілердің) тіршілік іс-әрекетін өздігінен, шығармашылықпен басқару;

• **этнопсихология** — адамдар психикасының этникалық ерекшелігін, ұлттық мінезін, ұлттық сана-сезімін қалыптастырудың және функциясының заңдылықтарын, этникалық стереотиптерін және т.б. зерделейтін пәнаралық білім саласы;

• **заңды** — адам қызметін құқық нормаларымен реттеудің психологиялық аспектісін зерделейтін пән.

**Теориясы және бағыттары:**

• **аналитикалық** — оны туыстық бағыт — З. Фрейдтің психикалық талдауынан ажырату мақсатында осы атауды берген швейцарлық психолог К.Г. Юнгтың көзқарастар жүйесі;

• **ассоциативтік (ассоцианизм)** — психологиялық процестерді, бәрінен бұрын ойлауды, ұғымдар ассоциациясына (2 мағынада) теңестіретін теория;

• **бихевиоризм (мінез-құлықтық теория)** — психологиялық құбылыстарды организм реакциясына алып келетін шетелдік психологияның бағыты, негізгі бірлігі деп стимул (S) мен реакцияның (R) байланысы (корреляция) санайтын сана мен мінездің теңдестірілуі.

Психологияның міндеті стимул мен реакцияның арасындағы бір мағыналы қатынастардың орнатылуын көре білу. Бұл американдық психолог Э. Торндайктің жануарлар мінезіне жүргізген зерттеуі негізінде XX ғасырдың басында қалыптасты;

• **гештальтизм (гештальтпсихология)** — психиканың алғашқы және негізгі элементтері сезіну емес, әлдебір психикалық құрылым, тұтас пайда болу (гештальттар) деп санайтын шетелдік психологияның сенсуалистік бағыты;

— **гештальт** — тұтасты, оның өзгеруші бөлігін ұйымдастырудың тұрақты тәсілі;

— **гештальттерапия** — гештальтпсихология теориясына негізделген адамға психотерапиялық әсер етудің әдістері мен ресімдер жүйесі. Негізгі қағидаттары — адамның өзін, басқа адамдарды және барлық қалған дүниені сол қалпында сөзсіз қабылдауы; адамның дәл сол мезгілдегі жай-күйін өзгерту мен жақсартуды талап етпейтін толық жетілген деп қабылдау және бағалау;

• **терең (А. Адлер) даралық** — индивидте әруақытта өзін кемшілікте сезіну кешенінің болатындығы туралы тұжырымдамаға сүйенеді және одан арылуға ұмтылушылық тұлғаның іс-әрекеті мотивациясының басты көзі ретінде есептейді;

• **гуманистік (К. Роджерс, Р. Барт, Ч. Ратбоун, т.б.)** — тұлғаның өзінің басты заты деп бірегей тұтас жүйе ретінде шығармашылық мүмкіншілікке рухани бастаудың ашылуын танытын батыс психологиясының (көбінесе американдық) бағыттары;

• **когнитивтік** — міндеті адам мінезіне білімнің шешуші рөлін дәлелдеу болып табылатын XX ғ. психологиясындағы бағыт;

• **сындарлы** — А.Н. Леонтьевтің қызмет теориясынан шығатын және тұлғаның, әлеуметтік қауымдастықтың (класс, әлеуметтік топтар, т.б.) социогенез психикасын зерттеуші XX ғ. 60–70-жылдар аралығында (К. Хольцкамп, У. Хольцкамп — Остеркамп, П. Кайлер, т.б.) пайда болған бағыт;

• **психикалық талдау (фрейдизм)** — адам өмірі мен адамзат дамуындағы санасыздықтың рөлін, сондай-ақ психикалық ауруларды емдеу әдістерін түсіндіретін болжамдар мен теориялар жиынтығы; материалдық процестерді және сана сыртында жатқан ерекше, мәңгі психикалық күштерді басқаруды қатар қарастыратын психикалық талдау теориясы мен әдістері;

• **трансактілі талдау** — американдық психолог және психиатр Э. Берн 1950 жылдары әзірлеген психологиядағы бағыт. Үш жағдайда (компоненттер) *Мен — ата-ана,*

*ересек адам және бала* негізінде мінезді түсінудің ұтымды әдісі.

Әрбір компонентте қабылдаудың, алынған ақпаратты талдау мен шындыққа серпілісінің жеке тәсілдері сәйкес келеді. Әрбір компоненттің мінезді реттеудің жағымды да, жағымсыз да жақтары болады. Саналы тұлғаның қалыптасуы, Берннің айтуынша, ең бастысы, «Ересектің» толыққанды әрекет етуін ресімдеумен байланысты.

Мұғалімнің жұмысында трансактілі жол табу оның трансактілі талдау заңы бойынша өзінен оларға және олардан өзіне қарым-қатынас құра білуінен көрінеді, тәрбиеленушілермен үш психикалық жағдай негізінде өзара іс-әрекет жағдаятын талдау, оған олармен қарым-қатынастың өзгешелігін түсінуге көмек береді;

• **эксперименттік** — эксперименттік әдістер арқылы психикалық құбылыстарды зерттеудің алуан түрлерінің жалпы атауы.

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКА (ПСИХОДИАГНОСТИКА)** — дәлелденген ақпарат алуға мүмкіндік беретін, ғылыми тексерілген әдістер көмегімен адамның психологиялық қасиетін, процестерін, жай-күйін бағалаудың теориясы мен практикасы.

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ** — психологиялық ғылыми деректерді пайдаланып жаңа педагогикалық білім процесін зерделеу мен қалыптастыру нәтижесі (қ. *Педагогикалық (диссертациялық) зерттеу*).

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ** — педагогикалық қызметтің заңдылықтары мен маңызды байланыстары туралы түсінік беретін психология-педагогикалық білімді ұйымдастыру формасы. Қазіргі уақытта дәстүрлі педагогиканы жетілдіруге арналып бағытталған теориялар жеткілікті көлемде әзірленген, солардың арасында аса белгілілері болып табылатындары мыналар:

• **бейімделу технологиясы** — оқытудың дәстүрлі формасымен қатар ауысымдық

құрамда жұппен жұмыс жасауды пайдалануды көздейтін жаңа педагогикалық технологияларға ауысу модельдерінің бірі;

• **танымдық қызметін белсенді ету (оқыту процесін белсендіру)** — оқытудың формасы мен әдісін дәстүрлі ұйымдастыруды жаңарту және оқушылар қызметі белсенділігін қамтамасыз ететін әр түрлі әрекеттер; әрбір оқушы белгілі бір рөлдік тапсырма алады, оған көпшілік алдында есеп беруге тура келеді, болмаса оның іс-әрекетіне топ алдына қойылған танымдық міндеттердің сапалы орындалуы байланысты болады, оқу процесін осылай ұйымдастыруды көздейтін ОТТ жетілдіру жолдарының бірі. Өзіне оқушылардың оқу іс-әрекетін ынталандыруды қосады;

• **ассоциативті-рефлекторлы** — бас миының шартты-рефлексті қызмет заңдылықтары негізіне сүйенетін теория. Осы теорияға сәйкес білімді, білікті және дағдыны меңгеру алуан түрлі ассоциация санасында білім беру процесі ретінде жүзеге асырылады. Бұл білім өзіне қабылдауды, ұғынуды, есте сақтауды және алынған білімді іс жүзінде қолдануды қосады. Ұғыну бұл процестің орталық буыны болып табылады;

• **оқытудың бихевиористік жүйесі:**

**1-кезең** — оқушылардың бақылаушылық іс-әрекет жиынтығы түрінде оның мүдделі эталонын нақты анықтау негізінде оқытуды **жоспарлау**.

**2-кезең** — **диагностикалық**, оқытудың басталған нүктесін, яғни қадағаланатын іс-әрекеттің «базалық» деңгейін бағалауға арналады. Бұл кезеңде әрбір оқушы білім, білік және дағды деңгейін анықтау мақсатында алдын ала тестілеуден өтеді.

**3-кезең** — **рецептура**, яғни оқыту процесінің мүдделі нәтижесін «бағдарламалау», оның шартын анықтау және талап етілетін қалыптастырушы ғылыми әсерді іріктеу.

**4-кезең** — белгіленген жоспарды **іске асыру**: оқыту шартын ұйымшылдықпен қамтамасыз ету, оқушыларға оқыту мақсаттарын түсіндіру, мінез-құлықтық тренингтің

қарастырылған технологиясын әрекетке енгізу.

**5-кезең** — оқу процесінің нәтижесін *бағалау* және оларды бастапқы белгіленген эталонмен салыстыру, яғни танымдық алға жылжуды айқындау үшін келесі тестілеу;

• **оқытуды (тәрбиелеуді) даралау және саралау** — оқытудың дәстүрлі формалары мен әдістерін манипуляциялауды көздейтін тұтастай алғанда ОТТ және жеке алғанда сыныптық-сабақтық жүйені жетілдіру бағыттарының бірі, оның идеологтарының пікірі бойынша оқушылардың дара ерекшеліктерін есепке алуды қарастырады; не ОЖТ, не ОҰТ жағдайларында болуы мүмкін (қ. *Білім беруді саралау, Оқытуды даралау*);

• **контексті** (А.А. Вербицкий өзирлеген) — болашақ кәсіби еңбектің пәндік және әлеуметтік мазмұны қосылатын оқыту және сонысымен студенттің оқу іс-әрекетін маманның кәсіби қызметіне ауыстыру қамтамасыз етіледі. Маманның қызметті меңгеруі өзге сапалы оқу іс-әрекет шеңберінде және құралдармен қамтамасыз етілуімен тұжырымдалатын кәсіптік оқытудың негізгі қарама-қайшылықтарын жеңіп шығуға мүмкіндік береді. Бұл қарама-қайшылықты студенттің іс-әрекет қозғалысының динамикалық үлгісін іске асыру: жеке кәсіби іс-әрекетіне жеке оқу іс-әрекеті (мысалы, лекция түрінде), квазикәсіби (ойын түрінде) және оқу-кәсіби (студенттердің ғылыми-зерттеушілік жұмыстары, өндірістік практикасы, т.б.) есебінен жеңіп шығады;

• **тұлғаға бағытталған оқыту** — оқушылардың субъективті іс-тәжірибесін есепке алуды көздейтін гуманистік психология доктринасына негізделген ОТТ жетілдіру бағыттарының бірі (қ. *Тұлғаға бағытталған оқыту*);

• **модульдік** — ОҰТ қалыптасуы мен құрылуына жағдай жасайтын және теориялық материалды іріленген блок-модульдермен оза оқытумен, оқу іс-әрекетін алгоритмдеумен, таным және іс-әрекеттердің басқа

циклдерінің аяқталғанымен және келісілгендігімен, сондай-ақ оқыту мен оқытушы іс-әрекеттерді деңгейлік даралау және саралаумен сипатталатын оқытудың ауыспалы модельдерінің бірі.

**Жетекші принциптері:**

— *модульдігі* — оқу материалының бірлігін құрудың тұтастығы және аяқталғандығы, толықтығы мен қысқалығы, оның ішінде оқу материалы оқу элементтерінің жүйесі түрінде құрылымдалады;

— *оқыту мазмұнын оңашаланған элементтерге құрылымдау*;

— *динамикалық, өсушілік*;

— *іс-әрекет*;

— *ікемділік*;

— *болашақты ұғыну*;

— *әдістемелік кеңес берудің жан-жақтылығы*;

• **тең құқылық, бірдейлік**;

• **оқу-тәрбие процесін оңтайландыру** (Ю.К. Бабанский) — әрбір нақты жағдайларда оқытудың тиімді формасын, әдісі мен құралдарын таңдауды көздейтін ОТТ білім беру процесін жетілдіру тұжырымдамасының бірі;

• **жеке дараланған оқыту** (А. Солонина, В. Солонин) — мұндай оқыту процесінде оқушы мен оқытушылардың, оларды өзара байыта түсетін оқушы қауымдастығындағыдай оқытушы қауымдастығында да дербестелу жүзеге асырылады. Оқыту жүйесі егер оның компонентті-құрылымдық құрамы, қызмет етуі мен дамуы оқытуды дербестеуге мүмкіндік жасайтын болса, онда дербестеуге арналған бағыты болады.

Тұлғаның үш атрибуциясына сәйкес дербес оқыту «оқытудың өзара байланысты үш түрінің: дараланған, аралықдараланған және метадараланған оқытудың тұтас жиынтығы» ретінде қарастырылады.

Түрлердің әрбірі дербестелген оқытудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Дараланған оқыту жеке дараланған (өз бетінше) жұмысты көздейді. Аралықдараланған — оқу жұмысының басқа да қатысу-

шыларымен өзара іс-әрекет. Метадараланған — бір-бірінде «еріп кету».

Оқытуды дербестеу алғышартына алынған негізгі принциптер:

1. *Мазмұнды шектеушілік* принципі, яғни студенттің оның семестрлік мамандану сұрақтары болып табылатын жеке зерттеуі үшін оқу материалының бағдарламасы. Сонымен студент бір мамандық бойынша екі бағдарламаны оқиды. Бірі — стандартты, барлығы үшін міндетті; екіншісі — тереңдетіп оқыту үшін.

2. *Оқыту әдісін іргелендіру* принципі, яғни дәстүрлі әдістерді іс-әрекетті ретке келтірудің, оларды қорытындылау болып табылатын тәсілдеріне қайта құру, қолдануға жан-жақты және іс-әрекетке шығармашылық сипат береді, бұған жүйелі талдау мен жинақтау мүмкіндік туғызады.

Бұл принцип студенттің басқа студенттер арасында да, оқытушылар қауымдастығында да бірлескен шығармашылық-зерттеушілік іс-әрекетінде жүзеге асырылады.

3. *Оқытуды ұйымдастырудағы көпсубъективтілік* принципі, яғни әрбір студент оқытушылық іс-әрекетке қосылған (мамандық тақырыбы бойынша кеңес беру, ассистент болу, т.б.);

• *танымдық қызығушылық* — оқыту процесінің тиімділігін арттыру үшін оқу сабақтарына оқушылардың қызығушылығын қалыптастыруды көздейтін дәстүрлі педагогикада әзірленген және пайдаланылатын теория (Г. Н. Шукин);

• *проблемалы-модульді* — нейрофизиология деректеріне негізделген ОТТ жетілдіру бағыттарының бірі (жүйелі кванттау қағидаларына — адамның ойлау іс-әрекетінің барлық континуумын жүйелі «кванттарға» бөлу, проблемалылығы — жеке-маңызды мәселелерді қою және шешу, негізінде адамның психикалық іс-әрекетінің функционалдық жүйесі орналасқан, алуан түрлі белгілік жүйелерден көрінетін, адам миының қабығын модульді ұйымдастыру);

• *проблемалы* — Д. Дьюи, С.Л. Рубинштейн, Н.А. Менчинская, А.И. Матюшкин, М.Н. Скатин, И.Я. Лернер, М.И. Махмутов, В. Оконь және т.б. жұмыстарынан негіз алған теория; оқушылардың ізденушілік іс-әрекетін ұйымдастыруға негізделген, олардың алуан түрлі шынайы өмірлік немесе оқудағы карама-қайшылықтарды қабылдау мен шешуге арналған белсенді дамытушы оқыту түрі. Іргетасы проблемаларды ұсыну және негіздеу (теориялық немесе практикалық қызығушылықты білдіретін күрделі танымдық тапсырмалар) болып табылады. Егер мәселе оқушыны қызықтыратын болса, онда проблемалық жағдай пайда болады. Оқу процесін проблемалық ұйымдастырудың үш деңгейі болуы мүмкін: проблемалы баяндау, жартылай-ізденушілік және зерттеушілік деңгей;

• *дамыта* (ДО) — негізінде Л.С. Выготскийдің болжамы жатқан ОТТ жетілдіру жөніндегі қазіргі заманғы психология бағыттарының бірі; бірнеше бағыттар бойынша әзірленуде:

• *ақыл-ой әрекетін кезеңдеп қалыптастыру теориясы* (П.Я. Гальперин — Н.Ф. Талызина) — адамда жаңа әрекет, образ және ұғым пайда болуымен байланысты күрделі көпжоспарлы өзгерістер туралы ғылым.

**Әрекеттің бағдарлау негізі (ӘБН)** — адамның алда тұрған немесе орындауға тиісті іс-әрекетінің мақсаты, жоспары және құралдары туралы түсініктер жүйесі; ақыл-ой әрекетін кезеңдеп қалыптастыру теориясына сәйкес оқытудың алғашқы кезені. Бұл кезеңде іс-әрекетпен, ӘБН меңгеру, яғни сол немесе өзге де әрекетті қалай орындау керектігі туралы ішкі нұсқау жүйесімен алдын ала танысу жүреді.

Осы теорияда алты кезең бөлектеніп көрінеді:

1 — іс-әрекеттің мотивациялық негізі қалыптасады (оқушының алдағы әрекеттің мақсаты мен міндеттеріне және игеру үшін белгіленген материалдың мазмұнына деген қатынасы жинақтала бастайды).

2 – әрекеттің бағдарлау негізінің схемасы жасалады (әрекетті орындау үшін бағдарлау мен нұсқау жүйесі бөлектеніп көрсетіледі). Әрекетті меңгеру барысында бұл схема үнемі тексеріледі және нақтыланады.

3 – әрекеттің материалдық (материалданған) формада қалыптасуы (оқушы талап етілген әрекетті әрекеттің сыртқы үлгісіне, атап айтқанда әрекеттің/схеманың, естің бағдарлау негізінің схемасына сүйеніп жасайды).

4 – «дауысты әлеуметтенген сөз» әрекетті орындау алгоритмі дауыстап айтылады.

5 – әрекеттің «сыртқы сөзді іштен айту» бойынша қалыптасуы – сөздің сыртқы, дыбыстық жағы біртіндеп жойыла бастайды.

6 – сөздік процесс санадан, онда тек қана соңғы нәтижені – әрекеттің пәндік мазмұнын қалдырып «кетеді».

Әрбір кезеңде әрекет алдымен кең түрде, содан кейін біртіндеп қысқартылып орындалады, «шиыршықтанады». Бұл теория оқу процесін ұйымдастыру кезінде кең пайдаланылады, әсіресе кіші жастағы оқушыларды оқыту барысында ол бірізділікпен іске асырылады;

– *оқыту процесінде жалпы дамыту теориясы* (Л.В. Занков) – оқыту қиындығының жоғары теориялық деңгейін шамалайтын теория; оқыту қарқынының жылдамдығы, оқу материалын жана жағдайда (қайталаумен және бекітумен жалғасатын) үздіксіз қайталау; оқушыларда оқудың оң мотивациясын және танымдық қызығушылығын тәрбиелеу; оқу процесінде мұғалім мен оқушылар арасындағы өзара қатынасты гуманизациялау; оқу бағдарламаларын сызықты түрде құру;

– *оқу іс-әрекетін мазмұнды қорытындылау және қалыптастыру теориясы* (В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин) – кіші жастағы оқушылардың теориялық ойлауын дамыту және оқытудың жалпыдан жекеге, абстрактылықтан нақтылық идеясына арналып құрылған оқу іс-әрекетін қалыптастыру теориясы. Авторлар бастауыш мектепте бағ-

дарламаны шоғырландырып құруға қарсы болды, нақты көрнекілікті пайдаланудың әмбебаптығын жоққа шығарды. Оқыту барысы: ұсынылған ғылыми жағдаятпен немесе тапсырмалармен танысу, соған бағыттау; материалды қайта құру үлгісі; пәндік немесе белгілік модельдер түрінде анықталған қатынастарды тіркеу; ерекшеленген қатынастардың қасиетін анықтау, соның көмегімен бастапқы тапсырмаларды шешу шарттары мен жағдайлары шығарылады, шешімге деген жалпы жолы қалыптасады; ерекшеленген жалпы формула, нақты мысалдармен қорытынды толықтырылады. ОҰТ кезінде – оқыту баламалы көкейкесті деңгей мен әрбір жеке алынған оқушының дамытудың жақын аймағын есепке алумен құрылады;

• *дамып жатқан кооперация* (Т.Ф. Акбашев). Мәдениеттің мұралану мәселесін зерттей келіп, автор жеке адамзат стимулының көпбейнелігін үш базалық тұтынушылыққа алып келуге болады деген қорытынды жасайды:

– өмір сүру *мәнінде*, яғни білім беру мен оқу пәндері бала үшін маңызы болмайды, ал бар педагогикалық теориялар – танымдық қызығушылық пен танымдық қызметін белсендіру – «босқа» жұмыс жасайды: теория бар, ал мәні және қызығушылықтың өзі жоқ. Сондықтан бұл мүдде жылдан-жылға балаларға жасанды түрде танылады;

– *басқа (басқа да) адамда (адамдарда)*, яғни басқа адаммен өзара байланыссыз, өзінің өзара іс-әрекетінің құрылымын дамытпай адам *адам* бола алмайды. Бұл тұтынушылық білім беру процесінде қанағаттандырылмайды және дамытылмайды, адамның адамға деген қатынасының құлдырау тетігін құруға, адамгершілікті «жууға», рухани азғындау тетіктеріне алып келеді;

– *өзін танытуда*, педагогтан баланың жеке шығармашылығына, шығармашылық өніміне үнемі көңіл аударуды талап етеді. Сонымен, «Адам – адам» және «Адамдар – өмірлік міндеттер» *бірлікте* – адамдық

тұтынушылық базасын туғызушы орын, оларды қанағаттандыратын және дамытатын орын болады. Осы қатынастардың бірлігі адамда адамдықты қалыптастыру кеністігін, гуманизм мен руханилық кеністігін құрайды. Бұл бірлікті ғалымдар кооперация деп атайды, яғни оның сыртында адамдық және руханилық «өндірілмейтін клетка». Өздерінің жеке қатынастарын қайта құрудың әмбебап тәсілдерін (өзінің жеке кооперациясын дамыту тәсілдері және өзін жинақталған кооперант ретінде) меңгерген адамдардың сол топтары жана буын ұрпақтарының көңілінде адамдық пен руханилықты қалыптастыру құпиясын меңгерген, келесі педагогикалық қағидаларды іске асыратын дамушы кооперация тұжырымдамасы сол үшін қызмет етеді:

— **табиғи аңғарымпаздық**, іске асырудың негізгі тетігі білім беруді үш базалық адам тұтынушылығын жүзеге асыру мен дамыту ретінде құру;

— **икемділік пен өсушілік**, балалар әрбір педагогикалық жағдайды ересектер көмегімен өз бетінше талдауды қамтамасыз етеді;

— **толықтырушылық** табиғаттың өзі жасаған құбылыстарын сезіну мен қабылдау бойынша практикалық тәжірибе арқылы іске асырылады және (адамдар) бір-біріне толықтырулар ретінде, адамдар бірегей және қайталанбайтындықтан да бір-біріне қажет, әрбірінің бірегейлігі мен қайталанбастығы — білім берудің мақсаты мен мәні;

— **белгісіздік**, шегіне жеткен шығармашылыққа кеністік ашады және онда білім беру процесінің субъектілері бірлескен іс-әрекеттің соңғы өнімі туралы түсінігі болмайды;

— **резонанс**, адамға ұлылықты табиғат берген және шығармашылықты дамыту емес, балаға шектеусіз өзін-өзі анықтау мен өзін-өзі көрсету жағдаяттарының бірізділігін үлгілеуге көмектесу қажет.

**ПСИХОТЕРАПИЯ** — адамға оны емдеу, оның әлеуметтік ортасына және жеке тұлғасын өзгерту мақсатына арналған психи-

калық әсер ету (сөзбен, қылықпен, жағдаймен).

Қазіргі уақытта педагогикалық әдістер қорына психотерапияның келесі әдістері мен құралдары қосылуда:

• **арттерапия** — өнер құралдары көмегімен терапия жүргізу: бұл әдіс адамның ішкі қобалжуларының, қиындықтардың, дау-жанжалдардың бейнелі, символдық денгейде көрініс табатынына негізделген және бейнелеу өнерінде: еркін тақырыптарға арналған суретте, аппликацияда көрінуі мүмкін; еркін тақырыпқа материалды өздігінше тандауға арналған тапсырмалар; өнер туындыларын талдау мен түсіндіру; өнер туындыларын көшіру; тәрбиеші мен баланың бірлескен шығармасы. Дау-жанжалдардан және қатты қобалжулардан арылу тәсілдеріне, сезімге деген көңілді дамыту құралдарына, жеке тұлғалық құндылықтарды сезінуге және көркемдік біліктілігін арттыруға күш салуға қызмет етеді;

• **аутогендік терапия (аутотренинг)** (1932 жылы неміс психотерапевті И. Шульц енгізген) — емделушіні бұлшық ет релакциясына, өзін-өзі иландыруға, көңіл мен күшін бір жерге шоғырландыруды дамытуға, субъекті үшін маңызды белсенділігін бақылау білігін көздейтін психиканың емдеу, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі сендірудің психотерапевтік әдісі. Әрбір педагогке педагогикалық іс-әрекеттің қатты ширығуын төмендететін аутотренингтің әдістерін меңгеру қажет;

• **библиотерапия** — балаға, кітап оқу арқылы оның сезіміне әсер етуге арналған әдіс. Әдеби шығармалар кейіпкерлерімен бірге балалар белгілі бір эмоциялық күйлерді басынан кешіреді, күрделі жағдаяттардан шығу тәсілдерін көреді, бұл олардың әлеуметтік құзыреттілігін кеңейтеді, оларға қоғамда өмірдің нормалары мен ережелерін табысты меңгеруге мүмкіндік береді;

• **топтық психотерапия** — топта емдеу және адамның физикалық және психикалық сәттілігі үшін тұлғааралық өзара іс-әрекеті



зандылықтарын пайдалану. Нысанның сипаты бойынша психотерапиялық әсер ету: ата-аналармен, балалармен және туыскандармен бір мезгілді жұмысты қарастыратын *отбасылық психотерапияға*, алуан түрлі психогигиеналық клубтарда *бірлескен іс-әрекет* жағдайындағы топтық психотерапияға; *ойын психотерапиясына* ажыратылады;

• **имаготерапия** — бала тұлғасын түзету үшін және олармен реабилитациялық жұмыста ойынның алуан түрін пайдалану. Ойындар *еркін және директивті* (басқарылатын) болады. Еркіндері *регрессивті* (бала мінездің онша жетілмеген формасына орала отырып, кішкентай балаға айналады, қолға алуын сұранады, еңбектейді және т.б.), *реалды* (бала өзінің қажеттілігі мен тілегі емес, объективті жағдаяттармен анықталғанды ойнайды), *агрессивті* (соғыс, су тасқыны, өлтіру, зорлық) болып бөлінеді. Директивті ойындарда пайдаланылатын материал (су, құм, сазбалшық, ермексаз) балаға өз тілегін жанамалай білдіруге мүмкіндік береді, сублимацияны дамытуға септігін тигізеді;

• **катарсис** (терминді австриялық психиатрлар З. Фрейд, И. Брейер енгізген) — тұлғаны оның көңіл күйін жаралайтын нәрселерден әңгіме, еске түсіру, күшті эмоциялық бәсендету жолымен босату феноменіне арналып негізделген әдіс;

• **логотерапия** (мағына арқылы емдеу) (австриялық ғалым В. Франкл дайындаған) — психология мен медицинада адамның мінезі мен дамуындағы негізгі қозғаушы күш оның өз өмірінің мәнін іздеу мен іске асыруға ұмтылысы болып табылады деген шыққан бағыт. Мақсат етіп өзінде кез келген жағдайда алып жүре алатын, емделушінің өмірлік мән спекторын көре білу мүмкіншілігін кеңейтуді қояды. Адамның өзінің өмірлік мәнін ұғу мен анықтаудағы біліксіздігінен шығатын мәселелердің пайда болуын балалық шақта өмірлік құндылықтар жүйесін қалыптастыру, өзіндік көкейкестілігін, баланын әлеуметтік және кәсіби бағыт алу жолымен ескерту керек;

• **моритерапия** — баланы қоршаған ортасына жақсы әсер қалдыруға, жақсы мінез кейпі ережесін тәрбиелеуге итермелейтін жағдайда қалдыруға көмектесетін әдіс. Тәрбие әдісі ретінде де пайдалануға болады;

• **психодрама (социодрама)** (ұғым мен рәсімді Д. Морено ұсынған) — топтық психотерапия түрі. Әртіс және көрермен ретінде ауыса отырып, емделушілер оларға адекватты емес эмоционалды реакцияларды жоюға, өзін тереңірек тани түсуге, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасты жөндеуге көмектесетін өмірлік жағдаяттарды үлгілейді;

• **би психотерапиясы** — шаршағандықты, эмоционалды бәсендікті шығарып тастау үшін биді және би қимылдарын пайдалану; тұлғаны қыспаққа алуын тоқтататын дене ырғағымен өзінің жай-күйін, дүниесезімін және ішкі мәселелерін білдіру.

**ПІКІРСАЙЫС** — қандай болмасын сұрақты немесе (құзыретті тұлғаларымен) білікті мамандарымен өзара келісуге боларлық шешімге жету мақсатымен сұрақтардың топтарын талқылау.

# Р

**РЕДАКТОР** — құруға, өзгертуге, қосуға, бөлуге, алып тастауға, сақтауға, виртуалді әлемдегі нысандарды өңдеудің басқа да түрлерін көре білу мен шығаруға мүмкіндік беретін, құралдарды біріктіретін электрондық орта. Мәтіндік, графикалық, анимациялық, дыбыстық және т.б. түрлері бар.

**РЕДАКЦИЯ** — 1) қандай да бір мәтінді редактордың өңдеуі; 2) кітап және басқа да басылымдарды басып шығаруға басшылық жасау; 3) белгілі бір өңдеу алған мәтін;

4) қандай да бір де тұжырым, ойды білдіру формасы; 5) баспа органы тұрған орын.

**РЕДУКЦИЯ** – кейбір деректерді, міндеттерді, ресімдерді, оларды талдау үшін және шешу түрлеріне қолайлы ережелерді, сондай-ақ дамушы нысанның бұрынғы күйін қалпына келтіру немесе ол туралы білу, күрделіні аса қарапайымдаумен тұжырымдалатын әдіснамалық тәсіл.

**РЕЙТИНГ (САРАПТАМАЛЫҚ БАҒА)** – нысанды топтық сараптамалық бағалаудың орташаланған нәтижесі.

**РЕКТОР** – жоғары оқу орнының басшысы. Ұлттық жоғары оқу орындарында лауазымға ҚР Президентінің өкіміне сәйкес, ал мемлекеттіктерде – бос лауазымдық орындарға арналған байқаудан өткеннен кейін Білім және ғылым министрлігімен тағайындалады.

**РЕЛАКСАЦИЯ** – 1) тепе-теңдік жағдайынан шығарған факторлардың әрекеті тоқтағаннан кейін, сол жағдайдан шығарған қандай да бір жүйенің тепе-теңдік жағдайына біртіндеп оралу процесі; 2) психикалық әсерді жою.

Екінші мағынасында еріксіз (ұйқыға кетер кездегі босансу) және ерікті, арнайы күш салу, мысалы, аутогенді терапия нәтижесінде көрінетін болуы мүмкін. Мұғалім релаксация тәсілдерін физикалық және ақыл-ой шаршауын төмендету үшін, сондай-ақ педагогикалық өзара іс-әрекеттегі мінездің агрессивтілігін және адекватты еместігін ескерту құралы ретінде менгеруі қажет.

**РЕЛЕВАНТТЫҚ** – ақпараттық сұраныспен алынған хабардың арасындағы мағыналық сәйкестік.

**РЕМИНИСЦЕНЦИЯ** – есте сақталған материалды алғашқы есте қалғанымен (жатталған) салыстыру бойынша аса толық және нақты өндіру.

**РЕНОВАЦИЯ** – мазмұн элементтері мен оқыту және тәрбиелеу технологияларын моральдық және физикалық ескіру нәтижесінде қарапайым жаңарту шарты ретінде алмастыру процесі.

**РЕПРЕЗЕНТАТИВТІК** – бас жиынтықтың сипатын білдіретін іріктелген жиынтық қасиеті; іріктелген қасиет бас жиынтықтың сипатын өндіреді, іріктеу бізді қызықтырған талданатын бас жиынтық қасиетінің қаншалықты толық және барабар екенін білдіреді.

Репрезентативтік кейбір алдын ала немесе статистикалық ағаттықпен тапсырылғанын санауға болатынын, іріктелген жиынтықтың зерделенетін белгілерін бөлу олардың шынайы бөлінулеріне сәйкес келетінін білдіреді. Мәліметтерді іріктеудің репрезентативтігін қамтамасыз ету үшін кез келген зерттеуде бірқатар міндетті шарттарды есепке алу қажет. Олардың ішінде маңыздылары мыналар:

а) бас жиынтықтың әрбір бірлігінің іріктеуге түсудің тең ықтималдығына ие болуы тиіс; ә) айнымалыны іріктеу зерделенетін белгілерге қатыссыз шығарылады;

б) таңдау біртекті жиынтықтардан шығарылады;

в) іріктеуде бірлік саны жеткілікті түрде үлкен болуы тиіс;

г) іріктеу мен бас жиынтық мүмкіндігінше статистикалық біртекті болуы тиіс ( $\bar{X}$  іріктеу) –  $\bar{X}$  (бас)  $\rightarrow 0$ ), қадағалау санының өсуі кезінде түрлену көрсеткіштері өзара жақындай түседі.

Репрезентативтік кең мағынасында әдістеменің анықтық сипаты кешенімен байланысты, яғни оларға қатысты зерттелетін құбылыстар мен диагностикалық рәсімдердің репрезентативтілік әдістеменің (мәтіннің) саласы туралы мәліметтерді қосатын кешендік сипаты.

Іріктеудің репрезентативтігі туралы мәселені шешуден сол қорытындыны өңдеудің статистикалық нәтижесінен алынған нақтылыққа байланысты.

**РЕПРЕЗЕНТАТИВТІК ЖИЫНТЫҚ (ӨКІЛДІ)** – бас жиынтықтың қасиеттерін өте айқын көрсетуші іріктелген жиынтық.

**РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ** – жеткілікті көрнекі іріктеуді анықтау рәсімі.

**РЕСПОНДЕНТ** – ғылыми зерттеулерге пікірі сұралушы рөліндегі қатысушы.

Зерттеу сипатына қатысты пікірі сұралушы түрлі сапада: сыналуды, клиент, ақпарат беруші, емделуші, әнгімелесуші, т.б. қатысады. Дидактикалық зерттеулерде респонденттер әдеттегідей, оқушылар, студенттер болып табылады.

**РЕФЕРАТ** – зерделенетін ғылыми жұмыстың, кітаптың, мақаланың негізгі мазмұнының қысқаша баяндалуы; қандай да бір мәселе күйінің бейнелі салыстыру және бірнеше көздерді талдау негізінде ашылуы.

**РЕФЕРЕНТОМЕТРИЯ** – референттік артықшылықты, сыналудыға кімнің пікірінің және құнды бағыттарының (сенімі, көзқарасы) маңыздылығын (жақын) айқындау үшін пайдаланылатын әдістемелік тәсіл.

**РЕФЕРЕНЦИЯДАҒЫ ҚАТЕЛЕР** – сәйкес келмейтін үлгілерді қадағалау процесінде салыстыру кезінде пайда болатын қателер (масштаб тандау, тым қатаң немесе босаңдау бағалау және т.б.).

**РЕФЛЕКСИЯ** – 1) ойлану, толық күдіктер, карама-қайшылықтар; өзіндік қадағалау, өзін-өзі тану, өзінің жеке психикалық жай-күйіне талдау; 2) адамның өз іс-әрекеті мен оның заңдарын ұғынуға бағытталған теориялық қызмет формасы.

**РЕЦЕНЗИЯ** – ғылыми жұмысқа немесе әдеби-көркем шығармаға дәлелді пікір; мазмұны, құрылымы, қаралатын мәселелер аумағы, зерттелетін педагогикалық құбылыстар мен процестер, педагогикалық ғылым мен практика үшін оның жетістігін, маңыздылығын есепке ала отырып, барлық ғылыми зерттеулерді бағалау, оны жетілдіру үшін сындарлы ескертпелер мен ұсыныстарды көрсету туралы 1-2 беттік қысқаша жазбаша ақпарат.

Жұмысты рецензиялау процесінде баяндалатын мәселенің көкейкестілігі, құрылымы мен оны баяндаудың логикасы және дәлелдемесі айқындалады, жаналық дәрежесі, авторлық жол табудың бірегейлігі, практи-

калық ғылыми және көркемдік маңызы бағаланады.

**РУХАНИЛЫҚ** – 1) болмыста жайдан келмейтін адами құндылықтар тіршілік әрекетінің негізгі бағдарына айналған кезде қалыптасқан тұлға өзін бағдарлай алуы мен дамуының жоғары деңгейіне жеткенін көрсетеді; 2) тұлғаның айналасының жақсылығы үшін әрекет етуі, оның саналы абсолюттерін іздеген құлшынысы; 3) діни көзқарас тарапынан адам өзінің биік тілектерін Құдаймен байланыстырады.

**РУХАНИ (ДІНИ) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ** – діни қызметкерлерін дайындау кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары. (*Мектебе, медресе, сонымен қатар Семинарияны қараңыз.*)

**РЭНДОМИЗАЦИЯ** – теориялық-ықтималдық ұсынылуларға сүйенетін және іс-әрекет пен үлкен сандар заңының көрінуі үшін ішкі жиынның алғашқы мәліметтерінің жеткілікті түрде көп болуын талап ететін іріктелген ішкі жиындарды қалыптастыру әдісі.

## С

**САБАҚ** – сынып-сабақ жүйесі шеңберінде пайдаланылатын және мұғалімге бағынышты оқушылардың орындаушылығы, тексеруден өткен регламент тәртібі, реттілігімен сипатталатын оқу уақытының бөлігі; оқу материалының дәлме-дәл көрінісімен, қалыптасқан дәстүрлері мен стереотиптерімен ерекшеленеді.

**Типологиясы мен құрылымдары:**

**Сабақтың құрылымы** – әр түрлі нұсқадағы үйлесімдер жағдайында да сабақтың негізгі сипаттарын сақтап, оның тұтастығын кам-

тамасыз ететін сабақтың құрылымдық бөліктерінің тізбекті жиыны.

Құрылымдық бөліктері: *сабақтың басталуын ұйымдастыру, сабақтың мақсаты мен міндеттерін белгілеу, жаңа мазмұнды ендіру, қабылданған мазмұнды бекіту, жүйелеу, яғни меңгерілген жаңа мазмұнды бұрынғы жүйеге енгізу, үй тапсырмасын айқындау, сабақты қорыту.*

Сабақтың типіне байланысты оның құрылымдық бөліктерінің құрамы мен орналасу реті анықталады:

**1) құрама** (ұйымдастыру кезені (1–2 мин), үй тапсырмасын тексеру (10–12 мин), жаңа мазмұнды ендіру (15–20 мин), қабылданған мазмұнды бекіту және меңгерілген жаңа мазмұнды бұрынғы жүйеге енгізу (10–15 мин), сабақты қорыту (5 мин), үй тапсырмасын айқындау (2–3 мин));

**2) жаңа мазмұнды ендіру** (көпшілік жағдайда жоғары сыныптарда дәріс, конференция, проблемалық баяндау, кино-сабақ, т.б. түрінде өткізіледі);

**3) жаңа мазмұнды бекіту** (әр дәрежедегі жаттығу тапсырмаларын орындау, семинар, саяхаттар, зертханалық жұмыстар, т.б.);

**4) қорыту және жүйелеу** (бағдарламаның түйінді мәселелері бойынша оқу материалының ірі бөліктерін жүйелі түрде қайталау);

**5) мазмұнның меңгерілуін бақылау және түзету** (оқу нәтижесін, білімділік деңгейін, меңгерілген мазмұнды қолдануға дайындық деңгейін тексеру және бағалау).

Сабақта қолданылатын оқыту әдістері мен құралдарының қайсыбірінің үстем пайдаланылуына байланысты бір типті сабақ әр түрде ұйымдастырылуы мүмкін. Мысалы: сабақ типі — жаңа мазмұнды ендіру. Түрлері: дәріс сабақ, конференция сабақ, кино-сабақ және т.б.

**Сабақты жоспарлау** — сынып-сабақ жүйесі жағдайында, нақтылы оқу уақыты барысындағы мұғалім мен оқушы қарым-қатынасын құрастыру.

Оған негіз — оқушылардың оқу материалын меңгеруге бағытталған оқу әрекеті мен оқытушының оқушыны тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған оқу-тәрбие әрекетінің мақсаттары, міндеттері, қағидалары мен мазмұны. Қысқаша жазба түрінде орындалады. Сабақтың қысқаша жазбасында тақырыптың аталуы, сабақтың мақсаты, міндеттері, кезендері, жабдықтары, әрбір кезендерге қажетті оқу тапсырмалары, тапсырманы орындау алгоритмдері, ұсынылатын жаңа мазмұнның толық мәтіні немесе мұғалімнің баяндайтын мазмұнынан үзінділер.

Сабақтың қысқаша жазба-жоспары: тақырыбы, міндеттері, кезендері, оқушыларға арналған тапсырмалар.

**Сабақты талдау (оқу жұмыстарын)** — оқу жұмысын тұтастай немесе оның жеке бір аспектісін талқылап баға беру; әдістемелік жұмыстың бір түрі.

Жүргізілуі: а) мектеп өкімшілігінің мұғалім жұмысына басшылық жасауы ретінде; ө) мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру және көтеру, олардың тәжірибесін зерттеу мен таратудың құралы ретінде; б) педагогикалық бағыттағы оқу орны студенттерінің тәжірибе жинақтау кезеңінде. Сабақты талдау барысында оқушының да, оқытушының да әрекеті ескеріледі. Сабақты жан-жақты қамтитын жалпы талдау және оның жеке бір бағытын қарастыратын арнайы талдау болады. Барынша толық және жан-жақты талдау деп білім беру процесінің барлық буындарын қамтитын, бір тақырып бойынша жоспарланған сабақтар жүйесін талдауды айтады. Сабақтың жалпы талдауында әдетте *оқыту мазмұны* (оқу бағдарламасына сәйкестілігі, білім беру мазмұны құрамының толықтығы, бірізділігі, оқытудың әдіснамалық деңгейі, т.б.), *сабақтың құрылымы* (дидактикалық мақсатқа қаншалықты сәйкестілігі, білім мазмұнының құрамына сәйкестілігі, жеке бөліктері мен элементтерінің кіріктірілуі және т.б.), *оқыту әдістері* (білім мазмұны

элементтеріне сәйкестілігі, оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкестілігі, білімді меңгерудің саналылығы мен беріктігін, оқушының белсенділігі мен дербестігін қамтамасыз ету жағдайы, әлеуметтік тәжірибемен байланыстылығы, оқытудағы оқушының даралық ерекшелігін ескеру жағдайы), *мұғалімнің жұмыс стилі, оқушылардың мотивациясы мен оқу-танымдық әрекеті, сабақтың нәтижесі* (сабақ жоспарының орындалу деңгейі, уақытты пайдалану тиімділігі, сабақтың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсаттарына жетуі). Сабақтың қандай да бір элементін талдау немесе мұғалімнің сабақ берудегі жеке жетістіктерін зерттеу жұмысы *сабақтың бөліктік талдануы* деген атпен арнайы бағдарлама бойынша жүргізіледі.

Педагогикалық оқу орындарында студенттерді кәсіби шеберлікке оқытудың құралы, сонымен бірге ғылыми зерттеулер мақсатында қолданылады: оқытудың жаңа әдістерін қолдануды, сабақты ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін, жаңа құралдарын, білімді тексерудің жаңа түрлерін байқаудан өткізу және т.б.

**САБАҚ КЕСТЕСІ** – оқушылардың аптадағы оқу сабақтарының жоспары.

**САЙТ** – компьютерлік желідегі логикалық байланысқан ақпараттық қорларды бір жерге шоғырландырушы.

Желі бойынша ақпараттық сұраныстарға арналған жауаптарды іске асыратын арнайы программамен жабдыкталады.

**САҚТАУҒА БЕРУ** – ғылыми жұмыстардың қорытындыларын мемлекеттік мекемеге сақтауға тапсыру.

**САҚТАУҒА ТАПСЫРЫЛҒАН ҚОЛ-ЖАЗБА** – біржақты арнаулы жұмыс, әдетте машинкаға басылған түпнұсқа түрінде кітапханаға немесе ақпараттық орталыққа сақтауға өткізіледі, ол туралы мамандарға хабарлап және оқуға көшірмесін береді.

Жарияланған құжаттарға және зерттеу материалдарына барабар.

**САЛТАНАТ (РӘСІМ)** – қандай да болса оқиға немесе датаға арналған символды мәні бар әрекеттердің реттілігі.

Білім беру ұйымдарында балалар ұжымын қалыптастыруда А.С. Макаренко үлкен мән беретін балалар ұжымы өміріндегі кейбір оқиғаларға салтанатты және әсерлі, дәстүрлерді жасау мен бекітуге қажет.

**САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ ӘДІС** – алуан түрлі құбылыстарды зерттеу және түсіндіру тәсілдері, осы құбылыстардың ұқсастықтарын белгілеу кезіндегі негізгі формасы бойынша олардың генетикалық туыстығы туралы, яғни олардың жалпы шығу тегі туралы қорытынды жасалады.

**САНАТТАУ** – 1) нысандарды санаттары бойынша жіктеу; 2) жеке нысанның, оқиғаның, әсерленушіліктің мәні, белгісі, әлеуметтік стереотиптері, мінез-құлық стереотиптері және т.б. ретінде көрінетін кейбір класқа қатысының психикалық процесі.

**САПА БЕЛГІСІНІҢ БІРТЕКТІЛІГІ** – қандай да бір белгіге қатысты нысандардың ұқсастығын немесе өзгешелігін белгілеу.

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ (СМЖ)** – көрсетілетін білім беру қызметінің сапасына қолданылатын білім беру ұйымына басшылық пен басқару үшін менеджмент жүйесі.

СМЖ өзара іс-әрекет ететін процестер мен рәсімдер, білікті оқытушылар құрамы, ұйымдастырылған және технологиялық іс-шаралар, жоспарлар, құжаттар және т.б. біріктіретін білім беру ұйымдарының сапалы менеджмент жүйесін білдіреді.

СМЖ өзіне бірнеше арнайы құралдарды, атап айтқанда, білім беру процесіне үнемі мониторинг (модульді-рейтингтік жүйе), тәуелсіз қорытынды бақылау және студенттердің білімін бағалау, ППК мен қызметкерлердің сапалы еңбегін тиімді ынталандыру, сыртқы және ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыруға талдауды қосады.

Білім беру ұйымдарының СМЖ, әдеттегідей, ISO 9001:2000 халықаралық стандарт

талаптарына сәйкес сертификаттаудан өтеді (қ. *Білім беру сапасы*).

**САПАЛЫ ВАРИАЦИЯЛАР КӨРСЕТКІШІ** – алынған жауаптардың біртекті болмаған жағдайдағы дәрежесін көрсететін көрсеткіш.

**САПАЛЫ ІРІКТЕУ ҚҰРЫЛЫМЫ (СҰРАҚТАР ТОБЫНЫҢ КАРТАСЫ, РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ)** – оқылатын нысанның нақты құрылымын көрсететін, іріктеу үлгісін құрастыру үшін негізгі топты анықтау.

**САРАПТАМА** – маманның (сарапшының) қандай да бір мәселелерді зерттеуі, сол арқылы ғылымның, техниканың, өнердің және т.б. белгілі бір саласы бойынша арнайы білімді қажет ететін шешіміне негізделген қорытынды жасалып (*сараптама акті*) бұл жаңалықтың әрі қарай жылжу бағыты, оны іске асыру түрлері және аймақтық ахуалға ықпалы анықталады.

**Сараптама акті** – сараптама нәтижесін көрсететін белгіленген үлгідегі құжат.

Сараптаманың түрлері:

**дегустациялық** – инновациялық іс-әрекеттің (өнімнің) сарапшы талғамына, пайымдауына негізделген сараптамасы, яғни педагогтік құбылыстың алғашқы моделін бағалау. Ол сарапшының беделі мен тәжірибесіне, бұл мәселе қызықты немесе маңызды, өзіне ғана тән немесе осы жағдайда қажет екенін сезінуі негізінде құрылады. Эталонның жоқтығы немесе оның жабықтығы сараптамалық іс-әрекеттің «дегустация» түрінің пайда болуына әкеледі. Сараптаманың дегустациялық түрі сарапшы тұлғасынан бөлек қабылданбайды және формалданбайды;

**жеке** – бар нормативтерге немесе арнайы әзірленген критерийлерге (оқу орнының білім беру бағдарламасының, оқу жоспарының, бағдарламасының және т.б. сараптамасы) сәйкес мазмұнның нақты пәндік бағыты бойынша кәсіби маманның жеке жүргізуі;

**бағалаушылық (түсіндірушілік)** – инновация бар тәжірибені жаңа жағдайға көшіру, бұрынғы тәжірибені қайта жаңғырту, байқаудан өткен әр түрлі әдістемелерді (техникаларды) кешенді қолдану немесе педагогикалық практикаға басқа ғылымдардағы әзірлемелерді көшіруге байланысты болған жағдайда жаңа мақсатты жүйенің критерийлік-бағалау базасын анықтау;

**ұжымдық (топтық)** – сараптамадан өтіп жатқан нысанның құраушыларын бірлесе талқылау және жаңа, даулы немесе шүбә тудырған кезде берілген инновациялық өнімдерге кәсіпқойлар тобының ұжымдық баға беруі;

**кешендік** – инновациялық өнім әр түрлі ғылымдардың тоғысында әзірленген және әр түрлі бағыттағы мамандардың білікті бағалауын талап ететін көп пәндік немесе көп кәсіптік сараптама.

Бұл сараптама әр түрлі бағыттағы мамандардың қосымша келісімін талап ететін арнайы әзірленген ұйымдастыру мен өткізу технологиясын қажет етеді;

**норма бақылаушылық** – құжаттар пакетінің сараптамасы: оқу орындарын аттестаттау мен аккредиттеу, білім беру бағдарламаларын сараптау, оқу орнының қызметін сараптау кезінде оған статус беру мақсатында (лицей, гимназия, колледж) немесе оның базасында эксперименттік алаңды ашуына сәйкес қажетті бөлшектер (ғылыми, кадр, техникалық, материалдық және т.б.) мен осы статуска сай болу үшін қажетті жаңалықты анықтау;

**педагогикалық** – педагог қызметінің өнімдерін, сипатын, оның қызметінің сапасын, тиімділігін және нәтижелілігін бағалау үшін, педагогтің кәсіби біліктілік деңгейі және осы қызметпен айналысуға құқығы туралы дәлелденген қорытындысын беру, ақиқат ақпаратты алу мақсатында маман-сарапшылармен тексеру мен зерделеу; педагогикалық нысан (құбылыс, процесс) туралы сараптамалық пайымдау (баға) ныса-

нында ұжымдық пікір алу үшін қажетті ресімдер жиынтығы.

Педагогикалық сараптаманың теориялық базасы сараптамалық бағалар әдісі болып табылады;

**түсінушілік** — бұл сараптаманың негізгі функциясы жобаның жаңашылдығын бағалау емес, оны түзету және қабылдау деңгейіне жеткізу.

Ол кезде шешуші мәселе — сараптамалық түсіндіру емес, автордың өзінің бірегей тәжірибесін қалыптастыруға, өзін көрсетуге көмектесу. Бұл жерде бастысы — басқа біреуді түсінуге, онын ұстанымын анық білуге тырысу.

**САРАПТАМАЛЫҚ ӘДІСТЕР** — белгілі саладағы мамандардың білімі, тәжірибесі және сезімі арқылы педагогикалық объект (құбылыс, процесс) жөнінде сараптамалық ой түріндегі ұжымдық сипаттама жасауға мүмкіндік беретін әдістер.

Сараптамалық әдістің сапасы алынған нәтижелердің оң бағасы мен сараптамалық қорытынды, сұрақ-жауап немесе сұхбат бланкілерін құрастырудың дұрыстығы туралы топтық және жеке бағалау жиынтығы арқылы таңдайтын сарапшылар құрамына байланысты.

**Әдістер:**

• **жеке сараптамалық баға** — алдын ала құрастырылған сұрақтарға жауап беретін зерттеуші мен сарапшы арасындағы сұхбаты. Жеке сараптамалық баға еркін сұхбат, сұрақ-жауап, интервью түрінде алынуы мүмкін.

• **ұжымдық сараптамалық баға** — зерттеу барысында бағаны бір емес, бірнеше сарапшы (жиын, пікірталас, «ми шабуылы») беретін әдістер;

• **комиссия әдісі** — мамандар мен тәжірибелі қызметкерлер тобы бірігіп қарама-қайшы пікірлерді айқындап, белгілі келісімге келуге дейін талқылау жүргізетін ұжымдық сараптық бағаның бір түрі.

• **топ ішіндегі өзара сараптамалық бағалау** — сарапшы ретінде пікір білдіретін (күзыр-

лы соттар) топ мүшелерінің бір-бірінің іс-әрекетін бағалайтын қарым-қатынастың және бірлескен іс-әрекеттердің маңызды жағдайлары бойынша бірімен бірігіп сұрақ жауабы арқылы түрлі тұлғалық және тұлғаралық сипаттамалық бағаларға негізделген әлеуметтік-психологиялық әдіс.

• **«мидың шабуылы» әдісі** — жаңа идеяларды талқылайтын ұжымдық сараптық бағалаудың бір түрі. «Ми шабуылы» принципінің негіздеріне мыналар жатады: басты, орталық пунктін анықтап, мәселені тұжырымданыз, басқа идеяларды сынамаңыз, түрлі идеяларды алға тартыңыз, әріптестеріңізге кенпейілмен қарап, қолдап отырыңыз;

• **сараптамалық бағалар әдісі (Делфи әдісі)** — белгілі нысан немесе құбылыс туралы сарапшыларға жеке түрде сұрақ-жауап жүргізу әдісі. Бұдан кейін анкеталарды статистикалық қорыту негізінде сарапшылардың ұжымдық пікірі қалыптастырылады.

• **морфологиялық сараптамалық әдіс** — зерттеу нысанында құрылымдық негізгі элементтер мен болуы мүмкін қалпының бірінде алынған элементтердің сан түрлі комбинациялары қарастырылатын жеке сараптамалық бағалау түрі.

• **«педагогтік консилиум» (Ю.К. Бабанский)** — тұлғаның қандай да бір қасиеттерінің қалыптасуы кезінде болуы мүмкін ауытқулардың себептерін анықтау, тұлғаның сол не басқа қасиеттерін ұжымдық бағалау, белгілі бағдарлама мен бөлек белгілер бойынша оқушылар тәрбиесін зерттеу нәтижелерін ұжымдық талқылауға бағытталған ұжымдық сараптамалық бағалау түрі.

**САРАПТАМАЛЫҚ БАҒА** — сандық және сапалық формада (жақсы, жаман, үлкен, кіші және т.б.) айтылған сарапшы ойы.

Ерекшеленеді:

— **жекелік** — сараптамалық бағаны реттілік, ұпайлық және қосарланған бағалау көмегімен алу (қ. *Жеке эксперттік баға*);

— **топтық** (ұжымдық) — конкордация коэффициенті (қ. *Ұжымдық сараптау бағасы*) немесе Спирменнің рангтік корреля-

циясын қолдану арқылы тәртіпке келтірудің сәйкестігін тексеру амалы мен сарапшылардың жалпылама ойы.

**САРАПТАМАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ** – оқытудың нысаны ретінде дамудағы педагогикалық тәжірибе болып табылатын зерттеу әрекетінің ерекше типі.

**САРАПШЫ** – өнімді сертификаттау бойынша жұмыстарды жүргізу үшін (өнімдер мен қызметтердің сапасын қамтамасыз ету жүйесі), сертификаттау мекемелері мен сыналатын зертханаларды аккредиттеу бойынша аттестациядан өткен және өзінің білімі мен тәжірибесі негізінде маманданған кеңес беруге немесе белгілі жұмысты орындауға қабілетті маман.

Педагогикалық сараптаманы өткізу үшін сарапшыға үміткер ретінде ғалымдар, мұғалімдер, ЖОО, колледж және кәсіптік мектептердің оқытушылары, әдіскерлер тартылады. Сарапшыға үміткерлерден сауалнама және деректі сипаттамалар, өзін өзі бағалау, өзара бағалау, эвристикалық, статистикалық, тестілік баға және басқа әдістер негізінде іріктеп алынады.

**САУАЛНАМА** – 1) белгілі бір тақырыптар бойынша сұрақтар және оларға қажетті мәліметтер алу мақсатымен жауап жазуға орын қалдырған (немесе жауаптары) сұрақ қағазы; 2) зерттелуші адамдар контингентіне зерттеушінің құрастыратын сұрақтар тізімі, олардың жауаптары жалпылау үшін алғашқы эмпирикалық материал ретінде қызмет етеді:

– **алып** – жүз-екі жүз сұрақтары бар сауалнама;

– **жабық** – ұсынылған жауаптардан тандау;

– **найзағай** – екі-үш сұрақтардан тұратын сауалнама;

– **ашық** – жауап берушілердің еркін жауаптары;

– **аралас** – сұрақтарының бір бөлігі тандау бойынша берілетін, сондай-ақ ұсынылатын сұрақтардың шенберінен шығып кететін жауаптарды тұжырымдайтын бос жолдар қалдырылатын сауалнама.

**САУАЛНАМА ЖҮРГІЗУ (СҰРАСТЫРУ)** – зерттеу үшін қажет алғашқы материалды сауалнама көмегімен жаппай жинау әдісі. Сыналушы бірнеше сұрақтарға жауап берумен қатар, сондай-ақ өзі туралы біршама әлеуметтік-демографиялық мәліметтерді де, мысалы, өзінің жасы, мамандығы, білім деңгейі, т.б. хабарлайды.

**САУАЛНАМАШЫ** – сауалнама құрастыратын маман, сауалнама жауаптары зерттеу мақсаттарына қолданылады және міндеттерді шешуге материал болып табылады.

**САУАТ АШУҒА ҮЙРЕТУДІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ-СИНТЕТИКАЛЫҚ ӘДІСІ** – ана тілінің негізгі дыбыстарын айтумен, оларды әріптермен белгілеуді саналы меңгеру процесі және сөздер дыбыстарының құрамы мен бірізділігін қабылдауды тірек етіп (дыбыстық анализ) және сөздердің дыбыстық құрылымын графикалық белгілер бойынша айтуды негізге алатын (дыбыстық синтез) сауат ашуға үйретудің қазіргі заманғы әдісі.

**Әдістің негізгі принциптері:**

1) тұлғаны қалыптастыру мақсаттары тұрғысынан: сауат ашуға оқыту тәрбиелік сипат алады, тәрбиелеу міндеттері «Әліппе» мен «Әліпби» материалдарын қолдану арқылы іске асады; анализ бен синтез жаттығулар жүйесі арқылы, сөйлеу жаттығулары арқылы ақыл-ойдың дамуын қамтамасыз ететін оқыту, дамытушылық сипат алады; табиғат пен айналадағы өмірді бақылау жүйесін тірек етіп, оқудың жоғары саналы деңгейін талап етеді;

2) психологиялық-лингвистикалық көзқарас тұрғысынан: оқыту оқушылардың жанды сөйлеуіне, бар сөйлеу тәжірибесіне, үлгілі мәтіндерге арқа сүйейді; аналитикалық-синтетикалық жұмыстың негізіне дыбысты алады (әріп ол танылғаннан кейін дыбысты белгілеу үшін енгізіледі); басты назар дыбыстық талдауға, дыбыстардың артикуляциясына, сөзді есту қабілетін дамытуға аударылады; оқу



бірлігі ретінде буын алынады; басты назар буындық жұмысқа бөлінеді: буындарды оқу мен айту, буындар кестесін пайдалану; дыбыстарды бөлектеу, олардың санын және сабақтастығын белгілеу ғана емес, олардың арасындағы байланыстарды анықтау орындалады; сөзді буындық-дыбыстық талдау енгізіледі;

3) ұйымдастыру көзқарасы тұрғысынан: дыбыстар мен әріптерді оқып үйренудің (жиілік принципі бойынша) белгілі бір сабақтастығы белгіленеді; оқытудың әліппеге дейінгі (дайындық) және әліппелік (негізгі) кезеңдері ерекшеленеді; жазу оқудан бөлінбей, онымен қатар жүреді; грамматиканың, сөз жасаудың, орфографияның (тәжірибелік негізде) пропедевтикалық элементтерін жүйелі енгізуді жүзеге асырады;

4) оқытудың әдістері көзқарасы тұрғысынан: балалардың жалпы дамуында, оқуға дайындығы мен жазуда көптеген айырмашылықтарына байланысты оқушыларға даралық және жекелік көзқарас; модельдеу элементтерін енгізу (буындар, сөздер, сөйлемдер модельдері).

Әдістің негізі — сөзді жанды айтуды зерттеу. Осыған байланысты жаңа дыбысты, әріпті оқып үйренудің типтік жоспары мынадай болады:

**анализден:**

- сөйлеуден сөйлемдерді ажырату;
- сөйлемдерді сөздерге бөлу;
- сөйлемнен (немесе суреттен, жұмбақтан) анализге арналған сөзді бөлектеу;
- сөзді буындарға бөліп, олардың санын анықтау;
- буыннан (сөзден) жаңа дыбысты бөлу, зерттеу, оның сипаттамасын белгілеу: дауысты немесе дауыссыз;
- сөздің дыбыстық құрылымында осы дыбыстың орнын анықтау;
- ажыратылған дыбысты әріппен белгілеу.

**синтезден:**

- киып алған әліпбиден буындар мен сөздер құрастыру;

— жылжымалы әліппе немесе буындар кестесі бойынша буындарды оқу мен өзгерту;

— сөздерді кесте, әліппе бойынша қосымша белгілерге сүйеніп, оқу;

— сөйлемдерді және байланысқан мәтіндерді оқу.

Типтік жоспар оқып үйренетін материалға немесе балалардың аналитикалық-синтетикалық жұмыста білім мен дағдыларды меңгеру бойынша қысқаруына байланысты өзгеруі мүмкін.

**САУАТТЫЛЫҚ** — адамның өдеби тілдің нормаларына сәйкес ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын меңгеруі.

Тұрғындардың әлеуметтік-мәдени дамуының базалық көрсеткіштерінің бірі, ал мектепке қолданғанда оқыту сапасының маңызды шарттары мен көрсеткіштерінің бірі.

Тағы былай түсіндіруге болады — сол немесе басқа салада білім иеленуі мен оларды қолдану іскерліктерінің белгілі бір дәрежесі.

**САЯХАТ** — байқау өткізуге мүмкіндік туғызатын оқытуды ұйымдастыру, сондай-ақ табиғи жағдайда немесе мұражайларда, көрмелерде және тағы басқа жерлерде түрлі пәндерді, құбылыстар мен процестерді зерделеу нысаны.

Оның сабақтардан ерекшелігі сыныптан тыс өткізіледі, уақытқа қатаң шектеу қойылмайды, тек қана мұғалім жүргізбейді; оқушылардың құрамы өзгере алады.

**Түрлері:**

- **оқытушылық** — қандай да бір пәнді зерделеумен байланысты және тақырыпты алдын ала зерделей немесе аяқтай алады;
- **кешендік** — әр түрлі оқу пәнінің тапсырмаларын шешуге бағытталған;
- **өндірістік** — адамдардың шаруашылық қызметіндегі теориялар мен тәжірибелердің байланысын оқушыларға ашып көрсетуге, сондай-ақ машиналардың, станоктар мен тағы басқаларының құрылысы мен жұмыс істеу принциптерімен және техно-

логиялық процестерімен таныстыруға көмектеседі;

– **өлкетану** – өз аймағының табиғатын, тарихын, экономикасы мен мәдениетін негізгі зерттеу әдістерінің бірі;

– **саяхат** – ұзақ мерзімге және айтарлықтай қашықтыққа есептелген;

– **кино және телесаяхат** – континент бойынша, әлемдегі елдер мен қалалар бойынша, мұражайлар мен көрмелердің залдары бойынша және т.б.;

– «**сырттай**».

**СЕЗІНУ** – сыртқы әлемді сезімдік танудың қарапайым функциясы, заттың және құбылыстың сезім мүшелеріне (*анализаторлар*) тікелей ықпал ету нәтижесінде пайда болатын қасиеттерінің көрініс табуы:

• **органикалық** – ағзаның ішкі ортасының қозғалысы салдарынан пайда болған және бастапқы (органикалық) қажеттіліктің (аштықты, шөлдеуді, ауруды және жыныстық сезімді сезіну) көрінуі болып табылатын сезіну;

• **түйсіну** – жанасу, қысу, тербелу, тебу және тарту (механикалық қоздырғыш алаңын көрсету) сезімдерін қосатын тері сезімталдығының бір түрі.

Модальдық бойынша **жіктеу**: көру, есіту, қозғалыс (дене мүшелері арқылы сезіну – қозғалыстың әр түрлі типтері, тепе-теңдік сезімі кезінде пайда болатын сезіну), иіс сезу, дәмдік, ауырсыну, ыстықтық, тербелістік (теріге механикалық, алдымен дыбыстық, тербелістік әсер ететін сезімталдылық).

Тербелістік сезіну қысу мен жанасу сезімінен ерекшеленеді. Дамудың жоғары дәрежесі саныраулар мен естімейтін зағип адамдарда жеткілікті болады, өйткені олар белгілі дәрежеде естудің орнын алмастырады. Сөйлеудің тербелісін теріге көшіруші аспаптар көмегімен мылқауларды тері арқылы түйсіну мен естуге үйретуге болады.

Жекелеген модальдылық ішінде сапалыққа немесе субмодальдыққа, мысалы, кеңіс-

тікті және түсті көру сезіміне аса толық жіктеу мүмкін. Мұндай жіктеу үшін белгілі қиындықты интермодальдық сезіну немесе синестезияның бар болуы білдіреді.

**СЕЛЕКЦИЯ** – 1) психологияда – қолда бар көптеген қоздырғыштардан индивидтердің болжамдары мен қажеттіліктеріне жауап беретіндерін таңдау; 2) педагогикада – оқушыларды түрлі параметрлері бойынша іріктеу.

**СЕМИНАР** – 1) студенттердің белгілі бір тақырыпты, сұрақты, мәселені, бөлімді әзірлеу мен меңгеруді көздейтін оқытудың лекциялық-семинарлық жүйесінің негізгі нақты формаларының бірі.

Семинар сабақ өз атауын латынның «*seminaries*» сөзінен алған, бұл «көшет отырғызушы» дегенді білдіреді. Олар көне грек және рим мектептерінде пікірсайыстардың, студенттердің хабарлары, оқытушылардың түсіндірулері мен қорытындыларының үйлесімділігі ретінде жүргізілді.

Семинар белгілі бір пәнді тереңдетіп оқыту үшін арналған.

Семинар сабақтарының мамандар дайындау үшін бай мүмкіндіктері бар, сондықтан кафедраларда оларды ең алуан түрлі және күрделі міндеттерді табысты шешуге қол жеткізетін оқу-тәрбие жұмысының негізгі формаларының бірі ретінде өткізеді. Семинарлар студенттердің шығармашылық дербестігін дамытады, олардың ғылымға және ғылыми зерттеулерге деген қызығушылықтарын нығайтады. Семинар сабақтары барысында студенттер ғылыми аппаратты игереді, ғылыми жұмысты ресімдеу дағдысын алады, материалды ауызша және жазбаша баяндау, дамушы ғылыми ұсыныстар мен қорытындыларды қорғау білігін меңгереді.

**Типтері:**

• **кіші семинар** – семинарға дайындаушы, жетелеуші (бағыттаушы) сабақ. Мұндай сабақтар негізінен I курста студенттерді өзіндік жұмыстың ерекшелігімен, сондай-ақ әдебиеттермен, дереккөздермен, олармен

жұмыс жасау әдістерімен таныстыру мақсатында жүргізіледі. Тәжірибе I курс студенттерінің бірнеше дереккөздермен жұмыс жасай алмайтынын және әдебиеттер тізімін оқып шығып, қажетті материалды қалай іріктеу керектігін, оны тақырыпқа және қойылған мақсатқа сәйкестендіріп баяндауды білмейтінін көрсетті. Сондықтан назарды дереккөздермен жұмыс жасау дағдысын дамытуға аудару, оларды кейде бірқатар дереккөздермен жұмыс жасау кезінде дамитын ғылыми мәселені шешуге компликативтік жол табудан сақтандыру керек. Кіші семинар жұмысының екінші кезеңі — студенттердің белгілі бір тақырыптарға рефераттар дайындау, оқу және оларды жетекшілердің қорытындыларымен кіші семинарға қатысушылардың талқылауы;

• II–III курстардағы семинарлардың **арнайы семинарлардан** өзгешелігі IV курста студенттерде материалға зерттеушілік көзқарас пайда болатын аса күрделі оқу және тәрбиелік міндеттер шешіледі.

#### **Мақсаты бойынша:**

— негізгі мақсаты белгілі бір жүйелі курсы тереңдетіп оқыту және онымен теориялық терең байланысы бар семинар;

— курс тақырыптарын немесе бір тақырыптың жекелеген қатынастарын негіздеп талқылауға арналған семинар;

— зерттеушілік типтегі тақырыптар мен оларды дайындауды тереңдету үшін ғылымның кейбір жеке мәселелері бойынша семинар немесе арнайы семинар.

Жоғары курстардағы семинар студенттерді біртіндеп арнайы семинарға — арнайы ұйымдастырылған, жаңа бастаған зерттеушілерді белгілі бір мәселелер бойынша қысқаша қарым-қатынасқа болса да алып келеді. Арнайы семинардың жетістігі кіші семинар мен семинарға қарағанда өте үлкен және кімнің жетекшілік етуіне де байланысты болады. Ірі маман жетекшілік еткен арнайы семинар студенттерді ұжымдық ойлауға және шығармашылыққа үйрететін ғылыми мектеп сипатын алады.

Мұнда студенттердің топтық жұмысқа және оны бағалауға, арнайы тәсілдерді (мысалы, жағдаяттарды үлгілеу және т.б.) пайдалануға тиісті бағыттары маңызды. Сабақ соңында жетекші, әдеттегідей, семинар сабағына және жұмысқа кең ғылыми жоспарда, мәселені одан әрі зерттеу аймағын аша отырып, студенттердің ғылымға деген қызығушылығын қалыптастыра толық шолу жасайды.

#### **Сапа бағалау критерийлері:**

— **мақсаттылық** — мәселенің қойылуы, теориялық материалды оны болашақ кәсіби қызметте пайдаланумен байланыстыруға ұмтылу;

— **жоспарлау** — профильді пәндермен байланысты басты сұрақтардың бөлектенуі, әдебиет тізімінде жаңаның болуы;

— **ұйымдастыру** — пікірталасты тудыру және қолдау білігі, студенттердің барлық жауаптары мен сөздерін, оқу уақытының мәселені талқылаумен толықтығын, оқытушының өз мінезін сындарлы талдау;

— **өткізу стилі** — жанданған, өткір сұрақтар қоюмен, пікірталастан пайда болады немесе әлсіз, ой тудырмайтын;

— **оқытушылардың студенттерге деген қатынасы** — құрметті, талап мөлшерінде немесе немқұрайлы;

— **студенттердің оқытушыларға деген қатынасы** — құрметті немесе талғаусыз, сындарлы;

— **топты басқару** — оқытушы семинарға қатысушылармен тез байланыс орнатады, топта өзін сенімді және еркін ұстайды, барлық студенттермен ақылды және әділ өзара іс-әрекет жасайды немесе керісінше, көп ескерту жасайды, жоғары дауысқа ерік береді, жұмыста басқаларын белсенді етпей, бірнеше студентке ғана арқа сүйейді; оқытушының қорытындысы — білікті, сенімді немесе студенттер білімін байытпайтын, теориялық қорытындылары жоқ; студенттер семинарларда жазбалар үнемі, сирек жасайды немесе тіпті жүргізбейді;

2) топтық сабақтар, қандай да бір арнайы

дайындық үшін біліктілікті арттыру мақсатында *үйірме* өткізу.

#### **Типологиясы:**

- **Әдіснамалық** — ғалымдардың, жоғары оқу орындары оқытушыларының, аспиранттардың және басқалардың философиялық білім формасы, сондай-ақ бір мезгілде ғылыми-зерттеушілік, теориялық-әдіснамалық қызмет формасы;

- **ғылыми-әдістемелік (әдістемелік)** — топтық кәсіби дайындық және негізінен қолданбалы сипат алып жүруші мамандардың біліктілігін арттыру формаларының бірі;

- **теориялық** — қандай да бір ғылымның көкейкесті мәселелерін талқылауды көздейтін жоғары оқу орындарының профессорлы-оқытушылар құрамын теориялық дайындау формасы.

**СЕМИНАРИЯ** — кейбір арнайы орта оқу орындарының атауы:

**рухани** — табынушылыққа қызмет етушілерді дайындауға арналған орта оқу орны; **мұғалімдік** — патшалық Ресейде болған, мұғалімдер дайындауға арналған орта оқу орны.

**СЕНИМ** — 1) тәрбиеленушінің санасына, сезіміне, еркіне парасат-сезімдік әсер ету арқылы оларда өзіндік көзқарас пен адамгершілік өлшемдер қалыптастыру мақсатында, логика мен дәлелдерге негізделген тәрбие әдісі.

Иландырудан айырмашылығы, тәрбиеленушіге ұсынылған қандай да бір ақпараттар немесе ойлар, оларды талдау және бағалау арқылы саналы қабылдауға негізделеді. Бұл жерде қорытынды өз бетінше де, сонымен бірге сендірушіден соң да жасалынуы мүмкін, бірақ қандай жағдайда да ол дайын күйінде қабылданбайды. Көп уақытты, алуан түрлі мәліметтерді және шешендік өнер тәсілдерін пайдалануды қажет етеді, ал иландыру болса іс жүзінде лезде өтуі мүмкін. Бұл әдіс ғылыми пікірталаста да, тәрбиеде де негізгі болып саналады;

2) өзінің құндылық бағдарына, көзқарасына сәйкесті оны іс-әрекетке итермелейтін

тұлғаның саналы қажеттілігі; 3) адамның, өзінің сәйкесті деректер мен айғақтарға сүйене отырып қабылдаған жеке пікірлері мен қорытындыларының дұрыстығына деген сенімге ие болу процесі мен нәтижесі.

**СЕНИМДІЛІК КОЭФФИЦИЕНТІ** — бір адамның бірдей жағдайда жүргізген өлшеу нәтижесі қаншалықты сәйкес келетінін, яғни өлшеу нәтижесі қаншалықты қалпына келтірілетінін көрсететін өзара байланыстылық шамасы.

«**СЕН-ХАБАРЛАМА**» — оқушы әрекетінің себебін болжаудың немесе түсіндірудің түрінен көрінетін жасырын педагогикалық бағалау тәсілі («Әрине, сен...», «Мүмкін, саған ...», «Дұрысы, сенде...»).

**СЕРВЕР** — желіге қатысушылардың бірлесіп пайдалануы үшін бөлінген компьютер; жергілікті немесе ғаламдық желіден ақпараттық қорлар мен басқа да деректерге қолжетімділікті қамтамасыз етуші, жалпы пайдалануға деректер мен бағдарламалық модульдер орналасқан ақпараттық қорлар мен арнайы бағдарламалардың ақпараттық-бағдарламалық кешені.

**СЕРТИФИКАТ** — әлде бір нәрсе туралы арнайы жазбаша куәлік; біліктілігінің болуын куәландыратын құжат.

**СИГНАЛДЫ ДАНАСЫ** — соңғы рет қарап шығу үшін баспаханадан баспаға түскен басылымның алғашқы мұқабаланған данасы, шығаруға рұқсат беру және толық данасын басып шығару тізімін жасау.

**СИМПОЗИУМ** — ғылыми мәселелер жөніндегі халықаралық мәжіліс.

**СИНЕРГЕТИКА** — пәнаралық зерттеу көмегімен өзін-өзі ұйымдастырудың жалпы заңдылығы айқындалатын, ашық жүйеде тұрақты құрылымы қалыптасатын ғылыми білім саласы, яғни күрделі жүйенің реттелмеген жағдайынан реттелуге көшу процесі; білімнің өзіндік саласы ретінде ХХ ғасырдың 70-жылдарының ортасында пайда болды.

**СИНТЕЗ** — талдау көмегімен шығарылған бөліктерді, қасиеттерді, қатынастарды бірыңғай тұтастыққа біріктіру процесі.

**СИПАТТАУ** — 1) эксперимент деректерін тіркеуден немесе ғылымда қабылданған белгілі бір шартты белгілер жүйесі көмегімен қадағалаудан тұратын ғылыми-зерттеу кезені; 2) қандай да бір ерекше сыртқы белгілерін көрсетуден тұратын логикалық амал, соның негізінде сипатталатын затты басқа заттардан ажыратады.

**СОЦИОГРАММА** — таңдау негізінде белгіленетін ұжым ішіндегі байланыстың графикалық бейнеленуі.

**Болады:**

• **шоғырланған** — ұжым мүшелерінің центрлес шенбер бойынша орналасуы: ішкі шенберде жоғары социометрлі мәртебесімен («жұлдыздар») индивид тұрады, келесіде — таңдаудың орташа статистикалық санын алған тұлға, содан соң «оқшауланғандар» дөңгелегі, яғни оң таңдаулары жоқтар, кейін — ұжымнан ауытқып кеткен теріс таңдау алған мүшелер дөңгелегі тұрады;

• **шеңберлі** — ұжым мүшелерінің ішінде таңдау мен ауытқулары көрсетілетін шеңбер бойынша орналасуы.

**Типтері:**

• **коммуникограмма** — ұйымдағы байланыс жүйесін білдіретін диаграмма, олар ұйым мүшелерімен қалай қабылданады және хабарланады;

• **локограммалар** — социограммалар, бұларды құру кезінде символдардың орналасуы олардың шынайы кеңістікте орналасуына сай келмейді;

• **проблемограммалар** — ұжым мүшелерінің алуан түрлі процестерде — ақпараттар алмасу, шешім қабылдау және т.б. кезінде құрылымдық қатынасын білдіретін арнайы социограммалар.

**СОЦИОМАТРИЦА** — байланыс матрицасы, мұның көмегімен ұжымішілік қатынас талданады.

**СОЦИОМЕТРИЯ (СОЦИОМЕТРИЯ-ЛЫҚ ӘДІС)** — өзара қатынас пен психологиялық сәйкессіздік құрылымын айқындау мақсатында топтарда және ұжымда тұлғааралық қатынасты оқып үйрену әдісі.

Оның көмегімен тұлғааралық өзара іс-әрекет процесінде топ мүшелері анықтайтын артық көрушіліктің, немқұрайлылық немесе жағымсыздықтың сандық мөлшерін табуға болады. Социометриялық әдіс — өте жедел әдіс. Оның нәтижесі математикалық өңделуі және графикалық бейнеленуі мүмкін. Келесі критерийлер пайдаланылады:

• **қосарлы** — оларды шынайы жүзеге асыру жағдайында серіктестердің өзара теңестірілу мүмкіндігін қарастыратын критерийлер (бөлме бойынша көршіні, ойында қарсыласты немесе одақтасты, т.б. таңдау), («Сіз бір бөлмеде кіммен бірге тұрғанды қалар едіңіз?»);

• **өнімсіздік** — ұжымдағы тұлғааралық өзара қатынас көрсеткіштері және бос уақытты өткізу, т.б. үшін серіктес таңдауды талап ететін сұрақ түрінде тіркеледі («Сіз бір топта кіммен бірге оқығанды қалар едіңіз?»);

• **жалқы** — жүзеге асыру барысында таңдаушы мен таңдалғанның теңсіздігі қажеттілікпен пайда болатын жағдаят («Сіздің пікіріңіз бойынша, сынып ұжымының мүшелерінен кім староста (топ басы) болуы тиіс?»);

• **теріс (кері)** — тұлғаның (немесе адамның) ұжымнан бөлектеніп көрінуін көздейтін критерий, мұнда сұралушы белгілі бір іс-әрекетпен біреумен бірге айналысқысы келмейді («Сіздің жалпы тапсырмада кіммен жұмыс жасағыңыз келмейді?»);

• **оң (тура)** — қандай да бір бірлескен іс-әрекет үшін әріптестің бірігуін көздейтін көрсеткіш («Сіз жалпы тапсырмада кіммен жұмыс істегенді қалар едіңіз?»);

• **балжамдық** — ұжым мүшелері қатынасының күтілген құрылымын *жауап алушының* түсінігіне сай айқындауды көздейтін көрсеткіш («Сыныптағы балалардан кім сені өз туған күніне шақырады?»);

• **өнімді** — өнімді іс-әрекет құрылымы деңгейінде тұлғааралық өзара қатынасты анықтауға мүмкіндік беретін және тапсырманы бірлесіп орындау үшін тұлға таңдауды талап ететін сұрақ түрінде құрылымдалатын

көрсеткіш («... бойынша Сіз кімді әріптес етіп таңдар едіңіз?»);

• **алеуметтік** — бірлескен қоғамдық жұмыс үшін таңдауды қарастыратын критерий («Сіз мектеп бойынша кіммен кезекші болғанды қалайсыз?»);

• **социометриялық** — байланыспен және таңдау мен шеттету негізі ретінде ұсынумен сипатталатын нақты мазмұнды жағдаят.

**СОЦИОМЕТРИЯЛЫҚ КАРТОЧКА** — социометриялық сұрау кезінде ақпараттар жинау формасы, онда ұжым мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, жауап алушыларға қойылатын сұрақтар және жауап орны, сондай-ақ таңдау критерийлері көрсетіледі:

Топ мүшелерінің Т.А.Ә.	Таңдау критерийлері		
	I	II	III
Аханаев	+	+	
Оспанов	+	+	
Сергеев	+		

**СОЦИОМЕТРИЯЛЫҚ МӘРТЕБЕ** — социометриялық тест көмегімен анықталған адамның топшілік, тұлғааралық қатынастар жүйесіндегі дәрежесі.

**СОЦИОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТ** — аз ғана топтағы тұлғааралық қатынасты айқындау әдісі, көрнекі-графикалық бейнелеу және индекстеп көрсету; мұндай тест нәтижесі мұғалімдер үшін балалар тобындағы ұжымшілік қатынасты қалыптастыру процесін түсінуге баға жетпес мәлімет болып табылады.

**СОФИЗМ** — әдейі, саналы түрде логика ережелерін бұзуға негізделген, формалды дұрыс болып көрінетін, мәні бойынша жалған ой қорытындысы.

**СОФИСТЕР** — философияны, математиканы, мифологияны, поэтиканы, этиканы, саясатты және әсіресе, Ежелгі Грекияда афиндік демократияның өркендеу кезінде риториканы ақылы оқытатын оқытушылар.

Олар жеке табысқа жетуге бағытталған кабілетті немесе күшті адам идеалын ұсын-

ды. Шешендікке оқыту процесінде алғаш рет стиль сұрақтары әзірленді және грамматиканы дамытуға әсер етті. Нақ сол софистерде алғаш рет тәрбие адамзат қызметінің ерекше саласы ретінде ұғынылды. **СӨЗ** — адамдардың тіл көмегі арқылы қарым-қатынас (коммуникация) жасау формасы.

Сөздік *қарым-қатынас* адамдардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастырады, бір-бірін тануға септігін тигізеді, дарааралық қатынастарды қалыптастыру мен дамыудың маңызды факторы болып табылады. Сөз тіл нормаларына сәйкес ресімделеді. Бала тілді ересектермен қарым-қатынас жасау процесінде игереді және оларды сөзде пайдалануды үйренеді. Сөз ойды білдіру құралы болып табылады, адам *ойлануының* негізгі тетігі, ойлау амалдарын жүзеге асыру құралдары болады. Сондай-ақ басқа да психикалық процестермен: *қабылдаумен, есте сақтаумен және қайта өндірумен* байланысты; өз *эмоцияларын* сезіну, өз мінезін реттеу барысында *елестету* рөлі маңызды.

**Сөз қызмет түріне байланысты:**

**ішкі** — айтылмайтын, ол сана, өзін-өзі тану, ойлау процесінде маңызды рөл атқарады; **сыртқы** немесе ауызша қарым-қатынас мақсаттары үшін басты қызмет атқарады және: **диалогтік** (сөйлеу) — әдетте толық ашылмаған болуы мүмкін, яғни ол жағдаятты, ондағының көбі айтылмайды, әңгімелесушіге түсінікті және монологті контекстің арқасында түсінікті болады. Әдетте еріксіз, егер әңгіме, пікір алысу алдын ала жоспарланса ол ерікті болады;

**монологтік** — болып бөлінеді; бір адамның ілікпе сөздермен бөлінбеген, ұзақ уақыт бойы сөз сөйлеуі (мысалы, дәріскердің, шешеннің және т.б. сөздері), әдетте алдын ала дайындықты қажет етеді; ол белгілі бір тыңдаушыларға арналып есептеледі. Өзінің құрылымы бойынша монологтік сөз жазбашаға жақындайды.

Ауызша сөйлеуге ғана тән (қайталауларды немесе жекелеген айтуларды қайта құру,

аудиторияға арналған сұрақтар және т.б.) арнайы құрылымдар болуы мүмкін. Ауызша сөйлеудің екі түрінің де қасиеттерінің бірі – оның жатықтылығы. Сөздің естілетін, айтылатын және көрінетін болып бөлінуі талдаушылардың осы сөйлеу актісінде қайсысы жетекші болып табылатындығына байланысты. Осыған ұқсас сөйлеудің сезіну арқылы бөлектенуі мүмкін, яғни зағиптардың немесе мылқаулардың Брайль бойынша қаріптерді оқу кезіндегі немесе саусақпен сөйлеудегі қабылдауы.

Көрінетінге әдеттегі жазбашадан басқа, көру арқылы қабылдау кодтары (немесе дыбыстар) көмегі арқылы қарым-қатынастың барлық тәсілдерін жатқызу керек. Көрінетін сөздің ерекше жағдайлары – қимылым-ишаратты, мылқаулардың, саусақты және «еріннен оқу».

Сөйлеудің бұзылуы осы тілдік ортада сөздік қарым-қатынасқа кедергі келтіретін, толық немесе жартылай сөздік норманың және адамның әлеуметтік бейімделу мүмкіндігін шектеуші ауытқулар. Сөйлеудің бұзылуы *коррекциялық (арнайы) педагогикада* (қараныз: *Логопедия*) этиология, патогенез, сөйлеу іс-әрекетінің жүйелі құрылуы тұрғысынан қарастырылады. Коррекциялық-педагогикалық әсерді өнімді ұйымдастыру жолы сөйлеудің бұзылуын клиника-педагогикалық және психология-педагогикалық жіктеу болып табылады.

**1. Клиника-педагогикалық жіктеу сөйлеудің ауызша және жазбаша бұзылуларын бөліп көрсетеді.**

Ауызша сөйлеудің бұзылуы: фонациялық ресімделудің бұзылуы (афония және дисфония – дауыстың болмауы немесе бұзылуы; брадилалия – сөйлеу қарқынының патологиялық төмендеуі; тахилалия – сөйлеу қарқынының патологиялық жылдамдануы; тұтығушылық; дислалия – сөйлеудің айтылу жағынын есіту мен сөйлеу аппаратының иннервациясының сақталуы кезінде бұзылуы; ринолалия; дизартрия – сөйлеудің сөйлеу аппаратының иннервациясының

жетіспеушілігіне негізделген айтылу жағының бұзылуы); айтудың құрылымдық-семантикалық ресімделуінің бұзылуы (алялия; афазия – бас миының локальді бұзылуымен негізделген сөйлеудің толық немесе жартылай жоғалуы).

Жазбаша сөйлеудің бұзылуы: дислексия (алексия) – оқу процесінің жартылай немесе толықтай бұзылуы; дисграфия (*аграфия*). Бұзылудың алуан формасын жіктеп саралау балаларға емдеу іс-шараларымен бірлікте *жеке жол* табуы жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**2. Психология-педагогикалық жіктеу лингвистикалық және психологиялық өлшемдерге арналып топтастырылады, сондай-ақ сөйлеу жүйесінің құрылымдық компоненттері мен сөйлеудің функциялық аспектісі есепке алынады.** Бөлектенуі: қарым-қатынастың тілдік құралдарының бұзылуы: сөйлеудің фонетика-фонематикалық жетілмеуі (**ФФЖ**), яғни балаларда қабылдау мен фонемаларды айту кемістігі салдарынан ана тілінің айтылуын қалыптастыру процесінің бұзылуы; балаларда дыбыстық және мағыналық жағына жататын сөйлеу жүйесінің барлық компоненттері қалыптасуының бұзылған жағдайында сөйлеудің күрделі бұзылуларын біріктіретін сөйлеудің жалпы дамымауы (СЖД) және сөйлеу іс-әрекетінде (коммуникативте) қарым-қатынастың тілдік құралдарын пайдалануының бұзылуы, тұтығушылықтың, сөйлеуіндегі жағымсыздықтың және т.б. пайда болуы. Жазудың және оқудың бұзылуы балалардың ауызша сөйлеудегі жинақтаудың қалыптаспағандығымен негізделетін фонематикалық және морфологиялық **ФФЖ** және (немесе) СЖД кешіктірілген көрінісі ретінде түсіндіріледі. Сөйлеудің бұзылуын жою шаралары бойынша оқушылар психологиялық-медико-педагогикалық кеңес қорытындысы негізінде жалпы мектепке ауыстырылады. **Ішкі сөйлеу** – ойлау процесінде «іштей» айтылатын жабық сөйлеу. Сөйлеу аппаратының

(тіл, ерін, тамақ) бұлшық ет биотоктарын тіркеу кезінде экспериментте байқалатын микроартикуляциялаумен сүйемелденеді. Ауызша сөйлеу негізінде екінші, өнімді форма ретінде пайда болады. Сөздік белгінің үлкен қысқартылғандығымен (конспектілендігімен) сипатталады. Адамның дамыған сөздік ойлауының маңызды формасы. Оқу процесінде оқушылардың ішкі ойын сыртқа айтууды үйрету қажет. Мұндай біліктің жоқтығы оқушылардың алған білімдері тек бейнелену мен білу деңгейінде ғана болатынын дәлелдеуде.

**Плеоназм** — идеяны мәні бойынша керек емес сөйлеу құралдарымен білдіру, стильдік тәсіл ретінде жиі пайдаланылады.

**Контекст** — жазбаша немесе ауызша сөйлеудің, оған енетін сөздің немесе тіркестің мағынасын анықтау үшін қажетті, аяқталған мағыналық қатынастағы үзіндісі.

Жекелеп айту үшін тұтас мәтін құрамына енетін сөз немесе сөз тіркесі басқа да айтылулар (бұрынғылары немесе алдағылары) немесе тұтастай барлық мәтін контекст болып табылады. Осыдан келіп «контекст бойынша ұғу» сөзі шыққан.

**Интонация (дауыс ырғағы)** — сөйлеуді фонетикалық ұйымдастырушы, соның ішінде синтактикалық, экспрессивтік мағына, эмоционалдық бояуды білдіретін амал-тәсілдер, сөйлеудің акустикалық элементтер жиынтығы (мелодия, ырғақ, қарқын, қарқындылығы, акценті құрылымы, тембр және т.б.). Психологиялық зерттеу мәліметтері бойынша сөйлеу ырғағы өзінде оның мағыналық мазмұнынан кем емес акпараттарды сактайды. Педагогтің коммуникативтік мәдениетінің маңызды элементтері.

**СТАНДАРТТЫ ӨЛШЕМ ҚАТЕСІ** — оның сенімсіздігімен түсіндірілетін тестінің стандартты ауытқу өлшемі.

**СТАТИСТИКА** — іріктеу жиынтығы процесінде алынатын санақ нәтижесі.

**СТАТИСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕР** — жаппай сандық материалды өңдеу барысында қолданылатын әдіс.

Жинауды ұйымдастыруға, стандартты жазба және статистикалық деректерді өңдеуге, оларды ұсынуға, түсіндіру мен ғылыми және практикалық дағды алуға арналған. Өте маңызды және пайдалы статистикалық құрал **жиілікті үлестіру** болып табылады. Жиілікті үлестіру әрбір топқа кіретін шығу деректерінің санын есептеу жолымен, яғни талданатын әрбір көрсеткіштің қаншалықты жиі кездесетінімен анықталады. **Салыстырмалы жиілік** (жиілік) әрбір жиіліктің жиілік қосындысына қатынасы ретінде анықталады. Бөлудің сандық сипаты арасында негізгісі — **орташа мәні**, оның жанында осы іріктеудің барлық мүмкін мағынасы топтастырылады. **Мода** (математикалық статистикада) — зерделенетін белгінің сандық мәні, оқып танылған іріктеуде өте жиі кездеседі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ЖҮЙЕСІНІҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ** — мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру ұйымдарының: мектепке дейінгі тұрақты ұйымдар, жалпы білім беретін мектептер, кәсіби мектептер мен лицейлер, колледждер мен жоғары оқу орындарының қызметі туралы статистикалық деректер:

- **оқу орындарын бітіріп шығу** — оқу орындарында оқу курсы аяқтаған және тиісті білім (мамандық) алған тұлғалар саны. Орта кәсіби оқу орны мен жоғары кәсіби оқу орнын бітірген тұлғаларға алған мамандығына сәйкес біліктілік беріледі, диплом және белгіленген үлгіде төсбелгі тапсырылады;

- **жоғары оқу орындарынан және колледж (училище) оқушыларынан халықтың 10 мыңына есептегенде мамандар шығару** бітірушілер санының елдің осы жылғы туғаннан 90-ға дейінгі жастағы тұрғындарының орташа жылдық санына қатынасы ретінде анықталады;

- **білім беру ұйымдарының материалдық базасы** — оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін пайдаланылатын ғимараттар мен



жабдықтар кешені. Нақты деңгейдегі білім берудің материалдық-техникалық база сипаты келесі көрсеткіштерді білдіреді: функционалдық мақсаты бойынша аландардың көлемі, бір оқушыға есептегенде оқу аланы, жатақханамен қамтамасыз етілуі, оқытудың техникалық құралдарымен, кітапхана қорымен, қоғамдық тамақтану кәсіпорнымен қамтамасыз етілуі;

• **мектепке дейінгі жастағы балалардың мектепке дейінгі ұйымдарда орынмен қамтамасыз етілуі (1000 балаға келетін орын).** Көрсеткіш мектепке дейінгі ұйымдардағы орын саны демографияның статистикалық деректері бойынша, мектепте оқитын 6(7) жастағы балалар санына түзетілген, 1–6(7) жастағы балалардың санына қатынасымен анықталады;

• **балалардың мектепке дейінгі ұйымдармен қамтамасыз етілуі (қамтылуы).** Көрсеткіш мектепке дейінгі ұйымдарға баратын балалардың саны және демографияның статистикалық деректері бойынша, мектепте оқитын 6(7) жастағы балалар санына түзетілген, 1–6 (7) жастағы балалардың санына қатынасы ретінде анықталады;

• **мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың орынмен қамтамасыз етілуі (100 орынға келетін балалар)** мектепке дейінгі ұйымдардағы орын саны ондағы балалардың санына қатынасымен анықталады;

• **кәсіпорынның (ұйымның) ғылыми-техникалық қызметі туралы** — республиканың ғылыми-техникалық әлеуетінің өсу мониторингі;

• **оқу орнына қабылдау** — осы оқу жылында оқуға қабылданған тұлғалар санының көрсеткіші. Бекітілген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Қабылданғандар санына екінші жылға қалғандар мен оқуға қайта алынғандар қосылмайды. Оқу орнына қабылдаудың сандық сипаты: қабылдау санын, оқыту формасы бойынша, бағыттары бойынша, базалық білімі бойынша қабыл-

дау құрылымын, оқу орнындағы конкурсты қосады;

• **білім беру ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметі** — мектепке дейінгі ұйымдардың, мектептердің, кәсіби мектептердің (лицейлердің), колледждер мен жоғары оқу орындарына қаржының түсуі және пайдалануы. Қаражатпен жабдықтау өзіне көрсетілген ұйымның бар қаржысын және қаржыландыру көздерін сипаттайтын: бюджеттен түсетін (мемлекеттік, жергілікті), ата-аналардың балаларын мектепке дейінгі ұйымда болғаны үшін төлемі, кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен келісімшарт бойынша оқушыларды (студенттерді) оқыту үшін төлем немесе елдің қаржылары, бөлмелерді, жабдықтарды және т.б. жалға беруден түсетін көрсеткіштерді қосады. Қаржыны пайдалану қаржымен жабдықтау айырмашылықтарының негізгі бағыттарын көрсететін және көрсетілген ұйым мен мекеменің материалдық шығын түрлерімен: еңбекақы шығыны, стипендиялық қор, іссапарлар, әлеуметтік сақтандыру, материалдық емес төлемдер, капиталды салымдар, күрделі жөндеу, жабдықтар мен заттар және т.б. сатып алу шығындары көрсеткіштерімен сипатталады.

• **мектепке дейінгі ұйымдарға үнемі қатысатын балалар саны** — жылдың соңында мектепке дейінгі ұйымдардың тізімінде тұрған, сондай-ақ мектепалды дайындық бағдарламасы бойынша мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептерде оқитын мектепке дейінгі жастағы балалар саны;

• **жоғары оқу орындарынан және колледж (училище) оқушыларынан халықтың 10 мыңына есептегендегі саны** жылдың басындағы студенттер санының халықтың осы жылғы туғаннан 90-ға дейінгі жастағы бар санына қатынасы ретінде анықталады;

• **білім беру ұйымдары оқушыларының (студенттерінің) саны** — жалпы білім беру ұйымдарында, бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беру ұйымдарында оқитын

оқушылар саны. Оқушылардың (студенттердің) саны туралы деректер сыныбы (курстар), ұлты, жынысы, жасы, мамандығы және басқа да көрсеткіштер бойынша келтіріледі;

• **мұғалімдер мен оқытушылар саны** — орта, жоғары немесе арнайы дайындығы бар оқушылар мен студенттерді оқытумен және тәрбиелеумен айналысатын тұлғалар саны. Педагогикалық кадрларға педагогикалық лауазымды алатындар емес, жеке тұлғалар жатады. Келесі санаттар қосылады: мектеп (колледж, ЖОО) директоры (ректоры) және директордың орынбасары (проректор) (сабақ бергеніне немесе бермегеніне қарамай), мұғалім, мектеп шеберханасының шебері, тәрбиешілер, профессорлар, ассистенттер, аға оқытушылар, оқытушылар, лекторлар, кафедра, зертхана менгерушілері және т.б., сондай-ақ басқа ұйымдар мен кәсіпорындарда негізгі жұмыс орны бар педагогикалық кадрлар. Жұмыс жасаушылардың жалпы санынан оқу орнында негізгі жұмыс орны бар педагогикалық кадрлар бөлектеніп көрсетіледі;

• **бастауыш кәсіптік білім беру оқу орындарының басшысы мен инженер-педагогикалық қызметкерлерінің сандық құрамы және қозғалысы** — орта, жоғары немесе арнайы дайындығымен оқушыларды оқытумен және тәрбиелеумен айналысатын тұлғалар саны. Келесі санаттар қосылады: кәсіптік мектеп (лицей) директоры және директордың орынбасары, (сабақ бергеніне немесе бермегеніне қарамай), оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері, тәрбиешілер, зертхана менгерушілері және т.б., сондай-ақ басқа ұйымдар мен кәсіпорындарда негізгі жұмыс орны бар педагогикалық кадрлар. Жұмыс жасаушылардың жалпы санынан оқу орнында негізгі жұмыс орны бар педагогикалық кадрлар бөлектеніп көрсетіледі.

**СТАТИСТИКАЛЫҚ ОРТАША** — нақты бар педагогикалық (қоғамдық) құбылыстың қасиетін көрсететін шынайы көрсеткіштер.

**СТИПЕНДИЯ** — үлгерімі мен материалдық қамтамасыз етілуін есепке ала отырып, мемлекеттік (республикалық, жергілікті) бюджет есебінен жоғары және орта кәсіби оқу орындарының студенттері мен оқушыларына және аспиранттарына тағайындалатын ай сайынғы ақшалай көмек.

**СТОХАСТИКАЛЫҚ ПРОЦЕСС** — сипатының өзгеру уақытын анық болжау мүмкін болмайтын процесс.

**СТУДЕНТ** — жоғары оқу орнының немесе колледждің оқушысы.

**СТУДЕНТТІК НЕСИЕ** — оқушыларға тамактану, жатақханада тұру және оқу әдебиеттерін сатып алу шығындарын келесіде белгілі бір мерзімде өтеумен ішінара жабуға берілетін мақсатты қарыз.

**СУБЪЕКТ** — 1) сыртқы әлемді (объект) танушы және оған өзінің практикалық іс-әрекетінде әсер етуші адам; 2) қандай да бір қасиетті, тұлғаны алып жүруші адам; 3) талқылауда не туралы айтылса, бұл сол, шындық заты туралы ұғым және **S** әрпімен белгіленеді.

**ЗЕРТТЕУ СУБЪЕКТІСІ** — ғылыми зерттеуді өз бетінше жүргізетін, яғни проблеманы өзі таңдайтын, нысанды, затты, зерттеу мақсаты мен міндетін анықтайтын, ойды дайындайтын, ғылыми ізденуді жүзеге асыратын, тәжірибелі-экспериментті бағдарлама өзірлейтін, ғылыми тестіні ресімдей отырып, ойды іске асыратын және қорытынды жасайтын индивид.

**СҰЛБА** — 1) шартты бейнелеу көмегімен белгілі бір нысанды, құбылысты, процесі негізгі аса мәнді белгілерін берумен көрсететін сызба; 2) әлденені жалпы басты белгісінде сипаттау, баяндау.

**СҰРАҚ** — жауап түрінде анықтау немесе толықтыруға мұқтаж ақпараты бар ерекше ойлау формасы.

**Мынадай түрлерге бөлінеді:**

• **баламалы** — бір мағыналы жауаптарды талап ететін сұрақтар («иә», «жоқ»);

• **өзіндігі жоқ** — жанама сипаты бар бағалауларға жататын сұрақтар;

- **веерлі (қатпарлы)** — таңдаудың көптігін көрсететін сұрақтар;
- **сыпайы** — адамның өте-мөте интимдік, жеке қасиеттеріне, оның басқа адамдармен қатынасына қатысы бар сұрақтар;
- **дихотомиялық** — тек бір таңдауы ғана бар, бірақ міндетті түрде сенімді немесе теріс шамаланған сұрақтар;
- **жабық** — тек берілген тұжырымдарда бір немесе бірнеше жауаптарды таңдауды қарастыратын сұрақтар;
- **бақылаушы** — мәліметтердің шындығын бақылау үшін пайдаланылатын сұрақтар;
- **жанана** — респонденттен (сауалнамаға жауап берушіден) жасырынған мағынаны түсіндіруді қамтитын сұрақтар;
- **жеке** — сұрақ берушінің бағалауы мен ойлауына қатысты сұрақтар;
- **қақпан (айлакерлік сұрақ)** — жокка жауап беруді қарастыратын тестің түрі;
- **білім туралы (сұрақ-тест)** — респонденттердің ақпараттану дәрежесін анықтауға бағытталған сұрақтар (эрудициясын, интеллектісін);
- **ашық** — алдын ала қарастырылмаған жауаптар қамтылмаған сұрақтар;
- **фактілер туралы** — объективтік болмыстың фактілері туралы, әдетте адамдардың қасиеттері мен белгілерінде, олардың мінезінде, қасиеттерінде, т.б. шын бақыланып, өлшенетін мәліметтерді жинауға мақсатталған сұрақтар;
- **қолдау** — әңгімелесуді қолдауға, сауалнаманы өткізу тиімділігіне бағытталған сұрақтар;
- **жобқаұмарлық** — мүмкін жағдайлардың жиынтығын қамтитын, олардың ішінен респондент ең ұнайтынын таңдайтын жанана сұрақтардың түрлері;
- **тікелей** — респондент қалай түсінетін болса, сол мағынасында түсінетін жауаптарды қамтитын сұрақтар;
- **риторикалық** — шешендік сөйлеудің тәсілі: сұрақ түріндегі бекіту;
- **мазмұнды (нәтижелі)** — белгілі бір құбылыстар мен олардың өзара байланыстары

туралы қорытындыларды алуға бағытталған сұрақтар;

- **фильтрлі** — мазмұнды сұрақтарды қорытындылайтын және респонденттің осы сұрақтарды қоятын адамдардың белгілі бір тобына қатынасын анықтайтын сұрақтар;
- **функционалды** — сұрауды онтайландыруға, реттеуге арналған сұрақтар;
- **функционалдық-психологиялық** — қиналысты алып тастау үшін қолданылатын сұрақтар;
- **мақсатты** — көптеген зерттеушілік міндеттерді шешуге қажет сұрақтар.
- **сараптық** — сарапшылық элементтері бар сұрақтар.

**СҰРАҚ-ЖАУАП ӘДІСІ** — нәтижесінде біріншісі екіншісінің сөздік хабарламасына салынған ақпаратты алатын, зерттеуші мен респонденттің өзара іс-әрекетіне негізделген, стандартталған сұрақтар жүйесін қою жолымен бастапқы ақпарат жинау әдісі. Сұрақ-жауапқа қатысушылардың санына және олардың қатысуы мен қатыспауына байланысты келесі **түрлерге** бөлінеді:

- **топтық** — жауапты топта талқылаудан және бір пікірге келгеннен кейін сауалнамаға енгізу;
- **сырттай** — байланыс арнасы (байланыс) немесе бұқаралық коммуникация құралдары (баспасөз) арқылы жүзеге асырылатын сауалнама;
- **жеке** — сауалнама сұрағына әрбір қатысушының жауабы;
- **көзбе-көз** — сауалнама алушының респонденттермен тікелей байланысты пайдалану барысындағы сауалнама түрі.

Сұрақ-жауап алу әдісі екі негізгі түрге бөлінеді: *сауалнама* және *сұхбат* алу.

**СҰРАҚТАР ТІЗІМІ (САУАЛНАМА)** — 1) алғашқы мәліметтерді жинауға арналған сұрау құралы; 2) ұжымдық оқыту жағдайында үйренетін пәннің барлық курсы бойынша сұрақтардан тұратын арнайы дидактикалық материал.

**СҰРАҚТЫҢ БІРЖАҚТЫЛЫҒЫ** — сұраққа жауап беруші адам, берілер жауаптын

мазмұны бойынша, сынақ жүргізушінің пікірі арқылы зерттеушінің көзқарасын қабылдауға мәжбүр болатындай сұрақтың қасиеті.

**СҰРЫПТАУ БІРЛІП** — бір немесе бірнеше жасанды белгілер, сондай-ақ топтар арқылы пайда болған табиғи бірліктер.

**СҰХБАТ** — сұхбат алушының респондентпен қатынасын көздейтін, белгілі жоспар бойынша өткізілетін сұрау, әңгіме әдісінің өзге түрі.

**СҰХБАТ АЛУ (СҰХБАТ ҰЙЫМДАСТЫРУ)** — қандай да болсын ақпаратты алу мақсатында респондентпен жүргізетін әңгіме, сұрақ:

- **деректі (күжатты)** — фактілер мен оқиғалар нақтыланатын әдіс;
- **жабық** — ұсынылған тұжырымдардан бір немесе бірнеше стандартталған жауаптарды таңдау қарастырылады, «иә», «жок», «білмеймін», «келісемін», «келіспеймін», «айту қиын» сияқты стандарт сұрақтарға ұқсас жауаптардың мысалдары;
- **пікір** — адамдардың қандай да болмасын құбылыстар мен оқиғаларға қатынасын білуге бағытталған әдіс;
- **стандартталмаған (бейресми)** — зерттеушінің әңгімелесу барысында тұжырымдалған ойлар және оның реттілігі өзгеруі мүмкін сұрақтарды алдын ала шамалап ойластыруды көздейтін тәсіл;
- **ашық** — жауаптардың сипаты мен саны, олардың түрі және формасы алдын ала ескерілмейді, сыналұшылар оны еркін таңдайды. Осындай сұрақтардың жауаптары, жабық түрге қарағандағы айырмашылығы, әдетте сандық емес, сапалы талдауға салынады;
- **жартылай жабық** — респондентке ұсынылып отырған жауаптар қатарынан бір немесе бірнешеуін таңдау ұсынылады және сол уақытта оған өз пікірін айтуға мүмкіндік беріледі;
- **жартылай стандартталған** — респондентке ұсынылып отырған жауаптар қатарынан бір немесе бірнешеуін таңдау ұсынылатын

және сол уақытта оған өз пікірін айтуға мүмкіндік берілетін жартылай жабық сұрақтар қолданылатын зерттеу әдісі;

- **еркін (қарқынды)** — тақырыбы мен түрі регламентпен белгіленбеген әңгімелесулер;
- **стандартталған (формализацияланған, категорияландырылған)** — белгілі ретпен ұсынылған жинақталған сұрақтардан тұратын тәсіл.

**СЫЗБА** — бірдемені жазықтықта сызықпен көрсету.

**СЫНДЫҚ НҮКТЕ** — *нөлдік болжамдар* теріске шығарылатын өлшем мәндерінің жиынтығы.

**СЫНЫП** — 1) мектептегі оқушылардың бірдей оқу бағдарламасы бойынша білім алатын тұрақты (оқу жылында) саны.

Сынып түрлері:

- **көмекші** — санырау, нашар еститін, зағип және нашар көретін, сол сияқты тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған мектептердегі арнайы сыныптар, сонымен қатар оларға ой өресі дамымаған және соның салдарынан осы типтегі мектеп бағдарламасы бойынша білім алуда қиындық көретін балалар оқиды;
- **икемді құрам** — қабілеті мен қызығушылықтары бойынша біртекті топтар негізінде аптасына 1-2 рет арнайы сабақ кестесі бойынша белгілі бір пәндерді (биология, тарих және т.б.) оқу үшін құрылған жіктелудің сыртқы түрлері (негізгі сыныптан тыс).

Басқа пәндерді оқыту негізгі сыныпта жүргізіледі;

- **теңгеру (түзету, туралау)** сыныптары, жалпыға бірдей білім беру бағдарламаларын меңгеруде қиындық көретін балаларға арналған, олардың оқу және тәрбие жағдайларына сәйкес, білім беру мекемелері жағдайларына бейімделмеудің алдын алуға мүмкіндік береді.

Мұндай оқушылардың тілектері мен мүмкіндіктеріне икемделген оқу материалдарын, оқытудың түрлері мен әдістерін таңдау, олардың білімді тез меңгеруіне, қор-

шаған ортаға, дені сау құрбыларының арасында бейімделуіне көмектеседі.

• **бағдарлы** — 1) ынтасына қарай өзара байланысты пәндерді тереңдете оқытуды көздейтін сыныптардағы тұрақты құрамдағы оқушыларды қызығушылығына қарай жіктеудің сыртқы түрі; 2) оқу-тәрбие жұмыстары мен шараларына арналған мектеп ғимараты; 3) даярлық деңгейі; 4) *логикада* — ортақ белгілері бар және түсініктердің шамасын құрайтын заттар тобы және құбылыстардың жиынтығы (сол сияқты *көпшілік* түсінігі қолданылады); топ, бөлім.

**СЫНЫП (ТОП) БЕЛСЕНДІЛЕРІ** — білім беру ұжымында жетекші рөлді алатын оқушылардың (студенттердің) ең белсенді бөлігі.

**СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІ (ТӘРБИЕШІ, КУРАТОР)** — педагогикалық қызметкер, оның лауазымды міндеті: бала тұлғасының дара дамуы және қалыптасуына қажет қолайлы жағдай жасауға ықпал ету; оның тәрбие жүйесіне қажет өзгерістер енгізу; сыныптағы әр бала үшін қолайлы орта және моральдық-психологиялық климат туғызу; балалардың өз арасында, мұғалімдермен, ата-аналармен қарым-қатынасы кезінде туындаған проблемаларды шешуде көмек көрсету.

**СЫНЫПТАН ТЫС (САБАҚТАН ТЫС) ЖҰМЫС** — оқушылардың білімін, іскерліктері мен дағдыларын кеңейту мен тереңдету, тұлғалық, даралық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын қанағаттандыру, бос уақытын белсенді, ойлы өткізуге арналған оқудан тыс уақытта мектеп өткізетін ұйымдасқан, мақсатты сабақтар.

Ұйымдастыру формалары:

- оқушылар үйірмелері;
- мәдени-көпшілік жұмыс (оқырмандар конференциясын, байқаулар, тақырыптық кештер, мектеп тойларын, қызықты адамдармен кездесулер, т.б. өткізу);
- мұғалімдер мен ата-аналар басшылығымен оқушылардың жеке жұмысы

(кітап оқу, техника, өнермен шұғылдану, т.б.).

**СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУ** — оқушылардың бастауыш мектептің сыныпта оқу үшін кітаптар тізіміне және орта, жоғары сынып әдебиеттер бағдарламасына еңбеген отандық, шетелдік әдебиеттерді, халық шығармашылығының туындыларын педагогикалық ұйымдасқан оқуы.

**СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУ ЖҰМЫСТАРЫ** — оқушылардың өзіндік оқу әрекеттерінің түрлері.

Бұл жұмыстардың бір бөлігі сабақтармен тікелей байланысты — ағымдағы үй тапсырмаларын орындау, сыныпта сөйлеу үшін баяндамалар, рефераттар дайындау, шығармалар жазу.

Басқа бөлігі — мектеп бағдарламасын үйренуден бос уақытта орындалады. Бұлар оқушылардың өз тандауы бойынша өзіндік білім алу талпынысын, әр түрлі қызығушылықтарын қанағаттандыратын үйірмелер, факультативтік сабақтар, спорттық секциялар, өнермен, техникалық шығармашылықпен жеке шұғылдану.

**СІЛТЕМЕ** — 1) мәтіннен алынған үзіндіні немесе сілтемеге сүйенетін әдебиетті көрсету; 2) қосымша мәтін немесе негізгі мәтіннен бөлек беттің төменгі бөлігінде орналасатын дәйектемелік дереккөз (аталған жұмыс авторы, басылым орны мен шыққан жылы көрсетіледі).

# Т

**ТАБИҒИ ТӘРБИЕЛЕУ ПРИНЦИПІ** (Ж.-Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци жасаған) — тәрбие мен оқытуға бала табиғатына сәйкес сипат беруге ұмтылу және онда салынған әлеуетті дамыту.

**ТАВТОЛОГИЯ** – анықталатын түсінік сол түсініктің өзі арқылы сипатталған немесе қайсыбір жағдайды дәлелдеуде айғақ ретінде сол жағдайдың өзі пайдаланылған логикалық қателік, тұйыққа тірелген «кесірлі» шенбердің бір түрі.

**ТАКСОН** – жинақ құрайтын нысандар тобы, таксонометриялық бірлік; топтастырудың негізгі, алғашқы элементі.

**ТАКСОНОМИЯ, ТАКСОЛОГИЯ** – әдетте сатылы құрылымды болып келетін болмыстың құрылымы күрделі аймақтарын топтастыру және жүйелеу теориясы (ілімі). **МАҚСАТТАР ТАКСОНОМИЯСЫ** (америкалық психолог Б.С. Блум жасақтаған) – жиынтықты сипаттайтын белгілі бір ортақ белгілері бойынша топтастырылған мақсаттардың тізбегі мен саны. Алты санатты ұғымнан тұрады:

**Білім** – жалпы және жеке деректерді, жайттарды, әдістерді, процестерді, үлгілерді, құрылымдарды және тағы да сол сияқтыларды есте сақтаудан тұрады.

**Түсіну**, бір тілден екінші тілге аудару, көзі жеткен жайтты жалпылап тұжырымдау арқылы дәйекті түсініктеме беру және олардың басқа жағдайларда қолданылуын болжау.

**Қолдану**, яғни жалпы принциптер мен абстрактілі ұғымдарды жаңа жағдайға пайдалану.

**Талдау** – ақпараттардың құрылымдық бөліктерін жеке-жеке саралау; қайсыбір тезиске қатысты маңызды деректер мен болжамдарды анықтау; ерекше жағдайларда маңызды деректерді басқалардан ажырату; материалдың ұйымдастырылу принциптерінің қайсыбірінің ұқсастығын тану (түрі, үлгісі, мақсаты және т.б.).

**Синтез** – кейбір берілген құрамдас бөліктері бойынша (жоспар, амалдар жиынтығы, хабарлама) қайсыбір тұтастықты құру қабілеті.

**Бағалау** – белгілі бір бағалау өлшемдері бойынша маңыздылықты, дәлдікті, үйлесімділікті анықтай алу.

**ТАЛАНТ** – ерекше табиғи дарындылық, туа біткен қабілет; дарынды адам (қ. *Данышпандық*).

**ТАЛАПКЕР** – жоғары, техникалық, көсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына түсуші адам.

**ТАЛҒАУЛЫ ЖИЫНТЫҚ** – тәжірибелік бақылау мен зерттеуге алынатын басты жиынтықтың бөлігі.

**ТАЛДАУ (ТҮСІНДІРУ)** – қандай да бір көркем туындының, мәтіннің, ереженің мәнін ашу, түсіндіру.

**МӘЛІМЕТТЕРДІ ТҮСІНДІРУ** – зерттеу барысында алынған мәліметтерді түсінікті тілге аудару, түсіндіру; өңделген материалдың кешенді сипаттамасын белгілеу, бекіту және олар арқылы негізгі ойды анықтау және түсіндіру, тұжырымдау қорытындысына жақын келу.

**ТАЛДАУ (СИПАТТАУ)** – 1) ғылыми-зерттеу әдісі – зерттелетін нысанды ойша құрамдас бөліктерге бөлу; бақыланатын эмпирикалық мәліметтерді тіркеуді енгізетін, оларды фактілер деңгейіне дейін жүйелеу мен жинақтайтын, сондай-ақ олардың арасында белгілі бір уақытқа ілесушілік, синхрондық, өзара шығару, жалғастық, т.б. байланыстарды белгілейтін интеллектуалдық рәсім және жаңа білімді алу құралы.

**Түрлері:**

- **кешенді** – заттар, құбылыстар, процестер тобын қамтитын талдау;

- **түзетушілік** – қайсыбір шаманың орта шамасының басқа шамамен немесе бірнеше шамамен байланыстылығын зерттейтін математикалық статистиканың әдісі;

- **жүйелі** – (қ. *Жүйелі талдау*);

- **құжаттардың мазмұны** – толық талдау, құжаттарды сапалық-сандық зерттеу:

- **сыртқы** – құжаттың шығу жағдайларын, оның тарихи, әлеуметтік контекстін зерттеу;

- **ішкі** – зерттеу бағдарламасы негізінде құжат мазмұнын ашу;

- **сапалық** – құжаттар мазмұнын ойластыру жолымен, зерттеу болжауларына сәйкес

құжаттарда бар мәліметтерді топтау мен жіктеу арқылы ақпаратты алу;

- **құрылымдық-мазмұндық** – форма бойынша осы құбылыстардың ұқсастығын белгілеу негізінде генетикалық туысқандығы жөнінде қорытынды жасалады, яғни олардың жалпы шығуы бойынша әр түрлі құбылыстарды зерттеу мен түсіндіру әдісі;

- **формалды (сандық)** – мазмұнның белгілі бір маңызды жағын қажеттіліктен бейнелейтін құжаттың белгілерін, ерекшеліктерін, қасиеттерін табу;

- **шкалограмдық** – 1. (қ. *Шкалограмдық талдау*);

2) бір нәрсені қарау, талдау; 3) дыбыстық-акустикалық сигналдардың бірізділігін бірлік тілдік сигналдарына өзгерту жүргізілетін сөйлеу дыбыстарын тану.

**ҚАТЕЛЕРДІ ТАЛДАУ** – оқушылар жіберген қателерді бақылау жұмысын орындау барысында талқылау.

**ОҚУ-ТӘРБИЕЛІК ПРОЦЕСТІ ТАЛДАУ** – педагог пен оқушы қызметінің барысы мен нәтижелері туралы білім алудың тәсілі, негізгі бақылау әдістерінің бірі.

**ТАЛДАУ БІРЛІГІ** – оқылатын проблемалардың маңызын ашатын бағдарламадан және зерттеу болжамдарынан шығатын түсінік.

**ТАНЫМ** – 1) ойлауда шындықтың көрініс табуы, талдау мен елестету процесі, нәтижесі дүние туралы жаңа білім болып табылады; 2) меңгерген білім мен тәжірибенің жиынтығы.

Оқу-тәрбие процесінің маңызды аспектілерінің бірі.

Мәдениеттің маңызды сипаты және өзінің функционалдық қызметіне, сипатына, тиісті құралдар мен әдістеріне қатысты келесі формаларда жүзеге асырылуы мүмкін: кәдімгі, мифологиялық, діни, көркем, философиялық және ғылыми. Баламалы таным (дүниені танушылық) мүмкіндігі туралы сұрақ *гносеологияның* немесе *эпистемологияның* (таным теориясы) негізгі тақырыбы болып табылады. Осы сұрақты шешуге

қатысты танымның дүниеге сеніммен қараушылық, күдікшілдік және агностицизмдік ұстанымдары бөлектенеді. *Шындық* танымның әмбебап мақсаты ретінде көрінеді. Бұл кезде шындық және оған жету жолдары туралы түсінік тарихи-философиялық дәстүрлі контексте «білім мен пікір» (антикалық), «ақыл мен сенім» (орта ғасыр), «білу мен білмеу» (жаңа уақыт) сияқты іргелі оппозицияларды өрбіту арқылы нақтыланды.

Танымдық іс-әрекет табиғаты мұнда практикалогиялық, семантикалық және аналитикалық көзқарас контекстінде қарастырылады:

- **практиологиялық (практикалық)** – марксизм мен прагматизмге тән. Егер марксизмде таным шындықтың озық бейнелі формасы бола отырып, практиканың маңызды кезеңі ретінде көрінсе, ал прагматизмде таным күдікті жеңе отырып, субъектіні өз күшіне психологиялық сенімін қамтамасыз етеді, оған сонысымен мүмкіндік бере отырып, практикалық іс-әрекетті өте тиімді жүзеге асырады;

- танымға **семантикалық** көзқарас танымды ой құраушы процесс, адамға тек сыртқы шындықты емес, өз-өзін түсіну аумағын кеңейтуге мүмкіндік беруші ретінде қарастыратын *феноменология* мен *герменевтика* шеңберінде іске асырылады;

- **аналитикалық** көзқарас танымды белгілік құрылымды ғылыми талдау ретінде қарастыратын, қалыптасқан логикалық және семиотикалық инварианттарды өте көп немесе аз баламалы сипаттайтын, бірақ олардың түпкі түсінігіне үміттенбейтін нео және постпозитивтік пен структурализм ағымдарымен байланысты;

- **сезімдік** (негізгі формалары: *сезіну*, *қабылдау* және *ұсыну*) – субъекті мен объектінің тікелей өзара іс-әрекетінің нәтижесі. Тұтастай болашақ танымдық іс-әрекеттің негізі бола отырып, сезімдік деңгей өнерде және кәдімгі практикада ерекше маңызға ие;

• **рационалды (ұтымды, тиімді)** (формалары: ұғым, пайымдау және ой-қорытынды) – жеке білімді объективтілеу, оларды жинақтау, трансляциялау және т.б. Нақ ұтымды таным танымдық шығармашылықтың ғылым және философия сияқты формаларының өмір сүруін қамтамасыз етеді.

Сезімдік және ұтымдыдан басқа танымдық процесте психиканың санасыздық құрылым деңгейіне арналған танымның ерекше тетіктері жайлы куәландырушы түйсік ерекше рөл алады.

Негізгі түрі, Сократтың уақытынан бері, өзін-өзі тану болып саналатын, философияның тақырыптарының бірі және бір мезгілде өзін даралық тұрмыстың аса маңызды модусының бірі ретінде білдіреді.

**ТАҢДАП АЛУ** – 1) сұрақ-жауап арқылы жинау; 2) қандай да бір ортадан кімді-нені бөліп көрсету:

• **көп сатылы** – топты немесе жекелеген бірлікті кезеңдік таңдау;

• **көп фазалы** – маңызды белгілері бойынша жаппай жинау жолымен бір немесе сол нысанды (бастапқы фазада) зерделеу, содан кейін (келесі фазада) – өзара бағдарлама кендігімен және зерттелетін бірлік санымен ажыратылатын бірнеше іріктелген тексеруді зерттеу.

**ТАҢДАУ** – қандай да бір индивидтің басқа индивидпен ынтымақтасуын білдірген ниеті.

**ТАҢДАУЛЫ КУРСТАР** – оқушылардың қызығушылықтарына байланысты тандалатын жоғары оқу орнының (мектептің) білім беру мазмұны құрамына кіретін курстар.

**ТАРАЛЫМ** – шығарылған басылымның жалпы данасы.

**ТАРАТУ (ЖҰРТҚА ТАНЫТУ)** – белгілі бір ғылыми-педагогикалық материалды жалпы түсінікті формада баяндау; педагогикалық идеяны, теорияны, жүйені және т.б. тарату.

**ТАРИХИЛЫҚ** – заттар мен құбылыстардың қалыптасуы және дамуы, оларды тудырушы жағдайлармен органикалық байла-

ныстағы және құбылыстарға деген өзінде олардың пайда болуы және келесі даму тенденцияларын зерттеуді білдіретін тәсіл, оларды өткен және дәл осылай болашақ аспектісінде қарастырудағы тану принципі.

**ТӘЖІРИБЕ** – объективті шындықты сезімдік-эмпиристік тану процесі, зерттеушінің шынайы әлеммен өзара әрекеті, сондай-ақ осы өзара әрекеттің нәтижесі; білім, білік пен дағдының бірлігі.

**ПЕДАГОГТИҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСЫ** – жаппай педагогикалық практиканы педагогтің интуициясы негізінде нәтижені бағалау критерийлерін, іріктеуді, шарттарын ғылыми шектемей жетілдіру.

**ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС (ТӘЖ)** – өте тиімді педагогикалық жүйені іздеудің тәжірибелік жұмысы, эксперимент бағдарламасын әзірлеу және оны іске асыру, эксперименттен алынған нәтиже негізінде жаппай педагогикалық практиканы жетілдіру процесін қосу арқылы үйлесуі (қ. *Эксперимент*).

**ТӘРБИЕ** – 1) әлеуметтік мағынасында – өскелең ұрпақты өмірге дайындау бойынша барлық әлеуметтік құрылым: қоғамдық институттар, діни ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары мен мәдениет, отбасы мен мектеп орындайтын қоғамның функциясы; 2) педагогикалық мағынасында – тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілер арасындағы арнайы ұйымдастырылған және басқарылатын қарым-қатынас процесі, оның барысында қоғамдық-тарихи тәжірибені жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру мен оларды қоғамдық өмір мен өнімді еңбекке дайындау мақсатында жаңа ұрпаққа дарыту орындалады.

Келесі негізгі *бағыттар* ерекшеленеді:

• **рухани** – адамның тұрақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін өмірге құндылықты қатынасты қалыптастыру. Бұл адамның жұмысы мен ойларына жоғары мағына беруге қабілетті парыз, әділеттілік, шынайылық, жауапкершілік, т.б. қасиеттер сезімін тәрбиелеу;



- **интернационалдық** — басқа ұлттар мен халықтар өкілдеріне бауырмалдық, олардың тілі, тарихы, мәдениеті, дәстүрі мен салттарына сыйластық сезімін қалыптастыру;
- **адамгершілік** — адамгершілік қатынастарды, оларды жетілдіру қабілеттігі және қоғамдық талаптар мен нормаларды, моральдық тәртіптің әдеттегі, күнделікті мықты жүйесін ескеріп қалыптастыру;
- **отансүйгіштік** — елге сүйіспеншілік, Отанды қорғау мен оның мүдделері үшін өзін-өзі құрбан ету сезімін қалыптастыру;
- **саяси** — оқушыларда мемлекеттер, ұлттар, партиялар арасындағы қатынасты бейнелейтін және оларды рухани-адамгершілік пен этикалық тұрғыдан талдай алатын саяси сананы қалыптастыру. Объективтілік, вариативтілік, позиция таңдау еркіндігі мен жалпыадамзаттық құндылықтар шекарасында бағалау принциптерінде орындалады;
- **жыныстық** — балалардың жыныстық санасы мен мінезіне жүйелі, саналы жоспарланған және іске асатындай ықпал ету, оларды отбасылық өмірге дайындау;
- **құқықтық** — құқықтық жалпы оқуды іске асыруды мақсат ететін, құқықтық мәдениет пен құқықтық мінез, құқықтық нигилизмді болдырмау, заңға бағыну мінезін қалыптастыру процесі;
- **еңбектік** — тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілердің, әсіресе соңғыларында жалпы еңбектік іскерліктері мен қабілеттіктерін дамытуға, еңбек пен оның өнімдеріне жауапкершілік қатынасты қалыптастыруға, мамандықты саналы таңдауға бағытталған біріккен әрекеті. Негізгі жол — оқушыны еңбектің толық құрылымына кірістіру: оны жоспарлау, ұйымдастыру, орындау, бақылау, бағалау;
- **ақылдық** — рухани зияткерлік мәдениетін, танымдық түрткілерін, парасаттық күшін, ойлауын, тұлғаның дүниеге көзқарасы мен зияткерлік еркіндігін қалыптастыру;
- **дене шынықтырушы** — дене тәрбиесін дамытуға, денсаулықты нығайтуға, жұмысқа

жоғары қабілеттікті қамтамасыз етуге және өзі ұдайы дене бітімін жетілдіру қажеттілігін жасауға бағытталған адамды — жетілдіру жүйесі;

- **көркемдік** — тәрбиеленушілерде өнерді сезу, түсіну, бағалау, сүю қабілеттігін, одан ләззат алу, көркемдік-шығармашылық әрекет пен эстетикалық құндылықтарды жасауға қажеттілікті дамытуды қалыптастыру;
  - **экологиялық** — өскелен ұрпақты табиғат туралы білім мен аса жоғары ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық ретінде гуманды, жауапкершілікті қатынасты сезінетін жоғары экологиялық мәдениетке тәрбиелеу;
  - **экономикалық** — өндірісті тиімді жүргізу мен ұйымдастыру, бөліп тарату мен тұтыну принциптері мен нормаларының табиғатына сай білімді, іскерліктер мен дағдыларды, қажеттіліктерді, қызығушылықтары мен ойлау стилін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілердің өзара мақсатты әрекеті;
  - **эстетикалық** — өсіп келе жатқан ұрпаққа өмірдегі және өнердегі көркемдікті қабылдау, дұрыс түсіну, бағалау мен жасаудағы, сұлулық заңдары бойынша шығармашылыққа, жасампаздыққа белсенді қатынасудағы тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілердің өзара мақсатты әрекеті;
  - **этикалық** — тәрбиеленушілерде жақсы әдеп ережесін қалыптастыру, жүріс-тұрыс пен қатынас мәдениетін сақтауды мақсат ететін тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілердің өзара мақсатты әрекеті.
- Тәрбиенің **теориялары мен тарихи типтері**:
- **афиндық** — ақыл-ой (мусикалық) және дене тәрбиесі (гимнастикалық) тәлімін үйлестіруді ескеретін жүйе;
  - **спартандық** — дене тәрбиесі дайындығына ерекше баса назар аударатын жүйе;
  - **рыцарьлық** — орта ғасырлардағы зайырлы феодалдардың балаларын тәрбиелеу жүйесі. Ұлдар 7 жасқа дейін аналарының бақылауында тәрбиеленіп, кейін оларды сюзереннің сарайына берген. Олар осында 14 жасқа

дейін паж міндеттерін атқарып, кейін 21 жасқа дейін белгілі рыцарьдың қаруын алып жүруші болған. Жасөспірімдер сынақтан өткеннен кейін рыцарьлыққа қабылданған. Жас адамдар «рыцарьлық жеті ізгілікті іс-әрекетті» — ан аулай білуді, салт атпен жүруді, жүзуді, семсерлесуді, садақ атуды, дойбы ойнауды, жүрегі қалаған ханымға арнап өлең құрастырып айтуды, сонымен қатар өзінде мынадай: ержүректік, қайсарлық, сюзеренге берілгендік және б. адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруды менгеруі қажет болған. Р. тәрбиеде дін мен сарай маңындағы этикет ережелерін білу өте маңызды саналды. Орта ғасырлардың соңында рыцарьлар үшін көптеген елдердегі сарай маңындағы атактылардың тілі болған — француз тілін білу міндетті еді. Рыцарьлық эпос, рыцарьлық романдардың, трубадур, трувер және миннезингерлердің поэзиясының тәрбиелік маңызы болды;

• **пуритандық** — пуритандарда қалыптасқан тәрбие жүйесі.

Пуритандар деп XVI ғ. 2-жартысы және XVII ғ. 1-жартысындағы Англияда өткізілген реформаларға наразы, негізінен орта таптардың өкілдері және протестанттар-кальвинистер аталды. Пуританизм абсолютизмге саяси оппозиция мен XVII ғ. Ағылшын буржуазиялық төңкерісінің идеологиялық көрінісі болды. Кейін пуритандық пікірлер Солтүстік Америкадағы ағылшын отарларында таралды.

Пуритандықтар нәпсі тыюшылықпен, тұрмыс, мораль, т.б. қатаң реттелгенімен ерекшеленді. Оларға байлыққа табынушылық, кедейлерді жеккөрушілік, үнемшілдік тән еді. Сол кезде оларды тәрбиелеу жүйесі мынадай тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталды: қайсарлық, еңбексүйгіштік, мақсатқа жетудегі табандылық. Пуритандық тәрбие тарихқа өскелең ұрпақты қатаң және даналыққа тәрбиелеудің синонимі ретінде енді. Англиядағы пуритандар арасында публік скулз мектебінің жүйесі жасалды;

• **еркін** — әрбір баланың күші мен қабілеттіктерінің ешқандай шектеусіз дамуы, оның жеке ерекшеліктерінің толық ашылуы. Оған баланың тұлға ретінде қалыптасуын тежеуге, оның өмірі мен тәртібін барлық жағынан реттеуге негізделген тәрбиелеу мен оқыту жүйесін үзілді-кесілді терістеу тән. Бұл модельді жақтаушылар педагогикалық ықпал етуді мүмкіндігінше азайтып, ал қандай да бір күштеп, зорлауды болдырмай, баланың өзін-өзі таныту мен жеке қасиеттерінің еркін дамуына айрықша мән берген және бере береді. Олар бала ішкі сезімдері арқылы бастан кешіргендерді ғана елестетеді, сондықтан оның тәрбиесі мен оқытуда жетекші орынды оның жеке сезімдері мен жеке тәжірибесін жинақтай алуы керек деп есептейді. Бұл бағыт Ж.-Ж. Руссоның еркін тәрбиелеу тұжырымдамасымен тікелей байланысты. Бірақ Батыста бұл мектептер кең таралған жоқ. Ресейде еркін тәрбиелеу мектебіне 1906 жылы К.Н. Ветцел құрған «Еркін бала үйі» жатады. Еркін тәрбиелеу пікірлерін Л.Н. Толстой Яснополяна мектебінде шаруалар балаларының өмірі мен оқытуын ұйымдастырып қолдады. Қазіргі кезеңде қайтадан еркін тәрбиелеу пікіріне қызығушылық туды. Алматыда, Мәскеуде, т. б. қалаларда вальдорфтық мектептер, М. Монтессори орталықтары ашылып, тәрбиелеудің еркін, зорлықсыз отандық модельдері жасалып жатыр.

**Ұйымдастыру формалары бойынша:**

• **аффективтік** — арнайы курстар бойынша оқу сабақтарының топтамасын өткізу арқылы сана мен мінезді қалыптастыру;

• **ұжымдық** — ұжымда және ұжым арқылы жүргізілетін тәрбие;

• **қоғамдық (әлеуметтік)** — адамның жақындағы өмір ортасы мен мақсатты тәрбиелеу шарттарының (отбасылық, рухани-адамгершілік, азаматтық, құқықтық, діни, т.б.) кездейсоқ өзара әрекетінің процесі мен нәтижесі; белгілі бір рөлдерге, нормативтік ұстанымдар мен әлеуметтік көріністер

үлгілеріне адамның белсенді бейімделу процесі; адамның әлеуметтену процесінде салыстырмалы мақсатты дамуы үшін оған жоспарлы жағдай жасау.

**ТӘРБИЕ ЕРЕЖЕСІ** — тәрбиенің қандай да бір талаптарын іске асыру бойынша қолданбалы ұсынымдары.

**ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІ** — тәрбиеленушінің (білім алушының) жанарушы қажеттіліктері мен педагогпен реттелетін, оларды қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы нақтылы-тарихи сипаттағы объективті қарама-қайшылықтар.

Оқушының өзінің белсенділігі арқылы осы қарама-қайшылықты шешуі оның дамуына жағдай жасайды.

**ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ** — жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін жағдай жасау мақсатын қоятын ересектер мен балалардың тіршілік қарекетін ұйымдастыру әрекеті. Тәрбиелеу жұмысы арқылы тәрбиелеу процесі жүзеге асады.

**Тұрғын жайы бойынша тәрбиелеу жұмысы** — балалар мен жасөспірімдерге олардың үй-тұрмыстық шағын ортада тұлға қалыптасуына әсер ететін он әлеуметтік факторларды онтайландыру мақсатында және теріс әлеуметтік факторларды болдырмау үшін тәрбиелеу ықпалын ұйымдастыру.

**Негізгі бағыттары:**

— тұлға дамуы және өзін-өзі тәрбиелеу, тәрбиелеу ортасын ұйымдастыру үшін ұтымды жағдай жасау (яғни барлық балалар мен жасөспірімдер үшін қалыпты психологиялық климатты қамтамасыз ету);

— мінездің ауытқушылығын, бақылаусыздықты, күқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, балаларға әлеуметтік көмекті және қорғауды қамтамасыз ету.

Педагогикалық қызметкерлердің жана категориясы пайда болды — отбасыға және тәрбиеленуі қиын жасөспірімдермен жұмыс істейтін ересектерге балалардың демалысын, т.б. көмекті ұйымдастыратын әлеуметтік педагогтер.

**ТӘРБИЕ ОРТАСЫ** — баланың өмірлік іс-әрекеті және оның тұлға ретінде қалыптасуы өтетін табиғи және әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жиынтығы.

Оған сынып, мектеп, отбасы ортасын жатқызады. Тәрбие ортасын ұйымдастыру түрлері: ұжымдық өмірдің және қоршаған ортаның жалпы ережесі баланың өзіндік және шығармашылық дамуын шектемейтін *стихиялы, авторитарлы және оптималды* болып бөлінеді.

**ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ** — тәрбиелік процесс шеңберінде өтетін формалар; тәрбиеленушілердің мақсатқа сәйкес ұйымдастырылған ұжымдық және жеке іс-әрекетінің жүйесі. Тәрбиелік жұмыстың бағытына (тәрбиенің адамгершілік, дене шынықтыру және т.б. формалары); қатысушылардың санына (топтық, көпшілік, жеке) байланысты құрылады.

**ТӘРБИЕ ТЕОРИЯСЫ** — тәрбиенің мәнін, заңдылықтарын, қозғаушы күшін, негізгі құрылымдық бөліктерін және әдістемесін анықтайтын педагогиканың бөлімі.

**ТӘРБИЕГЕ ҚОНУШІЛІК** — салыстырмалы түрде адамның өзіне жана танымдық, эмоционалдық немесе мінез-құлық іскерліктері мен дағдыларды тез қалыптастыруға дайындығы.

**ТӘРБИЕДЕГІ ДАРЛАУ ӘДІСІ** — әр түрлі өмір жағдайында оқушылардың тәртібіне елеулі дәрежеде әсер ететін оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру педагогикалық процесс арқылы жүзеге асады (темперамент және мінез-құлқы, қабілеттері, себебі мен мүддесі және т.б.).

Мәні — тәрбие процесінде үйлесімді нәтижелерге қол жеткізу мақсатында ұстаздың тәрбиеде әр түрлі әдістер мен тәсілдерді икемді пайдалануы.

Классикалық мысалдар — балаға өз қабілеттіліктеріне сәйкес тапсырма беру; оның жеке ерекшеліктерін анықтауға көмектесетін арнайы педагогикалық жағдай туғызу; сұхбат; тәрбиелеушінің нақты жеке қа-

сиеттерін дамыту мақсатында оның тәртібіне айналасындағы құрбылары және үлкендер *белгілі тәсілмен Ітминат* білдіруі туралы «джентельменді» келісімшарт жасау; Қиын балаға да, өнегелі балаға да жеке тәсіл қолдану қажет, себебі, өзіне тән қасиеттерді ұғынуға, өз тәртібі мен сезімін басқаруға үйрену, өзіне меншікті күшті жақтарын сайма-сай бағалау және әлсіз жақтарын түзетуіне көмектеседі.

**ТӘРБИЕЛЕНУШІ** — бір жағынан, белгілі бір тұлғамен (мұғалім, тәрбиеші, ата-ана) және (немесе) әлеуметтік ортамен (отбасылық, шығармашылық, еңбек, спорттық немесе оқу ұжымы) өзара тәрбиелеу әрекетінің нысаны болатын адам. Екінші жағынан, өзін-өзі тәрбиелеу әрекетінің субъектісі ретінде, оған өзінің тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда белсенді рөл беріледі.

Ортаның және арнайы ұйымдастырылған жағдайлар әсерінен оның мінезінде, әрекеттер мен қимылдарында көрініс табатын белгілі бір тұлғалық белгілер орнығады.

**ТӘРБИЕЛЕП ОҚИТУ** (терминді И.Ф. Герbart енгізген) — 1) білім, іскерліктер мен дағдылар беретін және сонымен қатар оқушылардың белгілі бір дүниеге көзқарасын, моральді, мінез бен қайратын қалыптастыратын, олардың танымдық қабілеттері мен тұлғаның басқа да қасиеттерін дамытатын оқыту; 2) оқушылардың білім, іскерліктер, дағдылар, шығармашылық қызметтің тәжірибесін меңгеруді игерумен және дүниеге, бір-біріне, меңгерілетін оқу материалына эмоционалдық-құндылық қатынасты қалыптастыру арасындағы табиғи байланысқа қол жететін оқыту.

**ТӘРБИЕЛЕУ ӘДІСТЕРІ** — ересектер мен балалар арасындағы педагогикалық тұрғыдан өзара орынды әрекет етудің қоғамдық келісілген тәсілдері, олар балалар өмірін, әрекетін, өзара байланысын, қарым-қатынасын ұйымдастыруға, олардың белсенділігін ынталандыруға және тәртібін реттеуге ықпал етеді.

Тәрбиелеу әдістерін таңдау тәрбиелеу мақсатына; әрекеттің жетекші түріне; тәрбиенің мазмұны мен заңдылықтарына; оларды шешудің нақты міндеттері мен жағдайларына; тәрбиеленушілердің жас, дербес және жыныстық ерекшеліктеріне; тәрбиелілігіне (тәрбиеленуіне); тәртібінің уәжіне (мотивациясына) байланысты; тәрбиелеу ісінде қолданылған әдістердің нәтижелілігін анықтайтын жағдайлар тәрбиешінің тұлғалық жеке ерекшеліктерін, оның кәсіби біліктілік деңгейін көрсетеді.

**Тәрбиелеу әдістерін жіктеу** — бір негізде реттелген тәрбиелеу әдістерінің жүйесі. Жіктеудің бірнеше түрі бар, дегенмен тәрбиелеу әдістеріне белгілі бір негіз бойынша қатаң шек қойылатындықтан, қолданыстағы жіктеулердің көпшілігі нақтылығымен ерекшеленбейді.

**Жинақталған жіктеулер:**

- **бағалау және өзіндік бағалау әдістері** — тәрбиелік ықпалдардың тиімділігі туралы ақпарат алу жолдары. Оларға: педагогикалық бақылау, әңгіме, педагогикалық консилиум, сауалнама, тәрбиеленушілердің әрекеттерінің нәтижесін талдау, бақылау жағдайларын тудыру, психодиагностика, тренингтер жатады;

- **әрекет және тәртіп тәжірибесін ұйымдастыру әдістері** — балалардың тәжірибесінде тәртіптің дұрыс әдістері мен формаларын және адамгершілік уәждерді бөліп көрсетудің, бекітудің және қалыптастырудың жолдары. Олар тапсырмалар, жаттығулар, тәрбиелік ситуациялар тудыру, *ұжымдық шығармашылық* іс (ҰШІ) арқылы жүзеге асырылады;

- **өзіндік тәрбие әдістері** — адамның қоғамның және өзіндік даму жоспарының қойған талаптарына сәйкес өз тұлғасын саналы түрде өзгертуге бағытталған әдістері. Осы әдістер тобына жататындар: өзіндік бақылау, өзіндік талдау, өзіндік талап, өзіндік есеп, өзіндік мақұлдау (мадақтау), өзіндік айыптау (өзіндік шара). Тәрбиеші тәрбиеленушіні оның өзін-өзі тәрбиелеуі-

не өзінің іс-әрекетін сыртқы бағалау арқылы түсінуі, содан кейін — қалыптастыратын өзіндік бағалауға сай болу қажеттігін түсінуі, одан әрі өзіндік тәрбие мен өзіндік жетілдіру әрекетін сезінуі арқылы жетелейді;

• **әрекетті және тәртіпті ынталандыру әдістері** — тәрбиеленушінің өз тәртібін жақсарту, оларда тәртіптің оң уәжін дамыту жолдары:

— «жарылу» — бұл тәрбие әдісінің маңызы тәрбиеленушімен арада болған шиеленіс шегіне дейін жеткен кезде жағдайды бәсеңдететін, тәрбиеленушінің жалған көзқарасын «бұзуға», өзгертуіне бірден-бір мүмкіндік беретін қандай да бір тосын және күтпеген шара.

А.С. Макаренко енгізген бұл әдісті тиімді қолдану ұжымның сөзсіз қолдауымен, мұғалімнің жоғары шеберлігімен, тәрбиеленушіге зиян келтірмейтін аса ұқыптылықты сақтаумен ғана мүмкін болады;

— *табиғи салдарлар әдісі* — тәрбиелеу әдісі, оның мәні — тәрбиеленушіге теріс қылығының зардабын түзетуді талап етуі, сонымен бірге қойылған талаптар екі тарап үшін де айқын және әділетті болуы (шашсаң — жина, сындырсаң — жөнде және т.б.);

— *жаза* — тұлғаның келенсіз әрекетін оның қылығын теріс бағалау арқылы тежеу, онда кінәлілік және өкініш сезімін тудыру;

— *мадақтау* — тұлғаның әрекетін жоғары бағалау арқылы жақсы жақтарын ынталандыру, оның ынталануы мен ыждағатының бағаланғандығын жете түсінуі арқылы қанағаттанғандық пен сүйсінушілік сезімін тудыру;

— *мәжбүр ету* — жеткілікті саналы емес және қоғамдағы тәртіп нормасын елемейтін тәрбиеленушіге қатысты тәрбиешінің белсенді еркі көрініс табатын педагогикалық әсер. Мәжбүрлеу түрлеріне жататындар: оқушының келенсіз жақтары мен олардың салдарлары асыра көрсетілген мінездеме жазу; тәрбиеленуші үшін маңызды

әрекеттерге тыйым салу; оқушыны қаламаған іс-әрекетін жасауға итермелеу;

— *талап қою* — тәрбиеленушінің санасына, оның жекелеген әрекеттерін ынталандыру немесе тежеу мақсатында жасалатын педагогикалық әрекет. Педагогтар мен балалардың жеке қарым-қатынастарында іске асырылады. Талап қоюдың түрлері: *тікелей* — тура (бұйрық, тыйым, нұсқау) және *тике-лей* — *жанама* (кеңес, өтініш, түспал, шарт), сонымен бірге белсенді (ынталы) топ пен қоғамдық пікірді білдіретін *жанама* болуы мүмкін;

• **сананы қалыптастыру әдістері** — дұрыс түсінік, баға, пікір, көзқарас қалыптастыруға бағытталған тәрбие әдістері:

— *тәрбиелеу жағдаяттарын талдау* — қандай да бір жағдаяттар мен даулы жағдайларда пайда болған моральдық қайшылықтарды көрсету және оларды жеңу жолдарын талдау тәсілі, немесе тәрбиеленушінің өзі қатынасатын және оның өнегелі тандау жасап, соған сәйкес іс-әрекет етуіне жағдай тудыру;

— *өңгіме* — тәрбиеленушінің қылығын талқылау мен талдауға және адамгершілік тұрғысынан бағалау дағдысын қалыптастыруға қатыстырудың сұрақ-жауап әдісі;

— *пікірталас* — дұрыс жауап табу мақсатында қандай да бір проблеманы немесе сұрақ төңірегіндегі мәселелерді ұжымдық талқылау. Педагогикалық процесте белсенді оқыту әдістерінің бірі болып табылады. Пікірталастың тақырыбы алдын ала айтылады. Оқушылар қажет әдебиеттермен танысып, керек ақпараттарды алулары тиіс. Пікірталас барысында әркімнің өз ойын айтуына құқығы бар. Пікірталастар оқушылардың ойлау, дәлелдеу, проблеманы тұжырымдау және т.б. біліктілігін қалыптастырады;

— *пікірсайыс* — талас, дұрыс пікірлер мен ұстанымдар қалыптастыру үшін тәрбиеленушінің белсенділігін жұмылдыру жолы; жалған түсінік пен ұғымға қарсы күресуді үйрету, пікірталас жүргізуге, өз көзқа-

расын қорғауға, басқа адамдарды оған иландыруға баулитын тәсіл;

– *конференция* – шығармаларда мәлімделген адамгершілік нормаларды айырып көрсету мақсатында кітаптар, спектакльдер, фильмдерді ұжымдық талдау және соларға байланысты белгілі бір қарым-қатынасты қалыптастыру;

– *дәріс* – адамгершілік идеялар мен олардың дәлелдемелер жүйесінің бірізді баяндалуы және иллюстрациялануы;

– *мысал* – тұлғалық идеалды нақты дәлелді үлгілерде иллюстрациялаудан және тәртіппен іс-әрекетті даяр бағдарламалық үлгіде ұсынатын адам санасын қалыптастыру әдісі. Балалардың еліктеуге бейімділігіне негізделеді;

– *әңгіме* (тәрбиеленушінің санасын қалыптастыру әдісі ретінде) – иллюстрация немесе қандай да бір адамгершілік түсініктер мен бағалардың талдауынан тұратын, көлемі жағынан шағын оқиғаларды байланысты баяндау (уағыздау немесе түсіндірме түрінде).

**ТӘРБИЕЛЕУ ЖҮЙЕСІ** – мынадай өзара байланысты құрылымдардың жиынтығы:

- тәрбиелеу мақсаттары;
- оларды мақсатты қарекет процесінде орындаушы адамдар;
- қатысушылары арасындағы туындайтын қатынастар;
- меңгерілген орта
- тіршілік қарекетін қамсыздандыру бойынша басқарушы қызмет.

Гуманистікке бағытталған тәрбиелеу жүйесінің **белгілері**:

- мектептік тәрбиелеу жүйесі дамуының біркелкі тұжырымдамасының болуы;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- ықпал ету мен өзара ықпалдың ұжымдық, топтық және жеке формаларын ұштастыру;
- ұжымның қорғану функцияларын қамтамасыз ету;
- түрлі жастағы балалар ұжымы мен ұйымдардың әр түрлі және көп түрлі бірлескен қызметі.

**Түрлері:**

- *дәстүрлі (қалалық, ауылдық);*
- *коммунарлық әдістеме;*
- *бағдарлы оқу мекемелері* (жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын гимназиялар, колледждер, лицейлер, т.б.);
- оқу еңбегін шығармашылықпен, оқытудың компьютерлендіруін оны гуманизациялаумен, кәсіптік оқытуды бос уақытындағы әрекетпен, т.б. ұштастыратын *мектепкешендер*;
- балалар күшті эмоционалдық күйзелістерді бастан кешіріп жатқан *апаттық және әлеуметтік ауыр аймақтарда*; осы жерде балаларды әдеттегі өмірге қайта оралуға бағытталған іс-әрекеттерді орындау өте маңызды болып табылады.

**ТӘРБИЕЛЕУ ПРОЦЕСІ (ТӘРБИЕЛІК ПРОЦЕСС)** – жеке тұлғаның және қоғамның талаптарына сәйкес олардың әлеуметтік және рухани тәжірибе, құндылықтар мен қарым-қатынастарды игеру жөніндегі тәрбиеленушінің тұлғасын қалыптастыру, белсенді қызметін ұйымдастыру мен ынталандыруды мақсат ететін, ұйымдастырылған тәрбиелік мәні бар педагогикалық өзара іс-әрекет процесі.

**ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ӘСЕР** – біртұтас әлеуметтік өзара әрекет процесінде тәрбиеленушінің жеке аясын, оның мінезі мен санасын қандай да бір өзгеріске әкелетін тәрбиешінің әрекеті, педагог функциясын атқарудың формасы.

Дәстүрде негізгі 4 әдіс атап көрсетіледі:

- иландыру;
- сезім туғызу;
- әсерлену мен еліктеу.

Олардың барлығы әрбір адамдық өзара әрекетте тығыз ұштасады. Педагогтік әсер етудің әр түрлі тәсілдері екі негізгі әдіске әкеледі: талап пен бағаға (қ. *Тәрбиелеу әдісі*).

**ТӘРБИЕЛІЛІК** – білімдер, сенімдер, мінездер арасындағы үйлесімде көрінетін және қоғамдық маңызды қасиеттердің қалыптасу дәрежесімен сипатталатын тұлғаның даму деңгейі.

Адамның білетінімен, ойлауымен және нақты әрекетінің арасындағы сәйкессіздік, қарама-қайшылық тұлғаны дағдарысқа ұшыратуы мүмкін.

Тәрбиелілік — тәрбиеленетіндіктен ерекшеленетін тұлғаның бүгінгі даму деңгейі — тұлғаның өлеуеттік деңгейі, оның жақын жатқан даму аймақтары.

**Тәрбиеліліктің диагностикасы.** Тәрбиеліліктің критерийлері — тұлғаның (ұжымның) әр түрлі қасиеттерінің қалыптасу деңгейінің теориялық әзірленген көрсеткіші. Олар әдетте *атаулар шкаласы* (шөкілі) түрінде жасалады. Егер байқалған қасиеттер дәрежесіне шартты түрде сандық бағалар берілсе, онда салыстыру жүргізуге және оқытуда қол жеткен табыстарды тестілеу кезіндегідей тәрбиелілік деңгейін сандар арқылы көрсетіп есептеуге болады.

Критерийлер шартты түрде «қатаң» және «жұмсақ» деп ажыратылады. «Қатаң» критерийлер педагогикада салыстырмалы түрде аз қолданылады. Оларға жастар тәрбиелілігінің жалпы деңгейін сипаттайтын: орын алған құқық бұзушылық саны мен олардың өзгеру тенденциялары, маңызды статистикалық көрсеткіштер жатады: қылмыс жасағандары үшін жазасын өтеуші жас адамдардың саны; ажырасушылар мен шанырағы құлаған отбасылар саны; жас ата-аналар тастап кеткен балалар саны; жастар арасындағы маскүнемдіктің, шылым шегудің, есірткі қолданудың, жезөкшеліктің, т.б. таралу қарқыны жатады. Мектептегі тәрбиенің сипаттамасы үшін тәрбиелеушілерге тәрбиелеу процесінің барысы мен нәтижелері туралы жалпы мағлұмат алуға көмектесетін, бірақ тереңдеп баруға, жасырын қасиеттерді сенімді болжауға мүмкіндік бермейтін критерийлердің жеңілдетілген «жұмсақ» түрі пайдаланылады. Бұл критерийлердің кемшіліктері әдетте тұлғаның (ұжымның) барлық қасиеттерін кешенді анықтау үшін жасалмайды, тек басқа қасиеттерден, қозғаушы себептер мен нақты жағдайлардан бөлек

дұрыс түсінік бермейтін, не дұрыс пайдаланылмайтын жекелеген — адамгершілік, еңбек, эстетикалық, т.б. қасиеттерді анықтау үшін жасалады.

Сондай-ақ тәрбиеліліктің көптеген критерийлері ішінен мазмұндық және бағалау көрсеткіштерін ажыратады. Алғашқылары — зерттелетін қасиеттердің көрсеткішіне барабар бөлектеумен, екіншілері — болжанатын қасиеттердің аз-кем көріністерінің қарқындылығын дәл белгілеумен байланысты. Тағы да соңғы нәтижелерді болжауға арналған — тұлға немесе ұжымның жеткен тәрбиелілік деңгейін — жалпы критерийлер және жекелеген қасиеттер, белгілер мен сапаларды қалыптастыруға байланысты аралық нәтижелерді талдауға арналған жеке критерийлер бар. Тәрбиелілік критерийлері бағыты, пайдалану әдісі мен орны бойынша шартты түрде екі топқа бөлінеді: 1) тәрбиелеу нәтижелерінің сыртқы формада: тұлғаның ойлауында, бағалауында, қимылында көрінуіне байланысты және 2) тәрбиелеуші назарынан жасырын құбылыстармен: себептермен, сенімдермен, жоспарлармен, бағыттармен байланысты.

**ТӘРБИЕЛІК-ЕҢБЕК КОЛОНИЯСЫ (ТЕК)** — көмелеттік жасқа толмаған 14–18 жастағы балаларды еркінен айыру түрінде жазасын өтейтін еңбекпен түзету мекемесі. ТЕК-тің түрлері:

**жалпы** (еркек жынысты жасөспірімдер мен барлық әйел жынысты жасөспірімдер алғаш рет жазасын өтейтін) және — **қатаң** режимдегі.

**ТӘРБИЕЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР** — рухани, адамгершілік, т.б. даму мен жетілуге бағытталған тәрбиелеу әрекетінде туындайтын адамдар арасындағы өзара қатынас түрлері.

**ТӘРБИЕШІ** — мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиелеу функцияларын және балалар тобында жалпы бақылау қызметтерін атқарушы лауазымды адам.

Педагогикалық колледждердің мектепалды бөлімдерін немесе педагогикалық ЖОО-ның сәйкес факультетін бітірушілерден тағайындалады. Оның міндетіне: балалардың ақыл-ойлық, еңбек, адамгершілік және эстетикалық тәрбиесін ұйымдастыру, педагогикалық ұжымның қызметіне қатысу, ата-аналармен мектепалды тәрбиелеу сұрақтары бойынша жұмыс жүргізу жатады.

#### **Негізгі талаптар:**

- жеке адамгершілік қасиеттер,
- балаларға талаппен қоса қамқоршыл және сүйіспеншілік қатынас,
- қажетті білімнің болуы,
- тәрбиеленушілер ісін ұйымдастыру және олардың әр түрлі әрекетіне көмектесу іскерлігі.

#### **Лауазымдық міндеттері:**

- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің тіршілік қарекетін жоспарлау мен ұйымдастыру;
- олардың әлеуметтік-психологиялық қалыптасуын, әлеуметтік және еңбекке бейімделуіне жағдай жасауды қамтамасыз ету, күнделікті жұмыстарды жүргізу;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін зерттеу негізінде бағыттау-дамыту жұмыстарын орындау;
- олардың психофизиологиялық дамуына мүмкіндік туғызатын іс-шараларды орындау.

**АРНАЙЫ БАЛАБАҚШАНЫҢ ТӘРБИЕШІСІ** – ауытқушылықтары бар балалармен балабақша жағдайында түзету-тәрбиелеу жұмыстарын дефектологпен бірге атқарушы арнайы балабақша қызметкері.

**АРНАЙЫ МЕКТЕПТІҢ ТӘРБИЕШІСІ** – оқушылармен сабақтан тыс уақытта оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізетін педагог-дефектолог.

**ТӘРТІПКЕ КЕЛТІРУ** – педагогикалық зерттеулер барысында тіркелген көрсеткіштерді белгілі бір жүйелілікпен (кемуі немесе артуы) орналастыру; осы қатарда

зерделенетін нысанның орнын (рейтингін) анықтау.

#### **Жасалуы:**

**қатарға** – зерделенетін нысанның қандай да бір сапаның көріну дәрежесі бойынша қатармен орналасуы;

**топ бойынша** – қадағаланатын нысанның барлық жиынтығын өлшенетін белгілерінің дәрежесі бойынша бір-бірінен жеткілікті түрде өзгешеленетін бірнеше рангге топтастыру.

**ТӘУЕЛСІЗ АЙНЫМАЛЫ САНДЫҚ БАҒАЛАУ (ӨЛШЕУ)** – эксперименттегі осы айнымалының бар болуын немесе болмауын тіркеу, әлдебір және сол айнымалының әр түрлі сапасын жеңіл енгізу.

**ТЕЗАУРУС** – 1) тілдің толық мағыналық ақпарат берілген лингвистикалық сөздігі, мағыналық ақпараты толық түсіндірілген, яғни әрбір «бірлігі» анықталған, тілдік зерттеу (негізгі ұғымдар мен түсініктер) сөздігі; 2) адам немесе машина еркін бағдар алуы үшін, білімнің қайсыбір саласы бойынша, толық жүйеленген деректер жиыны; 3) мемлекеттік білім стандартында берілген оқу пәнінің сөздігі.

**ТЕЗИСТЕР** – 1) қайсыбір ілімді баяндаудағы немесе дауласудағы тұжырым; 2) баяндаманың, хабарламаның, дәрістің, шығарманың, құжаттың, т.б. қысқаша тұжырымдалған негізгі қағидалары; мазмұны егжей-тегжейлі дәлелденіп ашылмай, негізгі ойлары мен қағидалары анықталып, тұжырымдалған ғылыми баяндаманың түйіндемесі.

Тезистерде такырып пен сұрақтың мазмұны қысқаша беріледі. Тезистерді құрастыру – дәрісті, баяндаманы, т.б. даярлағанда әдебиеттермен өз бетінше жұмыс істеу түрі. Тезистерді құра білуге орта мектептен бастап үйреткен жөн.

#### **Тезистердің түрлері:**

**дәлелдеулер** – ақиқаттығына көз жеткізілуі тиіс тұжырымдар;

**негізгі** – бірқатар басқа тұжырымдардың негізделуі тәуелді болатын тұжырым;



**жеке** — оның көмегімен негізгі тезис дәлелденетін болғандықтан ғана тезис болып саналатын тұжырым.

**ТЕМПЕРАМЕНТ** — адамның психикалық іс-әрекетінің қозғалысы серпінділігін сипаттайтын, өзіне ғана тән тұрақты ерекшеліктерінің жиынтығы: психикалық процестің жүру қарқыны, жылдамдығы, екпіні мен ырғағы.

**Үлгілері:**

**меланхолик** — меланхолик темпераментті адамға ұшқалақтық, тез шаршап қалу, қозғалыс әрекетінің баяулығы, тұйықтылық; нерв жүйесінің инерттілігі (селқостығы), әлсіздігі тән. Сонымен қатар ол жоғары ұқыптылықты қажет ететін (радист, бақылаушы, гидроакустика) жұмыстарды жақсы атқаруға мүмкіндік беретін жоғары психикалық реактивтілігімен, сезімге анағұрлым бойалдырғыштығымен және қасындағылардың көңіл күйін, ондағы нәзік өзгерістерді сезінгіштігімен ерекшеленеді. Сырттай қарағанда қоршаған орта құбылыстарына енжар болып көрінеді;

**сангвиник** — сангвиник темпераментті адамға ширақтылық, салмақтылық, нерв процесінің күштілігі, психикалық белсенділігінің жоғарылығы, жігерлілік тән;

**флегматик** — темпераменттің бұл үлгісіндегі адамға салмақтылық, секемшілдік, байсалдылық, сабырлылық, көңіл күй тұрақтылығы, ішкі көңіл күйін сыртқа байқатпаушылық тән;

**холерик** — бұл үлгідегі темпераментті адам іс-қимыл жылдамдығымен, сезімдерінің туындау тездігімен және күштілігімен, жұмысқа ерекше құштарлықпен берілуге қабілеттілігімен бірге ұшқалақтығымен, сөзінен, ымынан, ишарасынан, жүріс-тұрысынан байқалатын көңіл күйінің құбылмалылығымен ерекшеленеді. Егер тиісті тәрбие жұмыстары жүргізілмесе, сезім қызбалығы өмір қиындықтары жағдайларында өз сезімін басқара алмаушылыққа әкеліп соқтыруы мүмкін.

**ТЕОРЕМА** — қайсыбір дедуктивтік ілімнің, сол ілімнің бастапқы теориясына (аксиомаларға) және (немесе) ілімнің дәлелденген сөйлемдерін пайдалану негізінде, осы ілім үшін қорытынды ереже болуы мүмкін, қатаң түрде құрылған кез келген сөйлемі.

**ТЕОРИЯ** — табиғаттағы, қоғамдағы және ойлаудағы белгілі бір процестер мен құбылыстардың объективті өтіп жатқан даму заңдарын сипаттайтын білімдердің, түсініктердің, заңдылықтардың жүйесі.

Жалпығылымдық теориялар:

• **ықтималдық** — сәйкесті шарттар туындаған жағдайлардың көпшілігінде қайталанып отыратын немесе белгілі бір қасиеттерге қатысты бір-бірімен эквивалентті (балалы) болатын жаппай кездейсоқ оқиғалар туралы ғылым;

• **қызығулар** — қазіргі заманғы батыстың аксеология және этикасындағы, болмыстың құбылыстары мен заттарының (құндылықтарының) адам үшін маңыздылығын, оның қоғамдағы атқаратын объективті қызметіне емес, адамның қызығушылығы мен субъективті қатынасына қарай анықтайтын бағыты;

• **конвергенция** — екі саяси-әлеуметтік жүйенің қарама-қарсы тайталасы кезінде (XX ғ. 20—70-ші жж.) туындаған, капиталистік және социалистік жүйелердің экономикалық, саяси айырмашылықтары бірте-бірте жойылып, болашақта екі жүйе толық бірігіп кетуге бағытталған батыстық социология мен политологияның бір тұжырымдамасы;

• **мәдени циклдер** — салыстырмалы-тарихи әдістің дағдарысынан туындаған және атап айтқанда, тарихи процестердің (оның мазмұнынан тыс) жүру формасында, оларды сипаттайтын «мәдениеттің жалпы стилінде», тарихтың ішкі байланыстарында көрінетін, тарихи-мәдени дамудың қайталанбай тұрмайтындығы туралы ілім;

• **бейнелеу** — психикалық процестер мен құбылыстарды болмыстың бейнелену түрі

ретінде қарастыратын ғылыми зерттеулердің философиялық негізі;

- **таным (гносеология, эпистемология)** — қ. Гносеология (эпистемология), Таным;

- **индустриалды қоғамнан кейінгі (постиндустриалды) қоғам** — әрбір қоғамның дамуы, ұлттық жалпы өнім көлемінің жалпыланған көрсеткішінен көрінетін өндірістің даму деңгейімен анықталатындығы туралы индустриализм ережелеріне негізделген әлеуметтік-философиялық футурологиялық тұжырымдама;

- **әлеуметтік әрекет** — әлеуметтік әрекет әлеуметтік болмыстың бір элементі, ал әлеуметтік институттар, топтар, т.б. әлеуметтік қауымдастықтар — тек қана жеке тұлғалардың белгілі бір әрекеттерінің ұйымдасу формасы мен нәтижесі ретінде қарастыратын — қазіргі шет ел социологиясының негізгі бір бағыты;

- **экономикалық өсу сатылары** — «бірынғай индустриалды қоғам» тұжырымдамасының өзгерген түрі; тарихы бес сатыға бөлінеді: 1) экономикасы ауыл шаруашылығының басымдылығымен, еңбек өнімділігінің төменділігімен сипатталатын «дәстүрлі қоғам»; 2) шартты түрде монополистік капитализмге дейінгі қоғамға өту кезеңіне сәйкес келетін «өтпелі қоғам»; 3) индустриализациялаудың басталуы мен өндірістік революциялармен ерекшеленетін « жылжылар кезеңі»; 4) «кемелдену кезеңі» — индустриализациялаудың аяқталуы мен өндірісі жағынан жоғары дамыған елдердің пайда болуы; 5) «жаппай тұтынушылықтың жоғары деңгейінің басталуы» дәуірі;

- **факторлар** — басты ерекшелігі социологиядағы монизмді теріске шығару, тарихпен қоғам негіздерінің бірлігі және көптеген түрлі бірқұқықты факторлардың (экономика, мәдениет, мораль, т.б.) механикалық әсерлесуін мойындайтын социологиялық тұжырымдама;

- **«адам капиталы»** — қазіргі экономикалық теорияның, адам ресурстарының сапалық сипаттамаларын жинақтау және пай-

далану процесін зерттейтін бір бөлімі; тармағынада — мамандар мен жұмысшыларды даярлау мен оқытудың экономикалық теориясы. «Адам капиталы» ұғымын экономикалық құндылыққа ие болатын адамның білімі, дағдысы, қабілеті және мотивацияларының қоры ретінде түсінеді. Солар капитал құрайды, өйткені болашақтағы кірістер мен пайдалардың (материалдық болсын, психологиялық болсын) көзі болуы мүмкін. Бірақ бұл ерекше түрдегі капитал, ол өзін иеленушінің жеке тұлғасында нақтылы көрініс табады. «Кәдімгі» капитал сияқты, адам капиталы да физикалық және моральды тозуға ұшырап кемуі мүмкін немесе инвестициялануға байланысты көбеюі мүмкін. Адамға жұмсалған инвестициялардың негізгі түріне білім беру, кәсіби даярлық, денсаулық сақтау, бала туу мен тәрбиелеу, т.б. жатады. Білім беру мен кәсіби даярлық, адамды біліммен, іскерлікпен байыта отырып «адам капиталы көлемін» арттырады, денсаулығын сақтап, өмірін ұзартады,

бала туу мен оны тәрбиелеу «адам капиталын» келесі ұрпақта қайта жаңғыртады.

Білім беру мен кәсіби даярлық мәселелерін зерттеуде айтарлықтай нәтижеге жетті. Зерттеушілердің назары негізгі үш мәселе төңірегінде шоғырланған: білім берудің, сонымен бірге жеке кәсіпорындар мен фирмалар аймағында іске асырылған кәсіби даярлықтың экономикалық құнын өлшеу; білім беруді бөліп таратудың құрылымы мен білім беруден түскен кірісті бөліп таратудың құрылымы арасындағы байланыс; адами ресурстарды дамытудың ұтымды стратегиясын жасап шығару. Оқушылар, олардың отбасы, мемлекет үнемді инвесторлар ретінде білім беруге өздерінің шектеулі қорларын жұмсалған шығынынан асатын қайтарым күтуге болатын жағдайда ғана салады. Сондықтан теорияда білім берудің кірісін, шығынын және білім берудің рентабельдігін зерттеу жұмыстарының орны ерекше;

• **элита** — қоғамның әлеуметтік саяси және интеллектуалды белсенділігі ерекше жоғары бөлігінің (элит) айрықша миссиясы, ал қалған адамдардың (бұқара) енжарлығы туралы теория.

**ТЕРМИН** — қайсыбір ғылымның, ғылыми теорияның шегінде заттарды бір мәнді түсіндіруге пайдаланылатын сөз немесе сөз тіркесі; ғылыми және тәжірибелік мағынада дәл шектелген түсінік.

**ТЕРМИНОЛОГИЯ** — ғылым, техниканың және қандай да бір арнайы аймақтың белгілі бір түсініктерінің аталымдары болып табылатын терминдердің жиынтығы.

**ТЕРІСКЕ ШЫҒАРУ** — бұрынғы қалыптасқан дәлелдің немесе негізделмеген тезистің жалғандығын тағайындау жолымен бұзуға бағытталған логикалық операция.

**ТЕСТ** — 1) кен түрде байқаудан өтіп стандартталған, тапсырмалар жиыны мен нұсқаулықтары берілген өлшеуіш рәсім; жеке және топтық ерекшеліктерді зерттеу үшін қолданылатын, күрделілігі мен орындау уақыты мөлшерленген тапсырмалар жиыны. Тесттің қазіргі түсінігі тек қана тапсырмалар жиынымен шектелмей, ғылыми негізделген, бейімделген, кәсіби құрастырылған, сертификатталған әдістеме ретінде түсіндіріледі;

**бланкілік тест** — суреттерге, кескіндемелерге, мәтіндерге, т.б. әр түрлі ресми құжаттарға (бланк) негізделген психологиялық тест;

**аппаратуралық тест** — сыналушыға ақпараттар ұсыну үшін немесе сынақтың қорытындысын өңдеу үшін әр түрлі техникалық қондырғыларды, арнайы аппаратураны пайдалануды көздейтін психологиялық тест;

2) топтың немесе жеке тұлғаның тұтастай дара — психологиялық ерекшеліктерін, қасиеттерін, сапаларын және тәртібін, дәлме-дәл сандық және белгілі бір сапалық бағалауға арналған, алынған бағамды кейбір алдын ала берілген үлгімен — *тест шамаларымен* салыстыру арқылы зерттеудің қысқа, бір үлгіге келтірілген психология-

лық-сынақтау әдісі немесе бір үлгідегі тапсырмалар жүйесі.

Тестілеудің нәтиже-деректері іскер педагог үшін жоғары құнға ие болады, әсіресе оқығандықты (обучаемость) анықтауда (диагностика), ой (интеллект) әрекетіндегі іскерлік пен дағдының қалыптасуын анықтауда, техникалық ойлау ерекшеліктерін анықтауда, IQ (жалпы интеллект) коэффициентін анықтауда және жекелеген психология-педагогикалық міндеттерді шешуде.

**Тесті нормалау** — жеке тестілеудің нәтижесін арақатынастағы түсініктер жүйесіне енгізу мүмкін болатын критерий.

**Тестің үнемділігі** — тест күрделі емес; тестілеуді жүргізу мен алынған деректерді өңдеуге көп уақыт та, көп қаражат та керек болмайды және топқа пайдалануға болатын критерий.

Сипатына, бағытына, мазмұнына байланысты тестің әр түрлі **үлгілері** болады:

• **ішінара** — бірнеше жауаптан бір дұрысын таңдау (мысалы, үшеуден);

• **топтық** — мектеп сыныбында, студенттер тобында және т.б. жүргізілетін тестер;

• **нәтижелік** — қайсыбір пәнді оқу барысындағы оқушылардың білім, білік, дағдыларының деңгейін анықтауға бағытталған;

• **тәртіп бірлігі** — көрсеткіштері, қайсыбір жағдайға, ережеге, заңға бағыныштылығына қарай қандай да бір мүмкін болатын бір ғана тізбекпен орналасатын және ол туралы білімі тексерілетін тест;

• **жеке-дара** — топтық тексеру жағдайында анықтау мүмкін болмайтын кезде пайдаланылатын тестер;

• **ақыл-ой** — зерттелушінің ақыл-ойы дамуының деңгейін (ойлау, есте сақтау, зейін) сандық көрсеткіштер арқылы бағалау, негізінен білімінің нақты деңгейі, тұлғаның мәдениетке бейімделу дәрежесі бағаланады. Отандық психологтар пайдаланатын ақыл-ой тестерінің айтарлықтай белгілерінің ішінде Д. Векслер, Р. Амтхауер, Дж. Равен, Стенфорд-Бине тестерін атауға болады;

• **қиыстырылған** — құрамында түрлі үлгідегі сұрақтары бар, сыйымдылық деңгейі жоғары, зерттелушіден кең ойлау әрекетін талап ететін тестер;

• **креативтілік** — тұлғаның шығармашылық қабілетін зерттеп бағалауға арналған әдістер жиынтығы;

**критерийлі-бағытталған** — зерттелушінің, оқу немесе кәсіби тапсырмалардың белгілі бір түрлерін орындауға қажетті және жеткілікті болатын біліммен, ойлау әрекетінің дағдыларымен қаншалықты қаруланғандығын анықтайтын психологиялық диагностикалау әдістері;

• **тұлғалық** — нәтижесінде дара тұлғаның түрлі жағдайлардағы тұрақты түрде көрінетін мотивациясы, ұстанымдары, қызығушылықтары, мінез-құлық ерекшеліктері, құндылық бағдарлары, сезім көріністерінің қисындылығы, темпераменті және басқа да қасиеттері бағаланып сипатталатын психологиялық сынақтар;

• **ескерту** — тура сұраққа дұрыс бір мәнді жауабын тексеру;

• **бейресми оқу үлгерімдері** — мұғалімдер құрастырған, бір немесе бірнеше сыныптың педагогикалық қажеттілігіне бағдарланған тестер;

• **білімділік** — білім мазмұнының белгілі бір аспектілерін меңгеру деңгейін анықтауға бағдарланған тапсырмалар жиынтығы; іс-әрекеттің белгіленген деңгейіне және эталонына арналған тапсырмалардан құралады;

• **проективтік** — аяқталмаған сөйлемдер, суреттер арқылы елестету, сияның тамшысы, т.б. пайдалану әдісі негізінде зерттелушінің сезімдерін, ойларын, қажеттіліктерін, т.б. анықтау;

• **балама жауапты** — қандай да бір тұжырымның шешімін табу үшін таңдау мүмкіндігін беретін тапсырмалар;

• **сәйкестілік (салыстырмалық)** — түрлі екі бағанда орналасқан, бірақ бір-біріне мағынасы, мазмұны жағынан қатысы бар деректердің, мәліметтердің сәйкестілігін анықтауға бағытталған тапсырмалар;

• **кемшілікті (қосымшалы)** — сөздерсіз (танбалар, белгілер) берілген тапсырмалар;

• **қабілеттер (креативтілік)** — жалпы және арнайы сипаттары бар білім, білік, дағдыларды меңгерудегі адамның мүмкіндігін зерттейтін және бағалайтын әдістер жиынтығы;

— **жалпы қабілет** — интеллектуалды қабілеттерді анықтауға бағытталған тестер;

— **арнайы қабілет** — интеллект тестері, нақты бір әрекеттерді (музыкалық, көркем, математикалық, техникалық тестер, т.б.) табысты орындауға қатысы бар қабілеттерді анықтауға бағытталған тестер (музыкалық, көркем, математикалық, техникалық тестер, т.б.);

• **мектеп үлгерімі** — оқу процесінің *куррикулумымен* жоспарланатын және анықталатын нәтижелер барынша объективті, сенімді және шындықпен өлшенетін, өңделетін, дәйекті түсінік берілетін және мұғалімдердің (арагидік оқушылардың) немесе кенесшілердің педагогикалық тәжірибесінде қолдануға дайын педагогикалық диагностикалау әдісі;

• **критерийлерге бағдарланған мектеп үлгерімі** — жеке тұлғаның нәтижесін алдын ала анықталған өлшеммен салыстырмалы түрде хабарлайтын тестер;

• **салыстырмалы топқа бағдарланған мектеп үлгерімі** — жеке тұлғаны тестілеудің нәтижесін *релевантты таңдаудың* (бұл көбіне-көп бітіруші сыныптар) көмегімен алынған нәтижемен салыстыруды ұйғарған тестер.

**ТЕСТІК ТАПСЫРМАЛАР** — шартынан (сұрағы) тұратын және тапсырманың үлгісіне байланысты таңдауға ұсынылатын жауаптардың тобы берілуі де, берілмеуі мүмкін тестің ең кіші құрамдас бірлігі.

**ТЕСТІЛЕУ** — 1) статистикаға негізделген шәкілдер мен нормаларға сүйенетін, сандық бағалаумен аяқталатын тест негізінде өлшеу немесе үлгі бойынша бағалау; 2) стандартталған сұрақтар мен тапсырмаларды (тестерді) пайдаланып, зерттелушінің же-

ке-дара ерекшеліктерін өлшейтін педагогикалық және *психологиялық* диагностикалық әдісі.

**ТЕСТІН ПАЙДАЛЫЛЫҒЫ** — берілген мінезді зерттеудегі және осы мақсат үшін әдістердің өңделіп, дайындалмаған жағдайында практикалық қажеттілікті анықтайтын критерийлер.

**ТЕХНИКА** — 1) өндіріс процесін жүзеге асыру және қоғамның өндірістік емес қажеттіліктеріне қызмет көрсету үшін жасалған адам іс-әрекеті әдістері жиыны; техникада қоғамдық өндірістің даму процесінде жинақталған білім мен іске асырылған өндірістік тәжірибе.

Техника құралдары материалдық және мәдени құндылықтарды жасау барысында еңбек заттарына әсер ету үшін пайдаланылады:

- энергияны өндіру, тасымалдау және түрлендіру үшін;
- табиғат пен қоғамның даму заңдарын зерттеуге;
- ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және қайта өңдеуге;
- өндірістік процестерді басқару;
- қорғаныс және байланыс қызметін қамтамасыз етуге.

Қазіргі заманғы техника, өздерінің қайта жетілдіруімен және автоматтандырылуының жоғары қарқынымен, үндестірілуімен, бір үлгіге келтірілуімен, энергетиканың, радиоэлектрониканың, химиялық технологияның үдемелі дамуымен, автоматика мен есептеу техникасының кеңінен пайдаланылуымен және т.б. сипатталады.

Қазіргі заманғы техниканың жетістіктері — қоғамдық даму мен ғылыми-техникалық прогрестің аса маңызды факторларының және шарттарының бірі ретінде іргелі ғылыми жаңалықтар мен зерттеулердің, ғылыммен өзара байланысы және өзара әрекеттесуіне сүйенеді;

2) өндірістің қандай да бір саласындағы машиналардың, механизмдердің, құралдардың, құрылғылардың, саймандардың

жиыны; 3) іс-әрекеттің қайсыбір түріндегі дағдылар мен тәсілдердің жиынтығы, шеберліктер (қ. *Педагогикалық техника*).

**ТЕХНИКАЛЫҚ ДАҒДЫНЫ ӨНДЕУ** — психофизиологиялық реакцияларды автоматтандыру деңгейіне дейін өңдеу мақсатында компьютер мен білімді ақпараттандыру құралдарын пайдалану.

Мұндай өңдеу тренажерлармен жұмыс жасау кезінде жүреді.

**ТЕХНИКУМ** — КСРО аймағында халық шаруашылығы мен мәдениеттің түрлі салалары үшін орта дәрежелі мамандарды даярлаған орта кәсіптік оқу орны (қ. *Колледж*).

**ТЕХНОПАРК** — жаңа жасалымдар (талдамалар) жасау мен игеру, қазіргі заманғы жабдықтар мен аспаптарды шығару жөніндегі тапсырыстарды орындаушы, саны аз озық технологиялы кәсіпорындары бар құрылым.

**ТЕХНОПОЛИС** — жоғары және аса жоғары технологияларды әзірлеу үшін ғылымды өндіріспен және білім берумен интеграциялау, идеяларды тудыру мен оларды іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында ғылыми-зерттеу және оқу орталықтарымен біріккен ғылымды көп қажетсінетін кәсіпорындар тобы.

**ТИПОЛОГИЯ** — заттарды немесе құбылыстарды қандай да бір белгілерінің ортақтығына, ұқсастығына қарай жіктеу; жалпыланған нұсқаның немесе үлгінің көмегімен нысандар жүйесін бөліктеу және оларды топтастыруға негізделген *ғылыми әдіс*.

*Педагогикада* — бір топтағы педагогикалық нысандарды әр түрлі, елеулі сапалық белгілері бойынша түрлі топтарға (типтерге) бөлу;

**ТИІМДІЛІК** — 1) *еңбекті ғылыми ұйымдастырудың негізгі принципі* (ЕҒҰ), басқару нысаны іс-әрекетіне қойылатын талаптар (ұйғарымдар, нұсқаулар) санының қажеттілік және жеткіліктілік шарты; 2) осы жағдайда қатысушылардың уақыт пен күшті ең аз мөлшерде шығындау арқылы өте жақсы нәтижеге жету.

**ТОП** — педагогикада — олардың әрекеттері оқытудың мазмұнын меңгеруге бағытталған білім алушылардың тұрақты құрамы; социология мен әлеуметтік психологияда — ортақ құндылықтар және нормалармен реттелетін қатынастар жүйесімен байланысқан салыстырмалы тұрақты адамдар тобы.

**ТРЕНИНГ** — кәсіби және тұлғааралық қарым-қатынас барысында іс-әрекет біліктілігін дамыту мақсатындағы интерактивті оқытудың түрі.

Мұғалімнің кәсіби даярлығы жүйесіндегі маңызды әдістердің бірі болып табылады.

**Әлеуметтік-психологиялық белсенді оқыту (әлеуметтік-психологиялық тренинг, сенситивтік тренинг)** — топтық оқу-жаттығу жағдайында жүзеге асырылатын, адамдардың коммуникативті іс-әрекетін жетілдірудің психология-педагогикалық түрі: адамдармен жұмыс істейтін мамандық иелерінің арнайы коммуникативтік іскерліктерін қалыптастыруда пайдаланумен қатар, жалпы қарым-қатынастық біліктіліктерді жетілдіру, адамның психикалық әрекет мәдениетін тәртіптеу мақсатында да қолданылады.

Жалпы мақсаты келесі міндеттермен нақтыланады: 1) психологиялық біліммен қарулану; 2) қарым-қатынас саласындағы іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру; 3) табысты қарым-қатынас үшін қажетті ұстанымдарды қалыптастыру, дамыту және түзету; 4) өзін және өзге адамдарды толық және тепе-тең (адекватно) танып білу қабілетін дамыту; 5) дара тұлғаның қарым-қатынас жүйесін түзету және дамыту. Нақты міндеттердегі көңіл аударатын бағыттардың, бастапқы алғышарттардың әртүрлілігі және әдістемелік түрлендірулер тренингтің жеке түрлерінің молаюына әкеледі.

Үш негізгі әдістемелік блок айқындалды: а) пікірталас әдістері (топтық пікірталас, тәжірибедегі жағдаяттарды талқылау, құрастырылған жағдаяттарды талдау, т.б.); ә) ойын әдістері: дидактикалық және іскерлік (басқарушылық) ойындары, рөл-

дік ойындар (ойындық психотерапия және с.с.);

б) сенситивтік тренинг (тұлғааралық сезімталдықты жаттықтыру, перцептивті бағытталған тренинг):

**іскерлік қарым-қатынас тренингі** — кәсіби іс-әрекет жағдайында табысты қарым-қатынас үшін қажетті білім, білік, дағдыны меңгеруге, ұстанымдарды қалыптастыру және түзетуге бағытталған психологиялық тренингтің бір түрі;

**корпоративті** — мекеменің қызметкерлері үшін ұйымдастырылатын, олардың қызметтік біліктері мен дағдыларын дамытуға бағытталған қарқынды оқыту. Оқыту формасы ретінде *бизнес-білім беруде* кеңінен пайдаланылады. Әдетте, қысқа мерзімді, жеке тренингтік оқу 1–5 күнге созылады; мекемелердегі анағұрлым ұзақ мерзімдік бағдарлама, елеулі уақыт айырмашылығымен 2–3 аптадан бірнеше айға дейін созылатын қысқа мерзімді оқулар (тренингтер) тізбегінен тұрады. Тренинг ұйымдастыру қызметкерлермен жұмыс істейтін бөлімге тапсырылады, ірі мекемелерде — арнайы тренингтік бөлім айналысады. Дәстүрлі білім жетілдіру сабақтарына қарағанда корпоративті тренингтің тәжірибеге бағытталғандығы айқын көрінеді, оқушылар оны жұмыс орнында ізін суытпай пайдаланса еңбек тиімділігінің артуына қол жеткізетін қолданбалы білім және дағдылармен қаруландырады. Тренинг ұйымдастыру алдында, қызметкерлермен жұмыс істейтін бөлімнің мамандары немесе компанияның менеджерлерінің көмегімен, кейде арнайы шақырылған маман-кәсіпшілер арқылы тренингке қажеттілік—сұраныс жағдайы талданады.

Оқытудың тәжірибеге бағытталғандығы оқытушы-трэнердің үнемі тренингке қатысушы — оқушының тікелей іс-тәжірибесіне сүйеніп отыруын, нақты жағдаятты талдауды, тәжірибелік тапсырма-жаттығуларды, іскерлік және рөлді ойындарды, кері байланысты, т.б. пайдалануды қажет етеді.

Қазіргі заманғы басқарудың іс-тәжірибесінде компанияның бәсекеге қабілеттілігінің артуына, мекеменің барлық деңгейдегі стратегиялық және жедел (оперативных) мақсаттарға қол жетуіне сеп болатын маңызды фактор.

**Бейнетренинг** — бизнес-білім берудегі іскерлік ойындардың элементі, іскерлік кездесу жағдайын елестетуге мүмкіндік беретін, кездесу үстінде топ оқушылары кезектесіп басшының және бағынышты қызметкердің, іскерлік серіктестің, сатушы мен сатып алушының орнында болуға мүмкіндік беретін тәжірибелік оқыту әдісі. Олардың іс-әрекеті бейнетаспаға түсіріліп, сонынан талданады. Бұл әдіс оқушылардың келіссөз жүргізу әдістемесін меңгеру дәрежесін анықтауға, контрагенттің психологиялық ерекшеліктерін ескеруге, қоғамда өзін-өзі ұстай алуына, т.б. көмектеседі. Нәтижесінде сабаққа қатысушылардың әрқайсысы өзін-өзі дұрыс ұстау тәртібіне, оны түзетуге үйренеді.

Тәжірибеде оқыту әсерлерінің оқытудың жоспарланған мақсаттарына сәйкестілік принципімен анықталатын тренинг әдістері әрқилы үйлесімде және түрленуде пайдаланылады.

**ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ СХЕМА** — мүмкін болатын жағдайлары, топтастырылуы, заңдары, ережелері қоса берілген пән саласы бойынша ақиқаттан тұратын қайшылықсыз пікірлердің жиынтығы.

**ТҰҚЫМ ҚУАЛАУШЫЛЫҚ** — адам дамуының бірден-бір факторы.

**ТҰЛҒА** — іс-әрекеттің және қоғамдық қатынастардың нақты тарихи процесінде қалыптасатын әлеуметтік сапа аспектісіндегі адамдық индивид; адам кісілер арасында өз бағытын еркін және жауапкершілікпен айқындаушы қоғамдағы тұлға.

Қоршаған әлеммен, қоғамдық және адамдық қатынастар жүйесімен, мәдениетпен өзара әрекеттесу кезінде қалыптасады. Тұлғаны түрліше топтауға болады, ол мұ-

ғалімге өз шәкірттерінің ерекшеліктерін жеңіл бағдарлауға көмектеседі:

• **ойланғыштық және сезгіштік түрлер (типтер)** — ойланғыштық, тиімділік немесе әсерленгіштік, сезімталдық негізі басым болуымен ерекшеленетін тұлғаның типтері. Ойланғыштық түрге жататын адамдар логикаға негізделген, ойластырылған жақтарға көбірек сенеді. Олар әділеттілік туралы ойланбастан шындыққа ұмтылады. Бастаған істі сонына дейін жеткізуді ұнатады. Өзін қоршаған адамдар сабырсыздық көрсетсе де, байыптылығын жоғалтпайды. Сезгіштік түр өкілдері қуаныш пен ренішке аса сезімталдықпен қарайды. Олар альтруистер, өзін өзгелердің орнына қоя біледі, өзіне зиян келетінін біле тұра басқаларға көмек көрсетеді. Бәрін жүрегіне жақын қабылдайды, оларды шектен тыс жасқаншақтығы үшін кінәлайды;

• **садо-мазохистік түр** — өзінің өмірдегі сәтсіздігінің себебін агрессиялық іс-әрекеті арқылы жоюға бейім тұлғаның типтері. *Мазохистер* барлық кінәні өз мойнына алуға тырысады және бұл жағдайда өз-өзін сынау және жазалаудан рақаттанады, өзінің құнсыздығы мен әлсіздігін мойындайды. *Садистер* қоршаған жандарды өзіне тәуелді етуге тырысады, оларға өктемдік жүргізеді, қайғы-қасірет әкеледі, сол арқылы өзі ләззат алады;

• **экстраверт-интраверт** — бір-біріне қарама-қарсы тұлғаның типтері. *Экстраверт* өзінің ішкі жан-дүниесіне талдау жасамайды, ол көпшіл, түрлі және таныс емес адамдармен тез тіл табысады, ынталы. *Интраверт* тұйық, ешкіммен араласпайды, өзіндік талдауға бейім, жаңа жағдайларға тез бейімделе алмайды;

• **эктоморфты-эндоморфтық түрлер** — адамдардың морфологиялық түрлері, олардың ерекшеліктері дене бітімімен анықталады (В. Шелдонның классификациясы бойынша). *Эктоморфтық* тип нерв жүйесі мықты, бұлшық еті дамымаған арық адамдарға тән. Бұл типтегі адамдар өзін-өзі ұстай білу

және қимыл әрекетінің ұстамдылығын көрсетуімен, жеңіл қимыл-әрекет жасай алмауымен, шағын топпен қарым-қатынас жасауға бейімділігімен, сезімін жасыра білуі, зейіннің, үрейдің жоғары деңгейі, әлеуметтік қарым-қатынасты жасаудағы қиындық басқа адамдардың өзіне деген қатынасын алдын ала көре білмеуі, ауыртпашылыққа аса сезімталдығы, үнемі шаршап жүруімен және т.б. ерекшеленеді. *Эндоморфты* тип көпшілдігімен ерекшеленетін, жайлылықпен сезім рақатына ұмтылатын дене бітімі толық жандарға тән.

### **ТҮЛҒАЛЫҚ-БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ (БІЛІМ БЕРУ) — 1) үнемі оқушының субъективті тәжірибесіне, яғни олардың өмірлік іс-әрекет тәжірибесіне жүгіну, өзіндік ерекшелігін және әр оқушының бірегейлігін мойындау (И.С. Якиманская);**

2) бала мен оқытушы тұлғасын білім беру процесінің біртұтас субъектісі ретінде дамытуға бағытталған жүйе (И.А. Зимняя); 3) білім беруші мен білім алушының коммуникативті-танымдық қызметінің бірлескен процесі, ол оқу міндеттерін шешуге және соның барысында оларда интеллектуалдық процесс пен әлеуметтік қатынастардың дамуы мен қалыптасуына бағытталған (М.А. Құсайынов).

*Педагогикалық көзқарас* тұрғысынан ТБО парадигмасы ретінде төмендегі жағдайлар ұсынылады:

1) білім арқылы адамның қалыптасуы, өзін, өзінің қайталанбас дара, рухани, шығармашылық бастау бейнесін тануы;

2) тұлғалық бейненің қалыптасуында және адаммен, табиғатпен, мәдениетпен, өркениетпен диалогтік және қауіпсіз қарым-қатынас жасауда қажет білім беру процесіндегі балаға және оның көзқарасына тұлғалық-адамгершілік қатынас, яғни қолдау, адамның дамуы, өзіндік орындау, өзіндік даму, бейімделу, өзіндік реттеу, өзіндік қорғау, өзіндік тәрбие және басқалар;

3) адамды қалыптастырушы қызметтерді анықтау (гуманитарлық, мәдениетжасампаз-

дық (мәдениетжасаушы), әлеуметтендіру); 4) адамның экзистенциалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған және аксиологиялық, когнитивті, іс-әрекетті-шығармашыл және тұлғалық құрылымдардан тұратын мазмұн;

5) түсіндіруден түсінуге, монологтан диалогқа, әлеуметтік бақылаудан дамуға, басқарудан өзіндік басқаруға өтуді болжайтын педагогикалық технологиялар.

*Психологиялық көзқарас* тұрғысынан бастапқы позиция ретінде төмендегі жинақ ұсынылады:

- таным субъектісі мен пәндік қызмет ретінде оқушы тұлғасының дамуын және өзіндік дамуын қамтамасыз ету;

- өзінің қабілетін, бейімділігін, қызығушылығын, құндылық бағыты және субъектілік тәжірибесін ескере отырып танымдық, оқу қызметінде, тәртібінде жүзеге асыруға мүмкіндік беру;

- оқушының пәндік материалды, оның түрі мен үлгісін іріктеуді айқындау үшін білім беру мазмұнын ұйымдастыру және таңдау;

- білім, білік және дағдылардың қол жеткізген деңгейінің есебі, сол сияқты белгілі интеллектінің (оның қасиеттері, сапасы, көріну сипаты) қалыптасуы өлшем негізі болып табылады;

- мектеп оқушысының рухани және интеллектуалдық сапасының қалыптасуының маңызды құралы білімділігінің — білім, білік, интеллектуалдық қабілеттерінің жиынтығы;

- оқу және білімділігін табиғаты мен нәтижесі бойынша жіктеу. Оқыту — әлеуметтік және кәсіптік бейімделуді қамтамасыз ететін білім, білік және дағдыларды меңгеруді болжайды. Білімділік тұлғалық маңызды құндылықтар мен ішкі мақсаттар негізінде әлемді дербес тануды, оны шығармашылықпен түрлендіру қабілетін фактілер, құбылыстарды түсіндіру мен бағалаудың субъектілік тәжірибесін кең қолдану қоршаған шынайылықты қалыптастырады;



• оқушының даралығын дамытатын, өздік дамуы мен өз ойын білдіруде қажет барлық жағдайлар жасайтын қасиеттер тұтас білім беру процесінің елеулі құрылымдары болып табылады;

• вариативтік принципі, яғни оқушыны дамыту мақсаты, оны педагогикалық қолдау тұрғысынан ескеріле отырып іріктелген оқу процесі мазмұны мен үлгісінің әртүрлілігін мойындау.

ТБО-ның бірнеше үлгісін бөліп қарастыруға болады:

1. *Әлеуметтік-педагогикалық*, тұлға қоғам талабының құрамында «орталанған» нұсқа, көпшілік мәдениетті тасымалдаушы және білдіруші ретінде қарастырылады.

2. *Пәндік-дидактикалық*, «оқытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуші», бірақ «тұлға оқыту әрекеттерінің жемісі болып қалады» деген білім беру принципін өзгертпейді.

3. *Психологиялық*, мақсаты дарынды және дамуында түрлі ауытқулары бар балалардың оқуын дамыту, түзету, оның көріністерінің деңгейін бағалау, оның қалыптасуын талдау.

Мұндай тәсілмен ТБО және МБС-ны ұйымдастыру мәселесі шешілмейді.

**ТҮЛҒАЛЫҚ-КӘСПТІК ДАМУ** — оқыту мен өздік дамудың көмегімен жүзеге асырылатын, көп жағдайда жоғары деңгейлі мамандыққа және кәсіби жетістіктерге бағытталған тұлғаның даму процесі (кең ауқымдағы түсінікте).

**ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ** — тәрбие, оқыту, әлеуметтік ортаның сыртқы әсерлердің ықпалымен болатын тұлғаның даму және қалыптасу процесі; тәрбие мен оқытудың ықпалымен тұлғаны немесе оның қандай да бір жағын, қасиеттерін мақсаттылық дамыту; адамның қоғамдық қатынастарының субъекті мен объектісі ретінде қалыптасу процесі.

**ТҮЛҒАНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ** — адамның адамзаттың қоғамдық-тарихи тәжірибесін меңгеруге, материалдық-рухани ортада әлеуметтік маңызды өзгерістер жасауға қа-

білеттігі, адамның дүниеге әрекетті қатынасы.

**Түрлері:**

• *жағдайүстілік (бейімделмеген)* — субъектінің іс-әрекеттегі сыртқы және ішкі шектеушіліктерді жеңе отырып, негізгі міндеттерден жоғары мақсаттар қою, жағдай талаптары деңгейінен жоғары көтерілу қа-білеттігі;

• *танымдық (интеллектуалдық)* — 1) білімге тұрақты қызығушылықты, өзіндік әр түрлі әрекетті және т.б. жүзеге асыратын қабілеттілікті танытатын тұлғаның қасиеті; 2) хайуанаттарда бағдарлық рефлекс түрінде, ал адамда, одан басқа еріксіз ықылас, әуестік, білімқұмарлық, шығармашылық түрлерінде көрінетін психикалық белсенділіктің түрі;

• *ізденушілік* — оның нәтижелерінің нақты болжамы болмаса да, бірақ оның тиімділік дәрежесін тұрақты есептеу бойынша жағдайды өзгертуге бағытталған мінез-құлық;

• *психикалық* — психикалық актілер, әрекеттер, қызметтер, мінез-құлықтар түріндегі психикалық бейнелену процесі;

• *нормадан жоғары* — индивид немесе топтардың қандай да бір әрекет түріне қоғам қоятын ресми нормативтік талаптарды жоғарылатуға талпынушылығында көрінетін *жағдайүстілік белсенділіктің* көрініс беретін түрінің бірі;

• *сана-сезімдік* — адам санасы оны қанағаттандыра алмаған объективтік дүниені тек қана бейнелемейді, оны өзгертіп және тудырумен анықталатын психикалық белсенділіктің жоғары формасы;

• *әлеуметтік* — әлеуметтік қатынастарды, қоғамдық өмірді өзгертуге бағытталған тұлғаның белсенділігі; тұлғаның күрделі адамгершілік-жігерлі қасиеті.

**ТҮЛҒАНЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫ** — білім беру міндеттері тұрғысынан қарастырғандағы мәні: 1) адамды қоғамның тіршілік қарекетінің әр түрлі саласында жан-жақты, білікті және жауапкершілік қарым-қатынасқа дайындау; 2) индивидтің

рухани аясының барлық жағынан: оның ақыл-ойы, парасаты, жігері, сезімі, оның дүниетанымының тиімді-логикалық және эмоционалды-психологиялық құрылымдарының бірлікте үйлесімді дамуы; 3) гуманизмнің мәдени козғалысының арнасында Қайта өрлеу дәуірінде қалыптасқан тәрбиелеудің гуманистік мұраты.

Идея тарихи-мәдени жағдайлардың өзгешеліктеріне байланысты кейінгі философиялық және педагогикалық жүйелерде әр түрлі түсініктемелерді алды.

**ТҮЛҒАНЫҢ КӘСІБИЛІГІ** – кәсіби маңызды немесе тұлғалық-іскерлік сапасының жоғары деңгейін, кәсіби істің акмеологиялық өзгермеушілігін, креативтілігін, талаптанудың барабар деңгейін, мотивациялық саласы мен қарқынды дамуға арналған құндылық бағыттарын көрсететін еңбек субъектісінің сапалық сипаттамасы.

**ТҮЛҒАНЫҢ КӘСІПТІК ӨЗГЕРУІ** – кәсіби рөлін орындау әсерінен болатын жеке тұлға (қабылдау, құндылық бағдары, сипаты, қарым-қатынас тәсілі мен мінез стереотиптері) сипаттарының өзгеруі.

Өзінің бағыттылығымен ерекшеленуі мүмкін – он немесе теріс сипатта болады. Ауық-ауық немесе тұрақты, үстірт немесе ғаламдық сипатта болуы да мүмкін; кәсіби жаргоннан, мінез-құлық мәнерінен, керек болса физикалық бет-пішінінен де көрінеді. Шеткі формасы адамдарға формалды, аса маңызды қызметтік қарым-қатынаста көрінеді. Ұжым ахуалын, жеке тұлғаның өз дамуын нашарлатады. Алдын алу және оны жеңу үшін тұлғаның өзіндік үйлесімді жетілуі туралы қамқорлық жасау қажет.

**ТҮТАСТЫ БӨЛІКТЕРГЕ ОЙША БӨЛШЕКТЕУ** – заттың бөліктерін құрайтын құрылымы немесе құрылысын орнату, олардың әрқайсысын жеке қарастырғанда бөлшектенген затты білдіретін атымен атауға болмайды.

**ТҮРЛІК ҰҒЫМ** – қандай да бір тектің түрі, заттар тобының мәнді белгілерін бейнелейтін ұғым.

Бұл – «басқа тек» деп аталатын тым жалпы ұғымның құрамына кіретін бағынышты ұғым. «Оқытудың формалары» ұғымы – «оқыту формалары» ұғымына қатынасы бойынша тектік болып табылатын «оқыту» ұғымына қатынасы бойынша түрлік ұғым. Түрлік ұғымда бейнеленген барлық нысандарға тектік ұғымның барлық белгілері тән, бірақ, сонымен қатар осы тектік ұғымға кіретін басқа түрлердің нысандарынан айыратын оларға өзінің түрлік белгілері де тән. Бір ұғым бір мезетте (кейбір ұғымдар мен категорияларды – шекті ауқымды ұғымдарды алмағанда) ол қандай ұғымға қатынасы бойынша қаралатынына байланысты түрлік те, тектік те бола береді. «Пайымдау» ұғымы «логикалық форма» (ойлау формалары) ұғымына қатынасы бойынша түрлік болып, «жеке пайымдау» ұғымына қатынасы бойынша тектік болады. Түрлік және тектік ұғымдардың өзара байланысы санада табиғат пен қоғамда объективті болатын тек пен түрдің өзара байланысын бейнелейді.

**ТҮСІНДІРУ** – 1) тұтастай ғылыми теория мен ғылымның маңызды функциясының бірі; 2) түсініксіз, ашылмаған құбылысқа қатысты белгілі бір құбылыс туралы өте айқын түсінік беру мақсатымен пайымдаудың дәлдігін белгілеуге көмектесетін амалдардың жиынтығы; қандай да бір құбылысты айқын, ұғымды ету; 3) педагогикалық практикада: түсіндіру, талдау, дәлелдеу және баяндалатын материалға әр түрлі жағдайда түсінік беруде пайдаланылатын оқытудағы сөздік әдістердің бірі.

**ҒЫЛЫМИ ТҮСІНДІРУ** – педагогикалық деректерді, әрекеттерді және құбылысты ғылыми ұғымға, принциптерге, заңдылықтарға, ғылыми теорияларға және тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелеріне сүйене отырып, аргументті, логикалық айқын және дәлелді түсінік берумен тұжырымдалатын әдіс.

**ТІЛ** – адамның іс-әрекет процесінде таным, ақпараттық және коммуникативтік

қызметті атқаратын кез келген физикалық табиғаттың таңбалау жүйесі:

• **ұқсас** — адамдардың өнерде пайдаланатын қарым-қатынас құралы ретінде адам миының оң жарты шары іс-әрекетінің өнімі;

• **мемлекеттік** — елдің барлық азаматтарына міндетті ретінде заңнамамен бекітілген титулдық ұлттың тілі; республикамызда білім беру жүйесінің барлық сатыларында үйрену үшін енгізілген осындай тіл — қазақ тілі;

• **ақпараттық-ізвестіру** — *ақпараттық-ізвестіру жүйесіндегі* құжаттарды сипаттау үшін арнайы жасалған жасанды тіл;

• **ұлтаралық қарым-қатынас** — халықтар арасында қарым-қатынас құралы ретінде мойындалатын тіл; кезінде КСРО-да және бүгінгі Қазақстан Республикасында — орыс тілі (қ. *Ресми тіл*);

• **ғылыми таным** — формалданған тіл, яғни бастапқы белгілер (әліпби және дәлелдерді құрудың логикалық-мағыналық ережелері формуласы);

• **оқыту мен тәрбиелеу** — оқыту және тәрбиелеу процесінде қолданатын ресми тіл (-дер);

• **ресми** — заңнама мен ресми іс-жүргізу, сот ісі, оқытуда және т.б. қолданылатын мемлекеттің негізгі тілі;

• **педагогика ғылымының** — педагогикалық мәтіндерде іске асатын және педагог-зерттеушілердің тілінде қолданылатын коммуникация, ойлау, педагогикалық ақпаратты сақтау мен тапсырылатын құрал ретінде, педагогикалық идеяларды білдіретін тәсілдерді таңбалау жүйесі.

**ТІРЕК БІЛІМДЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ** — адамда бар білімдер, іскерліктер, дағдылар, мінез-құлық пен эмоциялық қалыптың әр түрлі формаларын маңызды әрекетке аудару, жаңадан өндіру.

**ТІРЕК СИГНАЛЫ (КОНСПЕКТ)** — *мне-моника* (есте сақтау өнері) ережесі бойынша ресімделген, ұзақ уақыт есте сақтау үшін қажетті оқу ақпаратынан тұратын көрнекі құралдар (схема, сурет, сызба, криптограмма).

**ТІРШІЛІК ПОЗИЦИЯСЫ** — жеке тұлғаның дүниетанымдық, моральдық, психологиялық сапаларымен анықталған және оның қоғамға субъективті қатынасымен көрінетін ішкі мақсаты.

Адамның нақты мінез-құлығында, белсенді (ақиқатты өзгертуге үнемі ұмтылу) және енжарлық (қалыптасқан дәстүр мен ережені қолдану) байқалады.

# У

**УАҚЫТША БАЛАЛАР ҰЖЫМЫ** — еңбек және демалыс лагерьлерінде, туристік және экспедициялық топтарда құрылатын оқушылардың ұйымдасқан ұйымы.

Ұжымдық шығармашылық жұмысты орындау үшін тұрақты ұжыммен белгілі бір кезеңге құрылады. Тәрбиелеу ұжымының бір типі ретінде онымен ортақ белгілерімен бірге, өзінің ерекшеліктері де бар:

— қызметінің қысқа мерзімділігі,

— құрамының өртүрлілігі,

— өмір сүруінің салыстырмалы түрде дербестігі,

— тіршілік қарекетінің ұжымдық сипаты,

— дамудың аяқталу типі.

Әрекеттің дамуының ұзақ мерзімі 40–45 күннен аспайды, ал айрықша кең таралғаны 10–26 күн, сондықтан бұл кезеңде қатысушылардың тұлғаларында жасына қарай маңызды өзгерістер болмайды. Осында балалар мен ересектердің арасындағы қарым-қатынас педагогикасы ынтымақтастық, өзара түсіністік және бірлескен әрекет ұстанымдарында орындалады, әйтпесе уақытша ұйым тұтас ұжым бола алмайды. Тәрбиешілерден қысқа мерзім ішінде ұйымдастырушылық талантты, педагогикалық шеберлікті көрсетуді талап етіледі.

**УАҚЫТША ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҰЖЫМЫ** – практикалық қызметкерлерді тартумен ғылыми, білімдік, т.б. жобаларды, бағдарламаларды, тұжырымдамаларды және с.с. жасауға арналған ғалымдардың уақытша ұжымы.

**УЗУС** – көп жағдайда сөйлем құрамында кездесетін, сөздің және оның айтылуының, сөз қолданудың тұрақты қабылданған лингвистикалық мәні.

**УНИВЕРСИТЕТ** – үш және одан көп мамандықтар тобы бойынша жоғары және жоғары білімнен кейінгі кәсіптік білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын (медициналық университет – екі және одан көп), ғылыми және педагогикалық қызмет атқаратын, мамандардың білімін жетілдіріп және қайта даярлайтын, өзінің қызмет саласы бойынша жетекші ғылыми және әдістемелік орталық болып саналатын оқу орны.

Мамандықтардың кен спектрі бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын көп салалы жоғары оқу орны; жоғары кәсіптік білімі бар мамандардың, ғылыми және ғылыми-педагогтік қызметкерлердің білімін жетілдіру мен қайта даярлауды жүзеге асыратын; іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізетін; өз қызметтерінің саласы бойынша жетекші ғылыми және әдістемелік орталық болып саналатын оқу орны.

Барлық елдерде азды-көпті таралған университеттердің **модельдері**:

• **гумбольдтік «зерттеу институты»**: ғылыми-зерттеу жұмысы мен білім беру қызметтері университеттік курстың басынан бастап өзара әрекеттес құрамдас бөліктер болып саналады; студенттер жана ғылыми білімдер жолында үздіксіз іздену барысында ең алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтармен қарым-қатынас жасау тәжірибесін жинақтауы керек, сол арқылы олар өз кезегінде, сөйкесті кәсіптік салада да алғашқы жаңалықты ашқандар бола алады;

• **интернаттық түрдегі британдық моделі** (Оксбридж моделі) студенттердің оқытушылармен тығыз ресми емес қарым-қатынасына негізделеді; мұндай қарым-қатынастың жастардың дамуы үшін маңызы дәріс пен семинарларға қатысудан ешбір де кем емес деп есептелінеді және тьюторлық сабақ түріне сәйкес келеді;

• **француздық «үлкен мектептер» моделі** мемлекеттің басқаруындағы меритократиялық қоғамның символына айналған, онда жоғары білікті кәсіби мамандар бетке ұстар таңдаулылар деп саналады; ғылыми-зерттеу жұмысын көздемейтін мұндай оқу орындары әлеуметтік және интеллектуалдық тұрғыда жоғары деңгейде сұрыпталған деп есептелінеді;

• **чикаголық моделі** – Хатчинстің зерттеуі бойынша, гуманитарлық бағдары айқын көрінетін, жалпы білім беретін бағдарламалардың біріктірілген түрі; идеалында бұл бағдарлама студенттерді гуманитарлық, жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдар салаларының жетекші ғалымдарының көзқарастарымен таныстыру, оларда алдағы уақытта өз бетінше білім алуға, сыни және тәуелсіз ойлауға деген қажеттіліктер мен қабілеттіліктерді дамыту мақсатын көздейді.

**Типтері:**

• **тік (вертикальды)** – білім беру бағдарламалары кафедралар арқылы ұсынылып және оқытылатын дәстүрлі университет. Әрбір кафедра бір немесе бірнеше оқыту бағдарламалары тобы үшін жауап береді. Зерттеу жұмысы оқытушылардың жеке шығармашылығының нәтижесі немесе шағын топтың жұмысы болып табылады. Қызметкерлердің көпшілігі ғылыми жұмыспен, білім берумен және әкімшілік жұмыспен айналысады. Жеке факультеттер өз қызметтерін бір-біріне тәуелсіз атқара алады;

• **инновациялық (кәсіпкерлік)** – к. *Инновациялық университет*;

• **матрицалық** – университеттің негізгі қызметтерін бірыңғай кафедралардың күшімен ғана атқара алмайтын жағдайда пай-

да болады, өйткені тек бір ғана ғылыми бағыттың зерттеу жұмысының өзі пәнаралық сипат алады. Бағдарламалар жекелеген оқу пәндерін жүргізуге негіз болады, факультеттер ғылыми жұмыстарға жауап береді. Профессордың ғылыми-оқытушылық қызметі мамандандырылған сипат алады. Факультеттер құрамында ғылыми-зерттеу топтары құрылады;

• **қазіргі заманғы жалпыға танымал** – матрицалық университет пен ең алдымен профессорларға, арасында студенттерге де қажетті жаңа қызмет көрсетулердің біріккен түрі. Мамандандыру айтарлықтай тереңдейді, факультеттер кеңейеді және олардың сұраныстары кафедраларға қарағанда басым болады; оқу айтарлықтай күрделенеді;

• **университет-технополис (мультиполярлы университет)** – қоғамдық қажеттіліктердің өсуі себебінен жалпыға танымал университеттің орнына келеді.

Құрылымы үш элементпен толығыады:

– жаңа әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қызмет ететін заңды тұлға ретіндегі жеке тәуелсіз ұйымдар;

– матрицалық ұйымдар қамтамасыз ете алмайтын мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті горизонтальді құрылымдар;

– зерттеу және сервистік ұйымдар болып саналатын *эндогендік* өсу құрылымдары;

• **элиттік** (элитарлық емес) – демократиялық жолмен белгіленген, барлығына ортақ ережені сақтай отырып таза бәсекеде жеңіске жеткен.

Элитті жоғары оқу орны қатарына ену **принциптері**:

– білім беру қызметі нарығындағы бәсекеде басқа университеттердің басым көпшілігінен озып жеңіске жету, яғни беретін білімі мен дипломы қоғамда жоғары сапалы өмірге жылдам жетуді, қызметтің шығармашылық, еңбекақысының жоғары деңгейлерін қамтамасыз етуі және т.б. арқылы ата-аналар мен мектеп бітірушілердің таңдауы; оқуға түсу конкурсының өте жоғары болуы, әдеттегідей, екі сатылы қатал

таңдау (шамамен 1:20; жалпы эрудицияға, тілдік дайындыққа, денсаулығы мен спортпен айналысуына қатан талаптар);

– іргелі (фундаментальді) білім беруге негізделу, ұзақ мерзімдік қарқынды білім беру (4–4,5 жыл); кәсіптік бағытына байланысты (техникалық немесе гуманитарлық) оның арақатынасы өзгереді;

– университет пен кәсіпорынның (жұмыс беруші) келісілген бағдарламасына сәйкес табиғи ортада мамандану.

**УЧИЛИЩЕ** – негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беру оқу бағдарламалары мен техникалық және кәсіби, мәдениет пен өнер саласында ортадан кейінгі білімнің кәсіби оқу бағдарламаларын іске асырушы оқу орны.

## Ұ

**ҰҒЫМ** – заттар мен құбылыстардың маңызды белгілерін көрсететін ойлау формасы; логикалық ресімделген жалпы ой немесе заттар мен құбылыстар туралы түсінік. Негізгі функциясы – осы кластың (топтың) жекелеген заттарының барлық ерекшелігінен дерексіздендіру көмегімен қол жеткізілетін жалпыны бөліп көрсету. Сөзбен үздіксіз байланыста, сөз бен белгі ұғымды білдіруші ғана емес, сонымен бірге оларды жасау құралы да. Оқыту міндеттерінің бірі – оқытылатын оқу пәні төңірегінде ұғым қалыптастыру. Оқушыларда ұғымдық сөздіктің қалыптасуы оқу материалын жеткілікті жоғары деңгейде меңгергені туралы куәландырады.

Қабылданған бөлектеп көрсетулер:

• **абстрактілі** – заттық емес, оның ойдың дербес нысаны ретінде алынған қасиетін немесе қатынасын көрсетуші ұғым;

- **салыстырусыз** — өмір сүруі қандай да бір басқа нәрсенің (заттық) өмір сүру қажеттілігімен байланысты емес затты көрсететін ұғым;
- **жеке** — көлемі бір заттан тұратын ұғым; шектеу шегі;
- **негізгі** — ой қорытындысының негізгі тақырыбын айқындаушы ұғым;
- **нақты** — затты оның тұтастығында көрсететін ұғым;
- **тіркелмейтін** — заттардың шектелмеген санына жататын ұғым;
- **үйлесімсіздік** — көлемі өз бөлігіне ешқандай да сай келмейтін ұғым;
- **теңдеусіз** — олардың мазмұны мен көлемінде жалпылық жоқ, соншалықты алшақтанған заттарды көрсететін ұғым;
- **нәлдік** — нәлдік көлемдегі ұғым, яғни логикалық жиынтығы бірде бір элементтен тұрмайтын ұғым;
- **жалпы** — көлемі бірден аз емес заттан тұратын ұғым;
- **теріс** — оң ұғым мазмұнын құраушы белгілері жоқ заттар туралы айтылатын ұғым;
- **түйісетін** — көлемі бір-біріне тек ішінара кіретін ұғым;
- **бағынысты** — аз көлемді ұғым;
- **оң** — затта немесе құбылыста белгілі бір белгілердің болуын көрсететін ұғым;
- **қайшылықты** — бірі бір анықталған белгіден тұратын, ал басқасы — сол белгілерді, қандай да бір жанасын бекітпей, теріске шығаратын ұғымдар жұбы;
- **тіркелетін** — көлеміне қатаң түрде белгілі, есепке алуға жататын заттар саны кіретін ұғым;
- **жинақталатын** — бірынғай тұтастық ретінде ойлайтын заттардың жиынтығына жататын ұғым;
- **бірге тіркестік** — көлемі толық немесе ішінара сай келетін ұғым;
- **арақатынасты** — өмір сүруі басқасының өмір сүруінсіз ойлауға болмайтын заттарды көрсететін ұғымдар жұбы;
- **бағынысты** — бір және сол текке барабар кіретін ұғым;

• **салыстырмалы** — мазмұны мен көлемінде әлдебір жалпылық бар ұғым;

• **бірдейлік** — бір және сол затты көрсететін ұғым.

**ҰҒЫМ КӨЛЕМІ** — ұғымдағы ойланатын зат немесе құбылыс жиынтығы.

**ҰҒЫМ МАЗМҰНЫ** — ұғымда көрініс тaбатын пәндердің маңызды белгілерінің жиынтығы.

**ҰҒЫМДАРҒА АМАЛ ҚОЛДАНУ** — нәтижесінде жаңа ұғым пайда болатын логикалық іс-әрекет.

**ҰҒЫМДЫ ТЕРІСТЕУ** — А ұғымын теріске шығарумен тұжырымдалатын, нәтижесінде А емес жаңа ұғым пайда болатын, көлемі А ұғымды көлемнен күрделі, пәндер (заттар) саласында логикалық класс (жиын) құрайтын операция (амал).

**ҰҒЫМДЫҚ-МАҒЫНАЛЫҚ ЖІКТЕУШІ** — зерттеушінің тақырып бойынша заттық, операциялық, атрибутивтік сипаттағы базалық ұғымды бөліп көрсетуі және сол немесе өзге де базалық ұғымға қатыстылығы бойынша тіркелген мазмұнды бөлу.

**ҰЖЫМДЫҚ ОҚЫТУ** — білім беруде барлығы — әрқайсысын, әрқайсысы — барлығын оқытады және тәрбиелейді.

**Ұжымдық жұмыстың критерийлері:**

- ұжымның барлық мүшелерінің күш біріктіруінің арқасында қол жеткізетін ортақ мақсаттың болуы, кері жағдайда мақсат орындалмайды немесе ортақ істің нәтижесі төмендейді;
- еңбек бөлінісі, функционалдық міндеттерді саралауда әркім жұмыстың белгілі бір аспектісін орындауы қажет, сол арқылы жалпы нәтижеге оң әсер ете алуы тиіс;
- ынтымақтастық пен өзара көмек ортақ мақсатқа жетудің басты шарттары;
- қызметкерлердің басқаруға, яғни жоспарлауға, бақылауға, есеп жүргізуге қатысуы;
- әрбір қызметкердің іс-әрекетінің әлеуметтік маңызды сипаты;
- ұжым атқарған жұмыс ауқымы әрқашан ұжым мүшесінің жеке-дара атқарған жұмысының ауқымынан үнемі үлкен болады;

• егер әңгіме нағыз ұжым және нақты ұжымдық жұмыс туралы болса, онда барлығының әрқайсысына және әрқайсысының барлығына деген қамқорлығы басты шарт болуы қажет;

бір адамның жұмысы мен табысы екінші адамның табысы мен өсу мүмкіндігіне келергі келтірмеу үшін әрқайсысына арналған объективті шарттардың теңдігі.

**ҰЖЫМДЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС** – (И.П.Иванов әзірлеген және енгізген) – әдеттегі мектептер мен мектептен тыс мекемелердегі жұмыс жағдайына бейімделген коммунарлық педагогиканың негізін (әдісін) қалаған элемент.

Тәрбиеші ұсынған идея балалар ұжымында балалардың идеясындай болып қабылдануы ұйымдастырылады; балалардың іс-әрекеті өзінің немесе басқа ұжымның, басқа адамдардың игілігіне арналған практикалық бағытта – ізгі және риясыз мақсатта болуы тиіс; ұжымның барлық мүшелері істі жүзеге асыруға ерікті негізде, қызығушылықпен және ықыласпен қатыса отырып, өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін аша алуы тиіс.

Кезендері:

- идеяны қабылдау;
- іс жоспарын бөліп көрсету;
- ұжымдық шығармашылық орындау;
- ұжымдық талдау мен бағалау;
- жаңа істің идеясын қабылдау.

**ҰСТАЗ БЕДЕЛІНІҢ ИРРАДИАЦИЯСЫ**

– беделді тіршілік әрекетінің қай саласында ұстаз құқығы беделінің ықпалы тексерілмесе соған ауыстыруы.

# Ү

**ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ** – адамның өз бетінше білім алу іс-әрекетінің алу-

ан түрлі формаларымен үйлесетін, осы социумның мемлекеттік-қоғамдық білім беру потенциалын (шамасын) және әрбір адам өзінің барлық өмір жолында еркін пайдалана алатын білім алу мүмкіндігі саласын айқындайтын формалды (мемлекеттік) және формалды емес (мемлекеттік емес, қосымша) білім беру ұйымдарының тұтас жүйесі. Мұндай жүйенің барлық компоненті «вертикаль» (денгей) бойынша да, «көлбеу» (бағыт) бойынша да өзара байланысты.

**ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ** – оқушыларға үйде орындауға ұсынылған, өткен материалдарды бекітуге және қайталауға арналған тапсырма.

**ҮЙРЕНУ** – жеке тәжірибе алу процесі мен нәтижесі. Түсінік алғаш рет американдық психолог Э.Л. Торндайк және т.б. еңбегіндегі зоопсихологияда туындаған. Кей кезде үйрену нәтижесі ретінде ұғынылады, алайда кез келген тәжірибе (білім, ептілік, дағды) үйрену арқылы келетіндей, танымдық қызметіне бағытталған тәжірибе алу-дағы үйренуден ерекшеленеді.

# Ф

**ФАКУЛЬТАТИВТЕР** – оқушылардың ғылыми-теориялық білімдер мен практикалық дағдыларын кеңейтуге, олардың танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және кәсіптік бағдарға бағытталған нақты оқыту формасының бірі.

Міндетті пәндердің бағдарламаларымен келісілген арнайы бағдарламалар бойынша өткізіледі, олар оқу жоспарында белгіленген оқу сағаттарына сәйкес оқушылардың таңдауы мен тілегі бойынша ұйымдастырылады.

**ФАКУЛЬТАТИВТІК** – ықтимал, міндетті емес; таңдауға берілген; қосымша мамандандыру үшін қызмет етеді.

**ФАКУЛЬТЕТ** – белгілі мамандық бойынша ғылыми пәндер шеңберінде оқытылатын жоғары оқу орнының оқу-ғылыми және әкімшілік бөлімшесі.

**ФЕЛЛО** – ағылшын университеті алқасының және ағылшын ғылыми қоғамының мүшесі.

**ФЕРУЛА** – бұрынғы заманда күнәсі бар оқушылардың алақанына соғатын сызғыш.

**ФИЗИКАЛЫҚ ПРОЦЕСС** (дидактикада) – дыбыс пен белгілер арқылы іске асатын оқыту субъектілері арасындағы материалдық өзара әрекет формасы.

**ФИЛОСОФ** – дүниетаным және әдіснама сұрақтарын жете зерттейтін ойшыл, философия ғылымының маманы.

**ФИЛОСОФИЯ** – 1) дүниеге және онда адамның алатын орнына идеялар, көзқарастардың жүйесі; табиғат, қоғам және ойды дамытатын ең жалпы заңдар туралы ғылым; 2) қандай да бір ғылымның негізінде жатқан әдіснамалық принциптер.

**ТӘРБИЕ ФИЛОСОФИЯСЫ** – тұлғаның қалыптасу және оған мәдени құндылықтарды беру процесінде жалпыадамзаттық, нақты-тарихи және ұлттық мәдениет компоненттерінің тәрбиелік мәнін оның принциптері мен құндылықтары өзара әрекеті ретінде баян ету.

**ҒЫЛЫМНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫ** – ғылымды адам іс-әрекетінің ерекше саласы ретінде және дамып жатқан білімдер жүйесі ретінде зерттейтін философияның саласы.

**ӘЛЕУМЕТТІК ТӘРБИЕНІҢ ФИЛОСОФИЯСЫ** – тәрбиенің социологиясы мен әлеуметтік-педагогикалық виктимологиядан қоғамның объективті жайы мен қажеттіліктер туралы алынған білімдер негізінде, халықтың мәдени деңгейін көтеру мақсатында қоғамдық күштердің жемісті ықпал етуіне мүмкіндік туғызатын бірсыпыра іргелі сұрақтарды қоятын, оларды шешу нұсқаларын ұсынатын ғылыми бағыт.

**ФИЛЬМОСКОП** – оқытудың техникалық құралы ретінде қолданылатын, диафильмдерді көруге арналған оптикалық аспап.

**ФОРМАЛИЗАЦИЯЛАУ** – ғылыми теориядағы ұғымдардың мәні мен мағынасын, олардың логикалық ерекшеліктерін, дедуктивтік және айқын мүмкіндіктерін зерттеу мақсатында өзгертуді қамтамасыз ететін таным операцияларының жиынтығы; ойлау нәтижесін, дәл ұғымдар мен пайымдауларды бейнелеу.

**ТӘРБИЕДЕГІ ФОРМАЛИЗМ** – тәрбиедегі көрнекілік және практикалықтан гөрі ауызша әдістемені, жеке-дарадан гөрі жұмыстың көпшілік формаларына, кешендік тәсілден гөрі тәрбиедегі кейбір жеке бағыттарды артық көру; тәрбиеші жағынан тәрбиеленушілердің бастамашылығы мен дербестігін басу.

**МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУДАҒЫ ФОРМАЛИЗМ** – форманы іс-әрекеттің мазмұнынан артық, сандық көрсеткіштерді сапалықтан артық, ескірген нормалар мен нұсқаулықтарды тексерілетіндердің шын және іс-әрекеттің мақсатқа сәйкестіліктен артық және т.б. қоюға ұмтылыс.

**ОҚЫТУДАҒЫ ФОРМАЛИЗМ** – ережелерді, заңдарды, анықтамаларды ойланбай, ойсыз түсіну мен оларды практикада саналы түрде қолдануға зиянды фетиштендіруге ұмтылыс.

**ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ЖОСПАРЛАУДАҒЫ ФОРМАЛИЗМ** – жоспардағы саны көп шаралардың, олардың көкейтестілігі мен мақсатқа сәйкестілігін, шынайы уақыт бюджетін, орындаушылардың мүмкіндіктерін ескермеушілік; жоспардағы кейбір тұжырымдаулардың нақты еместігі.

**БАСҚАРУДАҒЫ ФОРМАЛИЗМ** – орындаушылардың іс-әрекетін жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, талдау және тиімділігін бағалау мәселелерінде жүйелік, кешендік әдістерді бұзу.

**ФОРМАЛОГРАММА** – ұжым мүшелері өзара формалды қатынастарды қалай қа-



былдайтындығы туралы берілген мәліметтер диаграммасы:

– **«вертикалды»** – формалограмманың түрі, оны құрастыру үшін есептік, жауапкершілік және т.б. сұрастыру мәліметтері пайдаланылады («Сіз өз жұмысыңыз үшін кімге жауап бересіз?»);

– **«горизонталь»** – формалограмманың түрі, оны құрастыру туралы сұраққа жауап беретінмен бірге сол деңгейде тұратын ұйым мүшелерін сұрастыру мәліметтері пайдаланылады («Сізден басқа ол адамдардың алдында кім жауапты?»).

**ФОРМАТ** – 1) кітаптың, қағаз парақтың, карточканың, басылған беттің және т.б. ұзындығы мен ені; 2) график жақтарының мөлшері мен арақатынасы.

**ФОРМУЛА** – қандай да бір ереженің, қатынастың, заңның және т.б. белгілі жағдайда барлық кездейсоқ оқиғаларға келетін жалпы дәл анықтамасы; жалпы айтқанда – қысқа түрде айтылған барлық анықтамалар.

**ФОРМУЛЯР** – кітапхананың есеп карточкасы; кітаптың формулярын (берілген кітапты тіркеу туралы негізгі мәліметтер) және оқырманның формулярын (оқырмандарды және оларға берілген кітаптарды есепке алу үшін) ажырату керек.

**ФРЕЙМ (РАМКА)** (М. Минскийдің термині) – өткенді есте сақтаған, ағымдағы жағдайға сәйкес қажет болғанда деталі өзгеретін білімдерді көрсету бірлігі.

Әрқайсысы өзінің міндеті бар бірнеше ұя-слоттардан тұрады. Фрейм үлгісі көмегімен ақпаратты белгілі кестелерге, матрицаларға және т.б. «қысуға», құрылымдау мен жүйелеуге болады.

**ФРОНТИСПИС** – кітаптың титул парағы ашылуының сол жағында орналасқан сурет; әдетте автордың немесе әңгімеде айтылған адамның портреті немесе кітаптың мазмұнының ең ерекше жақтарын, сондай-ақ басты идеясын көрсететін сурет.

**ФУРКАЦИЯ** – орта мектептің жоғары сыныптары оқу жоспарын белгілі оқу пәндер тобына ерекше көңіл аудара отырып

бейім бойынша (гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық, т.б.) құру.

# Х–Ц

**ХАБАРЛАУ** – 1) хабарландыру хат, құлақтандыру, қандай да бір мәліметті жеткізу:

• **қысқаша** – ғылыми-зерттеу (кейде алдын алу) немесе тәжірибелі-конструкторлы жұмыстың нәтижесінде алынған қысқаша баяндалған мазмұннан тұратын ғылыми құжат; мұндай құжаттың мақсаты жұмысты кез келген кезеңде орындалу нәтижесі туралы шұғыл хабарлау;

• **ғылыми** – мамандардың назарына көпшілік алдында сөз сөйлеу мен жария ету жолымен жеткізілетін ғылыми ақпарат.

**ХРОНОМЕТРАЖ** – еңбек (мұғалімнің) және оқу (оқушылардың) іс-әрекетінің қайталанатын операцияларын орындауға, олардың ұзақтығын өлшейтін және орындайтын шарттарды талдаудан тұратын оқу уақыты шығынын зерттейтін әдіс.

**ЦИКЛ** – ғылымдардың, оқу пәндерінің шеңбері, жиынтығы.

# Ш

**ШӘКІЛ** – қандай да бір белгілерді сандық бағалауға арналған сандардың реттілігі.

Шәкілдердің келесі түрлерін ажыратады:

• **вербальды** – градациялары толық ауызша сипатталған шәкіл;

- **графикалық** – түзу сызықтың кесіндісі болып көрінетін (оның ұзындығы 9-дан 15 см-ге дейін болуы мүмкін) бірдей бөлшектерге бөлінген және ауызша немесе сандық белгілермен камдалған шәкіл;
- **екі жақты** – зерделенетін құбылыстарға сандық сипаттама мен жауаптарды минус және плюс белгілерімен бағалауға мүмкіндік беретін шәкіл;
- **интервалды** – өлшенетін қасиеттің санының бірдей айырымы мағынаның бірдей айырымына сәйкес келгенде, нысандарға сан беріледі (температура, ақыл-ой коэффициенті және т.б. шәкіл);
- **қисық сызықты** – циферблат арқылы көрсетілген шәкіл;
- **көпградусты бір жақты** – жауаптың үштен көп нұсқасы бар шәкіл;
- **біркелкі емес (логарифмдік)** – көрсетілген шамаға емес, оның логарифміне мөлшерлес кесінді;
- **номиналды (атаулар)** – барлық нысандарды қандай да бір белгімен (өзгешелік) топтарға бөлу (жіктеу) (кластарға, еркек – әйел және т.б. бөлу); нысанның кластарына атау беріледі және сандық мағынасы беріледі (мысалы: 1 цифрмен – сыналандардың өзінің тобына жағымды пікір айту, ал жағымсыз – 2 цифрмен және т.с.с.);
- **бір өлшемді** – өлшенетін көрсеткішке қатысы жоқ сұрақтарды қозғамайтын немесе енгізілмеген факторлар шәкілі;
- **қатынастар (пропорциялар)** – қандай да бір жиын нысандарын қайта есептеуден алынған (оқушылардың, сабақтардың және т.б. саны) (ұзындық пен салмақтың өлшемдері) сандық мәліметтер;
- **бағалар** – объектілерді сырттай сипаттау үшін өлшеу субъектісіне қатысты қызмет ететін сандар.
- **полярі** – шеңбер радиусы түрінде көрсетілген шәкіл;
- **тәртіп (дәреже)** – әр түрлі нысандарда (бағалар, үздік оқушылардың, спортшылардың және т.б. тізімі) қандай да бір белгі немесе қасиеттерінің ажырату дәрежесін

өлшеу (белгілеу); сондай-ақ затқа қатысты қасиеттің санын білдіреді;

- **тура сызықты** – сызғышы бар шәкіл;
- **біркелкі (арифметикалық)** – пропорционалды сандық шамаға сәйкес нүктелер арасындағы кесінді;
- **үшградусты бір жақты** – берілген сұрақтарға жауаптың әрқайсысы әр түрлі балмен бағаланатын үш нұсқасы бар шәкіл;
- **белгілеу** – индивидтің кейбір ішкі қасиеттерін – пікірлері, қатынастары, мақсаттары, мотивтері, білімдері, іскерлігі және т.б. сипаттау үшін пайдаланатын сандар;
- **сандық** – сандар бірізділігін көрсететін, сонымен бірге шәкілдің қарқындылығы мен бағыттылығы оның тек қана полярлі орналасқан қалпының берілген сипаттаманың шәкілі.

**ШЕТЕЛДІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ БЕРГЕН БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАРДЫ МОЙЫНДАУ** – Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқару органының осы құжаттардың Қазақстан Республикасының аймағында заңдық күші бар екеніне келісім беру. Мойындау мен білім беру туралы құжаттарды нострификациялаудың **мақсаты** Қазақстан Республикасынан тыс жерде білім алған азаматтардың алған білім деңгейі мен дайындық бағытына сәйкес, Қазақстан Республикасының білім беру және/немесе кәсіптік қызметке кіруге мүмкіндік беретін құқықтарын қамсыздандыру мен қорғау болып табылады.

**Білім туралы құжаттарды мойындау тәртібі**

Өтініш иесі білім туралы құжатын мойындау туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің *Білім және ғылым саласындағы бақылау мен аттестаттау комитетіне* (әрі қарай Комитет) өтінішпен барады.

Білім туралы құжаттарды мойындау туралы өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:

- 1) білім туралы құжаттың түпнұсқасы;
- 2) өткен оқу курстары мен олардың көлемін,

алған қорытынды бағаларды, практикаларды, курстық және бітіруші мамандығы бойынша жұмыстарды, оқу процесінің басқа құрамдастарын көрсетумен білім туралы құжатына қосымша (түпнұсқа);

3) нотариалдық (немесе дипломатиялық қызмет органдарымен) куәландырылған білім туралы құжат және оған қосымшаның мемлекеттік және/немесе ресми тілге аудармасы;

4) білім туралы құжат иесін куәландыратын нотариалдық расталған құжаттың көшірмесі;

5) білім туралы құжат берген оқу орнының мөрімен расталған (қажет болғанда мемлекеттік және/немесе ресми тілге аударылған нотариалдық расталған) орта жалпы білім туралы құжаттарды қоспағанда, аккредиттеу туралы лицензия және/немесе куәліктің көшірмесі.

Білім беру ұйымдары берген 1 және 2- тармақшаларда көрсетілген құжаттар:

шетелдік ресми құжаттарды легализациялау (зандастыру) талаптарын жоққа шығаратын Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің (Гаага к. 5 қазан 1961 жыл) (әрі қарай Гаага конвенциясы) апостиленуі керек; Гаага конвенциясына қол қоймаған мемлекеттер Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгілеген тәртіпте консулдық легализациялаудан өту қажет. Қажет болғанда, сондай-ақ арыз берушіден сәйкес оқу орнын, ресми қазақстандық және/немесе шетелдік ұйымдарды анықтайтын құжаттар сұралады. Берілетін ақпараттың шынайылығына өтініш беруші немесе ақпарат беруші адам жауапкершілікте болады.

Мойындау рәсімінде қолданылған материалдар мен құжаттар мемлекеттік және/немесе ресми тілге расталған аудармамен ұсынылады.

Аударманы растау Қазақстан Республикасының аймағында нотариуспен немесе құжат берілген елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органдарымен орындалады. Жекелеген жағдайлар-

да (мысалы, прецедент бойынша мойындауды белгілегенде) құжат берілген аумақтағы сол мемлекеттің Қазақстандағы дипломатиялық қызмет органдары орындаған аударма ұсынылуы мүмкін.

Өтініш белгіленген формадағы білім туралы құжаттарды мойындау туралы өтініш тіркелетін арнайы журналда тіркеледі. Көрсетілген журналдың беттері белгіленген тәртіпте нөмірленген және реттелген болуы қажет.

Өтініш иесі ұсынған құжаттарды қарау мерзімі анықтайтын ақпаратты қоса, барлық қажетті материалдар түскен күннен бастап төрт аптадан аспау керек.

Білім туралы құжаттарды мойындау рәсімі қолда бар халықаралық келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының білім сұрақтары бойынша нормативтік құқықтық актілердің негізінде жүргізіледі.

Білім туралы құжатты мойындау үшін білім туралы құжат берген білім беру ұйымы осы құжат берілген мемлекеттің сәйкес органдары белгіленген тәртіпте мойындауы қажет.

Еуропалық аймақта жоғары кәсіптік білімге (Лиссабон, сәуір, 1997 ж.), Азия-Тынық мұхит аймағындағы оқыту, дипломдар мен жоғары білім дәрежелерін мойындау туралы Конвенцияға (Бангкок, 1983 ж.) жататын мамандықты мойындау туралы Конвенцияға қосылған елдердің білім туралы құжаттары алдын ала сараптамасыз, белгіленген тәртіпте куәлік тапсырумен Қазақстан Республикасында мойындалады.

Халықаралық шарттар мен мемлекетаралық келісімдер, сондай-ақ білім саласындағы орталық атқару органдары арасындағы шарттар (келісімдер) негізінде, Қазақстан Республикасында құрылған және жұмыс жасайтын аккредиттелген халықаралық және шетелдік оқу орындарының, шетелдік білім ұйымдары филиалдарының білім туралы құжаттары, Қазақстан Республикасында алдын ала сараптамасыз белгіленген тәртіпте куәлік тапсырумен мойындалады.

Білім туралы мойындалмаған құжаттар мойындаудан бас тарту себептерінің түсіндірмесімен өтініш иесіне қайтарып беріледі.

Ұлттық аккредиттеу орталығы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау мен аттестаттау бойынша комитетке (әрі қарай Комитет) білім туралы құжаттарды мойындау туралы ұсыныс енгізеді.

Қазақстан Республикасының білім саласындағы орталық атқарушы органының білім туралы құжаттарды мойындау туралы шешімі сәйкес бұйрықпен ресімделеді. Білім туралы құжаттарды мойындау туралы шешім негізінде жұмыс органы белгіленген формадағы куәлік жазып береді. Білім туралы құжаттарды мойындау туралы куәлікке Білім және ғылым саласындағы бақылау мен аттестаттау бойынша комитет төрағасының қолы қойылады және елтаңбалы мөрмен расталады.

Куәлік өтініш иесінің жеке өзіне немесе оның сенімхаты бойынша басқа адамға тапсырылады.

Кәсіптік қызметке рұқсат бергенде шетелдік оқу орындары берген білім туралы құжаттардың, Қазақстан Республикасының білім туралы құжаттарына сәйкестігі *нострификациялау* негізінде анықталады (к. *Білім туралы құжаттарды нострификациялау*).

**ШКАЛАЛАУ** – өлшеу, сандық баға; зерттелетін сипаттамаларға балдық немесе басқа цифрлік көрсеткіштерді беру.

Шкалалау зерттеліп жатқан құбылыстың төмен және жоғары сатыларын анықтауға көмектеседі, құбылыстар мен процестердің қарқындылығын анықтауға, квантификациялауға мүмкіндік береді, яғни шәкіл сатылары көмегімен сапалық деректерді санмен көрсетеді. Бұл мақсатта сынаушылар берілген сұрақтарға жауап бергенде көрсетілген бағалардың біреуін таңдау керек. Мысалы: бос уақытта қандай да бір іс-әрекетпен айналысу туралы сұраққа баға белгілейтін жауаптардың біреуін таңдау

керек: еліктеймін, тұрақты айналысамын, тұрақты айналыспаймын, ештемемен айналыспаймын. Шәкілдер біршама үнемді құрал болып табылады, өйткені зерттеушіге қысқа мерзімде қажетті мәліметтерді алуға мүмкіндік береді.

**ШКАЛОГРАМДЫҚ ТАЛДАУ** – сатыланған сұрақтар жүйесінен тұратын шәкіл, яғни ондағы сатылылық бойынша жоғары тұрған пайымдаумен келісім төмен тұрған пайымдаумен келісімге апару керек.

**ШОЛУ** – қандай да бір тақырып бойынша жүйеленген ғылыми деректерден тұратын, алғашқы дереккөздерді талдау қорытындысында алынған ғылыми құжат.

**Аналитикалық** (талдаулық) – сұрақтың белгілі бір уақыт аралығындағы жай-күйіне аналитикалық баға берілетін шолу.

**ШЫҒАРМАШЫЛ ӘРЕКЕТ** – бұрын соңды еш уақытта болмаған, сапалы жаңа өнім жасауға бағытталған адамның немесе ұжым әрекетінің түрі. Ынталандырушы – дәстүрлі тәсілдермен шешу мүмкін болмайтын *проблемалық жағдаят*. Проблемалық жағдаятты талдау барысында оның элементтерінің арасында дәстүрлі емес байланыстар анықталып, қалыпты емес болжамдардың түзілуі негізінде іс-әрекеттің өзіндік, ерекше өнімі пайда болады және т.б. **Алғышарттары** – сыни да оралымды ой, түсініктердің ұқсастығын анықтай алу қабілеті, қабылдаудың тұтастығы, т.б. Шығармашыл әрекет кез келген адамға тән. Оны анықтап, ашып, дамыта алу қажет. Шығармашылық қабілеттердің ірі дарындылардың жарқын істерінен бастап назарға ілікпейтін нәтижелеріне дейін көрініс табуы мүмкін, бірақ шығармашылық процестің ішкі мәні бәріне ортақ. Айырмашылығы – шығармашылықтың нақты өнімінде, оның нәтижесінің өлшемі мен қоғамдық маңызында.

**Оқушылардың шығармашылық оқу іс-әрекеті** – оқушының өз бетінше ізденіс әрекеті арқылы өзі үшін жаңа болып табылатын қандай да бір өнім алуы немесе жасауы.

**Негізгі критерийлері:**

– дербестілік (толық немесе ішінара);  
 – мақсатқа жетудің мүмкін жолдарын іздеу және іріктеу (ішінара немесе толық көлемде);

– мақсатқа жету процесінде жаңа өнім жасау (ішінара немесе толық түрінде).

Оқытудың дәстүрлі жағдайында оқушы қайсыбір ақпаратты қабылдап, меңгеру нәтижесінде өзіне көрсетілген іс-әрекеттерді қайталап орындауға қабілетті болады. Бірақ оқушы, қойылған мәселені шешудің жолдарын табуға бағытталған шығармашылық ізденіске қатыспайды, сондықтан ол ондай ізденіс әрекеті тәжірибесін де ала алмайды.

Шығармашылық тәжірибені қалыптастыру үшін, шығармашылық шешімді қажет етіп, сондай әрекет туғызатын арнайы педагогикалық жағдаят құрастыру қажет. Ондай жағдаят құрастырудың мүмкіндігі, шығармашылыққа баулу қоғамдық тәжірибеде бұған дейін шешуі табылған, шешу жолдары да белгілі жағдаяттар арқылы жүргізілетіндігінде. Ал оқушылар кейбір жеке жағдайларда ғана, өз дамуының белгілі бір деңгейінде және мұғалімнің ұйымдастыруына байланысты жаңа құндылықтарды жасай алады.

**Шығармашылық** – 1) қоғамның көпқырлы қажеттілігін қанағаттандыратын, жана сападағы материалдық және рухани құндылықтарды жасайтын адам әрекеті процесі.

**Төрт сатысын** бөліп көрсетуге болады:

- даярлық,
- пісіп жетілу,
- *ашылу (инсайт)* – ізделіп отырған нәтижені сезе қоятын – орталық, ерекше шығармашылық сәт,
- тексеру.

Оқыту процесіне қатысты шығармашылықты, қоғамдық субъект ретіндегі адамды жеке тұлға ретінде қалыптастыруда қоғамдық маңызға ие болатын – баланың өзі үшін сапалы жаңа құндылықтарды жасап шығаруға бағытталған әрекет түрі ретінде қарастыру қажет.

2) туындаған міндетті шешуде бұған дейінгі белгілі болған шешу жолдарынан басқаша ойлаудың жоғары түрі.

Ойлау процесі үстемдік кұрғанда *қиялдау* пайда болады; мақсат пен әрекет тәсілінің кұрамдас бөлігі ретінде ол шеберлік пен бастамашылықтың міндетті шарты ретінде шығармашылық әрекет дәрежесіне көтеріледі.

# Ы

**ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ АКАДЕМИЯСЫ (ҰБА)** – Қазақстан Республикасының білім саласындағы жетекші ғылыми мекеме (2008 жылы Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім Академиясы негізінде құрылған). ҰБА-да 6 институт және 4 орталық қызмет атқарады.

Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен тәжірибесін дамыту, қайта қалыптастыру процесін ғылыми және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу, қолдау, жалпы орта білім мен бастапқы, орта және жоғары кәсіби білімді жетілдіру мен қалыптастыру, мемлекеттік білім стандарттарын әзірлеп енгізу, әлемдік білім кеңістігіне үйлестіру, психологиялық-педагогикалық ғылымды дамыту, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы оның рөлін арттыру, жалпы алғанда қоғамды прогрессивті қайта құру – Академияның негізгі міндеттері.

Академия қызметінің басты бағыттарының бірі – түрлі деңгейдегі білім ұйымдарымен өзара тығыз қатынас орнату. Республиканың барлық аумақтарында Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейін білімді дамыту тұжырымдамасы ережесін енгізу

жөнінде Академияның тірек ұйымдары құрылған. Республиканың көптеген жоғары оқу орындарымен бірлесіп жасалған ғылыми жобалар шеңберінде тығыз ынтымақтастық орнаған.

Академияда докторлық және кандидаттық диссертацияларды қорғау жөніндегі Кеңес, докторантура, аспирантура және ізденушілер институты қызмет атқарады. Ұдайы жұмыс атқаратын үздіксіз білім беру мәселелері жөніндегі ғылыми-әдіснамалық семинарлар бар.

**ЫНТА (ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ)** – тұлғаның қызмет мақсатын сезінуін қамтамасыз ететін, соның негізінде бағыттылыққа, жаңа фактілермен танысуға, болмысты толық және терең бейнелеуге мүмкіндік беретін танымдық қажеттіліктің көрініс табуының формасы.

Ынтаны қанағаттандыру оның бәсеңсіп, сөніп қалуына әкелмейді, танымдық қызметтің жоғарғы деңгейіне сәйкес жаңаларын келтіреді. Нысанның тартымдылығынан пайда болатын *тікелей* және іс-әрекеттің мақсаттарына қол жеткізу құралы ретінде *жанама* түрлерін айырып қарастырады.

Ынтаның тұрақтылығы оның ұзақ сақталуы мен қарқындылығында. Педагогикада тәрбиеленушінің ынтасы оқыту және тәрбие барысында әрқашан өзекті мәселе болып қала береді. Оқу-тәрбие процесінде оқушылардың ынтасын ояту және сақтау оны гуманизациялауға және нәтижелі етуге мүмкіндік туғызады.

# I

**ІРГЕЛІ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР** – табиғаттың, қоғам, адамның дамуының негізгі заңдылықтары мен олардың өзара бай-

ланысы туралы жаңа білімдерді алуға бағытталған теориялық және/немесе эксперименттік интеллектуалдық іс-әрекет.

**ІРГЕЛІ ЕҢБЕК** – басылым түрінде (кітап, монография, оқулық және т.б.) орындалған зерттеу салаларының бірінде әдіснамалық және теориялық проблемаларды (сұрақтарды) тиянақты, терең талдауын қамтитын ғылыми жұмыс.

**ІРІКТЕМЕЛІ ЖИЫНТЫҚ КӨРСЕТКІШІНІҢ ОРТАША МАҢЫЗЫ (ОРТАША АРИФМЕТИКАЛЫҚ; ОРТАША ІРІКТЕМЕЛІ)** – көрсеткіштің барлық өлшенген мәні қосындысының іріктеу мөлшеріне қатынасы:

$$\bar{x} = \frac{x_1 + x_2 + \dots + x_n}{n}$$

**ІРІКТЕУ** – іріктелген жиынтықтың қалыптасу процесі; іс жүзінде бақыланатын, статистикалық бақылау қатарымен берілген  $X_1, \dots, X_n$  кездейсоқ шама.

Іріктеуді құрайтын  $n$  бақылауындағы  $k$  көрсеткіштер санын *іріктеу көлемі* деп атайды. Іріктеуді сандық және графикалық талдау негізінде көрсеткіштердің теңдігін бекіту олардың біркелкілігі туралы, яғни біртекті жиынтыққа жататынын белгілеуге негіз болады.

**Түрлері:**

- **уақытша** – белгілі бір уақыт мерзімінде топ мүшелерінің бақылау реттілігін белгілеу;
- **механикалық** – басты жиынтықты тең бөліктерге бөлу және олардың әрбір бөлігінен бақылау үшін бір-ақ бірлік алынады;
- **сериялық (ұялы)** – басты жиынтық бірліктерінің толық сериясын (ұясын) іріктеу жолымен іріктеу жиынтығы қалыптасатын іріктеу әдісі;
- **өзіндік-кездейсоқ** – біртекті деп қаралатын тұтас барлық басты жиынтық ішінен талғап зерттеу үшін бірліктерді іріктеп таңдау немесе кездейсоқ сандар кестесі көмегімен орындалатын кездейсоқ таңдау;
- **типтік (типологиялық, аудандастыру, стратификацияланған)** – зерттеу тұрғы-

сында маңызды және бір топты баскасынан айтарлықтай айыратын қандай да бір белгі бойынша жасалған басты жиынтықты типтік топтарға (страттарға) алдын ала бөлу.

**ІРІКТЕУ НЕГІЗДЕРІ** — қандай да бір бар немесе арнайы құрылатын құжаттар (тізімдер, статистикалық есептер және т.б.).

**ІРІКТЕУ ШАМАСЫ (КӨЛЕМІ)** — бір-келкі зерттеу нысандарының толық (есептік) саны (құбылыстардың, оқиғалардың немесе олардың сипаттамалары).

**ІРІКТЕУДІҢ САПАЛЫ ҚҰРЫЛЫМЫ (САУАЛНАМА ТОБЫНЫҢ КАРТАСЫ, РЕПРЕЗЕНТАЦИЯНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ)** — зерттейтін нысанның шынайы құрылымын көрсететін, іріктеу үлгісін құрылымдаудың негізгі тобын анықтау.

**ІС-ӘРЕКЕТ** — қоршаған ортаға адамның қарым-қатынас тәсілі, адам шығармашылықпен табиғатты қайта өзгертеді, сол арқылы өзін-өзі іскер субъект ретінде көрсетіп, ал олардың менгерілетін табиғат құбылыстарын — өзінің қызметінің объектісіне айналдыратын процесс.

Әрбір әрекетке сәйкес келетін өзіндік жеке мақсаты немесе міндеттері бар ең кіші бірліктерінен тұрады. Оған мақсат, себеп, тәсілдер, шарттар және нәтиже кіреді:

- **енгізу-зерттеушілік** — бейімделу сипатына ие, себебі ол ғалымдар қалыптастырған ғылыми ойларды, принциптерді, әдістемелер мен білім беру технологияларын мектептің нақты жағдайына бейімдеумен байланысты. Енгізу-зерттеу қызметі әрқашан кешенді, яғни «ғылым-тәжірибе» жүйесінің барлық бағыттары мен деңгейлерін (әдіснамалық, теориялық, әдістемелік және технологиялық) қамтитын әрекет.

- **ғылыми-ақпараттық** — ғылыми-техникалық (педагогикалық) ақпарат қажеттілігін қанағаттандыру мақсатындағы шаруашылық қызметінің саласы.

- **ізденіс-зерттеушілік** — өзінің дербес идеяларын өңдеу, оларды қамтамасыз ету, оқып білу, технологиялық деңгейге жеткізумен байланысты инновациялық қызмет. Мұғалім өз идеяларын теориялық біліміне, тәжірибесіне және ішкі түйсігіне сүйене отырып жетілдіреді.

- **теориялық** — әлемді тану және түсіндіру мақсатындағы жеке тұлғаның немесе топтың қызметі, практикалық қызмет тәсілдерінің ойлау тәжірибесінің процесінде көрінуі мен негізделуі.

**ІСКЕРЛІК** — адамның менгерген білімі мен дағдыларының жиынтығымен қамтамасыз етілетін әрекетті орындау тәсілдерін менгеруі; менгерілген білімі мен өмірлік тәжірибесі негізінде, теориялық және тәжірибелік әрекеттерді жылдам, дәл, саналы орындауға дайындығы.

*Дағдыдан* айырмашылығы, іскерлік қандай да бір әрекетті орындау үшін арнайы жаттығуларсыз-ақ қалыптасады. Бұл жағдайда ол бұған дейін, осыған ұқсас әрекеттерді орындауда менгерген білім мен дағдыға сүйенеді. Сонымен бірге дағдының менгерілу дәрежесіне қарай іскерлік те жетіледі. Іскерліктің жоғары деңгейі, бір мақсатқа жету үшін, әрекеттің орындалу жағдайына байланысты әр түрлі дағдыларды пайдалану мүмкіндігінен көрінеді. Іскерліктің жоғары дамығандығы жағдайында әрекет бірнеше түрде орындалуы мүмкін. Адамның менгерген іскерлігі оның ақыл-ойы дамуының жалпы деңгейінің, ақылының сапалық көрсеткішін білдіреді.

Жаттығу арқылы қалыптасады және қайсыбір әрекетті таныс жағдайларда ғана емес, таныс емес, жаңа жағдайларда да пайдалана алуға мүмкіндік береді.

**Бөлінеді:**

- **жалпылогикалық іскерліктер мен дағдылар**, яғни талдау; салыстыру; жіктеу; жалпылау; абстракциялау; нақтылау; маңызды, негізгі белгілерді анықтау; синтездеу; себеп-салдарлық байланыстарды белгілеу;

• **оқу**, яғни жауаптың жоспарын немесе баяндаманың тезисін, қысқаша жазбалар (конспект), мазмұндамалар (реферат), рецензиялар, қысқа түсініктемелер (аннотация) құрастыру, баяндамалар даярлау, оқудың әрбір түрлерін пайдалана алу, жеке қарқынмен оқи және жаза алу, оқу пікір-сайыстарына (диспут), пікірталасқа (дискуссия) қатыса алу, пікірталас (полемика) жүргізе алу, ойын тезисті түрде айта алу, сұрақты нақтылау, негіздеу, дәлелдеу, өз ойын сауатты жеткізе алу, арнайы тілдерді пайдалану;

• **акпараттық-іздемпаздық**, яғни анықтама-лық-энциклопедиялық әдебиеттермен жұмыс істеу іскерлігі мен дағдысы; каталогтармен, мазмұн тізбесімен жұмыс, аудиовизуалды және баспа акпарат құралдарын пайдалану;

• **оқу-ұйымдастырушылық**, яғни күнделікті және болашақтағы оқу жұмысын жоспарлай алу, қойылған міндетті шешу үшін өз іс-әрекетін ұйымдастыра алу, оқу әрекеттеріне өзіндік және өзара бақылау мен талдау жасай алу, ұжымдық оқу жұмысын жүргізе алу, оқу тапсырмаларын шешу барысында ынтымактасу және өзара көмек жасай алу.

**Жалпы оқу іскерліктері мен дағдылары** — өзінің оқу әрекеті барысын саналы және белсенді басқаруға мүмкіндік беретін, оқушының әрекет субъектісі бола алуының тұтастай, біріккен қабілеттері түріндегі білімділіктің шешуші біліктіліктерінің жинақты құрамы.

**Метатанымдық дағдылар** — пәнаралық, жалпы оқу-танымдық іскерліктер мен дағдылар. Оларға жататындар: сұрақ қою; болжам құрау, мақсат пен міндеттер параметрін, берілген тапсырманың алдыңғы жұмыстармен байланысын анықтау; жоспарлау; тактиканы таңдау, тапсырманы немесе туындаған мәселені бөліктерге бөлу, қажетті дене немесе ой әрекеттерін белгілеу; қандай да бір әрекет немесе оқиғаның салдарын болжай алу; өзінің ағымдағы іс-әре-

кетін тұрақты бақылау және оның дұрыстығы тұрғысында талдау жасау; жөндеу (коррекция), қайта жоспарлау мүмкіндігі және қайта қаралған міндеттерді қосу; өз әрекетінің нәтижесін өзіндік тексеру. Метатанымдық дағдыларды меңгеру шамасына қарай, оқушы үлкен жауапкершілікпен, өзінің когнитивті және әлеуметтік дамуын бақылауға алады және ол өзіндік басқару процесі сипатына ие болады. Қазіргі уақытта метатанымдық дағдыларды қалыптастыру кез келген білім берудің орталық міндетіне айналды.

**Жіктеу:**

1. **Танымдық іскерліктер** — өз бетінше білім алу іскерлігі: оқу және ғылыми-көпшілік әдебиеттермен жұмыс істей алу, соның негізінде өз бетінше білім алып оны тереңдету; өз бетінше бақылау жүргізе алу және соның негізінде қорытынды жасау; өз бетінше үлгі нұсқа жасау (моделирование) және болжам құру; өз бетінше сынақ жүргізіп, соның негізінде жана білімдер алу; өзінде бар теориялық білімдер негізінде құбылыстар мен бақыланған деректерді түсіндіре алу, теорияның салдарын болжай алу.

2. **Тәжірибелік іскерліктер** — өлшеуге, есептеуге құрылған, графикалық (графиктер құру және талдау), есептеу тапсырмаларын, графикалық және логикалық есептерді шешу.

3. **Ұйымдастырушылық іскерлігіне** өз жұмысын жоспарлау білігі, соның ішінде уақытты жоспарлау, сабақ уақытында және зертханалық жұмыс кезінде жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру жатады.

4. **Өзін-өзі бақылау іскерлігі** әр түрлі тапсырмаларды орындау кезінде аса маңызға ие болады — есеп шығару, үй тапсырмасын орындау, т.б.

5. **Бағалай алу іскерлігіне** алынған нәтиженің дұрыстығын бағалау; сол нәтижені әлеуметтік-экономикалық және экологиялық бағалау іскерліктерін жатқызуға болады.





**ЭВРИСТИКА** – 1) ой операцияларының табиғатын, соның ішінде ең маңыздысы – түрлі тапсырмаларды орындау кезінде адамның өнімді шығармашылық ойлауын (эвристикалық әрекетін) зерттейтін психология бөлімі;

2) жаналық ашу процесінде шешімдерді іздестірудің арнайы әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы (эвристикалық тәсілдер мен әдістер);

**ЭВРИСТИКАЛЫҚ ҮЙРЕНУ ФОРМАСЫ** (П.Ф.Каптерев термині) – ғылыми заңдарды, формулаларды, ережелер мен ақиқаттарды оқушылардың мұғалімнің басшылығымен өздері ашатын және өндейтін оқытудың формасы.

**ЭКЗЕМПЛИФИКАЦИЯ** – нақты, көрнекі мысалдардың көмегімен түсіндіру, иллюстрациялық материалдармен жабдықтау.

**ЭКСПЕРИМЕНТ (БАЙҚАП КӨРУ, САРАП, ҒЫЛЫМИ ТӘЖІРИБЕ)** – 1) бақылауға алынған және есептеу мүмкіндігі бар педагогикалық әрекеттерді зерделеу мен тексеруге жағдай туғызатын арнайы құрастырылған оқу-тәрбиелік процесс; 2) педагогикалық зерттеу; 3) жеке әдістер мен тәсілдерді, теориялық және тәжірибелік кезендерді тұтас енгізетін кешендік зерттеу әдісі; 4) мақсатты және байыпты түрде түбегейлі өзгертуге көмектесе отырып, нақты осы тәжірибе процесінде жана білім тәжірибесін құруға бағытталған педагогикалық ізденіс.

Егер қандай да бір пікірді басқа тәсілмен дәлелдеу мүмкіндігі жоқ болса және осы тұжырымдамаларды (күмән, таңдау, балама туындаған кезде) міндетті түрде дәлелдеу керек болған жағдайда эксперимент жүргізіледі.

Педагогикалық эксперимент – педагогикалық мәселелердің жана, неғұрлым тиімді тәсілдерін іздестіру мақсатында жүргізілетін оқу немесе тәрбиелік жұмыс саласындағы тәжірибе; педагогикалық құбылыстар мен оның өту жағдайын тәжірибелік бейнелеуді талап ететін педагогикалық құбылыстардағы себепті-іздестіру байланысын зерделеу бойынша зерттеу қызметі; зерттеушінің педагогикалық құбылысқа белсенді ықпал етуі; пікір, педагогикалық ықпал мен өзара әрекет нәтижелерін өлшеу; педагогикалық құбылыстар мен процестерді бірнеше рет қайта өндіру. Байқау, әңгімелесу, сұхбаттасу, анкеталық сұрақ алу, деректі анықтайтын жұмыстар енетін, арнайы жағдайларды туғызатын және т.б. қамтитын, сондай-ақ бастапқыда тұжырымдалған болжамның дұрыстығының ғылыми-объективтілігін және дәлелдігін қамтамасыз ететін, процестердің және құбылыстардың бұрыннан таныс емес басқа да жақтарын анықтауға мүмкіндік беретін кешенді әдіс.

Ғылыми зерттеудегі эксперимент – бұл зерттеу нәтижелерін бағалайтын құрал, оның нақты мәліметтерін өңдеу үшін математикалық әдісті қолдануға мүмкіндік беретін педагогикалық процестің моделі. Эксперимент жүргізу үшін мәселелерді таңдауда бір мезгілде бірнеше критерийлерді назарға алу қажет:

а) қандай да бір жұмыс аспектісін немесе оқу-тәрбие процесін толығымен жанарту қажеттілігі;

ә) аумақтың әлеуметтік дамуының жалпы болжамы негізінде қалыптастырылған білім ұйымдарына берілетін арнайы тапсырыс;

б) оқу мекемелері мен оның ұжымының осы сәттегі нақты мүмкіндіктері;

в) экспериментке болашақ қатысушы тұлғаларының мүдделері.

Білім ұйымдары мына мәселелер бойынша жұмыс атқара алады:

– мектептің өзекті тұжырымдамасына сәйкес, оқу жоспарының тиімді нұсқаларын іздестіру;

– жаңа және дәстүрлі оқу курстары бойынша жаңа оқу бағдарламаларын құру және байқаудан өткізу;

– тереңдетілген оқу курстарын беру;

– теңестірілген сыныптарында, орны толтырылған оқу сыныптарында, педагогикалық қолдау және педагогикалық дәлдеу сыныптарында оқу-тәрбиелік процесті ұйымдастыру;

– гимназия, лицей секілді оқу мекемелерінде, «балалар бақшасы – мектеп», «мектеп – ЖОО» модулінде оқу-тәрбиелік процесті ұйымдастыру;

– жаңа экономикалық жағдайда оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыру;

– жаңа технологияларды, оқу жүйелерін әзірлеу және апробациялау, балаларды тәрбиелеу мен олардың ой-өрісін дамыту.

Педагогикалық эксперимент бірқатар зерттеу міндеттерін шешуге көмектеседі:

– белгіленген педагогикалық ықпал (олардың жүйесімен) және мектеп оқушыларын оқыту, тәрбиелеу, дамыту барысында осыған орай қол жеткізген жетістіктер арасында байланыс орнату;

– белгіленген жағдай (жағдай жүйесімен) мен қол жеткізген педагогикалық нәтижелер арасындағы байланысты анықтау;

– педагогикалық шаралар жүйесінің немесе педагогтар мен оқушылардың белгіленген нәтижелерге қол жеткізуі үшін жағдай және кеткен уақыт пен күш-жігер арасындағы байланысты анықтау;

– педагогикалық әрекеттердің немесе шарттардың екі немесе бірнеше нұсқаларының тиімділігін салыстыру және қандай да бір критерийлер (тиімділік, уақыт, күш жұмсау, құралдар және т.б.) тұрғысынан оларға онтайлы нұсқаны таңдау;

– тиісті жағдайларда бір мезгілде пікірлер қатары жөніндегі шаралардың белгіленген жүйесінің ұтымдылығын дәлелдеу;

– себепті байланыстарды табу.

Эксперименттің мәні белгіленген жағдайда зерделенген құбылыстарды қою болып табылады, сондай-ақ жоспарлы ұйымдас-

қан жағдайларды жасап, эксперименттік әсерлер мен олардың объективті нәтижелері арасында кездейсоқ емес байланысты белгілеу негізінде фактілерді анықтайды. Тікелей байқау жолымен табиғи жағдайда педагогикалық құбылыстарды зерделеуден ерекшелігі, эксперимент:

– зерделенген құбылыстарды басқалардан жасанды бөліп қарауға;

– зерделеніп жатқан дүниелерге педагогикалық ықпалды мақсатты бағытта өзгертуге;

– жеке зерделенген педагогикалық құбылыстарды шамамен дәл сол жағдайда қайталауға;

– басқа әдістерге қарағанда, педагогикалық процестің түрлі компоненттері арасындағы, факторлар, педагогикалық ықпал жағдайлары мен нәтижелері арасындағы байланыс сипатын белгілеуге;

– қандай да бір педагогикалық жаңа енгізілімдердің тиімділігін тексеруге;

– процесс құрылымындағы түрлі факторлардың әрекеттілігін немесе өзгерістерін салыстырып, олардың ұтымды үйлесімін таңдауға;

– тапсырмалардың белгіленген кешенін жүзеге асыруға қажетті жағдайларын анықтауға;

– жаңа жағдайда процестің өту ерекшелігін және тағы басқаларын анықтауға мүмкіндік береді.

Эксперименттің тиімділігі көбінесе, құбылыстың алдын ала теориялық талдауы қаншалықты мұқият өткізілгеніне байланысты. Оған тарихи шолу жасалып, сараптаманың едәуір нақты өрісін және оның міндеттерін белгілеу мақсатында көпшілік тәжірибе зерделенді.

Мақсаттар мен таным амал-әдістерін анық белгілеуді талап етеді, нәтижелердің жаңадан өндірілуін, олардың дәлелділігі мен объективтілігінің әдіснамалық нормаларын бағдарлайды.

Эксперимент өзі дәлелдеуге немесе жалғандығын әшкерелеуге тиісті бір немесе

бірнеше теориялармен тығыз байланысты. Басқалардың мінез-құлығын анықтау үшін іс-әрекеттерді біркатар көрсеткіштермен түспалдайды.

Жағдай, әдеттегі немесе арнайы ұйымдастырылған болуы мүмкін. Эксперимент әрқашан кезеңдік сипат алады, сондай-ақ нақты принциптер негізінде ұйымдастырылып өткізіледі. Эксперименттік қорытындылардың сенімділігі вариативтілігімен қамтылады.

Педагогикалық экспериментте келесідей топтар қарастырылады:

- **бақылаушылық** — эксперименттік өлшем ықпал етпейтін, зерделеуге жарамды мөлшерлер мен басқа негізгі сипаттар бойынша біркелкі эксперименттік топтар (яғни эксперимент өткізілмейтін);

- **эксперименттік** — зерттеуші, тәуелсіз (эксперименталды) айнымалымен ықпал ететін, яғни эксперимент өтетін топ.

**Эксперимент типологиясы:**

**1. Белгілеуші** — әлдебір өзгерістерді енгізгенге дейін педагогикалық процестің ұқсас параметрлерін зерделеу; әдетте, зерттеу басында өткізіледі және өз міндетімен қандай да бір зерделенген мәселе бойынша істерді анықтайды. Басқаша айтқанда, сараптаманың бұл түрі: «Инновациялық әдістегі апробация үшін ұсынылған зерттеу пәнінде не бар және не қанағаттандырмайды? Ұсынылған әдістердің кешені, педагогикаға енген оқу процесін ұйымдастыру нысандары педагогикалық мәселелерді бірдей шешуге сәйкес келе ме?» деген сұрақтарға жауап береді. Негізінен, белгіленген сараптама инновациялық тәжірибеге ену мақсатында жанартуларды апробациялау мақсаттарына қызмет атқарады. Эксперименттің осы түрі жаңа бағдарламаның, оқу құралының тиімділігін (тиімсіздігін) дәлелдеу құжаттарының кешенін қалыптастыруды көздейді. Эксперимент қорытындысы бойынша анықталған фактілер тіркеліп, бағдарламалардың, тұжырымдамалар мен оқу құралдарының

мазмұнын өзгерту жөнінде нақты ұсыныстар беріледі, сондай-ақ оң және теріс нәтижелер белгіленеді.

**2. Жобалық-зерттеу, іздестіру, пилотаждық (барлаушы) эксперимент** — жағдайды, ахуалды, яғни әлдебір әдістемелік аппараты активті қолданғанға дейін жүргізілетін алдын ала анықтау.

Пилотажды зерттеу процесінде қажетті іріктеу көлемі белгіленеді, анкеталардың, тестердің, зерттеу жүргізудің ұйымдастырылған нысандары және т.б. анықталады. Кез келген экспериментті-психологиялық және педагогикалық зерттеу жоспарының маңызды бөлігі: ол бастапқы бағытты, ұйымдастыру принциптері мен негізгі зерттеу әдістерін белгілеуге көмектеседі, неғұрлым маңызды гипотезаларды анықтайды.

**3. Қалыптастырушы (оқытатын, қайта өзгертетін, дамытатын) эксперимент** — эксперименттік әсерлерді ұйымдастырады және өткізеді; қандай да бір қызметтің қалыптастырылу деңгейінің қарапайым емес фактісін, психиканың қандай да бір жақтарының дамуын, олардың белсенді қалыптасуы мен тәрбиеленуін анықтауды өз мақсаты етіп қояды. Бұл тип оқушыларды және барлық білім беру кеңістігін қайта жанартуға қызмет етеді. Қалыптастырушы эксперимент оқу процесінің демократизациялау, мұғалім мен оқушының өзара қатынасы сипатын өзгерту, ішкі сыныптық микросоциум өзара қатынасы мәселесін шеше алады. Осы типтегі эксперимент есте сақталуын, түйсінуін, уәжденуін, ойлануын, назар аударылуын дамытуға бағытталуы мүмкін. Ол оқу процесін өзі ұйымдастыру, өзі қайта жанарту және өзі тәрбиелеу механизмдерін енгізу негізінде оқушының жеке тұлғасы үшін активті-позитивті әрекеттердің міндеттеріне қызмет атқаруы мүмкін. Пәндік салада авторлық әдістемені жасаған мұғалім үшін бұл эксперимент оқушының жалпы оқу жұмысы біліктілігін қалыптастыру үшін нәтижелік деңгейін зерттеуге көмектеседі.

**4. Бақылаушы эксперимент** – эксперименттік әрекеттердің нәтижелерін, оқу-тәрбиелік процесс параметрлерінің түпкі жағдайын белгілейді. Жасалған қорытындылар мен әзірленген әдістерді тексереді, қалыптастырушы эксперимент нәтижелері бойынша өзгерістер деңгейін көрсетеді.

**Кесінді** – оның өзгерісі түрлі кезеңдердегі эксперименттік нысанның жағдайы мен параметрлерін қысқа мерзімді белгілеу үшін қызмет атқаратын бақылау жасаушы эксперимент түрлілігі.

**Педагогикалық эксперименттің деңгейлері:** – жеке-жеке педагогтардың эксперимент жүргізуі;

– мектепшілік – эксперименттік қызметті білім ұйымының деңгейінде жүзеге асыру;

– қалалық (аудандық) – қала (аудан) жағдайында сараптаманы жүзеге асыру;

– аумақтық – облыс деңгейінде жүргізілетін эксперимент;

– ұлттық – республика ауқымындағы эксперимент, мысалы, 12 жылдық оқуға көшу.

**Түрлері:**

• **жергілікті** – өзара байланысы жоқ жеке сараптама, мысалы: пән бойынша жаңа бағдарлама;

• **модульді** – өзара жаңа енгізіліммен байланысты жеке кешен, мысалы: жаңа бағдарламалар блогы, оқудың жаңа технологиясын әзірлеу, жаңа шығармашылық ұжым немесе бірлестік құру;

• **жүйелі** – барлық мектепті қамтитын жаңа енгізілім. Мектепті дамыту Бағдарламасы әзірленеді, мысалы: барлық мектептердің әлдебір идеяға, тұжырымдамаға қайта құрылуы немесе бұрынғы базада (гимназия, лицей) жаңа білім ұйымының құрылуы;

• **кең ауқымды** (құрылымды толық жетілдіру және білім мәні жөніндегі сараптама).

**Қатысушылардың саны бойынша:**

• **жеке** – жалқы нысандарды тәжірибелі зерттеу;

• **топтық** – білім ұйымының топтары қатысатын эксперимент (сыныптар, топтар, педагогтар мен оқушылар);

• **көпшілік** – нысандардың көпшілігіне арналып өткізілетін эксперимент (мектептерде, ЖОО-да және т.б.)

**Бағыты бойынша:**

• **тәрбиелік** – тәрбие жұмысының бір немесе бірнеше аспектілерін зерттеу (өнегелік, еңбектік, эстетикалық және т.б.);

• **дидактикалық** – жаңа нысандарды, әдістер мен оқу құралдарының әзірлемесі, сондай-ақ тәжірибеге бұрын енген дидактика саласына кіретін педагогикалық тәсілдер мен әдістердің тиімділігін анықтай отырып, білімнің жаңа мазмұнын зерттеулерге байланысты жүргізілетін эксперимент;

• **басқару** – оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және басшылық ету, мектеп және тағы басқа оқу мекемелерін демократизациялау мәселелерін зерттеу;

• **жеке әдістемелік** – бір немесе бірнеше оқу пәндері бойынша оқушылардың білімін, ептілігін мен дағдыларын меңгеру мәселесін зерттеу.

**Өткізу жағдайы бойынша:**

• **табиғи** – оқу-тәрбие процесінің жеке бөлігіне қандай да бір фактордың әсер етуін тексеру мақсатымен оқыту және тәрбие беру ісінің нақты жағдайында өткізілетін эксперимент;

• **зертханалық** – оқушылардың жеке типологиялық ерекшеліктерін, олардың жеке сипатын зерделеу үшін арнайы оқу-тәрбиелік жағдайды құру.

**Қолданылған белгілері бойынша:**

• **сапалық** – нысандар мен құбылыстарды сипаттау және зерделеу үшін сапалы белгілерді тарту;

• **сандық** – ақпараттардың сандық белгілері мен өңдеу әдістерін қолдану;

**Ұзақтығы бойынша (өткізу уақыты):**

• **қысқа мерзімді** – бір педагогикалық жағдай, сабақ шеңберінде өткізілетін эксперимент;

• *лонгетюдті (ұзақ)* — ұзақ уақыт мерзімінде бір және сол нысанды эксперименттік зерделеу;

• *орташа ұзақтығы* — оқу жылының тоқсанында, жарты жылдығында бір тақырып шеңберінде жүзеге асырылатын зерттеу.

**Эксперименттің салыстырылатын нысандары бойынша:**

• *сызықтық (ретті)* — оқыту, тәрбие беру, дамыту процесінің түрлі кезеңінде нысанды (топтарды) өз-өзімен салыстыру негізінде орындалатын эксперимент;

• *параллельді* — бір уақытта екі немесе одан да көп нысандарды өзара салыстыру негізінде орындалатын эксперимент:

— *жалғыз айырма әдісі* — одан әрі зерттелген әрекеттердің бірінде жүргізілетін нысандардың екі тобындағы оқытудың барлық факторларын (тәрбиелеу) теңестіру жорамалданған параллельді эксперимент түрі, ал басқа (бақылаушы) процесс мұндай әрекетсіз өтеді.

*Үлгі:* егер, алдыңғы ABC жағдайы abc құбылысын шақырса, BC жағдайы (A құбылысы сараптама барысында жойылады) bc құбылысын шақырады, онда A а-ның себебі деген қорытынды жасалады. Мұндай қорытынды A-ны жою кезінде а-ның жоғалып кетуін түсіндіреді:

Оқиға	Жағдай	Байқалатын құбылыс
1	ABC	A
2	BC	-

Демек, A жағдайы a құбылыс себебі ;

— *жалғыз ұқсастық әдісі* — белгіленген фактордың, сондай-ақ жасырын және есепке алынбаған факторлардың талқыға салынып тексерілген ықпалы бірнеше сыныптардың эксперименті болып табылатын параллель эксперименттің логикалық моделінің түрлілігі.

*Үлгі:* егер, алдыңғы ABC жағдайы abc құбылысын, ал ADE жағдайы ade құбылысын шақырса, онда A — себебі немесе A және a құбылысы себепті байланысты:

Оқиға	Байқалатын жағдайлар	Себебі іздестірілетін құбылыстар
1	ABC	a
2	ADE	a
3	A	a

Демек, A жағдайы a құбылыс себебі;

— *ұқсастық әдісі мен бірлескен түрлілік* — жалғыз ұқсастық әдісінің көмегімен, оған жалғыз түрлілік әдісін қолдана отырып алынған нәтижені растау.

*Үлгі:*

	Оқиға	Байқалатын жағдайлар	Зерттелетін құбылыстар
Оқиғалардың I қатары	1	ABC	a
	2	ADE	a
	3	AFG	a
Оқиғалардың II қатары	1	BC	-
	2	DE	-

Демек, A жағдайы a құбылыс себебі;

• *айқасқан* — нәтижелер мен қорытындылардың сенімділігін арттыру үшін эксперименттің біркелкі нұсқасы, эксперименттік және бақылау нысаны (сыныптар, топтар) кезектесіп орындарын ауыстырады.

Сонымен қоса ойдағы эксперимент бөліктенеді — дәл осы кезеңде жүзеге асырылмаған белгіленген құбылыстар мен процестердің (жағдай жасау кезінде) өту мүмкіндігі туралы логикалық пікір. В.С. Библер ойдағы эксперименттің мына ерекшеліктерін атап көрсетті: 1) таным құралы, оның маңызы ерекше анықтылығымен ашыла алатын жағдайға орын ауыстырады; 2) бұл құрал, келесі ойдағы трансформация нысаны бола алады; 3) бұл экспериментте осы құрал орналастырылған орта, байланыс жүйесі ойша қалыптасады.

**Эксперимент кезеңдері**

*Диагностикалық кезең:* проблемаларды айқындау және оның көкейкестілігін негіздеу. Мұғалімдердің қиыншылығын диаг-

ностикалау, оқу-тәрбие процесіндегі қайшылықтарды айқындау.

**Болжамдау кезеңі:** осы кезеңде эксперименттің толық ашылған бағдарламасын әзірлеу: эксперименттің міндеті, нақтыланатын зерттеудің мақсаттары беріледі: жаңа технология үлгісі (әдістері, құрылымы, шаралар жүйесі және т.б.) құрастырылады; жұмыс жорамалы тұжырымдалады: күтілетін нәтиже болжамдалады; өтемақы тетіктері ойластырылады.

**Ұйымдастыру кезеңі:** алдымен эксперименттің материалдық базасын дайындаумен байланысты. Жекелеген эксперимент бағдарламасы арнайы орындарды, жиһаздарды және басқаларын талап етуі мүмкін. Эксперимент жүргізуге қосымша материалдар мен қаржылық ресурстарға арналған смета әзірлеу көзделеді.

Тәжірибелі-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру кезінде басқару функцияларын дұрыс бөлу маңызды: экспериментте кім және не үшін жауап береді: директор, оның орынбасары, соның ішінде, тәжірибелі-эксперименттік жұмыс бойынша орынбасар (мұндай лауазым 0,25 және 0,5 ставкада енгізілуі мүмкін), мұғалімдер, сынып жетекшілері, оқушылар, ата-аналар. Эксперимент өткізуге қатысушы кадрларды арнайы дайындауды ұйымдастыру да қарастырылады. Педагогтерді экспериментті ұйымдастырудың жалпы әдісіне оқыту, нақты эксперимент бағдарламасын, олардың барысын, нәтижесін талқылау бойынша тұрақты қызмет ететін семинарлар пайдалы. Бұл кезде әдістер, технологиялар және т.с.с. аралық эксперименттің мәліметтерін есепке ала отырып түзетілуі мүмкін. Экспериментті ұйымдастыру дайындығы әдістемелік қамтамасыз етуді де қосады. Бағдарламадан басқа, оған барлық қажетті дидактикалық, тәрбиелік және басқа да материалдар, жазба жұмыстарының (оқыту және бақылау) мәтіндері, сауалнама, технологияның өзін, эксперименттік іс-әрекеттің әрбір элементін толық баяндау жа-

тады. Эксперименттік жұмыс әдістемелік қамтамасыз етілмесе саналы сезінусіз және ойсыз өтеді.

Эксперимент жүргізуші педагогтерді моральды және материалды ынталандыру мәселесін басынан бастап ойластыру керек. Эксперимент ұйымдастыруға эксперименттік және бақылау нысандарын (параллельдер, сыныптар, жекелеген оқушылар, балалар бірлестіктері және т.б.) іріктеу де кіреді. Нысандар алғашқыда бастапқы параметрлері бойынша тенестірілген болуы тиіс. Жақсы ұйымдастырылған эксперимент табысы ғылыми жетекшіні немесе кенесшіні сәтті таңдаумен де қамтамасыз етіледі. Оның функциясы – экспериментаторларға ғылыми негіздеуде, бағдарламаға және процесті қамтамасыз ету мен эксперимент нәтижесін жинақтауға (талдауға) көмек көрсету.

**Практикалық кезең:** бастапқы белгілеу жұмыстарына «қесулер» жүргізу, жаңа технологияларды іске асыру, аралық (ағымдағы) нәтижелерді қадағалап отыру, сыналтын технологияларды, бақылау жұмыстарын түзету.

**Жинақтаушы кезең:** мәліметтерді өңдеу, эксперимент нәтижесін қойылған мақсаттармен салыстыру, алынған мәліметтерді талдау, жорамалды, жаңа технология үлгілерін нәтижеге сәйкес түзету, эксперимент барысы мен нәтижесін ресімдеу және сипаттау.

**Енгізу кезеңі:** басқа педагогтермен әзірленген тәжірибені іске асыруды ұйымдастыруға бағытталған жаңа әдістерді тарату. IV деңгейлі **эксперимент бағдарламасының құрылымы** (эксперименттік-зерттеушілік іс-әрекет (А.С. Сиденко және Т.Г. Новикова бойынша).

1. Эксперимент тақырыбы.
2. Экспериментті орындаушы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, атағы).
3. Эксперименттің ғылыми жетекшісі немесе кенесшісі (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, атағы, жұмыс орны, телефоны).

4. Тақырыптың өзектілігі (қиындықтар, проблемалар, осы тақырып бойынша эксперимент жасау қажеттілігі шығатын практиканың қайшылықтары).

5. Эксперимент идеясы (проблемалы жағдаят, экспериментшінің іс-әрекетінің бағыттары, оқушыда өзгеруі қажетті бейне туралы аса жалпы түсінік).

6. Эксперименттің түпкі ойы (эксперимент идеясын нақты формалар, әдістер, мазмұнды жаю логикасы, сыныптың нақты жағдайын есепке алу және т.б. арқылы нақтылау).

7. Эксперимент нысаны (зерттеу мен практиканы өзгерту шекарасы).

8. Эксперимент заты (нысанда көрінетін қасиет, қатынас, функциялар; осы эксперименттік зерттеуде ашылатын нысанның бөлшегі).

9. а) педагогикалық мақсат; ә) эксперименттің мақсаты (эксперименттік әзірлеме барысында пайда болған оқушылардағы жағымды өзгерістерден көрінген педагогикалық іс-әрекеттің күтілетін нәтижесі).

Әдістемелік ұсынымдар, сабақ жоспарлары, бағдарламалар, тұжырымдамалық ережелер әзірлемелері формасында берілетін күтілетін нәтиже. Принциптер, педагогикалық технологиялар, жағдайдың және т.б. әзірленген жиынтығы).

10. Эксперименттің міндеті (мақсатқа жетуге арналып бағытталған, аралық нәтижелерге жету жөніндегі әрекет).

11 Эксперименттің жорамалы (эксперименттің тәсілі мен идеясын іске асыру және түпкі ойына қатысты ғылыми негізделген логикалық тұспалдау, ықпал ету, экспериментті іске асыру бойынша шаралар жүйесінің жиынтығы, олардың есебінен оқутәрбие процесінің белгілі бір тиімділігін алу күтілетін жаңадан енгізілуші үлгілерді мейлінше толық баяндау).

12. Диагностикалық инструментарийлер (эксперимент нәтижесін бағалау құралдары: сауалнама, сұхбат түрлері, бақылау

жұмыстарының мәтіні, тестілер, эксперименттік диагностикалық материалдар).

13. Күтілетін нәтижелерді бағалау критерийлері (негізінде эксперименттік әзірлеменің тиімділігін бағалау жүргізілетін белгілер немесе параметрлер).

14. Эксперимент мерзімі (экспериментті бастау және аяқтауды көздеу уақыты).

15. Эксперимент кезеңдері (эксперименттің аралық нәтижесін және олардың табысының бірізділігін айқындаушы бөліктер).

16. Мүмкін болатын жағымсыз салдарды болжамдау (тақырыпты өту қарқынының төмендеуі, оқушыларда жағымсыз өзгерулерді арандататын білім беру мазмұны компонентінен, білім беру мақсаттарынан және т.б. ауытқу).

17. Жағымсыз салдарды түзету, өтемақы тәсілдері (жағымсыз салдарды жоятын экспериментші тарапынан басқарушылық ықпал ету).

18. Экспериментке қатысушылар құрамы (осы тақырып бойынша экспериментке қатысушы педагогикалық ұжым).

19. Функционалдық міндеттері (экспериментке қатысушы барлық тұлғалардың функционалдық міндеттерін бөлу).

20. Эксперимент базасы (оқушылар тобы, сынып, параллель сыныптар, мектептің бөрі).

21. Эксперимент масштабы (эксперименттің уақыт бойынша ұзақтығы және материал көлемі — бір сабақ, бірнеше сабақ, тақырыптар, тоқсан, жыл, бірнеше жыл).

22. Эксперимент түрі (түсіндіруші, іздеуші, тұжырымдаушы).

23. Эксперимент статусы (эксперименттің құқықтық ережесі, оның жай-күйі: мектеп-ішілік, жеке немесе ұжымдық; калалық, аймақтық немесе ұлттық деңгейде).

24. Жаппай практика үшін эксперимент нәтижесін беру формасы (мақала, есеп, әдістемелік ұсынымдар, авторлық бағдарлама, компьютерлік бағдарлама, басқару үлгілері және т.б.).

25. Экспериментті ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету (педагогтер, басқарушылар, оқушылар үшін эксперименттік материалдар тізбесі).

Процесті және эксперимент нәтижесін ресімдеу мониторингі.

Эксперимент барысы оның қатысушыларымен тәжірибелік жұмыс субъектілерімен объектілердің өмірін қадағалау мен бағалаудың күнделікті және апта сайынғы (мерзімдік) жазбаларын арнайы күнделікте жүргізумен тіркеледі. Күнделіктегі жазбалар әр түрлі болып бөлінуі мүмкін: сыныптар бойынша, мұғалімдер бойынша, проблемалар бойынша, сандар бойынша, сабақтар бойынша және т.б. Жазбалар жиынтығы жыл соңында сол немесе өзге де тенденцияны табуға мүмкіндік береді.

Эксперимент процесі мен нәтижесін қадағалап отыру үшін тексерілетін әдістін, құрылымның, технологиялардың, амалдардың және т.б. тиімділігі анықталатын параметрлерін нақты айқындау қажет. Егер, мысалы, бес күндік оқытуға эксперимент жасалса, онда практикадан басқа бағдарламаны толыққанды оқытуға жүктемені, әсіресе балалардың денсаулығын тіркеу қажет. Авторлық әдіспен, оқытудың жаңа технологиясымен эксперимент кезінде оқушылардың білімін және білігін бағалаудан, оларды бұрынғы немесе жорамал бойынша күтілетіндермен салыстырудан қашпау керек.

Соңғы нәтиже оқушының білімділік, тәрбиелілік және дамушылық деңгейі бойынша анықталады. Алынған нәтиженің практикалық маңыздылығын бағалау үшін жаңа технология бойынша ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесіндегі нақты алға ілгерілеуді анықтау қажет. Бұл кезде осы өзгерістердің нақты кімге арналғаны – мұғалімге, оқушыға, мекеме басшысына және алынған нәтижені қолдану саласының қандайлығы көрсетіледі.

Эксперименттің теориялық маңыздылығын бағалау кезінде бар дидактикалық

және педагогикалық теорияларды толықтыра алатын жаңа идеялар, жаңа қорытындылар аталады.

Егер эксперименттік жолмен алынған жаңа идеялар жиынтығы тұтас тұжырымды құраса, онда бұл педагогикада принципті жаңаны құру белгісі болады.

Эксперимент нәтижесін ресімдеу есеп беру, конференцияда сөз сөйлеу, баяндама мәтіні, журналдағы мақала, кітапшада сипатталған әдіс, диссертация және т.б. формасында орындалады.

Осы кезеңдегі ең қиыны – материалды зерттеу барысында сол немесе өзге құрылымға салу. Мұндайлар төмендегідей болуы мүмкін:

- басқарушылық құрылым (эксперимент нәтижесін барабар сипаттау үшін): алғашқы талдау – болжамдау – бағдарламалы жоспарлау – ұйымдастыру – реттеу – бақылау – талдау – түзету – ынталандыру;
- қызметтік құрылым: мотивтер – мақсат – міндеттер – мазмұн – формалар – әдістер – критерийлер – нәтижелер;
- дидактикалық әрекет түрлері бойынша әдістеме құрылымы: сабақ беру (оқытушы әрекет) – ынталандырушы әрекет – ұйымдастырушы әрекет – бақылаушы әрекет – түзетуші әрекет;
- менгеру кезеңдерінің құрылымы: алғашқы қабылдау – есте сақтау – ұғыну – қолдану – бекіту – басқа салаларға көшіру;
- аралас сабақтың бір нұсқасының құрылымы: ұйымдастыру кезеңі – сұрау – жаңа материалды оқып үйрену – бекіту – ұй тапсырмасын талдау;
- өткізілген сабақтардың түрлері бойынша оқыту әдістемесінің құрылымы: жаңа білімдерді хабарлау сабақтары – іскерлікті қалыптастыратын сабақтар – білім, іскерлік және дағдыны бекіту сабақтары – бақылау және білімді бағалау сабақтары – қайталау және қорыту сабақтары – әр түрлі типтегі аралас сабақтар;
- тәрбиенің мазмұнды бағыттарының (жақтар) өзара байланысты кешені ретіндегі



тәрбиелеу жүйесінің құрылымы: адамгершілік — еңбек — эстетикалық — дене шынықтыру — ақыл-ой-құқықтық — азаматтық-экологиялық — әдістемелік-гигиеналық, жыныстық, отбасылық, т.б.;

• жастық құрылымы: кіші мектеп оқушыларымен тәрбие жұмысы — жасөспірімдермен тәрбие жұмысы — жоғары сынып оқушыларымен тәрбие жұмысы.

Басқа құрылымдар:

• мектеп ұжымы — педагогикалық ұжымы — сынып ұжымы — оқушылардың бірлестіктері — оқушылар ұйымдары;

• тәрбиелеу — өзін-өзі тәрбиелеу — өзара тәрбиелеу;

• мұғалімнің іс-әрекеті — оқушылардың іс-әрекеті — қоғамшылдардың іс-әрекеті — ата-аналардың іс-әрекеті;

• оқушылармен қарым-қатынас — мұғалімдермен қарым-қатынас — ата-аналармен қарым-қатынас — басшылармен қарым-қатынас.

Барлық аталған (және аталмаған) құрылымдар сондай бір-бірімен өзара байланысты: барлығы әрқайсында және әрқайсысы барлығында іске асады. Осы құрылымдардың барлығы қандай да тұтас, жүйелі экспериментте нақты болады, бірақ сол немесе басқасы әдеттегідей басым болады.

**Зерттеу нәтижесі бойынша ғылыми есептің үлгілі құрылымы мен мазмұны.**

Педагогикалық зерттеудің нәтижелері ғылыми есеп, реферат, әдістемелік құрал, диссертация, монография ретінде ресімделуі мүмкін.

Ғылыми есепке келесі негізгі талаптар қойылады:

- құрастырудың айқындығы,
- материалды баяндаудың логикалық біріділігі,
- сенімді аргументтер,
- тұжырымдардың қысқа және айқындығы,
- жұмыс нәтижесін нақты баяндауы,
- қорытындылардың дәлелділігі мен ұсыныстардың негізділігі.

Есеп мыналарды қамту керек:

- титул парағы,
- орындаушылардың тізімі,
- мазмұны (мазмұн),
- жұмыстың негізгі бөлімін,
- әдебиеттің тізімі мен қосымшасы.

**ЭКСПЕРИМЕНТ КҮНДЕЛІГІ** — педагог-экспериментшінің оқушыларға нақты ықпалының және топтық, жеке-дара шаралардың әсерін, олардың түзетілуін жазбаша белгілеп отыруы.

**ЭКСПЕРИМЕНТТІК АЛАҢ** — 1) жаңа педагогтік технологиялар мен білім беретін оқу бағдарламаларын мақұлдаудан өткізуге арналған эксперимент режимінде білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы; 2) педагогикалық жағы бірқатар қаражат, кадр ұйымдастыру, заң және материалды-техникалық мәселелердің өзгеруін қолдаумен ірі масштабты кешенді эксперимент; 3) балалар білім алуындағы өзекті проблемаларын шешуге бағытталған мәдени-білім беру бастамасын жүзеге асыру және білім беру-тәрбиелеу процесінің мазмұны, әдістері, ұйымдастыру формалары, педагогтердің біліктілігін жетілдіру және басқару жүйесі саласындағы жаңа педагогикалық тәжірибе жасайтын білім беру ұйымы немесе оның құрылымдық бөлімі.

**ЭКСТЕРНАТ** — білім беру ұйымдарына қатыспай-ақ өздігінше білім беру бағдарламаларын меңгеріп, қорытынды мемлекеттік аттестаттауға жіберілетін ерекше санатқа арналған оқыту формаларының бір түрі.

**ЭКСТРАПОЛЯЦИЯ** — бір құбылыс бөлігіне жүргізілген бақылаудан алынған нәтижені басқа бөлігінде қарастыратын қорытындыларды таратуға негізделген ғылыми-зерттеу әдісі:

а) сапалық қасиеттерді бір пәндік аймақтан келесісіне, өткеннен және қазіргіден болашаққа;

ә) бір пәндік аймақтың мөлшерлік сипатын келесіге, бұл әдістер мақсатына арнайы әзірленген негізде бір агрегаттың келесіге;

б) құрамдас бөлігі болып табылатын, мағы-

насын түсіндіру немесе кейбір модификациялау кезінде байланысы бар бір ғылым немесе білімнің басқа салалары шеңберінде бір пәндік аймақ үшін құрылған кейбір тендеулер.

**ЭЛЕКТРОНДЫ БАСЫЛЫМНЫҢ СЦЕНАРИЙІ** – жекелеген құрылымдық компоненттерге дәл бөлуден тұратын, мазмұнды, логикалық сипаттауды және құрылымдық компоненттердің уақытша іс-әрекетін қосатын электронды басылымның пайдаланушымен өзара іс-әрекет етудің нақты жоспары.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАСЫЛЫМ (ЭБ)** – графикалық, мәтіндік, сандық, дыбыстық, музыкалық, бейнелік, суретті және т.б. ақпараттардың жиынтығы.

Бір ЭБ өзінде ақпараттық (немесе ақпаратты-анықтамалық) көздер, ақпаратты өңдеу мен құрылым басқарушылары құру құралдары белгілі болады. ЭБ кез келген электрондық тасығышта орындалып, компьютерлік желіде басылуы мүмкін.

**Электрондық оқу басылымы (ЭОБ)** – белгілі саладағы білім, дағды мен шеберлікті белсенді және шығармашыл түрде меңгеруді қамтамасыз етуге арналған жүйеленген материалды құрайтын электрондық басылым. ЭБ безендерілуі мен орындалуы, ақпаратының толықтығы, әдістемелік құралдарының сапасы, техникалық орындалуының сапасы, көрнекілігі, мазмұндалуының біріздігі және логистикалығы жағынан жоғары дәрежеге сай болуы тиіс. ЭБ дидактикалық қасиеттерін жоғалтпай қағаздық нұсқаға қысқартылмайды.

Оқу құралдарын әзірлеу кезінде мультимедия-технологияларын қолдану оқушыға электрондық оқулықтардың дидактикалық мүмкіндіктерін, орталықтандырылған ақпараттық, басқарушылық, эмоционалдық әсерін толық деңгейде іске асыруға жағдай жасайды.

**Түрлері:**

**Электрондық әдістемелік құрал** – білім беру әрекетінің жана модельдерін құрастырып,

кеңейтуге, педагогикалық тәжірибені тарту мен жалпылауға бағытталған білім беретін электрондық басылымдар.

**Электрондық оқу құралы** – оқулықтың жеке немесе толық орнын алмастыратын немесе толықтыратын және басылымның осы түрі ретінде арнайы бекітілген электрондық оқу басылымы.

Электрондық оқу құралы дидактикалық қасиетін жоғалтпай тұрып, қағаздық нұсқаға ықшамдалып берілмейді.

**Электрондық сөздік** – дәстүрлі «қағаз» сөздігіне сәйкес электрондық ақпараттық көз.

Компьютердегі нұсқасында сөздікке сәйкес талап етілген фрагментті шолу үшін сөз немесе сөз тобына арналған арнайы белгіленген нұсқамен кез келген бағдарламадан алынуы мүмкін. Дәстүрлі сөздіктерге қарағанда, электрондық сөздік мәтінмен және графикалық кескінмен қатар мультимедиа нысанын ұстап тұра алады.

**Электрондық оқулық** – жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде білім беру стандартының мамандықтары мен салаларын құрайтын пәндеріне сәйкес интерактивті кері байланыс орнату шартындағы оқыту процесінің толық дидактикалық циклі мен үздіксіздігін қамтамасыз ететін, мемлекеттік ұйымдармен тапсырылатын, аталмыш басылым түрінің ресми статусына ие, негізгі білім беретін электрондық басылым. Электрондық оқу басылымының нысаны ретінде берілген оқу курсына оқытылатын құбылыстар мен процестер, нысандар байланысы мен қасиеттерін, сондай-ақ ғылыми негізделген фактілер, пайымдаулар мен ережелер жиынтығын құрайтын сандық, мәтіндік, графикалық, аудиобейне және т.б. оқыту ақпаратын қамтуы тиіс.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕР** – қазіргі заманғы компьютердің және телекоммуникациялық техниканың көмегімен өңдеуге болатын берілген ақпаратты осы калыпта реттейтін кез келген ақпарат.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ (ВИРТУАЛДЫҚ) ЗЕРТХАНА** – нақты құбылыстардың көрнекі модельдерін жасап зерттеуге мүмкіндік беретін білім беруді ақпараттау құралдарының кешені.

Әлемдік тәжірибеде математика, физика, химия, биология, экология және т.б. салалардағы виртуалды зертханалар бар.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ КІТАПХАНА** – оқушылар мен педагогтерге телекоммуникациялық құралдар негізінде қауіпсіздік пен құжаттау жүйесімен қамтылған толық мәтіндік электронды ақпараттық басылымдар мен қорларды алуға және жинақтауға мүмкіндік беретін бағдарламалық кешен.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТАСЫМАЛДАУШЫ** – цифрланған ақпараттарды сақтау құралы. Магнитті (магниттік лента, магниттік диск және т.б.) және оптикалық (CD-ROM, DVD, CD-R, CD-I, CD+ және т.б.) электронды таратушы, сондай-ақ компьютерлік жүйе ақпараттарын сақтау құралы кенінен таралған.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТЕСТІЛЕР** – компьютердің және телекоммуникациялық техниканың көмегімен сақталған, өңделген және тестілеушіге берілген тестер.

Тестілеушілер «қағаз» бланкілерін толтырып және оларды компьютерлік өңдеуден өткізетін тест, компьютерлік тестке жатпайды.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТЕСТІЛЕУ** – дәстүрлі компьютерсіз тестілеу аналогы болып табылатын білімнің ақпараттандыру құралының компоненті.

Электрондық тестілеу кезінде ақпараттандыру құралы тест жасап, нәтижені белгілейді, осымен байланысты алгоритмді жүзеге асырады (мысалы, орындалған немесе өткізіп алған тапсырмаларға оралу мүмкіндігі немесе мүмкіншіліктің жоқтығы, бір тестке арналған уақыт шектеуі және т.б.)

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТА** – адамдар немесе адамдар тобының Интернет жүйесіне

кіре алатын компьютерлер арқылы байланысу әдісі.

Пошта арқылы жіберу кезінде хаттардан басқа, құжаттар мен файлдар да қосылуы мүмкін.

**ЭМПИРИКАЛЫҚ** – тәжірибеге негізделген.

**ЭНТРОПИЯ** – қандай да бір тәжірибенің, жүйенің айқын емес шегін, деңгейін сипаттайтын өлшем, оның осы жағдайдағы орны.

# Ю

**ЮНЕСКО** – білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі БҰҰ жанындағы халықаралық ұйым.

Оның қызметі белгіленген аумақта халықаралық ынтымақтастықты дамыту арқылы қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайтуға көмек көрсету үшін 1945 ж. қарашада құрылған.

**ЮНЕСКО-НЫҢ ҚАУЫМДАСҚАН МЕКТЕПТЕРІ** – ЮНЕСКО-мен сәйкес ұлттық бағдарламалар шеңберінде оқушылар мен студенттер, оқытушылар мен педагогтар арасында бейбітшілік идеяларын, адамгершілік және рухани құндылықтарды таратуда ықпалдасатын білім беру ұйымдары.

**ЮНИСЕФ** – БҰҰ-ның балалар қоры.

Соғыста қиратылған Еуропа елдерінде балаларға көмек ұйымдастыру үшін 1946 ж. құрылған (1953 жылдан бастап қазіргі атауы). Қоғамдық пікірге ықпал ету және түрлі елдердің өкіметін балаларға көмек көрсету үшін бағдарламаларды әзірлеуге мәжбүр етеді. 1965 ж. балалық шақ пен бейбітшілікті қорғау ісіне қосқан үлесі үшін Нобель сыйлығына ие болды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Абылкасымова А.Е., Ахметов А.К., Башарулы Р.Б.* и др. Концепция Государственного стандарта высшего образования Республики Казахстан. — РИК КАО им. Алтынсарина, 1998.
2. *Абылкасымова А.Е., Рахимбек Х.М.* О стратегии развития высшего образования Республики Казахстан // Высшее образование Казахстана в третьем тысячелетии: Сб. науч. ст. Ин-та высш. обр. КАО им. И. Алтынсарина. — Алматы: РИК, 1998.
3. *Архангельский С.И.* Лекции по теории обучения в высшей школе. — М.: Высшая школа, 1974.
4. *Әбілқасымова А.Е.* Қазіргі заманғы сабақ. — Алматы: Ғылым, 2004.
5. *Безрукова В.С.* Настольная книга педагога-исследователя. — Екатеринбург: Издательство Дома учителя, 2001.
6. *Бекбоев И.Б.* Некоторые вопросы философии обучения и воспитания школьников. // Материалы межд. научно-пр. конф.: «Образование в XXI веке: ценности и перспективы». — Бишкек: Педагогика, 2001.
7. *Беспалько В.П.* Слагаемые педагогической технологии. — М.: Педагогика, 1989.
8. Большой психологический словарь/ Сост. и общ. ред. Б. Мещеряков, В. Зинченко. — СПб.: Прайм-Еврознак, 2003.
9. Большой толковый психологический словарь: В 2 т./ Пер. с англ./ Ребер Артур. — М.: АСТ, Вече, 2003.
10. *Бордовская Н.В.* Диалектика педагогического исследования: Логико-методологические проблемы. — СПб.: Изд-во РХГИ, 2001.
11. *Булыко А.Н.* Большой словарь иностранных слов. 35 тыс. слов. — М.: «Мартин», 2008.
12. Введение в научное исследование по педагогике: Учеб. пособ. для студ. пед. институтов / Под ред. В.И. Журавлева. — М.: Просвещение, 1988.
13. *Гершунский Б.С.* Педагогическая прогностика. Методология. Теория. Практика. — Киев: Вища школа, 1986.
14. *Гершунский Б.С.* Философия образования для XXI века (В поисках практико-ориентированных образовательных концепций). — М.: Совершенство, 1998.
15. Глоссарий терминов и сокращений, относящихся к сфере компетенции ICANN, ее организаций, поддержки и консультативных комитетов. Internet Corporation for Assigned Name and Numbers. — Russian, 2004.
16. *Гузев В.В.* Основы образовательной технологии: дидактический инструментарий. — М.: Сентябрь, 2006.
17. *Деркач А.А., Зазыкин В.Г.* Акмеология: Учеб. пособие. — СПб.: Питер, 2003.
18. *Дьяченко В.К., Кусаинов Г.М.* Основы современной дидактики. — Алматы: «Ғылым», 1996.
19. *Закарян И., Рафалович В.* Что такое Internet, WWW и HTML. — М.: Инфра-М, 1998.
20. Закон Республики Казахстан «Об образовании»//www.edu.gov.kz.
21. Закон Республики Казахстан «О науке»// www.edu.gov.kz.
22. Информационная технология: Вопросы развития и применения. — Киев: Наукова думка, 1988.
23. *Кларин М.В.* Инновации в мировой педагогике. — Рига: НПП «Эксперимент», 1995.
24. *Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю.* Педагогический словарь. — М.: Издательский центр «Академия», 2000.
25. *Краевский В.В.* Общие основы педагогики: Учеб пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. — М.: Издательский центр «Академия», 2005.
26. *Кумбс Ф.Г.* Кризис образования в современном мире: Системный анализ: Пер. с англ. — М.: Прогресс, 1970.
27. *Куписевич Ч.* Основы общей дидактики: Пер. с польск. — М.: Высш. шк., 1986.

28. *Көшербаев К.Е., Ахметов Ә.К., Әбілқасымова А.Е., Рахымбек Х.М.* Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы. – Алматы: Білім, 1998.
29. *Кусаинов Г.М.* Педагогическая технология: теория, история, практика. – Усть-Каменогорск: Изд-во ВКГУ, 2000.
30. *Новиков А.М.* Российское образование в новой эпохе: Парадоксы наследия, векторы развития. – М.: Эгвест, 2000.
31. *Новикова Т.Г.* Проектирование и экспертиза инновационной деятельности в образовании. – М.: ЦРСДОД, 2001. – Вып. 12.
32. Новые ценности в образовании: тезаурус для учителей и школьных психологов. – М.: ИПИ РАО, 1995. – Вып. 1.
33. Образование и наука. Энциклопедический словарь/ Гл. ред. Ж.К. Туймебаев. – Алматы, 2008.
34. *Ожегов С.И., Шведова Н.Ю.* Толковый словарь русского языка – М.: Азбуковник, 1999.
35. *Оконь В.* Введение в общую дидактику. – М.: Высшая школа, 1990.
36. *Онгарбаев Е. А.* К вопросу о новой системе аккредитации вузов и образовательных программ в Казахстане // Право и политика, первый выпуск, июнь 2006 г.
37. *Онгарбаев Е. Ә.* Қылмыстық құқықтың жалпы бөлімі бойынша негізгі ұғымдар мен терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Қарағанды: ҚР МТК Қарағанды жоғары мектебі, 1996.
38. Основы кредитной системы обучения в Казахстане / Под общ. ред. Ж.А. Кулекеева, Г.Н. Гамарника, Б.С. Абдрасилова. – Алматы, 2004.
39. Открытое и дистанционное обучение: тенденции, политика и стратегии. – М.: ИНТ, 2004.
40. Педагогика: Учеб. пособие для студентов пед. вузов и пед. колледжей/ Под ред. П.И. Пидкасистого. – М.: Рос. пед. агентство, 1996.
41. Педагогическая энциклопедия: В 4 т./ Гл. ред. И.А. Каиров. – М.: Сов. энциклопедия, 1964–68.
42. Педагогический энциклопедический словарь/ Гл. ред. Б.М. Бим-Бад; Редкол.: М.М. Безруких, В.А. Болотов, Л.С. Глебова и др. – М.: Большая российская энциклопедия, 2002.
43. *Пидкасистый В.И.* Психолого-педагогический словарь. – М.: Просвещение, ВЛАДОС, 1998.
44. *Платонов К.К.* Краткий словарь системы психологических понятий. – М.: Высшая школа, 1984.
45. *Полонский В.М.* Научно-педагогическая информация: Словарь-справочник. – М.: Новая школа, 1995.
46. *Полонский В.М.* Словарь понятий и терминов по образованию и педагогике. – М.: Приобье, 2000.
47. Профессиональная педагогика: Учебник для студентов, обучающихся по педагогическим специальностям и направлениям. – М.: Ассоциация «Профессиональное образование», 1999.
48. Психология. Словарь/ Под общ. ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. – М.: Политиздат, 1990.
49. Регион: Управление образованием по результатам. Теория и практика / Под ред. П.И. Третьякова. – М.: Новая школа, 2001.
50. *Роберт И.В.* Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы; перспективы использования. – М.: Школа-Пресс, 1994.
51. *Роберт И.В.* Толкование слов и словосочетаний понятийного аппарата информатизации образования// Информатика и образование. – 2004. – №5–6.
52. Российская педагогическая энциклопедия: В 2 т. / Гл. ред. В.В. Давыдов. – М.: Большая российская энциклопедия, 1993.
53. *Рыжаков М.В.* Большая школьная энциклопедия. Т. 1, 2. – Москва: ОЛМА Медиа Групп, ОЛМА Пресс, Образование, 2006.

54. *Садовничий В.А.* и др. Университетское образование: Приглашение к размышлению. — М.: Изд-во МГУ, 1995.
55. *Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е.* Жоғарғы мектепте білім берудің дидактикалық негіздері. — Алматы: Ғылым, 2003.
56. *Садықов Т.С. Әбілқасымова А.Е.* Қазіргі дидактика: Оқу құралы. — Алматы: Ғылым, 2007.
57. *Селевко Г.К.* Современные образовательные технологии: Учебное пособие. — М.: Народное образование, 1998.
58. *Синклер А.* Словарь компьютерных терминов. Русско-английский, англо-русский толковый словарь. — М.: Вече, АСТ, 1996.
59. *Сластенин В.А., Подымова Л.С.* Педагогика: инновационная деятельность. — М.: Магистр, 1997.
60. Советский энциклопедический словарь. — М.: Советская энциклопедия, 1989.
61. Современный словарь по педагогике / Сост. Рапацевич Е.С. — Мн.: Современное слово, 2001.
62. Согласованный словарь терминов и определений в области образования государств-участников СНГ. — М.: Министерство образования Российской Федерации, 2002.
63. Теоретические основы создания образовательных электронных изданий/ М.И. Беляев, В.М. Вымятин, С.Г. Григорьев и др. — Томск: Изд-во Том. гос. ун-та, 2002.
64. Толковый словарь терминов понятийного аппарата информатизации образования. /Сост. И.В. Роберт, Т.А. Лавина. — М.: ИИО РАО, 2006.
65. Философский энциклопедический словарь/ Редкол.: С.С. Аверинцев, Э.А. Араб-Оглы, Л.Ф. Ильичев и др. — 2-е изд. — М.: Сов. энциклопедия, 1989.
66. *Фридман Л.М., Кулагина И.Ю.* Психологический справочник учителя. — М.: Просвещение, 1991.
67. *Хомерики О.Г., Поташник М.М., Лоренсов А.В.* Развитие школы как инновационный процесс: Метод. пособие для рук-лей образовательных учреждений/Под ред. М.М. Поташника. — М.: Новая школа, 1994.
68. *Хуторской А.В.* Педагогическая инноватика: методология, теория, практика: Научное издание. — М.: Изд-во УНЦ ДО, 2005.
69. *Шамова Т.И., Давыденко Т.М., Шибанова Г.Н.* Управление образовательными системами: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений/ Под ред. Т.И. Шамовой. — М.: Академия, 2005.
70. Эксперимент в школе: организация и управление/ Под ред. М.М. Поташника. — М.: Новая школа, 1991.
71. Электроника: Энциклопедический словарь/ Гл. ред. В.Г. Колесников. — М.: Сов. энциклопедия, 1991.
72. Энциклопедия профессионального образования: В 3-х т./ Под ред. С.Я. Батышева. — М., 1998, 1999.
73. *Якиманская И.С.* Личностно ориентированное обучение в современной школе. — М.: Сентябрь, 1996.
74. *Reboul O.* La philosophie de l'education. — Paris, 1990.
75. *Skinner B.* Reflections on Behaviorism and Society. — New York, 1978.
76. Taxonomy of Educational Objectives/ Volume I. Ed. By B. Bloom. — New York: Long mans, 1956.
77. UNESCO-CEPES. Обеспечение качества и аккредитация: Глоссарий основных терминов и определений/ Пер. с англ. Т.М. Королевой. — Астана: Национальный аккредитационный центр МОН РК, 2006.

## АЛФАВИТТІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ КӨРСЕТКІШ

## А

- Абак** 7  
**Абстракттілі** 7  
**Абстракттіліктен (дерексіздіктен) нақтылыққа көшу** 7  
**Абстракция** 7  
**Абстракцияланды** 7  
**Абстракцияландыру** 7  
**Абстракциялау (Абстракциялаушылық)** 7  
**Оқыту процесіндегі абстракциялау** 7  
**Авангард** 8  
**Автодидакт** 8  
**Автодидактика** 8  
**Автоматизм** 8  
**Автоматтандыру** 8  
**Әрекетті автоматтандыру** 8  
**Автоматтандырылған ақпараттық жүйе** 8  
**Автоматтандырылған ақпараттық ізденушілік жүйелері** 8  
**Автоматтандырылған басқару жүйесі** 8  
**Автоматтандырылған деректерді өңдеу жүйесі** 8  
**Автоматтандырылған оқыту жүйесі** 9  
**Зертханалық практикумның автоматтандырылған жүйесі** 9  
**«Автоматтандырылған сынып»** 9  
**Автор** 9  
**авторландыру** 9  
**авторлық аударма** 9  
**ұжымдық автор** 9  
**авторлық ұжым** 9  
**авторлық бет** 9  
**авторлық құқық** 9  
**аудармашылардың, жинақ құрастырушылардың авторлық құқы** 9  
**атрибуция** 9  
**бірлестіктегі автор** 9  
**қаламақы** 9  
**Автореферат** 9  
**Аграфия** 10  
**Адам дамуының мәдени-тарихи теориясы** 10  
**Адамтану** 10  
**Айқындау** 10  
**Айнымалы** 10
- тәуелді 10  
 тәуелсіз 10  
 басқармалы 10  
 басқармалы бақылаудағы 10  
 эксперименттік 10  
**Академизм** 10  
**Академик** 10  
**Академия** 10  
 Ғылым академиясы 10  
**Академиялық демалыс** 10  
**Академиялық еркіндіктер** 10  
**Академиялық жыл (оқу жылы)** 10  
**Академиялық кредит** 11  
 жеке оқу жоспары 11  
 іріктеу бойынша компонент 11  
 кредиттік жүйесі (технологиясы) 11  
 кредиттік көрсеткіш (СНУ) 11  
 кумулятивтік орташа балл (GPA) 11  
 міндетті компонент 11  
 тіркеу бөлімі 11  
 постреквизиттер 11  
 пререквизиттер 11  
 жұмыс оқу жоспары 11  
 силлабус 11  
 типтік оқу жоспары 12  
 тьютор 12  
**Академиялық сағат** 12  
**Акалькулия** 13  
**Акмеограмма** 13  
**Аксиоматикалық әдіс** 13  
**Аксиоматикалық теорияның семантикалық қайшылықсыздығы** 13  
**Аксиоматикалық теорияның синтаксистік қайшылықсыздығы** 13  
**Аксиоматикалық теорияның толықтығы** 13  
**Аксиоматиялық теориялардың карама-қайшылықсыздығы** 13  
**Акт** 13  
**Ақиқат (Шындық)** 14  
 абсолютті 14  
 мәңгі 14  
 объективті 14  
 салыстырмалы 14  
**Ақпарат** 14  
 Ақпарат сенімділігі 14

- Қасиеттері (мінездеме) 14  
 ақпарат анықтылығы 14  
 дәлділігі 14  
 тұрақтылығы 14  
 вербальды 14  
 басқаруда 14  
 ғылыми 14  
 ғылыми-педагогикалық 14  
 ғылыми-техникалық 15  
 шолу 15  
 релеванттық 15  
 рефераттық 15  
 сигналды 15  
 анықтамалық 15  
 статистикалық 15  
 оқу 15  
 эмпирикалық 15  
**Ақпаратты өнімдендіру 15**  
**Ақпаратты топтау 15**  
**Ақпараттық айналым 15**  
**Ақпараттық банк 15**  
**Ақпараттық жарылыс 15**  
**Ақпараттық кеңістік 15**  
**Ақпараттық көз, компонент 15**  
**Ақпараттық менеджмент 15**  
**Ақпараттық нысан 15**  
**Ақпараттық (постиндустриалды) өркениет 16**  
**Ақпараттық процестер 16**  
**Ақпараттық сұраныс картасы 16**  
**Ақпараттық ізденіс 16**  
**Ақпараттың құжаттық көздерін аналитикалық-синтездік қайта өңдеу 16**  
**Ақпараттың сенімділігі 16**  
**Ақыл 16**  
**Ақыл-ой (интеллектуалдық) дамуы 16**  
**Ақыл-ой дарындылығы 17**  
**Ақыл-ой өнімділігі 17**  
**Ақылға салу 17**  
**Алгоритм 17**  
 Қайта тәрбиелеу алгоритмі 17  
 Оқытуды (Оқыту процесін) алгоритмдеу 17  
**Алексия 18**  
**Алфавит 18**  
**Альма-матер 18**  
**Алынған деректерді сандық өңдеу 18**  
**Анализ бен синтез (Оқытудағы) 18**  
**Аналитикалық анықтама (жазба) 18**  
**Антипедагогика 18**  
**Антропологиялық-гуманистік принцип 18**  
**Анықтама (Дефиниция) 19**  
 аналитикалық 19  
 генетикалық 19  
 классикалық (тектік-түрлік айырмашылығы арқылы) 19  
 толық емес 19  
 көмескі (айқын емес) 19  
 атаулы 19  
 операциялы 19  
 остенсивті 19  
 семантикалық 19  
 синтетикалық 19  
 абстракция арқылы 19  
 айқын 19  
 айқын абсолютті 19  
 айқын абсолютті емес 19  
**Андатпа 19**  
 аналитикалық 19  
 топтық 20  
**Апелляция 20**  
**Апперцепция 20**  
**Апробация (Байқаудан өткізу) 20**  
**Арнаы (түзету) білім беру ұйымдары 20**  
**Артефакт 20**  
**Аспект 20**  
**Ассистент, оқытушы 20**  
**Ата-ананың беделі 20**  
**Атаулы стипендия 20**  
**Аттестат 20**  
**Аттестаттау 20**  
 Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау (мұғалімдерді аттестаттау) 20  
 мақсаты 21  
 міндеті 21  
 принциптері 21  
 Мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын аттестаттау 20  
 мақсаты 21  
 міндеттері 21  
 принциптері 21  
**Аттестациялық жұмыс 22**  
**Аудитор 22**  
**Ауытқу 22**  
**Ауытқу (Теріс таңдау) 22**



## Ә

**Әділдік (объективтілік) 22**

өлшем 22

өлшем нәтижесін интерпретациялау 22

өлшем жүргізу 22

**Әдіс 22**

Білікті төрешілер әдісі 22

Тәуелсіз мінездемелерді жалпылау әдісі 22

Оқыту әдісі 22

Қарама-қарсы бағыттар әдісі 22

Іріктеудің жұптау әдісі (жұптап іріктеу әдісі) 22

Тең интервалдар әдісі 23

Рейтинг әдісі 23

«Семантикалық» дифференциал әдісі 23

Қосынды бағалар әдісі 23

Ішінара бөлу әдісі 23

Зерттеу әдісі 23

**Әдіснама 23**

философиялық деңгейі 23

жалпығылымилық деңгейі 23

нақты-ғылымилық деңгейі 23

технологиялық деңгейі 23

Ғылымның әдіснамасы 23

Ғылыми танымның әдіснамасы 24

**Әдіснамалық білім беру 24**

ұйымдастыруға қойылатын талаптар 24

басты жағдайлар 24

**Әдіснамалық рефлексия 24****Әдістемелік бірлестік 24****Әдістемелік кабинет 24****Әдістемелік қателер 24****Әдістемелік тәсіл 24****Әлемнің ғылыми картинасы 24****Әлеуметтендіру агенттері 25**

алғашқы әлеуметтендіру агенттері (құрамы) 25

екінші әлеуметтендіру агенттері 25

**Әлеуметтік институт 25****Әлеуметтік-педагогикалық кешен 25****Әлеуметтік-педагогикалық қызмет 25****Әлеуметтік тапсырыс 25****Әлеуметтік-тарихи көзқарас 25****Әліппе 25**

Әліппе 25

**Әңгіме 25**

катехизикалық (көшірме) 26

эвристикалық (ізденушілік) 26

хабарлаушы 26

сократтық 26

бекітушілік 26

жеке 26

жаппай 26

әңгімелесушілердің түрлері 26

## Б

**Баға 27****Бағалау 27****Бағалау балы (Баға) 27**

5 (өте жақсы) 27

4 (жақсы) 27

3 (қанағаттанарлық) 27

2 (нашар) 27

1 (өте нашар) 27

**Бағдарлама 27**

Ғылыми-эксперименттік жұмыстың бағдарламасы 27

**Бағдарлы жалпы білім беретін пәндер 27****Бағдарлы оқыту 27****Базалық білім беру ұйымы 28****Базалық дайындық (Базалық білім) 28****Базалық жалпы білім беру курстары 28****Базалық жалпымәдени сауаттылық 28****Базалық (Қамқорлық) кәсіпорын 28****Базалық педагогикалық дәстүрлер 28****Базалық түсінік 28****Байланыс орнатудағы қателер 28****Бакалавр 28****Бакалавриат 28****Бақылау 29****Бақылау (Байқау) 29**

анекдоттық 29

құрылымсыз 29

ендірілген (ішкі) 29

іріктелген 29

дискретті (үзік) 29

маңызды оқиғалар 29

жанама (жанама түрдегі) 29

қысқа мерзімді 29

зертханалық 29

монографиялық 29

аңғырт (аңғал) 29

- ғылыми 29  
 үздіксіз 29  
 стандартталмаған 29  
 ашық 30  
 ізденіс 30  
 далалық 30  
 тура (тікелей) 30  
 өткенді шолушы (уақыты өткен) 30  
 өздік бақылау (интроспекция) 30  
 жүйелі 30  
 жасырын 30  
 біртұтас 30  
 стандартталған 30  
 статистикалық 30  
 сырткөздік (сыртқы) 30  
 құрылымдық 30  
 ағымдағы 30  
 тар көлемде 30  
 тұрақтылық 30  
 тексеру 30  
 мақсатқа бағыттылық 30  
**Бақылау парағы 30**  
**Балалар ауылы 30**  
**Балалар (жастар) қозғалысы 30**  
**Балалар (жастар) ұйымы 31**  
**Балалар үйі 31**  
**Балалардың (жастар) қоғамдық бірлестіктері 31**  
**Балалардың шығармашылық үйі 31**  
**Балалық шақ 31**  
**Баланың мектепке дайындығы 31**  
 тұлғалық 31  
 интеллектуалдық 31  
**Балдық бағалау мазмұны 32**  
**Барьер 32**  
 инновациялық 32  
 ақпараттық 32  
 коммуникативтік 32  
 шығармашылық 32  
 тарихи 32  
 гносеологиялық 32  
 психологиялық 32  
 қарым-қатынас жасау 32  
 мағыналық 32  
 әлеуметтік-психологиялық 32  
 тілдік 32  
**Бас жиынтық 32**  
**Басқару принциптері 33**  
**Басқару функциялары 33**  
**Бастама 33**  
 әдістемелік 33  
 әлеуметтік-педагогикалық  
 (қоғамдық-білім беру) 33  
 технологиялық (жалпыпедагогикалық) 33  
**Басшылық стилі 33**  
 өктемшілдік 33  
 либералдық 33  
 демократиялық 33  
**Басшының кәсіби қажетті тұлғалық сапасы 33**  
**Басылым 33**  
 басылым аппараты 33  
 шығу деректері 33  
 типтері мен түрлері 33  
 ғылыми 33  
 академиялық 33  
 ғылыми-көпшілік (ғылыми-танымдық  
 әдебиет) 34  
 ғылыми басылым түрлері 34  
 диссертация авторефераты 34  
 диссертация 34  
 монобасылым 34  
 монография 34  
 компендиум 34  
 ғылыми баяндама 34  
 ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп 34  
 тезистер 34  
 симпозиум, конференция  
 материалдары 34  
 ғылыми еңбектер жинағы 34  
 ғылыми 34  
 рефераттық 34  
 анықтамалық 35  
 көрсеткіш 35  
 энциклопедия, энциклопедиялық  
 сөздік 35  
 оқу (оқу-әдістемелік) 35  
 әдістемелік ұсыныстар 35  
 әдістемелік басылым 35  
 қосалқы 35  
 есептер жинағы 35  
 есептер мен жаттығулар жинағы 35  
 сұрақтар тізімі 35  
 жазу дәптері 35

- жұмыс дәптері 35  
 практикум 35  
 оқу кітабы 36  
 аналекттар 36  
 хрестоматия 36  
 білім беретін электронды басылым 36  
 мерзімді және мерзімді емес басылымдар 36  
 альманах 36  
 кітапша 36  
 буклет 36  
 бюллетень 36  
 газет 36  
 журнал 36  
 кітап 36  
 кітап шежіресі 36  
 бейімделген басылым 36  
 қайта басылым 36  
**Бауырлас мектептер 37**  
**Баяндама (ғылыми) 37**  
**Баяндама бойынша жарыссөз 37**  
**Баяндау 37**  
**Бәсен (төмен) білімділік 37**  
**Бейімделу 37**  
**Белгінің сапалы біртектілігі 37**  
**Библиография 37**  
**Бизнес-білім 38**  
**Бизнес-ғылым 38**  
**Бизнес-мектеп 38**  
**Билингвизм (қостілділік) 38**  
**Бифуркация 38**  
**Бойсқаутизм 38**  
**«Болашақ» халықаралық стипендиясы 39**  
**Болжам 39**  
 типологиясы 39  
 балама (бәсекелес) 39  
 жіктеуіш 39  
 ғылыми 39  
 нөлдік (негізгі) 39  
 түсіндірмелі 39  
 сипаттамалық 39  
 негізді (бастапқы) 39  
 жұмыстық 39  
 салдарлық (туынды) 39  
 статистикалық 39  
 құрылымдық 39  
 функционалды 39
- Болжау-дедуктивтік әдіс 39**  
**Болонья процесі 39**  
**Бөлу (Топтау) 41**  
 дихотомиялық 41  
 ұғымдық (логикалық) 41  
 қарапайым 41  
**Бөлу мүшелері 41**  
**Бөлу негіздері 41**  
**Бөлім 41**  
**Бөлінгіш 41**  
**Брейн-Дрейн 41**  
**Біліктілік 41**  
 әдіснамалық біліктілік 41  
 коммуникативті біліктілік 41  
 жалпымәдени біліктілік 41  
 кәсіптік біліктілік 41  
 педагогикалық біліктілік 42  
**Біліктілік (Мамандық) 42**  
**Біліктілікті қалыптастыру механизмі 42**  
 қарапайым және функционалды сауаттылыққа 42  
 жалпы білім алуға 42  
 жалпы біліктіліктерді 42  
 мәдениетті меңгеру 43  
 тұлғаның жеке менталитетін қалыптастыру 43  
**Білім беру 43**  
 бейімдеуші 43  
 базалық 43  
 ғаламдық 43  
 қосымша 43  
 инновациялық 43  
 классикалық 44  
 көпшілікке арналған 44  
 мультимәдениетті 44  
 үздіксіз (перманентті) 44  
 политехникалық 44  
 кәсіби 44  
 дәстүрлі 44  
 параметрлері 44  
 мазмұны 44  
 зиялы (элитарлы) 44  
**Білім беру гранты 44**  
**Білім беру дағдарысы 44**  
 дағдарыстың себептері 44  
 дағдарыстың белгілері 45  
**Білім беру деңгейі (цензі, шек) 46**

- Білім беру доктринасы 46**  
**Білім беру жөніндегі құжаттардың нострификациясы 46**  
**Білім беру жүйесі 49**  
**Білім беру жүйесінің сыртқы ортасы 49**  
**Білім беру жүйесінің тепе-теңдігі 50**  
**Білім беру кеңістігі 50**  
**Білім беру консорциумы (ББК) 50**  
**Білім беру қызметкерлерінің кәсіптік санаттары 50**  
**Білім беру қызметі 50**  
**Білім беру қызметін көрсету 50**  
**Білім беру қызметінің маркетингі 50**  
**Білім беру мазмұны 50**  
 табиғат, қоғам, техника, ойлау және әрекет тәсілдері туралы білім 51  
 іс-әрекеттің бұрыннан белгілі тәсілдерін жүзеге асыру тәжірибесі 51  
 шығармашылық, іздену іс-әрекет тәжірибесі 51  
 құндылық қарым-қатынас тәжірибесі 51  
 қалыптастыру көздері 51  
 іріктеуге қойылатын талаптар 51  
 қалыптастыру факторлары 52  
 құрастыру принциптері 52  
 іріктеу критерийлерінің жалпыдидактикалық жүйесі 52  
**Білім беру мазмұнын қазіргі жағдайға сәйкес өзгерту (модернизациялау) 53**  
**Білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасы 53**  
**Білім беру моделі 53**  
**Білім беру несиесі 53**  
**Білім беру ортасының бейімделгіштігі 53**  
**Білім беру процесі 54**  
**Білім беру процесінің нәтижесі 54**  
**Білім беру саласы 54**  
**Білім беру саласындағы өкілетті орган 54**  
**Білім беру сапасы 54**  
**Білім беру стратегиясы 54**  
**Білім беру тұжырымдамалары 54**  
**Білім беру ұйымдары 54**  
 мемлекеттік мәртебе 54  
 типі 54  
 түрі 54  
 білім берудің мемлекеттік кәсіпорны 55  
 мемлекеттік білім беру мекемелері (мемлекеттік білім мекемелері) 55  
 мемлекеттік емес білім беру ұйымдары 55  
**Білім беру ұйымдарын аккредиттеу 55**  
 институционалдық 55  
 аймақтық (АҚШ) 55  
 мамандандырылған 55  
 аккредиттеуші орган 56  
 аккредиттеушілік мәртебе 56  
 аккредиттеу портфолиосы 56  
 баға 56  
 аудит 56  
 институционалды аудит/  
 институционалды бақылау 56  
 аудиторлық есеп, баға туралы есеп, тексеру туралы есеп 56  
 ішкі аудит 57  
 бенчмарк 57  
 бенчмаркинг 57  
 ішкі бенчмаркинг 58  
 сыртқы (бәсекелестік) бенчмаркинг 58  
 функционалды бенчмаркинг 58  
 трансинституционалды бенчмаркинг 58  
 жанама бенчмаркинг 58  
 белгілі бір параметрлер бойынша бенчмаркинг 58  
 процестерге негізделген бенчмаркинг 58  
 ең жақсы практика 58  
 сертификациялау 58  
 практиканың кодексі (ережелер жинағы) 58  
 кредиттер 58  
 критерийлер 59  
 куәландыру, мәліметтерді баяндау мәдениеттілігі 59  
 деңгейлік дескрипторлары 59  
 біліктілік дескрипторлары 59  
 тиімділік (оқытудағы) 59  
 өнімділік (оқытудағы) 59  
 баға 59  
 сыртқы баға 60  
 индикаторлар 60  
 жай индикаторлар 61  
 лицензия/лицензиялау 61  
 соңғы нәтижелер 61  
 соңғы нәтижелерді бағалау 61  
 студентті оқытудың соңғы нәтижелері 61

- оқытудың соңғы нәтижелерін бағалау 61  
 оқытудың есептік түрдегі соңғы нәтижелері 61  
 алқалық баға/сыртқы баға 62  
 мамандық 62  
 мамандық шектері 62  
 сапа (академиялық) 62  
 сапаны бағалау 63  
 сапаны қамтамасыз ету 64  
 сапаны бақылау 64  
 сапаны басқару 64  
 сапаның тотальді (жаппайлық) менеджменті (СЖМ) 64  
 сапа аудиті 65  
 сапа мәдениеті 65  
 сапаны жоспарлау 65  
 тізбектеу (рейтинг кестелері) 65  
 мойындау 65  
 академиялық мойындау 66  
 өзара мойындау 66  
 кәсіптік мойындау 66  
 өзін-өзі бағалау 66  
 сыртқы сарапшылардан құралған комиссияның ЖОО-на баруы 66  
 стандарттар 66  
 мазмұн стандарттары 67  
 білім беру стандарттары 67  
 үлгерім стандарттары 67  
 студенттердің оқытушыны бағалауы 67  
 студенттерді сұрау (сауалнама жүргізу) 67  
 валидация 68  
**Білім беру ұйымдарын басқару жүйесі 68**  
**Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау 68**  
**Білім беру ұйымдарына қабылдау квотасы 68**  
**Білім беру ұйымын лицензиялау 69**  
**Білім беру қызметін жүргізу құқығын беретін лицензия 69**  
**Білім беру ұйымын па(р)тисипативті басқару 69**  
**Білім беру ұйымының әдіскері 70**  
**Білім беру ұйымының әкімшілігі 70**  
**Білім беру ұйымының директоры 70**  
**Білім беру ұйымының (оқу орнының) жарғысы 70**  
**Білім беру ұйымының филиалы 70**
- Білім берудегі авторитарлық 70**  
 Педагогикадағы басшылықтың авторитарлық стилі 70  
**Білім берудегі (мектептегі) реформа 70**  
**Білім берудегі стратификация 70**  
**Білім берудегі аймақтандыру 70**  
**Білім беруді ақпараттандыру 70**  
 негізгі бағыттары 71  
 білім беруді ақпараттандыру құралдары 71  
 дербес компьютер (ПК, ЭВМ) 71  
 мультимедиа (мультимедиа құралы) 72  
 ақпараттандыру құралдарының қорғалуы 72  
 виртуалды ақиқат 72  
 оқытуды ақпараттандыру 72  
 білім беру бірыңғай ақпараттық кеңістігі 72  
 компьютерлік желі 72  
 жергілікті компьютерлік желі 72  
 желілік құралдар 72  
 байланыс желісі 72  
 коммуникация арнасы 72  
 интернет 73  
 интранет 73  
 он-лайн ( On-line ) жұмыс тәртібі 73  
 оф-лайн (Off-line) жұмыс тәртібі 73  
 ақпараттық қызмет 73  
 мекенжай 73  
 ақпарат жолдаушы 73  
 мекенжай иесі 73  
 ақпараттық әрекеттестік 73  
 бейнеконференция 73  
 АКТ-қүзіреттілігі 73  
 ақпараттық-педагогикалық модуль 73  
 ақпараттық-іздеу жүйесі (АІЖ) 73  
 ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ) 73  
 ақпараттық технология 73  
 телекоммуникациялық технологиялар 73  
 білім беруді ақпараттандыру проблемалары 73  
**Білім беруді басқару 74**  
 ұтымдылық 74  
 мінез-құлықтық 74  
 жүйелілік 74  
**Білім беруді бірегейлеу 74**  
**Білім беруді гуманизациялау 74**  
 Оқу-тәрбие процесін гуманизациялау 75

Білім беруді гуманитаризациялау 75  
 Білім беруді дамыту тұжырымдамасы 75  
 Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары 75  
 Білім беруді диферсификациялау 75  
 Білім беруді инновациялық дамыту қоры (банкi) 75  
 Білім беруді мемлекет иелігінен алу 75  
 Білім беруді (мектепті) реформалау 76  
 Білім беруді саралау (дифференциациялау) 76  
 сыртқы 76  
 ішкі 76  
 элективті 76  
 оқытуды саралау (дифференциациялау) 76  
 саралап оқыту 76  
 оқытуға саралау тұрғысынан қарау 76  
 тәрбиелеуге саралау тұрғысынан қарау 76  
 Білім берудің антропологиялануы 77  
 Білім берудің деңгейлері 77  
 Білім берудің даму тенденциялары 77  
 институционалды деңгей 77  
 процесуалды деңгей 78  
 нәтижелік (тұлғалық) деңгей 78  
 Білім берудің кәсіби бағдарламасы 78  
 Білім берудің мектепке дейінгі ұйымдары 78  
 Білім берудің тепе-теңдігі 78  
 Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелуі 78  
 Білім және ғылым саласын бақылау және аттестаттау жөніндегі комитет 79  
 Білім сапасы 80  
 Білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі (БСБҰЖ) 80  
 Білім, іскерлік, дағдыны меңгеру 81  
 Білім экономикасы 82  
 Білімдегі делдалдық 82  
 Білімдер инженериясы 82  
 Білімдерді тексерудің ауызша формасы 82  
 Білімдерді тексерудің жазбаша формасы 82  
 Білімді, білікті және дағдыны тестілік педагогикалық бақылау жүйесі 82  
 Білімді демократияландыру 82  
 Білімділік 83  
 Білімнің құнсыздануы 83  
 Білімнің экономикалық тиімділігі 83

Бір бағдарлы білім беру ұйымдары 83  
 Бірігу (шоғырлану) 83  
 Дүниежүзілік білім беру кеңістігіне бірігу 83  
 Ғылым мен өндірістің бірігуі 83  
 Оқу мазмұнының бірігуі (білім беру) 83  
 Біріктірілген білім беру оқу бағдарламалары 83  
 Біріктірілген пәндер (курстар) 83

## В

Валеологиялық білім мен тәрбие 83  
 Валидность (анықтық, шындық) 83  
 өлшемдер 84  
 конструкта 84  
 куррикулярлық 84  
 эмпирикалық 84  
 сәйкестік 84  
 Вариация (тербеліс) коэффициенті (V) 84  
 Вербальдану: оқытудағы вербализм (оқытудағы ауызша айту) 84  
 Верификация (Анықтау) 84  
 Вертикальды ақпараттық байланыс 84  
 Вундеркинд 84

## Г

Генетикалық әдіс 85  
 Герменевтика 85  
 Гимназия 85  
 Гипнопедия 85  
 Глоссарий 85  
 Гносеология 85  
 Гносеологиялық қателер 85  
 Гомогенді «Біртекті» сынып (топ) 85  
 Грант 85  
 Граф 85  
 жай жол 86  
 доға (қабырға) 86  
 еселі доғалар 86  
 құйылыс 86  
 тұзақ 86  
 асимметриялық 86  
 бастау 86  
 контурсыз (желілік) 86  
 кос қуысты 86

байланыспаған 86  
 нөл-граф 86  
 бағытталған 86  
 жазық 86  
 толық 86  
 байланысты 86  
 «ағаш» 86  
 пирада («ағаш құрылымды») 86  
 «орман» 87  
 симметриялық 87  
**График 87**  
 аналитикалық 87  
 гистограмма 87  
 сызықтық 87  
 таралу полигоны 87  
 геометриялық белгілер 87  
 алаң 87  
 Гуманитарлық білім 87

## Ғ

**Ғалым 87**  
**Ғалым атағы 87**  
**Ғалым дәрежесі 87**  
**Ғылым 87**  
**Ғылымдағы дәстүр 88**  
**Ғылымдағы жетістік 88**  
**Ғылыми атақ пен дәрежелер 88**  
**Ғылыми аумақ 88**  
**Ғылыми әдіснаманың нысанасы 88**  
**Ғылыми-әдістемелік қамсыздандыру 88**  
**Ғылыми бағыт 88**  
**Ғылыми баяндама мен хабарлама 88**  
**Ғылыми жаңалық 88**  
**Ғылыми және әдістемелік еңбектер тізімі 88**  
**Ғылыми және немесе ғылыми-техникалық іс-әрекет 88**  
**Ғылыми-зерттеу әдістері 88**  
**Ғылыми-зерттеу қызметі 88**  
**Ғылыми зерттеудің принциптері 89**  
 толықтырушылық (сипаттаудың қосымша тәсілі немесе толықтырушылық әдісі) 89  
 сәйкестік 89  
**Ғылыми қызметкерлер мамандықтарының істер тізбесі 89**  
**Ғылыми мәтін 89**

**Ғылыми мектеп 89**  
**Ғылыми өлшем 89**  
**Ғылыми пән 89**  
**Ғылыми-педагогикалық ақпарат (ҒПА) 89**  
**Ғылыми-педагогикалық таным 89**  
**Ғылыми-педагогикалық шығармашылық 89**  
**Ғылыми сала 89**  
**Ғылыми тақырып 89**  
**Ғылыми таным 89**  
**Ғылыми теория 89**  
**Ғылыми-техникалық әлеует 90**  
**Ғылыми-техникалық прогресс (ҒТП) 90**  
**Ғылыми-техникалық революция 90**  
**Ғылыми факт 90**  
**Ғылыми ізденіс 90**  
**Ғылымның ұғымдық-категориялды аппараты 90**  
**Ғылымтану 90**

## Д

**Дағды 90**  
**Данышпандық 90**  
**Дарынды балалар 90**  
**Дарындылық 91**  
**Даярлық бағыты 91**  
**Дәйексөз 91**  
**Дәлелдеу 91**  
 жанама 91  
 қарсы жору 91  
 тура 91  
 бөлектеме-жанама 91  
**Дәлелдеудегі шеңбер (теріс шеңбер) 91**  
 Анықтаудағы шеңбер 91  
**Дәлдік 91**  
**Дәріптеушілік 91**  
**Дәріс 91**  
 дәріс курсы 92  
 дидактикалық қызметтері 92  
 жалпы талаптары 92  
 кіріспе 92  
 уәждік 93  
 даярлық 93  
 кіріктірілген 93  
 тағайындаушы 93  
 шолушы 93  
 проблемалы дәріс 93

- көзбен шолу дәрісі 93  
дайындық дәрісі 93  
алдын ала жоспарланған кателері бар  
арандатушы дәріс 93  
ойын кезеңдері колданылған дәріс 93  
дидактикалық элементтері 93  
дәріс сапасын бағалау 93  
дәрісті оқу әдісі 93  
студенттердің жұмысына жетекшілік  
ету 94  
лектордың қасиеттері 94  
дәрістердің нәтижелері 94  
**Дәрісхана 94**  
**Декан 94**  
**Деменция (ақыл-парасаттың кемдігі) 94**  
**Демонстрация 94**  
**Дене мәдениеті 94**  
**Дербес оқу тобы 94**  
**Деректер 94**  
**Деректер базасы 94**  
**Деректер қоры (банкі) 94**  
**Дескриптор 94**  
**Дескрипция 94**  
**Дефиниция 95**  
**Децентрация 95**  
Білім берудегі басқаруды  
децентрализациялау (децентрациялау) 95  
**Диагноз (түсіндіру) 95**  
**Диагностика 95**  
**Диагностикалық парак 95**  
**Диаграмма 95**  
ленталық 95  
секторлық 95  
сырғымалы (жүзбелі) 95  
бағаналы 95  
**Диалектика 95**  
карама-қайшылықтардың күресі мен  
бірлігі 95  
теріске шығаруды теріске шығару 95  
сандық өзгерістердің сапалыққа ауысуы 95  
**Диахрония 95**  
**Дидактика 95**  
андрагогика 96  
лидаскология 96  
оқыту әдістемесі (оқыту), жеке (пәндік) 96  
білім берудің социологиясы 97  
білім берудің философиясы 97
- эдукология 97  
қызметтері 97  
ғылыми-теориялық 97  
әлеуметтік 97  
мәденитанымдық 97  
аксиологиялық 97  
гуманистік (антропологиялық) 98  
регулятивтік, нормативті  
(конструктивті-техникалық) 98  
сындық 98  
**Дидактикалық ережелер 98**  
**Дидактикалық қабілеттер 98**  
**Дидактогения 98**  
**Диплом 98**  
**Дипломдық жұмыс 98**  
**Дисперсия (бытырау, шашырау) 98**  
Статистикалық көрсеткіштің  
дисперсиясы 98  
**Диссертант (ізденуші) 98**  
**Диссертациялық кеңес 98**  
**Диссертациялық жұмыс, диссертация 98**  
түрлері 98  
көлемі 99  
құрылымы 99  
құрылымдық бөлімдерге қойылатын  
талаптар 99  
титул беті 99  
диссертацияның мазмұны 99  
нормативтік сілтеме 99  
анықтамалар 100  
белгілеулер және қысқартулар 100  
кіріспе 100  
негізгі бөлім 100  
қорытынды  
пайдаланылған деректер тізімі 100  
косымшалар 101  
ресімдеу тәртібі 101  
жалпы талаптары 101  
құрастыру 101  
беттерді нөмірлеу 102  
бөліктердің, бөлімшелердің,  
тармақтардың, тармақшалардың  
нөмірленуі 102  
иллюстрациялар 103  
кестелер 103  
ескертулер 104  
формулалар және теңдеулер 105



сілтемелер 109  
анықтамалардың, белгілеулердің және қысқартулардың, шартты белгілердің, символдардың, физикалық шамалардың бірлігі және терминдердің тізбесі 105  
қолданған дереккөздер тізімі 106  
қосымшалар 106

### **Диссертацияның авторефераты 106**

көлемі 106  
құрылымы 106  
титул парағы 106  
кіріспе 107  
негізгі бөлім 107  
қорытынды 107  
түйін 107

### **Диссертацияның авторефератына арналған карточкалар 107**

### **Доцент 107**

### **Доцимонология 107**

## **Е**

### **Екінші дереккөз (құжаттар) 108**

### **Еліктеу 108**

### **Емтихан 108**

ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) 108  
кешендік тестілеу 108  
оқушыларды қорытынды аттестаттау 108  
оқушыларды аралық аттестаттау 108  
мемлекеттік аралық бақылау 108

### **Ерекше балалар 108**

### **Есептеу бірлігі 109**

### **Есте сақтау 109**

қозғалтқыш 109  
эмоционалдық 109  
бейнелі (көрнекі-бейнелі) 109  
сөздік-логикалық (мағыналық) 109  
механикалық 109  
ерікті 109  
еріксіз 109  
қысқа мерзімді (алғашқы) 109  
ұзақ уақыттық (екінші) 109  
жедел 109  
әсерлік 109  
аралық 109  
есте сақтау 109  
сақтау 109

ұмыту 109  
еске түсіру 110  
тану 110  
еске салу 110  
естің жеке айырмашылықтары 110  
естің бұзылуы  
есті дамыту 110

## **Ж**

### **Жаза 111**

### **Жалпы білім беретін мектеп 111**

авторлық 111  
альтернативті (баламалы) 111  
антропоцентристік 111  
жексенбілік 111  
көмекші 111  
демократиялық 111  
балалар-жастар спорт мектебі (БЖСМ)  
112 коммуналар 112  
аз комплектілі 112  
музыкалық (саз) 112

### **еңбек 112**

### **оқулар 112**

### **Жалпы білім беретін пәндер бойынша**

### **ғылыми жарыс 113**

ғылыми жобаларды ресімдеу талаптары 113

стендті безендіру талаптары 114

### **Жалпыға бірдей білім беру 114**

### **Жалпылау 114**

Ұғымды жалпылау 114

### **Жаңалық 114**

### **Жаңалық ашу 114**

### **Жаңашылдық 115**

### **Жарақтанғандық 115**

### **Жаратылыстану 115**

### **Жариялым 115**

### **Жас бойынша кезеңге бөлу 115**

### **Жас ерекшелігіне қарай тәрбиелеу 115**

### **Жасалым 115**

### **Жаттығу 115**

### **Жаттыққандық (машықтанғандық) 116**

оқушылардың жаттыққандық дәрежесі 116

ажырату 116

есте сақтау 116

түсіну 116

қарапайым білік пен дағды 116

- ауыстыру 116  
**Жауап 116**  
 дұрыс 116  
 өз бетінше 116  
 келісілген 116  
**Жауаптың болмауы 116**  
**Жаһандану 116**  
**Жаһандық көрсеткіштер 116**  
**Жеке тұлға бағыты 117**  
**Жеке тұлғаның дамуы 117**  
**Желілік жоспарлау (желілік кесте) 117**  
**Жетекші әрекет 117**  
**Жеткілікті негіз 117**  
**Жиіліктік (эмпирикалық немесе статистикалық бөлу) 117**  
**Жоба 117**  
**Жобалау 118**  
**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесі (РОӘК) 118**  
 РОӘК құрылымы және қызметін ұйымдастыру 118  
**Жоғары кәсіптік білім 119**  
**Жоғары кәсіптік (бастапқы, орта) білім беру бағыттарының және мамандықтарының классификаторы (жіктелуі) 119**  
 мақсаты 120  
**Жоғары мектеп 120**  
 жоғары оқу орны (ЖОО) 120  
 міндеттері 120  
 академия 121  
 институт 121  
 университет 121  
 консерватория 121  
 ашық ЖОО (университет) 121  
**Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім 121**  
 адъюнктура 121  
 адъюнк 121  
 аспирантура, докторантура 121  
 аспирант 121  
 докторант 121  
 ассистент-тағылымдама 121  
 ғылым докторы 121  
 ғылым кандидаты 122  
 философия докторы (PhD), кәсібі бойынша доктор 122  
 кандидаттық емтихан 122  
 клиникалық ординатура 122  
 магистратура 122  
 магистр 122  
 ізденушілік 122  
**Жоғары оқу орнының ғылыми кеңесі 123**  
 ғылыми кеңес қызметінің мақсаттары 123  
**Жоғары оқу орнының дербестігі 124**  
**ЖОО-ның профессорлы-оқытушылар құрамы (ПОҚ) 124**  
 ПОҚ-ы мен ғылыми қызметкер лауазымы орнын конкурстық ауыстыру тәртібі 124  
**Жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі анықтауға дайындығы 125**  
**Жұмыс қабілеттілігі 125**  
**Жүйе 126**  
**Жүйелеп жіктеу 126**  
**Жүйелі талдау 126**  
**Жүйелік көзқарас 127**  
 әдіснамалық табиғаты 127  
 жалпығылыми пәнаралық сипат 129  
**Жүйенің жалпы теориясы 130**  
**Жіктеу 130**  
 көмекші 130  
 табиғи 130  
 жасанды 130

## 3

- Зейгарник әсері 130**  
**Зейін 130**  
 сыртқы 130  
 ішкі 130  
 козғалтқыш (моторлық) 131  
 интеллектуалдық 131  
 тікелей 131  
 еріксіз (енжар, амалсыз) 131  
 жанама 131  
 ерікті (жігерлі, белсенді, ниетті) 131  
 еріктіден кейін 131  
 өлеуметтік шарттылықты 131  
 флукуациялық 131  
 сезімдік 131  
 зейіннің шоғырлануы (жинақталуы) 131  
 зейіннің бұзылуы 131  
 зейін ауқымының тарылуы 131

тұрақсыз 131  
 модальды-арнайы емес 131  
 модальды-арнайы 131  
 зейін ауқымы 131  
 зейіннің алаңдаушылығы 131  
 сыртқы 131  
 ішкі 132  
 зейінді басқа бағытқа аудару 132  
 зейінді дамыту 132  
 зейін таралуы 132  
 зейіннің типтері  
 зейіннің тұрақтылығы  
**Зерделеу, оқып білу 132**  
**Зерттеу 132**  
 когорттық 133  
 лонгитюдті 133  
 пәнаралық 133  
 монографиялық 133  
 ғылыми 133  
 панельдік 133  
 далалық 133  
 мерзімі ұзартылған 133  
 психология-педагогикалық 133  
 социология-педагогикалық 133  
 теориялық 133  
 қайталау 133  
 эмпирикалық 133  
**Зерттеу нысаны 133**  
**Зерттеу тапсырмасы 133**  
**Зерттеуді әдіснамалық қамтамасыз ету 133**  
**Зерттеудің математикалық әдістері 133**  
**Зерттеушілік ептілік 134**  
**Зерттеушінің дүниетанымы 134**  
**Зертхана 134**  
**Зертханалық жұмыстар 134**

## И

**Идеяларды шоғырландыру 134**  
**Инвенция 134**  
**Индукция 134**  
**Инициация 134**  
**Инновациялық педагогика**  
**(педагогикалық инноватика) 135**  
 инновациялық саясат 135  
 педагогикалық аксиология 135  
 педагогикалық неология 135

педагогикалық праксиология 135  
 ұғымдық-терминологиялық аппарат 135  
 педагогикадағы жаңарту 135  
 педагогикалық инновация 135  
 инновациялық педагогикалық қызмет 136  
 денгейі 136  
 бейімділік 136  
 репродуктивті 136  
 эвристикалық 136  
 креативті 136  
 педагогикадағы жаңалық 136  
 педагогикалық жаңашылдық 136  
 орны 136  
 уақыты 136  
 күту, болжау және жоспарлау 136  
 енгізу 136  
 педагогикалық білім салалары 136  
 жаңалық дәрежелері 136  
 түрлену дәрежелері 137  
 педагогикалық жүйеге көзқарас 137  
 өзгешелігі 137  
 педагогикалық жаңартулар  
 (маңызды енгізілім) 137  
 білім беру жүйесіндегі жаңартулар 137  
 типологиясы (жіктеуі) 137  
 инновациялық әлеуеті бойынша 137  
 модификациялық инновация 137  
 қиыстыру инновациясы 137  
 тиімді (радикалды) инновация 137  
 орта аспектісі:  
 инновациялық жағдай 137  
 инновациялық алаң 138  
 инновациялық орта 138  
 инновациялық ситуация 138  
 инновациялық білім беру ұйымы 138  
 инновациялы-білім беру  
 консорциумы 138  
 инновациялық педагогикалық ұйым 138  
 инновациялық процесс субъектілері 138  
 тұлғалық-әрекеттік аспекті 138  
 ұстаз -инноватор 138  
 жаңашыл-ұстаз 138  
 инновациялық отбасы 138  
 инновациялық мәдениет 138  
 инновациялық аспектідегі ақпараттық  
 мәдениет 138  
 инновациялық ойлау 138

инновациялық-модельдеу қызметі 139  
 инновациялық әлеует 139  
 ұйымдық - технологиялық аспекті 139  
 инновациялық ниет 139  
 инновациялық жоба 139  
 инновациялық көзқарас 139  
 инновациялық жоспар 139  
 инновациялық оқыту 139  
 инновациялық оқыту түрі 139  
 инновациялық технология 139  
 білім берудің инновациялық технологиясы 139  
 оқытудың инновациялық технологиялары 139  
 тәрбиелеудің инновациялық технологиялары 139  
 басқарудың инновациялық технологиялары 139  
 оқытудың инновациялық түрлері 140  
 педагогика мен білім берудегі инновациялық процесс 140  
 инновациялық процестің құрылымдары 140  
 іс-әрекеттік (қызметтік) құрылым 140  
 субъектілі құрылым 140  
 деңгейлік құрылым 140  
 мазмұнды құрылым 140  
 өмірлік циклінің құрылымы 140  
 инновацияның генезистік құрылымы 141  
 басқарушы құрылым 141  
 инновациялау 141  
 басқару аспектісі 141  
 инновациялық менеджмент 141  
 білім беру ұйымдарын инновациялық болжамды сипатта басқару 141  
 инновациялық тосқауыл 141  
**Инновациялық университет 141**  
 құрылымдық ұйымдастырудағы инновациялар 142  
 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы инновациялар 142  
 ақпараттық саладағы инновациялар 142  
 ғылыми-техникалық инновациялар 143  
 қаражат-экономика саласындағы инновациялар 143  
**Инсайт (нұрға бөлену) 143**  
**Инструментарий 143**  
**Интеллект (ой өресі) 143**

**Интеллект (ой өресі) қабілеттілігінің енжарлығы 143**  
**Интерактивті оқыту 143**  
**Интернаттық ұйымдар 143**  
**Интернационализм 143**  
**Интерполяция 144**  
**Интерференция 144**  
**Интуиция (сезу) 144**  
**Информант 144**  
**Инфосфера 144**

## К

**Картограмма 144**  
**Картотека 144**  
 Есімнамалардың картотекасы 144  
**Каталог (тізімдеме) 144**  
 әліпбилік 144  
 кітапханалық 144  
**Категория 144**  
**Кафедра 144**  
**Кәсіби бағытталған оқыту жүйесі 145**  
**Кәсіби дайындықты бағалау 145**  
**Кәсіби даму 145**  
**Кәсіби өзіндік анықтау 145**  
**Кәсіби өсу 145**  
**Кәсіби өсу курсы 145**  
**Кәсіби педагогикалық парыз 145**  
**Кәсіби іс (мамандық) 145**  
 объективті критерийлері 145  
 нәтижелілік критерийлері 145  
 нормативті критерийлер 145  
 кол жеткен деңгейінің критерийлері 146  
 кәсіпке үйренушіліктің критерийлері 146  
 қоғамдағы мамандықтың әлеуметтік белсенділігі мен бәсекеге қабілеттілігінің критерийлері 146  
**Кәсіп 146**  
**Кәсіпқой (Профессионал) 146**  
**Кәсіптік бағдар 146**  
 кәсіби ағартушылық 146  
 кәсіби диагностика 146  
 кәсіби кеңес 146  
 кәсіби іріктеу 146  
 кәсіби жарамдылық 146  
 кәсіби бейімделу 146  
**Кәсіптік бағыттылық 147**

- Кәсіптік біліктілік 147**  
**Кәсіптік білім беру 147**  
**Кәсіптік дайындық 147**  
**Кәсіптік лицей 147**  
**Кәсіптік оқу 147**  
**Кәсіптік педагогикалық намыс 147**  
**Кәсіптік (өндірістік) практика 147**  
**Кеңес 148**  
 әдістемелік 148  
 ғылыми-техникалық 148  
 педагогикалық 148  
 ғылыми 148  
**Кеңістік бағыттары 148**  
**Кесте 148**  
 топтық 148  
 құрастырылған (қиюластырылған) 148  
 жай 148  
 статистикалық 148  
**Кестені үлгілеу 148**  
**Кешенді амал 148**  
**Кешкі (ауысымдық) мектеп 148**  
**Кешкі оқыту 148**  
**Кластерлік талдау 148**  
**Клиникалық база 149**  
**Когнитивті диссонанс 149**  
**Когнитивті даму 149**  
**Когнитивті орта 149**  
**Кодификатор 149**  
**Кодтау 149**  
**Колледж 149**  
**Композиция 149**  
**Компьютерлендіру 149**  
 Оқытуды компьютерлендіру 149  
 оқу әрекетінің құралы ретінде  
 компьютерді қолданудың барлық  
 әдістерін меңгеру 149  
 компьютерді зерттеу нысаны ретінде  
 пайдалану 150  
 компьютерлік сауаттылық 151  
 ақпараттық мәдениет 151  
 ақпараттық білім беру ортасы 152  
 ақпараттық-оқу әрекеті 152  
 интерактивті диалог 152  
 ақпараттық және коммуникациялық білім  
 беру құралдары (АКТ құралдары) 152  
**Контент-талдау (өздік даму**  
**классификаторы) 152**
- Конференция 152**  
 ғылыми-тәжірибелік  
 (ғылыми-әдістемелік) 152  
 теориялық 152  
**Конъюнкция 152**  
**Конъюктура 153**  
**Корпоративті (бірлескен) мәдениет 153**  
 иерархия мәдениеті 153  
 бәсекелестік мәдениеті (нарықтық) 153  
 адхократия мәдениеті  
 (шығармашылық) 153  
 отбасылық мәдениет 154  
**Корреляция 154**  
**Корреляция коэффициенті 154**  
**Көзбен шолу ортасы 154**  
**Көпсалалы білім беру ұйымы 154**  
**Көпсатылы (көпденгейлі) оқыту жүйесі 154**  
**Көркемдеу (көрнекті материал) 154**  
**Көрмелер 154**  
 балалар шығармашылығы 154  
 кешенді 155  
 тақырыптық 155  
 педагогикалық 155  
 мектептік 155  
**Көрсеткіштің салыстырмалық**  
**мағынасы 155**  
**Көшірмелер 155**  
**Креативтілік 155**  
**Критерийлер 155**  
 жалпы 155  
 білім алушыларды білім берудің  
 элитарлық ұйымдарына іріктеу 155  
 арнайы 155  
 статистикалық 155  
 жеке 155  
 сараптамалық баға 155  
**Кумуляттар (кумулятивті қисықтар) 156**  
**Куррикулум 156**  
**Кіріспе 156**  
**Кітапхана 156**  
 балалардың 156  
 мектептің (ЖОО-ның) 156

## К

- Қабылдау 156**  
**Қабілеттіліктер 156**

- Қайта жаңғырту (өндіру) 157**  
**Қайталау 157**  
**Қарама-қайшылықсыздық 157**  
**Қаржы орталығы 157**  
**Қарым-қатынас 157**  
 қарым-қатынастың жетекші түрлері 157  
 тікелей 157  
 жанама 157  
 вербальды 157  
 вербальды емес 157  
 кинесика 157  
 конгруэнттік 158  
 проксемика 158  
 пара және экстралингвистика 158  
 көзбен көру қарым-қатынасы 158  
 аралықты 158  
 контактілі (түйіскен) 158  
 танымдық 158  
 фатикалық 158  
 көпшілдік 158  
 мутизм 158  
**Қатынас 158**  
 тұлғааралық 159  
 оқушының оқуға 159  
 педагогтер мен тәрбиеленушілер 159  
**Қауымдастық 159**  
**Қашықтан компьютермен тасымалдау 159**  
**Қашықтан оқыту (дистантты, қашықтан білім беру) 159**  
 негізгі сипаттамалары 160  
 икемділігі 160  
 модульдігі 160  
 экономикалық тиімділігі 160  
 оқытушының жаңа рөлі 160  
 сапаны арнайы бақылау 160  
 ашық оқу 160  
 ашық қашықтан оқыту (АҚО) 160  
 ашық білім беру порталы 160  
 компьютерлік оқу 161  
 коммуникациялардың компьютерлік жүйесі (Интернет) 161  
 қашықтан білім беру технологиялары 161  
 оқу-әдістемелік материалдардың жинағы 161  
 жинақтың құрамы және мазмұны 161  
 қашықтан оқыту курстары 161  
 интернет курстары (интернет-технология) 162  
 виртуалды білім беру ұйымы 162  
**Қиял 162**  
 белсенді (ерікті) 162  
 жаңғырған (көшірмелі) 162  
 енжарлық (еріксіз) 162  
 шығармашылық (нәтижелі) 162  
 қиялдауды дамыту 162  
**Қолданбалы ғылыми зерттеулер 163**  
**Қолжазба 163**  
 Дефондалған қолжазба 163  
**Қосымша білім беру 163**  
**Қосымша күш 163**  
**Қысқаша библиографиялық сипаттама 164**  
**Құжат 164**  
 мұрағаттық (тарихи) 164  
 қайталанған 164  
 жеке 164  
 ресми емес 164  
 қоғамдық 164  
 ресми 164  
 бастапқы (алғашқы) 164  
**Құжат мәтінін квантификациялау 164**  
**Құжатты іздеу мәліметтері 164**  
**Құжаттың үлгісі 164**  
**Құжаттың эквиваленттігі 164**  
**Құзырет 164**  
 Қазақстан Республикасы Үкіметінің білім беру саласындағы құзыреті 164  
 білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті 165  
 білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті 168  
 білім беру ұйымдарының құзыреті функциялары 172  
 тұжырымдамалық құзыреттіліктер 173  
 рәсімді 173  
 себепті 173  
 өрекеттілік 173  
 педагогикалық құзыреттілік 173  
 оқытушының құзыреттіліктері 173  
 жоғары оқу орны оқытушысының кәсіптік-тұлғалық құзыреттіліктерінің жіктелуі 173  
 бейімделу-өркениетті 173  
 әлеуметтік-ұйымдастырушылық 174  
 кәсіптік (пәндік/әдістемелік) 174

коммуникативті 174  
 құндылықты-мәнді 174  
 мектеп бітіруші түлектің негізгі  
 құзыреттіліктері 174  
 құндылықты-бағдарлы құзыреттілік 174  
 мәдени құзыреттілік 175  
 оқу-танымдық құзыреттілік 175  
 коммуникативті құзыреттілік 175  
 ақпаратты-технологиялық  
 құзыреттілік 175  
 әлеуметтік-еңбек құзыреттілігі 175  
 тұлғалық өзіндік даму құзыреттілігі 175  
 Жауап құзыреттілігі 175  
**Құрал (аспап) 175**  
**Құрылымдау 175**  
**Қызметтің кәсібилігі 176**

## Л

**Лицей 176**  
**Логопед 176**  
**Логопедия 176**

## М

**Мазмұны (мазмұн) 176**  
**Мақала 176**  
 тапсырысты 176  
 аудармалық 176  
 бас мақала 176  
 проблемалы 176  
 бірлескен 176  
 «шикі» 177  
**Мақсат 177**  
 мақсаттары:  
 тәрбиенің 177  
 зерттеудің 177  
 білім берудің  
 педагогикалық 177  
**Мақсатты құру 177**  
**Маман 177**  
**Мамандану 177**  
**Мамандық 177**  
**Мамандық алдындағы дайындық 177**  
**Маманның тұлғалық моделі 178**  
 «Маршрут»  
**Матрица 178**

**Мәдениет 178**

білім беруде 178  
 интеллектуалды 178  
 тұлғалық 178  
 тұлғаның ақпараттық 178  
 бұқаралық 179  
 әдіснамалық 179  
 ойлау 179  
 педагогтің ойлауы 179  
 халықтық 179  
 ғылыми ойлау 180  
 қарым-қатынас 180  
 педагогикалық 180  
 педагогикалық қарым-қатынас 180  
 тәртіптік 180  
 сөйлеу 180  
 өздігінен білім алу 180  
 оқу 180  
 оқу орындары 180  
**Мәдени-тарихи әдіс 180**  
**Мәнерлеп оқу 180**  
**Мәтін 180**  
 Бейімделген мәтін 181  
 Ғылыми мәтін 181  
**Мәтіндік редактор 181**  
**Мәтіннің салыстырмалылығы 181**  
**Медресе, мектебе 181**  
**Мектеп даму үстіндегі жүйе ретінде 182**  
**Мектеп жарғысы 182**  
**Мектеп жұмыс істеп жатқан жүйе  
 ретінде 182**  
**Мектеп мәдени-білім беру кеңістігі  
 ретінде 182**  
**Мектеп педагогтарының кәсіби  
 бірлестігі 182**  
**Мектептегі психологиялық қызмет 182**  
 міндеттері 182  
 диагностикалық-дамытушылық 182  
 кеңес беру 182  
 әрбір жастың даму қорларын іске асыру 182  
 балалардың даралық ерекшеліктерін  
 дамыту 182  
 баланың дамуы үшін психологиялық  
 қолайлы жағдай жасау 182  
 дер кезінде психологиялық көмек  
 көрсету 182

алдын алатын және психодиагностикалық қызметті жүзеге асыру 182

оқушылардың үлгермеушілігі мен тәртіпсіздігінің себебін анықтауда сынып жетекшілеріне көмек көрсету 182

алынған мәліметтердің құпиялылығын сақтау 182

кіші жастағы оқушылар 182

жасөспірімдер 182

жоғары сыныптағылар 182

**Мектептен кейінгі («үшінші») білім беру жүйесі 182**

**Мектептен тыс жұмыс 182**

**Мектептен тыс ұйымдар 183**

**Мектептік кафедра 183**

**Мектептің жұмыс жоспары 183**

тәрбиелік 183

күнгізбелік-тақырыптық 183

күнгізбелік 183

әр сабақтық (сабақтың жоспар-конспектісі) 183

**Мектептің өзін-өзі басқаруы 183**

**Мектепшілік (ЖОО-ішілік) басқару 184**

акпараттық-аналитикалық қызмет 184

уәждік-мақсаттық қызмет 184

жоспарлы-болжамдық қызмет 184

ұйымдастырушылық-атқарушылық 185

бақылау-болжау қызметі 185

реттеушілік-түзетушілік қызметі 185

мектепшілік бақылау 186

түрлері 186

жаппай 186

сыныптық-жалпылау 186

шолушы 186

дербес 186

тақырыптық 186

ұжымдық 186

өзара бақылау 186

өзіндік бақылау 186

әкімшілік жоспарлы және жоспарсыз; ағымдық 186

алдын ала, аралық 186

қорытынды 186

формалары мен әдістері 186

**Мемлекеттік атаулы стипендия 186**

**Мемлекеттік білім беру тапсырысы 186**

**Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖБС) 186**

білім беру стандарты 187

білім беруді стандарттау нысандары 187

негізгі талаптар 187

функциялары 187

критерийлік-бағалық 187

толыққанды білім алу құқығын қамтамасыз ету 187

республикадағы білім беру кеңістігінің тұтастығын сақтау 187

білім беруді гуманизациялау 187

басқару 187

білім беру сапасын арттыру 187

**Мен-оқушы 189**

**Мен-тұжырымдама 189**

**Мен-хабар 189**

**Метатеория 189**

**Метатұғырнамалар 189**

**Мнемоника 189**

**Модель 189**

мұратты 189

материалдық 189

нормативтік 189

теориялық 189

Білім беру моделі 189

сипаттаушы (суреттеуші) 189

болжамдық 190

функционалдық 190

**Модельдеу (үлгілеу) 190**

мазмұндық 190

ерекшелік (феноменологиялық) 190

**Мониторинг 190**

Педагогикадағы мониторинг 191

Білім беру процесінің мониторингі 191

**Мотив (уәж, дәлел) 191**

оқу әрекетіне қатысты оң орнықты мотивация қалыптастырудың негізгі жолдары мен әдістері 192

**Мотивация 192**

**Мотивациялау ортасы 192**

**Музыка жетекшісі 192**

**Мультитәртiптiлiк 192**

**Мұғалім 192**

мұғалім (педагог)-зерттеуші 193

мұғалім (педагог)-кәсіпқой 193

мұғалім (педагог)-фасилитатор 193



әлеуметтік педагог 193  
**Мұғалім имиджі (бейнесі) 194**  
**Мұғалімнің әдістемелік жүйесі 194**  
**Мұғалімнің кәсіби әлеуметтенуі 194**  
**Мұғалімнің кәсіби сана-сезімі 194**  
**Мұғалімнің коммуникативті тәртібі 195**  
**Мұғалімнің күйзелісті халі 195**  
**Мұғалімнің өзіндік кәсіби білім алуы 195**  
**Мұраны меңгеру 195**  
**Мінез 195**  
 мінездеме (характеристика) 195

## Н

**Нақты-тарихи сипаттағы оқу-тәрбиелік процестің қарама-қайшылығы 195**  
 қарама-қайшылық жүйесі 196  
 оқытудың жекелік түрі (ОЖТ) 196  
 оқытудың топтық түрі (ОТТ) 196  
**Негіздеу 196**  
**Неформалограмма 196**  
**Нормативтік құқықтық акт 196**  
**Ноу-хау 196**  
**Нұсқаулық (инструктаж) 196**  
 кіріспе 196  
 кезекті 196  
 қорытынды 196  
**Нысан (объект) 197**  
 Зерттеу нысаны 197  
 Ғылым әдіснамасының нысаны 197  
**Нышан 197**  
 жеңіл-желпі 197  
 нәтижелі 197  
 мәнді (маңызды) 197  
 ықпалды 197  
 Топтастыратын нышан (топтастырудың негізі) 197  
 Зерттелетін құбылыстың нышаны 197  
 Жүйе элементінің нышаны 197

## О

**Ой 197**  
**Ойлап табушылық 197**  
**Ойлау 197**  
 абстрактілі 198  
 амбивалентті 198

көне (архаикалық) 198  
 атактикалық 198  
 аутикалық (патологиялық) 198  
 жөнсіз (Вюрцбург мектебінің термині) 198  
 капталдық (латералды, үлгісіз) 198  
 ықтималды 198  
 көзбен шолу 198  
 ғаламдық 198  
 диагностикалық 198  
 дивергенттік (Дж. Гилфордтың термині) 198  
 жануарлық 198  
 интуициялық 199  
 кешенді 199  
 конвергенттік (Дж. Гилфордтың термині) 199  
 сыни 199  
 көрнекілікті-әсерлі 199  
 көрнекілікті-бейнелі 199  
 оперативті 199  
 практикалық 199  
 пралогиялық (Л.Леви-Брюльдің түсінігі) 199  
 кәсіптік 199  
 синкретикалық 199  
 ауызша-логикалық 200  
 шығармашылық 200  
 теориялық 200  
 ойды дамытудың критерийлері 200  
**Ойын 200**  
 компьютерлік дидактикалық және дамытушылық 200  
 топтастырылуы 201  
 пәндік 2010  
 рөлдік 201  
 символдық 201  
 сюжетті 201  
 іскерлік ойын (ИО) 201  
**Оқу 201**  
 Ілім (оқу) 201  
**Оқу амалдары 201**  
**Оқу-әдістемелік басқару (орталық, кафедра, бөлім, кабинет) 201**  
**Оқу-әдістемелік жұмыс (ОӘЖ) 201**  
 мақсаттары 201  
 ОӘЖ-ның мазмұны 201  
 құрылымдық бөлімшелердегі

- оқу-әдістемелік жұмыстарын ұйымдастыру тәртібі 203
- оқу-әдістемелік бірлестіктер (ОӘБ) 205
- Оқу-әдістемелік кешен (жинақ) /ОӘК/206**
- Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету 206**
- Оқу әрекеті 206**
- құрылымы 207
- Оқу және әдістемелік материалдар (ОӘМ) 208**
- автор 208
- альфа-нұсқа 208
- бета-нұсқа 208
- гамма-нұсқа 208
- апробация 208
- сынақ 208
- гипермедиа 208
- гиперсілтеме 208
- гипермәтін (ақпараттық гипермәтіндік көрсетілім) 208
- гипермәтіннің анықтамалық (ақпараттық) мақаласы 208
- гипермәтінді мазмұндау 209
- айқындаушы баға 209
- қалыптастырушы баға 209
- сапа 209
- ұтқырлық 209
- сенімділік 209
- Оқу бағдарламасы 209**
- Оқу басылымы 209**
- нормативтік баға 209
- оқу басылымының құрылымы 209
- оқу басылымының мазмұнын бағалау 210
- әдістемелік аппаратты бағалау 210
- баяндаудың тілі мен стилін бағалау 210
- оқу басылымын безендіру 210
- оқу басылымын құрастыру 211
- түрлері 211
- Оқу дамыту тапсырмалары 211**
- Оқу жоспары 211**
- жалпы білім беретін мектептегі барлық деңгейлі оқу жоспарларының ортақ негізі 211
- базистік оқу жоспары 211
- базистік оқу жоспарының инвариативті бөлігі 211
- базистік оқу жоспарының вариативті бөлігі 211
- Оқу жоспарының мектептік компоненті 211**
- Оқу-клиникалық орталығы 211**
- Оқу құралдары 211**
- Оқу материалын құрылымдау 212**
- Оқу модулі 212**
- Оқу міндеті 212**
- Оқу орнын басқару мәдениеті 213**
- Оқу пакеті 213**
- Оқу пәні (дербес пән) 213**
- Оқу проблемасы 213**
- Оқу процесі, оқу-тәрбиелік процесс 213**
- Оқу процесін қарқындату 214**
- Оқу процесін ұйымдастыру құрылымы 214**
- Оқу процесіне қатысушы 214**
- Оқу сабағының тиімділігі 214**
- Оқу-тәрбие процесін басқару 214**
- Оқу-тәрбие процесін жоспарлау 214**
- Оқулық 214**
- оқулықтың құрылымы 215
- мазмұн 215
- алғы сөз 215
- кіріспе 215
- оқулықтың негізгі құрылымдық компоненттері 216
- мәтін 216
- мәтіннің негізгі бөлімінің құрылымы 217
- бақылау сұрақтары мен тапсырмалары 217
- иллюстрациялар мен кестелер 217
- қорытынды 218
- әдебиеттер (библиографиялық тізім) 218
- қосымшалар 218
- көрсеткіштер (сөздіктер – әліпбилік, пәндік, атаулы) 218
- Оқушы, оқушылар 219**
- Оқушылардың бітіруі 219**
- Оқушылардың қорытынды мемлекеттік аттестациясы 219**
- Оқушылардың оқу процесінде өзін-өзі басқаруы 219**
- Оқушының (студенттің) тұлғалық қасиеті 220**
- Оқығандық 220**
- жалпы 220
- арнайы 220
- Оқыту (білім беру) 220**
- автоматтандырылған 221
- косылған 221

- дуальды 221  
жеке 221  
интеграцияланған 221  
түзетілімді 221  
нормативті 221  
политехникалық 221  
өндірістік (өндірісішілік, фирмаішілік, корпоративтік) 221  
бағдарлы 221  
дәстүрлі 221  
**Оқыту (үйрету) 222**  
**Оқыту және тәрбиелеу тәсілдері 222**  
**Оқыту курсы 222**  
**Оқыту құралдары (педагогикалық, дидактикалық құралдар) 222**  
оқытудың материалдық құралдары 222  
дидактикалық инфрақұрылым 222  
техникалық (аудиовизуалды) (ОТК) 222  
диапозитивтер (диафильмдер, слайдтар) 224  
оқу альбомы 224  
жапсырма 224  
атлас 224  
оқытудың идеалды құралдары 224  
**Оқыту (білім беру) мазмұнын жалпылау 225**  
**Оқыту мерзімі 225**  
**Оқыту процесі 225**  
**Оқыту процесін белсендіру 225**  
**Оқыту тәсілі 225**  
оқытудың жеке-даралық тәсілі (ОЖТ) 225  
ерекшеліктері 225  
ОЖТ ұйымдастырушылық жүйесі 225  
гувернерлік 225  
Дальтон-жоспар 225  
Говард-жоспар 226  
Йен-жоспар 226  
Пуэбло-жоспар 227  
Санта-Барбара-жоспары 227  
Норт-Денвер-жоспары 227  
Багавия-жоспар 227  
келісімшарт әдісі 227  
Френе жүйесі 227  
Дьюи жүйесі 227  
Монтессори жүйесі 228  
«оқытудың жеке-даралық жүйесі» 228  
толық менгеру жүйесі 228  
виннетка-жоспар 229
- жобалар әдісі 229  
программалап оқыту 229  
оқытудың топтық тәсілі (ОТТ) 229  
ұйымдастырушылық жүйелер 229  
сыныптық-сабақтық 229  
Белл-ланкастерлік 230  
бригадалы-жеке оқыту 230  
бригадалы-зертханалық әдіс 230  
Мангеймдік 230  
Трамп жоспары 230  
Вальдорфтік педагогика 231  
оқытудың ұжымдық тәсілі (ОҰТ) 232  
негізгі ерекшеліктері және әдістері 232  
технологиясы 232  
А.Г. Ривин әдістемесі (ривиндік жоспарлау) 232  
М.А. Мкртчянның тапсырма алмасу әдістемесі 232  
В.Ф. Шаталовтың емтиханға дайындық әдістемесі 232  
А.С. Границкаяның сынаққа дайындық әдістемесі 232  
өзара диктант алу әдістемесі 232  
басқа да әдістемелік тәсілдер 233  
ОҰТ технологиясы 233  
красноярскілік нұсқа 233  
тюмендік нұсқа 233  
**Оқытуға жаратылыстану-ғылыми әдіс тұрғысынан келу 234**  
**Оқытудағы әдістер 234**  
оқытудағы әдістердің жіктелуі 234  
мұғалімнің немесе оқушының белсенділік деңгейі бойынша 234  
оқытудың нақты кезеңінде жүзеге асырылатын дидактикалық міндеттерге орай 234  
білім көздері бойынша (ақпарат алу) 234  
білім беру мазмұнының түрлерін менгерудің сипатына орай әрі оқушылардың танымдық және дербестік деңгейіне қарай 234  
оқыту әдістерінің үйрену әдістерімен қатынасын белгілеу 234  
оқытудағы бақылау және өзіндік бақылау әдістері 234  
оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері 234

оқудың ынталандыру және уәждеу (мотивациялау) әдістері 235  
**Оқытудағы ұқсастық 235**  
**Оқытудағы ынтымақтастық (педагогикалық ынтымақтастық, оқу ынтымақтастығы) 235**  
**Оқытуды даралау 235**  
**Оқытудағы ұйымдастыру жүйесі 235**  
**Оқытудың белсенді әдістері 235**  
 оқытудағы драматизациялау 235  
 инверсия 236  
 топтық пікірталас әдісі 236  
 морфологиялық талдау әдісі 236  
 фокальды объектілер әдісі 236  
 эвристикалық сұрақтар әдісі 236  
 мидың шабуылы (брейн (с)-шторминг) 236  
 оқытуды театрландыру 236  
**Оқытудың белсенді формалары 236**  
**Оқытудың нақты формалары (арнайы, жеке) 237**  
 сабақ 237  
 дәріс 237  
 зертханалық жұмыс 237  
 тәжірибелік сабақтар 237  
 семинар 237  
 практикум 237  
 кәсіптік тәжірибе 237  
 коллоквиум 237  
 кеңес 237  
 оқу конференциясы 237  
 оқу пікірталасы 237  
 үй жұмысы 237  
 оқу қызметінің сипатына қарай 237  
 оқу әрекеті бойынша 237  
 сынақ 237  
 емтихан 237  
 экскурсия 237  
**Оқытудың ортақ (құрылымдық) формалары (оқытудың ұйымдастыру формалары, оқыту процесінің ұйымдастыру формалары, оқу жұмысының формалары, оқу сабағының формалары) 237**  
 жеке 238  
 жұптық 238  
 топтық 238  
 шағын топтағы жұмыс 238

**Оппонент 240**  
**Орта білім 240**  
**Орталықтандырылған каталогтау карточкалары 240**  
**Орташа квадраттық ауытқулар 240**  
**Орташа квадраттық ауытқулар (эксперименттік) 240**  
 Іріктелген орташаның орташа квадраттық қатесі 240  
**Отбасы 240**

## Ө

**Өз бетінше оқу 240**  
**Өзара оқыту (бірін-бірі оқыту) 240**  
**Өздігінен білім алу 240**  
**Өзіндік оқу жұмысы 240**  
 дидактикалық максат бойынша өзіндік жұмыс түрлері 241  
 студенттердің өзіндік жұмыстары (СӨЖ) 241  
**Өзіндік тәрбие 242**  
**Өлшеу 242**  
**Өлшеу құралының тұрақтылығы 242**  
 Деректердің тұрақтылығы 242  
**Өлшеу (реliableность) сенімділігі 242**  
 Болжамдар мен жобалардың сенімділігі 242  
 Сараптама сенімділігі 242  
**Өлшеулер сенімділігі (валидность) 243**  
**Өмірде өз тағдырын өзі өлшеу 243**  
**Өндірістік оқыту 243**  
 негізгі бағыттары 243  
 оқушылардың кәсіптік дайындығының критерийлері 243  
 формалары 243  
 заттық 243  
 операциялық 243  
 операциялық-ағымдық 243  
 операциялық-заттық 243  
 орталық еңбек институтының жүйесі 243  
 операциялық-кешендік 243  
 қабылдағыш-кешенді-түрлік 243  
 проблемалық-аналитикалық 243  
 процессуалдық 243  
 интегралды-модульдік 243  
**Өндірістік оқыту шебері 243**

## П

- Параграф 244**  
**Парадигма 244**  
**Параметрлер 244**  
**Патент 244**  
**Пәнаралықтық 244**  
**Пәндік 244**  
**Пәндік сала 244**  
**Пәнүстілік 244**  
**Педагог ұстанымы 244**  
**Педагог эгоцентризмі 244**  
**Педагог-зерттеуші тұлғасының бағыты 244**  
**Педагогика (педагогикалық ғылым) 244**  
 педагогиканың басқа ғылымдармен өзара байланысы 245  
 философия 245  
 психология 245  
 акмеология 245  
 антропология 245  
 бионика 245  
 генетика 245  
 геронтология 245  
 демография 245  
 информатика 245  
 кибернетика 245  
 культурология (мәдениеттану) 245  
 логика 245  
 семиотика (семиология) 245  
 социология (әлеуметтану) 246  
 статистика 246  
 физиология 246  
 фольклористика 246  
 экономика 246  
 эпистология 246  
 эргономика 246  
 эстетика 246  
 тіл білімі (лингвистика) 246  
 конструктивті-техникалық (регулятивтік, нормативтік) 246  
 ғылыми-теориялық (гносеологиялық) 246  
 педагогикалық ғылымдағы жіктеу 246  
 салалары 246  
 валеология 246  
 әскери 246  
 герогика 246  
 туғанға дейінгі 247  
 дефектология 247  
 акпараттық-кибернетикалық 247  
 еңбекпен түзету 247  
 педагогика тарихы 247  
 емдік 247  
 логопедия 247  
 мұражайлық 247  
 халықтық 247  
 жалпы 247  
 педагогикалық онтология 247  
 кәсіби 247  
 педагогикалық антропология 248  
 педагогикалық гносеология 248  
 педагогикалық деонтология 248  
 педагогикалық инноватика 248  
 әлеуметтік 248  
 тәрбиенің социологиясы 248  
 әлеуметтік-педагогикалық  
 виктимология 248  
 педагогикалық кибернетика 248  
 педагогикалық прогностика 248  
 арнайы (дефектология) 248  
 салыстырмалы 249  
 этнопедагогика 249  
 педагогиканың әдіснамалық негізі 249  
 педагогиканың әдіснамасы 249  
 педагогика әдіснамасының нысанасы 249  
 педагогика әдіснамасының нысаны 249  
 педагогикадағы әдіснамалық  
 көзқарастар 249  
 аксиологиялық 249  
 іс-әрекеттік 249  
 оқыту мен тәрбиелеуге кешендік  
 тұрғыдан келу 249  
 мәдениеттанушылық 249  
 тұлғалық 249  
 психология-педагогикалық 250  
 жүйелілік 250  
 бағыттары 250  
 авангардты 250  
 антикалық 250  
 гуманистік 250  
 квалиметрия 250  
 кондуктивті 250  
 конструктология 250  
 концептология 250  
 мәдениет 250

- ойшылдық іс-әрекет 250  
жәбірлемеу 250  
кажеттілік 251  
педагогикалық рискология 251  
педоцентристік 251  
постиндустриалды (ақпаратты) қоғам 251  
құқық 251  
превентивті 251  
сауықтырушылық 251  
реформаторлық 251  
«бостандық педагогикасы» 252  
ынтымақтастық 252  
эволюциялық 252  
эксперименттік 252
- Педагогикадағы жүйелендіру 252**  
**Педагогикалық «ақау» 252**  
**Педагогикалық алдын ала білу 252**  
**Педагогикалық әділеттілік 252**  
**Педагогикалық бағалау қателері 252**  
**Педагогикалық бағыттылық 253**  
**Педагогикалық басқару функциялары 253**  
**Педагогикалық болжаушылық 253**  
педагогикалық болжам 253  
болжамдық фон 253  
**Педагогикалық дерек 254**  
**Педагогикалық деректер қоры (банкі) 254**  
**Педагогикалық деректердің координаталық классификаторы (жіктелуі) 254**  
**Педагогикалық диагноз 254**  
**Педагогикалық диагностика 255**  
**Педагогикалық дизайн 255**  
**Педагогикалық жағдай 255**  
**Педагогикалық жағдаят 255**  
**Педагогикалық жалпылау 255**  
**Педагогикалық жанр 255**  
**Педагогикалық жоба 255**  
**Педагогикалық жобалау 255**  
**Педагогикалық жүйе 256**  
**Педагогикалық (диссертациялық) зерттеу 256**  
мақсат көздеушілік сипат 256  
зерттеудің арнайы нысанын бөліп көрсету 256  
танымның арнайы құралдарын қолдану 257  
терминдердің бір мағыналылығы 257  
әдіснамалық 257
- теориялық 257  
эмпиристік 257  
педагогикалық зерттеу әдіснамасы 257  
педагогикалық зерттеудегі талдау 257  
зерттеу нәтижелерін тіркеу 257  
педагогикалық зерттеу сапасы 257  
зерттеу нәтижелерін сапалық талдау 258  
зерттеу нәтижелерін сандық талдау 258  
педагогикалық зерттеудің тиімділігі 258  
педагогикалық зерттеудің нәтижелілігі 258  
ғылыми жетекші 258  
бағдарлама әзірлеу 258  
бағдарлама құрастыру 258  
бағдарламаның құрылымдық компоненттері 258  
ғылыми-зерттеу жоспары (тәжірибелі-эксперименттік) 258  
аналитикалық 258  
принциптік 258  
формулятивтік (барлаушылық) 258  
эксперименттік 258  
зерттеу техникасы 258  
зерттеу логикасы 258  
зерттеу ойы 258  
зерттеу тақырыбын негіздеу 259  
тақырыпты алғашқы негіздеу 259  
тақырыпты екінші қайтара негіздеу 259  
тәжірибеге енгізу туралы акт 259  
қорытындылар 259  
зерттеу құрылымы (диссертация) 259  
мазмұн 259  
кіріспе 259  
диссертацияның негізгі (теориялы-әдіснамалық) бөлімі 259  
эмпиристік (тәжірибелі-эксперименттік) 259  
қорытынды 259  
қосымша 259  
әдіснамалық сипаттары 259  
зерттеудің ғылыми (ұғымдық) аппараты 259  
зерттеудің (тақырыптын) өзектілігі 259  
зерттеу проблемасы 259  
зерттеу тақырыбы 260  
зерттеу нысаны 260  
зерттеу нысанасы (заты) 260  
мақсаты 260

- болжам 260  
 міндеттері 260  
 жетекші идея 260  
 әдіснамалық негіздері 260  
 теориялық негіздері 260  
 педагогикалық зерттеу әдістері 260  
 құжаттарды талдау 261  
 дедуктивті 261  
 индуктивті 261  
 конструктивті (генетикалық) 261  
 құжаттарды зерделеу 261  
 әдебиет көздерін зерделеу 261  
 іс-әрекет өнімін зерделеу (шығармашылық) 262  
 педагогикалық эксперимент 262  
 кезеңдер 262  
 ұйымдық-дайындық 262  
 диагностикалық 262  
 болжамдық 262  
 практикалық 262  
 жинақтаушы 262  
 рәсім 262  
 эксперименттік база 262  
 зерттеу жаңалығы 262  
 зерттеудің ғылыми жаңалығы (ғылыми қорытындылар мен ұсынымдар) 262  
 зерттеу нәтижесінің маңызы 262  
 зерттеудің теориялық маңыздылығы 262  
 зерттеудің практикалық маңыздылығы (зерттеу нәтижесін практикаға енгізу) 263  
 апробациялау және нәтижелерді енгізу 263  
 апробация 263  
 енгізу 263  
 зерттеу нәтижесінің дұрыстығы 263  
**Педагогикалық идея 263**  
**Педагогикалық инварианттар 263**  
**Педагогикалық интуиция 263**  
**Педагогикалық конструкт 263**  
**Педагогикалық контекст 264**  
**Педагогикалық конференция 264**  
**Педагогикалық қабілеттілік 264**  
**Педагогикалық қарама-қайшылық 264**  
**Педагогикалық қарым-қатынас 264**  
 педагогикалық қарым-қатынас стилі 264  
 тиімді педагогикалық қарым-қатынас 265  
**Педагогикалық қателіктер 265**  
**Педагогикалық қауымдастық 265**  
**Педагогикалық қолдау 265**  
**Педагогикалық құбылыс 265**  
**Педагогикалық құбылыс пен процесті тану мен зерттеуге жол табу 265**  
**Педагогикалық қызметті өзіндік талдау 266**  
**Педагогикалық мақсат көздеушілік 266**  
**Педагогикалық мақсатқа сәйкестік 266**  
**Педагогикалық мәліметтер банкісінің белсенді қоры 266**  
**Педагогикалық мәселелерді шешу 266**  
**Педагогикалық менеджмент 266**  
**Педагогикалық міндеттер 266**  
**Педагогикалық ойлау 266**  
**Педагогикалық орта 266**  
**Педагогикалық өзара іс-әрекет 266**  
**Педагогикалық өзара іс-әрекет стратегиясы 267**  
**Педагогикалық практика 267**  
**Педагогикалық практика нысаны 267**  
**Педагогикалық проблема 267**  
**Педагогикалық процесс 267**  
**Педагогикалық процесс құрылымы 267**  
**Педагогикалық процестің функциялары 268**  
 білім беру 268  
 тәрбиелік 268  
 дамыту 268  
 әлеуметтендіру 268  
**Педагогикалық рефлексия 268**  
**Педагогикалық сана 268**  
**Педагогикалық систематика 268**  
**Педагогикалық системология 268**  
**Педагогикалық стандарт 268**  
**Педагогикалық суырып салып айту 268**  
**Педагогикалық сценарий 269**  
**Педагогикалық таксономия 269**  
**Педагогикалық такт 269**  
**Педагогикалық тәжірибе 269**  
 инновациялық 269  
 тарихи 269  
 бұқаралық 269  
 жанашылдық 269  
 озат 269  
 өзектілік 269  
 өнімділік (репродуктивтілік) 269  
 өнертапқыштық 270

- талдау 270  
 жинақтау 270  
 енгізу 270  
 зерделеу әдістері 270  
**Педагогикалық термин 270**  
**Педагогикалық терминология 270**  
**Педагогикалық теория 270**  
**Педагогикалық тест 270**  
**Педагогикалық техника 270**  
**Педагогикалық (білім беру) технология 271**  
 белгілері 271  
 классификациясы (жіктеу) 271  
 қолдану деңгейі 271  
 философиялық негізі 271  
 жетекші факторлары 271  
 ғылыми тұжырымы 272  
 жеке құрылымға бағытталуы 272  
 мазмұны мен құрылымы сипаты бойынша 272  
 танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мен басқару түрі бойынша 272  
 балаға қатынасы бойынша 273  
 авторитарлы технология 273  
 дидакто-центристік технология 273  
 жеке-дара-бағытталған (антропоцентристік) технология 273  
 гуманды-жеке-дара 273  
 ынтымақтастық технологиясы 273  
 еркін тәрбиелеу технологиясы 273  
 эзотеристік технология 273  
 басымдық (басым) әдісі 273  
 оқушылар категориялары 273  
 жаңғырту мен түрлендіру мазмұны және бағыты бойынша 273  
 белсендіру мен қарқындату негізіне арналған педагогикалық технология 274  
 ұйымдастыру мен басқару тиімділігі негізіне арналған педагогикалық технология 274  
 әдістемелік жетілдіру мен дидактикалық қайта құрастыру негізіне арналған педагогикалық технология 274  
 табиғаты бойынша халық педагогикасы әдісін пайдалану 274  
 баламалы 274  
 кешенді политехнологиялар 274  
**Педагогикалық тиімділік 275**  
**Педагогикалық тұжырымдама 275**  
**Педагогикалық ұғым 275**  
**Педагогикалық ұжымды басқару 275**  
**Педагогикалық фактология 275**  
**Педагогикалық фактор (себепкер шарт) 275**  
**Педагогикалық феномен 275**  
**Педагогикалық феноменология 275**  
**Педагогикалық (кәсіби) шеберлік 275**  
 педагогикалық білік 275  
 кәсіби маңызды сапа 276  
 кәсіби шеберлік конкурсы 276  
 «жоғары оқу орнының ең үздік оқытушысы» конкурсы 276  
**Педагогикалық шығармашылық 277**  
**Педагогикалық шындық 278**  
**Педагогикалық ықпал ету 278**  
**Педагогикалық іс-әрекет (қызмет) 278**  
**Педагогикалық әс-әрекеттің технологиялық принциптері 278**  
 балалар мен жасөспірімдердің тәрбиелілік деңгейін ескеру 278  
 баланың қоршаған ортаға қатынасын бағдарлау 278  
 шамалау принципі 278  
 педагогикалық ұстанымның динамикалық принципі 278  
 орнын толтырушылық принципі 278  
 әсердің жаңалығы мен сонылығы 278  
 мәдениеттанымдылық принципі 278  
 сенсорологиялық принципі 278  
**Педагогикалық эвристика 278**  
**Педагогикалық эрудиция 279**  
**Педагогикалық этика 279**  
**Педагогтік білім беруге құзырлық тұрғысынан келу 279**  
 функциялары 279  
 принциптері  
 құрамдас бөліктері 279  
 аксиологиялық 279  
 мәдениеттанушылық 279  
 өмірдегі шығармашылығы 279  
 адамгершілік-эстетикалық 279  
 азаматтық 280  
 ақпаратты пәндік және пәнаралық, психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік 280



- сындарлы-технологиялық 280  
 амалдық-педагогтік 280  
 рефлексивті-педагогтік 280  
 квалиметриялық 280  
 креативті 280  
 мұғалімнің психологиялық-педагогикалық құзырлығын қалыптастыру жүйесінің негізгі буындары 280  
 білім беру процесінде педагогикалық біліктіліктерді қалыптастыру кезеңдері 281  
**Педагогтің беделі 281**  
**Педагогтің кәсіби мен-тұжырымдамасы 282**  
**Педология 282**  
**Перспективалар (келешек) 282**  
**Пиктографиялық жазба (суретті жазу) 282**  
**Пилотажды зерттеу 282**  
**Поликультуризм (көп мәдениеттілік) 282**  
 көп мәдениетті білім 282  
 ұғымды іріктеу критерийлері 283  
**Полифуркация 283**  
**Портфолио 283**  
 Құжаттар портфолиосы 283  
 Сын-пікір портфолиосы 283  
 Жұмыс портфолиосы 284  
**Практикалық сабақ 284**  
**Практикум 284**  
**Проблема 284**  
 зерттеушілік 285  
 ғылыми кешенді 285  
 ғылыми 285  
 сапалы презентациялау проблемасы 285  
**Проблемалық жағдай 285**  
**Проективтік әдістер 285**  
**Программалық құралдар (программалық қамтамасыз ету) 285**  
**Проректор 285**  
**Профессиограмма 285**  
 Мұғалімнің профессиограммасы 285  
**Профессор 286**  
**Психология 286**  
 авиациялық 286  
 жастық 286  
 балалық 286  
 дифференциалды 286  
 зоопсихология 286  
 инженерлік 286  
 тарих 286  
 клиникалық 286  
 тұлғалық 286  
 медициналық 286  
 ұлттық 286  
 жалпы 286  
 педагогикалық 287  
 саяси 287  
 психофизиологиялық 287  
 әлеуметтік 287  
 арнайы 287  
 шығармашылық 287  
 еңбек 287  
 басқару 287  
 этнопсихология 288  
 заңды 288  
 теориясы және бағыттары 288  
 аналитикалық 288  
 ассоциативтік (ассоцианизм) 288  
 бихевиоризм (мінез-құлықтық теория) 288  
 гештальтизм (гештальтпсихология) 288  
 терен (А. Адлер) даралық 288  
 гуманистік 288  
 когнитивтік 288  
 сындарлы 288  
 психикалық талдау (фрейдизм) 288  
 трансактілі талдау 288  
 эксперименттік 289  
**Психологиялық диагностика (психодиагностика) 289**  
**Психологиялық-педагогикалық зерттеу 289**  
**Психологиялық-педагогикалық теория 289**  
 бейімделу технологиясы 289  
 танымдық қызметін белсенді ету (оқыту процесін белсендіру) 289  
 ассоциативті-рефлекторлы 289  
 оқытудың бихевиористік жүйесі 289  
 оқытуды (тәрбиелеуді) даралау және саралау 290  
 контексті 290  
 тұлғаға бағытталған оқыту 290  
 модульдік 290  
 тең құқылық, бірдейлік 290  
 оқу-тәрбие процесін онтайландыру 290  
 жеке дараланған оқыту 290  
 танымдық қызығушылық 291  
 проблемалы-модульді 291

проблемалы 291  
 дамыта 291  
 әрекеттің бағдарлау негізі (ӘБН) 291  
 дамып жатқан кооперация 292

### **Психотерапия 293**

арттерапия 293  
 аутогендік терапия (аутотренинг) 293  
 библиотерапия 293  
 топтық психотерапия 293  
 имаготерапия 294  
 катарсис 294  
 логотерапия  
 моритерапия 294  
 психодрама (социодрама) 294  
 би психотерапиясы 294  
**Пікірсайыс 294**

## **Р**

**Редактор 294**  
**Редакция 294**  
**Редукция 295**  
**Рейтинг (сараптамалық баға) 295**  
**Ректор 295**  
**Релаксация 295**  
**Релеванттық 295**  
**Реминисценция 295**  
**Реновация 295**  
**Репрезентативтік 295**  
**Репрезентативтік жиынтық (өкілді) 295**  
**Репрезентация 295**  
**Респондент 296**  
**Реферат 296**  
**Референтометрия 296**  
**Референциядағы қателер 296**  
**Рефлексия 296**  
**Рецензия 296**  
**Руханилық 296**  
**Рухани (діни) білім беру ұйымдары 296**  
**Рэндомизация 296**

## **С**

**Сабақ 296**  
 типологиясы мен құрылымдары 296  
 сабақтың құрылымы 296  
 құрама 297

жаңа мазмұнды өндіру 297  
 жаңа мазмұнды бекіту 297  
 қорыту және жүйелеу 297  
 мазмұнның меңгерілуін бақылау және түзету 297  
 сабақты жоспарлау 297  
 сабақты талдау (оқу жұмыстарын) 297

### **Сабақ кестесі 298**

### **Сайт 298**

### **Сақтауға беру 298**

### **Сақтауға тапсырылған қолжазба 298**

### **Салтанат (рәсім) 298**

### **Салыстырмалы-тарихи әдіс 298**

### **Санаттау 298**

### **Сапа белгісінің біртектілігі 298**

### **Сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) 298**

### **Сапалы вариациялар көрсеткіші 299**

### **Сапалы іріктеу құрылымы (сұрақтар тобының картасы. Репрезентациялау бағдарламасы) 299**

### **Сараптама 299**

сараптама акті 299

дегустациялық 299

жеке 299

бағалаушылық (түсінушілік) 299

ұжымдық (топтық) 299

норма бақылаушылық 299

педагогикалық 299

түсінушілік 300

### **Сараптамалық әдістер 300**

жеке сараптамалық баға 300

ұжымдық сараптамалық баға 300

комиссия әдісі 300

топ ішіндегі өзара сараптамалық бағалау 300

«мидың шабуылы» әдісі 300

сараптамалық бағалар әдісі

(Делфи әдісі) 300

морфологиялық сараптамалық әдіс

«педагогтік консилиум» 300

### **Сараптамалық баға 300**

жекелік 300

топтық 300

### **Сараптамалық іс-әрекет 301**

### **Сарапшы 301**

### **Сауалнама 301**

алып 301

- жабық 301  
 найзағай 301  
 ашық 301  
 аралас 301  
**Сауалнама жүргізу (сұрастыру) 301**  
**Сауалнамашы 301**  
**Сауат ашуға үйретудің**  
**аналитикалық-синтетикалық әдісі 301**  
 әдістің негізгі принциптері 301  
 анализден 302  
 синтезден 302  
**Сауаттылық 302**  
**Саяхат 302**  
 оқытушылық 302  
 кешендік 302  
 өндірістік 302  
 өлкетану 303  
 саяхат 303  
 кино және телесаяхат 303  
 органикалық 303  
 сезіну 303  
 түйсіну 303  
**Селекция 303**  
**Семинар 303**  
 кіші семинар 303  
 арнайы семинарлар 304  
 сапа бағалау критерийлері 304  
 мақсаттылық 304  
 жоспарлау 304  
 ұйымдастыру 304  
 өткізу стилі 304  
 оқытушылардың студенттерге деген  
 қатынасы 304  
 студенттердің оқытушыларға деген  
 қатынасы 304  
 топты басқару 304  
 әдіснамалық 305  
 ғылыми-әдістемелік (әдістемелік) 305  
 теориялық 305  
**Семинария 305**  
 рухани 305  
 мұғалімдік 305  
**Сенім 305**  
**Сенімділік коэффициенті 305**  
**«Сен-хабарлама» 305**  
**Сервер 305**  
**Сертификат 305**
- Сигналды данасы 305**  
**Симпозиум 305**  
**Синергетика 305**  
**Синтез 305**  
**Сипаттау 306**  
**Социограмма 306**  
 шоғырланған 306  
 шеңберлі 306  
 коммуникограмма 306  
 локограммалар 306  
 проблемограммалар 306  
**Социоматрица 306**  
**Социометрия (социометриялық әдіс) 306**  
 қосарлы 306  
 өнімсіздік 306  
 жалқы 306  
 теріс (кері) 306  
 оң (тура) 306  
 болжамдық 306  
 өнімді 306  
 әлеуметтік 307  
 социометриялық 307  
**Социометриялық карточка 307**  
**Социометриялық мәртебе 307**  
**Социометриялық тест 307**  
**Софизм 307**  
**Софистер 307**  
**Сөз 307**  
 диалогтік 307  
 монологтік 307  
 клиника-педагогикалық 308  
 психология-педагогикалық 308  
 плеоназм 309  
 контекст 309  
 интонация (дауыс ырғағы) 309  
**Стандартты өлшем қатесі 309**  
**Статистика 309**  
**Статистикалық әдістер 309**  
 Қазақстан Республикасы білім және  
 ғылым жүйесінің статистикалық  
 көрсеткіштері 309  
 оқу орындарын бітіріп шығу 309  
 жоғары оқу орындарынан және колледж  
 (училище) оқушыларынан халықтың  
 10 мыңына есептегенде мамандар  
 шығару 309

- білім беру ұйымдарының материалдық базасы 309
- мектепке дейінгі жастағы балалардың мектепке дейінгі ұйымдарда орынмен қамтамасыз етілуі (1000 балаға келетін орын) 310
- балалардың мектепке дейінгі ұйымдармен қамтамасыз етілуі (қамтылуы) 310
- мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың орынмен қамтамасыз етілуі (100 орынға келетін балалар 310
- кәсіпорынның (ұйымның) ғылыми-техникалық қызметі туралы 310
- оқу орнына қабылдау 310
- білім беру ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметі 310
- мектепке дейінгі ұйымдарға үнемі қатысатын балалар саны 310
- жоғары оқу орындарынан және колледж (училище) оқушыларынан халықтың 10 мыңына есептегендегі саны 310
- білім беру ұйымдары оқушыларының (студенттерінің) саны 310
- мұғалімдер мен оқытушылар саны 311
- бастауыш кәсіптік білім беру оқу орындарының басшысы мен инженер-педагогикалық қызметкерлерінің сандық құрамы және қозғалысы 311
- Статистикалық орташа 311**
- Стипендия 311**
- Стохастикалық процесс 311**
- Студент 311**
- Студенттік несие 311**
- Субъект 311**
- Зерттеу субъектісі 311
- Сұлба 311**
- Сұрақ 311**
- баламалы 311
- өзіндігі жоқ 311
- веерлі (қатпарлы) 312
- сыпайы 312
- дихотомиялық 312
- жабық 312
- бақылаушы 312
- жанама 312
- жеке 312
- қақпан (айлакерлік сұрақ) 312
- білім туралы (сұрақ-тест) 312
- ашық 312
- фактілер туралы 312
- қолдау 312
- жобақұмарлық 312
- тікелей 312
- риторикалық 312
- мазмұнды (нәтижелі) 312
- фильтрлі 312
- функционалды 312
- функционалдық-психологиялық 312
- мақсатты 312
- сараптық 312
- Сұрақ-жауап әдісі 312**
- топтық 312
- сырттай 312
- жеке 312
- көзбе-көз 312
- Сұрақтар тізімі (сауалнама) 312**
- Сұрақтың біржақтылығы 312**
- Сұрыптау бірлігі 313**
- Сұхбат 313**
- Сұхбат алу (сұхбат ұйымдастыру) 313**
- деректі (құжатты) 313
- жабық 313
- пікір 313
- стандартталмаған (бейресми) 313
- ашық 313
- жартылай жабық 313
- жартылай стандартталған 313
- еркін (қарқынды) 313
- стандартталған (формализацияланған, категорияландырылған) 313
- Сызба 313**
- Сындық нүкте 313**
- Сынып 313**
- көмекші 313
- икемді құрам 313
- тенгеру (түзету, туралау) 313
- бағдарлы 314
- Сынып (топ) белсенділері 314**
- Сынып жетекшісі (тәрбиеші, куратор) 314**
- Сыныптан тыс (сабақтан тыс) жұмыс 314**
- Сыныптан тыс оқу 314**
- Сыныптан тыс оқу жұмыстары 314**
- Сілтеме 314**

## Т

**Табиғи тәрбелеу принципі 314**

**Тавтология 315**

**Таксон 315**

**Таксономия, таксология 315**

Мақсаттар таксономиясы 315

білім 315

түсіну 315

қолдану 315

талдау 315

синтез 315

бағалау 315

**Талант 315**

**Талапкер 315**

**Талғаулы жиынтық 315**

**Талдау (түсіндіру) 315**

Мәліметтерді түсіндіру 315

Талдау (сипаттау) 315

кешенді 315

түзетушілік 315

жүйелі 315

құжаттардың мазмұны 315

құрылымдық-мазмұндық 316

формалды (сандық) 316

шкалограмдық 316

Қателерді талдау 316

Оқу-тәрбиелік процесті талдау 316

**Талдау бірлігі 316**

**Таным 316**

праксиологиялық (практикалық) 316

семантикалық 316

аналитикалық 316

сезімдік 316

рационалды (ұтымды, тиімді) 317

**Таңдап алу 317**

көп сатылы 317

көп фазалы 317

**Таңдау 317**

**Таңдаулы курстар 317**

**Таралым 317**

**Тарату (жұртқа таныту) 317**

**Тарихилық 317**

**Тәжірибе 317**

Педагогтің тәжірибелік жұмысы 317

**Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс (ТЭЖ) 317**

**Тәрбие 317**

рухани 317

интернационалдық 318

адамгершілік 318

отансүйгіштік 318

саяси 318

жыныстық 318

құқықтық 318

еңбектік 318

ақылдық 318

дене шынықтырушы 318

көркемдік 318

экологиялық 318

экономикалық 318

эстетикалық 318

этикалық 318

афиндық 318

спартандық 318

рыцарьлық 318

пуритандық 319

еркін 319

аффективтік 319

ұжымдық 319

қоғамдық (өлеуметтік) 319

**Тәрбие ережесі 320**

**Тәрбие және оқыту процесінің қозғаушы күштері 320**

**Тәрбие жұмысы 320**

тұрғын жайы бойынша тәрбиелеу

жұмысы 320

негізгі бағыттары 320

**Тәрбие ортасы 320**

**Тәрбие процесін ұйымдастыру формалары 320**

**Тәрбие теориясы 320**

**Тәрбиеге көнушілік 320**

**Тәрбиедегі даралау әдісі 320**

**Тәрбиеленуші 321**

**Тәрбиелеп оқыту 321**

**Тәрбиелеу әдістері 321**

тәрбиелеу әдістерін жіктеу 321

бағалау және өзіндік бағалау әдістері 321

әрекет және тәртіп тәжірибесін

ұйымдастыру әдістері 321

өзіндік тәрбие әдістері 321

әрекетті және тәртіпті ынталандыру

әдістері 322

«жарылу» 322  
табиғи салдарлар әдісі 322  
жаза 322  
мадақтау 322  
мәжбүр ету 322  
талап қою 322  
сананы қалыптастыру әдістері 322  
тәрбиелеу жағдаяттарын талдау 322  
өңгіме 322  
пікірталас 322  
пікірсайыс 322  
конференция 323  
дәріс 323  
мысал 323  
**Тәрбиелеу жүйесі 323**  
дәстүрлі (қалалық, ауылдық) 323  
коммунарлық әдістеме 323  
бағдарлы оқу мекемелері 323  
мектеп-кешендер 323  
апаттық және әлеуметтік ауыр аймақтарда 323  
**Тәрбиелеу процесі (тәрбиелік процесс) 323**  
**Тәрбиелеудегі әсер 323**  
**Тәрбиелілік 323**  
тәрбиеліліктің диагностикасы 324  
**Тәрбиелік-еңбек колониясы (тек) 324**  
**Тәрбиелік қарым-қатынастар 324**  
**Тәрбиеші 324**  
негізгі талаптар 325  
лауазымдық міндеттері 325  
Арнайы балабақшаның тәрбиешісі 325  
Арнайы мектептің тәрбиешісі 325  
**Тәртіпке келтіру 325**  
**Тәуелсіз айнаымалы сандық бағалау (өлшеу) 325**  
**Тезаурус 325**  
**Тезистер 325**  
тезистердің түрлері 325  
дәлелдеулер 325  
негізгі 325  
жеке 326  
**Темперамент 326**  
үлгілері 326  
меланхолик 326  
сангвиник 326  
флегматик 326  
холерик 326

## **Теорема 326**

### **Теория 326**

ықтималдық 326  
қызығулар 326  
конвергенция 326  
мәдени циклдер 326  
бейнелеу 326  
таным (гносеология, эпистемология) 327  
индустриалды қоғамнан кейінгі (постиндустриалды) қоғам 327  
әлеуметтік әрекет 327  
экономикалық өсу сатылары 327  
факторлар 327  
«адам капиталы» 327  
элита 328  
**Термин 328**  
**Терминология 328**  
**Теріске шығару 328**  
**Тест 328**  
бланкілік тест 328  
аппаратуралық тест 328  
тесті нормалау 328  
тестің үнемділігі 328  
ішінара 328  
топтық 328  
нәтижелік 328  
тәртіп бірлігі 328  
жеке-дара 328  
ақыл-ой 328  
қиыстырылған 329  
креативтілік 329  
критерийлі-бағытталған 329  
тұлғалық 329  
ескерту 329  
бейресми оқу үлгерімдері 329  
білімділік 329  
проективтік 329  
балама жауапты 329  
сәйкестілік (салыстырмалық) 329  
кемшілікті (қосымшалы) 329  
кабілеттер (креативтілік) 329  
жалпы кабілет 329  
арнайы кабілет 329  
мектеп үлгерімі 329  
критерийлерге бағдарланған мектеп үлгерімі 329

салыстырмалы топқа бағдарланған мектеп үлгерімі 329  
**Тестік тапсырмалар 329**  
**Тестілеу 329**  
**Тестің пайдалылығы 330**  
**Техника 330**  
**Техникалық дағдыны өңдеу 330**  
**Техникум 330**  
**Технопарк 330**  
**Технополис 330**  
**Типология 330**  
**Тиімділік 330**  
**Топ 331**  
**Тренинг 331**  
 әлеуметтік-психологиялық белсенді оқыту (әлеуметтік-психологиялық тренинг, сенситивтік тренинг) 331  
 іскерлік қарым-қатынас тренингі 331  
 корпоративті 331  
 бейнетренинг 332  
**Тұжырымдамалық схема 332**  
**Тұқым қуалаушылық 332**  
**Тұлға 332**  
 ойланғыштық және сезгіштік түрлер (типтер) 332  
 садо-мазохистік түр 332  
 экстраверт-интраверт 332  
 эктоморфты-эндоморфтық түрлер 332  
**Тұлғалық-бағытталған оқыту (білім беру) 333**  
**Тұлғалық-кәсіптік даму 334**  
**Тұлғаны қалыптастыруы 334**  
**Тұлғаның белсенділігі 334**  
 жағдайүстілік (бейімделмеген) 334  
 танымдық (интеллектуалдық) 334  
 ізденушілік 334  
 психикалық 334  
 нормадан жоғары 334  
 сана-сезімдік 334  
 әлеуметтік 334  
**Тұлғаның жан-жақты дамуы 334**  
**Тұлғаның кәсібилігі 335**  
**Тұлғаның кәсіптік өзгеруі 335**  
**Тұтасты бөліктерге ойша бөлшектеу 335**  
**Түрлік ұғым 335**  
**Түсіндіру 335**  
 Ғылыми түсіндіру 335

**Тіл 335**  
 ұқсас 336  
 мемлекеттік 336  
 ақпараттық-ізвестіру 336  
 ұлтаралық қарым-қатынас 336  
 ғылыми таным 336  
 оқыту мен тәрбиелеу 336  
 ресми 336  
 педагогика ғылымы 336  
**Тірек білімдердің маңыздылығы 336**  
**Тірек сигналы (конспект) 336**  
**Тіршілік позициясы 336**

## У

**Уақытша балалар ұжымы 336**  
**Уақытша ғылыми-зерттеу ұжымы 337**  
**Узус 337**  
**Университет 337**  
 гумбольдтік «зерттеу институты» 337  
 интернаттық түрдегі британдық моделі 337  
 француздық «үлкен мектептер» моделі 337  
 чикаголық моделі 337  
 типтері 337  
 тік (вертикальды) 337  
 инновациялық (кәсіпкерлік) 337  
 матрицалық 337  
 қазіргі заманғы жалпыға танымал 338  
 университет-технополис (мультиполярлы университет) 338  
 элиттік 338  
**Училище 338**

## Ұ

**Ұғым 338**  
 абстрактілі 338  
 салыстырусыз 339  
 жеке 339  
 негізгі 339  
 нақты 339  
 тіркелмейтін 339  
 үйлесімсіздік 339  
 теңдеусіз 339  
 нөлдік 339  
 жалпы 339  
 теріс 339

түйісетін 339  
 он 339  
 қайшылықты 339  
 тіркелетін 339  
 жинақталатын 339  
 бірге тіркестік 339  
 арақатынасты 339  
 бағынысты 339  
 салыстырмалы 339  
 бірдейлілік 339  
**Ұғым көлемі 339**  
**Ұғым мазмұны 339**  
**Ұғымдарға амал қолдану 339**  
**Ұғымды терістеу 339**  
**Ұғымдық-мағыналық жіктеуші 339**  
**Ұжымдық оқыту 339**  
**Ұжымдық шығармашылық іс 340**  
**Ұстаз беделінің иррадиациясы 340**

## Ү

Үздіксіз білім беру жүйесі 340  
 Үй тапсырмасы 340  
 Үйрену 340

## Ф

**Факультативтер 340**  
**Факультативтік 341**  
**Факультет**  
**Фелло 341**  
**Ферула 341**  
**Физикалық процесс 341**  
**Философ 341**  
**Философия 341**  
 Тәрбие философиясы 341  
 Ғылымның философиясы 341  
 Әлеуметтік тәрбиенің философиясы 341  
**Фильмоскоп 341**  
**Формализациялау 341**  
 Тәрбиедегі формализм 341  
 Мектепішілік бақылаудағы формализм 341  
 Оқытудағы формализм 341  
 Оқу-тәрбие процесін жоспарлаудағы формализм 341  
 Басқарудағы формализм 341  
**Формалограмма 341**

«вертикаль» 342  
 «горизонталь» 342  
**Формат 342**  
**Формула 342**  
**Формуляр 342**  
**Фрейм (рамка) 342**  
**Фронтиспис 342**  
**Фуркация 342**

## Х–Ц

**Хабарлау 342**  
 қысқаша 342  
 ғылыми 342  
**Хронометраж 342**  
**Цикл 342**

## Ш

**Шәкіл 342**  
 вербальды 342  
 графикалық 343  
 екі жақты 343  
 интервалды 343  
 қисық сызықты 343  
 көпградусты бір жақты 343  
 біркелкі емес (логарифмдік) 343  
 номиналды (атаулар) 343  
 бір өлшемді 343  
 қатынастар (пропорциялар) 343  
 бағалар 343  
 полярлі 343  
 тәртіп (дәреже) 343  
 тура сызықты 343  
 біркелкі (арифметикалық) 343  
 үшградусты бір жақты 343  
 белгілеу 343  
 сандық 343  
**Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім беру туралы құжаттарды мойындау 343**  
 білім туралы құжаттарды мойындау тәртібі 343  
**Шкалалау 345**  
**Шкалограмдық талдау 345**  
**Шолу 345**  
 аналитикалық 345  
**Шығармашылық әрекет 345**



алғышарттары 345  
оқушылардың шығармашылық оқу  
іс-әрекеті 345  
критерийлері 346  
шығармашылық 346

## Ы

**Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық  
білім беру академиясы (ҰБА) 346**  
**Ынта (қызығушылық) 347**

## I

**Іргелі ғылыми зерттеулер 347**  
**Іргелі еңбек 347**  
**Іріктемелі жиынтық көрсеткішінің  
орташа маңызы (орташа арифметикалық;  
орташа іріктемелі) 347**  
**Іріктеу 347**  
уақытша 347  
механикалық 347  
сериялық (ұялы) 347  
өзіндік-кездейсоқ 347  
типтік (типологиялық, аудандастыру,  
стратификацияланған) 347  
**Іріктеу негіздері 348**  
**Іріктеу шамасы (көлемі) 348**  
**Іріктеудің сапалы құрылымы (сауалнама)  
тобының картасы, репрезентацияның  
бағдарламасы) 348**  
**Іс-әрекет 348**  
енгізу-зерттеушілік 348  
ғылыми-ақпараттық 348  
ізденіс-зерттеушілік 348  
теориялық 348  
**Іскерлік 348**  
жалпылогикалық іскерліктер мен  
дағдылар 348  
оқу 349  
ақпараттық-іздемпаздық 349  
оқу-ұйымдастырушылық 349  
жалпы оқу іскерліктері мен дағдылары 349  
метатанымдық дағдылар 349  
танымдық іскерліктер 349  
тәжірибелік іскерліктер 349  
ұйымдастырушылық іскерлігі 349

өзін-өзі бақылау іскерлігі 349  
бағалай алу іскерлігі 349

## Ә

**Әвристика 350**  
**Әвристикалық үйрену формасы 350**  
**Экземплификация 350**  
**Эксперимент (байқап көру, сарап,  
ғылыми тәжірибе) 350**  
бақылаушылық 352  
эксперименттік 352  
эксперимент типологиясы 352  
белгілеуші 352  
жобалық-зерттеу, іздестіру, пилотаждық  
(барлаушы) эксперимент 352  
калыптастырушы (оқытатын, қайта  
өзгертетін, дамытатын) эксперимент 352  
бақылаушы эксперимент 353  
кесінді 353  
педагогикалық эксперименттің  
деңгейлері 353  
жергілікті 353  
модульді 353  
жүйелі 353  
кең ауқымды 353  
жеке 353  
топтық 353  
көпшілік 353  
тәрбиелік 353  
дидактикалық 353  
басқару 353  
жеке әдістемелік 353  
табиғи 353  
зертханалық 353  
сапалық 353  
сандық 353  
қысқа мерзімді 353  
лонгетюдті (ұзақ) 354  
орташа ұзақтығы 354  
сызықтық (ретті) 354  
параллельді 354  
айқасқан 354  
диагностикалық кезең 354  
болжамдау кезеңі 354  
ұйымдастыру кезеңі 354  
практикалық кезең 355

- жинақтаушы кезең 355  
 енгізу кезеңі 355  
 эксперимент бағдарламасының  
 құрылымы 355  
 зерттеу нәтижесі бойынша ғылыми есептің  
 үлгілі құрылымы мен мазмұны 358  
**Эксперимент күнделігі 358**  
**Эксперименттік алаң 358**  
**Экстернат 358**  
**Экстрополяция 358**  
**Электронды басылымның сценарийі 359**  
**Электрондық басылым (ЭБ) 359**  
 электрондық оқу басылымы (ЭОБ) 359  
 электрондық әдістемелік құрал 359  
 электрондық оқу құралы 359  
 электрондық сөздік 359  
 электрондық оқулық 359
- Электрондық дереккөздер 359**  
**Электрондық (виртуалдық) зертхана 360**  
**Электрондық кітапхана 360**  
**Электрондық тасымалдаушы 360**  
**Электрондық тестілер 360**  
**Электрондық тестілеу 360**  
**Электрондық пошта 360**  
**Эмпирикалық 360**  
**Энтропия 360**
- Ю**
- ЮНЕСКО 360**  
**ЮНЕСКО-ның қауымдасқан**  
**мектептері 360**  
**ЮНИСЕФ 360**

**Анықтамалық басылым**  
**ЫЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ**  
**Энциклопедиялық сөздік**

Корректорлары: *Ә. Кенжалина, Ү. Бахова*  
Техникалық редакторы *О. Рысалиева*  
Көркемдік редакторы *В. Пак*  
Беттеген *Л. Макарова*

**ИБ 069**

Теруге 06.05.2009 берілді. Басуға 10.06.2009 қол қойылды. Пішімі 70×100 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік қағаз.  
Әріп түрі «SchoolBookA\_Kaz». Шартты баспа табағы 32,5. Есепті баспа табағы 36,93.  
Таралымы 1 000 дана. Тапсырыс 3178.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.